

А 2009

13315к

Төлеуғазы Нұрғалиұлы

**ЕЛ ІІІІІ –
ШЕЖІРЕ КЕҢІІІІІ**

ЕЛ ІШІ – ШЕЖІРЕ КЕНІШІ

ББК 63,3 (5каз)

Н 86

Н 86 Нурғалиұлы. Т ЕЛ ІШІ – ШЕЖІРЕ КЕҢІШІ-
-Семей, 2008 - 429 бет

ISBN 978-601-7002-10-7

Бұл кітапта жалаң шежіре емес ұрпағына өшпес өнеге қалдырған ата бабаларымыз бен олардың асыл дәстүрін жалғастырған, елін жерін аман сақтап, кейінгілерге аманат еткен қол бастаған батырлар, Алла дарытқан қасиеттерімен халқының алдында әділдікті ту еткен, перзентін адалдыққа, адамдыққа, батырлыққа, батылдыққа тәрбиелеп, елін, жерін сүюді, ел бірлігін сақтауды, береке-бірлікті бұзбауды өсиет еткен қара кылды қас жарған әділ билер мен ақылгөй даналар, әулиелер жазылған. Жинақта Тарбағатай өңірінде өмір жолдары кейінгі ұрпаққа өнеге болар ғалымдар мен ақындардың, айтулы азаматтардың халыққа сіңірген еңбектері, Ұлы Отан соғысында, Отан қорғауда кеудесін оққа төсеген майдангерлердің ерліктері қамтылған.

ББК 63,3 (5каз)

ISBN 978-601-7002-10-7

Семей, 2008



*Төлеугазы Нұрғалиұлы
Тарбағатай ауданының
«Құрметті азаматы»,
Еңбек ардагері, дербес зейнеткер.*

Демеушілерге!

Ұлағатты ұлдарым,
Қылықты көркем қыздарым.
Балаларым бақытым,
Бәйтеректей бүр жардым.

 Ұл-қызым қандай сүйікті-ең,
 Көрінген бүгін биіктен.
 Өмірге қанат қақтырдым,
 Мен сендерді үмітпен.

Сыйладыңдар қуаныш,
Айтамын саған мың алғыс.
Аналарың ардақты,
Ақылшы маған Нүржәміш.

 Жігер берген жаныма,
 Бұйырған менің бағыма.
 Рахмет балаларыма,
 Рахмет осы тағдырға.

Демеуші болдың талайың,
Мейірімді болып әрқашан,
Жүргендеріңді қалаймын.
Өздерің алғыс сөзімді
«Қабылдар» деп ойлаймын.

Ата тек шежіресі – біздің ата мұрамыз, асыл қазынамыз. «Асыл маржан ару мойнына, алмас кылыш ер қолына жарасатыны сияқты, Ата тек шежіресі де өз орнында құнды. Сан ғасыр халық жадында сақталып, жұпталып, көптің талғамынан, ой елегінен өткен Ата тек шежіресі ата текті тәржімалай білетін шежірешілер арқылы сан ұрпақтың сана-сезімін аралап, көптің көкейіне орныққан, ата шежірені жадында сақтап, көдеге жаратып келеді.

Шежіре рушылдық мағына бермейді. Бүкіл рулы елді құлдилап кері кетіп азуынан аман сақтайтын төте жолдың бірі осы шежіре топтамасы екені ешбір дәлелдеуді керек етпейтін аксиома.

Бұл жағдай генетика ғылымында әбден дәлелденген. Рулас жақын ұрпақтардың құдандаластығынан ұрпақтың азып-тозатындығы, ақыл-есі аз, кемтар ұрпақтар дүниеге келетіндігін генетика ғылымы әлдеқашан дәлелдегені көпке мәлім.

Біз емес, бізден бұрынғы аға ұрпақтар мұндай құбылыстар болатындығын әлдеқашан бұрын білген. Сондықтан да ата тек шежіресін қалыптастыру арқылы ұрпақ тазалығын сақтап келген. Мәселен: тегіндегі Тоқабай руынан шыққан қос Омар Тоқабай ішінен қыз алуды мүлде тоқтатып тастапты. Қосылған жағдайда жазаланатын болған екен.

Бұл кітапта жалаң шежіре емес ұрпағына өшпес өнеге қалдырған ата бабаларымыз бен олардың асыл дәстүрін жалғастырған, елін жерін аман сақтап, кейінгілерге аманат еткен қол бастаған батырлар, Алла дарытқан қасиеттерімен халқының алдында әділдікті ту еткен, перзентін адалдыққа, адамдыққа, батырлыққа, батылдыққа тәрбиелеп, елін, жерін сүюді, ел бірлігін сақтауды, береке-бірлікті бұзбауды өсиет еткен қара қылды қас жарған әділ билер мен ақылгөй даналар, әулиелер жазылған. Жинақта Тарбағатай өңірінде өмір жолдары кейінгі ұрпаққа өнеге болар ғалымдар мен ақындардың, айтулы азаматтардың халыққа сіңірген еңбектері, Ұлы Отан соғысында, Отан қорғауда кеудесін оққа төсеген майдангерлердің ерліктері қамтылған.

Қорыта айтқанда, кітап бүгінгі аға буынның өзінен кейінгілерге қалдырған ескерткіш мұрасы. Оны алға апару, жалғастыру ұрпаққа аманат.

Республикалық Абай журналының
бөлім меңгерушісі, Қазақстан
журналистер
одағының мүшесі Кенемолдин Мұратбек

Кітаптың кіріспесінде Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Семей-Ертіс өңіріндегі ақын-жазушылардың ағасы, Республикалық айтыстың 25 рет жеңімпазы атанған, Ақ иық ақын марқұм Қалихан Алтынбаевтың Ақсуат жеріне, еліне арналған толғауымен ашуды жөн көрдім.

Ақсуат

Көп ауданның ішінде Ақсуатым,
Өзгеден даңқы бөлек так тұратын.
Облыс жиын тойда төрге оздырып,
Астана туын әкеп тапсыратын.
Азаматын көрдағы, елін таны,
Азамат қой ел даңқын арттыратын.
Бұл елден аруақты ерлер шыққан,
Ту ұстап, тұлпар мініп, сап құратын.
Аузына дуа қонған Кегенбай би
Екі ауыз сөзбен бітім таптыратын.
Бұлшық еті саптаяктай Молдабай бар,
Үстасса тымақтай ғып лактыратын.
Сүріндірген аты шулы Әсетті де,
Айтыскер Көрібайдан асты ма ақын.
Салса да қай келеге, алты арысқа,
Ақсуат қалған емес қалтарыста.
Ысқақов Көбек анау қызыл сұңқар,
Жарқ еткен төңкерістік алпарыста.
Мүрсәлім де сермеген қолды алысқа,
Мұндайда шаппай ма ер намысқа.
Ақ патша өміріне қарсы шығып,
Ұқсаған жондағы жолбарысқа.
Ақсуаттың әр шоқысы бүйраттары,
Таңдалман тастан соққан зираттары.
Бағзы бір замандардан сыр шертетін,
Шежіре шөмшіктегі ширатпалы.
Кеудесінде қаттаулы жыр, әр шалының
Найзақара, Құбақан сары шалының.
Тындай берсең құмарың бір қанбайды,
Суындай сіміре бер Аршалының.
Кешегі тоқсаннан асқан Бағаналы,
Өлкені өнерімен жағалады.
Бағанның өзі түгіл шәкірттері,
Құлпырғып домбыраны қаға алады.
Айтыстың туын ұстап шықты Мекен,
Дауысы Біржан салдай мықты Мекен.
Екі ақын екі жақтан жабылса да,

Бүйрегі бүлк етпеген тіпті Мақан.
Айтпаймын жамандап-та, жақсылап-та,
Дегенмен жер жетпейді Ақсуатқа.
Өрескел суық та емес, ыстық та емес,
Оралған маужыранқы күншуаққа.
Тауын айт ұшар басын бүлт тіреген,
Суын айт тастың түбін түрткілеген.
Өмір бойы мал жұтап көрген емес,
Ақсуатқа ежелден күт түнеген.
Ауданның бір пұшпағы «Елеке саз»
Көкорай, салқын самал, шыбынсыз жаз.
Қоныс қып Ақсуаттың Елекесін
Үш аудан малын жайып, болып жүр мөз.
Баяғы ақ бидайын Қарғыбаның,
Іздеймін жастық көрмей жар құлағым.
Былқылдақ, тіске жұмсақ, сүт татыған,
Жегендер тарқататын жан құмарын.
Сол бидай төңірекке болған аңыз
Қайда деп көптен бері толғанамыз.
Қазіргі кер бидайды қуырғанда
Тіс өтпей тас жегендей зорланамыз.
Ақсуат жер ұйығы жаны дархан,
Қарға тамыр, кең тұсау ұзын арқан.
Етек жеңі құрысқан қыпшыл емес
Шарасы кең шабылған батыр салқам.
Ақындар, жазушылар айналсоқтап,
Келеді кейде жалғыз кейде топтап.
Әртістер апта бойы қонақ болып,
Ғалымдар да салып жүр жиі соқпақ.
Ақсуаттың меймандарға халқы құмар,
Серілік сахараның салтын ұғар.
Өнерге кара жаяу біреуде жоқ,
Сахнада көмейінің саңқылы бар.
Ақындықтың, батырлықтың, әншіліктің,
Асса өзі, аспаса сарқыны бар.
Ақсуаттың еңбек ері бес ұлының,
Кеудесінде жарқыраған алтыны бар.
Сондықтан басқа ауданнан Ақсуаттың,
Бір кілем, бір тонының артығы бар.
Ауданның Ақсуат пен Сұлуталы
Ақ шұбатын сапырып ішеді өлі.
Қымыздың не екенін білмей өскен
Басканың жасын қойып бар ғой шалы.
Ақсуаттың қымызы балқытады, мас қылмайды,
Үзақ күн нәр татпасаң аш қылмайды.

Тарбағатай ауасы дерттен жазады
Тек қана шал кемпірді жас қылмайды.

Ақын Қалихан Алтынбаевтың Ақсуат туралы поэмасындағы «Ақындар, жазушылар айналсоқтап, келеді кейде жалғыз, кейде топтап» деген өлеңіне байланысты, Ақсуат өңірін келіп аралағандағы, Ақсуаттың биік-биік таулары, шоқысы мен бұйраттары, Тарбағатай тауын кесіп өтетін сарқырап аққан «балық көзі майы бар» Қарғыбадай, Тебіске, Базардай «іше берсен кұмарың бір қанбайтын» өзендері, тамылжыған табиғаты, жұпар иісті шөбі, тербелген биші қайындары, күйкылжыған күс үні ақын Мырза Әлидің жан дүниесіне әсер етіп, Ақсуат деген өлеңі сонда туған еді.

Ақсуат

Қадыр Мырза Әли

Көріп жүрген далаңыз – Ақсуаттың даласы,
Көріп жүрген ауаңыз – Ақсуаттың ауасы.
Көріп жүрген таңыңыз – Ақсуаттың таңы да,
Көріп жүрген шаңыңыз – Ақсуаттың шаңы да.
Алайда мен таң қалдым, Ақсуатқа бардым да,
Не керемет! Білмеймін, бір керемет бар Мұнда.
Жігітінің көңілі – мөлдіреген ақ суат,
Жырдың атын суардым, сол суаттан жақсылап.
Қыздарының қалжыңы – қиып түсер ақ алмас,
Ақ алмастың алдында жігіт айла таба алмас.
Қарттарының құшағы – көктемдегі күншуақ,
Сол шуаққа қызынбай ақын қалай тыншымақ?!

Шеттерінен атымтай, көп беретін аз алып,
Жүздер толған жылылық, көздер толған тазалық.
Шеттерінен бәрі ақын, әдеп сақтап әрең жүр,
Саусақ толған өнер де, көмей толған өлең – жыр.
Тауларымен бастырып қойған кілем – жазықты,
Білек толған күш-қуат, күшак толған нәзіктік.

Кірер жолы жалпақ та, шығар жолы жіңішке,
Ақсуаттың қонағы мас болады түк ішпей.
Таусылмайды бұл жерде сый түні мен сый күні,
Ақсуаттың қонағы білмеу керек ұйқыны.
Ақсуаттың қонағы – баласы да, қарты да –
Аттанады амалсыз, қарай-қарай артына!

Сенбесендер сөзіме барып көрсін, байқасын!
Тумасаң да бұл жерде перзенті боп қайтасың.
Менің жұртым осындай деп мақтанып айтасың,
Өз еліне он есе жақын болып қайтасың.

Тарбағатай тауының еске сақтап әр тасын,
Түк алмай-ақ туысқа қарыздар боп қайтасың.

Ақын Жүрсін Ерман, жолымыз Ақсуатқа түсті. Қадыр Мырза Әлидің – жұтып жүрген ауаңыз – Ақсуаттың ауасы – деген жолдарын жасымыздан

білсек те, шалғайдағы ауылдың, алыс ауданның қай сикыры сабырлы ағамызды тәнті еткенін біле қоймаушы едік.

Басынан бұлт жөңкіген Тарбағатай, Өкпелі тауларын үш-төрт күн бойы алаңсыз аралап, кез келген тар қуыстан жолынды кесіп шыға келетін мұз құрсаңған өзендерін толарсақтан кешіп, осынау табиғаттың арда тұсын біз де көңіл айнамызға көшіріп алдық. Аң мен құс қалай десеңші. Бір тастың басынан үш құлжа қалбаң етсе, бір төбенің күнгейінен он шақты тау ешкі жондарын көрсетіп жалт берді. Мылтық болар ма дейсің. Мылтық болғанда қайтуші едік? Бәрі бағулы, бәрі есептеулі. Төлеген Айбергеновтың есте қалған бір шумағын жұбаныш етеміз.

Алдыңда ай дірілдеп ұзақ таңға

Не жетсін айдын көлден құс атқанға.

Сол құсы құрғырыңды атпағанмен,

Өзінді құс атқанға ұқсатқанға... деп жазыпты.

Тарбағатай – киелі өңір ғой, бұған өн арнамаған, қалам тартпаған ақын кемде кем. Мәселен, Әсет Бейсеуовтың әніне С.Тұрғынбеков сөзін жазған “Ақсуат арулары”, “Ақсуат – Атамекенім” атты кітап, Сапарбек Әшімбаевтың әніне ақын Нөкен Серікбаев сөзін жазған “Ақсуат – Атамекенім”, Қ.Сапорұлының әніне ақын С.Жұматов сөзін жазған “Ақсуат – алтын бесігім”, жергілікті композитор Жекен Нұрсәпиннің “Ақсуат” әндері, т.б. әндерді жатқызуға болады.

Бұл әндердің барлығы да, табиғаты көркем, жері мен елі бай, халқының жаны мен көңілі жай, атақты әнші-күйшілер мен дүлдүл ақындар, шешен билер мен әйгілі спортшылар шыққан жер Ақсуатқа арналған әндер ғой бұл дей келе:

Өнер атты қасиет ордалаған,

Тарбағатай жайын кім толғамаған.

Сан таланттар тағдыры тоғысқан жер,

Тұлпары мыңнан озып олжа салған, - демекпін.

Тарбағатай таланттары

Тарбағатай өңірінде кезінде халықтың өмірін, қуанышы мен қайғысын, саяси шаруашылық тұрмысын, мәдениет дәрежесі мен жалпы әлеуметтік жағдайын сонымен қатар адамдардың қарым – қатынастарымен заманына лайық өрбіген тартыстың формаларын дөп басып жырлаған, сөз өнерінің қаймағын қиыннан қиыстырып шебер де алғыр тапқыр ақындар Әсет Найманбайұлымен айтысатын атақты Көрібай ақын, Нұрғали Тұнғатарұлымен айтысатын Аманбалайұлы Қали ақын, Қуанышбай, Мақан Баймурзин мен Әміржан ақындарды өмірге келтірген өңір.

Қазірде «Шөп өскен жерге шығады» дегендей әріптес боп ақындық ізін басқан шәкірттері де баршылық

Осылардың ізін басып кезінде марқұм Сейілханов Нұрбек шықты.

Сейілханұлы Нұрбегім

Жырға толған жүрегін

Тарбағатай түйғыны ең,

Қалды өрнекті іздерін –
деп халқы әлі күнге еске алады.
Айтыскер ақын марқұм **Замантай Оразаевты**
Өр талап дарын біткен тау ұлына,
Қамшылап шабыт тұлпар сауырына.
Айтыскер ақын Замантай Оразаев,
Алтынбайұлы Қалихан ауылында.
Айтысқан Замантайдың даңқы ерен
Жарық көрген жыр кітабы болмаса да,
өлендерін естиміз әр кімдерден.
Бағасын Замантайдың заманында
Сөз ұғатын сарапшы халқы берген – деп.

Кезінде марқұм **Сембай Жансақов** ақынды
Айтыскер ақын Сембай бар,
Ауылдан Көкжырадан.
Түсіп жұмбақ айтысқа
Алматы да жұлде алған.
Қыздырған қайым айтысты
Қол соққан қалың тындарман
Айтысқа шығып Сембай да,
Көрінді теледидардан –

дейтін.

Жаңабай мен Кеңесті.
Бағалауда болашақ
Халықтың асыл арманын
Орындауға жол ашады

Ортамызда жүрген **Исаханұлы Қалиасқарды** кезінде:
Исаханұлы Қалиасқар арқалы ақын,
Келтірген тарихи той салтанатын
Айшықты айтыскерлік өнері де,
Өлеңнің ерттеп мінген ақбоз атын –
деген бағасын алған болатын

Ақсуат талантқа бай елді мекен,
Биіктерге **Жұматов Серік** жеткен
Айырықша ақындығы, өртістігі
Өнер туын биікке желбіреткен.
Арғымақ -өлеңі оның көсіліпті
Әрқашан жырына – жыр қосылыпты
Сатираның сардары, қалжың менен.
Ел көңілін көтеріп өсіріпті.

Айшығы айтыстардың бұзылмасын
Хас дарынның жас дарын ізін басын.

Қайыртай, Рүстем мен Ақсуаттың
Айтыскер қырандары Қызылтастың
Сәулетті Семей-Ертіс өңірінен,

Айтысқан ақындарды жеңіп жүрген.
Ринат Зайытов та заңғар акын,
Желдіртіп жүйелі жыр төгілдірген
Шын мықты шамалыға шалдырған ба?
Құлақтан талмау тұстан дәл ұрғанда
Жекпе – жек айтыстың бас жүлдегері.
Қарсыласын бөктерген канжығаға
Дүлдүлдің сындырмасын сағын Алла!
Асқақ ақындыктары құнды болған,
Қазіргі айтыстардың гүлі болған.
Айнұр, Сара туыпты Ақсуатта
Барқытбел баяндары нұрлы болған.
Бір сабақтан нәр алған егіз гүлдей
Бірі - өпке, біреуі сіңлі болған.
Енді айтсам біздің **Серік Қалневты**
Ақсуаттан түлеп ұшқан ақ – иықты
Қоныпты Барқытбелден Алатауға,
Шарлап өлең өлкесін танылыпты.
Ақын әрі журналист **Мейрам Ораловтың** да
Қаламы қару бір өзі,
Қиядан көзін салыпты
Бөріге тиіп жүрді оғы,
Қоян борсық та алыпты.
Ақын аңшы деседі.
Құс салып ит жүгірткен,
Өлең сөзі кестелі
Ақын, журналист **Сәтиұлы Хамза** да,
Өтсе де жылдар сағымдай,
Жазудан Хамза жаңылмай
Газет те болды бас тілші
«Тарбағатай», «Семей таңындай»
Көп жазды достық өзілдер,
Жайнатты жұртты мамырдай
Хабарды төпеп берді
Газеттің көркем бағындай
Әбубәкір Қайранов ақын еді аңқылдаған,
Жырлары жақұт, лағыл жарқылдаған.
Алған Алаш силығын халықаралық
Дарыны оның дария сарқылмаған.
Балауса таланттардың камқоршысы
Теңізде құралмай ма тамшылардан
Өнерде сөтті болған сапарлары,
Жатынды жырлары мен мақамдары
Шығыстың **Абаш, Серікқан, Құралайы,**
Ақындар Өскемендей шаһардағы.

Өрінбек Масалұлы нұрлы өңірден
Ардагер ақындардың легінен
Қуатты қалам иесі Ақжардағы,
Ел таныс Тарбағатай түлегімен.
Осындай Тарбағатай таланаттары,
Дамытып қазақ өнерін саңылақтанды
Өміршен Тарбағатай түрлі өнері
Қалын елді ризағып қаратады.

Өр мінезімен, туа бітті бекзат бітімімен, ақылына көркі сай **Сайраш Әбішқызы** ұлағатты ұстаз қабілетті қаламгер ретінде бүкіл елге танымал екендігін мәлімдей келе:

Жерлесіміз ол Сайраш Әбішқызы
Өнегелі өмір жолы таныс жүзі
Ұлағатты ұстаз, қаламгер қабілетті
Мойындатқан білімі сан күштіні.
Өзіңсің қазақ көшін тартқан алға,
Нұрлы жол нұсқадыңыз басқаларға
Самғай бер жетелеп жас түлектерді
Ақиық ана қыран асқарларға.

Абай Әукішівке:

Жүрегің көктем күніндей,
Нұр шуағын төгеді
Адам жанын түсініп,
Жабықсаң жігер береді.
Жаратылысы биік жайсаң жан,
Қаламгер Абай майталман

Ақиқаттың алдында

Аласармай ойын айта алған.

«Тарбағатай» газетінің редакторы **Ерғали Жұмахановқа**

Елім деп соққан жүрегің

Журналистің бірі едің

Жүрші жедел орындап,

Халықтың талап тілегін

Қалдырма халық көңілін,

Терең жазшы ел өмірін.

Депутатсың аудандық.

Ақташы халық сенімін, - демекпін.

Тарбағатай өңірінде қаламы қарымды журналистер де баршылық. Соның бірі **Бауыржан Аманқұлов** деп айтсақ артық айтқандық болмас.

Бауыржан біздің жарады

Қарымды оның қаламы

Жазды аудан жағдайын,

Оқырманға тарады

Мақалалары маңызды,

Сөзбен сурет салады

Жаксылыкпен жебеді
Ак ниетті адамды
«Тарбағатай» газетін,
Биікке бастап барады
Журналистер Одағы
Бауыржанды қалады
Мүшелікке қабылдап
Бағалады жоғары
Қызметіне Баукеңнін
Ел көңілі толады
Тілші болған ұзақ жыл
Жазғандары ұнап жүр.
Қарапайым қайырымды
Айтамыз алғыс мында бір!

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген қағиданы еске ала келіп өткен ғасырдың алпыс бесінші жылдарынан бері қолына қалам ұстаған аудандық «Еңбек туы» газетінде еңбек еткен, қазіргі «Тарбағатай» газетінің бас редакторы, аудандық маслихаттың депутаты Жұмаханов Ергали, бүгінде әр түрлі газеттерде жұмыс істеп жүрген Мейрам Оралов, Хамза Сәтиев, Бауыржан Аманқұловтар, марқұм **Фазыл Ибрагимовтың** тәрбиесін көрген адамдар бслатын.

Өте бір есте қалатын азамат, сол кездегі «Еңбек туы» газетінің хатшысы болған марқұм **Төлеубай Қылышбаев** еді. Қаламы қарымды, тым кішіпейіл, ақкөңіл, ашулануды білмейтін, жарықтықтың бойында бір жасандылық жоқ парасатты азамат еді.

Сол кездегі «Еңбек туының» редакторы болған марқұм **Асқар Нұрбаев** қарапайым басшы, елге жайлы, көпшіл азамат болды.

Жас дарындар жанына жігер беріп,

Жазғандарын жаратты түгел дерлік.

Жастарға ақылшы аға бола білді,

Үлкендерден үлгі алып іргеленіп – дей келе міне осындай таланаттар мен жайсаң жандар арамыздан өтті ғой.

Қожа Ахмет ақын



Әр ақынның өнер әлеміндегі орны бөлек, жұлдызы биік. Солардың бірін арамызда жүрген Қожа Ахмет ақын деуге болады.

Қожа Ахмет Садуақасұлы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Кіндікті ауылында 1969 жылы дүниеге келген. Руы Мырзас ішінде Мұлқаман қожа. Шешесі Гүлзала Сылыққызы, руы Тоқабай ішінде Бәйелі.

Қожа Ахмет Фани Мұратбаев атындағы орта мектепті бітірген. Мәскеуде әскер қатарында болып азаматтық борышын аброймен атқарып ауылына оралғаннан кейін, Кіндікті ауылдық мәдениет үйінде қызмет істейді. Ақын деген асқақ рух пен нәзік сезім иесі. Жаратылысы, ойы мен шешімі жұмбақ ісі мен әрекеті құпия жан ғой. Міне осындай ақындық дарын Қожа Ахметке 6-шы сынып оқып жүргенде дарып, өлеңдер жаза бастайды. Тырнақ алды туындылары, балауса жырлары, «Шопан табысы», «Алтын күз» Ақсуат аудандық «Еңбек туы» газетінде жарияланған. Кейінгі жазған өлеңдері аудандық, Республикалық баспасөзде жарияланып жүр.

Облыстық, Республикалық ақындар айтысының бірнеше дүркін жүлдегері. 1991 жылы бүкіл дүние жүзіндегі қазақтардың бас қосуына (құрылтайына) байланысты Семейде өткізілген Республикалық ақындар айтысына қатысып бақ сынаған. Сол жолғы айтыстары Алматыдан қазақ телеарнасынан көрсетіліп, жырқұмар қалың елді жақсы әсерге бөлеген болатын.

1993-жылы Шұбартауда Шахантай, Жобалай, Байғотан асында, 1996-жылы Аякөзде Жамбылдың 150 жылдығына, 1992 жылы белгілі ақын жазушы Төлеухан Есімжановқа арналған Республикалық ақындар айтысына қатысып, бірінші орынды жеңіп алған.

2000 жылы 29 қазанда Ақсуатта ұрпақтар сабақтастығы атты ақындар айтысына қатысып, аудан әкімі Түсіпхан Түсіпбеков тағайындаған жүлдені жеңіп алған. Қожа Ахметтің өнердегі шығар шындары бұдан да биік деп білеміз. Оның қай өлеңін алсаңыз да, адамның өміріне, тылсым тіршіліктің иірімдеріне терең бойлап, сезім зерделерін дөп басуында. Өкініштісі өлеңдері, айтыстар жинағының кітап болып шықпай тартпада жатқандығы деуге болады. 50 ден астам өлеңдері «Семей таңында» «Жас алашта», «Ертіс өңірінде», «Ақсуат арайынан» бастап «Тарбағатай» жергілікті газеттерінде жарияланған.

Ақындардың өмірде ерекше адамдар екенін, олардың бәрінен биік әрі жоғары тұратынын ескерген жөн. Қожа Ахмет те өлең өлкесінде өз өрнегін салып келе жатқан айтулы ақындардың бірі. Ол жұрт көкейіндегісін дәл тауып, шымыр ойлармен өрілген шырайлы шумақтар жазып келе жатқан ақындардың бірі деуге әбден болады.

Қожа Ахмет ақынның елуден астам өлеңінің ішінен Парламент депутаты «Нұртай Сабиляновұлы», «Сағындым сансыз сізді ана» атты өлеңін оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдім.

Нұртай Сабиляновұлы

Тәуекел деп тас жұтып,
Алматыға асығып.

Бітірді үздік мектепті,
Ауылы артты жақсы үміт.

Құрылысшы болып қалада,
Өмірге қадам басты нық
Қыс, көктем, жаз да, күз өтті,
Атқарды адал қызметті
Қалдырды Нұртай қолтаңба,
Сәнді үйлер сап түзепті
Ленинградта әскерде
Болып қайтып шындалды
Алматыға оралып,
Білім алды сындарлы
Озат студент атанып,
Университетте мақталып
Жүргенде Желді желтоқсан
Оқиғасы басталып,
Бізғарлы қыста азаттық
Көктемі үшін күресті
Тәуелсіздікке Нұртайдың,
Көп – ақ қосқан үлесі
Нұртайдың асыл мұраты

Орындалды қуантты
Желбіреп биік түр бүгін,
Тәуелсіздік туы тұрақты.
Қазак Мемлекетінің,
Дербестігі орнады
Ел басы сүйді көк туды,
Көтерді халық жоғары
Жомарт қолды атанды,
Халыққа түсті шапағы
Дарындыны демеген,
Азамат болды баталы
Жанашыр қазақ тіліне,
Қорғады батыл жақтады
Қазақ тілі ғажап тіл,
Екенін есте сақтады.
Нұртай халық мақтаны,
Ел үмітін ақтады.
Өркендеп қазақ гүлденер
Көбейсе Нұртай қатары.

Сағындық сансыз сізді ана (Гүлзада Сыдыққызына)

Ораза айы қоңыр күз,
Келгенде шаһит болдыңыз -
Мейірбан асыл анамыз,
Өнегелі өмір жолыңыз.
Еліңнің бағын еселеп
Еңбек еттің өте көп
Аттандыңыз бақиға,
Келді анам марқұм Бекен деп
Қазана ауыл қайғырды,
Жаның – жаз, көңілің – көктем ед.
Ауырып аз күн көз жұмдың,
Қан жылап жүрек толды мұң.
Жебеуші едің от басын,
Құлазып қалды орынын
Пәниде жарық жалған да,
Қол создың асқақ арманға
Жастай талай ұл- қызың,
Фәниден қайтты жан ана.
Жақсыларға сенуші ең,

Біздерге жігер беруші ең.
Қалаға кетсем қылдырып,
Мен түсіңе енуші ем.
Басым болған бейнетің,
Ардагері едің еңбектің.
Қамқор болып біздерге,
Әлдиіңмен тербеттің
Рухыңызға сеніп мәңгі біз
Бағыштап құран бәріміз.
Бір алладан тіледік,
Жәннәтта болсын жаныңыз.
Ақ ұлпа бүлтқа қонғандай,
Елестейсіз заңғардай.
Сағындым сансыз сізді ана,
Адасып жалғыз қалғандай.
Бейнеңіз есте тұр сөнбей,
Жарқырап нұрлы күндердей
Аруағыңыз ақ жолға
Жетелеп мені жүргендей.

Киелі презент!



Ұлы батырды, кенжесін Ханбиби анамыздың дүниеге қалай әкелгенін өз ұрпақтары тамсана өңгімелесе, бұл өңгіме ел арасында ғасырлар бойы бұрынғы заманнан аңыз болып қалып отырған көрінеді.

Ерасыл - Нарбала - Избасар - Қабанбай - Хан батыр, Дарабоз-Көкірек әулиенің тууы туралы ел арасында сақталған деректер осындай.

Қабанбай міне осындай қазақ халқының бағына өмірге Алла әкелген бір туар, ел қамын ойлаған ерен батыр. Қазақ елінің қай бұрышынан жау тисе, ол кісі соғыстың өтіне қарай шауып, сол жерде жауға қарсы ұрыс салған, атойшыл ардагер батыр болған адам.

Қазақтың қалың қолына қырық алты жыл бас сардар болған, осы жылдар ішінде не жекпе-жекте, не қаптама соғыста жеңіліп көрмеген, оны мен қоса мемлекет аралық істі өте шебер жүргізетін, істің ретіне қарай епті өрекет жасай білетін мәмлегер ретінде кезінде Қытай мемлекетімен екі арада үш-төрт рет мәмлегерлік сапармен барып, екі ел арасындағы қарым қатынастың оң шешімін тауып кайтқандығы туралы Қытай архивтерінде сақталғандығын, Қытайдағы Қарамай қаласы Шөгел ауылында тұратын Мұхаметхан Мөкенұлы құлақ құрышын қандыра өңгімелейді. Енді осы Хан батырдың өмірге қалай келгендігі туралы ел аузындағы аңызды оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдім.

Қарлы боран таппады толас қырда,
Қожағұл батыр дүлей борасында,
Көруге тебіндегі жылқыларын,
Аттанды қантардың дәл ортасында.
Дауыл қатты, бүркырап қар ұшты да,
Ат құлағын көрсетпей алысты да,
Адам түгілі шыдатпай інге тыққан,
Жотада жортатын түз тағысын да.
Қожағұл ыққан жылқысын қайырганда,
Жел басылған даланың әр түсында,
Осы сәтте шапқыншы келіп жеткен
Қырдағы Қожағұлға барыс тұлға.
Уа, батыр сабыр ет сөзді тында
Ел-жұрт сізді шақыртты аял ғылма.
Женгіміз үш күн болды толғатып түр
Әлсіреді жүргенде өзін мұнда.
Баксы, балгер бөрі үйде ем қонбады,

Таусылды айла, сінгендей төзім күмға,
А, Құдай мен жеткенше жанын аман
Ете гөр деп Қожағұл батыр адам,
Такым қысып атына мініп жүрген
Жол жүріп бір тәуліктей шапқылаған.
Жолдағы костардан ат ауыстырып,
Қайта шауып жасындай жарқылдаған.
Қожағұл ауылына жете беріп
Сілейіп тұрып қалған бақылаған:
Қос қабат киіз жапқан алты канат,
Ақ үйді бұқа, сиыр алған қамап.
Киіз үйді көтеріп тастайтындай,
Сүзгілеп өкіреді таппай тағат.
Қожағұл аттың басын қоя беріп,
Қанша дию келсе де жоям дерлік,
Асау дәу көк бұқаның басын шапты
Қылышын суырып ап таяу келіп.
Жын қакқандай долданып түнерумен,
Арыстандай ақырып үйге кірген,
Шымылтықтың ішінде Алла деген
Әйелдің шошынғанын жүрт естіген.
Ханбибі бөйбішенің уһ дегені,
Қуантады саулығын күткен елді,
Өмірге жарғағымен ұл келеді,
Састырады бөлек боп тіптен жөні.
Қалжыратса да төрт күнгі ашы толғақ
Ханбибинің еңсесі тіктеледі.
Ханбибі жан дәрмен қауһар қылған,
Шешеді алтын жүзігін саусағынан.
Жүзікпен жібереді тонды тіліп
Шар етеді, нәресте дем салынған.
Қожағұл сонда ғана есін жыйды,
Ұл туды қуаныштар тербеді үйді.
Өкірген бұқа сиыр тарап жым-жырт
Іздері ғана қалған қилы-қилы,
Қорқырап қаны шашырап сойқан бұқа,
Көлденен құлап түсіп жанын қиды.
Қожағұл, ау Қожағұл бері кел деген,
Әкесі Мәмбет даусы естілді игі.
Анадайдан шақырып түр екен ол,
Қарт разы мейірімі жүректе мол.
Шаңырақтан топырлап шығып жатқан,
Тәуіптер айтқан тіпті тілекте зор.
Айтылды бауы берік болсын
Кіндік шеше сұрады сүйіншісін.

Тәуба аман Ханбибі де, нәресте де,
Десті ел игілікке бұйырсыншы.
Ат соқты болған Қожағұл тынығады,
Мән жәйді сұрастырып ұғынады.
Бақсылардың амалы таусылған соң
Сойылыпты табыннан сиыр малы.
Сиыр қанын кигіз үйді айландыра,
Төгіпті айла ғылып мұныдағы.
Манайдағы бұқа сиыр атаулыны
Бұйдалап ел-жұрт ұстап тұрды бөрі.
Осы кезде Қожағұл жеткен келіп,
Түрі жауға шапқандай айбат шегіп,
Бақсылармен жігіттер бұйда тартқан,
Иманын үйіреді оны көріп.
Қожағұл ақырды да екіленді,
Көк бұқа буы бұрқырап өкіреді.
Қожағұл тірі жанды көзіне ілмей
Бұқаны шауып ажалын келтіреді.
Осыны айтқан әкесі Қожағұлға,
Жауына аяз, досқа ынтық ел тірегі.
Ханбибідей бәйбіше,
Босанарда жүдеді.
Қожағұл келіп қарнымды,
Жарса ғой деп іздеді.
Сақтап қалса болғаны,
Деп тәңірден тіледі.
Осы сәтте дүние
Әлем тапырық болды да
Үй сілкініп кетеді
Жер дірілдеп орнында.
Жан жануар бақырған,
Түскендей өрттің шоғына.
Ханбибі жанын шошытқан
Қожағұл дауысы өр еді.
Ханбибі ышқына үмтылып
Жеңілдеп сала береді.
Өмірде мұндай сұмдықты,
Алғаш естіп көреді.
Заман ақыр келгендей,
Бір дүбір жер жарады.
Сөйтеді де басылып,
Тым-тырыс бола қалады.
Үл туды шаранасымен
Ханбибі тыныш табады.
Шарананы алтын жүзікпен,

Өзі тіліп алады.
Осыны Ханбиден,
Қожағұл естіп нанады.
Тартыпты Мәмбет балуан оң қабағы,
Ырым жасап үлестірді қолда барды.
Бақсы мен тәуіптерге ат мінгізіп,
Кіндік шеше мама бие олжалады.
Қырқыннан шыққанынша жас баланы,
Ешкімге көрсетпеді тасалады.
Білетін оның сырын кіндік шеше,
Бөгделерге ол да сыр ашалмады.
Қырқыннан шығарып қарын шашын,
Алғанда ғана сезген мағынасын.
Аңғарған некен саяқ кексе әйелдер,
Болашақ хас батырдың нар тұлғасын.
Мәмбеттей балуанның бәйбішесі,
Ажарына ақылы сай кісі еді.
Азан шақырылып ат қойды Ерасыл деп,
Немересіне ырымға бай кісі еді.
Мәмбет балуан қасына таяу келген,
Қызыр Ата түсінде аян берген.
Әй Мәмбет, Аллам саған өте ерекше
Немере береріне көміл сенем.
Қабанбай батырдың туғанында,
Болған қоян тобығы маңдайында,
Бұл белгісі баланың батыр болар,
Есейе келе тобық ұлғайды да.
Баланың иегінде шоктай жанған,
Қып-қызыл көрінетін қалы болған.
Туғанында солғындау өсе келе,
Тұтанып көрер көздің жауын алған.
Қызыл қалға сезім жоқ селт етпеген,
Әулиеліктің белгісі есептелген.
Тұтанбай қалады деп қалды ешкімге,
Бір жасынан асқанша көрсетпеген.
Жеңілмеген өмірдің күресінен,
Ақ сөйлеген мезгілдің мінбесінен.
Онсыз да барын шашқан Мәмбет балуан,
Тәңір жолына садақа үлестірген.
Болған біздің бабалар алашқа ұлық,
Елмен елдің арасын жарастырып,
Алла берген несіпті өз жолына,
Атаған аталардың шаруасы күт.
Құдайдың көзі түзу болсын деген,
Ниетпен тойдан қайтқан тарасып жұрт,

Ұлы батыр кенжесін Ханбibi ана,
Дүниеге әкелген осылайша.
Бүгінгі ұрпақ тамсана өнгімелеп,
Аңыз ғып бізге айтады тарих дана.
Ерасыл, Нарбала, Избасарлар,
Қабанбай, Ханбатыр, дарабоздар,
Көкірек Әулие туралы да,
Ел ішінде сақталған деректер бар.
Қазақтың қалың қолына қырық алты жыл,
Бас сардар болған Қабанбай сұрапыл бұл.
Жекпе-жекпен қаптама соғыстарда,
Еш жеңіліп көрмеген қырағы дүр.
Мемлекет аралық ірі істерді,
Өте шеберлікпен жүргізеді.
Оң шешіп Қытай-Қазақ қатынасын,
Мәмілегер екенін де білгізеді.
Қытайдағы қандастар қалың қауым,
Қарамай қаласының Шөгел ауылын,
Мекендейтін Мұхаметхан Мөкенұлы;
Бізге айтты Қабанбайдың туған дәуірін.
Өмір жолы Қабанбай қаһарманның,
Мұхаметжан айтуынша қатпар қалың,
Қабанбайдың ерлігі елшілігі,
Қытай архивтерінде сақталған тың.

Қабанбай бабамыз туралы жазылған роман, дастандар жеткілікті. Бұл дастандарда әр ақынның өз ерекшеліктеріне қарай жырлайтындығы белгілі.

Жергілікті ақын марқұм Нұрбек Сейілханұлының көлемді дастаны жазылған, бірақ жарық көрмей қалды. Сол дастаннан ойда қалғанды оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.

Қабанбай батыр.

Қазақ-қалмақ соғысы сын болыпты,
Қабанбай елге қорған ұл болыпты.
Қадірлейік біз әр кез Қабанбайды,
Орыс қалай пір тұтса Суворовты.
Ер демей не дейміз біз Қабанбайды,
Адамның бәрі ер боп жаралмайды.

Кей еркек өйелінен аса алмаса,

Кей еркек, бір отар қой баға алмайды.... депті.

Үш төбе елді мекенінде Долан атты тау бар. Кезінде бұл таудың аты қалай қойылған дегенде соғыс және еңбек ардагері, ұзақ жыл ұстаздық қызметте болып зейнеткерлікке шыққан, марқұм Мақаш Әлсейітұлы былай дейтін: «Бұл таудың табиғаты ерекше қыс болмайды десе де болады. Халықта мынадай мәтел бар «Долан кара, ерте тұрып атынның жалын кара» деген, осыған карағанда табиғаты ерекше, шөбі жұғымды таудың бірі. Бұл тау жонінде ел арасына тараған мынандай дастан бар дейтін:

Қалмақтың батырына Долан атты,
Қабанбайдан басқа ешкім жоламапты.
Алай-дүлей соғыста сол Доланды,
Қабанбай түсіріпті қолға нақты.
Қабекен қатты ұйықтап кеткенде одан,
Байланған арқан босап қашқан Долан.
Әскеріне қосылып соғысуды,
Қайтадан қарастырып жоспарлаған.
Жекпе-жектің кезінде маңайлаған,
Долан каза табады Қабанбайдан.
Доланның жүрегінің түгін көріп,
Қабанбай аң-таң болып қарайлаған.
Жау болса да ескеріп батырлығын,
Біліп жүрсін тарихын халқым мұнын.
Деген оймен «Қаратау» Үштөбеде,
Доланқара аталып жатыр бүгін.

деген аңыз бар деп сол Мақаш ақсақал айтқан еді. Ал, жергілікті Қожа Ахмет ақын Қабанбай бабамыздың ерлік жолдарын былай деп жырлапты:

Қабанбай батыр.

(Дастан бірінші тарау)

Қабанбай он бес жасынан,
Жорықтарға қосылған.
Қорғаған елін ұзақ жыл,
Түспей жорық атынан.
Жетпіс сегіз жасында,
Дүние салған тосынан.
Жойып жауыз қалмақты,
Көрсеткен өшпес ерлікті.
Қабанбайға Абылай,
Дарабоз атын беріпті.
Қабанбай батыр өткізген,
Қазақ-қалмақ соғысын.
Азат еткен қалмақтан,
Қазақтың құтты қонысын.
Қорлық көрген қалмақтан,
Бүкіл қазақ баласы.
Үш жарым ғасыр соғысқан,
Қазақ-қалмақ арасы.
Қазақ жері қалмақтың,
Көз құрты боп таласты.
Ел тентіреп нәубеттен,
Солғын тартқан санасы.
Жасағынан жоңғардың,
Қайысыпты қара ормандар,
Шайқалған Зайсан, Алакөл.

Тарбағатай түнеріп,
Қаптаған қалың жоңғардың,
Батырлар кескен жолдарын.
Қабанбай мен Боранбай,
Басқарған қазақ қолдарын.
Батырлары қазақтың,
Жолбарыс жүрек өркеуде.
Алапат жау жоңғарға,
Ел намысын берген бе.
Атақты ханы жоңғардың,
Жер қапқан Халден Церенде.
Керей Жөнібек өлтірген,
Жекпе-жекке келгенде.
Батырлардың аттары,
Ауыздықпен су ішкен.
Қазақ батырларының,
Білектері біріккен.
Жоңғардың қалың қолымен,
Аякөзде кезіккен.
Арғымақтар іш тартып,
Тыныштық жерді жайлады.
Құс екеш тіпті құстарда,
Жоғалып кеткен сайдағы.
Төмендемей аспанда,
Қырандар қанат жаяды.
Шошындырған оларды,
Жиналған адам аттылы.
Мың дулыға қалқанмен,
Найзалардың жарқылы.
Шағылысқан көктегі,
Күн нұрымен барлығы.
Қара туы қалмақтың,
Көгілдір туы қазақтың,
Жіберілген көк байрақ,
Қазаққа тілеп азат күн.

Екінші тарау.

Үнсіздік ұзақ бармады,
Соғысар сәтте боп қалды.
Бір әскері жоңғардың,
Тебініп атын оқталды.
Ортаға шауып шықты да,
Шыр айналып тоқтады.
«Кімсіңдер» деп ақырды бөлейтіндей,
Сөздері сондай суық жел өткендей.
Сөйледі ауызын айға білеп,

Қалмақтардың қабаған төбетіндей.
Мынау дала иесі біз боламыз,
Деді батыр Қабанбай кенет сөйлей.
Қабанбай батыр дауысы асқақтады,
Ұрандады казактың жасақтары.
Жоңғарлар барабаны қағылды да,
Қозғалды соғысуды бастағалы.
Алтындаған қалқаны жарқ-жүрқ етіп,
Бір жоңғар алға шықты қасқа аттағы.
Барабан дүңкілімен өз тобынан,
Ұранына дәу жоңғар масаттанды.
Найзасын сарбаздар жаққа қарай,
Көтере сілтеп қойып ойкастады.
Жекпе-жекке шақырған,
Аузынан жалын атылған.
Қалмақпенен айқаста,
Қабанбай шықты қарсыдан.
Қабанбайға Абылай,
«Женіске жет» - деп Әумин
Ақ батасын берді де,
Байкады тобын жауының.
Жоңғар казак гуілдеп кетті бөрі,
Ұрымтал тұсты андып мерт қылғалы.
Қалын казак дем беріп Қабанбайға,
Қалмақтарды құртуды серт қылады.
Аттардың тұяғынан ұшып жатыр,
Даланың көп гүлдері, көк құрағы.
Қалмақтың алты бірдей бас батырын,
Қабанбай бір күнде жер қаптырады.
Қазактың көсегесі көктеу үшін,
Қанішерлер жаулап ап кетпеу үшін,
Қазактың қара көзді сұлуларын
Қыли көзді қалмақтар өппеу үшін
Алаш азаматтары басын қосып,
Ашыпты азаматтықтың көтерілісін.

Үшінші тарау.

Басталған ию-кию қызу айқас,
Жаңғырған сай-сала мен бүкіл тау-тас.
Қазактар бірін-бірі қорғап жүрді,
Жауды жасқап көрінген көзге қораш.
Қанды майдан созылып,
Таяуда толас таппады.
Жеңеміз деп жоңғарлар,
Құмырсакадай қаптады.
Берілер емес казактар,

Сиреді жаудың қатары.
Дәл осынау мезетте
Келіп жеткен көмекке,
Лап қойды мың сарбаз,
Шабуылды тездете.
Қабанбайдың өскері,
Жауды қоршап алады.
Қалың тобын жоңғардың,
Жарқабаққа қамады.
Бірін-бірі тықсырып,
Жоңғарлар жақ шулады.
Бөрі де ат-матымен,
Жардан көлге құлады.
Есі шыққан жоңғарды,
Қазақтар қырып тынады.
Жоңғардың тірі батыры,
Есеңгірей бастады.
Елестеді көзіне,
Әскерінің қашқаны.
Мінеді де атына,
Шапқылап қыр асады.
Таудан құлап атымен,
Өлтіріп өзін тастады.
Ажалға солай бекінген,
Тағдыры солай шешілген.
«Құрыдық» - деп қалмақ батыры,
Өлерінде өкірген.
Қазақтан көп шыққан ғой батыр күшті,
Алыстан сезіп қояр жат дыбысты.
Жоңғарды қамдап жүйрік аттарымен,
Қырғыз елі болыпты бағынышты.
Түтқиылдан қырғыздар шабуылдап,
Қазақпенен жауласып қақтығысты.
Қырғыздар кісі өлтіріп ант ұрғанда,
Қазақты жекпе-жекке шақырғанда.
Қаһар төгіп Қабанбай өзі шығып,
Дәу қырғызды найзаға шаншығанда.
Көтеріп бұлғап-бұлғап лақтырғанда,
Қалған қырғыз қашыпты жалпылама.
Шолсаңыз шежірелі бай тарихты,
Қалмақтан Қарақалпақ тайсалыпты.
Осыған ызаланған Қазбек бидің,
Қатты қорланғаны да байқалыпты.
Жусатуға жіберіпті Қабанбайды,
Қарақалпақ бетін бері қайтарыпты.

Төртінші тарау

Ұлы жеңіс хабары,
Кезіп кетті даланы.
Батырлардың ерлігі,
Жұртты желпіп тарады.
Қабанбай мен Боранбай,
Жігіттері жарады.
Жоңғарларды сор түртті.
Өздерін санап зор тіпті.
Батырлары қазақтың,
Тұлпарларын орғытты.
Тізе қосқан қайтадан,
Өткізіп жойқын жорықты.
Ұрпақтарға ұлағат,
Батырдың жорық жолдары.
Қиын-қыстау кезеңде,
Халықтың болған қорғаны.
Сары арканы жоңғардан,
Тазартсам деп толғанды.
Біржола жоңғар жеңілді,
Бейбіт өмір орнады.
Қабанбай қазақ халқы үшін,
Еңбек етті қан төкті.
Шыбын жанын аямай,
Жеңуге жауды ант етті.
Баяғыда жоңғардан,
Қабанбайлар қорғаған.
Қазақстан өлкесі,
Мыңғыраған мал, толған дөн.
Азаттығы үшін елінің,
Қиып кеткен өмірін
Жадында сақтар жас ұрпақ
Батырлардың ерлігін.
Қазаққа тең ғып жер берген,
Тірісінде көзінің,
Малдар өсіп мыңғырып
Төрінде таулы өңірдің
Мақаншыға қарайды,
Токта-барлық маңайы.
Қабанбайдың өскен мекені,
Дейді осы өлкені.
Қазақ елін танытқан.
Қытай, Қырғыз, Орысқа.
Жүз үш рет кіріпті,
Қабанбай ірі соғысқа.

Ұстаған ту ғып жүрегін,
Жусатқан жоңғар түменін.
Кең байтақ қазақ жерінде,
Қалдырған ерлік іздерін.
Қытай шекарасынан,
Асыра қуған жоңғарды.
Қазақ сарбаздарының,
Жолын Алла оңғарды.
Мақаншы, Тоқтабарлық, Алакөлді,
Қойнауы күт Майлышат Барқытбелді,
Қабанбай бастаған қазақ қолы,
Жоңғардан туған жерді қорғап берді.
Ынтымағы барлық елдің ырысы мол,
Айырықша айтар оны уақыт келді.
Алғанда бөрі етектен, жау жағадан,
Қабанбайлар қолына найза алған.
Айбарлы Абылайхан ақ туының,
Астында азаттықты армандаған.
Ел мен жерін қорғаған жоңғарлардан.
Долларға көп додабас біреулерге,
Жарамас жерімізді саудалаған.
Жерінің жауға бермей жарты тасын,
Бөйге тіккен бабам алтын басын.
Бабалардың рухын жүректерде,
Жігер беріп жасындай жарқылдасын.
Бізге тисін бабалар шарапаты,
Сай болған күшпен ақыл парасаты.
Аластаған жауыздың алапатын,
Батыры мен бақытты қазақ халқы.
Үш жүздің баласының пірі өркез,
Қабанбай ұранымыз алаштаған.

Осындай дастандар мен өңгімелер ел арасында өте көп таралған. Оқиғалары заманына байланысты әр қилы болып келеді. Қалихан Алтынбаевтың, Замантай Оразовтың дастандарын осының мысалы ретінде келтіруге болады.

Міне, осылардың барлығын бір жүйеге келтіріп, әдеби қорымызға енгізуді келесі ұрпақ еншісіне қалдырған жөн болар демекпін.

Қаракерей Қабанбай батырдың соңғы жорықтары туралы

ақын Замантай Оразаұлының дастаны

Қолыма қалам алдым жазып дастан,
Құба қалмақ жау болған әуел бастан
Қазақтың жері, суын басып алып,
Тарбағатай тауынан бері асқан.
Іле, Балқаш, Сарысу өзенді алып,
Сырды алып Сарыарқамен араласқан.

1704-ші жылдың басы,
Басқында жақсы болды климаты
Жазғытұрғы апрельден күзге дейін,
Тоқтаусыз қалың жаңбыр құйып жатты.

Сол жылдың жазы салқын нөсерледі,
Тауда қар, ойда жаңбыр кеселдеді.
Егесін қыс пен жаздың өткергендей,
Июльде біраз ғана бөсендеді.

Ел көшті Сарыарқаның жайлауына,
Қалба мен Аягөздің қойнауына
Көш жүргізбей екі қабан жатып алып,
Көнбеген бүкіл елдің айдауына.

Ерасыл Қожағұлдың бір баласы,
Жүрмей түр келсе көштің айналасы.
Қабан түр екі бірдей қарсы алдында,
Дегендей күшің жетсе ал қарашы.

Ерасыл бір жүйрікке мініп алды,
Емен сапты шоқпарын қолына алды.
Азу тісі ақсиып жатқан кезде,
Екеуін шоқпарменен екі салды.

Мұрнынан қаны кетіп қабан өлді,

Құтқарды тағы жаудан көшкен елді.

Көпшілік Ерасылға содан былай,

Ер Қабанбай болсын деп есім берді.

Қабанбай содан бастап батыр болған,

Абылай хандық құрған алтын ордаң.

Абылай Қабанбайдың заманында,

Үш жүздің басын қосып құлаш жайған.

Қазыбек ,Төле би мен Бұқар жырау,

Жиналған нелер жүйрік сайып қыран

Қалмақты Сыр бойынан қуып шыққан,

Соғыстың нелер алуан сырын ұққан.

Қабанбай батырларға басшы болып,

Қалмақ өліп оба көп жерге тыққан.

Сол қашқаннан Қытайға қалмақ өткен,

Өрқашар Майлы Жайыр жерге жеткен

Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,

Қалмақ енді келмес деп үміт еткен.

Қалмақта батыр болған Бодан атты,

Өзінің заманында салтанатты.

Қараған он мың әскер бір өзіне,

Такаппар қату кабақ, діні қатты.

Өрқашар Майлы Жайыр тұрған жері,

Обалы бес Қарасу туған елі.

Басқарған әскер басын інілері,

Қорымсу, Шаған батыр дегендері.

Бір күні Қодан батыр қолын жиып,

Сөйлейді ашуланып кабақ түйіп.

Ызасы Қабанбайдың өтті маған,

Ойлансам кетеді ылғи ішім күйіп.

Күшім тасып тұрған бұл заманымда,
Қазақты шабу мақсат аманымда.
Осыған не деп жауап бересіндер,
Жиналған батырларым караымда.

Шабамыз қазақ жерін баста батыр,
Шаруаны ұсақ-түйек таста батыр.
Елін шауып, жылқысын айдап қайтып,
Дегізейік қалмақтар келе жатыр.

Желпінді бұл сөзді естіп батыр Бодан,
Тұсында жан өтпеген батыл одан.
Қасына сарбаздарын ертіп алып,
Қазаққа келе жатыр ақыр Бодан.

Тауынан Тарбағатай келеді асып,
Сауыр, Сайнақ, Кергентас жерді басып,
Арганаты бойына кеп түнейді,
Жол-жөнекей бір суық хабар шашып.

Бұл хабарды естіді бүкіл қазақ,
Жазықсыз басынуы неткен мазақ.
Боранбай Қызылтастан келіп жетті,
Ұлан-ірге жеріне туын қадап.

Байбарақ, Қойбағардай батырларым,
Алыс жуық жиналсын шақыр бөрін.
Қазақтың жерін жайпап кетпекші боп,
Тігіп келе жатыр ғой Бодан көрін.

Қабанбайға хабарлап Нұрадағы,
Боранбайға жиналды елдің бөрі.
Ойшіліктің бойынан жасақ құрып,
Қойбағар батыр келді ердің нары.
Ұлан іргеден Байбарақ батыр келді,

Сол арада бас қосып жинап елді.
Боранбай билік айтты ойын түйіп,
Мынау бізге болып тұр үлкен күйік.
Он мың қолмен Бодан кеп шапкалы тұр,
Еліме бейбіт жатқан түре тиіп.

Қабанбай Есіл, Нұра жерден келді,
Асынып алыс жатқан елден келді.
Қалмаққа қазақ кегін бермеймін деп,
500-дей жинап алып батыр елді.
Қабанбайдың қартайып қалған кезі,
Қабак түйіп, қызарып екі көзі.
Қарасуда қазақты жиып алып,
Батырларға сондағы айтқан сөзі.

Ақылдасар өздерің асылдарым,
Бас қостық үлкен-кіші батырларым.
Тұнығымды шайқалтып ат ойнатып,
Бодан келед жерімнің басып бөрін.
Деп бөріне Қабанбай қарап алды,
Ту көтеріп өскері ұран салды.

Қазақтың жері, суын аламын деп,
Қанды балақ қалмақ та келіп қалды.

Ұлан-ірге Қарасу жазығына,
Ат байлаған қалмақтар қазығына.
Күрзі сынап қолына батыр Бодан,
Малта жұтқан жолшыбай азығына.

Ол кездегі соғыстың заңы бөлек,
Батырлары шығады тек жекелеп.
Қалмақтан Ұлан деген батыр шықты,
Келдім деп қазақ саған топ жетелеп.

Байбарактың 30-ға келген шағы,
Мен барам деп топ жарып шықты тағы.
Ұланға кезек беріп тұрды карап,
Шоқпарын мығым ұстап қолындағы.
Шыққанда кара-ала атты батыр қалмақ,
Жасақтары еліріп тұрды ұрандап.
Садақты шірене кеп тартқанымен,
Сауыттан оқ өтпеді атқан арнап.
Қабанбай бата берген Байбаракқа,
Байбарак қамшы басты ақжал атқа.
Ұланның миы ойылып жерге түсті,
Күрзімен дәл маңдайға ұрған шақта.
Қорымсу Бодан батыр үлкен ұлы,
Өр кеуде жастайынан аты шулы.
Қанталап екі көзі келе жатыр,
Женем деп ойламаған ешкім мұны.
Сол кезде бір жас батыр шықты топтан,
Қайтпаған жалынды кез судан, оттан.
Боранбай Қойбағарға бата берді,
Сақтан деп қапылыста атқан оқтан.
Қойбағар сонда 18 жаста екен,
Қабанбай, Боранбай би қасында екен.
Жас батыр қатуланып қайраттанды,
Өзіне Арғанаты туған мекен.
Жапар көк деген аты болған,
Сан рет алып шыққан айқай шудан.
Қорымсуға Қойбағар шықты жеке,
Көрейін деп қасқайып алда тұрған.
Қазактың аламын деп шауып малын,

Бойында Қорымсудың берді арын.

Кезегін ап Қойбағарға найза салды,

Қаһарланып өзінше тігіп көрін.

Найзаны салғанменен тындырмады,

Қанталап екі көзі бұлдырлады.

Қойбағар жас болса да киелі екен,

Жасканып бекер сағын сындырмады.

Жас батыр бір әдісті кетті бастап,

Жіберді ат үстінен шалма тастап.

Атынан жұлып алып Қорымсуды,

Женіспен шыға келді ол ойқастап.

Қалмақ кашты жеңіліп кеткен шеттен,

Маңырақ асуынан барып өткен.

Батырлар түре қуып қашқан жауды,

Артынан Өрқашарда қуып жеткен.

Бодан батыр бара сап елін жиған,

Білген соң құтылмасын айқай-шудан.

Соғысты бастаймын деп Қызыл судан,

Тәуекелге қайтадан белді бұған.

Екі өзен екі жақта жатыр ағып,

Бірі шығыс, біреуі Батыс барып.

Жол таба алмай қазақтар тұрып қалды,

Өтеміз деп қалайша мұны жарып.

Қабанбай Қубас атқа қамшы басты,

Қатуланып бұл жерде қайраты асты.

Батырлар да жөнелді бірге жүзіп,

Келе жатқан бірге ішіп бөліп асты.

Үлкен-кіші бәрі де күшін салды,

Аман-есен өзеннен өтіп алды.

Сайканның тауы биік, сайы қайын
Батырлар көп білмейді жердің жайын.
Селдетіп күндіз-түні бұршақ жауды,
Көрсін деп табиғаттың осы жайын.

Қабанбай Қойбағарға бұйрық берді,
Барла деп жолдас алып алда жерді.
Ай қараңғы батырлар жүріп кетті,
Жау болса білейік деп шолып елді.

Тұлпары тұра қалды төрт тағандап,
Тесірейіп алдына тура қарап,
Аю кеп атқа келіп жармасқанда,
Қалған жоқ Қойбағар да текке қарап.

Желкесінен қысқанда жаны шығып,
Жан тапсырды қысылып, аузы қанап.

Атқа өңгеріп аюды алып барды,
Ерлігіне Қабанбай қайран қалды.

Жас болса да жалынды ер екен деп,
Қарт батырлар көзінің қырын салды.

Қара үнгі деп аталған Қанды өзен,
Қызыл судың бойы екен үлкен кезең.
Батырлар үш күн жатып ат суытты,
Батысында жатты ағып Еміл өзен.

Бодан батыр өзіне әскер сайлап,
Өз жерінде мықтап бір жеңіп алмақ.

Артымыздан келіп түр қазақ қуып,
Батырларым түсті үлкен салмақ.

Ұлым өлді, Ұландай батыр кетті,
Қазаққа өзім тисіп болдым кекті.
Боданды өз жерінде құртам деп,

Қабанбай қартайғанда қуып кетті.
Қайдасың қанды балақ батырларым,
Інім Шаған жаныма шақыр бөрін.
Қабанбайдың аламын өзім басын,
Деп Бодан көпшілікке айтты барын.
Жекпе-жекке Боданның өзі шықты,
Сайысқа жастайынан болған мықты.
Қабанбай қайдасың деп айқай салды,
Енді беті қайтпасы ұғынықты.
Мынау қиын сын кезең болды-ау өзі,
Қартайып Кабекеннің қалған кезі.
Жас батырлар барам деп талпынғанмен,
Қабанбай қаһарланып үмтылды өзі.
Қубастың тоқтай қалды басын тежеп,
Ал Бодан беремін деп саған кезек.
Бодан кеп күрзісімен ұрып өтті,
Қабанбай қозғалмады берді төтеп.
Екінші рет садақпен қалды тартып,
Аман қалды тағы да мерейі артып.
Енді кезек келгенде Қабанбайға,
Аттан жұлып өкетті иыққа салып.
Сол бетінде кетіпті мойны үзіліп,
Ажалын аңғармады ол қызынып.
Батыр өліп жасақтың туы құлап,
Дағдарып тұрып қалды құр тізіліп.
70-ке кеп атақты Кешу батыр,
Алты ұлы қасындағы өншең батыр.
Бір соғыста қоң етін кесіп берген,
Басына түскен талай заман ақыр.

Қалмақты Қабанбаймен бірге шапқан,
Кешу батыр сан рет абырой тапқан.
Бұл соғыста алты ұлы бірдей өліп,
Кешу батыр қапаланып қайғы тартқан.

Бодан батыр өлген соң батыр Шаған,
Кім шығады деп тұрды енді маған.
Үлкен ұлы Кешудің барып еді,
Қайран жас қапылыста мерт болды одан.
Бес інісі кезекпен барып еді,
Шейіт болды Шағаннан сол арадан.

Еңіреп Кешу жылайды
Көзінің жасын бұлайды.
Алты ұлы бірдей оққа ұшса,
Қайтып дәті шыдайды.

Қалмақтан қаза тапты ғой,
Алты бірдей арысым.
Қайдасың Арап, қайдасың,
Кете ме жауға намысым.

Бұл сөзді естіп ұмтылды батыр Арап,
Құла серек астында алған жарап.
Қатуланып кеудесін күші кернеп,
Шағанға кезек берді бара сала.

Көңілі өсіп, Шаған түр көзі жайнап,
Алты батыр алдында жатыр жайрап.
Қалмақтың қанды балақ қыраны еді,
Қару-жарақ жасынан алған сайлап.

Топтан шыға іркілмей шауып келіп,
Арапты күрзіменен кетті періп.
Аман қалды ажалдан батыр Арап,

Кезек алар кез келді оны жеңіп,
Шағанға найза салды бұғанадан,
Құлады салған жерден Шаған одан.
Басын алып Шағанның батыр Арап,
Атағы бүкіл елге шыққан тарап.
Батырлар жауын жеңіп демін алды,
Алты ұлы Кешу қарттың сонда қалды.
Бір обаға алты ұлын қатар көміп,
Тастан ойып басына белгі салды.
Боданның бір әйелі қазақ қызы,
Албыраған аққұба бетте нұры.
Нағашым Қабанбайға барайық деп,
Тарту алып шығады екі қызы.
Үлкені Бикемжамал келді жетіп,
Қайнижамал сіңілісін қасына ертіп.
Енді елді шаппаңыз бітісейік,
Депті сонда кеткен іс кетті өтіп.
Қабанбай қолын жиып ақылдасты,
Жиен сөзін жиында мақұлдасты.
Сол жерде құда болып қызын алып,
Берекемен екі ел татуласты.
Бикемжамал ұнатты Байбаракты,
Қарт батырлар тон түйе сауғалапты.
Қайнижамал қосылып Қойбағарға,
Екеуінен екі елге ұрпақ қапты.
Той жасап Өрқашарда бір ай жатты,
Майлы Жайыр жерінде салтанатты.
Қазақ, қалмақ осылай құда болып,
Теңге алып, көкпар тартып жаратты атты.

Бір кезде Жартас бойын қалмақ алған,
Қалмақта екі бірдей қамал болған.
Қабанбай батырлармен келе жатып,
Сол қамалды алсам деп ойға қалған.
Мен барам деп Байбарак жетіп келген,
Өзі батыр, найзагер асқан мерген.
Қамалды бұзсаң батыр бара ғой деп,
Абылай сол арада бата берген.

Атпен түсіп қамалды бұзып алған,
Батырлар жауын жеңіп олжаланған.
Ертеңінде қалмақтар қайта шауып,
Шорға бойын жағалап келіп қалған.

Қалмақтан жеке шыққан кара батыр,
Қалмақта асқан ноян дара батыр.
Байбарактың өлтіріп басын алам,
Деп өзі жекпе-жекке келе жатыр.

Қабанбай қарап тұрды қапаланып,
Байбарак қарсы ұмтылды атой салып,
Найзаны бұғанадан сүкканында,
Жығылды қара қалмақ естен ауып.

Жығылған қалмақ жылайды,

Көзінің жасын бұлайды.

Ей Байбарак, Байбарак,

Деп орнынан тұрмайды.

Ласты, Шорға жерім-ай,

Қыстаушы-ең қалмақ елім-ай.

Ажалымды келтірдің.

Өттең, Байбарак-ай.

Деп қалмақ дүниеден кеткен өтіп,

Бар екен екі қызы қалған жетіп,
Байбарак олжа етіп алып кетіп,
Үзатқан Аккісіге бірін беріп.
Сол соғыста қалмақтар басым болған,
Сайхан, Сауыр, Алтайды басып алған.
Қонтожының інісі Жолан батыр,
Халқына ерлігімен олжа салған.
Жекеге шыққан қалмақ Жолан батыр,
Қазақтарға таяды заман ақыр.
Тұлпары жерді тарпып ойнақтайды,
Жолан түр тісін шайнап ақыр-шакыр.
Қойбағар 25-ке келген шағы,
Киелі боп жасынан асқан бағы.
Атақты нағашысы Көкжал Барақ,
Сынбаған жастайынан ешбір сағы.
Көкжал Барақ сол кезде келді жетіп,
Сен бар деп Қойбағарға бата етіп.
Қойбағар Жапаркөкпен тура шапты,
Жоланды көрейін деп тұрған көкіп.
Барғанмен Жолан батыр алдырмады,
Найзаны денесіне салдырмады.
Қойбағар күрзіменен үрған кезде,
Қанталап екі көзі бұлдырлады.
Жолан қалмақ сол кезде кезек деді,
Қойбағар сөзін естіп кезек берді.
Садағын батыр Жолан тартқанымен,
Сақтап қалды бұл жолдан ажал ерді.
Койбағар кезегін ап садақ тартты,
Жоланның шыбын жанын шыркыратты.

Қалмақтың қанды балақ қас батыры,
Алдында арыстай боп сулап жатты.
Осылай казак-қалмақ ұрыс салған,
Қан төгіп, шокпар, найза қылышты алған.
Қалмақты сол соғыста казак жеңіп,
Бейбітшілік орнап ел тынышталған.
Қалмақтың беті қайтты ер өлген соң,
Қауіп қып казак күші теңелген соң.
Токтатты казактар да ұрыстарын,
Еліне қалмақ қашып жөнелген соң.
Бәйжігітте Қабанбай батыр болған,
Жастайынан өзіне аруак қонған.
Інілері Байбарак, Қойбағармен,
Қалмақты қан қақсатып талай қырған.
Қамалып тар қапаста қалып едік,
Жоңғарды қалмағымен алып едік.
Сыр бойынан қуғаннан қас жауларды,
Қытай, Монғол жеріне барып едік.
Қабанбай, Қасай, Қожай батырларым,
Байбарак, Қойбағарлар аты мәлім.
Ел қонды Айдар, Тама, Шүршіттерім,
Қазірде тарихтан орын алдың.
Тарихи дастан жаздым елге жайып,
Неше түн, неше күн ойға қалып.
Осымен тамамдадым дастанымды.
Нарбота батырдың ерліктері ел ішінде былай деп жырланыпты.

Нарбота батыр.

Қалмақтан қорғап қазақты,
Жаудан тартып жер алған.
Мүлқаман ұлы Нарбота,
Жолбарыс жүрек ер бабам.
Боранбай мен Нарбота,
Әкелері туысты.
Боранбайдың Нарбота,
Сүйікті батыр інісі.
Жазулы түр тарихта,
Нарбота ұран халыққа.
Қабанбай түмен басы етіп,
Бөленіпті даңққа.
Боранбай мың қол
басқартқан,
Нарботадай алыпқа.
Халқына деген жаны ізгі,
Төленді перзенттік парызы.
Боранбай биден он жастай,
Кейін туған төрізді.
Қосындары Найманның
Тауларында Жарманың
Шайқасуға шеп құрып
Тірепті берік табанын.
Шың басында қарауыл,
Шолады жітік жан-жағын.
Хабарлайды көргенін,
Шолғыншысын жоңғардың.
Қолбасы онда Боранбай,
Шолғыншыны тұтқынға
Түсіруге кім бармақ.
Дегенде сарбаз жұртына,
Нарбота рұқсат сұрады,
Қазақтың қайсар қыраны,
Барлаушысын қалмақтың
Бұлтартпай көзі қырағы.
Биігінен Лабаның,
Қозы көш жерден қуады.
Қалмақ қатты сасады,
Атына қамшы басады.
Нарботаның мінгені
Көк тоқты тұлпар шашалы,
Қурайлы мен Қосағаш
Жерінен тыңшы аспады.

Қалмақты ұстап Нарбота,
Ерлік данқы асады.
Тұтқыннан жауап алынған,
Әттенін айтып зар қылған.
Атының тайып сырғасы,
Шаба алмай терге малынған.
Қара өлең қалмақ бастаған,
Қалың жау алда жатқанын
Әлгі тұтқын айтады,
Қазақтарға ақпарын.
Боранбай қалың өскерін,
Жасанған жауға бастады.
Жеңеді жоңғар батырын,
Нарбота данқы асады.
Мың бес жүз құба қалмақ,
Тұтқынға түсіп түнепті.
Күзету қалың қалмақты,
Қазақтардың міндеті.
Әйтседе түнгі күзетке,
Нарбота өзі сұранды.
Таң атқанша кірпігін,
Айқастырмай шығады.
Көзіне ұйқы тығылса,
Қамшысының сабымен,
Маңдайынан ұрады.
Тұтқындарды таңертен,
Өткізіп түгел береді.
Мандайы толған ісіктер,
Боранбайға келеді.
Боранбай батыр бауырын,
Еркелете жебеді.
Маңдайына Нұрашжан,
Не болған деп еледі.
Ұйқы деген дұшпан ғой,
Түнде қалғи бастасам,
Ұйқы ашар жасағам.
Деп Нарбота жауабын
Кесіп айтып тастаған
Ұстап көрсе Борекең,
Жылы жауып қойдырмай,
Сондағы қамшы сабының
Жуандығы сойылдай.
Борекең сүйсініпті де.

Енбегің Нарыш бар депті.
Мынау қалың олжадан,
Қалағаныңды ал дегіті,
Нарбота сонда койнынан
Алады да қолына
Үш бірдей күндыз бөрікті,
Тастапты би алдына.
Әдемі әлгі бөріктер,
Қара олең батырдың
Үш қызынікі екен де.
Күткен бидің ақылын
Желбіреп жастың жалауы
Лапылдап жүрек алауы
Бөлісу тұтқын үш қызды
Нарботаның қалауы.
Боранбай соған көніпті
Нарбота алып ерікті.
Тұтқын қыздың біреуін
Боранбайға беріпті.
Кенже інісі Мамайға
Екінші қызды теліпті.
Үшіншіні өзі алып
Олжаны солай бөліпті.
Нарбота алған сол қыздың
Әбіш тума есімі
Бүбілі деп қазақша
Өзгертіпті кесімді.
Боранбай биге берілген
Жан жары болған сеніммен.
Қыздың қалмақша есімін
Ұмытыпты ел мүлдем.
Парасатты ақылымен

Өнегелі өткен өмірден
Ұрпақтары құрметтеп
Қарашаш ана делінген.
Болжаған бәрін алыстан
Би Боранбай данышпан
Ел ішіндегі дау шарды
Әділ шешіп тауысқан.
Қапан бұлақ тауының
Маңайында бақ тұрған.
Алдында қалың халықтың
Көк теңіздей шалқыған.
Қолбасшылықты Боранбай
Нарботаға тапсырған.
Нарботаны Боранбай
Шын көңілімен ұнатты.
Беліндегі қылышын
Шешіп беріп силапты.
Қазір Қапан бұлақта
Би Боранбай зираты.
Жиырма шақырым сол
жерден
Қашықтықта жерленген.
Нарботаға сиынса
Бар қазаққа дем берген.
Бабалар жолын қуардай
Ұландар әлі туардай
Жауыздықты жоюға
Белдерін бекем буардай
Нарбота батыр бабамыз
Құт тілеп елге тұрғандай
Жау тисе ел мен жеріне
Күркіреп көктен шығардай.

делініпті. Әрине Нарбота батырдың барлық ерлік жорықтарын толық камтып жаздық деп айтуға келмейді. Бұл айтылған деректер ел есінде сақталып келген аңыз әңгімелерден алынып жазылғанын айта кеткен жөн. Келешек ұрпақ әлі де болса толықтырып, жинақтап, тереңдете бергені абзал.

Қазақ-қалмақ жаугершілік заманында, Байыс баласы Болатшыдан тарайтын Бұхар атты батыр болыпты. Ел аузындағы аңыз әңгімелер мен ұрпақтары марқұм Тұрғанбектер мен Тұрысбектердің Бұхар батырдың жоңғарлармен ұрыстағы ерліктері ел арасына тараса деген армандарын айта келе, Бұхар батырдың қалмақтармен жаугершіліктегі ұрыс майданындағы ерліктерін жыр етсек:

Кіріспе

Батыр Бұхар бабасын кастерлеген,
Тұрарбек сексен жеті жасқа келген.
Оның ұлы Тұрысбек сексен бесте,
Абыроймен бақиға көше берген.
Адамдық адалдықпен ұлтын сүйіп,
Ел үшін еңбек еткен өте ерен.
Болатшы Бұхар батыр дастан болып,
Дүние-ай болашаққа жетсе деген.

Бұхар батыр

Бір жылы Ұлы жүздің Үйсін елі
Жетісуды желпінтті қыр түледі.
Жар салды ұлы дүбір ас бермек боп,
Аспанда арайланып күн күледі.
Сол астан бар қазаққа хабар жетті,
Сол асқа бала Бұхар сапар шекті.
Бұхар әкесі Елібай оң ойланып,
Інісі Жайықбайға Бұхарды ертті,
Қастық жасап жүрмесін біреу-міреу,
Қасыңнан қарыс кетпесін аста депті.
Күресте халық Үйсіннің
Балуанына қарайды.
Шақ келтірмей жығады ол,
Күреске шыққан талайды.
Білектен күші саулаған
Палуан сіре қорқа ма?
Палуанымен Үйсіннің
Күрескен Бұхар ортада.
Серпіліп Бұхар сынаптай,
Үйсін палуанын шыдатпай
Бұхардан сасқан сан балуан
Қасқыр көрген лактай.
Бұхар Үйсін балуанын
Лактырады тымақтай.
Мұны көрген Жайықбай
Елмен бірге шаттанып,
Бұхар, Бұхар, Бұхар деп
Ұрандаған жар салып.
Бұхарды тік көтеріп
Әкетеді көп халық.

Екінші тарау

Шапқыншылары жоңғардың,
Болатшының мол малын
Айдап кетіп өрістен
Ауылға салған ойранын.
Кісілерін өлтіріп,
Бұзыпты қазақ қаймағын.
Басшылары халықтың
Амандығын тілеген.
Елге зиян тигізген,
Жоңғарға елші жіберген.
Татулыққа шақырып,
Келісімге үндеген.
Жоңғарлар бұған көнбеген,
Жоңғарлар мен казактар
Соғысуды ұйғарған.
Белгіленген уақытта,
Екі жақта жиналған.
Батырымен жоңғардың
Шайқасқа Бұхар шығыпты.
Қылыштасып жекпе-жек
Сұрапыл соғыс жүріпті.
Ақыры Бұхар жоңғардың
Батырын аттан жығады.
Жеңіліп жоңғар жер шұқып,
Жаулардың сағы сынады.
Бар Болатшы ұрпағы
Осыдан бастап Бұхарды
Айналдырған ұранға
Жаңғыртып дала, қырканы.

Үшінші тарау

Тарбағатаймен түйіскен нардай шөккен,
Ақшәулі маңайында орын тепкен.
Қаракол өзенінің арғы үстірті
Қарамсла жайлаулық болған мекен.
Сол жерде казактар мен қалмақтардың
Сұрапыл соғыстары өткен екен.
Айбарлы Аблайхан қол бастапты
Терең ойлап болжапты болашақты.
Қазақты кара мысықтай аңдып жүрген,
Жоңғарларды жоюды хан аңсапты.
Аблайхан өзі жасап басшылықты

Жоңғарларды женуді шарт қылыпты.
Қабанбай, Бөгенбай, Керей Жәнібек
Ақтанберді, Боранбай – бәрі мықты.
Осылар ең жоғары қолбасшылар
Қазақтың сарбаздары сап құрыпты.
Болатшы Бұхар батыр Қабанбайдың
Жасағында жоңғарға қарсы шықты.
Арыстандай алысып жоңғарлардың
Тынысын қалың казак тарылтыпты.
Қалын жау, қанды қолдар жағаласқан,
Болыпты қаралы жер, қаралы аспан.
Бұхар жер жастандырған жоңғарларды
Жауды сүйреп аттары ала қашқан.
Көп жоңғар қырылады аттан ұшып,
Құлаған қарғалардай тал ағаштан.
Соғыстың аты соғыс, азап жолы
Қалжырап қалың жоңғар қаза болды.
Асыра Тарбағатайдан қалмақтарды
Тықсыра қуып тастаған казак қолы.
Есентай Бұхар батыр қолдаушысы
Ұлтын сүйген жігіттің жолбарысы.
Бұхармен бірге жүріп жас кезінен,
Жауға семсер сілтеген өр намысты
Бұхардың желкесін жау жебесінен
Көк найзамен қорғаған болған тұсы.
Тарбағатай тауының жанындағы,
Әлемді асуының бағы жанды.
Сол жерде жоңғарлармен соғыс біткен
Тарихи өңір осы қазір заңды.
Сол соғыс куәсіндей қазақтардың
Жерленген орындары табылады.
Ол жерді бүгінде казак елі
«Қара мола» деп атап танып алды.
Тарихтан Бұхар батыр тапқан орын,
Ұрпақтары жаңғыртқан жорық жолын.
Әлемді де бөгеген тасқын судай,
Жоңғардың жосылған қалың қолын.
Жауменен өліспей бермес жерді,
Тас беткейде бетпе–бет кездеседі.
Қиядан қиқу салып, сеңдей қаптап
Қазақтар бір біріне көмек берді.
Көбік ауыз, қан құмар жоңғар қолы,
Көбесінен сөгілді бөлектенді.
Жырық етек, жалаң бүт жоңғарлардың
Жандарын жаһаннамға жонелтеді.

Бұхарменен Есентай жараланып
Тұралап жатып қалды бейнет көрді.

Төртінші тарау

Баркытбелден басталған,
Салынған терең шатқалдан.
Көш жолымен бес бестен
Қатарласып аттанған.
Дулығалы сауытты,
Салт атты сарбаз қаптаған,
Он найзаны саусақтың
Саласындай етеді.
Қыл шылбырмен байлайды,
Құлын жарғақ төсейді.
Жаралы Бұхар батырды
Найзаға салып көтерді.
Мың басы болған батырдың
Күшейеді кеселі.
Кереуке керіп тұратын
Апайтөс алып денелі
Толықсып жігіт ағасы
Сандырақтай береді.
Жарасына батырдың,
Жалбыз басып көреді.
Көтеріліп ыстығы,
Бұхар кейде қысылды.
Кешегі өзі қорғаған
Жердегі дәрі шөптерден
Ем—дом жасап батырға
Теңіздей ел теңселген.
Алапат күш иесінің
Самайдан тері бүршақтап
Жанталасып күбірлеп,
Үзік—үзік тіл қатад.
Үш жүздің бас сардары
Қабанбайдың тұлғасы
Елестеді Бұхарға
Сонымен бірге қыр асты.
Жоңғарды қалай қырғанын
Баяндады сыр ашты.
Оташы Бұхар батырдың
Жарасын қайта таңады.
Алаканымен көз жасын
Көлегейлеп жабады.
Ажалға қимай батырды,
Телміріп ұзақ карады.

Батыр сөзінің аяғы
Айналады сыбырға
Кеберсіген ерінін
Тамсанады кынжыла.
Жол бастаушы сұңғыла қартан адам,
Байқады батыр дертін таркамаған.
Жолдағы мөлдір бұлақ бойындағы,
Тал өскен көлеңкені қалкалаған.
Көгалға қалың қолды дамылдатып,
Зәулім шоқы басына күзет қойған.

Бесінші бөлім

Торғай көз етіп тоқылған
Ақ шығыршық сауытты
Оқпен түтіп тамтығын
Қалдырмапты жау тіпті.
Бұхар батыр бір кезде
Ес жиып көзін ашады.
Келгендерін қай жерге
Сұрасқыра бастады.
Дауысы анық естіліп,
Сау кісідей сөйлеген,
Тірлігінде тең көріп,
Құдайдың жерін бөлмеген.
Алалаламай қазағын
Жонғардан қорғап өрлеген.
Олай-бұлай боп кетсем,
Кез келген жерге көм деген.
Жаны бірге серігім
Есентай да ер деген.
Қасыма оны қойыңдар
Ел жұртым тыңдай бер деген.
Бойжасағаны екен бұл,
Қайтып тілге келмеген.
Қалған таң да-сыз беріп
Қалың қолды күңіrentіп,
Айтады жырау жоқтауын,
Бұхар рухын жыр етіп.
Өзі отырған орнынан
Жырау да зорға тұрады.
Қасына келді сарбаздар
Еңіреп бәрі жылады.
Байыстың Болатшы Бұхары мен
Қыржы Есентай батырдан
Айрылып жаудың өтінде
Қазақтар қатты аһ ұрған.

Жоңғарды жеңіп талқандап
Азаттық таңын атырған.
Баркытбелдің бөктері
Сұлу шанының етегі,
Бұхар сүйегі жатқан жер,
Батырдың мәңгі мекені.
Басына мазар тұрғызған
Үрпақтары текті еді.
Бұхар даңқын дабырайтып
Жаңғыртпай елі жасанды
Шіл қиындай шашылған
Қосылды қазақ бастары.
Қамқор болған еліне
Бабалар бүгін расталды.
Бабалардың дәстүрін
Жалғасын қазақ жастары.

Өздері Ақсуат еліне еңбек еткен, үрпақтары Ақсуат топырағында өмірге келген жайсаң жандар жайында:

Құрмаш Тілебалдыұлы жайында:



Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында, қиын қыстау заманда, ел басқарған соғыс жөне еңбек ардагері Құрмаш Тілебалды ұлы туралы көнекөз қариялар кейінге дейін әділ де кешірімді басшы болған еді деп еске алады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында,
Қызу еңбек еткен Ақсуат қырларында.
Ұлы еңбектің ұйтқысы Құрмаш болды,
Ел еңсесін өсіріп жылдан жылға.
1943-жыл, Ақсуат ауданында,
Бірінші хатшы болып сайланды да.
Құрмаш бастап өсірді, өркендетті,
Колхоздың егін-малын, бау-бағын да.
Ауданда 36 колхоз болған,
Орналасқан туған жер қойнауында.
Бәрі болған Отан мен майдан үшін,
Тылдағылар жұмсаған айла күшін.

Екпінді еңбек жеңісті жақындатқан,
Үздіксіз жалғастырып байланысын.
Құрмаш игі істердің көсемі боп,
Ел үшін еңбек еткен еселі көп.
Сабырменен сараптап ел тағдырын
Басшы болған шаруаны шешетін деп.
Халқы жәрдем берген ғой адал ұлға,
Қылышынан қан тамған заманында,
Қаймықпаған ер екен елім деген,
Саналған сұңғыла ойлы заманында.
Елім деп білім қуған білікті де,
Бойда күші тасыған жілікті де.
Шығарып ауылын биік белестерге.
Елінің ақталыпты үміті-де.
Естілген жазғанынан заман үні,
Бар Құрмаштың өзіндік даралығы.
Еңбекқор, іскер ғана емес,
Қаламы ұшқыр журналист мамандығы.
Халықтың қамын ойлап тереін төккен,
Еңбектің туын қырда желбіреткен.
«Андрей торы» атты арғымакпен,
Колхоздарды аралап ерлік еткен.
Мемлекеттік тәртіпті биік ұстап,
Өткізді елін кезеңнен қиын қыспак.
Өзіменен өріптес мамандарға
Қатаң талап қойған ғой жиі ұштап,
Халыққа пана болған, дана болған,
Ұлтқа, руға бөлмепті тең көріпті.
Құрмашта өлең жазған ақын болған,
Шапағы маңайына шашыраған.
Ұлты неміс Эдикті бала ғылып,
Құрмаш соғыс жылдары асыраған.
Кетсе де алыс қазақтың арасынан,
Сағынады өшпейді санасынан.
Хаттар жазып тұрыпты Құрмашқа Эдик
Украинаның Бельгород қаласынан.
Қазақ әділ, бауырмал ел болғанын,
Көрсеткен ақ көңілін көл болғанын.
Эдик қазір үйленген Бельгородта,
Тілшісі радио мен телеарнаның.
Құрмаш өзін еңбекпен ер етеді,
Жұмыстарға бел буған берекелі.
Аз сөйлеп көп тыңдайтын жылы жүзді
Өркенді өмір сүрген өнегелі.



Қаражанова Людмила Құсайынқызы 1943 жылы Ақсуат ауданы, Ақсуат селосында дүниеге келген. Балалық шағы Ақсуат ауылында өтеді. Кір жуып кіндік кескен жері де осы Ақсуат ауданы.

Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің Еуропалық бөлігінен көптеген тәжірибелі дәрігерлердің Қазақстанға келгені белгілі.

Сол толқынмен Ақсуат өңіріне келген дәрігерлердің бірі тәжірибелі дәрігер Гильдабранд еді (Гильда аты, Бранд фамилиясы екен). Жалпы есімін айтарда Екатерина Андреевна деп айтатын.

Осы дәрігер Ақсуат ауданында ұзақ жылдар еңбек еткен, талай өмірге келген нәрестені туғызып алған адам.

Людмила Құсайынқызы да осы дәрігердің шипалы қолымен босандырылып, баланың атын дәрігерлер Людмила қойып жіберіпті. Бұл қойылған атқа, бала аман сау болған соң туыстары да қарсылық білдірмепті. Сөйтіп, қызымыздың аты Людмила атанып кетіпті.

Осы Людмила есімін алған Ақсуаттың тумасы өзінің дүниеге келген жері, туған топырағы Ақсуатты үнемі еске алып, жадында сақтап отыратын қадірменді қызын, Ақсуат елі ұмытпай әрдайым еске алып, мақтан тұтады.

Людмила Құсайынқызы он жылдықты бітіргеннен кейін Семейдің мемлекеттік адамдәрігерлік институтына түсіп, оны 1966 жылы жоғары бағамен аяқтайды. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейінгі еңбек жолын Павлодар облысы, Успен ауданының орталық ауруханасында үш жыл ішкі ауруларды (терапевт) емдейтін дәрігері болып жұмыс істейді.

1970-1973 жылдары Алматының мемлекеттік медицина институтында аспирантурада оқып, 1974 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап шығады.

1975 жылдары Семейдің мемлекеттік медицина академиясында бастапқыда ассистент, одан кейін доцент, кафедра меңгерушісі болып жұмыс істейді.

1994 жылы «Клинико-функциональная, иммуногенетическая характеристика хронического гломерулонефрита с артериальной гипертензией и его дифференциальная терапия» немесе «Артериальды гипертензиялық созылмалы гломерулонефриттің клинико-функционалды, иммуногенетикалық сипаттамасы және оның дифференциалды терапиясы» деген тақырыпта диссертация қорғап, медицина ғылымының докторы деген атақ беріледі. 1996 жылы профессор атағы беріліп, 1996 жылы Қазақстанның медицина академиясының корреспондент мүшесі болып сайланады. 1994 пен 2002 жылдар аралығында Семейдің мемлекеттік медицина академиясында ғылыми жұмыстар

жөніндегі проректоры болып жұмыс істейді. 2004 жылдан бастап педиатриялық, стоматологиялық, медико-профилактикалық факультеттердің және интернатураның ішкі аурулар бойынша курсы басқарады.

Людмила Құсайынқызы - 6 монографиялық зерттеу, 576 дан артық ғылыми жұмыстардың, 15 емдеу жолдарын ойлап шығарған 40-тан астам тиімді емдеу жолдарын тапқан, 17 методикалық құралдың авторы.

Ол - өзінің басқаруымен 23 ғылым кандидатын, бір ғылым докторын және 8 кандидаттық диссертацияға басшылық жасаған ғалым-тәлімгер.

Людмила Құсайынқызының медицина ғылымына еңбегі сіңген, медицинаның ғылыми қоғамдастығында Қазақстан мен шет елде беделі жоғары, абырой данқы асып тұрған, денсаулық сақтау саласының білгірі.

Денсаулық сақтау саласындағы зерттеуді шешуді керек ететін келелі мәселелер жөніндегі, Семейдің мемлекеттік медицина академиясының ішкі аурулар жөніндегі терапевт-дәрігерлер қоғамының Президенті және «Артериалды гипертония» мектебінің басшысы болып жұмыс істейді.

1996 жылы желтоқсан айында осы кісінің басшылығымен жедел медициналық емханасының негізінде облыс бойынша «Демікпені емдеу орталығы» (Астма-центр) ашылып, бүкіл облыс көлеміндегі осы аурулармен ауыратын адамдарды емдеуді қамтамасыз етіп келеді.

Людмила Құсайынқызының басқаруымен жылма-жыл ішкі аурулар дәрігерлерімен білім көтеру курстарымен қоса қалалық семинарлар өткізіліп, дәрігерлердің емдеу, сауықтыру шеберліктерін арттыруда айтарлықтай ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Людмила Құсайынқызының денсаулық сақтау саласындағы отандық ғылыми жұмыстарға қосқан үлесі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, 2000 жылы Қазақстан Республикасы атынан Денсаулық сақтау значогімен марапатталса, 2001 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен аталып өтті.

2002 жылы өткен «Ғалымдар жылы» жарысында Семейдің мемлекеттік медицина академиясының профессорлары мен оқу ағарту саласындағы оқытушылардың арасынан бірінші орынға ие болды.

Осы жарыстың нәтижесінде Қазақстан оқу ағарту Министрлігі Қазақстанда Денсаулық сақтау ғылымына қосқан үздік үлесі үшін 2004 жылдың қараша айында мемлекеттік ғылыми стипендия тағайындады.

2005 жылы «Жыл ғалымы» ретіндегі жарыстың II-дәрежелі дипломымен марапатталды.

Людмила Құсайынқызы Қаражанова 2007 жылы республикалық Жоғары оқу орнының Үздік оқытушысы грантының жеңімпазы және сол жылдың республикалық Үздік өнертапқышы атағына ие болды.

2008 жылы Медициналық академияның 55 жылдығына орай “Алтын стетоскоп” иегері атанды.

Міне осындай Ақсуат топырағында өмірге келіп, қанат қағып ұшқан ғалым қызын Ақсуат халқы әрдайым есінде ұстап, мақтан тұтады.

Жолдасы Шыныбаев Әбілбек Иғасымұлы Семей облыстық ауруханасының 1976 жылдан бері хирургия бөлімшесінде бөлім меңгерушісі болып жұмыс

істейді. Жоғарғы дәрежелі хирург. Қазақсан Республикасының үздік денсаулық сақтау қызметкері. Денсаулық сақтаудың өте жақсы білгір дәрігері санатына жатады. Ләйлә, Әсел есімді екі қыздары бар.

Ләйлә адам дәрігері академиясын бітіріп, АҚШ-та магистратураны оқып тамамдағаннан кейін, кандидаттық диссертация қорғап, биология ғылымы кандидаты атағын алғаннан кейін, докторлық диссертация қорғап, медицина ғылымының докторы атағын алды

Әсел - ішкі аурулар жөніндегі (терапевт) адам дәрігері. Жұмысын жалғастыра жүре, медицина академиясының ординатурасында оқып, ғылыми жұмыспен шұғылдануда.

Жанұядағы балалары ғылым саласында табысты еңбек етіп келе жатқан талантты жастар.

Есенжан Төлеутаев (1920-1969жж)



Мен Есенжан Төлеутайұлымен 1957 жылдан бастап қызметтес болдым. 1962 жылы Ақсуат совхозы құрылғанда бір совхозда бірге қызметтес болып жұмыс істедік.

Өмірдің ащысын да, тұщысын да басынан өткізген, еңбектің қай саласында жүрсе де, қиындыққа қарсы тұра білген, мінезі өте қарапайым, төзімді, қагілез, адамдық, азаматтық парызын адал өткерген, есімі ұмтылмас абзал жанның бірі еді.

Айналасына тигізген пайдасы, көрсеткен үлгісі мен өнегесі туралы жақсының жақсылығын айту өмір жолын баян ету, бірге істеген біз үшін қашанда парыз ғой. Осы максатта: кезіндегі қызметтестік, жанұялық сипастығымыз әлі күнге дейін бала – шағамызбен де жалғастығын тауып келе жатқандығын Гүлнара Есенжанқызымен кездесіп әңгімелескенімде әкесінің жүріп өткен өмір жолын былай деп баяндаған еді.

Есенжан Төлеутаев, 1920 жылы Семей облысы бұрынғы Абралы ауданында дүниеге келген. Ағасы Игембек Төлеутайұлы 1932 жылы әкешесін, 12 жасар інісін Семейге көшіріп алады. Икең ол кезде Қазақ ағарту институтында, кейіннен Коммунистік жоғарғы оқу орнында сабақ беріп, осы (Комм. ВУЗдің) директоры болады.

1935 жылы Есенжан Төлеутаев Семейдің геология -барлау техникумына түсіп, ол оқу орнында 1939 жылға дейін оқиды. Қарағанды облысында практика өтіп жүріп ауыр жаракат алып, оқуды ары ғарай жалғастыра алмайды.

1941 жылы Семей облыстық «Екпінді» газетінде корректор қызметін атқарады.

1941 жылдың XI айдан, 1942 ж. VII айына дейін Облыстық соттың

хатшысы қызметін атқарады, алдымен азаматтық істер жөнінде кейіннен қылмыс жөніндегі коллегиясында.

4.XI.1942 жылы Ақсуат аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызметке жіберіледі. Соғыстың ауыр жылдарында халыққа тиген ауыртпашылықты сөзбен жеткізу киын ақ! Ел болып, аудан болып ол күндерде өтеді. Әкемнің Ақсуат ауданында қызметі бағаланады. Үздік қызметі үшін 1943 жылы 19 ақпанда Облыстық атқару комитетінің грамотасымен марапатталады. 1945 жылы 31 қаңтарда ерен еңбегі үшін, 1944 жылы ауыл шаруашылығы жұмыстарында алған міндетмені орындағаны үшін екінші Грамота тағы тапсырылады.

1946 жылы шілде айының 30-да Облыстық атқару комитетінің үшінші Грамотасымен марапатталады. Сол жылы Облыстық комсомол комитетінің бюро шешімімен (№ 166, 29.УІІ.1946 ж) Обкомолдың Құрмет кітабына жазылады: ... Комсомол жастарлы, аудан жастарына саяси тәрбие бергені үшін... - деп жазылған.

1945 жылы 6 маусымда Отан соғысы кезіндегі Еңбектегі ерлігі үшін медалімен марапатталған. 1946 жылы: қыркүйек айында «Ерен еңбегі» үшін медалімен. 1947 жылы екінші рет «Ерен еңбегі» үшін медалімен марапатталды.

1948 жылы Комсомол орталық комитеті өзінің Құрмет Грамотасымен марапаттады. Ал сол жылдың қараша айында ҚСРО Жоғарғы кеңесінің қаулысымен «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапаттайды.

Ол кезде ауданда санаулы ғана адам осындай үлкен награда иесі болған. Оның бірі қарт ұстаз, болашақтағы құдасы Распаев Қыдырбай еді.

1949 ж - 1950 ж. әкем Госстрахтың инспекторы қызметін атқарады. Семей облыстық комитеті хатшысы қызметіне барғалы тұрған адам еді. Бірақ, ауданнық Совет депутаты осы қызметке ауыспауына мынадай себеп болды. Бір жерлесі осы Есенжан Төлеутаевтың өскені ішіне сыймай, «домалақ» қағаз жазып жібереді. Төлеутаев - байдың баласы деп. Оның жалған қағаз екенін дәлелдеу ол кезде оңай ма? Сонымен береке де, денсаулық та кетеді. Партия билетінен айырылады. Бүгінгі күннің өзінде (артыма карамайтын күн келді деп санаймын) аталарым бай болды деп айта алмаймын. Дастарханда тамағын болса, азын-аулақ малын болса, ол менінше байлық емес.

Әділеттілік орнап, 1950 жылы әкемді Аудандық жоспарлау комитеті төрағасы етіп сайлайды. Осы жауапты жұмысты әкем 12 жыл атқарады.

Сол жылдары «Ақсуатский район в новой семилетке», «Жоспарлауға тынғылықтық керек», «Ауданның мал шаруашылығы», «Етті көп өткізу басты міндет», «Мекеме партия ұйымы», «Қоғамдық негіздегі жұмысты жетілдірейік» тағы басқа экономика, партия мәселелерін көтеріп жазған очерктері оннан артық. Ол Облыстық, аудан баспаларында басылады. Еңбегі жанып 1960 жыл әкемді Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советінің Грамотасымен марапаттайды. Ол кезде бұл марапат Республиканың ең үлкен наградасы болып саналған.

1962 жылы аудан тарап Көкпектіге қосылады. Әкем аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметіне ауысады. Осы қызметі үшін 1963 жылы үшінші рет «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Сол жылы жана

ашылған «Ақсуат» совхозының партия ұйымының хатшысы қызметіне ауысады. Тек партия жұмысы емес, ауыл шаруашылығын өркендетуге үлкен үлес қосады. 1967 жылы Облыстық атқару комитеті 4-ші рет өзінің Грамотасымен марапаттайды. Дүйсен Сұлтанов ұзақ жылдар Ақсуат ауданында аудандық партия комитетінің хатшысы болған партия ардагері, сол кезде аупартком хатшысының естелігінде былай деген: «Е. Төлеутаев басқарған партия ұйымының жұмысы Облыстық Партия комитетінде қаралып, жұмысы бүкіл облыстың партия ұйымдарына тәжірибе ретінде таратылды». Ол әкемінің қызметіне берілген үлкен баға еді.

1969 жылы қараша айының 24 күні Есенжан Төлеутаев ұзаққа созылған ауыр наукастан не бары 49 жасында дүние салды. Атақты бір патшадан сұрапты: - «Қандай арманың бар» -деп. Сондағы жауабы: «Ұрпағым аман болсын» - депті. Есенжан Төлеутай ұлы да солай армандады деп ойлаймын.

Үлкен ағасы Игенбек (жұбайы Рашида Шарипқызы) екеуі 1945 жылдан 1969 жылға дейін бір шаңырақ астында екі жанұя тату – тәтті өмір сүріп бір жарым ай аралығында бірге дүние салған еді. Ағалы-інілі екі азаматтың осыншалық сыйластық қарым-қатынастарына үлкен дәнекер болған біздің анамыз Гүлзада Құлжанқызы. Қазақтың нақыл сөзі бар ғой: «Абысын тату болса, ас көп». Осы сөздер біздің анамыз Гүлзада мен Рашида апамызға арнап айтылған болу керек, себебі ес білгелі осы кісілердің жұптары жазылмай дүние салғанша бірге болғанын көрдік. Игенбек ақсақалдың үш баласы болған - Роза, Серғазы (қайтыс болған), Шахмурат - Курчатов қалалық маслихатының хатшысы. Бүгінде ол кісінің екі баласы, төрт немересі бар. Жұбайы Нұрбилә Жұмағали қызымен Меккеге қажылыққа барып келген.

Анамыз Гүлзада Құлжан қызы шиеттей балаларымен қалып, үлкені Гүлсара 18-де, кішісі Райхан 3,5 жаста еді, соларды оқытып, жеткізу арманымен бүкіл өмірін өткізді. Әкемінің дертіне өзі араша бола алмады-ау деген оймен, біздің дәрігер болуымызды қалады.

Ондағы басты ойы: бір біріне тәуелді болмай, құдай -тағала әркіміңе еншісін тең бөліп берсе екен. Сол анамыздың жүрекжарды тілегі орындалды ма деп ойлаймыз. Адалдық пен адамгершілікті басқа қасиеттерден жоғары қоятын анамыз сонымен қатар білімге, ғылымға, спортқа, музыкаға деген күштарлығымызды талап етіп, барлық баласын арнайы музыка мектебінде оқытты. Гүлсара Есенжан қызы 30 жылдан астам жоғары дәрежелі дәрігер-терапевт, Шар қаласында қызмет етеді. Гүлнара Есенжанқызы жоғары дәрежелі дәрігер-терапевт, Қазақ ССР-ның жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Денсаулық сақтау ісінің Үздігі белгісімен марапатталған, ұзақ жылдар Мақаншы аудандық медицина бірлестігінің бас дәрігері қызметін атқарған, 1995 жылдан бастап Семей қаласының орталық емханасының меңгерушісі. Нәйлә Есенжанқызы - әке жолын қуып Қазақ экономика болжау институтын үздік бітіріп, Семей әкімшілігінің жауапты қызметкері болып істейді. Мұхтар Есенжанұлы - Жоғарғы дәрежелі дәрігер-хирург, медицина ғылымының кандидаты, Қазақстан денсаулық сақтау ісінің Үздігі. Облыстық медицина бірлестігінің бас дәрігері. Америка Құрама Штаттарында, Германия, Япония, Израиль елдеріндегі дәрігерлік білім


дәрежесін нығайтатын мекемелерінде іс сапарлармен болған. Мұхтарғазы Есенжанұлы - жоғары дәрежелі дәрігер-хирург, көп жылдар Жезқазған облысының бас хирургі болған. «Енбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған, юстиция полковнигі, Әділет министрлігінде қызмет етеді. Марат Есенжанұлы - мұғалім, он жылдан астам Семей қаласының мектептерінде директор болып қызмет етіп, қазір партия жұмысын атқарып жүр. Кенжесі - Райхан Есенжан қызы - жоғарғы дәрежелі дәрігер-нефролог, медицина ғылымының кандидаты, Семей қаласындағы Бүйрек аурулары орталығының дәрігері, орталық емхананың бөлім меңгерушісі болып қызмет етті. Бүгінде Семей мемлекеттік медицина академиясының терапия кафедрасының ассистенті. Анамыз тек бізге ғана емес, ұстаз ретінде талай шәкірттерінің өміріне жолдама берген адам еді. Олардың ішінде үлкен табыстарға жеткен дәрігерлер (Д. Оспанова, Б. Туменова, Х. Жигитаев, А. Абылбеков, т.б., инженерлер (С. Нуртазин), басқару қызметінде (Ф. Нұрғалиева). Тәубәшіл, тағдырдың сан -түрлі тәлкегіне мойымай, қайратты бола білген адам, біздің де бойымызға сол қасиеттерді тәрбиеледі.

Немелерінің үлкені Ермек, Ербол Еркебұланұлы энергетика саласында қызмет етеді. Жанар Мейрамбекқызы Новосібір медицина академиясын үздік бітіріп, Сібір академиясының аспиранты, халықаралық медициналық конгресстің жеңімпазы. Әли Мейрамбекұлы - тіл маманы, армия қатарында Отанының жауынгері болып бүгінде жауапты қызмет атқарады. Рүстем Мұхтарұлы - Новосібір медициналық академиясын үздік бітіріп, хирургия мамандығына бел бұды. Шыңғыс Мұхтарұлы -Новосібір медицина академиясының 5 курс студенті. Салтанат (Райханның қызы) - Қазақ заң және құқық институтының үздік бітіріп, ішкі істер бөлімінде тергеуші болып жұмыс істейді. Айгерім (Гүлсараның қызы) - Семей мемлекеттік медициналық академиясының 3 курс студенті. Айзия, Айгуль, Гаухар, Айғаным, Ғани, Олжас, Дінмухамед - мектеп оқушылары. Асқар Маратұлы дүниеге жаңа келген нәресте.

Сонымен, «адам ұрпағымен жасайды» - деген қазақ атамздың сөзі дәл ғой. Әкеміз бен анамыздың тілегі дұрыс болып армандары орындалған сияқты. «Сендер аман болыңдар, садаған кетейін», -деп батасын беріп кетіп еді, -деп аяқтады сөзін.

Қазақтың ру-тайпалық құрылысы

Жазылып отырған Орта жүздің бір тармағы Найман шежіресіне әдебиет мағлұматтары, аңыздар мен ертегілер, болжамдар бойынша құрастырылған қазақтың ру-тайпалық құрылысы жөніндегі әр жүзге қатынасты қысқаша түсінік беретін бір бөлігін ұсынуды жөн көрдім.



С М А Ф Ү Л
(Араб халқы)

Қ О Ж А

Ш Ә М Ш І - А Х М Е Д

Ш А Й Х Ы - Б Ү З Ы Р Ы Қ

Қорасан Қожа
Қырық-Садақ
Диуана Қожа
Бақсайыс
Ак Қожа

Жүсіп Қожа
Сейіт Қожа
Түрікпен Қожа
Қылышты Қожа

Қожа Ахмед Яссауи
Арыстанбаб

Ұлан Қожа
Қосым Қожа
Құлтай Қожа

Құрбан Қожа

Жақып Қожа

Ә Н Н А С С А Х А Б А

М а л а т

О х а с т и н

Ғ а ж а т

С ы б а й

Әзбек
Ұйғыр
Тағауыз
Қашқар

Түрікпен
Балқар
Қарашай
Құмақ

Ноғай
Татар
Башқұрт

А л а ш

Жайылхан

Сейілхан

Қыпшақ
Хакас

Қ а з а қ

С у н а қ

Қ а р а қ а л п а қ

Қ ы р ғ ы з

Жұман

Могол

Ә Б І Л Х А Й Ы Р

А Қ А Р Ы С
(Ұлы жүз)

Б Е К А Р Ы С
(Орта жүз)

Ж А Н А Р Ы С
(Кіші жүз)

Қауға беріп
қойға қой

Қалам беріп
дауға қой

Найза беріп
жауға қой

Нөл

Жүзге кірмейтіндер: Қожа
Төре

Босаға П

Төленгіт
Кәлеген

Жебе ✕
Сунақ

Қ А Ң Л Ы

С І Р Г Е Л І

Ж А Л А Й Ы Р

С А Р Ы Ү Й С І Н

Ы С Т Ы

О Ш А Қ Т Ы

Ш А П Ы Р А Ш Т Ы

А Л Б А Н

С У А Н

Д У Л А Т

Ұ р а н ы: Қауға беріп қойға қой

Таңба: Нөл таңбасы.

А Р Ф Ы Н

Қ Ы П Ш А Қ

Н А Й М А Н

Қ О Ң Ы Р А Т

К Е Р Е Й

Т А Р А Қ Т Ы

У А Қ

Ұраны: Қалам беріп дауға қой

Таңба: Босаға таңбасы П

*Ұлы жүз шаруа еді қауға атқан,
Қан ұрттап кіші жүзді сауыт тапқан.
Орта жүзден үйренсе болар шіркін,
Шешендік, ділмөрлікті жсалын атқан, -
дейтін орта жүз осы.*

ӘЛІМ ҰЛЫ

Қарасақал
Қаракесек
Кете
Төртқара
Шөмекей
Шекті


БАЙ ҰЛЫ

Адай
Алтын
Жаппас
Алтыбас(алаша)
Байбақты
Масқар
Беріш
Таз
Есентемір
Ысық
Тана
Қызылкүрт
Шеркеш

ЖЕТІРУ

Кердері
Керейіт
Табын
Тама
Жағалбайлы
Телеу
Рамадан

|| Ұраны: Найза беріп жауға қой

|| Таңба: Жебе таңбасы 

Қазақтың ру-тайпалық құрылымына байланысты Қазақ шежіресі туралы 1911 жылы К.Бәтінұлы былай деп жазыпты:

Түрік нәсілінен «Алаш» есімді бар. Пәм балалары көп, бақытты бір адам Алаша ханның заманында мәшһүр адамдардан саналып тұрыпты. Сол заманнан қалған бір сөз бар: «Алаш, алаш болғанда, Алаша хан болғанда, танбасыз тай, енсіз кой болғанда» деген.

Алаштан екі бала туған – Сейілхан, Жөйілхан деген. Сейілханнан сегіз арыс Түрікмен, Жөйілханнан Майқы би, «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген бір сөз бар. Майқы биден Өзібек, Сыбиян. «Өзібек өз ағам, сарт садағам» деген сөз осыдан қалған. Сыбияннан Айырқалпақтан Қазақ, Созақ. Созақтан Қарақалпақ. Қазақтан үш бала туады: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Бұлардың әрқайсылары бай һәм мәшһүр адамдар болған. Нәсіл, несіптері көп болып, тап-табымен барып Қаратау деген жерге шәһәр болып бірнеше жыл отырыпты. Үлкеніне қараған елді «Ұлы жүз», ортаншысына қараған елді «Орта жүз», кішісіне қараған елді «Кіші жүз» деп атаған. Кәдімгі таудың арғы жүзі, бергі жүзі деген секілді. Мұнан біраз заман соң бұларға жеті жыл тұтас ашаршылық келген. Еңкейген көрі, еңбектеген жас өле бастаған соң бұлар бас қосып, ойланып, түс-тұсына бытырап күн көруге әуелде таудың оңтүстігінде өзінің отырған жағына Ұлы жүз, күншығыс жаққа Орта жүз, Кіші жүз өзінің отырған Күнбатыс жағына әрқайсысы өзінің туған-туысына кетіп күн көрмекші болып, жиылып, амандасып тараған. Бұл жиылып тұрған жерде бір өлеңші зарлық етіп, үш ауыз өлең айтқан. Сөзінің басы осы:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.
Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай бола ма тағы заман?!
Атадан үл, енеден қыз айрылды,
Көздің жасын қолдария ағызамын
Мына заман қай заман, қысқан заман,
Бакыт күсы басыңнан үшқан заман.
Топырақ пен аспаннан шаң борайды,
Қантардағы күн суық қыстан жаман.
Бізге қысым көрсеттің қатты құдай,
Қабырғама қара жер батты құдай.
Жаяу жүрсем табаным ауырады,
Тым болмаса бермедің атты құдай!

«Қаратау» деген өлеңді «Мен қазақ» деген заттың бәрінің білетін себебі осылайша дұрыс.

Ұлы жүз Ақарыстан екі бала: Үйсін, Дулат. Үйсіннен төрт бала: Шанышқылы, Қаңлы, Ошақты, Іргенекті. Дулаттан төрт бала: Ботбай, Шымыр, Сикым, Жаныс.

Орта жүз Жанарыстан жеті бала: Таракты, Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уак. Әр атаның баласы соңғыларын өздері білуге міндетті. Міне бұл жерде Қыпшақты жазамын. Жанарыстан Ақтымсопы, онан Мүйізді сары абыз, онан үш бала:Қара, Құла, Сары. Қараның әулеті Қарақыпшақ атанады. Сарының әулеті Қытай Қыпшақ атанадаы. Яғни қоныстары Қытай қолтығында болғандықтан. Құланың балалары Құланқыпшақ атанады. Жоғарғы айтылған Қарадан Құланды, онан Токтар, онан бес бала туады: Бұлтын, Торы, Ұзын, Қарабалық, Көлденен.

Кіші жүз Бекарыстан Алшын туады, онан Алау батыр, онан Құдуар тентек. Ақылын болса ала байтал соға шап деген нақыл осы кісіден қалған екен. Құдуардан екі бала: Қыдырқожа, лақабы «Бай», Қаракесек, Қыдырқожадан он екі бала Қыдырсиық, Бакытсиық, Сұлтансиық, Есентемір, Асық, Қызылкүрт, Масқар, Таздар, Алтын, Жаппас; Адай, Беріш

Қаракесектен Әлім, Шөмен, Кете, Ожырай, Әлімнен Төртқара, Шекті. Шөменнен Аспан, Бозғұл: Тека, Көнен. Кіші жүзге қосылатын жеті рулар: Жағалбайлы, Тілеу, Тама, Табын, Кердері, Керейт, Рамадан. Бұл алаштың барлық қазақтың атасы екендігінің куәсі. Бұрын қазақ бөтен халықпен біреуі «Алаш» деген ұранды шақырса, бәрі бірыңғай болып, тез жиылып, тілек қосып қалады екен. Бұл сөздер біздің бұрынғы кәрілерден естіген сөздер. Қазіргі хал білгенімізді жаздық. Мұнан артық білушілер болса, білгенін ішіне сақтамас, халыққа жазып білдірер деп үміт етеміз, депті.


Хандық дәуірдегі халықты басқарған хандар.

Гордиться славою своих предков не только можно, но и должно, не уважать оную есть постыдное малодушие.

А.С. Пушкин.

Моя судьба определена на генетическом уровне. И я доволен.

Шопа Валиханов.



Абылай хан (Абулмансур) 1711 г. - 1781 г.

Қырасеві (Қорқем) Уали

Қаншпер Абылай

Уали

Жантір (Сұлтан)

Аз Тауке

Қайып Сұлтанбег

Тауке (хан) Узын оқты Ондақ

Еңсегей бойлы Ерестем (хан)

Шығай (хан)

Қасым (хан) ум. 1523 г., Сак

Жалик

Аз-Жанібек (Абу Саид)

Барак

Қоңуруқ (хан)

Урус (хан)

Бадагул - оғлан

Ходжа (Қожа)

Уә - Тимур

Тукай - Тимур

Дрүчи (Жошы) хан ум. 1227 г.

Чингіс (Шынгыс) хан 1155 г. - 1227 г.

Самым могущественным из ханов XVIII в. был хан Абылай (1711-1781).

Академик В.В. Бартольд. Сочинения. Том V, стр. 224.

И ведь дворянин самой белой кости и потомок хана Абылай.

Чокан Валиханов из письма А.И. Майкову.

Боевой клич рода Чингисхана - «Аблай» и Знак - «Т».

Яшмовая алая «тама» - печать Чингис-хана.

Бог на небе. Ха-хан - Могущество Божье на Земле. Печать Византийского Человеческого.

Именно представители сословия торе заложили основы Казахского государства. Высшее сословие в казахском обществе представляли сultаны, т.е. потомки Чингисхана - Чингизиды. Они были самой влиятельной силой в казахском обществе.

Н.А. Натарбаев. В потоке истории. Алматы, 1999 г., стр. 209.

Родословная казахской ветви древо рода чингизидов.

сокращенный вариант, составленный Бекжановым С.Р.

Гордились, когда
сидели на
только в том, что
пожили в стране,
иногда, но не
всегда.

И у нас в стране
иногда в стране
иногда в стране.

Многие из нас
определили
идеологию, которую
мы должны
иметь.

Иногда мы
идем вперед,
иногда мы
идем назад.

Иногда мы
идем вперед,
иногда мы
идем назад.

Иногда мы
идем вперед,
иногда мы
идем назад.


Иногда мы
идем вперед,
иногда мы
идем назад.

Иногда мы
идем вперед,
иногда мы
идем назад.

Иногда мы
идем вперед,
иногда мы
идем назад.

Иногда мы
идем вперед,
иногда мы
идем назад.

Иногда мы
идем вперед,
иногда мы
идем назад.



Сначала мы хотим
сказать вам
о том, что
мы хотим.

Мы хотим сказать
вам о том, что
мы хотим.

Абдулла Умар
Мамункури

Аз-Жанибукалы Саид

- Кайрат
- Мамункури
- Бекмурзаев
- Хасан
- Мамункури
- Мамункури



Мамункури

Абылай (1711-1781)

Заманында күдіретті хан болған Абылай рулық шежіре тегі бойынша 22 жасында, жазба деректерде 20 жасында хан тағына отырыпты. Рулық шежіре тегі бойынша 70 жасқа қараған шағында, жазба деректерде 68 жасқа қараған шағында дүниеден өтіпті. Абылай хан туралы Азамат Алашұлы «Айқап» журналында Абылайдың өмір жолын былай деп жазыпты:

Атағы жер жарып шыққан Абылай XVII ғасырда дүниеге келіп, Көкшетау деген жерде қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрыпты. Кеше Кенесарының заманында Толыбайдың баласы Арыстан ақынның айтқанында бар:

Қылады мекережде байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жері,
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.

Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың аты-жөнін білуші кем. Себебі әр заманның уақиғасы өз тұсында жазыла келіп жиналған тарихымыз жоқтықтан, тілден тілге сөйленіп келуінше, қариялар Абылайдың ата-тегі туралы былайша дейді:

- Бір заманда Ақмаңғыт, Токмаңғыт деген ел келіп, қырық жылдай Бұқараны билеп тұрған Әбілфейіс ханды өлтіріп, Бұқараны шауып алған соң, Сүйініш хан деген Әбілфейістің бір баласы басшы болып туысқандары мен балаларын ертіп «Қарсығұзарға» қашып барып, көп сарттың бірі болып, бөз тоқып, затын жасырып жүріпті. Сол Сүйініш ханның бір баласы он екі жасар Абылай екен. Шын аты - Әбілмансұр. Жас та болса саналы Абылай «өз қорлықтан сарт қорлық, сарт қорлықтан жат қорлық» деп, Қарсығұзардан жаяу қашып шығып, Түркістандағы тұқымдасы Әбілмәмбет деген кісіге қызметкер болып тұрыпты. Онан қорланып, Үйсін Төлебидің түйесін бағады. Мұнда бой тоқтағып тұра алмай, Сарыарқаға келіп, Атығай Дәулеткелді байдың жылқысын бағыпты. Төре баласымын деуге арланып, затым сарт, атым Сабалақ дейді. Бір жерде тұрақтай алмай жүрген шағында Абылайдың жасы жиырмаға жетеді. Сол кезде қазақтың жылқысын түп көтере қара қалмақ Қатысыбан деген жау алады.

Қазақ «Алаш» деген ұран шақырып, басшылары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Көкжарлы Көкжал Барак, Шанышқылы Бердіқожа болып қалмаққа аттанады. Қайлалы қалмақ шеп құрып, айналасына қорған жасап, қақпасын түрлі жиһаз төгіп жайнатып, қыз-келіншек қойып, қызылға шапқан қазақтың батырларын ары жағында жасырынып жатып атқылап алдыртпайды. Неше күн жатып, сасық қамал болып, қалмақтан жылқысын айыра алмай, салы суға кетіп, батырлар қайтпақшы болады. Сонда Абылай жылқының соңынан қуып келген жылқышылардың бірі екен, қазақтың қайтарына көзі жетіп, топтан бөлініп оңаша шығып, атынан түсіп шүберек белбеуін құрығының басына байлап, қалмақтың қамалына «Абылай, Абылай!» деп ұран шақырып, жалғыз өзі кірген де кеткен. Бакыт жұлдызы жанайын деп тұрған шағы! Атқан оқ, шапқан қылыштан Алла сақтап, кірген жерін есік, шыққан жерін тесік

қылып, қалмақтың камалын бұзып, жылқыны дүркіретіп бастағанда, казактың батырлары да қайраттанып, қосыла шауып, қалмақты қызыл ала қан қылып, шаш етектен олжаға батып қайтады. Жауды жеңіп қоңілдері тынған соң, ақиық Найманның батырлары; «Кешеден бізден айтылмаған аруак, шақырылмаған ұран қалған жоқ еді, сонын бәрі де іске жарамай, мынау бір заты-тегі белгісіз бала бәрімізден бақыты үстем, аруағы күшті болып, жауымыздан кек әперді, бұрынғының сөзі бар еді: «Қой асығы деме. қолайыңа жақса, сақа қой» деген, кел осыны хан көтерелік! деп, «Әу» десіп Атығай Есенаман бидің іргесіне алып келіп, ақ отау көтеріп, Атығай, Қарауылдан алты қатын алып беріп, хан көтерген екен. Арыстан ақынның Кене ханға бір сөздің ретінде тағы да бір айтқаны бар:

Кене хан, жақсы көрсең қарашыңмын,

Жек көрсең де өзіңнің алашыңмын.

Атаңа алты қатын алып берген,

Атығай, Қарауылдың баласымын.

Ол заманда бұл күнгідегідей емес, казактың тентегірек кезі. Орыс төрелері Абылай ханға сый жіберіп, «жұртыңды бізге дау қылма» деп тұрады екен.

Бұл туралы сол кездегі бір ақынның айтқаны бар:

Абылайдың атасы «Әбілфейіс»

Хан баласы төсенбес етке киіз.

Аузы түкті жау жұрттан алым алып,

Абылайға шықты ма екен екі мүйіз.

Алматы, Аяғөзге саудагерлер шығару үшін хукімет-патшалық жол сұрағанда Абылай хан Сарыарқаны бастырмаймын деп, Иманқұстан шығып, Ертіс жағалап Семейге шейін баратын жолды беріпті. Бұл күнгі Ертістің сол жағасындағы көлденең кара жолдың «Абылай жолы» деп аталуы сол. Қазак пен орыс керек жарағын алысып, сауда қылып тарқайтын жәрменкеге жер сұрағанда, Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен. Бұл Қызылжар Атығай Дәулеткелді байдың қыстауы болғанда, жерімді орысқа алып берді деп Абылайға өкпелеп, Жиделібайсынға көшіп кетіпті. Қызылжарда «Абылайдың ақ үйі» деген сонан қалған белгі.

Хан Абылайдың оң жағынан Ай, сол жағынан Күн туып, сүйегіне хандық өбден сіңіп, жұртын билеп тұрған шағында заманындағы бір жыршының айтқаны:

- Әй, Абылай!

Сен мен көргенде,

Тұрымтайдай ұл едің,

Түркістанда жүр едің.

Әбілмәмбет деген кісіге

Қызметкер болып түр едің.

Үйсін, Төле билердің,

Түйесін баққан құл едің.

Сен жиырмаға жеткенде

Ақ сұңқар күстай түледің.

Алыстан тоят тіледің

Қылышыңды тасқа біледің

Алмаған жауың қоймадың

Алсаңдағы тоймадың.

Ақтан болды күніңіз,

Арысы мен күрсіге

Тайталасты үніңіз.

Өзін болған күнінде

Бір көшеге сыймайды,

Азат еткен құлыңыз.

Абылай жасы ұлғайып келген шағында, ата жұртым Бұқараны аламын деп, үш жүздің атакты батырларын жиып аттанады. Ешкімнен бетім қайтпай келіп, Түркістанға өзінің бір баласын, Шымкентке Ғабділрахан деген сартты һәм Ташкентке Мырзахмет деген сартты әкім (хакім) қойып, Самарханға қарай жүрді. Абылай хан Самархан шәһәрінің бейітіндегі жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңіне қасындағы түс жоритын қариясына жорытады.

- Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп, шөгіп жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп, таң қалып қарап едім, өлгі жолбарыс аю болып кетті, жана жолбарыс еді ғой қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таң қалып жатқанымда оянып кеттім, - дейді. Сонда қария: - Жолбарыс көрсен басыннан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шағында: «Абылай хан сарттан өліпті» деген атқа ұшырамай, қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны сенен соңғы балаларыңның заманы аю болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны: немереннің заманында қасқырдай жортып өтер. Түлкі болғаны: Шөбереңнің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны: онан кейінгі заманда қорқып өтер, - деген екен. Қарияның сөзіне құлақ қойып, Абылай хан Самархан шәһәріне елші жібереді:

- Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын, - деп. Бұл хабарға Самархан халқы да қуанып, Абылай ханды қарсы алады. Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самархан көк тасынан тас қаздыртқанда шыққан тасты Самархан жұрты: Бұл тас сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ, - сүйінші сұраған екен. (Сол тасқа: Абылай хан мен Сүйінші хан» деп жазылып, опат болғаннан кейін басына қойылды.) Осы жолынан қайтып, Ташкентке келіп, Мырзахметтің қызын алады. «Өзім соңырақ қайтамын, өзір ұрыс соғыс жоқ, есен күндеріңізде елдеріңізге барыңыздар», - деп қасындағы Орта жүз бен Кіші жүздің батырларына рұхсат беріп қайтарып жіберіпті. Ташкентте үш ай жатып, Арқаға қайтуға қасына біраз Төленгіттер мен Үйсін Дулаттың басты кісілерін ертіп шығады. Мұны Шымкенттегі Абдрахман сарт естіп, Абылай ханға іштерінен кек сақтап жүрген көрші шәһәрлердегі сарттарға хабар жіберіп жинап, Абылайды қамап алады. Ханның қасындағы төленгіттерінің көбін қырып, өзіне қол тигізуге істің соны неге соғарына көздері жете алмай, бата алмайды. Сонда Абылай Қайарыс деген жерде бір төбенің басына шығып:

- Қайран Орта жүз бен Кіші жүздің батырлары қасымда болса, бұл қорлықты көрмес едім-ау! – деп бармағын шайнаған екен. Сол күні Арыстың бойында ғаламға аты шыққан Абылай хан бір қорғанға түсіп, ауырмай сырқамай 68 жасында опат болған. Найзадан тең жасап, сүйегін Түркістан шәһәріне әкеліп қойыпты.

Абылай ханның он жеті катыны, отыз ұлы болған. Солардың ішінде «Абылайлап» жауға шапқаны қалмақтың ханы Қалдансереннен тартуға келген Топыш ханымнан туған Қасым төренің балалары – кешегі даңқты

Кенесары хан мен ер Наурызбай. Бұлардан басқа хан қаны қайнап өз еркіменен басқаларға қолдан тізгін бермеске тырысқан Абылайдың немересі Абайділда Сұлтанұлы хан – ұғылы. Жанақ ақынның өлеңі бар:

– Абайділда, Аббастың елін жайлап,

Бес жорғасын өлтірдім кісе байлап.

Ханнан алған сұлуым өліп қалып,

Қара кекпен келемін сорым қайнап.

Сол Абділда Көкшетауға дуан салдырмаймын, ешкімге бағынбаймын деп қарсылық қылғаны үшін ұсталып, сегіз жыл итжеккенге айдалып қайтып келгенде Орынбай ақын айтқан екен:

Хан Абылай өтіп кетті–ау кеше жүрген,

Үш жүздің баласына олжа берген.

Сегіз жыл итжеккенге өрмен кетіп,

Ханымыз Абайділда қайта келген.

Биылғы қатты болды–ау қыстың жұты,

Бес тенге Қызылжарда ұнның пұты.

Орта жүз ырысын бар ел екенсін,

Хан келді Абайділда елдің құты.

Абылай ханның жоғарыда айтылған көп балаларының һәм олардың тұқымдарының аттары белгілі болса да, әрқайсысының Кенесары, Абайділдалар сияқты қазаққа жұмсаған күш – өнерлерін естімегендіктен құр аттарын жазбаймын. Абылай ханның шөберелері заманымыздағы, кешегі марқұм генерал Ұбайдолла Шыңғысхановтар менен бұл күнде советник Ешмұхамет төре Абылайхановтар. Бұларға қазақ жұртының өкпелемейтіні осы күнгі тар заманда білім, дәрежелері бола тұрып, байырғы аталары өрге сүйреген жұртына басшылық қылып, пайдаларын тигізбейді дегеннен басқа болмаса керек, – депті.

Шежіре шыңыраудан сыр шертеді

Тасқа басылған тарихын, қаттаулы тұрған архивін болмаса да, әр халықтың өз тегін, қайдан шыққанын білуге деген күштарлығы, өзінің түп тамырын тереннен тартқысы келетіні – тым әріден келе жатқан ұмтылыс.

Ру тайпаларының өрбуін ұрпақтан ұрпаққа ұластырып, жеткізіп тұратын шежіре тарқату салты мәдениетті елдердің бөрінде бар.

Шежіренің көп томдық жинақтары Ресей, Германия, Англия, Франция және көптеген шығыс елдерінде арнайы жарияланып келеді.

Бұл мәселеде орыс халқынан көп нәрсе үйренуге болады. Орыс ғалымдары Пушкиннің, Лермонтовтың сонау ертедегі ата –бабаларынан бүгінге шейінгі үрім-бұтақтарын зерттеп, үлкен шежіре жасады. Бұл шежіреден әр атаның не кәсіппен шұғылданып, қалай өмір сүргені туралы толық мағлұмат алуға болады. Мұның тәрбие үшін де маңызы зор.

Біздіңше жеті атасын білгеннің зияны жоқ. Тек ол басқа адам мүддесіне, қоғам мүддесіне қайшы келмесін дейік.

Шежіреге ерекше көңіл бөлетіндердің бірі – біздің халқымыз. Бірақ бір өкініштісі жазу-сызуымыздың көп уақыт бойы кенже қалып келуі

салдарынан қазақ руларының шежіресі ұрпақтан ұрпаққа негізінен ауызша алмасып жетіп отырған.

Мысал ретінде осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ шежіресін жазған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. “Оқуға сенген ұмытшак” деп оқуды керек қылмаған. “Жазуға сенген жаңылшак” деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған депті.

Сол сияқты бұл шежірені жазарда басшылыққа алғанымыз ел аузындағы аңыз бен құйма құлақ, шежіре кеуде, көнекөз жергілікті қариялардың ғасырдан-ғасыр өткен тарихты жадында сақтап; кейбір жазба деректерді “көздің ағы мен қарасындай” сарғайған сандықта сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған көнекөз қариялардың еңбегі десе болады.

Кезінде бабаларымыз:

Жеті атасын білген ұл,

Жеті жұрттың камын жер.

Өзін ғана білген үл

Құлағы мен жағын жер – деп бағалапты ғой.

Мұның астарында жеті атаға толмай қыз алыспау, ұрпағының таза қанды болып өсуін ойлағандық жатыр емес пе?

Екіншіден жақын жуығын танып білу арқылы үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету сияқты имандылық тәрбиенің тағылымы жатыр. Ой, жарықтықтар-ай, перзенті үшін қалай қам жеген десенізіші!

Өзін өмір кешкен тарихи жолын танып білуге деген құштарлық – қазақ елінің есте жоқ ескі заманнан бермен қарай ес біліп, етек жапқан баласына дейін жеті атасын білдіру дәстүрде тұрақты құбылысқа айналуы жай нәрсе болмаса керек-ті. Жеті атадан арғы ата тегін қуалап, үлкен тайпалық одақтарға дейінгі аралықтағы нешеме түрлі тарихи сапырылыстарда орын алған өңгіме-аңыздарды әр ауыл ақсақалдары, яғни тарихтың тірі архивтері, өз өлініше танытып, таратып отыру салты бізде мықтап орныққан тағылымды дәстүріміз.

Шежіре жазудағы негізгі мақсат – елдің өзін тануы, халықтың тұтастық сипатын айғақтау, тарихи бірлігін негіздеу, “жеті атасын білген ер, жеті жұрттың камын жер” дегендей, жеті жұрты бүкіл Алаш баласы. Сондықтан да ата білмек парыз саналған. Бар қазақ – бір кісінің баласы! Біздің бабаларымыз бөлшекке емес, бірлікке сенген, бөтендікке емес, туыстыққа бас ұрған. Олай болса елді, қала берді әр адамның арасындағы дәнекерлік байланысты тереңірек білу үшін қажет.

Шежіре халықтың тарихы, ал тарихы жоқ халық өркендемейді.

Дүниеден өтсе данышпан,

Сан жүйрікпен қағысқан.

Жинақтар ешкім болмаса,

Артында қалған сөз жетім – деп Ақтайлақ би айтқандай. шежіреде осы өмірдің халқы үшін адал қызмет еткен. артында аталы сөз қалдырған. ел бірлігін сақтаған билер. елін жаудан қорғаған батырлар. акын-жыршылар, ел басқарған даналар, халық бірлігін, тұтастығын ту еткен, ел ынтымағының рухани көзі, халық тарихының ел ішінде жинақталған рухани қайнары деп ұғыну керек.

Сен келген жоксын өмірге,
Тек қана ішіп жеу үшін.
Келмеп пе ең мына өмірге,
Сен де бір нәрсе деу үшін
Айта алмай кетпе, айтып кет,

Айта алмайсың қайтып кеп – деп Асқар Тоқмағанбетов айтқандай, қазіргі кезде нақты шежірені білетін адамдар бұл өмірде жоқ. Алайда осы дүниеден өткен көнекөз қариялардың артта қалған там-түм жазба шежірелері, жергілікті халықтың ғасырлар бойы жинақтаған мәдени мұрасы жойылып кетпесін деген мақсатта баспаға жарық көрсетіп айтып кетуді жөн көрдім.

Шежіре тарихында не болмайды, бәрі де болады. Өйткені ол ұзақ өмір ғой. Мықты жері де, осал тұстары да болуы мүмкін. Алайда, екі жағын да ой елегінен өткізе келе, келешекте бір кәдеге жарар деген мақсатта жазылып отыр.

Бұл шежіреде Ансабай Қылышбайұлының, Қонақ Тергемесұлының, Нәкей Омарұлының, т.б. шежірешілердің сақталған шежіре нұсқаларына сүйене отырып, соларды оқып салыстырып, өз білетіндерімізді қосып, осы нұсқаны ұсынып отырмыз.

Егер бұл халық көдесіне жараса, шежірешілер аруағы риза болар деп ойлаймын.

Былай барсаң Найманым,
Құлашты кең жайғаным.
Риза қылмай жібермес,
Үйге келген мейманың.
Найманымнан қозғасаң,

Пана болмас жиғаның – деп Сүйінбай Аронұлы (1815-1898 жылдар, 83 жасында дүние салған) айтқандай Орта жүздің алты арыс аталатын руларының бірі – Найман.

Найман

Шежірелердің барлық нұсқасында да Найманның жас кезінде қол бастаған батыр, ержүрек жауынгер болғаны айтылады.

Ұғылама Қадырдың шежіресінде: Найман Бұхардан оқыған молла, ғалым адам болған. Киімді аяқтан қиетін, атты қыланнан мінетін. өзі де әнші. өнді соңы адам болған. Содан Ақсопы атанған. Кейбір шежірешілер Найманның әкесі Ақсопы болған деп жүр. Ол қате, жалған сөз. Найман – Ақсопы деген бір-ақ сөз, бір-ақ адам деп келтірілті.

Бағы өрлеп, дәурені жүріп тұрған кезде, ешкім де оның маңайын баса алмайды. Қайта төңіректегі жауларына Найманның тізесі батынкырап жүреді. Алайда уақыт бір орнында тұрмайды. Найманға да қартайып, қайрат кайтып, шау тартқан шақ туады. Айналада аңдыған жауларына ла осындай сәтті күткен екен. Бір күні әлгілер қалың қолмен келіп, Найманның елін шабады. Қысқасы дұшпанның өшіккені сонша, сол елде еркек кіндік қалдырмай, бесіктегі балаға дейін найзаға шаншып, харап қылады. Өшіккен жаулары Найманға қандай жаза бұйырамыз деген де, іштерінде жер тауысқан бір сүм бар екен, сол тұрып: “Дүннеде ұрпақсыз қалудан үлкен ауыр жаза жоқ. Бәлем, қартайғанда кубас атанып, қалған өмірі қорлықта өтсін” деп еркек атаулыдан сексен бестегі, кей шежіреде тоқсандағы Найманның өзін тірі қалдырған екен.

Сол қырғында Найманның былтыр ғана үйленген кенже ұлы Токпан, кей шежіреде Тұраш та оққа ұшып, артына перзент қалдырмаған күйі көз жұмыпты. Артта қалған ел-жұрт пен қорғансыз қарттың ендігі ауырпалығы Токпанның жесір қалған келіншегі Ақсұлуға (шежірелерде ол кейде Әлпеш болып та аталады) түседі. Бірақ зерделі, есті келінге өзінің жесірлігі емес, өзі келін болып түскен әулеттің ұрпақсыз, тұқымсыз қалғаны қатты батады. Ауылда ұрық жалғап, ұрпақ сүйдіре алатын бір ғана еркек бар. Ол сексеннен асқан атасы - Найман шал. Ақсұлу амал жоқ, бар үмітін атасына артып, енді қарт батырдың басқан ізін аңдиды. Бір күні атасының түзге отырған орнына барып қараса, құмдауыт жер ойылып, дәреті көліріп жатыр екен. “А, құдай, бірдене берерсің! Атамның бойында әлі де бір перзенттік қуат бар екен” деп түйеді ақылды Ақсұлу. Келіні сол күннен бастап, атасын ерекше күтімге алады. Қара қойдың сорпасын, қулық биенің қымызын ішкізеді. Найман шалдың қайғысына ортақтасар жақыны Арғын ғана. Өйткені сол күнге дейін алты арысты екі-екіден: Арғын-Найман, Керей-Уақ, Қоңырат-Қыпшақ дейді. Шежіренің айтуы рас болса, Орта жүз деп айтылатын Бекарыстан – Келімбет, Мұнан – Көсем. Көсемнен – Сарманай. Сарманайдың бәйбішесінен Ақсопы, Бексопы, Қарақожа туады. Кіші әйелінен Қоянбай, Жарғақ туады. Жарғақтан ұрпақ жоқ. Қоянбайдан – Керей-Уақ, Бексопыдан – Қоңырат, Қыпшақ, Қарақожаның бәйбішесінен – Арғын, Таракты, кіші әйелінен Тобықты. Ақсопыдан – Найман, Наймантай деп атайды. Найманның жағдайы анау болғанда, Арғын алты ауыл ел еді дейді. Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаржас, Балтақожа. Осы алты ұлы бар алты ауыл бұған дәлел. “Арғын алты ауыл болғанда, Найман бір-ақ ауыл” дейтін сөз бертінге дейін айтылып жүретіні анық.

Сол уақыттың Менсі деген жырауы құран оқи келіп, Найманға мынадай жұбату айтыпты:

Найман шал, не көрмедін, бәрін көрдің,

Құдайдың аямайтын көрін көрдің.

Балаңды алып, өзіңе дайындаған

Қазулы көр, көметін жарын көрдің.

Қарасаң айналана малдан басқа,

Жылаған жесір келін зарын көрдің.

Өмірдің түстік болса, кештік мал жый,
Әлі талай жүресін олмей, алжи.
Бер-дағы малды аямай, бір сұлу ал,
Қасында сол сұлудың жат та шалжи.
Бүгін алған құдайың бесін берер,
Талабы жоқ жалқауға несін берер.
Жас шыбыққа бермей ме егіз лак,
Берем десе бай құдай өсім берер.

“Қырықтың бірі – қыдыр, мынның бірі – уәлі” деп жолдасы өлгелі келген мыңдаған адамдардың ішінен мына бір сөз (жыраудың сөзі) Әлпешке ой салады. Сол кезде Найман мен немере туыс Арғынның Тұраш тұстас баласы Әлпешке сөз сала бастайды. “Ағасы өлсе, інісі мирас, інісі өлсе аға мирас” деген, өзі тандап, бірімізді атасын дейді. Тұраштың жылы өтпей жатып мына сөзді айтып отырған әменгерлері құтқармасын сезінеді. Жакыннан жақсылық табылмасын білген соң, енді ұзағынан үміт күтеді.

Әлпештің төркіні Үйсіннің белді биі екен. Әлпеш әкесін шақырып алып, атасына ақыл салады. Туыстарынан жақсылық жоқ екенін сездіреді. Малды аямай беріп әйел алсын дейді. Құдасы мен Әлпештің мына ақылына Найман разы болып, құдасына мен кімге барып сойлесе алам, бастаған ісінді аяғына дейін өзің басқар дейді. Әлпеш малды аямай беріп, өзінің немере сіңілілерінің бірін атасына айттырып береді. (Ол қыздың аты шежірелерде бірде Токсұлу, бірде Дәмеш, бірде Тұрымтай) өзінің жасы кіші болса да, оған “Қыз еней” деп ат қояды. Атасымен екеуін бөлек отауға шығарады да, жас келіншекке “Алты күн бойы атамның арқасын күшактап жатсаң болғаны, құдай өзі жарылқайды” деп тапсырады. Ал өзі мойнына бұршақ салып, ауылды айналып, тәңірден тілек тілеп жүреді. Әлпештің мына қылығы елге ерекше болып көрінеді.

Қызеней жүкті болып, айы күні жақындаған сайын Әлпеш те асыға күтеді. Бар арманы атасынан бір ұл туса, мұрагер деп аталар еді. Қызенейдің ішіндегі бала қыз боп туса, онда қызды мұрагер деп есептемейді. Қыз ер жеткен соң, ол басқа бір елдің адамы дейді. Қазақтың бұрынғы ұстап келген жолы – күйеуінен өлі не тірі айырылған жесір әйел басындағы үйі мен мал мүлкіне иелік ете алмаған. Өзінің басына да бостандық бермеген. Жақын туысы болмаса, “Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді” деп, сол елдің бір еркегіне неке оқытып, басы байлаулы әйелі етіп береді. Ал енді Қызенейден қыз бала туса, Әлпешке оның ешқандай көмегі жоқ, бәрі бір Әлпештің басы базарға салынғаны. Әлпешке берілген еркіндік – қайнаға, қайын інілерінің бірін таңдау ғана. Оған көнбесе, күйеуінің жылын берген соң, еріксіз біреуге неке оқып тигізеді. Қызеней ұл тапса, Әлпештің алыстан күткен арманы орындалғаны. Ата баласы Найманның қара шаңырағына да сол ие. Әлпештің күйеуі Тұраштың өзімен бір әкеден туғандықтан, ата баласы деп үлкен орын ұстайды. Женгесі Әлпешке де не, “ағасы өлсе іні мирас” деген негізгі жол бойынша енді немерелестерге жол жоқ.

Осы кезде Тұраштың қайтыс болғанына да бір жыл толып, асы беріледі. Жақын-жуықтар жыйналып, тұлалаулы жүкті қайтадан түзен жинап,

Әйелдің үстіндегі тұл киімдерді тастатып, басынан бүркеуін алып, әйелдер ақырғы рет көрісіп, ұлы әжелер ақыл айтып, “Әйел – қырық шырақты деген. Бетіңнің нұры ашылсын, алдынан шашу шашылсын” деп баталарын береді. Сыртқы белдеуге тігінен қыстырылған ұзын сырық ағаштын басына байланған кара жалау болады. Бұл – кісісі өлген тұлдаулы үйдің белгісі. Мұны корген сырт жолаушылар да біледі. Қазақтың мәтелі “Қарыны ашқан қаралы үйге шабады” дейтіні содан. Бейтаныс адамдар келіп көңіл айтып, құран оқып, тамақтанып қайтады. Осы жалауды атқа мініп келіп, азаматтар сындырады. Тұлданған үй осымен аяқталады.

Астың аяқталуымен көп ұзамай, ақыры кемеңгер келіннің зар тілегі қабыл болып, сонымен не керек, арада тоғыз ай, тоғыз күн өткенде, Қызеней шекесі торсықтай ұл табады. Баланың атын бір әулеттен қалған белгі ғой деп Белгібай қояды. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, мына бір өлең күні бүгінге дейін үзілмей келеді.

Баланың атын қойды Белгібай деп,
Атамнан туып, қалған белгі ғой деп.
Баланы Әлпеш ана өзі асырады,
Бір күдай тілегімді берді ғой деп.
Найманның Белгібайы ер жетіпті,
Баланы қайным ғой деп Әлпеш күтті.
Бала әбден балиғатқа толған кезде,
Өзіне Әлпеш ана неке оқытты.
Бола ма ұмытуға ана қақын
Иманға жақсы әйел болар жақын.
Әлпештің көңіліне салған күдай,
Осылай жоғалтпасқа Найман атын.
Баласыз кеттім деген Найман бабам,
Ұрпақты осындайлық қылған артын.

Белгібай екі жасқа келгенде, Найман қайтыс болады. Қызеней екіқабат қалады және бір ұл туады. Мұның атын Белгібайға серік болсын деп Серікбай қояды. Серікбай жасында қайтыс болып, одан ұрпақ болмаған. Әлпешті қарамағына түсіре алмаған ағайын-күндестер енді Қызенейді торуылдай бастайды. Мұны сезінген Әлпеш ана тағы бір шешімге келеді. “Қайырымы жоқ ағайыннан жат жақсы” деп, жақсылықты жаттан күтеді. Қызенейден айырылмаудың жолын ойлап, оған да ақыл табады. Қазақ жерін жоңғарлардан азат етуге қатынасып, Шыңғыстау елінде жүрген екі батырдың бірі Елатаң дегенге астыртын кісі салып сөйлесіп, ақылға көндіріп, Қызенейді некелеп. Елатанды қолына кіргізіп алады. Ағайын күндес тіпті қаулайды. Елатан айтса айтқандай, батыр адам болып, ауыл арасына дес бермейді. Астында өзінің байырғы жүйрік қоңыр аты болады екен. Найман шалдың орнын басқан қоңыр атты Найман деп, Елатан атын жоғалтады.

Қоңырат елі жайлы кейбір шежірелерде Наймандарға монғол шапқыншылығы кезінде бөлініп, Алтайды мекендеген Найманның бір тармағы екен деп көрсетілген. Алтайда жер дауы бола бергеннен кейін, үш

жүз қоныр ат жегілген қолікпен Өзбекстанмен шекаралас аудандарға қоныс тепкен Наймандар еді деп отыратын дейді Жоламан ақсақал.

Өзбектердің казактарды өзбектер деп жазғызып жүрген казактары осы қоңыраттар деседі.

Ал кейбір шежірелерде Елатанды Найманның жиені екені деп те атайды. Әлпештің “ағайыннан жат жақсы” дегенімен Елатанның арғы түп қазығы Найманда жатқанын мегзейді. Ал Елатанның шежірелерде жазылуына карағанда Найманға жақын болуы шындыққа жанасады.

Осымен Белгібай он бес жасында отыз бес жастағы жеңгесі Әлпешке үйленеді. Әлпеш ана жүкті болып үл табады. Күйініштің арты қайырлы болды деп баланың атын Сүйініш қояды. Белгібайдың құрбылары “Атан Найман екінші баласы Серікбай бітерде төсегінде қайтыс болыпты деп Найманға “өкіреш шал” деген қалжың жапсыратын”. Тіпті солай-ақ болсын. Бұған намыстанудың түкке керегі жоқ. Одан Найман шалдың мәртебесі титтей де кемімейді. Қайта сексен жасында ұрпақ үшін бойдағы бар қуатын сарқып беріп, сол жолда өліп кетуі тендесі жоқ ерліктей.

Енді Әлпешке үйленгелі күйеуі ме, баласы ма деп мазақтайтын болған. Әлпеш ана бұған да қарсы өзінің немерелес ағасының қызы атақты Ақсұлуды алып береді. Бұдан бір үл туады. Тілегімнің бәрі орындалды, бұған да шүкір деп, туған ұлдың атын Шүкірші қояды. Әлпеш қайтыс болған соң, Белгібай үшінші әйел алады. Бұдан Бағаналы, Балталы, Келбұғы, Кетбұғы деген төрт бала болады. (“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырында айтылатын: Балталы, Бағаналы елден келдім, Бақалы балдырғанды көлден келдім” дейтін жыр жолдарындағы Балталы, Бағаналы осы болғаны ма?)

Кейбір шежіре деректерінде Найман бабаның немересі Кетбұға (1185-1260 жж) Жошы хан тұсында Дешті Қыпшақтың ұлығ-биі, Түмен нояны, ұлы Абыз болған. Ол монғол әскерін бастап қазіргі Палестина жеріне барады. Сол жерде Бейбарыс сұлтанның мамлүктерімен болған шайкаста жеңіліп, Кетбұға қаза табады. Кетбұға – тарихта белгілі адам. Ол «Ақсақ құлан», «Нар идірген», «Жошы хан», тағы басқа күйлерді шығарған композитор деп жазылыпты.

Ілгеріде айтылған Елатаннан бір үл туады. Мұның атын Қоңыратты Найман атандырып, әкесі Елатан өлген соң Қоңыратты Найман деген атқа баласы ие болады.

Осының бәрін айта келе, жоғарыдағы оқиғалар тұрғысынан алғанда, ұрпақ үшін еңбек еткен Әлпеш әжеміздің шоқтығы биік тұрғанын атап айтуымыз керек. Бұл жерде айтар алғыс та, мадақ жыры да қазақтың сол кемеңгер қызына – Анаға.

Енді Найманмен бірге туған Наймантай деген інісі жау қолында кеткенін айттық. Мұны іздеп алатын жақыны жоқтықтан сол бетінде кете берген. Көп адамдар іздеп барып тиісті жол жоралғысымен мал төлеп жақындарын тауып әкеліп жатқанын көріп, Найманның балалары да ақылдасып, Наймантайды іздеп, Хиуа ханының бір шаһарынан табады. Наймантай өліп екі жас баласы бір байдың қолында қалған екен. Сол кездегі салт бойынша қолға түскен батыр болса, бұған төлейтіні он жуан қара: бесеуі түйе, бесеуі жылқы.

Осыдан кұлдай ең азы жыақынын кұнапы, түйенің екі жасар тайлағы болады. Біріне кокжал донен, біріне бұыршың беріп, екі баланы алып келеді. Туыстары қосылғанға той жасап, бауырларына қайта ат қояды.

Сонымен кокжал донен бергені үшін бірінің атын Кокжалды деп қойыпты. Бұл жүре келе Кокжарлы атаныпты. Екінші біреуін Бура деп қойыпты. Осымен Найманның немерелері: 1)Әлпештен туған Сүйініш; 2)Ақсұлдан туған Шүкірші. Белгібайдың үшінші әйелінен туған Келбұғы. Кетбұғы. Бағаналы. Балталы. Бұл алтауы – Белгібайдың үш әйелінен. Қызенейді алған Елатаннан туған Қоңыратты деген баламен жетеу. Кокжарлымен сегіз, Бурамен тоғыз болады. Осы тоғызы енші бөліседі. Тоғыздың үлкені Сүйініш ағалық жолмен төрт түлік малды толық жинатып, енші үлестіреді. Бұлардың ені, таңбасы басқа-басқа болып өте өділетті болінгеніне разы болған інілері өздеріне тиген малдан ағасы Сүйінішке мал қосып береді. “Аға болсан да бізге атамыздың орнында міндет атқардың, сондықтан сіздің өншіңіз біздікінен көп болу керек”, - дейді. Енді Сүйініш өзіне тиген малы бар және белгі салынған інілерінің сыйлап берген малы бар, сондықтан таңбаны теріс жағынан басады. Басқа ел таңбаны теріс жағынан басқанын өрескел көріп, теріс таңбалы Найман атандырып, Сүйініш аты аталмай қалады. “Тоғыз таңбалы Найманбыз” деген себеп осыдан. Бұл тоғызы ел болып аста, тойда не ел мен ел арасы егер болғанда ұран шақыратыны бар. Сонда бұлар “Найман шал” деп ұран шақырады. Қоңыр атымен келген Елатанның баласы Найманның бірі болыпты деп, “Елатан елге тенелді, ешкі қойға тенелді” деген мәтел айтылады.

Теріс таңбалыны тоғыздың нокта ағасы деп атайды. Ертеде Керейдің Әлиман ақыны мен Теріс таңбалының Сәбит деген ақыны ел мақтасып айтысады. Сонда Сәбиттің айтқаны:

Найманым тоғыз таңба, тоғыз арыс,
Әлиман әлің білмей қылдың шалыс.
Тоғыздың нокта ағасы Теріс таңбалы,
Ұрқынандар шығып, асқан бағы.
Тоғыздан тоқсан тарау сөз бастасам,
Шаңымды шала алмассың шапсаң-дағы.
Тоғыздың біреуі еді Төлегетай
Таралған төрт тарап боп төңірек сай.
Бар Керей он екі абак тең бола ма
Сегізім басқа Найман тұрсын былай, - дейді.

Керейдің ақыны Әлиманның бұған қарсы айтқаны: Керейім он екі абак дей келіп (өзі Абактың Қарақас деген руынан екен):

Абактың бір баласы Қарақасың,
Сөзімнің көрсетейін тамашасың.
Жәдігім, Жәнтекей мен Шерушінің
Бағының қай жеріне таласасың?
Кім келіп кім кетпеген орғасына.
Душпанның қоймаушы еді болмасына
Кешегі қан Көгедей Сұлтан ажы.

Сүйікті патша болған жолдасына,
Күт Сәмен, Жабағының асқан бағы,
Олардың оңған емес басқан шағы,
Оңына жұлдызымның кез болыпсың,
Оғымнан құтылмайсың қашсаңдағы,
Кеуденді Наймансынып көп көтерме,
Абактан артылмайтын ассандағы. - деп тоқтайды.

Тоғыз таңбалы Найманның, демек тоғыз баланың үлкені – Сүйініш. Теріс таңбалы атанып, бұл рудың көп заманнан қоныс тепкен мекені Өскемен облысының Ұлан ауданы. Белгібайдың екінші әйелі Ақсұлудан туған Шүкірші. Бұдан Сармырза жалғыз. Сармырзадан Төлегетай жалғыз. Төлегетайдан Қытай бай жалғыз. (Осылай үш ата жалғыз-жалғыздан болғандықтан, Төлегетай бабамыз немерелерім көп болсын деп баласының атын Қытай қойған екен деген аңыз бар). Қытайдан төрт бала туады: Үлкені Дортуыл, екіншісі Қаракерей, үшіншісі Матай, төртіншісі Садыр. Қытай балаларының жас кезінде бір соғыста оққа ұшады да, қайтыс болып, төрт бала үлкен атасы Төлегетай тәрбиесінде ер жетеді. Олар күні бүгінге дейін төрт Төлегетаймыз дейді. Мына бірнеше шумақ өлең содан бері үзілмей ел аузында айтылып келеді.

Найманның шөбересі Төлегетай
Айтады туады деп одан Қытай.
Қытайдың төрт баласы деп айтады,
Дортуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.
Жасында Қытай мырза дүние салып,
Білмеген балалары атын атай,
Төрт бала үлкен ата қолында өсіп
Атанған сол себепті төрт Төлегетай.
Төрт ұлы Төлегетайдың түс көріпті,
Әртүрлі түстерінде іс көріпті.
Алдына атасының кеп отырып,
Теп тегіс балалары түс жорытты.
Әуелі Садыр айтты боз ат міндім,
Жау жарак қаруымды қолыма ілдім.
Ей, ата, осы менің көрген түсім,
Жекелеп топтан шығып жүр екенмін.

Атасының жоруы:

Түсінде жүрсен жаным боз ат мініп,
Жау жарак қаруынды қолыңа іліп,
Бірталай өсіп-өніп ел боларсың,
Арт жағың болады екен жаугершілік.

Матайдың түсі:

Матай айтты – ту ұстап, тұллар міндім.
Түсімде қалың көшті бастап жүрдім.
Ей, ата, осылайша көрген түсім,
Өзенге үлкен алқап ел қондырдым.

Атасының жоруы:

Қарағым, мен көрімін, сен баласың,
Сендағы толып жатқан ел боларсың.
Ел табаны тайғандай уақыт болса,
Қонысын төрт баламның сен табарсын

Дортуылдың түсі:

Дортуыл бактым дейді бір қысырақ,
Жануар кете берді тым бытырап.
Ей, ата, осы менің көрген түсім,
Қайырып баға алмадым басын құрап.

Атасының жоруы:

Түсінде бақсаң балам қысырақты,
Мекенің болмайды екен бір тұрағы.
Өсімің басқалардан аз болмайды
Арт жағың болады екен бытыраңқы.

Қаракерейдің түсі:

Айтады Қаракерей көрген түсін,
- Жүк артып қара нарға түнде көштім.
Алдымнан қалың тоғай кез келді де,
Жол тауып шыға алмадым соған түстім.

Атасының жоруы:

Тоғайға жол таба алмай қонып қалсаң,
Қарағым көп болады мал мен басың.
Үрпағың талша бүрлеп өседі екен,
Ұйтқысы төрт баламның сен боларсын.
Түстерін осылайша берді жорып,
Ел болды төрт баласы жатқан толып,
Ең көбі төртеуінің Қаракерей,
Өсіпті мал мен басы бакыт қонып.

Мына жоғарыда жазылған бірнеше шумақ өлеңнің дәлелі ретінде Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің келтірген анықтамасын келтіре кетсек. Ақсақалдар шежіресі де шындық екенін Төлегетай бабамыздың нағыз көреген кемеңгер адам екені айдан анық көрініп тұр. Мәселен; жанағы төрт Төлегетайдың сан жағынан ең азы – Садыр мен Төртуыл деп жазыпты. Садырдың селдіреп қалған себебі, Ақтабан шұбырындыда ең көп шығынға ұшыраған рулардың бірі – осы Садырлар. Бұл туралы Мұхаметжан Тынышбаев “1723 жылы ең алғашқы соққыны Садыр ауылдары қабылдағанын” жазады. Ал Төртуылдар “Ақтабаннан кейін сондай тағы бір трагедияны ХІХ ғасырда бастан кешірді. 1864 жылы қыркүйек айында Шәуешектегі қазақ-дүнген көтерілісін басуға келген жазалаушы Маншың әскері Қатынсудың бойында (қазіргі Мақаншы селосынан жиырма шақырым Ойран деген жерде) үркіп келіп, дамылдап отырған Төртуылдың үш мың шаңырағын қанға бөктіріп, қырып кеткені тарихтан мәлім. Осы соғыстан тірі қалып, жан-жаққа бытырап кеткен Төртуылдарды қайтадан күруға ру көсемдері Смайыл Зәңгі мен Керімбай

үкірдай он жыл уақыт жұмсаған екен. Төртуылдар іргелес екі мемлекетке қарсы, Зайсан мен Шәуешек маңына шоғырланған. 1864 жылғы Қатынсу қырғынынан кейін аман қалғаны қайтадан өсіп-өніп, жеті болыс елге айналып еді. Олар 1962 жылы сәуірде империя шегін бұзып өтіп, Қазақстанның шекарадағы төрт облысына бытырай қоныстанды делінген.

Бабаның Қаракерей жөнінде айтқаны айнымай келді. Қазір Төлегетай әулетінің жарымына жуығы – Қаракерей ұрпақтары. Ол туралы ақын Сапарғали Әлімбетовтың “Молдабай балуан” дастанында:

Найманның Қаракерей сауыры еді,
Төртуыл, Садыр оған бауыр еді.
Інісі Матай келіп қосылғанда,
Салмағы Орта жүзге ауыр еді.
Арғында мұның теңі Алтай – Қарпық,
Үйсіннің Дулатындай өсімі артық
Албан менен Адайдай Сырды қоршап,
Атырабы Алатаудай жатқан шалқып.
Бір өзінен отыз аудан ел тарады,
Орыс пенен Қытайға тең қарады.
Қаракерей көлемі алып жатыр,
Үрімжі Семейменен екі араны – деген жолдар бар.

Бабаның Матай ұрпақтары жөнінде айтылған болжамы да шындыққа айналды. Матай ұрпақтары да өсіп-өніп, сән-салтанатқа, бақ-дәулетке кенелді. Үлкен ұлы Қаптағай батыр ұзақ жыл иісі Найманның ұраны болды. Екінші ұлы Аталықтан өрбіген Қызайлар бұл күнде Шыңжаңда бүкіл Іле уалаятын алып жатыр. Ал кіші ұлы Кенжеден тараған ұрпақ сол ежелгі қонысында, Шыңғыстау мен Қалбаның екі арасын емін-еркін мекендеп келеді.

Белгібайдың үшінші әйелінен, шежірелерде аты Қарашаш деп көрсетілген, Келбұғы, Кетбұғы, Бағаналы, Балталы деген төрт бала дедік. Келбұғыдан Ергенекті, Саржомарт, Қаратай деген үш бала деп айтады. Кетбұғыдан Өтей, Жәрке деген екі бала болады. Бұлардың қоныстанған жері Алтай тауының күнгей жағы. Ертіс өзенінің жағасы болған. Және тоғыздың бірі Теріс танбалы және Көкжарлы осы ағайынды төртеудің ұрпағы қанаттасып өсіпті. Бертінде бұлардан Саржомарт-Алқан деген аға солтан болды. Көкжарлыдан Көкжал, Барак деген батыр шықты деп айтады. Бұрадан Ақтаз, Қаратаз деген рулар бар. Бұл Матаймен қанаттас қоныстанған Қалба тауының, Жарма ауданының жерінде.

Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қытайға қалың Найман қанат жайған.
Қалың Найман ішінде Бағаналы

Қазақта баксы асқан жоқ Қойлыбайдан,- деп Ғабит Мүсірепов жазған, бойында алапат қасиет бар. бөйгеге жіберген аттармен қобызын қоса жіберген көрінеді. Бөйгі аттарды жіберерде қобызын тобылғыға мықтап байлап тастапты. аттар бөйгеден көмбеге тақағанда байланған тобылғысымен қобызы алда келген қасиетті Қойлыбай Бағаналы ұрпағы осы кісі болады.

7-8 Бағаналы, Балталы бұл сөкеуінің ұрпағы Ұлытау, Қызылқұм деген жерлерді қоныстанған деп айтады. Бірақ та шежіреде бұлардың неше руға бөлініп, неше болыс ел екенін толық айтпайды. 9 – Қоңыратты Найман Елатанның ұрпағы алты арыстың бірі Қоңырат осы елдің ішінде Қоңыратты Найман деген ру бар деп шежіре осылай баяндайды. Бірақ шежіренің көп жерлері бір-бірімен үйлеспейді. Қайсы бірінде кісі аттары ауысып айтылады. Бір бірімен қайшы келетіндері де бар көрінеді.

Қазақ өзінің ата жөнін есептегенде үш атаны бір ғасыр деп, үш адамның жасын 33-34-тен қойып есептейтін көрінеді. Сол есеп бойынша Найманға дейін өскен рулар 30-32 ата болады екен. Сонда Найман атамызға мың жылдан астам уақыт болған сияқты, деп жазылыпты.

Ел аузындағы аңызға қарағанда Төлегетай бабамыз қазақ тарихында ерекше орны бар ірі тарихи тұлға.

Найман руынан шыққан Төлегетай баба өз заманының озық ойлы қайраткері, аты ел аузында аңызға айналған кеменгері болыпты.

Төлегетай баба аса таяғымен тұрткен жерінен атқақтап бұлақ ағады екен. Осы ерекше қасиетіне тәнті болған Қылышты ата Төлегетайды өзіне ерекше жақын тартып, қан араластыру үшін қызын беріпті. Бабамыздың басына барып, тәу етушілердің айтуына қарағанда, Төлегетай бабамыздың кесенесі Қызылорда қаласынан жиырма жиырма бес шақырымдай жерде, мидай жазық даланың төсінде орналасқан көрінеді.

Жазба деректерге қарағанда аталған кесене әулиелер мекені болған, дәлірек айтсақ, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында Түркістан қаласына жақын жерде ұлы бабамыз Төлегетай ұлттық шежіредегі бәйтерек тұлға. Одан Найманның төрт Төлегетай атанып жүрген төрт бұтақты елі – Қаракерей, Садыр, Матай, Төртуыл ұрпақтары тарайтынын жоғарыда айттық. Бабамыздың өмір сүрген заманы 11-12 ғасырдың орта тұсы деп шамаланып отыр. Бүгінгі күнге дейін бабамыздан тараған ұрпақ еліміздің барлық түкпірлерінде бар. Әсіресе, Шығыс Қазақстан, Талдықорған өңірінде кең тараған.

Төлегетай сынды ұлы бабамыздың тарихи тұлғасы жөнінде алғашқы зерттеуді белгілі тарихшымыз М.Тынышбаев бастап, кейіннен сәулетші Е.Бөйгенов, халық жазушысы Қ.Жүмәділов, тарихшы қаламгер Т.Зекенұлы жалғастырып, көлемді тарихи деректі мақалалары баспа беттерінде жарық көрді. Ел аузында сақталған әңгімелер тарихи пайымдармен сабақтаса баяндалып, ұлттық шежіреміздегі тұлғасы мен бақилық мәңгіліктегі жер бесігі болған көне кесененің жаңғыртылуына маңыз берілген. Көне кесене қазақ сәулет тарихындағы шоқтығы биік үлгіде өрілген. Қайта қалпына келтіру жобасы да осы ескі нұсқа негізінде әзірленген.

Сыр бойындағы әулиелерді көзі тірісінде мойындатқан бабамыз өз кіндігінен бірнеше миллион ұрпақ таратумен ұлы тұлға деп жазылыпты.

Жалпы шежірелердің бастау алу тарихын білу мақсатында Қазақстанның халық жазушысы, ғалым, тарихшы Қабдеш Жүмәділовтың Төлегетай баба туралы тарихи толғамын ұсынуды жөн көрдім.

Шежіре бойынша Төлегетай – Найманның (Ақсопының) шөбересі. Аралары небәрі үш-ақ ата. Найманнан Белгібай, одан – Сүйініш, одан – Төлегетай. Ал бұл күнде “төрт Төлегетай” атанып жүрген Найманның төрт тайпасы: Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл – Төлегетайдың немерелері. Төлегетай бабамыз ұрпағым өсер ме екен деп өзінен туған жалғыз ұлының атын Қытай деп қойған екен. Бір-ақ ол бір соғыста оққа ұшады да, артында қалған төрт ұл атасының бауырында өсіп, “төрт Төлегетай” аталады. Бұл күнде сол төртеуінен тараған ұрпақ ұлан-ғайыр елге айналды.

Төлегетай – аса белгілі тарихи тұлға. Бабамыздың мазарының сақталуы оған тауап ететін ел ізінің әлі күнге дейін суымауы біздің сөзімізге толық дәлел.

Өмір сүрген уақыты мөлшермен XV ғасырдың төңірегі. Білгір тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев өз жазбаларында: өзі мен Төлегетайдың арасы 17 атаға жеткенін айтады. Тарихшылардың әр атаны 25-30 жыл деп алатынын ескерсек, ғұламаның жобасы қисынға келіп тұр. Мұхаметжан Тынышбаев – төрт Төлегетайдың Садыр тармағынан. Ал мен төртуыл тармағы бойынша өз аталарымызды сапқа тұрғызып, санап көрдім. Мен сонда Төлегетаймен 18-атада түйіседі екенмін. Біз осындай есепті Қаракерей мен Матай тармағы бойынша жүргізіп көрдік. Нәтиже біркелкі: қайсысынан санасақ та 18-19 атада, асып кетсе 20 атада Төлегетайға барып тіреледі.

Шежіредегі осы болжамдар сирек те болса шаң беріп қалатын тарихи деректер де жоққа шығармайды.

Он бесінші ғасыр басында Алтын Ордан іргесін бөлген Әбілхайыр Шайбани Сібірдің Тура қаласында (қазіргі Тюмень қаласы) ту тігіп дербес хандық құрғанда, біз Ақсопы мен оның руластарын соның ордасынан көреміз. Алайда Шайбанилер кейін Сыр бойындағы қалаларды жаулап ала бастағанда, Найман әулеті олардан бөлініп кеткенге ұқсайды. Олай дейтініміз, арада жарты ғасыр өткенде Төлегетай бабамыз өз Жәнібек пен Керей сұлтандар жағында жүреді. Төлегетайдың бір немересі Матайдан туған Қаптағай батыр – Қасым хан әскерінде қолбасшылардың бірі.

Қаптағай ақтабан шұбырындыға дейін Найман ұлысының ұраны болады. Жоңғарға қарсы азаттық соғысынан кейін ғана оның орнын Қабанбай басты. “Қаптағай” деп монғолша жабайы түйенің бурасын айтады. Өте қаһарлы, шамкөс жануар. Көне түрікте, әсіресе Наймандарда өз батырларын Бұқа, Бура, Қаптағай, Қабан, Барак, Төбет деп атайтын үрдіс болған. Әйтпесе, Қаптағай батырдың азан шақырып қойған аты – Қолдас көрінеді.

Орайы келгенде айта кетейік, Қаптағай бабамыздың қабірі Түркістан өлкесінде, ежелгі Сауран қамалының түбінде жатыр. Батырдың шар тартқан шағы болса керек, XVI ғасыр басында Ақсудағы ұйғыр ханы Әбдірәшидпен болған соғыста ауыр жараланған, ақыры содан мерт болған деседі. Басқыншы Әбдірәшидтен қырғызды қорғап қалмақ болған соң, осы соғыста Қасым хан әулеті Тоғым ханның тоғыз ұлымен бірге шейіт болғанын білесіздер... 1993 жылы Түркістан, Сауран маңайында тұратын ағайындар Қаптағай бабамыздың туғанына 500 жыл толуына арнап үлкен ас берді. Сол асқа Алматыдан академик Төрегелді Шарманов бастаған біраз кісі барып

қайтқанбыз. Жиналған жұрт алдында тарихқа шолу жасап, сөз сөйлегеніміз есімізде. Осы тұста айта кететін тағы бір жай: қазір кейбір зерттеушілер Төлегетай, Қаптағай сияқты ұрпақтары Арқада тұратын кейбір адамдардың мазары Сыр бойында, Түркістан өлкесінде жатқанын көреді де, олардың бұл жаққа қалай келіп қалғанын түсіндіре алмай, басы қатады. Сол сұраққа жауап табу үшін неше алуан себеп іздейді. Төлегетайдың Сыр бойына баруын да сан-саққа жүгіртеді. Біреулер: “Төлегетай бабамыз аса діндар, сопы кісі болыпты. Атағы алысқа кеткен Қожа – Қылышты әулиеге қол тапсыру үшін Арқадан әдейі іздеп келіпті де, сол беті Сыр бойында қалып қойыпты” деседі. Енді біреулері Төлегетайды сауапқа әбден батыру үшін оған Қылышты қожаның қойын бақтырып қояды. Мұның бәрі жақсы ниеттен туғаны көрініп тұр. Бірақ ақылға салып қарасаңыз, ешбір қисынға келмейді. Жарайды, Төлегетай бабамыз хақ жолына шын берілген пірөдөр кісі болсын-ақ. Бірақ ол заманда ру көсемі, бір елдің ақсақалы тауап ете барған хазіреттің қасында қалып қоюы мүмкін бе? Ол түгіл Меккеге қажы сапарына барған кісі де парызын өтеп болған соң, ауылына қайтпай ма? Сірә, Төлегетайды Арқадан ауып келді дейтіндер сол заманға қазақтың өріс-қонысын, қазіргі әкімшілік бөліктері бойынша елестететін болса керек.

Ал шынына келсек, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығына дейін қазақ көші Арқа мен Сыр арасында айшылық алыс жолды қамтитын болған. Қыс бетінде Сырдария мен Арыстың Талас пен Шудың малға жайлы қалың қопасын паналап, көктем шыға төл аяқтала салысымен Қаратау асып, ұзын аққан Сарысуды өрлеп, Арқаға қарай көшетінді. Жаз бойы Есіл мен Нұраны, Ертіс алқабын жайлап, күз түсе қайтқан қаздай түстікке қарай бет түзер еді. Қазақтың салқар көші Ақтабаннан кейін ғана үзілді. Оңтүстік өлкені жоңғарлар басып қалды да, Орта жүз рулары Арқаны қыстайтын өдет тапты.

Ендеше қазақ хандығы құрылардың алды-артында Наймандар да осы өлкені мекендеген, сол қайтарда Төлегетай әулеті де Сыр бойын қоныс еткен деп қарауымыз керек.

Әз Жәнібек пен Керей туының астынан табылған Төлегетай да, оның немере шөберелері де сол заманның әлеуметтік істеріне белсене араласып отырғаны байқалады. Мұндай саяси іс қимылдан қожалардың да тыс қалмағаны анық. Қазақ Бұхар соғысы кезінде қожалардың көпшілігі Шайбани жағында қалса, неғұрлым алға басар бөлігі қазақ хандығын қолдады. Бақсайыс қожа секілді Қылышты қожаның да қазаққа тілектес болғаны күмән тудырмайды. Оның Төлегетаймен төс қағысқан дос болуы, оған кішілікке қызын беруі, өзі өлерінде “Мені Төлегетайдың қасына апарып қойындар- деп тапсыруы – осы ойымыздың айқын дәлелі.

Сонан соң тағы бір есте ұстайтын нәрсе, хан ордасында өз орны бар ру басшылары, қазір біреулер айтып жүргендей, бір жақтан дін уағыздай келген қожалардың ығына жүрмеген. Қайта керісінше, дін өкілдері жергілікті ру көсемдерінің көмегіне сүйенген. Әйтеуір қалай болған күнде де, Төлегетай мен Қылышты қожаның достығы үлгі алуға, қастерлеуге тұрарлық. Төлегетай ұрпақтарының қатар жатқан екі аруақты бөлмей, көрікті кесене тұрғызып жатуы да, осы сөзіміздің тағы бір дәлелі.

Сонымен біз шежіре мен тарихқа кезек көз сала отырып, Найман ұлысы мен Төлегетай ұрпақтары жайында біршама сөз еттік. Бабалар шежіресінің XIV-XV ғасырдан бастау алатынын да еске салып өттік.

Осыларды оқығанда оқырман көңілінде мынадай заңды сұрақ туатынын алдын ала сезіп отырмын. Өйткені бұл сұрақ менің өзімді де ұзақ уақыт мазалаған. Шынында да былай деп сұрауға болады ғой. Наймандар сонау түрік қағанатынан бері белгілі ұлыстардың бірі. Найман аты қытай жазбаларында V ғасырда танбаланған. Найманды сегіз оғыздан шықты дейсіз бе, әлде сегіз өзенді жайлаған ел дейсіз бе (өйткені, найман монғолша сегіз деген ұғымды білдіреді). Әйтеуір бұл ұлыстың сонау Шыңғыс ханнан бұрын хандық құрғаны рас. Кезінде Ханғай тау мен Алтай, Тарбағатайдың арасын жайлап жатқан алып елді билеген Инаныш Білге қаған, Тайбұқа қаған, Бұйрық хан, Күшілік хандардың есімі әлемге аян. Күшілік ханның елін-жерін қорғап, Шыңғыс ханға қарсы ұдайымен он бес жыл соғысқанын білеміз...

Ендеше бабалар шежіресі XIV-XV ғасырдан басталса, оның ар жағындағы ежелгі Наймандар қайда қалады?

Осы сұрақ төңірегінде ұзақ толғана жүріп, мен оның жауабын өзімше індеткендей болдым. Бұл арада бөлендей қайшылық жоқ. Жанағы айтылғанның бәрі рас. Найман ұлысының тым әріден келе жатқаны, ел билеген атақты хандардың, қолбасшы батырлардың болғаны түп-түгел шындық. Ең ақырында Күшілік ханның өзінен күші басым Шыңғыс хан әскерімен шегіне ұрыс салғаны, жол жөнекей өзіне кара қиндандарды қаратып алып, осы Жетісу жүгіне соңғы рет майдан бергені бәрі рас. Өз жерін қорғау жолында басын берген адал жауынгер – Күшілік ханды біз әлі тиісінше бағалай қойған жоқпыз.

Шежірелер (қазақты Әнес сахабадан шығаратын нұсканы есепке алмағанда) ежелгі бабалар тарихын түгел таратпайды. Жалғыз Найман ғана емес, басқа ұлыстардың шежірелері де, уәделесіп қойғандай, бастауын көбінше XIV-XV ғасырдан алып жүр. Ата жөнін білеміз деген адамдардың қайсысынан сұрасаңыз да, ұзаса 18-20 атаға барып тоқтайды. Бұл – жаңа біз айтқан XIV-XV ғасырдың төңірегі. Ұлы жүз шежіресінде Үйсіннің көп руларының XIV ғасырда өмір сүрген, Төлегетаймен замандас Бөйдібектен таратады. Бұл қолы жеткендер Қожадан қыз алған заман. Бөйдібек те, Төлегетай да қожа қызына үйленеді. Ал Арғын рулары түгелімен Дайырқожадан тарайды. Бұл – кәдімгі өз Жәнібек тұсында Қобыланды батырмен жекпе-жекте мерт болатын Дайырқожа. Сонда ұлыс басында тұрған бабаларымыз бір-біріне уақыт жағынан жақын, замандас болып шығады.

Осыған қарап отырып, маған мынадай ой келеді: 1456 жылы дербес қазақ хандығы отау көтерген соң, ұлыстар мен рулар өз шежіресін қайта жасаған секілді. Оны жөне кездойсоқ емес, әдейі саналы түрде жасаған. Арғы бұлынғыр, ұзақ тарихты сызып тастап, әркім өз шежіресін “біз міне қазақ болдық” деген тұстан қайта бастаған. Өз Жәнібектің тұсында әр рудың ақсақалдары мен батыр-билері бас қосып, осындай бәтуаға келуі де ғажап емес. Қазақтың үш жүзінің қалыптасуы да осы кезеңде жүзеге асқан.

Атымтайдың қазіргілері Жомарт. Тарғын. Ақтанов Сабырбектер. Атымтайдың ұрпақтары Мәкүн Баймурзин, Қамбарбек, Токан, Мәмила.

Сайболаттан – Башық, Байталақ, Ақжан (Башық та би болған адам).

Есенғұлдан – Қырғызбай, Қалдан. Қоңырбайдан – Тілеміс. Тілеміс ұрпақтары: Сақан Жақия Жағыпарлар. Жомарттан Балапан деген жалғыз ұлы соғыста қайтыс болған.

Күлшән ұрқынан қазіргісі Әбдеке балалары және Құмар. Аққұлы ұрқынан Тоғанас деген атақты батыр болыпты, үнемі қалмақтармен жауласқан. Бір соғысында алып келген Бәйірменді деген қалмағынан Темір деген атақты балуан болған, Үйсіннің бұқа балуанын жығып, тоғыз түйе, кілем алған. Балuanның бұрынғы аты Бокбасар екен. Үйсін еліне күресуге барғанда Темір деп ат қойылған.

Темірден – Мамыр, Жақыпбай, Бәйтеке. (Сейітбек Станбеков, бұл кісі де Аққұлы).

Тоғанастан – Бәйгелен, Мұхан, Сейітмолла балалары бар, қалмақ ұрқынан Жақыпбай, Мамыр, Бәйтекелер (Батаев Абдрахман – Аққұлы).

Бәкембай деген тауда мекен етіп, өсіп-өнген. Жәлмембет деген елдің тарауы осы. Олар қазір Ақбұлақ, Қалжыр совхоздарында мекен етеді.

Жанқұлының екінші әйелінен туған – Айт, Дәулет. Айттан – Шағыр, ал Шағырдан, бірінші әйелі Баршадан Атақозы, Байқозы, Майқықозы, Қарақозы – төртеу. Екінші әйелі Мысқалдан – Аққозы, Жанқозы, Тінеке, Күлеке – төрт ұл. Сегіз шағыр деген осы. Бұлар да өскен ел. Атақозы, Қарақозы – бұлар Боран совхозында. Төрт Мысқал ұрпақтары да өскен ел. (Жаманбаев Қамбек, Токпатаев Досжандар, т.б.) Қалжыр совхозында Аққозыдан – Опан, Шолтан, Шегет, Күрекбай, Жанқозыдан – Тоянбай, одан Байпақ, одан Дәулет, Майлықан.

Тінекеден – Арлан, Майдан, Қазбан.

Күлекеден – Тастемір, Қаратал, Назеров, Тәнев.

Күлекеден – Салықбаевтар, Жұмажановтар, мұнда теріс айрық Бәкембай мекендеген.

Сырымбеттен - әйелі Қанымбикеден – Қожабек, Сәдібек, Еламан, Бұлғашы, Бұраншы, Шүрім. Бұлар он Сырымбет. Бұраншыдан – ұрық жоқ. Басқалары толып, өсіп отыр. (Бұлар Сақариев Т, Қашқынбаевтар, Дәрібаевтар, Танарақовтар).

Қожамбеттің Жанқұлының екінші әйелінен – Деген, Дәулеттен – Қосай, Мұналтай деген екі ұл.

Қосайдың бәйбішесінен Жолжақсы, Десет деген екі ұл. Жолжақсыны Ақсақал деп атап кеткен. Елінің аты да Ақсақал. (Бұлар Жанәбіл Зейнолдинов, Көксегенов Мәукендер)

Қосайдың тоқалынан – Қараман, Бәйтелі деген екеуі егіз туып, егіз қара атанып, елі де Егізқара.

Мұналтайдан – Ителі деген аз ру тарайды. (Өтеев, Қисықовтар).

Бар дәулетінің ұрқының ең көбі Қарамен, Бәйтелі, Егізқара.

Иісі Дәулет болғандықтан, сырттай Егізқара деп атайды.

Қожамбеттің жайғыз кызы болған. Сырты Қожамбет аталатын Жарболды деген ел бар. Оларды айта кетейін. Бұл елдің көпшілігі Қытай жерінде. қалғаны Марқакөл совхозында. Жарболдыны жар астында аңдып жүгіріп тауып алып, кызының баласы Қожамбет ер жеткен соң өзінің ұрықсыз өскен баласы Бәймембеттің әйеліне қосыпты. Ұлы Жәлмембеттің жалғыз кезі екен, жалғызға жар болсын деп ат қойған.

Жарболдыдан – Үркінші, Самай, Қалқаман, Сүйіндік деген 4 ұл. Жарболды - өскен ел, төртеуінің ең көбі.

Үркіншіден – Байкабыл, Тілеукабыл, Тілеуімбет деген рулар бар. Тілеукабылды Қарашие деп атайды. Көпшілігі Қытай жерінде.

Қойайдар деген ел кездеседі, ол негізгі шын аты осы біздің Жәлмәнбет елі. Сүтті деп кеткен қазір кейбір жастар біледі, Сүтті Шоқы ауылынан шыққан; Сүтті деуі жайлауға Тасқайнатқа көшіп барады. Ойдан теріскей Бөкенбайдан жайлауға жеткенше қонған жерлерінде от жақпаған. Қой сауып, сүтін ішіп түнеп, жайлауға жеткенше жүре берген. Сол себепті еліміздің ақсақалдары Қойайдарда ауылы мен жұртында от жаппапты. Бұлар сүт ішіп жүре беретіндіктен Сүтші деп атап кетіпті.

Егізқара деген елде бертінде Омар деген болыс болған, колхоз кезінде қайтыс болды. Бес бұғы селосында мен ол кісіні көрдім, 100 жасаған ақсақал еді. Ақ Найман Қойсары елінің болысы Дос деген болған, Қалғұтты совхозы, Ақши деген жерде өскен. Сол кезде еккен үйеңкі ағашы әлі тұр. Жайлауы Әкімбай кезені еді.

Жәлмәнбеттің жазғы жайлауы Тасқайнат, Сарытау, Марқакөл болатын. Билер, ақсақалдар кеңесі мен съездері Көгедайда өтетін делініпті.

Кезінде Жәлмәнбет елінен Жарылғап атты батыр өтіпті. XVIII ғасырда Ұлы жүз рулары мен қырғыздар арасында қарулы қақтығыстар жиі болып тұрған. Сондай бір шайқаста Ұлы жүз елінде Орта жүздің қолы көмекке барған. Осы жорыққа Жарылғап батыр өзінің мыңдығымен қатысып, ерен ерлік көрсетіп, Абылай ханнан алғыс алыпты.

Жорық жеңіспен аяқталып, негізгі қолы тарап кетіп, Жарылғап батыр елудей адаммен Алатауда аялдап қалады. Осыны сезген жау жағы жасақты қоршап алады. Қоршаудан құтылмасын білген, өлім аузында жатқан батыр “Бес балам бір төбе де, Атымтайым бір төбе еді. Соған сәлем айтындар, сүйегімді жат жерде қалдырмасын” деп сәлем айтыпты.

Қоршаудан ебін тауып құтылған үш жігіт Алатаудан Алтайдағы Бөкенбай жеріне арып – ашып әрең жетіпті. Бұлар келгенде ел жайлауға шығып кеткен кез екен. Жігіттердің келген хабарын естіп, Атымтай Тасқайнат жайлауынан келіп жолығып, әке аманатын орындау үшін солардың екеуін қасына ертіп, қосар ат, ши мен кереге алып, жолға шығыпты.

Шайқас болған жерге келсе, сарбаздардың сүйегі ақсөнке болып шашылып жатыр екен. Сонда Атымтай “Мынау менің әкемнің сүйегі” дегенде, жанындағы жолдастары “Оны қайдан білдің?” депті. Әкем денелі адам, мың адамның арасында белуардан асып тұратын. Мынау сүйектен үлкен сүйек бұл жерде жоқ депті Атымтай. Сүйектің басы жоқ екен. Жігіттер енді

басын қайдан табамыз деп дағдарып тұрғанда, Атымтай бір басты жерден көтеріп алып, “Осы менің әкемнің басы” депті. Мына ку бастың екі маңдай тісі жоқ. Әкем бесті асауларды артқы аяғынан қолымен ұстап алатын. Жылқы ұстап жүрген сондай бір кезде мүлт кетіп, асау теуіп жіберіп, екі маңдай тісін түсірген болатын, - депті таңырқап тұрған жолдастарына.

Атымтай серіктерімен әкесінің сүйегін шиеге орап, түйеге артып Бекенбайға әкеп жерлеген екен. Күні бүгінге дейін Бекенбай жерінде Атымтай тұмасы, Атымтай қыстауы деген жер аттары бар.

Жарылғап батырдың ұрпақтары осы кезде Бекенбай, Ақбұлақ, Қаратоғай, ауылдарын мекендейді. Олардың арасында Социалистік Еңбек Ері Сабырбек Ақтанов сияқты белгілі адамдар бар деп жазыпты зейнеткер Б.Турабаев.

Тегіндегі Қалжыр болысындағы Қожамбеттерде жан саны 5571 болып, 1327 шаңырақты құрапты. Тегінде сегіз старшын ел екен.

Алғы сөз

Қаракерей шежіресін жазбас бұрын, Қаракерей ұрпақтары мына бір мәселеге назар аударса деймін.

Қаракерей бабамыз туралы 17 тамыз 1998 жылы Дидар газетінде «Ұмытпайық өткенді» атты айдармен халық ағарту ісінің озық қызметкері Күршім ауданының азаматы Ақаш Жүнісұлы былай деп жазыпты: Расында Найман руына Шыңғысхан шабуылынан бері ел басынан нелер өткелек етпеді дейсіз. Басқаны айтпағанда «Ақтабан шұбырынды» кезінде сонына түскен жөне алдын ораған қалмақтармен соғыса отырып, Найманның бір бөлегі Сыр бойынан Арқаға ауып, одан Қызылсу-Шар бойына келіп, тиянақтап есін жинайды.

Марқұм Токсанбаев Жарыке: «1950 жылдары Марқакөл ауданы «Ақбұлақ» колхозының қой, ешкісін Семей қаласына етке өткізуге айдадық. Жылжи қонып, күн сайын өріс ауыстырып, малды семіртумен екі-үш айда Шар бойына жетіп, үлкен қорым зираттың қасына келіп түнедік.

Сондағы шым сияқты топырақтан көтерілген киіз үй төрізді бейітті жергілікті тұрғындар Қаракерейдің зираты десті. Арғы атамыз осында жатыр екен ғой деп білген дұғамызды оқыдық, - дейтін еді, - депті.

Иә, жеріміз тұнып тұрған шежіре ғой. Соны заман талабына орай Қаракерей ұрпақтарының зиялы азаматтары зираттың жатқан орынын анықтап, шындыққа асқан жағдайда Қаракерей бабамызға арнап қор ашып, еңселі мазар тұрғызылса, нұр үстіне нұр болар еді, - демекпін.

Қаракерей

Ақтайлақ шежіресінде: Қаракерейден – Айрам, Мейрам, –Тұзақшы. Айрамнан – Қожамбет, Жарболдз. Бұлар Монғолиямен шекарада Алтай тауында екі болыс ел болады деп көрсетіліпті.

Момбай, Нәкей, Қонақ, Ахметзаки шежірелерінде: Айрамнан – Байсыық жалғыз деп көрсетілсе, Ұғыламақадыр шежіресінде: Айрамнан бір бала

Қожамбет туған. Оған қоса даладан бір бала тауып алып, Қожамбетке егіз болсын деп атын Жарболды қойып, бала ғып алған. Олар Қытай халық республикасымен шекарада тұрады депті. Мейрамнан – Байторы. Ерторы екеу. Ерторыдан Байсиық туады. Арғынның бір асында барғанда Байсиық – тақымынан лак бермейтін мықты адам екен, содан Арғын жағы «Мына семіз Найманың кім» деп Байсиықты семіз Найман атандырған.

Ахметзәки Илиямбиұлының шежіресінде: Ерторыдан Алдаберген, Алдабергеннен Қожамбет руы көрсетіліпті. Бұл ақсақалдың елі Қожамбет болғандықтан, мүмкін осы нұсқа дәлірек деуге болар.

Байсиықтан: Меңдібай, Жанғұлы, Жаңбыршы, Қарамола, Төбет туады. Бұлар бес болыс ел. Бұлар Ақшатаудың күнгеінде, Көксала, Бақанаста, Үржар манында Шарбақты болысы деп аталады.

Момбай, Нәкей, Қонақ, Ахметзаки шежірелерінде: Байсиықтан-Қызылым, Тайлақ. Қызылымнан – Жанғұлы, Жаңбыршы. Тайлақтан – Меңдібай, Төбет. Төбеттен – Семіз Найман деп көрсетіліпті.

Байторыдан – Байыс, Балқыбек, Жалқыбек туады. Балқыбектен – Сылбыр, Боран, Мұнайтпас туады. Мұнайтастан – Тума, Токпак туады. Жалқыбектен – Асылқара туады. Байыстың балаларына атшы болып, содан Болатшы атанған және Балқыбектен Байғана туады. Ал Байыстың бәйбішесі Мұрыннан: Сары және Мақта деген қыз туады. Екінші әйелінен: Ақынбеткүл, Сыбанкүл туады. Інісі Балқыбек өлгеннен кейін келінін Байыс өзі алады. Одан Мәмбеткүл туады. Ал енді Сарының бәйбішесінен: Жолымбет, Бейімбет, Жолбалай үшеуі туады. Өтеміс көн илегіш болғандықтан Көнші атанған. Жолбалайдан Қасқақошқар. Бұлар өспеген бір старшын ел. Атасы енші алғанда қойдың ішінен бір қасқақошқарды аламын деп, көп ұстап тұрып қалыпты. Содан Қасқақошқар атанған.

Жолымбеттен – Ажы, Назар, Ажыкүл, Рақ, Қыдыр, Абыркүл, Арызбақ деп көрсетіліпті.

Момбай, Нәкей, Қонақ, Ахметзаки, Ұғыламақадыр шежірелерінде: Байторыдан –Байыс, Балқыбек (кей шежірелерде Жалқыбек, Жайыкбек деп көрсетіліпті)

Байторы өлген соң Ерторы жеңгемді аламын деп кісі салыпты. Бұл кезде Байыс 16 жаста екен. Ол ағасына жалынып, жеңген қартайды, мен ер жетіп қалдым деп, шешесін бермей, қыз өкімді беріпті де шешесін арашалап алып қалыпты. Қыз өкімге астына ат мінгізіп, қолына түйе жетелетіп қыз беріпті. Бұл қызды алған соң Ерторыдан бір бала туып, оның атын Жұрынтай (Шүрентай) кей шежіреде Жұрынтай деп атап, ат қойыпты. Ерторы өлген соң Жұрынтай жетім қалып, ер жетіп өссе де, Қожамбет қатарға ұстамайды. Ол өзінің күй жайын айтып Байыс атамызға барады. Байыс, Қожамбетке ауыр болсаң, маған жеңілсің деп, қалың беріп, әйел өперіп, бала етіп алады да, баламның үлкені Жұрынтай деп атапты.

Жұрынтайдан – Мұнайтпас, Тұрша, кей шежірелерде Тұрымбай деп атады. Мұнайтастан – Байғана, Тума, Токпак бұлар да үш Байыспыз деп аталады. Ал Байғанадан Болатшы туады депті. Байыстың бәйбішесінен: Сары (Сарымырза) туыпты. Інісі Балқыбек өлген соң келінін алып, одан

Мәмбеткүл туыпты. Балкыбектен қалған жалғыз бала Бұрылмаш дегеннен арғыбетте Жирен қыржы ішінде 50 үй болу керек. Бір ұрыста Қараша, Қалша деген сартты шауып алғанда, бір екіқабат әйел келеді. Ол әйел босанған соң, баланың атын Ақымбет қояды. Бұл әйелді Байыс алған соң, одан бір бала туып, атын сыбана туды деп «Сыбан» деп қояды.

Байыстың өзінен – Сары, Мәмбеткүл, Ақымбет, Сыбан. Кей шежіреде: (Сарыны – Сармырза, Ақымбетті – Рахманкүл, Сыбанды – Сыбанкүл) деп көрсеткен. Ақымбет сарамастау адам болып Ташкенге барып бек боламын деп жүргенде аты да, өзі де өліпті. Ақымбеттің өзінен бір бала, баласынан бір бала қалыпты. Ол баланы Жанкөбек іздеп барып әкеліпті де, Ақымбеттің атын өшірмейміз деп, баланың атын Ақымбет қойыпты. Ақымбеттен – Біржай, Тілеу, Жылкелді. Сыбаннан бес бала. Бәйбішеден — Жараскүл, екінші әйелінен: Жанкөбек, Салпы, үшінші әйелінен: Байкөбек, Түкі

Әулие Ырғызбай Досқанаұлы (1787-1850 жж.)

Тегіндегі көнекөз қариялардың айтуынша Ырғызбай Әулие Досқанаұлы жаратылысынан қарапайым, кішіпейіл, ақ ниетті, таза жүректі, ақкөңіл адам болыпты. Ырғызкең Әулиені еске алсақ.

Ырғызбайдай Әулие бір кісіге.

Ашылған пәни есігі Күмістiде.

Бала кезден жинаған дәрiлiк шөп,

Ел сырқатын емдепті үй ішінде.

Алдына барса ауру, тарыққан жан,

Тамырын ұстап дертін анықтаған.

Шипалы қолмен жасап тиісті ем,

Сырқаттарды емдеуден жалықпаған.

Сырқаттарға танытқан жылы қабак,

Дәм таттырып жасапты сыйлы қонак.

Науқастардың дертiне ақы алмаған,

Кедей, жетiм–жесiрдi ылғи қолдап.

Дерттен жаны қиналып жүдегендер,

Ырғыз ата басына түнегендер.

Сыркатынан сауығып кете барған,

Жәрдем көрген шапағат тілегенде ел.

Кенде емес қазақ жері дарындарға,

Ғұмыр кешкен байлар да, жарлылар да.

Әулие Ырғыз келетін науқастарды,

Үйде біліп отырған алдын ала.

Бақыт іздеп шаршаймыз, армандаймыз,

Жеткізер жақсылыққа жол қараймыз.

Берсін Алла мол несiп бәрiмiзге,

Қолда Әулие Ырғызбай нар бабамыз.



Ақиқат болды ұраны,
Қарады алға қырағы.
Өткізді талай басынан
Өмірдегі сындарды.

Қиындықтан қайтпады,
Азамат болды байсалды.
Қадірлеп ел-жұрт ұмытпас.
Төлеубектей жақсы жайсанды.

Жақсының рухы жанғырып,
Тағзым етер мөңгі жұрт.
Төлеубек кетті артына,
Өшпестей із қалдырып.

Шежірелер жинады,
Кітап қып елге сыйлады.
Наймандай текті атаның
Занғар да зерек тұяғы.

Төлеубек пен Балғиза,
Ата-анасы бес баланың.
Тәрбие беріп соларға,
Оқытты жақсы сабағын.

Төлеубектің үл-қызы,
Білім алды арнаулы.
Көріне білді биіктен,
Халыққа бөрі қалаулы.

Ашығын айтсақ шегелеп,
Смағұлұлы Төлеубек
Ақсуаттын Жантікей
Ауылында туған өрен ед.

Жерлестері мақтады,
Құрметтеп те жатады.
Мамандығы – ғалым-зоотехник
Абыройлы қызмет атқарды.

Найман Мәмбеткүл
ұрпағы,

Шежіре жазып шырқады.
Рухани азық халыққа,
Жарық көрді кітабы.

Кезінде болды еңбеккер,
Ол асты көп белестер.
Бағаланды еңбегі
Тұлғасы таумен тенесер.

Мейірханұлы Тұрғанбай (1897-1970жж)



Мейірханұлы Тұрғанбай
1897 жылы Лаба болысына
қарасты Кіндікті ауылында
кедей шаруаның жанұясында
дүниеге келген. Ауыл
молласынан оқып хат танып,
кейін өз талабымен білімін
көтеріп, өз зердесімен құран
оқуға оны аударуға мүмкіндік
алған екен. Жастайынан өткен
тарих, діни кітаптарды, хисса-
дастандарды, көне шежірелерді
жаттап өседі.

Ата-бабаларымыздың «көпті көргеннен сұра» дейтін дана мәтелін еске алсақ, жоғарыда айтылғандай, табиғаты дархан, жинаған, тергені мол, көшелі қариялардың бірі осы Тұрғанбай ақсақал еді.

Өмір деген бір орнында тұрмайды ғой. Түрекен де өмірдің неше түрлі қилы-қилы өткелдерінен өтіп, бар өнеге өсиетін, әдет-қасиетін, ғұрып пен рәміздерін сақтап қалған ақсақалдардың бірі деуге болады. Түрекен ескіше оқыған, өңгімешіл, шежірешіл, еңбекқор, ауылға ағайынға сыйлы, ешкімге артық сөзі жоқ, өтірік айтып қиянат жасамаған, ауызында иманы, қолында құраны бар, өмір бойы ораза тұтып, үзбей намаз оқумен, құдай тағалаға мінәжәт етумен, шарифат жолына жүгініп өткен көшелі қарттың бірі еді. Ауылда өз құрбылас ақсақалдардың ортасында шоқтығы биік адам болғандықтан, олардың барлығы да атын атамай Түке деп атап кеткен еді. Ал ағайын арасында «Үлкен аға» деп атайтын. Түкен көп сөйлемейтін, ешкімді ианаттау, боктау дегенді білмейтін. Өте бір қатты ашуланғанда «антұрған» деген сөзді қолданатын. Тарихи, діни өңгімелерді, шежірелерді жақсы айтатын, адамдарды ынта қойып, зер салып тыңдайтын адам еді. Түкеннің Ырғызбай Әулие төртінші атасы болып келеді. Содан да болар, соғыстан кейінгі жылдары ауырған, бала көтермеген ауылдағы адамдарды ақысыз, пұлсыз, өгіз кейде ат арбамен Әулие атаның басына апарып түнетіп, ауылдан түстен кейін кетіп, ертемен ел тұрмай ауылға қайта келіп жүретін.

Түкең жастайынан еңбек араласқан, өсіресе соғыс жылдарында, одан кейінде қашан зейнеткерлікке шыққанша, колхоз шаруашылығынан қол үзбеген, нақанды жұмыстардың ауыр жүгін арқалаған, онымен қоса кіре де тартқан адам.

Өзі осындай ауыр жұмыстарды атқара жүріп, шаһадат айту, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру сияқты парыздарды бұлжытпай орындап, сол арқылы өз ортасына ықпал етіп, имандылық рухтарын сеуіп, рухани тәни тазалыққа жетуді үндеген адам. Соғыстан кейінгі бейбітшілік өмірде де ораза кезінде ауылдағы Мұқаметқали молла екеуі ауыздарын аштырған үйлерде «Тарауық» оқып, кейінгіге діни шәкірттер дайындауды да естен шығармай, молдалыққа Жүнісбек деген азаматты оқытып дайындап, молда етіп шығарған соң, сол азамат Сатбаев совхозында 2000–шы жылға дейін молда болып істеді. Кейінгі жылдары бұл адамды оқып келген жас молдалар ауыстырған еді.

Түкең зейнеткерлікке шыққаннан кейін де үйде қол қусырып отырмай, колхоздың тұрғын үйлеріне, мал қораларына жүргізілетін ағаш жұмыстарына көмек көрсетсе, қосымша аша, күрек саптау, волокуша жұмысына қол қамысын үзбей тигізіп отырған қарттың бірі болатын.

Түкен осындай ауыр еңбектерге араласа жүріп, өзінің көзін тірісінде екі әйелінен төрт ұл, алты қыз сүйген адам. Соғыста қаза болған ұлдарынан басқа балаларын тәрбиелеп өсіріп жеткізіп, қанат қақтырған ұлағатты әке. Осындай елге сыйлы жанұяға қамқор әке 1970 жылы ақпан айында 73ке қараған шағында өмірден өтті.

Осындай ел тарихын, сөз қадірін білетін, бүкіл өмірі жазған хаттай даңғыл, көнекөз қариялардың біртіндеп арамыздан кетуі бауыр басқан

асылыннан айрылғандай, мол ауыр сезімге бөлейтіні бар. Мұндай ақсақалдар өткеніміз бен бүгініміздің тікелей куәгері, жалғастырушысы ғана емес, тіпті ертеңіміздің де белгі бейнесіндей еді. Алайда соны тірі кезінде көңілге тоқ санап, қолдағы алтынның қасиетін кеш біліп қалатынымыз өкінішті-ақ. Олай дейтінім сол кісілердің білетінін кезінде жазып ала алмай қалғандығымызда болып отыр.

Марияма Әзімқанқызы (1909-1975 жж.)



Марияма Әзімқанқызы руы Мырзас. Мырзас ішінде Мүлкаманы. Мүлкаман ішінде Тәти, Тәтиден Рахымбай, Әзімхан. Әзімханнан Марияма болып келеді. Бұл күнде бұл өмірден өткен Марияма шешеміздің де көзі тірісіндегі әңгімесіне карағанда, өмірінде бастан кешкендері аз емес екен. Халқымыздың басына түскен қилы кезендерді елестетуге болады.

23 жасында кез болған алғашқы колхоздастыру кезені мен ашаршылық, мойынсеріктердің пайда болуы, жаппай колхоздастыру ұраны, ірі байларды конфисकेлеу, «шаш ал десе, бас алатын» белсенділердің асыра сілтеуінен қорқып ауыл боп ата мекенінен көшкендерді де көріпті. Сол заманның қыспағы өз басын да айналып өтпегенін айта кеткен жөн болар. Босқындарды күндіз түні жортуылда жүретін «қызыл отрядтың» әскерлері атып қырып тоқтатқан уақиғалардың да куәгері болыпты. Алайда бұл дүрбелеңнің арты жақсы болмай, ел 1932 жылы жаппай ашаршылыққа ұшырағанын, ол кездегі адамдардың ауыр қалін жырай етіп айтып отыратын, жарықтық. Енді бір әңгімесінде аштық пен суықтан есі шыққан халық ата мекендерін тастап жан-жаққа шұбырды дейтін. Адамның көбін аштық жалмап, ертерек қамданған әл-ауқаты бар кейбіреулері шекара асып, басқа жаққа кетіп, колхозда еңбекке жарайтын кісі де бірен-саран қалыпты. Бұл тұста өкіметтен аздап көмек те беріліп, жаз шыға ел жиып, жер тырналап егін салуға кіріскен,- еді дейді. Тұқымды қолмен сеуіп, күзде егінді қол орақпен оруға да қатынасқан едім дейтін.

Ал 32 жасында бейбіт жатқан елімізге 1941 жылы 22 маусым күні фашистер опасыздықпен шабуыл жасап, сол күннен бастап екінші дүниежүзілік соғыс басталып, күйеуім сол Ұлы Отан соғысы шайқастарында қаза болды. Жан сақтау мақсатымен соғыс жылдарында тегіндегі Көкпекті совхозы «Комсомол» фермасында сауыншы болып жұмыс істедім. Сол кезде менімен бірге Сембаев Нәсеннің шешесі де сауыншы болып істеді деп отыратын. Ол кездегі жұмыс жалқаулықты көтермейді. Ол сенің жауапкершілігіңе, адамгершілігіңе сын. Біз малды күндіз түні күттік. Иә,

солай түнде бір мезгіл сиырлардың астын ауыстырып, оттықтарды реттейтінбіз. Оған ерінбедік. Содан болу керек карауымыздағы сиырлардың өнімділігі артып, совхоздың абыройлы сауыншысының бірі болдық деп отыратын. Әйел «қырық шырақты» дегендей, осы жұмыста жүргенімде, «әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» деген тегіндегі ескі салтпен, оның үстіне ағайын-туғанның аралық сөз салуымен Тұрғанбай деген азаматпен шаңырақ көтердім. Одан арғы тағдырымыз осы азаматпен бірге өтті. Енді бір айта кетер жағдай, осы біз көрген қиыншылық, ауыр өмірімізді кейінгі жастарға бермесін. Өмірлері өзгерісті өмірге тап болмасын. Аспандары ашық, ел іргесі тыныш болып, бақытты өмір берсін, деп отыратын.

Марияма шешеміз ақын болмағанмен жақын-жуық, құда-жекжат, абысын-ажын арасындағы заман ағымына қарай шығарылған әзіл-қалжың, әртүрлі өлеңдерді жадында сақтап, айтып отыратын адам еді. Соғыс жылдарында Бөду деген апаларының үш ұлы бірдей соғысқа кеткенде шығарған өлеңін былай деп айтатын:

Көкжартас шөбін сұйық, тақыр екен,

Хат та жоқ, хабар да жоқ үшеуім-ай

Сарғайып қандай жерде отыр екен, – деп ауыр күрсініп, оһ-үһ деп айтып отырушы еді, замана ауыртпалығы оһлатпай, үһлетпей қоя ма дейтін. Міне соғыстың ана жүрегіне түсірген ауыртпалығынан шыққан өлең осындай болатын деп өзі де бір күрсініп қоятын. «Адам жылқы мінезді ғой» деп Шөгел ақсақалдың бәйбішесі Жамалдың құдасы Толсынбекке шығарған өлеңін айтып күлдіріп отырушы еді:

Көк қия қой жайылып еңістейді,

Жасаған қай пендесін тегістейді.

Сартауға тілімді алмай көштің ғой деп,

Қабағы Толсекеңнің келіспейді, – десе, Нұрғамила анамыз да өлеңді ойдан құрастыратын адам еді. Сол кісінің ұлы аламын деп жүрген қызды қыздың әкесі басқа жасы үлкендеу адамға тұрмысқа береді. Сонда Нұрғамила ананың баласына айтқаны:

Ауылым қонған бақалы,

Етік кидім тақалы

Күн тимеген қызыңның

Иіскеп келіп сүйгенде,

Жыбырлатады-ау сақалы.

Қарта ойнаймын ермегім

Атеке қызыңды бермедім

Бес жыл ғостым атеке

Шал ғұрлы мені көрмедім, –депті.

Міне осындай өлеңдер заманында ел арасына тарап, көп адамның жадында сақталып қалып айтылған ғой.

Қаншама қиыншылық өмірді бастан кешірсе де, жасымаған қайратты қайран аналар-ай десеңші. Жоғарыда айтылғандай, тауқыметті ауыр өмірді басынан кешірген қиыншылыққа мойымаған Марияма шешеміз өмірге Қапас, Қадыр сияқты ұлдарды, Нұрпия, Нұржөміш, Дәлел, Рәпия сияқты

кыздарды өмірге әкеліп, ұлдарын ұяға, кыздарын кияға қондырып, немере сүйіп, 1975 жылы 66 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Сабыр Шакарұлы



Сабыр Шакарұлы 1937 жылы 5 тамыз күні Жолбасшы ауылы Бесқарағай ауданында дүниеге келген. Руы Уақ (Ергенекті).

Әкесі Шакар орта шаруа болған адам. Соғысқа дейін, соғыс жылдары жаңа өркендеп жатқан Қарағанды қаласында еңбек еткен.

Әли Сабыр үш ағайынды. Үлкені Уахит, ортаншы ағасы Самат, қазір ол кісі қайтыс болған. Үлкен ағасы Уахит Семеновка ауылында тұрады.

Сабыр Шакарұлы 1956 жылы Өндіріс орта мектебін бітірген соң, сол жылдың күзінде әскер қатарына алынып, 3 жыл міндетін атқарып елге оралды. 1959 жылдың күзінде Семейдегі дайындау кадр-мамандарын даярлайтын техникумға оқуға түсіп, 1961 жылы товаровед деген мамандық алып бітіріп шықты. Сол жылы өзімен бірге оқыған Гүлжәмішке үйленіп, семья құрды. Осы жылы Казпотребсоюздың жолдамасымен Гурьев облысы, Маңғыстау ауданына жұмысқа жіберді.

Маңғыстау ауданында мамандықтары бойынша екі жылға тарта жұмыс істеп, туған жері Бесқарағайға оралды.

Содан барлық еңбек жолы Бесқарағай ауданының өмір тынысымен байланысты болды. Қатардағы дайындаушы – товароведтен сол мекеменің директоры, аудандық тұтынушылар қоғамының төрағасы болып зейнеткерлікке шыққанға дейін адал да абыройлы қызмет атқарды.

Өмір бойы сауда жағында – жұмысшылар кооперациясының бастығы болып қиын салада жұмыс істеген Сабыр Шакарұлы нағыз жер қозғалса да қозғалмайтын, аз сөйлеп көп тыңдайтын, жүзінен жылылық лебізі үзілмейтін, жұмысқа деген жауапкершілігінен жаңылмаған өте бір қарапайым, ел құрметіне бөленген, кішіпейіл азамат еді.

Ол бірнеше рет аудандық атқару кеңесінің депутаты болып сайланды. Казпотребсоюздың съезіне 3-4 рет делегат болып, съезге қатысты.

Семьяда, ағайын-туыстар арасында қамқоршы, бауырмалдығымен сүйіспеншілікке бөленді. Үлкенін үлкендей, кішісін кішідей сыйлап, бауырына тарта білді.

Өзі сүйіп қосылған жары Гүлжәміш Мағызұмқызымен 38 жыл бірге берекелі отбасында, тату-тәтті өмір сүрді. 5 бала дүниеге келді, бір ұл 4 қыз.

Үлдан, кыздан 11 немере көрді. Балалардың бәріне әр саладан мамандық беріп оқытты.

Үлкені Ақмарал жоғары білімді ұстаз, Борас ауылында орта мектепте істейді. Ұлы Бауыржан шаруа қожалығы бар, өз шаруасымен айналысады, жоғары білімді маман (зоовет) Қызы Назыгүл – фармацевт. Қызы Ләйля – жоғары білімді экономист-финансист. Семей қаласында зейнетақы төлеу қалалық орталығының департаментінің бастығының орынбасары болып жұмыс істейді. Кіші қызы Перизат жоғары білімді экономист, қалада бір фирмада экономист болып істейді.

Ұлы Бауыржаннан көрген екі немересі студент. Сабыров Берікжаны Алматыда энергетика институтының студенті, Шакаров Дәурені Қайнар колледжінің екінші курсында оқиды.

Қырғыс-Мәмбетқұл шежіресі

Қырғыс-Мәмбетқұл шежіресін үш рет толықтырып, 300 беттік кітап етіп шығарып, қырғыс ұрпақтарына өмірлік мұра етіп қалдырған, нағыз жомарт жанды, дархан көңілді ірі де кесек тұлға Төлеубек Смағұлұлы болатын. Ал төмендегі шежіре нұсқасы, ата шежіре кестесінің ретін бұзбау мақсатында қысқаша беріліп отыр.

Мәмбетқұлдан – Тенізбай, Тенізбайдан: Жарас, Жиен, Қараш. Жарастан-Жирен, Тайлак (Ақдәулет), Жиеннен – Қожамқұл, Кешу, Қараштан – Бекбау (Тұрдығұл), Баубек, Жәдік. Қожамқұлдан – Өтеміс (Қира), Қожамжар (Төлебай), Ақшора, Жолшора, Қыстау, Жайлау. Ақшорадан – Жанкелді, Қанкелді, Аралбай, –Борзабай, (Бөрбодай), Айдос, Жандос, Шүрек, Сүттібай, Қазыбек, Көрпей. Айдостан – Едіге, Қараша, Қара, Лак, Бұлак, Тұяқ, Алпыс, Жаман, Әрине. Едігеден – Қуандық, Жұмағұл, Қарман, Ақжан, Бекжан, Тәсіл, Тікіл, Асыл (Бөкі), Сәкі, Қазанқап (Тобаяк). Жұмағұлдан – Бажет, Тәжіман. Бәжеттен – Мойтық, Тілеубай (Наурызбаев Молдабектер), Итжан (Сұлтановтар), Мыңжан–о, Шойрықтан Тілесбай (Нұртілеуов Асқарбектер), Ілесбай–о, Іргебай –о, Байсабайдан Жанбай, (Нұрбәт), Ақмырза (Алтынсары, Гүлбаран), Байбораш, Байқаш –о, Тәжіменнен Төленті (Нығметов Мұқсиын, Жұмағұлдың үлкен шаңырағы) Жаман (Сарт) (Дүзбаев Рахмет), Баянбай (Тәкеев Бейсен, ұрпақ жоқ), Сейсен –о, Сәт–о.

Байбораштан: Ысқақ – о, –Смағұл, Иманғали (Мұхамәди, Ерлан), Қыдырқожа (Жанарбек, Манарбек, Ғалымбек), Смағұлдан – Сайлаубек, Сайлаубектен Ғалымбек, Русланбек, Ролланбек. Төлеубектен Тілеубек, Ардабек, Мухтарбек, Мейрамбек. Алтынбектен Аманбек, Қуанышбек. Болатбектен Жәнібек, Әлібек, Қазыбек, Данабек.

Кейін қырғыс шежіресін әрі қарай толықтырушылар болса, Жандос пен Баубек шежіресін жаза кетуді жөн көрдім.

Жандостан – Досқана, Ескене, Токтар (Күсбектер), Тапберді (Көкендер), Долан, Естай (Сейітбектер). Досқанадан – Ырғызбай, Наурызбай, Мендібай, Өтебай, Көдір. Ырғызбайдан – Бердібай, Қарабас, Шолак, Төлеке, Елемес, Кенжалы. Төлекеден – Өмірбек. Өмірбектен – Тілеубай, Білеубай, Мейірхан, Қайырхан, Қали. Тілеубайдан – Құрманғали, Жұманғали, Арғынғазы.

Жұманғалидан Шәріп, Шәріптен Бейсен, Арғынғазыдан Сәбет, Тілеубайдан – Айдархан, Слямғазы. Слямғазыдан –Шарахмет.

Мейірханнан – Тұрғанбай, Шөгел. Бірінші әйелі: Сағатжан (руы Қыржы ішінде Жолшора Беккожин Әубәкірдің апайы), бұдан: Зияда, Қабдрахман, Бабақұмар, Нұрпия, Қалел. Қабдрахманды 8-9 жасында Беккожин Әубәкір асырап алған. Ер жеткен соң Құмқолден әскер қатарына Беккожин болып алынып, содан хабарсыз кеткен. Екінші әйелі: Марияма, руы Мырзас, Сейітқазының інісі Мағзұмның әйелі болған, Қайырханның баласы. Бұдан: Қапас, Қадыр, қыздары: Нұржәміш, Дәлел, Рәпия.

Шөгел – (әйелі Жамал, руы Матай, Адалбек жажының қызы) Шөгелден – Қабдыкөрім, Қабдыкөрімнен: Төлеген, Рамазан, Ғалым, қыздары: Бикамал, Нұрбағи, Лиза, Ардақ.

Қайырханнан – Айтқазы, Сейітқазы, Мағзам, Мағзамнан Гүлжәміш, Нүкеш. Сейітқазыдан – Көрім, Әнікеш, Әрін, Асхат. Айтқазыдан – Базар, Назар, Тойке. Нүкештен – Бекқазы, Болат. Қалидан – Әубәкір, Құсыман.

Қазиза Бадауқызы Жүкенова



Қазиза Бадауқызы бұрынғы Семей облысы Аякөз ауданында өкесі Ғабдоллаұлы Бадау мен анасы Тұтқышбайқызы Кәлиманьң отбасында 1949 жылы өмірге келіпті. Аякөз ауданы Мынбұлақ совхозындағы орта мектепті 1967 жылы бітіреді. Сол жылы Аң терісі техникумына оқуға түсіп, ауылға оралғаннан кейін, Аякөз аудандық халық сотына хатшылық жұмысқа орналасады.

Сот мәжілісінің хатшысы қызметін атқара жүріп, С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің Заң факультетіне түсіп, оны 1975 жылы тамамдайды. Сол жылдан өз жұмысын адвокат боп бастап, келе келе Семей адвокаттар алқасында Президиум мүшесі болып жұмыс істейді. Осы салада он екі жылдай істеген заңгерлік мамандығы бар Қазиза құқықтық органдардағы анықтау, тергеу амалдарының қыр-сырына қанығып, адам тағдырын адамдықпен қорғай білетін адвокаттық қызметтің заңдылығын, тәжірибесін іс жүзінде терең меңгеріп, кәсіби заңгер ретінде әбден шындалған кезде 1987 жылы Аякөз аудандық халық сотының судьясы болып сайланады. Аудандық, қалалық соттар бірінші буындағы сот сатысы болғандықтан, қалалық сотқа судья болып келген Қазиза, бейнеті мол жұмыстың ортасында жүріп тәжірибе жинақтап, әрбір шыққан үкім,

шешімдерді заң талабына сай дұрыс, жоғарыда тұрған сот сатыларына шағымданғанда, бұзылмайтындай, өзгермейтіндей орнықты шешімдер қабылдауға қол жеткізген еді. Осындай кемісті еңбегінің арқасында сот билігін жүзеге асырумен қатар халықтың сеніміне де ие болып, халық депутаттары Аяқөз қалалық кеңесіне 1982-1989 жылдары депутат болуымен қатар, қоғамдық негізде сот, прокуратура, адвокатура қызметкерлерінің бастауыш партия ұйымының хатшысы жұмысын қоса атқарды. ҚР Президентінің 31.12.2003 жылғы жарлығымен Тарбағатай аудандық сотының төрайымы болып тағайындалады. Бұл қызметте де өз жұмысын нағыз біліктілікке тән қырағылықпен атқарып, өмірден алған тәжірибесі мол, иманы көміл, билігі әділ, турашылдықтан таймайтын судья екендігін көрсете білді. Сот төрайымы ретінде Қазиза қарапайым халықпен етене араласып, құқықтық мәселелер төңірегінде әңгімелер өткізіп, жұртшылықтың да пікірін біліп жүргендіктен де болар, ел алдындағы беделі өте жоғары десем артық айтқандық болмас. Жалпы Қазиза Бадауқызы қай жерде қызмет істесе де, тура жолдан еш ауытқымай жоғары өрлеп келе жатқан судьяның бірі. Сондықтан Қазиза судьялық төрайымдық міндеттерін бәрінен жоғары қойып, оны адал атқаруды ғана ойлайды. Соның да әсері болса керек, ол судьялық қызметінде тек жақсы қырынан ғана танылып келеді. Еңбек қана адамды өмір биігіне алып шығады дегендей, халық алдындағы беделі мен елеулі еңбектері ескеріліп, біліктілігі жағынан дәрежесі бірінші сыныпты судья. Еңбек ардагері, ҚР Президентінің 2005 жылғы 25 тамыздағы жарлығы бойынша «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Қазиза судьялар қызмет жасайтын мекемені талапқа сай жабдықтау мақсатында алғашқы орын тепкен, басқа мекемелермен қабырғалас болып бір есіктен шығатын ескі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, ғимаратты облыстық соттар әкімшілігінің балансына алғызып, заманға сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, 2005 жылдың жана жылын аудандық сот мәжіліс залында, аудио-видео құралдарымен жабдықталған, жарық та жылы ғимаратта қарсы алған еді. 2006-2007 жылдары өткізілген «Жылдың үздік кеңесі» байқауында, Тарбағатай аудандық сотының кеңесі бірінші жылында алғыс хат алса, екінші жылында жүлделі орынға ие болды. 2008 жылы жоғарғы органдардың келісіміне қол жеткізіп, бұрынғы әкімшіліктің ғимараты аудандық сот мекемесіне берілді. Соттың мекемесінің ғимаратына қазір де локальды жүйе орнатылып, барлық компьютерлер желіге қосылған. Барлық судьялар мен сот мамандары компьютермен қамтамасыз етіліп, «бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесінің» бағдарламасын меңгерген.

Қазиза ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан қазіргі Шығыс Қазақстан, бұрынғы Семей облысында халық сеніміне ие болған, қара қылды қақ жастын тәжірибелі де іскер судьялар аз емес. Олар Түменов Ниязбек, Еленов Күлік, Арғынғазин Байқади, Ұланов Сиязбек, Ықыласов Қанағат, Сабырбаев Биахмет, Мутаиров Шәріп, Қанаев Толеухан, Сарсенбаев Кенжеғали, Митанова Надежда, Күретаев Базар, Қалиев Тұрсынхан, Д. Руденко, М. Шабалин, Р.Юрченко және избасарлары: Қ.Амадилова,

Н.Томпакова, Б.Бухарбаев, Е.Әділбеков, Оразбек Бағдарлы, Б.Мергенбаев және тағы басқаларды көптеп атауға болады. Міне осындай өнегесі мол аға буыннан үлгі алдық, турашылдықты бойымызға сіңіріп, қалай да сот ісіне қылау түсірмеуді үйрендік. Өйткені қазақта «Тез жанында қисық ағаш жатпайды» деген аталы сөз бар. Жоғарыдағы таза жүректі ағалардың өсиетін тындап өскен біздердің теріс жолға түспеуіміз хак дейді.

Қазиза жанұялы, отағасы Жүкенов Серік Слямбекұлымен 1971 жылы, ол кісі комсомол жұмысында жүрген кезде танысып, шаңырақ көтеріпті. Серік Слямбекұлы мамандығы тарихшы мұғалім, ұзақ жыл Қазақстан теміржолы ұлттық Компаниясының Аякөз депосында Кәсіподақтар төрағасы болып қызмет атқарады. Бүгіндері Гүлжан, Әлия атты қыздары, Арман атты ұлы бар. Қыздарын құтты орындарына қондырып, ұлын үйлендірді. Қазір әрқайсысы бір-бір үй болып отыр. Немере сүйіп ата, әже болған бақытты жандар. Қызы Гүлжан 1972 жылы туылған, ҚР Ұлттық банкісінің заң департаментінің шарт, құқық жұмысы басқармасының бастығы, білімі – заңгер. Әлия 1977 жылы туылған, адвокат. Ұлы Арман 1983 жылы туылған, білімі – заңгер, ҚР Жоғары соты жанындағы заң академиясын және магистратурасын тамамдаған. ҚР Жоғарғы сотының қадағалау алқасы жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі бөлімінің бас сарапшысы.

Табиғатында пысық, әрі істе тұтқа болатын Қазиза, өзін тұтасымен тұғандарына балалары мен жұбайына арнаған қасиетті аналардың бірі.

Әзілхан Талғатбекұлы Байқадамов



1962 жылы Ақсуат ауданында өмірге келген. Ақсуат орыс орта мектебін 1969-1979 жылдары бітіріп, 1980-1985 – жылдары Өскеменнің Жол құрылыс институтын тамамдайды.

Институтты бітіріп келгеннен кейін, Ақсуаттың ауыл шаруашылық басқармасында ауыл шаруашылығы техникаларын бақылаушы инженері болып жұмыс істейді.

Осы қызметте істеп жүріп, аса үлкен де жауапты жұмыстың тікелей ұйымдастырушысы болады. Ақсуаттың ішінде-ақ шебер ұйымдастырушы іскер маман ретінде айқын танылады. Өз ісіне деген адалдығы, қарамағындағы мамандарға талапшылдығы, жұмысты ұйымдастырудағы біліктілігі басшылардың назарына ілігіп, аудандық кәсіптік техникалық училищенің директорлығына тағайындалады. Бұл жұмыста да, өз жұмысын адал атқара отырып, бойындағы бар күш-жігерін, біліктілігін сала еңбек етті. Сол кездегі аудан экономикасын дамытуға үлкен үлес қосты. Нарық кезеңінің қиыншылығына қарамастан, аудан тұрғындарына монша салып,

аудан орталығында тұратын Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларын және тылда істеген еңбек ардагерлерін шөппен, жеммен қамтамасыз етіп, халықтың шынайы ықылас, алғысына ие болды. Ол жастайынан еңбектің қиындық, рахатын көріп, қызметтің де жауапкершілігін жанымен түсінген, жұрт сыйлайтын ауызға ілінген жақсы азаматтың бірі болды деуге әбден болады.

«Қарашада қара үй түр қарайлай жүр артыңа» дегендей, ауыл топырағында аунап өскен Әзілхан, ауылдың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен білікті мамандар даярлауда қолдан келгенше үлесін қосқан, азаматың бірі.

Өмір бір орында тұра ма, Әзілхан бұл қызметтен сол кездегі Астана, Алматы қаласындағы Қауіпсіздік комитетіне жұмысқа ауысып, өндірістен мол тәжірибе жинақтаған Әзілхан бұл жұмыста да ұстамды, өмірде қарапайым, өзіне тым талап қойғыш, тапсырылған іске өте жауапкершілікпен қарайтын абыройлы азамат ретінде танылып, полковник дәрежесіне дейін көтерілді. Жанұялы, жолдасы Айжан, жоғары білімді экономист, Центр кредит банкісінде орынбасар болып жұмыс істейді. Алуа, Мадина атты қыздары. Мирас атты ұлы бар. Алуа мен Мадина Москваның Бауман атындағы техникалық Университетінің студенттері. Мирас келешегінен үлкен үміт күткен, келешекте шаңырақ иесі болатын жеткіншек.

Уалихан Талғатбекұлы Ботабаев

Москвадан жоғарғы оқу орнын бітіріп, ұзақ жылдар Алматы, Астана қалаларында Мемлекеттік қауіпсіздік саласының жоғарғы эшелонында жұмыс істеген азамат, әскери шені – полковник, қазірде зейнеткерлікте.

Жанұялы, Алтай, Мағжан деген ұлдары, Жәмила деген қызы бар. Екі ұлы да жоғарғы оқу орнын бітіріп, әке жолын жалғастырып келеді. Қызы АҚШ тың жоғарғы оқу орнында оқиды.

Абдрахман (Әбіш) – (30.03.1954 – 3.09.1998 жж)

Мамандығы – энергетик. Ұзақ жылдар электр жүйесінің бастығы, «Сұлутал» совхозында совхоз директоры болған азамат. Қай жұмыста болмасын сол еңбектің нақ ортасында жүріп, ыстық-суығына шыңдалып өскен, аудан экономикасын өркендетуге сүбелі үлес қосқан, ел игілігі үшін жемісті еңбек еткен, тұлғасы таудай, төзімі тастай, сезімі гүлдей, аңқылдаған ақ жүрек, тура мінезді, текті атадан шыққан азамат еді. Марқұм көзінің тірісінде өте атқұмар азамат болды. Амал қанша, тағдырдың жазуымен өмірден ерте озды. Марқұмның құлпытасындағы:

Жан едің көпшіл, адал әрі есіл ер,

Шығармас туыс-туған бәрі есінен.

Тұлпарға құмар едің, тұлпар болып.

Өмірдің тез өттің-ау мәресінен, – деген жазуы, халық қастерлеп ауызға алатын осындай есімдер сондай құрметке – көп ісі үшін, халық игілігі үшін сіңірген еңбегіне орай ие болғанын байқаймыз.

Ғалия мен *Назғұл* де жоғарғы білімді жангерлер. Ең бастысы ісіне адал, бір бастарына жетерлік абырой атағы бар қарапайым жандар.

Баубек шежіресі

Қыржыдан – Теңізбай, Теңізбайдан – Қараш, Жарас, Жиен (Жасық), Қараштан – Бекбау, Баубек, Жәдік. Баубектің бәйбішесінен: Бөбіш, Бектемір, Тастемір, тоқалдан: Есентүгел. Есентүгелден – Мұрынбай (би болған), Қуаныш (қажы болған), Молдабай (би болған), Ғабдолла. Молдабайдан – Ғабдолла, Рахметолла, Боз (Нигметолла). Әбіш, Құрманғали. Ғабдолладан – Бадау, Ыдырыш, Серікбай, Болатбек. Рахметолладан – Арғынғазы. Боздан – Тұрғазы. Әбіштен – Сарқыт, Мағау. Құрманғалидан – Амантай. Арғынғазыдан – Байқади. Бадаудан – Демеш деген ұл, Қапия. Жаныл, Қазиза деген қыздары бар.

Бектемірден–Шақа, Майлан. Шақаның бәйбішесінен: Байқадам, Доғал, Аюбай, Жұртыбай, Төттібай, Дәуітбай, Күлсейіт, Әпсейіт.

Доғалдан – Сыдық, Мұхамеди. Сыдықтан Ахмет, одан – Жұмағазы. Жұмағазыдан бір қыз бар. Мұхамадиден – Баяхан, одан – Талғат, Талғаттан – Мұрат, тағы да бір ұл бар.

Аюбайдан – Қаратай, Аққалак. Қаратайдан – Әбен, одан – Мендібай және үш ұл бар. Жұртыбайдан – Шолан, Бекен. Шоланнан – Сайлау, одан – Бауыржан, Серік. Бекеннен екі қыз бар.

Төттібайдан – о, Әпсейіттен – Әбілмәжін, 2-3 ұлы бар. Таскескен ауданында тұрады.

Күлсеиттен – Хамза, бұдан басқа 4 ұл болған. (әйелі Зылиха деген Қазан татары жоғарыдағы 4 бала осыдан)

Байқадамнан – Базар. (Базардың 3 әйелі болған) 1-ші әйелі Сыбан қызы, руы Сар Сыбан деп аталады. Бұдан: Құсайын туады. 2-ші әйелі Әнипа, руы Қаракесек, Саудабай қажының қызы, бұдан: Нұрахмет, Сәйіт, Ахметжан деген ұлдары, Мәрзия деген қызы болған. 3-ші әйелі Гүлсім, Малтүгел, Тойке қажының қызы, Шынтемір ұрпақтары. Бұдан: Талғатбек, Мүсатай 13 жасында қайтыс болыпты. (Тағдырдың жазуымен кейін Гүлсімді Қосаев Алдажар алып 1936 жылы қайтыс болады, сүйегі Аякөз жерінде екен).

Күлсеит қайтыс болғаннан кейін әменгерлік жолымен Зылиханы 4 баласымен Слям алады. Зылиханың туыстары Пахруддинов Шерилер болып келеді. Слямнан (1906-1975) – Токтарбек, Токтарбектен Шыңғыс (1969 ж), Ақмарал (1970 ж), Марс (1974 ж), Қанат (1978 ж), Қараш (1980 ж), Дарын (1993 ж). Шыңғыстан – Алтуар, Даниэль. Марстан –Мансур. Қанаттан – Айбек, Айгерім, Думан.

Құсайыннан (1888-1967 ж) – Тәуірбек, Әнуарбек, Сәме, Мүсілия деген қыздары ҚХР-дан 1962 жылы оралған. Әрқайсысында 4-5 тен бала бар, Ұржар ауданында тұрады.

Нұрахметтен – (1902- 1994 ж) Шәрбән, Тоқтамыс, Мұхтарбек. Бақытбек, Әлия.

Сәйіттен – Әлихан деген жалғыз ұл.

Талғатбектің бәйбішесі Қайша руы Айдар ішінде Сармырза оның ішінде Құлтабар Ботабайқызы. Бұдан Уалхан, Абдрахман (Әбіш), Әзілхан туалы.

Қыздары: Ғалия, Назгүл, Уалхан (Әйелі Тұлнар руы Ақнайман ішінде Көкжарлысы). Бұдан : Алтай, Мағжан деген ұлдары, Жәмила деген қызы бар. Абдрахманның бірінші әйелі Нәйлә, руы Арғын ішінде Қаракесек, бұдан Тимур деген ұлы болған. 2-ші әйелі Дария– Мырзас ішінде Жауар оның ішінде Бәйтелісі, бұдан Баубек деген ұлы, Айша деген қызы бар.

Әзілхан–жолдасы Айжан, руы Токабай ішінде Кегенбай бидің ұрпақтары. Алуа, Мадина деген қыздары, Мирас деген ұлы бар.

Талғатбектің 2-ші әйелі Сақыш, руы Көнші. Жоғарыда аталған балалардың барлығына ақылшы ана болып келе жатыр. Кенжесі Әзілханның жанұясындағы бала–шағасы осы кісінің қарауында тәрбиеленіп келеді.

Байқадам ұрпақтары жөніндегі деректер:

Байқадам (1880-1906 ж) 34 жасында «Лаба болысына болыс болып сайланыпты». Байқадам болыс туралы халық ақыны Сапарғали Әлімбетов «Бір сырым » деген өлеңінде қыржының атақты би–болысы Байқадам туралы былай деп жазыпты :

Мұрынның Шерубай мен Танасындай,
Сыбанның Торғай, Нұрбек даласындай.

Қыржының Байқадамы секілді,

Халықтың қамқоры еді анасындай. –депті.

Байқадамның әкесі Шака 1800 жылы туыпты. Бәйбішесінің аты Алуа, руы Тобықты. Мотыш бидің ұрпақтары екен. Шакада 11 қос жылқы болыпты. Байқадамның бесінші атасы Қараш батыр. Қараш батыр Қабанбай батырдың үзегілес серігі, айлакер батыр болған адам. Ол туралы белгілі айтыскер ақын Қалихан Алтынбаевтың «Ақырғы айқас» деген дастанында Қараш батыр туралы былай деп жазылыпты:

Қожағұлұлы Қабанбай,

Қиқуын салып ол кірді...

Қыржыдан батыр Қарашты,

Бес қаруы жарасты.

Ансағай бойлы зор кірді... деп жазыпты.

Байқадамнан – Базар (1865-1926 жж) туады. Байқадам би бірнеше рет сайланып болыс болып, қартайған соң ұлы Базар болыстықты жалғастырады. Базар болыс заманында Ресейдің бірінші думасына, Абайдың ұлымен бірге депутат болып сайланып, дума тарап кетіп отырыстарына қатынаса алмапты. Байқадам 1906 жылы қайтыс болады, зираты Қызыл кесіктің «Үшқара» деген жерінде. Шешесі Алуаның зираты да ұлы Байқадамның жанында.

Базар 1924 жылы қайтыс болады. Зираты Қызыл кесік ауылының «Ақшоқы» деген жерінде.

Байқадамның бір баласы Құлсейіткажы 1902 жылы қажыға барып, Меккеде қайтыс болады. Құлсейіттің баласы Хамза суырып салма ақын адам болыпты. Ол 1932 жылы халық жауы деп атылыпты.

Слям – елу жыл мал дәрігері болып жұмыс істеген, төрт түлік малдың қандай аурулары болмасын емдеп жазатын қолы шиналы, оташы адам

болынты. Абай ауданында дүниеден өтіп, зираты Абай ауданының Қарауыл селосында екен.

Байқалам шежіресін қысқа қайырмаға: Байыстан – Қыржы, Қыржылан – Теңізбай, Теңізбайдан – Қараш, Қараштан – Баубек, Баубектен – Көк, Көктен – Бектемір, Бектемірден – Шака, Шакадан – Байқадам, Байқадамнан – Базар, Базардан – Талғатбек, Талғатбектен – Уалхан, Абдрахман, Әзілхан, Ғалия, Назгүл.

Байқадамның Базары 1926 жылы қайтыс болғанда немере інісі Хамза Құлсейіттің жоқтау үшін шығарған жырынан үзіндіні жаза кетуді жөн көрдім.

Базарұлы Нұрахметтің есінде қалғанын жазып алған Базардың кенже ұлы Талғатбек (Қосаев):

Бісміллә деп бастайын,
Тындасын келген халқымыз.
Үлкен аға, кіші іні,
Сөкпеңіз барша жалпыңыз.
Абайдай асыл ардақтым,
Солармен теңдес шарқыңыз.
Дұғалы ауыз төртіпті,
Алашқа айқын парқыңыз.
Қорғаннан асыл айрылдық,
Заманы қандай артыңыз.
Тілеші дәрмен берсе алла,
Сөзімнің болмас шарасы.
Айдаһардай айдындым,
Ақирет кеткен өке – кем.
Патша да порымды
Рахманкүл, Дөненбек,
Сыбанда құдаң Орынды.
Назымды айтам сөкпе жұрт,
Демеймін сөзім жарамды.
Кеше атан өткен, қажы Тойке,
Еріксіз алды талайды.
Шынтемірде өткен жолдасың,
Айырған жаудан маңайды.
Қадірлес інің Акшайық,
Қайғысын іштен санайды.
Қорған боп баққа қайран ер,
Асырап аймақ маңайды.
Аузына түгел қаратқан,
Зайсан, Семей арасын.
Өр сөзін бұрмай сөйлеген.
Арғын, Найман баласы.
Атамай атын мырза деп
Жонымбеттің данасы.

Шуада жылап аланы.
Ақирет кеткен әке – кем
Артынды құдай оңдасын.
Шапағат етін Расулім,
Төрт періште қолдасын.
Ажарың асыл караған,
Әкеми, Шәріп жолдасын.
Бекбосында өткен Жандостың
Жұрт таппай қалды–ау арнасын.
Жақула, Скак, Жұмажан – (оқыған адамдар)
Бетінен бөлек қашанда.
Сәмет, Мұқыш, Құсайын – (ақын Базардың досы)
Аузынан сөзін алмады.
Елу тоғыз жасында
Ажалдың оғы қармады.
Тойке, Жүніс, Рақұл,
Мухалмада ініміз.
Артында тірі қалған соң,
Не болар көрген күніміз.
Жүрмейтін биік үскірік,
Занғардың биік саласы.
Бір күнде көлім суалды–ау,
Өмірін Алла карашы.
Жылағанмен келмейді,
Сабырлықпен жылайын.
Қазақ еді халқымыз,
Рәсімін құрайын.
Бұтағы жоқ шыбықтай,
Бұрала барып құлайын.
Сүйегі жоқ қызыл тіл,
Сайрашы біраз сынайын.
Танды жарған Шолпаным,
Енді қайда барайын,
Жазғаны болса осылай,
Жаратқан қакқа қарайын.
Өленде аты аталған адамдар Базар теңдес, сол уақытта өмір сүрген,
жақсылығы жағынан аты шыққан игі қасиетті адамдар.
13 мамыр 1978 жыл. Ақсуат селосы, Семей облысы.

Байыстың бәйбішесі Мұрын (аты әр шежіреде әр түрлі, бірде Дүзей, бірде Жүзей, бірде Ақбибі деп аталады), ал лақап аты Мұрын. Осы Мұрын анадан Кәрібай Таңатарұлы жырлағандай «Мұрыннан Сармырза мен туған Макта» депті. Мұрыннан туған балалар осы Сармырза мен Макта.

Мұрын анамыз ауылындағы бір қауым жандарды көп мәселелер бойынша бас мұрындық болған. дінгек ана. шапағаты шексіз. ұстамды да

төзімі, ұлттық мінез арқылы ұлттық қасиетті ұштастыра білген, мейірімімен дүйім елді ұстаған, жаны сая, көңілі көктем, ақылды да киелі, қасиетті адам болған. Сондықтан да ауылдағы үлкен – кіші түгел оны «Мұрын» атандырып жіберген көрінеді. «Орайы келсе орақ ор» дегендей айта кетейін. Заты осы ана үлкен мұрынды адам. Сондықтан ол Мұрын атанды. – деп әлдекімдер отірікті шындай, ақсақты тындай қылады. Алайда, о заманда, бұ заман қай қайын ата, қай қайын ене, қай қайын аға, бет аузына қарай оз келінін кемсітіп, келемеждеп ат қойған?!

Байжігіттің тарихы

Байжігіттің атасы Токтарқожаның тарихын төменде қысқаша таратайық. Токтарқожаның үшінші атасы Токтыхан, одан Токтамысхан, одан Сайбекхан. Сайбектің екі әйелінен отыз ұл болған екен. Сайбекханның елін қалмақ шауып, содан жерінен ауып, (өз Жәнібек ханның тұсында) көшіп келе жатып өз Жәнібек ханның қорығына келіп білмей қонып қалады. «Оны өз Жәнібектің жер шолған шолғыншы әскерлері көріп қалады. «Рұхсатсыз ханның жеріне (қорығына) қонған қандай адам, ажалына «серік» болған. Қазір біз ханға алып барамыз. Хан бастарынды алады», – деп әскерлер ажырандаған соң: «Елімізді қалмақ шауып, жерімізден ауған мүсәпір адамдармыз. Қарақтарым, кешіріңдер, бізге қамқорлық қылыңдар. Үйге түсіп тамақ ішіндер. Дастарханнан үлкен еш нәрсе жоқ», – деп жалынып–жалбарынып үйге түсіріп, қатты құрмет алып күтіп, жағдайын айтқан соң әскерлер қаһарланғанын қойып қайтпақ болған соң, серіктердің қасына кісі қосып, ханды қонаққа шақырады. Келіп қонақ болып, дәм татып қайтуын төменшілікпен өтінеміз», дегенді айтып кісі жібергеннен кейін Жұпар ханым айтады еріне (Сайбекке): «Хан алды тар, қаһарлы келеді ғой, сен үйге тұрмай, далаға аң аулап кетіп қал. Ханды балаларымызбен бірге қарсы алып күтеміз». Сайбек аттанып кетіп қалады. Артынан кешікпей өз Жәнібек хан нөкерлерін ертіп келе жатқанда, Сайбектің отыз ұлы біркелкі болып алдынан шығып, тағзым етіп, қарсы алып үйге түсіреді. Хан да жылы жүзбен аман–сәлем қылып отырған соң, бәйбішеден жағдайды егжей–тегжейлеп сұрап түсінеді де: «Мына жүрген көп жасөспірім бозбала жігіттер кім?» деп сұрайды.

Бәйбіше: «Бәрі де өз балам, отыз ұлым бар» дейді. Сонда хан «Ойпырма–ау, отыз ұлдың бәрі де өзіннен бе?» дейді. Сонда: он бесі өзімнен, он бесі кіші әйелден, дегенді айтады. Сонда Жәнібек хан: «Өзіңіз осынша кеменгер бәйбіше көрінесіз, қалайша үстіңізге тоқал алдырғансыз?» дейді.

Сонда Жұпар ханым айтады:

Қатында бақ болмайды ер қорыған,

Ханда ақыл болмайды жер қорыған.

Кеншіліктен кемшілік болмас деген,

Тараң болса таймайды кім жолынан.

Алдырмасаң он бес ұл қайдан келер.

Әркім зиян шекпей ме өз сорынан – деп бәйбіше өстіп оғанмен жауап берген соң, өз Жәнібек хан жеңіліп «Бәйбіше, осы қорық сіздікі болсын.

Жұпар қорығы деп аталсын» деп рұқсат еткен екен. Сол жерге мекен-жай сапып мекенден шарасынан асып толып тұрғанда Сайбек те. Жұпар ханым да қайтыс болады. Елін тағы да қалмақ шауып отыз ұлдын қонысінті өліп, тұтқындалып, тірідей қолға түсіп кетеді де, содан Қойшаға. Толымқожа, Токтарқожа деген үшеу қалады. Қойшаға Қызай Матайға кетіп, Толымқожа Керейдегі Жәнтекей еліне барып тиянақтайды. Сол Жәнтекей ішінде өсіп-өніп Меркет деген тап атанып 12 абақ Керейдің біреуі болып кеткен.

Ал енді үшінші Токтарқожа Байыс бабамыздың қолына келіп, бала болып тұрып Байыстың жылқысын бағады. Өзі күннің есебін айыратын есепші-сауегей адам екен. Бір жылы Байыс байға: «Биыл алдымыздағы келер қыс қатты болады. Елдің малы ақ сүйек болып жұтайтын болады. Сол үшін сіз осы бастан сиыр, түйе, қойдың қыстайтын жерінен үш түлік малды қамағанда сиып тұратындай етіп шымнан қора салдырыңыз. Жазғасалым, жер таусылып, елдің малы жұтай бастағанда өзіңіз үш түлік малыңызды осы шым қораға қамасаңыз, ашыққан мал шым қораны жеп те бітірер, сонда қар да кетер. Сонымен сіздің малыңыз аман қалар. Әйтпесе мал көп жұтқа шалдығар. Бойдақ қойыңызды соғым уағында қырғызып, етін қатырып қойып, бір қойды бір қызыл қозыға деп елге үлестіріп жіберіңіз. Ал мен жылқыны жылы жаққа айдап, қыстан шығарудың қамын ойлаймын» дейді. Қызыл қозы деген қойдың ішіндегі жазғытұрым туатын қозыны айтады. Күз айналып, тоқты болып енесінен айыратын уақытта жиып алатын болады.

Сонымен Байыс бай жылқышысы Токтарқожаның тілін алып, жаздай мал қыстайтын жерден қараған тобылғыны араластырып шымнан қора салғызады. Енді күз болып, қар жауар алдында Байыста екі мыңнан астам жылқы бар екен, соны қостап отарға шығарады. Бірнеше жылқышыға Токтарқожа бас жылқышы болып жылқыны айдап кетеді.

Сонымен күз жанбырлы, қыс қатты болып, ертеден малдың сұрқын кетіре бастайды. Сонда Байыс байда екі мыңнан артық бойдақ қой бар екен. Соғым уақытында бәрін қырғызып, қатырып қойып, бір қойды бір қызыл қозыдан келер күздегі мизам (сентябрь) айында жинап алатын болып, елге таратып жібереді. Қалған үш түлік малды бағып, қыстан аман алып шығудың әрекетімен шұғылданады. Қыс керемет қатты болып, мұз жауып, ел жұтай бастайды. Байыстың да жерінің шөбі таусылып, жайылым болмай қалған соң, үш түлік малды шым қораға қамайды. Ашыққан мал шым қораны жеп бітіруге айналғанда күн жылынып, қар да кете бастайды. Байыстың қойы, түйе, сиыры үш түлік малы қыстан аман шығады. Басқа елдің малы жұтайды. Күн жылынып, көк шығатын уақыт болады, жылқыдан әлі хабар жоқ. Байысбай күнде дөңнің басына шығып қарап отырады екен. Бір күні жылқының кеткен жағынан мұнарланған шаң көрінеді. Сонда Байыстың Макта деген жас қызы атасының қасында ойнап жүр екен. «Балам, осынау біздің жылқының кеткен бетінен көп мал айдағанға ұқсаған мұнар шаң көрінеді. Көзін өткір ғой, қарашы» дейді. Макта қыз қарап отырады да: «Ата, көп мал айдаған келеді». «Е, балам, осы біздің жылқы-ақ болар. Тағы да

қарашы», дейді. Мақта қыз қарап отырып: «Аға, көп жылқы айдап келеді. Жылқыдан қосар ат жетектеген біреу озып шықты» дейді де тағы да қарап отырып: «Ата, Токтарқожа ат жетелеп келе жатқанын таныдым» дейді. Сонда Байысбай ішін тартып: «Осыдан жылқым аман келсе, осы Мақтамды Токтарқожаға беремін» деп ойлайды. Сонымен Токтарқожа бір атты ыңыршақтап екі (сүйретпе) торсық қымызды бір атқа теңдеп алып, доң басында отырған Байысбайға сәлем береді де:

– Жылқыны күзде айдап кеткеннен бастап жыла көшіп қонып отырдық. Қонған жерімізге долана қазықты қағып отырдық. Қазық бармайтын тоң жерлерге тоқтамадық. Содан барып Токта тауына барсақ, жанбыр жаумаған, жері құрғақ, қысы жақсы жер екен. Сол жерге қыстап шықтық. Жабағы шолақ болып шықты. Тағалы тайымыз арықтан өліп шығын болған жоқ. Жылқы аман. Көшейік деген кезімізде біне қауырыт құлындап калып, содан биені тегіс құлындатып, құлыны қарақұлақ болған соң көштік. Кешеуілдеген жайымыз сол, – деп жөнін айтып, аттарын байлап, торсықтарын түсіргенше, Байысбай үйге жіті басып кіріп, бәйбішесіне айтады:

– «Мына үйдің босағасына бір сенсен тасташы». Солай деуінің себебі ол уақыттағы салт бойынша күйеу болатын жігітке отыратын жеріне сенсен тастайды екен.

Бәйбіше ақсақалдың айтуы бойынша босағаға сенсен тастағанда Токтарқожа келіп сол сенсенге отыра кетеді. Сөйтіп, Мақта ер жеткен соң басына отау тұрғызып, Токтарқожаға береді. Алдына енші мал салып беріп, бөлек ауыл қондырады.

Мақта апайдан: Байжігіт, Жанжігіт деген екі ұл туады. Бұл екі ұл ер жетіп, ат жалын тартып мінуге айналған соң, Токтарқожа дастархан үстінде отырып, «ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген бар, біз енді елге қайтайық, көшейік. Балаларға ел–жұртымды таныстырайық дегенді айтады, оған Мақта апай көніккіремей: «Көрмеген, білмеген еліңе қайдан көшіп барамыз. Бұл жерден не зиян көрдің? Жалғыз басың келіп едің, төрт адам болдың, басына үй тұрғыздың, бауырына қазан астың, алдына мал салып бөлек ауыл болдың, құдайға шүкір, көшпейміз», дейді.

«Ендеше екі баламды алып өзім кетемін, бармасам өзін қал. Балалардың киім–кешегін түгендеп кигіз. Және жолай жейтін азық–түлік сал, қоржын толтырып», – дейді Токтарқожа.

Сонымен Токтарқожа екі ұлын ертіп келе жатса, май айында таудың басындағы қар бұзылып, еріп, екі жағындағы жар көрінбей қатты тасып жатқан бір үлкен өзенге кез болады. Бұрынғы өткелді тауып Токтарқожа мен Жанжігіт аттарын суға салып жіберіп, ар жаққа малти өтіп шыққанда, Байжігіт өтпей тұрып қалады. «Өт–өт, неге тұрып қалдың?» – деген екен олар ар жақта тұрып айқайлап, «Мен өтпеймін, нағашыма барамын және шешемді тастап кетпеймін. Қош болындар», – деп айтады да кері қайтады.

Байжігітті Бағыс қарсы алып, қайтып келгенін қатты құрмет қылып, «Қыздан туғанның қыңғы жоқ деген, сені ана ұлдарымнан артық көрмесем, кем көрмеймін» деп ұлдарына: «Байжігітімді қақпай қылмандар. Сендермен

бірдей өсіремін», дегенді айтып, ықыласын берген екен. Сондықтан Байжігіт елі бес Байыстың біріміз дейтіні осыдан дейді.

Тоқтарқожа бірнеше күн жол жүріп, Ташкент қаласына жақын тегіндегі ата-бабасының туып өскен ел-жұрты тұрғын өмір сүріп жатқан «Шыршық» деген жерге жетіп, ат басын тіреген екен. Тоқтарқожа барған жерінде бір жесір әйелге үйленіп, одан да ұл-қыз сүйіп, Жанжігітті де үйлендіріп, одан немере сүйіп тоқсан жасқа келіп, дүниеден өтіпті деген ел аузында аңыз бар.

Ал енді Байжігіттің тарихын таратайық

Жұмықтың бірінші әйелінен: Саты, Сайболат, Қожан, Болат, Қараша. Жұмықтың кара шанырағы Қарашада дейді. Жұмықтың екінші әйелінен: Тәуке туады, бұларды алты Жұмық дейді.

Жұмықтың екінші әйелінен туған Тәуке жастай, кенеттен қайтыс болып, Тәукенің Өтеп, Түкі, Шақаман деген үш ұлы жетім қалады. Бұларға бәйбішеден туған ұлдар жат бауыр тартып, салқын қабақ танытқан соң, бұл үш жетім ұлды қолдарынан жетектеп шешесі төркіні Садыр ішіндегі атақты Алдияр байға барады. Бұл жетім-жесір адамдарды Алдияр бай қарсы алып күтеді. Сонымен үш ұл ер жетіп, үшеуін де Алдияр бай үйлендіреді. Үлкені Өтеп Алдиярдың жылқысын бағып, өте жағымды болып, батасын алады. Айналасы үш күндік жерде жатқан неше қос жылқыға Өтеп басшылық еткен.

Тәукенің үш ұлы алдарына мал салып, малданған соң, бір күні еліне қайтуға нағашысы Алдиярдан рұқсат сұрайды. Алдияр батасын беріп, бұларды көшіргеннен кейін, бір қош жерге барғанда караса, Өтептің білегінде сүйретіліп таусылған құлаштай жылқышының құрығы кеткен екен. Соны көріп «Мойныма қарыз болып кетер, құрығын апарып беріп батасын алып қайтайын» деп кері қайтып келсе, Алдияр бай үйде екен. «Балам, неге келдің?» дейді. «Жылқы құрық менің білегімде байқаусызда кетіп қалған екен. Соңы әкеліп батаңызды алайын деп келдім» деген соң, бай ықыласы түсіп кетіп, «Балам, шөлдеген шығарсың, сабадан қымыз құйып ішші», дейді. Сабаның аузын бәйбішеден басқа ешкім ұстамайды екен. Өтеп сабаны пісіп-пісіп аузын шешкенде сабаның ішіне көзі түскенін Алдияр бай байқап: «Балам, сабаның ішінен не көрдің?» деп сұрап еді. Өтеп: «Саба ішінде жүзіп жүрген екі үйрек көрдім» дейді. (Ол үйрек болып көрінген Алдияр байдың қыдыры екен) Алдияр бай айтты: «О, балам, сабадан екі үйрек көрсең, онда жылқының ырысы саған ауады екен. Тегін адамға қыдыр болып көрінбейді ғой. Балам, тегінде жылқының тұқымынан бір сәуірік айғыр берерсің тұқымыма». Сонымен Өтеп: «Бір сәуірік мойныма қарыз болсын десе де, өлі күнге дейін бере алмапты», дейді аңыз өңімеде.

Сәл шегініс жасап, Найман тарихына қатысты деректерді айта кеткеннің артығы болмас. VIII ғасырдағы Қытай тарихында Найман ханы өлгеннен кейін ұлдары Бұйырық пен Байбұқа қалады. Алайда көп ұзамай Шыңғыс пен Керейдің он ханының қысымына шыдас бере алмай, Бұйырық Алтай тауларына қарай сырғиды. Қытай тарихында Таян есімімен белгілі Байбұқа Шыңғыс ханмен ұзақ арпалысып, 1204 жылы Ханқай тауының бауырында болған ұрыста жеңіліске ұшырап, қаза табады. Оның ұлы Күшілік аман қалған Наймандарды бастап ағасы Бұйырыққа барып паналайды. 1206 жылы

Тарбағатайдың шығыс беткейінде болған шайқаста Бұйырық та жеңіліс табады. Одан соң Күшілік Ертіске қарай қашады. 1208 жылы Шыңғыс хан Ертістің жағасында Наймандар мен Меркіттердің біріккен күшін де тас-талқан етеді. Одан кейін бұл тайпалар Жетісуға қарай қашады. Бір кезде озі, Қытай Гурхан қол астына келіп пана тапқан Күшілік хан енді оған қарсы шығып, Гурханның Үзгендегі қазынасын қолға түсіріп, соның арқасында әскерлерді өз жағына қаратады. Найман ханы қол ұзамай Гурхан империясы батыс бөлігінің жеке дара өміршісіне айналады. Шыңғыс хан Наймандардың мұндай дәуірлеуіне жол бергісі келмей 1218 жылы Күшілікке қарсы өйгілі Жебе Ноян бастаған күшті әскерін жібереді. Күшілік тас-талқан болып жеңіліп, Алтай тауларына қарай қашқанымен, оны Сарыкөл маңында қуып жетіп өлтіреді. Жебе Ноян Наймандарды Қара Ертістің бойына қайтарып өкелгенге үксайды. Өйткені осыдан 30 жылдан кейін Карпин мен Рубрух Наймандардың үлкен тобын Тарбағатайдың шығыс бетінен кездестіреді.

Ал Алтай тауында қалған Наймандар кейіннен Қырғыздардың құрамына еніп, осы күнге дейін сол жерлерде мекен етеді. Мухаммед Салықтың «Шейбани намасынан» Наймандардың Мухаммед Шейбани ханмен бірге Түркістанды жаулап алуға бірге болғанын көреміз. Наймандар Губайдолла ханның Иранға қарсы барлық жорығына қатысады. 1530-1550 жылдары Мервтің өміршісі Найман Жолымбет болады. 1570-1580 жылдары Найман Назар би Балықты билейді. 1580-1590 жылдары Найман Ахмет Әлі Аталық, Нұраталық көшпенділерді басқарады.

Наймандар 1725–1726 жылдардағы қалмақтарға қарсы азаттық жорықтарға басқалармен бірге қатысты. 1728 жылы ескі Орынборда Россия боданы болуға ант бергендердің тізіміне қарағанда Наймандар 1726 жылы Сәмекемен бірге орыс шекарасына жылжыған. Алайда, Сәмеке қайтыс болғаннан кейін Наймандар Аблай ханның қарамағына ауысады. 1758-1760 жылдары Наймандар Тоқырауын өзенінен Алтай және Жоңғар тауларына дейінгі аралықты мекендеді; Олардың соңғы қоныс аударуы, яки Наймандардың Қарқаралы уезі мен Шыңғыс тауды тастап, оңтүстікке қарай ығысканы 1810 жыл шамасында болып өтті. Шокан Уалихановтың жазуынша Қонырат елі де 19 ғасырдың басында Қаратау, Талас, Ташкент, Бұқара, Қоқан маңына ауысыпты. Сөйтіп Қазақстан мен Орта Азия жеріндегі түркі тілдес жергілікті тайпалармен араласып, Қазақ, Өзбек, Қарақалпақ, Қырғыз халықтарының құрамына еніп, сіңісіп кетті депті.

Міне осындай алмағайып замандарды басынан кешірген Наймандар төңіректің төрт бұрышын мекен етіп қалғанды мезгейді. Жоғарыдағы біз айтып отырған Байжігіт тарихы қаншама уақыт Жоңғар шапқыншылығына ұшырап не қилы өзгеріс заманды бастарынан өткерсе де, тұнып тұрған қазақи дәстүр салты, ақындық өнері, өзге ұлтқа тән емес, қазақтың шұғылданатын ата кәсібі шаруасы тайға таңба басқандай көрініп тұр емес пе. Сөйте тұра кейбір шежірешілер Тоқтарқожаны Сарт екен, енді бірі Қожа. Араб екен деп те жазғандар бар. Егер Өзбек пен Сарт деп алсақ, оның ата кәсібі саула-саптық емес пе, ал Қожа деп алсақ, оның негізгі кәсібі дін тарату оған мысал келтірейік. Сайлақ қожа дерегі бойынша Қожа тайпасын XVIII

ғасырдың соңында қазақ ханы Өз Тұқке құрыпты . XIX ғасырда ислам діні басым бола бастаған кезде, ислам дінін сақтап қалу мақсатында, Бағаналы елінен аға сұлтан Ерден би мен Тобықты елінің сұлтаны Құнанбай исламды жаңырту мақсатында: Ерден би Түркістаннан Қорасан жожа руының Құрбан атасынан шыққан Ерқожа Шаихты Бағаналыға көшіріп әкеліп, бүкіл Ұлытау өңіріне бас имам етті. Ерқожаның кіші қызы Гүлайымды ортаншы ұлы Райымбекке алып беріп, Қожа әулетімен құда-жекжат болды. Құнанбай би Қарнақтағы (қазіргі Кентау) медресесінің дамрулласы (ұстазы) Бақсайыс руынан шыққан Бердіқожаны Тобықты еліне көшіріп әкеліп, жаңа мешіт салдырып, бүкіл Шыңғыстау өңірінің бас имамы етеді. Құнанбай би Бердіқожаның қызы Нұрғанымды өзіне кіші бәйбіше етіп алады. Ал осыдан кейін Байыс байға Қожа келіп, бала болып, жылқысын бағыпты деген шындыққа жанаса ма? Ал қазақ ата-бабасынан мал баққан соның өзін оркениеттік деңгейге дейін көтерген осы қазақ емес пе. Токтарқожаны Байысбайдың жылқысын бағып, аман өсіріп, сабамен екі саба қымыз әкеліп, Байысбайға сәлем беріп, тағым етуінің өзі қазақпын деп түр емес пе? Екі ағасының бірінің Керей еліне бірінің Матай еліне сіңіп кетуі, түбі бірге қандас екендігін көрсетіп түр емес пе. Жоғарыда Токтарқожа Жанжігіт баласын ертіп Ташкентке жақын «Шыршық» деген елді мекенге келіпті делінген. Ал «Шыршықты» былай қойып Ташкенттің өзі тегінде қазақ елі мекендеген қазақ жері болғанын, атакты Төлебидің де зиратының сонда екенін ескерсек, Токтарқожа да сол жерді мекендейтін қазақтардың ішінен шыққанын, олар барғандағы көрсетілген қазақ дәстүрлердің өзі олардың қазақ екенін тайға таңба басқандай көрсетіп түр емес пе.

Ешқандай өзбек Байыс байды іздеп келіп бала болып, оның жылқысын бақпайтынын, оның ата кәсібі болмағандықтан баға да алмайтынын естен шығаруға болмайды. Қазақтың ықылым заманнан қанына сіңген бір әдеті бар. Ол қазақ өз еліне, қай елден болмасын қайта оралса, сол келген елдің халқына тели салу әдеті осы күнге дейін бар десем қателеспеймін. Мысалы: Бір күні теледидарды қосып қарасам, бір журналист екі адаммен сұхбаттасып отыр екен. Біреуіне жағдайларыңыз қалай? Үкімет тарапынан, жергілікті жерден көмек бар ма? Ойдағыдай орналастыңыздар ма? Қандай кемшіліктер бар дегенде, барлығы да дұрыс, көмек те дұрыс жасалып жатыр. Бірақ осы өз еліме келгенде бір «Монғол» деген аттан құтыла алмай қойдым деді. Келгеніңізге қанша болып еді дегенде, бес жыл болды деді. Сонда жанында отырған адам, жұлып алғандай, сен келмей жатып бесжылда «Монғолсын» дегенді алып тастап құтылуды ойлаған екенсің, ал мен келгелі қырық жыл болды, әлі күнге «Қытай» деген аттан құтыла алмай келемін, деп күлдіргені бар. Бұл күлкі емес шынында солай. Оны былай қойғанда, қазақ өз туысында «Қытайсын» деп отыратыны баршаға мәлім. Қазақтың Қалмақпен үш жүз жылдай соғысқаны тарихтан мәлім, сол замандағы ұрыстарда қалмақтан қолға түскен қыздарды ұлы бабаларымыздың алғандары өте көп. Ал мықты, атакты деп жүрген шежірешілеріміздің өзі, өз туыстарын бұлар «Қалмақ» емес пе отырағынын сан естігенбіз. Міне бұл қазақтың қанға сіңген әдеті. Сондықтан да Токтарқожаны оның ата-бабаларының қазақ екендігіне еш

шүбө келтіруге боямайды. Өзбекстанда тұратын казактардың кырык пайызга жуығы өзбек болып жазылып жүргенін, Қажымұқан сияқты казактың атакты палуанын Кыргыз демесе, күреске катынастырмағанын. Ұлы Отан соғысында Советтер Одағының бағыры болған Рахимов сияқты казакты өзбек деп айт деп әйелін қинағандықтан, Қазақстанға келіп пана тапқаны көпшілікке ақпарат құралдарынан мәлім екенін айта кеткен жөн болар.

Токтарқожадан – Байжігіт, Жанжігіт.

Токтарқожа қартайған соң елі Түркістанға Жанжігітті алып кетеді. Байжігіт нағашы жұртында Байыс байда қалады. Байжігіттің 1-ші әйелінен: Қаракүрсақ, Арыс (Кей шежірелерде: Алыс, Айтімбет(Теке) деп көрсетілген). 2-ші әйелінен: Тоғас, Жұмық. 3-ші әйелінен: Мәмбет. Бұларды бес Байжігіт дейді. Олар Тарбағатайдың күнгеі теріскейін жайлаған 5 болыс бір Үкірдай ел болған.

Жұмықтың бәйбішесінен: Болат, Сайболат, Саты, Қожан, Қараша. Тоқалдан: Тәуке. Жұмық 4 болыс ел Теріс айрық шілікті Маңырақ Шорға Болыстары болған. Мәмбеттен: Өмір, Дәулен, Қожақұл. Қожақұлдан: Қабанбай.

Жұмық.

Жұмықтың үлкен баласы Болат

Болаттан – Мүлкі, Қанкелді, Тілеу.

Мүлкіден – Тоқаша. Тоқашадан – Байгөбек, (әйменен), Жанұзақ, Жантелі, Жәнібек, Көкі, Қанай, Жанай, Жантай, Томтай. Жанұзақтан – Тоқай, Боқай, Бәшекей, Сарбас. Жантеліден – Базар, Қызыке, Жұмажан, Аманбай.

Қанкелдіден – Тауасар, Сармантай. Тауасардан- Кембаба, Жарқын, Иманқара. Сармантайдан – Тастан, Жоңқа. Кембабаның 1-ші әйелінен: Назарбай, Атшым, Қойшым, Шәнке, Жұрт. Назарбайдан – Қозыбақ, Мырзақай, Серікбай. Қозыбақтан – Сыбан. Сыбаннан- Омар. Омардан- Оспан, Қалым. Мырзақайдан- Найзабай, Қылыш. Найзабайдан – Байтемір, Жылқышы. Кембабаның 2-ші әйелінен: Арғынбай, Үйсінбай. Арғынбайдан - Сақай, Өтеген, Бошай. Өтегеннен - Кебекбай, Есенқара. Бошайдан- Ағанас, Тоғанас, Ботабай, Қақа, Төлөнді. Төлөндіден- Нұрғали, Ақан. Нұрғалидан- Айкен, Ташкен. Ақаннан- Алкен, Сағынбек, Сағат, Әлібек, Әлімбек. Сағынбектен- Дәурен, Дарқан, Дармен, Дастан, Досжан. Үйсінбайдан- Әбу. Жарқыннан – Көшек, Шомбақ, Ерубай. Көшектен – Оралбай. Оралбайдан – Бердібай. Бердібайдан – Тілеубай. Шомбақтан – Бөлекбай. Ерубайдан- Тезек.

Сайболат.

Сайболат 4 әйел алған. 1-ші әйелінен: Қарабас. 2-ші әйелінен: Жақсылық, Жаныс. 3-ші әйелінен: Сүгір. 4-ші әйелінен: Жолымбет.

Қарабастан – Есназар, Саңғырық.

Жақсылықтың 1-ші әйелінен: (Жібектен). Қошқарбай, Шотай. Мәметен. 2-ші әйелінен: Қазакбай, Токтанай.

Сүгірден- Айтбай, Оршан.

Жолымбеттен- Тәтібай. Кішкентай, Нәзіктай.

Саты.

Сатының балалары 5-су болған. Олар: Бұрымбет, Қайқы, Төлебай, Дәулетбай, Есенкелді.

Әрімжан Жанұзақұлы, Қайқы туралы:

Ұраны бес сатының Ер Дәулетбай,

Жаксының көкірегіне жазған хаттай,

Баятар, Байғұттының заманында,

Қайқыға тұрған екен адам батпай десе,

Бияда Жолдыбайұлы: Арғы атам аты аңыз Құлкана бай,

Күмістен тегенесі бәрі де сай.

Байлығы атамыздың сол емес пе,

Ташкенге айдатыпты жүз жорға тай, – дейтін Саты елі

осы болады.

Бұрымбеттен – Құттымбет, Атыман, Рай, Сейтен, Әйтен, Үмбетей.

Қайқының бірініші әйелі Баяннан: Бектемір, Қосағалы. Екінші әйелінен: Құлкана.

Төлебайдан – Майлы, Татан, Мырзағұл, Мандай, Бөтембай, Мартай.

Даулетбайдан алты ұл: Жаменке, Қыстаубай, Көтеш, Жантүгел. Байтілес, Марка.

Есенгелдінің бірінші әйелінен: Барғана, Айтқожа, Жанак, Табылды.

Екінші әйелінен: Алпар.

Барғанадан (Мұстафа, Күзе, Нұғыманов Марат, Шыңғаев Жұмаш)

Айтқожадан – Бөгіс (Жақай, Әшірбаев Мұрат, Сүлейменов Нұрахмет, Кәкенев Қалым (Манрақ)), Төгіс (Байпейіс, Жанпейіс, Жүніс (Қуан), Құнафиянов Қалым, Ахметов Уатбек, Зәкенев Әбікен (Шорға), Сүлейменов Кәпілбек, Нигмаділ, Алтаев Зияда), Еламан (Дандыбаев С, Хамитжанов, Токтасынов, Қазиев, Каумадиев, Амиров), Меніс – о, Сүтбай – (Қатабаев Сейіт (Тұғылда)), Үңгірбай (Сығаев Аәун, Мерғазы Семей, Биеш, Қалай), Сүйгінбай – (Аханбек, Салаш Кемпірбаев, Зоркымов Өкен, Махадиевтар), Ылжыро – (Қызыров Ниязбек, Мазимов Ақан, Баширов, Нигметжанов Кәдірәлі), Бөгенбай – (Солтабай, Қалиев Қазтай, Ботаев Қинаят), Калиакпар – (Мами, Шәми, Қалыбек, Қарабек, Қабди, Жүмәділов Ерлан, Мұқаджа Аққазы, Смағазинов Алтынбек).

Жанақтан – (Самханов Көшкентай, Қайнолдин Сейіт, Сейітбек)

Табылды – (Құсайынов Ешенбай, Баймолда)

Алпар – (Исаева Клара, Канафин Бектур, Марат, Мақатов Кеңесхан, Сағидолдин Серік, Съез, Қожан).

Қожан

Қожанның балалары үшеу, олар: Қабаш, Тілеумет, Есенқұл.

Қабаштан – Төлебай, Үмбетей, Құдас, Алтыбай, Тоқтамыс.

Тілеуметтен – Толас, Бөкембай, Мақас, Бөкембай. Бөкембай ұлы – Бердібай.

Есенқұлдан – Нұрлыбай, Әлібай, Жанбай. Жанбайдан – Желдібай, Есенәлі, Борсықбай, Көрпебай, Ермектай, Бармақ.

Тәуке

Тәукенің балалары үшеу, олар: Өтеп, Түкі, Шакаман.

Өтептен – Ертіс, Бертіс, Қошық, Үштума, Байқоңыр, Қоңырбай, екінші әйелден: Байтума, Тайтума, Тайбұға.

Түкіден – Сарқасқа, Марқасқа (Көт), Ырсымбет, Дау.

Шакаманнан – Токтауыл, Токтар, Машан, Папан.

Ақтайлақ би шежіресінде: Осы Өтептен сегіз бала болған: – Ертіс, Бертіс, Қожықбай, Байқоңыр, Қоңырбай. Екінші әйелден: Байтума, Тайтума, Тайбұға. Бертістен: Бөжей, Шора, Бозай, Боздақ, Ақтөбет, Байтөбет, Қожаберген. Бөжейден: Қаратай, Хасен, Күзекбай, Тасболат, Ұлтарак. Ұлтарактан: Шаянбай, одан Бөгіс, Тегіс. Тегістен: Андабай, Әбділдөбек (балуан). Бөгістен: Нүреке. Андабай қажыдан: Әмірғали, Ешен. Әмірғалидан: Мұқаш, Құлқаш. Ешеннен: Дінкеш, Секеш. Әбділдөбектен: Болыстан, Ахметбек, Айтмұхаш, Слямбек, Мұсылманбек, Әнуарбек, Аниярбек.

Қизатолла Жақыпбекұлының шежіресінде: Өтептен: Әрібике, Қожық, Бертіс (Аман деген әйел), Ертіс (Анар деген әйел), Үштума. Бертістен: Бөкенбай, Бөжей, Бозай, Қожаберген, Боздақ, Сарт, Тілменбет, Токболат. «Бөжей, Бозай бір туыс, арғы жағы Шаянбай. Аталас болған соң, Шаянбай десе тұрысағын жерім бар аянбай». Бөжейден: Ұлтарак, Ұлтарактан: Шаянбай, Шаянбайдан: Сырымбай, Бектаза, Боғыс, Тоғыс, Күдері, Шідері, Жексенбі, Дүйіс. Бектазадан: Мәден Садық, Садыр, Сәдірбек. Мәденнен: Жақыпбек, Молдаш, Зейнолла, Қизатолла. Қизатолладан: Мұратбек, Асылбек, Серікбек.

Бозайдан: Сәтек, Матақ, Матактан: Жүніс, Тәшкен. Сәтектен: Сиғмет. Сиғметтен: Аскербек, Әнуарбек, Нұрмұханбет, Мұсылманбек, қызы Мансия. Аскербектен: Жанарбек, Сәкенбек. Әнуарбектен: Манарбек, Кәдірбек. Нұрмұханбеттен: Дарын, Женіс, Қуаныш, Нұрсолтан. Мұсылманбектен: Аблай.

Ел аузынан; Төгіс Әбділдөбектің әкесі, Сұлтан інісі Нұғыманқызы Нұржамал келіні болып келеді. Шамамен алғанда 1925 жылдары Төгіс карауындағы көп жылқыны иіріп жылқы танбалағанда, бір мінезі жаман жылқы қайыру бермесе, қуып жетіп, сойылмен ұрғанда 12 қабырғасы бірдей сынып кетіпті. Мұны көріп тұрған әкесі, малды бүйтіп бағуға болмайды. Сен енді малды қойып, Шорғаға барып, егіншілікпен шұғылдан деген екен. Сол әкесінің айтқан жеріне барып егін салып, егістіктен мол өнім алып байыпты. 1925 жылы қызылдың солдаттары келіп, камбадағы астықты кедейлерге үлестіріп бересің деп, камбаны ашқызады. Бұдан аз күн бұрын «Жұмажан» талында отыратын інісі Сұлтанға, Әбділдөбектің камбада тығып ұстап жүрген бір сандық алтынды інісіне сақтап қоюға береді. Ол қорқып, камбаның ішіне қайта өкеліп тастапты. Солдаттар босағада жатқан алтынды ашып көріп, сандықты алтынымен қоса алып кетіпті. Қамбадағы астықты кедейлерге үлестіріп беру олар кеткен соң жайына калыпты дейді. Сол жылдардан бастап, Әбділдөбектің де басына көрсетулер көбейіп, басында Зайсан, одан Ташкент барып, Рубцовка түрмелерінде отырып, 1931 жылы Қытайға өтеді. Баласы Айтмұқаш та түрмеге алынып, Қарағандының

лагерінен 1946-1947 жылдары босап шығып, Шорғаға барған жерінде де көрсетінді болып. Көкпектіге келіп орын теуіп тұрғанда 1955 жылы қайтыс болады. Әкесі 1947 жылы дүние салыпты.

Мың бір түн әңгімелеріндегі:

Үйіне әуреленбе дүние үйіп,

Өзін құлап өлетін ол бір биік.

Ол үйілген ағаштын жаңқалары,

Өрт тигенде кетесің бірге күйіп, – дегендей байлықтың әсерінен күйіп кеткен адамдар ғой бұлар.

Қараша

Қарашаның балалары үшеу, олар: Аман, Құдайқұл, Болтай (Сырда). Аманнан – Жолбарыс, Бос, Биет, Қосантай, Жанқар, Жанатай. Құдайқұлдан – Шоқай, Шоқайдың бірінші әйелінен: Жәуен, Қойлыбай, Құндыбай, Шағырай. Екінші әйелінен: Өтебай, Қазыбай.

Жәуеннен – Құлтай, Дулат. Құлтайдан – Мырзакелді, Мырзабек, Мыжке, Сыбанқұл, Бегенқұл, Сәрсенбай.

Мырзакелдіден – Сәтбай, Лақай, Дөшік, Нұрғали, Құрманғали, Нұрғазы. Сәтбайдан – Баттал, Көрмен, Сейітқазы. Батталдан – Кәдір. Көрменнен – Бикамал, Төкен, Совет. Сейітқазыдан – Армия. Армиядан – Ермек, Сауле, Зауре, Ерлан, Епок.

Лақайдан – Сақа, Хамза. Сақадан – Көксеген, Енсеген. Хамзадан – Кенесхан.

Қойлыбайдан – Бектұр, Күшікбай. Бектұрдан – Баимбет. Баимбеттен – Бекбау. Бекбаудан – Рамазан. Күшікбайдан – Наниман, Бөлеу.

Құндыбайдан – Өтебай (Қытайда).

Жәуеннен – Дулат. Дулаттан – Сәбден, Майлы, Матақ, Шақантай. Шақантайдан – Асылбек, Сақаба. Асылбектен – Епе (Есмағзам). Епеден – Асия, Алия, Есхат, Айман, Нұрлан, Мейрамбек, Бақытбек, Ерлан, Шолпан. Есхаттан – Қуаныш. Мейрамбектен – Әсет, Асхат. Бақытбектен – Балжан. Ерланнан – Тілек, Еркежан.

Бос

Босың балалары төртеу, олар: Дүйсембай, Сары, Мендібай, Көпкелтір. Дүйсембайдан – Үркембай, Адам, Қашқымбай, Қойшыбай. Үркембайдан – Қали, Мәделбек, Қызырбек. Адамнан – Нұрмұхамбет, Әбілмәжін, Қыдырмәжіні, Мұхаметхан, Мұхаметқазы (Қытайда). Қашқымбайдан – Күжібай, Оңқай, Сапа, Шөтік. Күжібайдан – Долда, Бикен, Күлөжән, Қарақожа, Баймолда, Шамшат, Қоқамбай, Құрман. Оңқайдан – Қыдырқожа. Қыдырқожадан – Тұрысбек, Рысбек, Рүстембек. Сапаннан – Иманғали. Шөтіктен – Тоқтаубай, Жанәбіл. Жанәбілден – Аидан, Арман.

Сарыдан – Түки. Түкидан – Қап, Омар, Боданбай, Қажы. Қажыдан – Қанағат. Қанағаттан – Төкен. Қаптан – Мәми, Нәби. Боданбайдан – Шахмет, Шайхы.

Көпкелтірден – Көңілбай. Көңілбайдан – Қыдырхан, Қасен, Әрін (Қытайда)

Биет

Биетгін балалары төртеу, олар: Амантай. Жирен, Дембі. Базар.

Амантайдан – Қоңқаш, Жүндібай, Бұқаш. Қоңқаштан – Жырымбай, – Тұрды, Бекеш. Жырымбайдан – Сеитказы, Құрымқазы, Базалкен (Қытайда) Тұрдыдан – Төлеп, Сәрсө. Төлептен – Ихамбай, Смағұл. Сәрсөден – Сеитмолда. Ихамбайдан – Шаяхмет. Шаяхметтен –Қабден (Сеитмолда), Пионер, Ахан, Зада, Рамазан. Жүндібайдан – Ержан. Ержаннан – Жақай. Жақайдан – Әшіржан. Әшіржаннан – Сауле, Сәумен, Самат, Зина, Болат, Жанат, Қайрат. Сәуменнен – Назгүл, Олжас, Мира. Саматтан – Қымбат, Ардақ, Ерасыл, Ертай. Болаттан – Әйгерім, Шыңғыс, Диас. Қайраттан – Жанерке, Елдос.

Жиреннен – Бота, Айғыр, Іле. Ботадан – Қызанбай, Бақыш. Айғырдан – Башықбай, Тығымбай, Ахмет.

Дембіден – (қалмақ баласы)

Қосантай

Қосантайдың балалары он екі. Бірінші Ақыш бөйбішеден – Өтеміс, Тілеміс, Бөкен, Шегедек, Қаңлыбай, Тасман.

Екінші әйелі Қарадан: Естемес, Танаатар, Қиял, Тайлақ, Таймас, Бабахан.

Өтемістен – Тай, Түсіп (Қытайда). Тілемістен – Үйсембай, Жамбы, Қияс (Қытайда). Бөкеннен – Бапи, Бекбай, Түреш, Көбетай. Баяннан – Бөгембай. Бөгембайдан – Берістен, Айтжан. Берістеннен – Ожай, Сығай, Тәини, Мендеш, Зейнеш. Бекбайдан – Құтпай. Құтпайдан – Әбзәл, Құсаин. Төрештен – Бектұрсын. Бектұрсыннан – Құдыман. Күбетайдан – Қуанышбай. Қуанышбайдан – Ақбұзау, Сәду. Шегедектен – Жұмабай, Самбай, Ілгібай. Қаңлыбайдан – Бұғы. Бұғыдан – Дуанбай (Қытайда). Тасманнан – Қиқым. Қиқымнан – Баужан. Баужаннан – Сұрахан. Екінші әйелі Естеместен – Таласпай, Бабатай, Шағатай, Жарқымбай. Таласпайдан –Саиыр, Ілбосын, Кешубай, Сыдық, Ыбырай. Кешубайдан – Бидақын, Әділхан. Бабатайдан – Малшыбай. Малшыбайдан – Нұғыман, Әбдеке. Нұғыманнан – Тәңірберген. Әбдекеден – Атутан. Шағатайдан – Алтыбай, Жетеке, Теміржан. Мұхамеджан. Жетекеден – Әйке. Әйкеден – Сабырбай. Сабырбайдан – Баяхмет. Теміржаннан – Албауыш. Албауыштан – Абзелей, Зәки. Жарқымбайдан – Жанасыл. Жанасылдан – Мухамади. Мухамадиден – Молдабай, Қымызбай. Молдабайдан – Әміре. Танаатардан – Шақабай, Қашкылбай. Шақабайдан – Ботабай, Сушы, Құдабай. Ботабайдан – Абушар. Сушыдан – Түсіп. Түсіптен – Жолдыбай. Жолдыбайдан – Серәлі, Сержан, Аубөкір. Құдабайдан – Қордыбай. Қордыбайдан – Жақыпбек. Жақыпбектен – Шөңке. Қашқымбайдан – Шәугімбай, Мысжан. Шәугімбайдан – Баймолда, Жуаныш. Баймолдадан – Садуақас, Оқас. Жуаныштан – Әблехан, Абеухан. Мысжаннан – Едеш, Смағұл. Едештен – Қыдырбек. Қиялдан – Сандықбай. Сандықбайдан – Смаил (Қытайда). Тайлақтан – Өндебай. Өндебайдан – Сүйембай (Қытайда).Таймастан – Тілеубай, Елебай. Елебайдан – Сулеймен. Тілеубайдан – Қасеин (Қытайда). Бабаханнан – Түсіпбай. Түсіпбайдан – Бөкен, Бөренқара (Қытайда). Аманұлы – Жаңқар, Бейсен, Бекбол 15-20 үй.

Жанатай

Балалары сегіз ұл. Бірінші әйелден Сары бәйбішеден – Елқонды, Байғонды, Шегір, Аймырза, Боғас. Екінші әйелі Ебейден – Серкебай, Жылқыайдар, Қойайдар.

Байғондыдан – Бөкетай. Бөкетайдан – Сәтбай. Сәтбайдан – Жәбен, Нәби, Елубай (Қытайда), Қожахмет. Жәбеннен – Қамза. Қамзадан – Айдарбек, Нәби. Нәбиден – Қайдар.

Елқондыдан – Есбол. Есболдан – Ырғымбай. Ырғымбайдан – Тұқай. Тұқайдан – Темір, Оқас, Сәду, Сәмен. Шегірден – Жақаш. Жақаштан – Кенжалы. Кенжалыдан – Хасен. Хасеннен – Ниғмет.

Аймырзадан – Бот. Боттан – Шал. Шалдан – Ыбырай. Ыбырайдан – Ихсан. Ихсаннан – Ғабиден, Меллетхан, Саяхмет, Мәдейхан.

Боғастан – Кекеш. Кекештен – Қалмандай, Қымызбай, Белдеубай. Екінші әйелі Серкебайдан: Хасен. Хасеннен – Ыдырыш, Қорабай. Ыдырыштан – Рахаш, Жақанай, Майкен, Шаммухамбет, Нұрахмет. Қорабайдан – Бәзілғалам, Қари. Бәзілғаламнан – Токтарқан, Токтарбек, Ниязбек, Мәдғұл, Қызыр.

Жылқыайдардан – Бекембай. Бекембайдан – Құлмухамбет. Құлмухамбеттен – Әбікен.

Қойайдардан – Жукей. Жукейден – Көбентай. Көбентайдан – Нұрсапа. Нұрсападан – Аллаберген. Аллабергеннен – Солдатбек.

Жолбарыс

Жолбарыстың балалары он екі. Бірінші әйелінен: Елемес, Байтора. Екінші әйелінен: Орынбай, Тайторы. Үшінші әйелінен (қалмақ): Мыңжасар, Жүзеке. Төртінші әйелінен: Мергенбай, Тері, Ортай, Суртай, Тортай, Күшікбай.

Елеместен – Қожай. Қожайдан – Айтуған, Жүбатай, Боды. Айтуғаннан – Екібай, Қыпай. Жүбатайдан – Көбентай. Бодыдан – Сиырбай, Жанабай, Сүйінді.

Байторының бірінші әйелінен: Кегенбай, Қожабай (Қытай), Қожакелді. Қожакелдіден – Адай, Әден. Адайдан – Майбас, Жаубас, Күйеубай, Шандыбай, Садақбай. Майбастан – Нұрғазы. Нұрғазыдан – Армия, Жоламан. Жоламаннан – Қайрат, Манат, Элизат, Гульмира, Лаура, Жанат. Манаттан – Әли. Қанат–Элизаттан – Айзат. Серік–Гульмирадан – Ернұр, Бота. Жанат–Назгүлден – Мәди. Күйеубайдан – Омарбек, Қабылбек. Қабылбектен – Көкен. Көкейнеч – Күлпәш, Шолпан, Серік, Майра, Айман, Сержан, Индира, Эльмира. Күлпәштан – Эльдар, Гульназ, Гүлжан–, Жанар. Шолпаннан – Архат, Әсет, Әсем. Серіктен – Ербол, Ерхат. Майрадан – Сапар. Айманнан – Шолпан, Эльнар, Эльдар. Сержаннан – Ақбота, Шынғыс, Илияс. Индирадан – Айбол, Есбол. Эльмирадан – Айгерім, Жібек.

Байторының екінші әйелінен: Қалдыбай, Сапақ, Жұрымтай. Қалдыбайдан – Әділғазы, Солтанғазы (Қытайда). Сапақтан – Дутбай, Зейтүн, Түсіп, Өксібай. Дутбайдан – Ысқақ, Көжек, Нұриман, Қажай, Баймұрат, Байұзақ. Түсіптен – Шаймұрат, Қамза, Тике, Зейтін, Өксібай. Шаймұраттан –

Сентқазы, Шәріпхан, Советхан, Қайнжамал, Кемелхан, Кеңесхан, Тиястан – Динара, Динаш, Индира, Досан.

Орынбайдан – Тайторы (ұрпағы Қытайда).

Мыңжасардан – Жүзеке. Шоқаннан – Қомаканклы Мұратбек. Мұратбектен – Ахметкәрім, Қанағат. Ахметкәрімнен – Бикен, Әскербек, Болат, Серік, Бекен, Алма, Гүлнар. Әскербектен – Жанар, Архат, Айжан, Дәурен, Айгерім. Мергенбайдан – Тобылбай, Көбікбай, Аяған, Қобықбай.

Теріден – Мөржанұлы Рақыш, Шүмекбай. Рақыштан – Тұрысбек. Тұрысбектен – Елеукен, Күлсара, Елеухан, Сәкен, Бисан, Төлеш, Манарбек, Жәнібек.

Ортайдан – Жабықбайұлы Қабылғазы. Сұртайдан – Тортайдан ұрпақ жоқ.

Алтайдың ақиығы

Қазақтың тұңғыш әскери ұшқышы Жақыпбек Малдыбаев өмірінің беймәлім беттері жайында тілші Ондасын Елубайдың деректемесі жәйлі (30 мамыр 1997 жыл).

Алтайдың ақиық қыраны Жақыпбек Малдыбаев туралы кейінігі он бес жыл көлемінде ғана айтыла бастады. Отызыншы жылдары аспан әлемін әскери ұшақпен шарлаған Жақыпбек жөнінде естігенімізден естігеніміз мол болатын. Барлығы да Күршім ауданы Қараторғай орта мектебінің мұғалімі Ақаш Жүнісовтің облыстық “Коммунизм туы” газетінің 1982 жылғы 9 сәуірдегі “Бір ұядан үшкандар” атты шағын мақаласынан басталды десек, қателесе қоймаспыз. Шағын мақалада елге беймәлім Малдыбай ақсақалдың бес ұлы туралы жазылыпты. Оның үлкен ұлы Омар Ұлы Отан соғысында ерлікпен шайқасып, қаза табады. Екіншісі Жақыпбек-ұшқыш, Испания соғысына қатысып, 1938 жылы опат болған екен. Одан кейінгі Шәри де соғысқа қатысқан, оқу-ағарту, партия-кеңес қызметтерінде жемісті еңбек етіп бертінірек қайтыс болады. Шәри ақсақалды студент болып жүргенімде (1968) Тарбағатай ауданының қазіргі Қабанбай ауылында сан мәрте жолықтырсам да, ағасы Жақыпбек туралы бір ауыз пікір білдірмеді. Сірә, бізді баласынды ма, жоқ әлде, тарих тылсымын ашуға сескенді ме, ол жағы беймәлім. Жақыпбектің медицина саласында еңбек еткен інісі Әбілбектің Зайсан ауданындағы Көгедай ауылында тұратындығы, ең кіші ұлдары Күмарбектің (ол да қайтыс болды) Күршім ауданында тұратындығы жазылыпты.

Осы шағын мақала қазақтың тұңғыш әскери ұшқышы Жақыпбек Малдыбаевтың екінші ғұмырының басталуына себепкер болды. Шығыс Қазақстандық белгілі журналист Айтмұханбет Қасымов осы Жақыпбек туралы материалдарды қолына “шам” алып іздеді.

- Қазақстандық тұңғыш әскери ұшқыш Александр Шавров туралы оқығаным бар болатын, - дейді А.Қасымов. Бірақ оның ұлты орыс қой. Ал тұңғыш әскери қазақ ұшқышы кім? Бұл ой мені ұзақ жылдар бойы мазалады. Ресейдің Балашов қаласындағы Азаматтық Әуе флотының ұшқыштарын дайындайтын нөмірі 3-ші мектепке 1931 жылы өз бетімен барып түскен

Жолдасбек Нұрымұлын қазір қазақтың тұңғыш ұшқышы деп жүр. Оған таласымыз жоқ. Сөз реті келгенде айта кету керек, Жолдасбектің қызы Зарема әке жолын қуып, он жыл бойы Дінмұхаммед Қонаевтың жеке ұшағында стюардесса болып еңбек етіпті. Бұл жерде әңгіме, қазақ жастары арасында тұңғыш әскери ұшқыш туралы болып отырғандықтан, көп ізденуге тура келді.

22 жасар өрімдей жігіт 1929 жылы өз еркімен қызыл әскерлер қатарына алынды. Ақпан айында Түркияның Мерв қаласында орналасқан Түркістан ерекше кавалериялық бригадасының 82-ші полкына қызметке келді. Алғашқыда 1918 жылғы бірінші сәуірде Саратов қаласында советтік бірінші Саратов атты әскер полкы болып құралған, оралдық казактарға, Қоқан, Наманган, Ош, Хиуадағы басмашыларға қарсы соғыс қимылдарына қатысып, үлкен ұрыстарда сынақтан өткен, шындалған әскери құрамаға тап болған Жақыпбектің қанаты қатайып, топшысы беки түсті. Ауғанстан жақтан Ибрагим бектің, Батыс Қытайдан Ады Ходжаевтың жырынды жігіттері, Түркіменстанда, оның ішінде Мерв ауданының өзінде Атабай, Құдайберді, Мирбек, Шамсудин сияқты әулеттілердің маңына топтасқан басмашылар малды құм ішіне айдап барып, бүкіл ауылдарды арғы бетке өткізіп, ермеген адамдарды қынадай қырып, талай қанды қырғын салды. Өзін “Түркімен көтерісшілерінің көсемімін” деп жариялаған Оразгелдінің қарақшыларын Жақыпбектер ақыры Ханғали құдығының жанындағы қанды шайқаста қолға түсірді. Жақыпбек ерлігі ескерусіз қалған жоқ. Сан мәрте алғыс жарияланып, бағалы сыйға ие болды. Полк мектебін бітіріп, бөлімше басқарды, взвод командирінің көмекшісі болды. 1930 жылы большевиктер партиясының қатарына өтті.

1932 жылғы наурыз айының РККА-ның кіші командирі Жақыпбек Орта Азия әскери мектебінің кавалерия бөлімшесінің бірден үшінші курсына қабылданып, оны взвод командирі дәрежесінде бітіріп шықты. РККА командирі атағын алған жерлесіміз Жақыпбек Малдыбаев СССР революциялық Әскери Советінің 1933 жылғы 1 қаңтардағы бұйрығымен ұшқыштар және ұшқыш-бақылаушылар әзірлейтін 9-әскери мектепке қабылданады.

Малдыбаев қазақтың тұңғыш әскери ұшқышы екенін қалай дәлелдеуге болады? Әскери ұшқыштардың 9-мектебі Совет үкіметінің шешімімен 1930 жылғы Харьков қаласының оңтүстік-шығысындағы Рогань темір жол стансасы маңайында құрылған (1938 жылы осы мектеп негізінде Харьков әскери-авиациялық штурмандар училищесі және Чугуев әскери-авиациялық ұшқыштар училищесі құрылған). Жақыпбек осы оқу орнының екінші түлегі. Журналист А.Қасымов мектептің екі жылғы түлектерінің тізімдерін мұқият қарап, Малдыбаевтан басқа қазақ фамилияларын жолықтырмаған. Орынбор авиация училищесі және Борисоглебск ұшқыштар мектебі, Ворошилов атындағы 3-әскери ұшқыштар мектебінің (Приволжье округі) түлектері арасында да бірде-бір қазақ азаматының болмауы, Жақыпбектің тұңғыш қазақ әскери ұшқышы екенін дәлелдеп тұр емес пе.

1933 жылғы 14 желтоқсандағы РККА-ның әскери әуе күштерінің жеке құрамы жөніндегі бұйрығы бойынша 9-әскери ұшқыштар мектебін бітірген 484 адамның 19-ына, оның ішінде жерлесіміз де бар, “әскери ұшқыш-бақылаушы” атағы беріліп, Мәскеудегі РККА-ның әскери әуе күштері жанындағы әскери арнайы қызмет мектебіне, фотоқызмет бастығының курсына қабылданады. Малдыбаев бұл курсты 1934 жылдың 24 шілдесінде бітіріп, Орта Азия әскери округінің Сталинабад қаласындағы Свердлов атындағы 40-ерекше авиациялық отрядына аға ұшқыш-бақылаушы (аға штурман), сонымен бірге фотоқызмет бастығы болып тағайындалады.

Әскери қызметін мінсіз атқарып жүрген Жақыпбек сол жылы күзде тұңғыш рет 75 күндік демалыс алып, сонау Шығыс Қазақстанның Марқакөл ауданындағы Еңбек ауылына келеді. Тірі ұшқышты бұдан бұрын кім көрген, ауылдастары оны хан көтеріп, қарсы алды. Бауырларымен ақылдасқан Жақыпбек сол жолы әкесін Зайсанға көшіріп өкеледі. Ол кезде ағасы Омар ұжымшарда еңбек ететін, ал інісі Шәри Семейдегі мұғалімдер курсына оқуда болатын. Інісі Әбілбекті Сталинабадқа ала кетеді. Әділбек медицина училищесіне оқуға түседі. Жақыпбек сол жылы Юлия деген дәрігер орыс қызына үйленеді.

Жақыпбек Малдыбаевтың өз заманының озық та алғыр азаматтарының бірі екенін архив материалдарынан білуге болады. Ол отряд ұшқыштарына аэрофотобарлау аэронавигация, тактикадан курстар ұйымдастырып, сабақ берген, бірнеше рет алғыстар алған. 1937 жылы Әскери әуе күштерінің мерекелік парадына осы отрядтан қатысқан үш экипаждың біреуін лейтенанттар Малдыбаев пен Мамонтов басқарады. 1937 жылдың 19 маусымында аға ұшқыш-бақылаушы Малдыбаев звеноның флаг-штурманы қызметіне тағайындалады. Флаг-штурман – звено командирінің экипажында ұшатын бас штурманы. Ол ұшу бағытын белгілеп, уақытты есептеп, бұйрық беріп, командирге қажетті деректер беріп отырады.

Архив материалдарында Жақыпбек Малдыбаевтың Мәскеудегі Жуковский атындағы Әскери әуе академиясында оқығандығы туралы деректер де бар екен. Кейбір құжаттар негізіне қарап академияны Жақыпбектің сырттай оқып бітіргендігі туралы мәлімет алуға болады. Ал ұшқыштың інісі Әбілбектің айтуына қарағанда, Жәкең интернационалдық борышына да сергек қараған көрінеді. Ол Хасан көлінің соғысына да, Испания соғысына да қатысып, сан мәрте ерлік жасаған. Өкінішке орай, Жақыпбек Малдыбаев сол Испаниядан келе жатып, Ташкент маңында ұшақ апатынан қайтыс болады. Бұл 1938 жыл еді. Жақыпбекті жерлеуге Зайсаннан Омар, Сталинабадтан әйелі Юлия мен бауыры Әбілбек барады. Жора жолдастары қайтыс болған Алтайдың ақиығына құрмет көрсетті, басына құлпытас орнатты. Құлпытастың ұшына айналып тұратын, ұшып бара жатқан ұшақтың үлгісі орнатылды.

Кейінгі ұрпаққа Жақыпбектің ұшағы әлі күнге ұшып бара жатқандай елес қалдырады. Небәрі 31 жыл ғұмыр кешкен азаматтың ерлігі неге

ұмытылуы тиіс? Халқымыздың тұңғыш әскери ұшқышы Ж.Малдыбаевтың өмір жолы әлі де іздестіруді, толықтыруды талап етеді. “Біз білмейтін құпия аз болмаса керек. “Ер есімі – ел есінде” деген қанатты сөзді жерге қалдырамыз ба? Үстіміздегі жылдың мамыр айының ортасында Зайсан ауданының тұрғындары Ж.Малдыбаевтың туыс-жұрағаттарымен бірігіп, қазақтың тұңғыш әскери ұшқышының 90 жылдық мерейтойына арнап ас бермек. Алайда, ер есімін ел есінде ұзақ сақтайтындай ізгілікті істер елеусіз қалып қоймақ па.

Бұдан алты-жеті жыл бұрын ұшқыш ағанын есімін сақтау жолында біраз шаралар атқарылды. Марқакөл ауданындағы Шенгелді сегіз жылдық мектебіне және аудан орталығы Теректідегі бір көшеге сол кісінің есімі берілсін деп шешкен еді. Борандағы әуежайды да Жәкеңнің атымен атамақшы болған, өкінішке орай әуежай құрылысы тоқтап қалды. Зайсан зілзаласы да осынау тарихи оқиғаның аяқталуына кедергі келтірді. Енді ағаның 90 жылдық мерейтойы қарсаңында ел басқарып жүрген азаматтар, Зайсан және Марқакөл аудандарының әкімдері алғашқы әскери ұшқыш Жақыпбектің атын ұрпақтар есінде қалдыру жөнінде оның ағайындарының бастамаларына қолдау көрсетсе екен деген тілек бар” – деп болашақ қамын ойлаған азаматтар ағынан жарылады.

Иә, “ерлік – елге мұра, ұрпаққа өнеге” демекші, тұңғыш әскери ұшқыш Жақыпбек Малдыбаевтың есімін қалың елге жария ететін заман туды. Тәуелсіздік алған еліміздің көк байрағы көк аспанда желбірей беруі әрқайсымыздың асыл арманымыз шығар. Жақыпбек аға атындағы мұражайды өзі туып өскен Марқакөл немесе Зайсан ауданында ашса, жөн емес пе? Зайсан ауданы Көгедей ауылындағы інісі Әбілбек Малдыбайұлы қазірдің өзінде ағасы туралы біраз құжаттар мен фотосуреттер беруге әзір. “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланып отырған бұл мақалаға үн қосатындар немесе тұңғыш әскери ұшқыш туралы мәлімет беретіндер табылып жатса, нұр үстіне нұр. “Өсер елдің баласы, бірін-бірі батыр дер” демекші, өз аяулыларымыздың есімін қастерлей берейік, ағайын...

Шәріп Малдыбаев жөніндегі Қансабек Құдайбергенұлының әңгімесі

Ел басына туған ауыр күн неге қаратсын! 1942 жылдың тамызынан 1943 жылдың шілдесіне дейін Тамбов әскери училищесінде әскери және саяси даярлықтан өтеді де сержант Шәріп Малдыбаев Оңтүстік Батыс майданы, 94 гвардиялық дивизияның 283 атқыштар полкінің құрамында бөлімше командирі болып жауға қарсы аттанды.

Менің алдымда Шәкеңнің өз қолымен жазған күнделігінің сарғайған бір беті жатыр. Онда өз құрамасымен жау ордасы Берлинге бара алмағанына өкініш білдірген. Онда: “5 шілде 1943 жылы Курск иінінен Белгород бағытында жауға қарсы шабуылға шықтық. 5 тамыз 1943 жылы Белгород қаласы азат етілді. Белгородты азат етушілердің бірі болып біздің 94 гвардиялық атқыштар дивизиясы 94 гвардиялық Белгород дивизиясы болып қайта аталды. Бұл дивизия, оның 283 гвардиялық атқыштар полкі 25 сәуір

1945 жылы бірінші болып Берлинге кірді. Сөйтіп, Ұлы жеңісті Берлинде қарсы алды. Мен болсам, жараланып қалуыма байланысты бұл дивизиядан қалып қойдым да, жазылған соң 140 гвардиялық дивизияның құрамында жеңісті Чехословакияның астанасы Прагада қарсы алдым, - делінген.

Курск иінінде болған сұрапыл қантөгіс ұрыста Шәкен екі жауырынынан бірдей жаракат алады. Сауығып шыққан соң саяси қызметкерлер даярлайтын сегіз айлық курсқа оқуға жіберілді. Сөйтіп 1944 жылдың шілде айынан Армия генералы Гречко басқарған 1 гвардиялық Армияның 237 дивизиясына қарасты 841 полк құрамында лейтенант Шәріп Малдыбаев батальон командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары міндетімен Батыс Украина жерін неміс фашистерінен азат етуге қатысады. Жаны сірі солдаттың керзі етігімен талай майдан даласын жосып өтті. Өз еліміздің жерінде өткен шайқастарды қоспағанда, Польша, Венгрия, Германия, Чехословакия республикалары жеріне де Шәкеннің табаны тиді. Екі рет алған “Ерлігі үшін” медалі, 2-дәрежелі “Отан соғысы” ордені, “Германияны жеңгені үшін” медальдары сол жеңісті жорықтардың куәсіндей көрінеді.

Туған елге келіп ел тұрмысын көрген Шәкен қатты толғанды. Сол толғаныс Шәкенді негізгі мамандығы, сүйікті кәсібі – білім беру ісіне қайта алып келді. Бір жарым жыл Зайсан аудандық оқу бөлімінің менгерушісі болып істеп, мектептерді қайта қалпына келтіру, білімді мұғалімдермен қамту, материалдық жағдайын жақсарту ісімен шұғылданды. Ауданның шет ауылдарындағы жабылып қалған мектептерді қайта ашуға күш жұмсады. Балалар үйінің жүйесін жетілдіруге, интернаттар ашуға ықпал етті. Шәкен өз өтінішімен бұл жұмыстардан шығады да, 37 жасында Семей педагогикалық институтының тарих факультетінің студенті атанды. Шәкен 1949 жылы институтты өте жақсы бітіріп, жоғары білімге ие болады. Сол жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Тарбағатай ауданының оқу бөлімінің меңгерушісі Абай, Тұғыл, Чкалов, Крупская /қазіргі К.Төгісов/ атындағы орта мектептерінде директор болып істеп, ауданда білім беру мен мәдениетті өркендетуге зор үлес қосты. Қай мектепте істесе де абыройлы жұмыс атқарып, құрметке бөленді. Талай тамаша кадрлар даярлап, шәкірттерге тәлім-тәрбие берді, елін, жерін, Отанын сүюге үйретті депті.

Тоғас шежіресі

Тоғас шежіресі, Бұланов Жұмаканның «Атадан аманат» атты кітабында толық жазылған. Бұл кітапта шежіре желісін бұзбау мақсатында қысқаша беріліп отыр.

Тоғастың бірінші әйелінен: Базарқұл, Назарқұл. Екінші әйелінен: Қосай, Қожай, Рысқұл. Үшінші әйелінен: Жаманай, Тохай. Төртінші әйелінен: Қалматай, Киікбай. Тоғыз тоғас деген осы.

Қожайдан – Дәуімбет. Дәуімбеттен – Сәметей. Сәметейден – Айтыбай, Шүрек, Медет, Күнгейті, Баян. Бұларды бес «Сәметей» деп атайды.

«Атадан аманат» атты кітапта жарық көрген, әділдік пен ақиқатты темірқазық еткен аты алысқа жеткен Сасан би оның ізбасары Сәмен би, Тоғас елін бір болыс ел етіп, елді әділдікпен басқарып, халықты береке-

бірлікке шақырған билеуші болыс. Катаған ханның тұсында Құбақалмақ батыры Босмойынды өлтіріп, Тоғасты хан етін отырғызған Анар батыр да ел мақтанышы деуге болады.

Ел аузынан: Бойында зор кие болған Тоғас ішінде Қайып болып келетін Дорбаның бір керемет қасиетін Қанапиянов Сләмбек ақсақал былай деп әңгімелейді. Тоғас елінен ұрылар көп жылқыны айдап кетіпті. Сонда Дорбаның бір құрдасы: Ей, қалмақ үйінде не ғып жатырсың? Жылқыңды ұрылар айдап кетті, деп айтыпты да, ізінше үйіне кете барыпты. Құрдасы үйіне келген соң, әйеліне енді жылқыны Дорбаның өзі айдап әкеп береді деген екен. Айтқанындай жылқылар Тарбағатайдың жотасына барғанда бір айғыр қайта қашып, ұрыларға қайыру бермей, сол айғырдың артынан айдаудағы барлық жылқы еріп, жеріне келген екен дейді. Міне осындай киелі болған адам, заманында ел жағдайымен Петерборға да барған екен—мыс деп айтады. Бірақ барған сапарының мақсатын тиянақтап айтатын қазір де көзі тірі қариялар жоқ. Бойына зор кие қонған марқұм Дорбаның зираты «Кондюрин» заставасынан Ойшілікке баратын жолдың алтыншы шақырымында, жолдың шығыс жақ қабағында тұр.

Тама тарихы: Тоғас елімен 250-300 жылдай шежіреде бірге жазылып келген Жетіру ішінде Тама ұрпақтары 13 атаға жетіпті. Тегіндегі Тоғас ішіндегі Анар батырдың кесіп берген жері «Арғанатыны» мекен еткен Тамалар бүгін де бұрынғы Комсомол кеншарында өсіп-өніп жатыр. Ал Тама тарихын жазушы З.Қайсеновтың «Шығыс Қазақстан облысының тарихи очерктері» деген кітабында жазғандықтан қайталауды жөн көрмедім.

Ақылды зиратының тарихы: Бұл зират «Құлбабас» ауылының «Шымқалаған» елді мекенінен солтүстікке қарай бір километрге жетпейтін жерде орналасқан. Көнші руынан шыққан Ақылды би бабамыз деп, зиратты жаңартып көтерген Көнші елінің жігіттері. Ал ол зираттың тарихы Ертүлек ақсақалдың айтуынша, руы Тоғас ішінде Дәулет, оның ішінде Жиеналы болып келетін марқұм Әбзолда ақсақал былай деп айтып кетіпті. Заманында Тобықты елі Кеңгірбайдың жылқысын Қызай руының жігіттері айдап әкетеді, Жылқының айдап кеткен ізін таба алмаған Кеңгірбай көріпкелі бар бір қасиетті адамға барып, бал аштырыпты. Көріпкел айтыпты: Тарбағатай тауынан бастау алатын, Құлбабас деген жердің тұсынан ағып өтетін Тебіске деген өзен бар. Сол арада Ақылдының зираты бар. Содан жылқыңды қайтарасың депті. Шамамен 1750-1760 жылдардың арасында қалмақтармен болған соғыста Тебіскені «Қызай» жайлап қоныс еткен екен. Кеңгірбайдың қуғыншылары көріпкелдің айтуымен Тебіскеге келіп, сол жердің тұрғындарынан Ақылдының зиратын сұрап біліп, басына барып төу етіп, құран оқып келгеннен кейін, ауылдың білікті адамдарымен кездесіп жөндерін айтқан соң, ауыл ішіндегі ел біліктілері Кеңгірбайдың елінен айдап әкелген жылқыны бір тайын да кемітпей алдарына салып беріпті дейді. Бұл оқиғаның осылай оң шешілуі заманында кара қылды қақ жарған әділ билігі арқылы елді ынтымақ-бірлікке ұйымшылдыққа үндеген Ақылды бидің шарапаты болар деп отыратын,- дейді Ертүлек ақсақал.

Міне Тоғас еліндегі тегіндегі ескілікті әңгімелердің ұзын ырғасы осындай.

Төртуыл шежіресі

Төртуылдан – Ақболат, Ақбарак, Аманбарак, Андабарак.

Андабарақтан – Сырлы, Сығай, Есенгелді, Солтангелді, одан Тоғыз. Тоғыздан: Байгел, Байсары, Жанделі. Жанделіден – Жайық, Нүркөл, Нұржау. Нүркөlden: Жаналы, Баба. Жаналыдан: Батырбек, Қодар, Арықбай. Батырбектен: Сакоқ, одан Өтемку, Өтепбай, Күдері, Шідері, Абыке, Бейімбет, Тілеужан. Күдеріден: Мамырхан, Әлімхан, Әбілмәжін, Мамырбек. Есенгелдіден: Еміл, Байыл, Пәлі. Емілден – Мұқан, Тоқан. Байлыдан: Тұзақшы, Пәліден – Есірке, Жақау. Мұқаннан – Есімбек, Сегізбек, Қарсал. Тоқаннан – Есен, Жылкелді. Тұзақшыдан – Базар, Сарғалдақ.

Қосымбет, Әзбасар, Өтеміс. Даулетайдан: Бұқа, Шетік, Елтүр, Сүйіндік. Әйтiмнен – Өкпеті, одан Бектүрған.

Ақболаттан – Қодағай, Маркай, Тiнібек, Даниял.

Аманбарақтан –

Садыр шежіресі

Садырдан – Төң. Шүйе, Саржетім, Есенкүл, Түгелбай.

Қапал, Жетісу маңайындағы төрт болыс ел.

Матай шежіресі

Матайдан үш бала тарайды, олар: Қолдас, Аталық, Кенже.

Қолдас (Қаптағай батыр, XVII ғасыр, Найманның ұраны) Аталық, Төнеке, Қолдас жауға көп шауып «Қапта», «Қапта» деген соң Қаптағай атанған. (Ал моңғолдар Гоби шөлінде қазыр де кездесетін жабайы түйені «Қаптағай» дейді). Сонымен: Матайдан – Қаптағай, Қыдырәлі. Қаптағайдан – Күлшан, Төртқара, Толыбай, Төртсары, Актілес, Көлдей, Жұмай Қаржау, Бөрте.

Аталықтан – Шағыр. Шағырдан – Дербіс, Берімбет, Ителмен, Меңіс. Дербістен – Дәуіш, Алпысбай. Берімбеттен – Сасан, Хасен, Шатан, Қазтай. Меңістен – Алты.

Кенжеден – Сақай, Елқноды, Жасық, Ындыш, Сайболат, Құдас, Тыбыш, Қойкел, Тілес.

Жолымбет шежіресі

Қазақ шежіресінде Жолымбет көрсетілмеген, Ақтайлақ би мен Момбай шежіресінде Жолымбетті жетеу, ал Көріпбаев Жақыпбек пен Нөкей шежірелерінде сегіз деп көрсетілген.

Жолымбеттен: Ажы, Рақ, Ажыкүл, Арызкүл, Арызбек, Қыдыр, Назар. Нөкей мен Жақыпбек шежірелерінде Ақ Найман сегізінші болып қосылған, ал Арызкүлді Абақ деп көрсетіпті. Ақтайлақ би шежіресінде Арызбақ жас кезінде жоғалып кетіп, Жолымбет бай іздеп барып Арызбақты Арғыннан тауып, қазыға жүгініске барғанда: «Өзімнің әппак Найманым» деп жанын беріп алып, содан Ақ Найман. Бір болыс ел. Ертістің ар жағында Алтай тауында Ақнайман, Қожамбет деген ел көршілес Қытаймен шекарада тұрады. Ақнайманның қолында Жолымбет бай 136 жасқа келіп қайтыс болған. Жолымбеттің қара шаңырағы Ақнайманның қолында қалыпты.

Қазірде маңдайша таянғыш бар деседі. Қой дерттеніп ауырса, сол маңдайша таянғышқа түнетеді екен делініпті.

Ажы. Ажыдан: Үркінші, Жайлау, Дәулет, Үмбет. Үркіншіден – Естемес, Бекберді. Естеместен – Елтақ, Байтақ, Байқұтты. Бекбердіден – Дәркі. Қошқар. Жайлаудан – Итемер, Күшік. Дәулеттен – Тәттіқұт. Үмбеттен – Тастемір.

Ал Ажының Айтқазы ақсақалының айтуы бойынша: Ажыдан – Күшік, Итемер, Байсал. Күшіктен – Қоржынбай. Қоржынбайдан – Қасаңбай. Қасаңбайдан – Төлөнді. Төлөндіден – Әбілмәжін, Аблахмет. Әбілмәжіннен – Айтқазы, Сейітқазы, Серғазы, Төлеуғазы. Аблахметтен – Жұмағазы. Айтқазыдан ұлы Тілек, қыздары: Алмагүл, Бибігүл, Гүлзат, Гүлнар.

Рақтан – (Момбай шежіресінде) Құттымбет. Құттымбетте 6 бала. Құттымбеттен – Орыс, Қазымбет, төртеуі өспеген. Қазымбеттен – Әйтімбет, Барат, Сәмәмбет, Бекен, Майлыбай, Жалыбай.

Жақыпбек шежіресінде: Құттымбеттен – Қараменде, –Күлетек. Күлетектен – Жақсылық. Қараменде ұрпақтары бұл жерде жоқ. Тілеуімбеттің, Өтеудің үрқы арғы бетте.

Орыстан – Дауыл, Малтүгел, Жантүгел, Барлыбай, Итбай, Сексенбай, Атығай, Қоңырбай, Құлшық. Итбайдан – Тулақтан – Естай, Достай. Құлшықтан – Сарыбай. Құлшық өлген соң, әйелін Малтүгел алып, одан Сегізек туыпты. Қоңырбайдан әйелі екі қабат қалып, Кірпі туған соң Қарашаш деген шешесін Малтүгел алып, Малтүгелден бес ұл тауыпты: Дерібсалы, Бабас, Жақсылық, Жарылғап, Жөпен. Дерібсалыдан – Атамбай, Тайлақ. Атамбайдан – Баянбай, Баянбайдан – Тойке, Тойкеден – Қапан. Тойкенің бір әйелінен Шынтемір, Шынтемірде төрт ұл бар. Тойкенің Меделхан деген әйелінен: Ақшайық, Заманбек, Зүбәйіл, Салхан. Өнүз деген әйелінен: Ахметбектің балалары (Шәуешекте). Бабастың бір әйелінен: Барак, Торы. Барактың бір әйелінен: Байкүшік, Байкүшіктен – Майлыбай, Қасым, Оралбай, Тұрған. Майлыбайдан – Имаш (балалары Ақсуатта тұрады). Қасымнан – Нұрғазы, Дүкіман, Ешкен, Кенжеғазы. Оралбайдың, Тұрғанның балалары Ақсуатта тұрады. Барактың бір әйелінен Жүндібай, Күзембай (Шәуешекте тұрады). Торыдан – Ахметолла (Шәуешекте), Аяннан – Текебай (Үржарда). Бабастың екінші әйелінен: Сейіт. Сейіттің бәйбішесінен: Қытым, Қытықай, Абытай. Абытадан – Қали, Түсіп, Ескендір. Қытымнан – Әкімбай, Айнабай. Әкімбайдан төрт ұл Аякөзде, Айнабайдың үрқы Мақаншыда Жәпек пен Әбикан. Қапанның бәйбішесінен: Назарбай, бір әйелінен Қари, бір әйелінен Сағатбек, Сағатбекте екі бала бар. Малтүгелдің бір әйелінен Жекелар, Тұрысбек, бір әйелінен Айда батыр, Алпамса, одан Қарабала. Дауылдың бәйбішесінен Нұрақ, Шөкіш (КНР-да). Екінші әйелінен: Мырзағұл, Құтан, Ордаш, Тәти, Сүйер, Сарт (ұрпағы жоқ). Мырзағұлдың бәйбішесінен: Базар, Жолтан, Қойшан. Екінші әйелінен: Қойбағар, Қозыбағар. Базардан – Токтар, Мүкей, Байқұл, Қаражан, Дүйсекей, Шал, Көрпеш. Токтардан – бәйбішесінен: Қаптағай, –Жолбағай, Бөрібай, Жақып. Кіші әйелінен: Сыдық, Ордабай. Қаптағайдан – Жүмәділ, Қасенғазы. Қасенғазыдан – Зәбіға. Жүмәділдің Мәкен деген кіші әйелінен: Сабыр, Бәзен,

Ырымжан. Сәке. Жолбағайдың ұрпағы белгісіз. Бөрібайдан – Төрбек, Малайбек. Айдарбек, Кенжекән. Төрбектен – Қанапия, одан Қажынұр. Омарханнан – Сәлеш, Мағзұмнан – Айнұр, Шәкер, Қорлантай. Кемерханнан – Нағымтай. Қырықбайдан бала жоқ. Айдарбектен – Көтебай, Көтебайдан – Дулат. Малайбектен екі қыз бар. Кенжеханнан бір қыз бар. Мүкейден – Тойшыбек, Тойшыбектен – Серғазы, Серғазыдан – Жабағытай, Құрманғажы. Жабағытайдан – Қамза, Қален, Қазез. Құрманғажыдан – Сәбет. Тұрғаннан – Скак, Сқақтан – Оразбай. Өтептен – Қасенғазы, Қасенғазыдан – Әділғажы (кіші әйелден үш бала бар). Ахметте бір қыз бар, Байқұлдан – Байқан (шешесі Кәрім). Қаражаннан – Қасымжан (Қасымжанның балалары Талдықорғанда), Дүйсекейдің балалары бұл жерде жоқ. Шалдан – Сақажан, Сейітқажы. Сақажаннан – Көгілік. Диардан – Қабит, Қали, Қари. Көгіліктен – Серікқазы, Кәріпжан, Сляш. Әмірғазыдан – Шаймардан, Кәріпжан, Кәріпжаннан – Шәріп. Слямнан – белгісіз.

Жолтанның бәйбішесінен: Итемген, Сүтемген, Көпжас, Масақ, Мәше. Итемгеннен – Жүндібай, Жүндібайдан – Ыбырайым, Ақымжан. Ыбырайымнан бір бала, Сүлейменнен белгісіз, Ақымжаннан бір бала бар. Қасеннің баласы Сүтемгеннің ұрқы бұл жерде жоқ. Көпжастан – Нұрғазы, Қапез, Әбау, Орынтай. Масақтан – Әбдірақман, Аилғазы, Бекбосын, Оңғар. Мәшеден – бәйбішесінен: Киізбай, Ниязбай. Ниязбайдан – Мәди, Мәдиден – Нүкетай, Нүкетайдан – Төлеубек, Кәдірбек. Киізбайдан – Мәдел, Мәшеден – Шөкелден – Байзолла, Мухаметжар, Тауық, Кәрлен, Құрман, Садық. Байзолладан – Баяхмет. Мухаметжапардан – Мұратбек. Тауықта – балалары бар. Кәрменнен – Әскербек. Құрманның балалары бар, Садықта – Сәбен, Бақытбек. Қойшанның бәйбішесінен – Тоқаш, Торғай, екінші әйелінен: Абылай, үшінші әйелінен: Мұстапа, Саслай, Торғай. Қонақайдан – Рахымжан, Сәбен, Жүнісбек, Жүнісбектен – Біләл. Тоқаштың ұрқы КНР-да. Абылайдан – Жәнібек, Төлегетай. Жәнібек пен Сәбидің балалары бар. Төлегетайдан – Қаратай (КНР-да), Сәбидің бір баласы Тәнірбергеннің қолында.

Құтаннан бәйбішесінен: Шыңғай, Берден, Бердібай, Бердігүл, Келдігүл. Екінші әйелінен: Көбей, Шөмей. Шыңғайдың бәйбішесінен: Қашқынбай, екінші әйелінен: Жылқышы, үшінші әйелінен: Тілеубай, төртінші әйелінен: Дөненбай, бесінші әйелінен: Өсімхан, Қасымхан. Қашқынбайдың бәйбішесінен: Бұланбай, Бұланбайдан – Айтбай, Айтбайдан – Божыбай, Божыбайдан – Сансызбай. Бұланбайдың Ахметінен Қуатжан, Қуатжаннан – Төлеухан, Самархан. Қашқынбайдың екінші әйелінен: Қоканақ, Күшпен. Күшпеннің бәйбішесінен: Қорылдай, Салық, екінші әйелінен: Бүкір, үшінші әйелінен: Бегеш, Сляш. Қорылдайдан – Қоңыр, Қоңырдан – Асқар, Асқардан – Түяк. Салықтан – Құрманбай. Бүкірден – Саяққажы. Бегеште бала жоқ. Слямнан – Рахманқұл, Шоман. Ыбырайымнан – Оралғазы, Оралғазыдан – Биғазы, Сүлеймен, Сүлейменхан. Смайылдан ? Сығайдан – Бижан, Бижаннан – Тұрғали. Жылқышының балалары Аякөзде. Тілеубайдың бәйбішесінен – Бақшай, Бақшайдан – Әуелғазы, Әуелғазыдан – Нұрмәди, Әбу. Әбуден – Құдайберген, Ахметжан, Әліпқазы. Әліпқазыдан – Кәрім,

Ораз. Тілеубайдың бәйбішесінен – Омарғазы, Мырзағазы. Омарғазыдан – Көрмен, Назар. Көрмен мен Назардың балалары бар. Омарғазыдан – Сөкен, Мұқан. Дөненбайдан – Бөккөтен, Өзібек, Балтабек. Өсімханнан – Қали, Қалидан – Жақсылық. Қасымханнан – бала жоқ. Берденнің бәйбішесінен: Дүйсенбі, Жансерке, Жансеркеден – Тәутік. Екінші әйелінен: Жанбота, Төлек, Иманкүл. Жанботадан – Шолтай, Жәкембай, Әділ. Төлектен – Сәрсенбі, Иманкүл, Иманкүлдан – Жұмахан, Жұмаханнан – Төлеген. Келдіғұлдан – Мақажан. Бәйбішесінен: Ырайымбек, тоқалынан: Мамырбек. Ырайымбектің бәйбішесінен: Керімбай, одан Рамазан. Тоқалынан: Күдайберген. Мамырбектің балалары КНР-да. Бердіғұлдан – Көкім, Көкімнен – Мұстапа, Мұстападан – Тұрсын. Бердіғұлдың бәйбішесінен: Байбол, Оспан (КНР-да). Бердіғұлдың тоқалынан: Бадрәк, Бадрәктан – Салқынбай, Жүмәділ.

Құтанның кіші әйелінен: Көмей, Шөмей, Көмейден Адамбай, балалары КНР-да. Шөмейден – Тәстенбек, Тәстенбектен – Сиғамбай (балалары КНР-да). Тәтәйден – Есентемір, Есентемірден – Ақан. Сүйерден – Қазымбай, Маусан, Қазанбай. Жылқышыдан – Нүрпейіс, Бегетай, Абзолла. Абзолладан – Анарбек, Әуелбек. Жаксыбайдан – Бейсембай, Бейсембайдан – Байқан, Нүрпейіс. Нүрпейістен – Жаман, Аман, Аманнан – Тұққан, Тұқаннан – Ықылас. Жаманнан – Әлімбаи, Әмірхан. Әлімбайдан – Жеңіс, Әмірханнан – Мертай. Маусаннан – Райыс, Райыстан – Байақыш, Байақыштан – Марат. Ордаштан – Бөкенбай, Бөкенбайдан – Нарынбай. Тәуірбайдан – Нұрақ (үш баласы бар, Көкпектіде тұрады).

Ажығұл. Ажығұлдан – Мырзас, Дәует. Мырзастың бәйбішесінен: Қалқаман, Жауар. Кіші әйелінен: Мүлкаман. Мүлкаманнан – Қожа, Нарбота, Мамай (үш әйел алған). Марка дейтін бәйбішесінен: Тәти, Шәйан, Жарқынбай, Сатыпалды, Тырамбай. Тырамбайдан – Мыржықбай, Мұқаметжан, Мұқаметжаннан – Қажыбай, Қажыбайдан – Дәулет. Тәтиден – Рахымбай, Әзімхан. Шәйанның ұрқы белгісіз. Сатыпалдыдан – Ақшолоқ, Ақшолоқтың балалары КНР-да. Тәкібайдың балалары КНР-да. Мырзастың бәйбішесінен: Жауар, Жауардан – Байтелі, Қареке. Қарекеден – Қисықбас, Байсал, Жұматай. Жұматайдан – Сикымбай, Орақбай, Оралбек, Асубай, Меңдібай. Орақбайдан – Әрісбай, Әлмарак. Оралбектен – Тұралық, Тұралықтан – қызы Бибимариям, ұлдары: Сағатбек, Назарбай. Асубайдың қызы Сақыш (Қуаныштың шешесі). Әлмарактан – Қалинәдір, Зейтінғазы, Сейітқабұл. Қалинәдірден – Серік, Ахат, Болат, Бағдат, Қайрат. Серіктен – Махат, Ахат, Қанат, Сұңғат.

Мырзастың бәйбішесін де, кіші әйелін де Дәует алған. Дәуеттің үлкен әйелінен: Саңырық туған. Саңырықтан – Келтеқара, Шаңқан, Құлсерке. Құлсеркеден – Құлтабар, Құлтабардан – Итбас, Байқұтты, Жолдаяқ, Саптаяқ, Байшошқа. Еженің ұрқы Иман. Итбастан – Сүйімбай, Жұмақай, Тікеш, Қуан. Қуаннан – Станбек, Станбектен – Мұқыш. Мұқыштың бәйбішесін Нұрсапа алып, одан екі ұл бар дейді. Кіші әйелінен: Нүреке, Шайық (Шайықтың ұрпағы Алматыда). Құсайыннан – Сқақ. Сүйімбайдан – Қасен, Қасеннен – Ақын, Шөке. Тікештің, Жұмақайдың ұрпақтары КНР-да. Байшошқадан – екі

Әйелден төрт бала бар. Келжіғұлдың бәйбішесінен: Қуанышбай, Сәдібек (ҚНР-да). Келдіғұлдың кіші әйелінен: Тортай Көбентай, екі баласы Үржарда. Келгекарадан – Наурызбай, Болтірік, Болтіріктен – Акшабай, Ақшабайдан – Қазыбек, Қазыбектен – Абыл. Наурызбайдан – Асан, Асаннан – Кеңесбек, Кеңесбай, Кеңесбайдан – Бұтабай, Сахари, Сахаридан – Сапа (ұрқы ҚНР-да). Бұтабайдан – Кәріш, Зейнел. Кеңесбектен – Ботабай. Шаңқаннан – Ерлібай, Ерлібайдан – Бактыбай.

Мырзастың кіші әйелін алған Дәуеттен Өтебай туады. Өтебайда тоғыз бала болыпты. Өтебайды сегіз баласымен жау қырып кеткенде, Алшынбайдың қойында көк шұнақ тұсағы қалады. Алшынбай Боранбайға сол қалған тұсағының 50 қой болғанын айтады. Нағашысындағы Бурабайды алып келіп Алшынбай үйлендіріп, еншісіне 50 қой беріпті. Сол Бурабайдан Елекей. Алақай деген 2 ұл болыпты. Екеуінен де бестен бала болыпты. Мұса Өтебайдың ұрқы. Мұсадан – Тенізбай, Сегізбай, Семізбай, Тоғызбай, Егізбай. Тенізбайдың екі баласы КХР-да. Сегізбайдың балалары Қызыл Кесікте, Семізбайдың баласы Қайқықара (3 баласы бар). –Тоғызбайдың үлкен бәйбішесінен: Нужанда (2 бала КХР-да). Кіші әйелінен: Қали, Жүніс. Бекбосын (үшеуінде де бала бар). Егізбайдан – Омар, Омардан – Кәрім, Алтай. Кәрімнен – Қарпық және бір ұл бар. Алтайда 2-3 бала бар. Елекейде 5 бала бар. Шал, Түктібай, Тәттібай. Тәттібайдың балалары КХР-да. Шалдан – Бәгі, Исабай. Бәгіден – Скак. Скактан – Әбәутоліп, Әліп (екеуінің де балалары бар). Исабай мен Түкібайдың ұрпақтары КХР- да тұрады.

Мырзастың бәйбішесінен: Қалқаман, Қалқаманнан – Алшынбай, Төлебай, Мәмбет, Боранбай. Боранбайдың кіші әйелі Қарашадан: Бекайдар, Бекайдардан – Айтбай, Айтбайдан – Исаттың баласының баласы Закария. Қарабастан – Марал. Маралдың Исабайынан бұл жерде ұрпағы жоқ. Маралдың бір ұрқы Бейілғожин Төкен. Боранбайдың бәйбішесінен: Қойайдар, Жылқыайдар (екеуінен бұл жерде ұрпағы жоқ), Қойкелді. Қойкелдіден – Жанан. Алжан, Айбақ, Дүйсен, Тоқсанбай. Жананнан – Қотырбай, Батырбай, Қонай, Бұлан, Ұлан. Ұланнан – Бокатай, Сәрсембі, Көнекбай, Сыпайы, Мухаметжан. Сәрсембіден – Смағұл, Смағұлдан – Солтан, Байғазы. Көнекбайда үш бала бар. Құсайын, Әнәпия. Құсайында, Әнәпияда үштен бала бар (Шұбар Шиде тұрады) Сыпатайдың ұрқы бұл жерде жоқ. Мухаметжаннан – Құсбек (Шұбар Шиде тұрады). Бұланнан – Құлбай, Құлметен, Скак, Әбіш, Әділ. Құлбайдан – Қатын, Әбдірейімнен – Бакты, Бактыда үш бала бар (Көкпекті совхозында тұрады). Қатыннан – Аманкелді. Жақыпбектің кіші шешесінен екі ұл бар. Құлметеннің бір баласы Сарқытбайдың қолында. Балаларының қайда екенін білмедім. Әбіште бес ұл бар, үшеуінде ұрпақ жоқ, екеуінен ұрпақ бар. Біреуінен Шұлғау, Әділде үш бала бар. Мухаметжанның баласының баласы бар. Қонайдан – Құлжан, Райыс. Райыста бір бала бар. Оспанда екі бала бар. Батырбайдан – Мәді. Жанбөлек. Жанбөлектің үлкен бәйбішесінен: Нұрбай, кіші бәйбішесінен балаларын білмеймін. Тоқсанбайдан – Арқабай, Айбақтан – Қолдасбай, Ошыбай. Қолдасбайда бес бала бар. Секеден – Әлібай – 5-6 баласы бар. Байбазардан – Қабидолла. Біреуінің баласы Жармада.

Ошыбайдан – Акажан, Тайболат, Әділ, Қасейін, Әбуқожан. Мәмбеттен – Байыс, Байыстан – Нұражымет. Тағыстан – Өскенбай, Өскенбайдан – Мейрамбай, Мейрамбайдан – Бекбай. Сатыпалдыдан – Саркүл, Қожалақ, Тілеуберді. Саркүлдан – Қойшыбай, Қойшыбайдан – Қарапа. Қапсалақтан – Көбентай, Тортай. Тілеубердіден – Жылқыбай, Мазакбай. Төлебайдан – Маса, Омар. Масадан – Ахмет, Ибатолла. Омардан – Аққазы.

Алшынбайдан – Тасыбай, Бертіс, Құланбай. Тасыбайдан – Шәкі, Шәкіден – Айбас, Айбастан – Қасен, Есірке, Есіркеден – Шаяхмет, Мұқағазы, Мұқағазыдан – Иманғали. Құланбайдан – Жөментік, Жұбан, Биен, Есен. Жұбаннан – Шокай. Жөментіктен – Салдырбай, Қалибай, Орысбай. Есеннен – Қыдыралы, Құрым, Ұзақ. Ұзақтан – Уәлі, Уәліден – Жансұлтан, Жансұлтаннан – Қабдолла. Қыдыралыдан – Қыдырхан, Сейілхан. Қыдыралының үлкен қатынан: Қосбай, Қосбайдан Ахмәди, Ахмәдиден – Тілеген, Тілебалды. Атымтайдың кіші қатынан: Екібай, Мухажан,

Дәуестен – Айдар, Кенже. *Кәріпбаев Жақыпбектің нұсқасымен алғанда Айдар шежіресі:* Айдардың бөйбішесінен: Самырза, Баймырза, Жалмырза (Күшіген). Күшіген деп аталып кеткені Жұмаш Слямбайұлының айтуынша, ағаларымен еншіге өкпелеп, бетке шығып кетіпті. Басына ақ байлаған, ақ көйлек, ақ дамбал киіп жүретін өте ірі адам болыпты. Бетте отырған Жалмырзаны жөңгелері ана «Ақбас Күшіген құсап отырға кім?» – депті. Содан Күшіген атанып кеткен екен дейді. Кей шежіреде төртінші ата етіп Санырық дегенді қосқан. Ол туралы жоғарыдағы Ажығұл шежіресінде толық жазылған.

Самырзаның кіші әйелінен: Қыстаубай, Қамбар, Қамбардан – Нарынбай, Сақал. Нарынбайдан – Сағындық, Сағындықтан – Токтақүшік. Сақалдың баласы Қалқанбай, Қалқанбайдан – Сәбихан. Сармырзаның бірінші әйелінен: Шыңғыс, Масак. Шыңғыстан – Дүйсеке, Бабай. Дүйсекеден – Сыдық, Бабайдан – Адамбай. Адамбайдан – Нұрқабай, Нұрқабайдан – Олжай, Олжайдан – Қалиасқар. Кішкентайдың бірінші әйелінен: Арбабай, Балғабай. Арбабайдан – Қараш, Қараштан – Түсіпжан, Түсіпжаннан – Омар, Сағат. Балғабайдан – Ералы, Демежан (КХР–да). Демеубайдан – Ықыш, Ақыш. Ықыштан – Көкеш, Рахман. Ноғайбайдан – Қорықбай, Толықбай, Бокқасбай, Жақасбай, Құттыбай, Байжалғас, Жалғасбай, Нұралы. Кішкентайдың енді бір әйелінен: Әйім, Мажан. Әйімнен – Әділбек, Тұрғанбай, Тұрғанбайдан – Түяқбай (балалары КХР–да). Әділбектен – Уалхан, Уалханнан – Талғатбек. Мажаннан – Сатыпалды, Асылбек, Ақылбек. Асылбектен – Қасымхан.

Баймырзадан – Бигелді, Жылкелді, Мырзакелді. Жылкелдіден – Жандарал, Жандаралдан – Құлжабай, Доямбай. Бигелдіден – Тілеу. Жанқозыдан – Әбіш. Байжаннан – Сыған, Сығаннан – Қарындаш. Телжаннан – Сырымбай. Мырзакелдінің баласының баласы Оралдың баласының баласы, Әкбар, Әкбардан – Манап, Манаптан – Әшім, Әшімнен – Жамбыл.

Жалмырзадан – Тоғам, Әлкен, Төркеялі, Жұмабек. Жұмабектен – Сары. Сарыдан – Зәріп, Шұкыжанов Рахманқұл. Сайдахмет, Балтабаев Талғатбектер.

Нұғыспанұлы Төлен Айдарды былай таратыпты:

Айдардан – Сармырза, Баймырза, Күшіген, Саңырык. Сармырзадан – Болат, Мұрат, Темір, Кішкентай. Мұраттан – Тіленші, Тіленшіден – Уакбай, Шуак, Жарқын. Жарқыннан – Рахметжан, Рахым, Кіпия, Нұрпия, Жеңіс. Рахметжаннан – Иманғали, Нұғыспан, Иіс, Мария.

Кенжеседен – Көшімбай, Лепес, Үмбетей. Көшімбайдан – Тезек, Тезектен– Қисық, Қисықтан – Әпсейіт, Нұрпейіс, Жұмақан, Жолымбек, Қасен. Әпсейіттен – Мұсылман, Мұсылманнан – Тортай, Тортайдан – Қабдісіләм. Нұрпейістен – Малғаждар, Малғаждардан – Әбіл. Жұмақаннан – Шынтай, Битемір. Шынтайдан – Сәлеметқұл, Рахманқұл. Жолымбектен – о, Қасеннен – екі қыз. Тезектен – Қисық, Қалмақ. Қалмақтан – Ережеп. Лепестен – Қонақбай, Көбелек, Бостан, Болпаш. Қонақбайдың бірінші әйелінен: Айберген, Тайберген. Бір әйелінен: Бұйрақожа, Таңсыққожа. Бұйрақожадан – Мықтыбай, Мықтыбайдан – Сенкібай, Сенгірбай. Қарақожадан – Жүмәділ, Таңсыққожадан – Сәметтің Атанағының баласы. Көбелектің, Бостан, Болпанның ұрпақтары КНР–да, Үржарда. Үмбетейден – Төлеуқажы. –

Момбай, Нәкей шежірелерінде:

Арызқұлдан – Қарақыз, Қосмұрат. Арызбақтан – Аналық, Ержан.

Қыдыр

Нәкей шежіресінде: Қыдырдың бәйбішесінен: Есағасы, Қараби. Екінші әйелінен: Смаиыл деп көрсетіліпті. Смаиылдан – Сатыпалды, Бақас, Танау, Қараш, Шотан. Екінші әйелінен: Найман, Сәмәмбет.

Момбай шежіресінде: Қыдырдан – Айтуған, Желкілдек, Желкілдектен – Смаиыл. Есағасынан – Ноғай, Жөке, Түсіп. Смаиылдан – Сатыпалды, Бақас, Тапақ, Ыршан, Шомат. Айтуғаннан – Есағасы, Қараби. Қарабиден – Әзберген, Тәңірберген, Қожаберген, Төгіс. Еділбайдан – Абдолла, Әбдіхалық, Шүкімайт, Әбділбай, Кенжекүл. Әбділбайдан – Тұрысбек, қыздары: Қаман, Мәмен. Тұрысбектен – Нұртай, Мөйкен, Серік, Өпек, Бауыржан, Ақмарал, Алмас, Нұртас, Ақтоты, Бакытжан, шешелері – Сара. Кенжеғұлдан – Смағұлбек, Сембек, Жәкен, Дүйсен. Смағұлбектен – Нөкен, Нөйля, Талғат, Шолпан. Қарабиден – Төгіс, Төгістен – Өтеген, Тұрыш, Тұрыштан – Бәйіс, Кәкімжан. Тоғанастан – Сағындық, Дубек, Серік. Дубектен– Әпен, Жолғайша, Балғайша, шешелері – Оразғалиқызы Егінтай. Әпеннен – Бейбіт, Нәбигел, Айдын, Ерден, Қалан, Айдос, Жанна. Шешелері– Жанқайыров Қапатайдың қызы Күлсағат. Кәкімжаннан – Қали, Есжан. Қалидан – Қабдолла, Нұртас. Қабдолладан – Талғат, Алмас. Айтуғаннан – Смаиыл жалғыз. Смаиылдан – Сатыпалды, Боқас, Тапақ, Қараш, Сәмәмбет.

Киелі өлке

Бұл өңірден «Құба қалмақ заманы» деп атанған заманда қалмақ пен қазақтың ел шабысқан тұсында елін қалмақтардың жаулап алуынан аман алып қалған, бүгінде Ақсуат өңірінде есімі бүкіл қазаққа белгілі болған ұлы қолбасшы Қабанбай, Қабекене білгірлігі, қорегендігі, батылдығымен ақылшы, кеңесші болған Борекең тек қана батыр қолбасшы ғана емес ақылды, рухани тәрбиеші, қысылғанға жар, тарыққанға жәрдемге келетін нағыз тарихат жолына кірген көсемдердің бірі. Борекең – Қадірлі дана халық биі. Ол «Сайдың шөбін жеген білер, түздің шөбін бөкен білер, жақсылық пен жаманшылықты басынан өткізген адам білер. Өмір дегеніміз керуен, бүгін қонсаң, ертең көшесің, күншілдік, өзімшілдік, әдепсіз лағушылық адамға пайда бермейді, рухани камынды ойла» деп кезінде баршаға жар салған. Қаракерей Қабанбайдың үзеңгілес серігі, өзі батыр, әрі би Борекең нағыз әділет жолының көсемі, ел басшысы болғандығы күмәнсіз. Демек, ол өз кезіндегі және қазіргі ұрпақтарының қайталап айтатын ұраны болып қала беретін, жұрт танымына ие болған аруақты тұлға. Кезінде Борекеңнің інісі Нарбота батырды да халыққа жыр етіп айтады.

Төтеп беріп төсінде әр жотаның,
Жонғардан қорғап ерлер қалды Отанын.

Бірі аға, бірі іні, ерлігі ірі,
Батырлар Боранбай би, Нарботаның.

Бабаларға зор кие қонған екен,
Жарма мен Қаба жері болған мекен.

Айналған ұрпақтардың ұранына,
Елі менен жеріне қорған екен.

Би Боранбай бастан сөз асырмады,
Нарбота жауларына бас ұрмады.

Жалғасын жақсы салтын бабалардың,
Бүгінгі жайнап өскен жас ұрпағым.

Киелі өңірден дүниеден өткен Шәкіби, Шалқажы, Дондағұл бай,
Құсайын сияқты қасиетті бабаларды еске алып, жыр өрсек:

«Би Боранбай ауылы» шертеді сыр,
Тарихпен тыныстаған өлкеніз бұл.

Жол салған Найманнан Меккеге алғаш,
Мешіті Шалқажының еңселі түр.

Айтсаң Мырзас, Мүлкаман Дондағұлды,
Мол болған өрісте мал, қолда пұлы.

Қаражатты әкеден ұлы алып,
Аттанған қажылыққа жолға нұрлы.

Дондағұл ұлы Шал да бай болыпты,
Жарлылар паналапты, ай қоныпты.

Халық көрген Шалқажы шарапатын,
Сол арқылы ел бағы сай болыпты.

Қолына қасиетті құранды алған,
Қазаққа күт тілепті пір Алладан.

Шалқажыдай нманды болсақ игі.

Күйіндай күйкылыжыған мынау заман, - дей келе деректерге жүгінсек: Дондағұлұлы Шалқажы шамамен 1794 жылы туып, 1878 жылы 85-ке қараған шағында дүниеден өтіпті. Тұрағы Семей губерниясы, Зайсан уезі, Үшбоғас елді мекені. Руы – Найман. Меккеге екі рет барған. Бірінші рет 1841-1848 жылдары, әкесі Дондағұл мен ағасы Дуайдың есебінен өз туыстарымен барған. Екінші рет 1850-1852жылдары туыстары Ілияс, Мактай қажының есебінен барған. Екі рет барғанда 22 туысын Меккеге бірге ертіп барып, олардың қажы атағын алуға көмек жасаған. Үшінші рет баруға Меккеге жол түспеген, себебі әкесі Дондағұл қайтыс болған. Дуай байдың қартайған кезі екен. Қажылар арасында да бөтуаластық болмапты.

Шөкі би дау шешімін өділ берген,

Әлсіздерді жебеген жәбірленген.

Ел бірлігін қорғаған Шөкі биді,

Аға сұлтан Құнанбай қадірлеген.

Қырғи тілді Құсайын ақын болған,

Топ жарған талантымен Тәңірберген.

Ел тағдырын ту етіп жастайынан,

Билік қып қолдау тапқан қалын елден.

Әулетті Әріппенен сөз сайысқан,

Айтысқан ақындардың бәрін жеңген.

Келешек көрегенді ұрпақ үшін

Қалдырып кетіпті көп жалынды өлен.

Ақын Сапарғали Әлімбетовтың Мырзас ішінде Қареке руынан шыққан Жұматайұлы Орақбайды:

Бұл елден тағы шықты ер Орақбай,

Көп қасқырдың ішінде Көк шолақтай.

Өзі алды, өзгелерге алдырмады.

Байжігіт пен Мұрынға жан жолатпай, – деген Орақбай батыр, патшаның отарлау саясатына қарсы шыққан, Көкпектіде сыртқы дуан ұлықтары үзеңгісіне у жағып өлтірген. Тәукебай батыр да ел мақтанышы.

Ауданымыздан ағалап алға шыққан, жаны жайсаң Кәрім Нұрбайұлы Қызылтас мектебінен оқып, төрт кластық білім алып сол кездегі жағдайға байланысты 1933–ші жылдары Қызылкесік ұжымшарында біраз уақыт табельщик болып жұмыс істейді. Ары қарай оқуын жалғастыру үшін мектепке қайта оралып, білімін көтеруге келгенде тегіндегі Қызылтас орта мектебінің директоры болып істеген Абылғазин Егізбай екі класс аттаттырып оқытып, үлгерімі жақсы алымды оқушы болғандықтан, Зайсанға оқуға жібереді. Егізбай ақсақалдың үмітін ақтап, Зайсандағы пед. училищені бітіріп келгеннен кейін, алғашында «Майлышат» мектебінде істейді. 1938-1939– оқу жылында Көкжырадағы бастауыш мектеп орталау мектепке айналғанда, сол орталау мектептің алғашқы директоры болып Кәрім Нұрбаев келеді. Сол мектепте директор болып жүргенде, оқушыларға қазақ тілінен дәріс беріпті. Бірер айдан кейін, аудан орталығындағы Ақсуат орта мектебінің директорлығына ауысады. Сол 1939 жылдың қараша айында

Кенес армиясы қатарына алынады. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінде 65- атқыштар дивизиясының 60-полкінде батальонның саяси жетекшісі болып жүрген Кәрім Ленинград түбіндегі Тихвин қаласы манайында қолынан ауыр жарақат алып, госпитальға түседі. Госпитальда туған деревнясы жау қолында қалған Владимир Подкорытов деген белорус жігітімен бір бөлмеде жатып емделеді. Екеуі әскери қызметке жарамсыз болып, үйлеріне қайтатындықтары сөз болады. Владимирдің туған жері жау қолында, бүкіл семья мүшелерін, әке-шешесін, әйелі мен балаларын фашистер қырып тастаған. Енді ол қайда барарын білмей дал болады. Көкен үгіттеп, өзімен бірге Ақсуатқа ертіп келіп, өз үйіне тұрғызып, күтіп, Ақсуат МТС не токарьлық мамандығы бойынша жұмысқа орналастырады. Шебер токарь ретінде көптеген бүлінген ескі станоктерді іске қосып, МТСке көп пайда тигізген, ол елі-жері жаудан босаған соң, Көкеннен рұқсат алып еліне қайтады. Бұл жағдайды да Көкеннің үлкен жүректі адам болғандығын аңғартады. Көкен соғыстан оралғаннан кейін, Ақсуат ауданында районың начальнигі болып жұмыс істейді. Ол кезде барлық колхоз райзоға қарайды. Босатылатын малдың өзі районың начальнигінің қолымен босатылатын кез. Міне осы жұмыста істеп жүргенде, Көкен барлық колхоздарға асыл тұқымды айғырлар алдырып, жылқы тұқымын асылдандыруда үлкен жұмыстар істеген адам. Ақсуаттан «Елік жирен», «Ерке жирен», «Ақтабан», «Аймандай», «Бидайкөк» сияқты бөйге сөйгүліктердің шығуы осы Көкеннің еңбегі және көрегендігі деп айтуға әбден болады. Сол районың начальнигі болып тұрғанда, біздің үйден жал күйрығы төгіліп тұрған қоныр атты райзоға алғанын өзім көзіммен көрдім. Ат болғанда қандай, кісі көзі қыйып беретін ат емес деуге болады. Сол атты заманында сол кездің «иномарка» машинасы сияқты болды деп айтуға да болады. Өзімнің байқауымша, Көкен өте зерек те алғыр, терең ойлы, жан-жақты қабілетті, үлкен парасатты адам еді. Осындай қасиеттерінің арқасында Көкен ұзақ жылдар Абай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, ауданның экономикалық жағынан дамып, мәдениетінің көтеріліп, халқының тұрмыс жағдайының жақсаруы жолында жар құлағы жастыққа тимей, уақытпен санаспай, тынымсыз қызмет атқарды. Ол адамгершілік қасиетінің кіршіксіз тазалығымен өзіне де, өзгеге де орынды талап қоя білушілігімен, мен-меншілдігі жоқ, ерекше кішіпейілділігімен үлкенге іні, кішіге аға бола білген, парасаттылығымен көп құрметіне бөленген еді. Ерен еңбегі, жоғарыдағы ерекше қасиеттерінің танылуынан болар. Ол кісі үш мәрте парламент мүшелігіне Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутатылығына сайлануы қызмет ауқымының көптігіне қарамастан Шәкәрім Құдайбердіұлының ел аузындағы шығармаларын жинастырып, машинкаға бастырып, Ғылым Академиясына өз қолымен тапсыруы Көкеннің үлкен жүректі азамат болғандығын танытады. Ол кездегі қатаң тәртіп, ерекше қырағылықтан жасқанбай, Шәкәрім жазықсыз екендігі жөнінде тиісті орындардың алдына мәселе қойып, оның ешқандай жазығы жоғын 1960- жылдың өзінде-ақ дәлелдеп, сол кезде-ақ ақталу қағазының алынуына қол жеткізгеннің бірі Көкен еді. Көкеннің өзім көрген өте бір кішіпейілділік қасиетін айта кетуді жөн көрдім.

Біз 1952-1956 жылдары оқу оқып жүрген студентпіз. Жәкилин Тілебалды оқуды оқып жүргенде шанырақ көтерген студенттердің бірі болатын. Бір күні Тілебалды екеуіміз кездесіп тұрғанда, Тілебалды: Мен бүгін үйіме ауданның бірінші хатшысы Нұрбаев Кәрімді қонаққа шақырдым. Сен сол кісімен бірге бол, – деді. Бірінші хатшы студенттің үйіне қонаққа келеді деген сөзге сонша нанбадым, әлде қалжыңдап тұр ма деп те ойлады. Тілебалды болса бір бөлмелі үйде тұратын. Студенттің тұрмысы мен дастархан жағдайы көпшілікке айтпай–ақ мәлім ғой. Айтқан соң жолдас сөзін жерге тастауға болмайды. Тілеш екеуіміз үйіне келіп Көкеңді күтіп отырмыз. Кешкі сағат сегізге аула алдына шықсақ, Көкең келе жатыр. Алдынан шығып сәлем беріп үйге кіргіздік. Киімін шешіп, дастархан басына отырып, біз бір үзегілес қызметтес адамдардай әңгімесін айтып, бір есте қаларлықтай отырыс болды. Осы күнде ойласам, неткен қарапайымдылық, неткен кішіпейілділік десеніңші... Қазақтың «Жақсы менен жаманның арасы жер мен аспандай» деген сөзі еріксіз ойға оралады.

Ұзақ жылдар бойы халқы үшін қажымастан қызмет атқарған марқұм Көкеңнің жұбайы Жазира бұл күндерде оның отбасының шанырағын шайқалтпай, түтінін түзу ұстап отыр. Егер Көкеңнің жанұясын өлеңмен өрнектесек:

Жазира Кәрімнің адал жары,
Тәрбиелеп өсірген балаларды.
Баласының үлкені Гүлдария
Новосибир дейтұғын қаладағы.
Институтта ғылым докторы,
оқытушы,

Білімін биіктетті, бағаланды.
Орманы әскери қызметте,
Германы заңгерлікті қалап
алды.
Мәуелі бәйтеректің бұтақтары,
Жеміс беріп халыққа таралады,

деп аятамақпын.

Кеңес өкіметінің қалыптасқан тұсында аудан колхоздарында басшы болған аудан экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан, көпшілік сыйлайтын ел ағалары: Бейілғожин Төкен, Қазыбаев Кәкім, Шұқыжанов Сайдахмет, Манапов Әшімдер болды. Өндірісті басқаруды төменнен бастап тәжірибе жинақтап, елеулі еңбегімен, бәйтуәлі сөзімен жұртқа жағып, ел ағасы дәрежесіне көтеріліп, әділдігі мен әрі шешімдік істерімен жұртқа тұтқа болған азаматтар: Кәженов Бейсен, Шұқыжанов Сайдахмет, оның баласы Сайдахметов Эдгар, Ахметбаев Кәрім, Рахманов Малдыбайқажы, Мусин Жеңіс, Белібаев Латиф, Қасымханов Базарбек, Нұғиев Жанарбек, Нүрекешов Задан, Алтынбеков Қайырхан, Сәметов Амантай, Бейсенғазин Сайлау. Қазір де Ақсуаттағы кәсіптік техникалық училищені бұрынғы басқарып келген Нұрсапин Сайлау, қазіргі басқарып отырған Әмірғалиев Ерғали мен кейінгі толқын кәсіпкерлік ісімен көзге түсіп жүрген Қайырбаев Қайраттарды айтуға болады.

Аудандық атқару комитеті мен өкімшілікте орынбасар бірде оқу–ағарту саласының меңгерушілігінде алма кезек істеген Қажыбаева Бақыт пен Бейілғожин Қуаныштың қай лауазымда істемесін жұмысы оқу–ағарту саласы болғандықтан, аудан мұғалімдер коллективін жастардың талабына талап

қосып, жігерін жанып, айқын жол сілтеп, еңбек сүйгіштікке, табандылыққа, алдына мақсат қоя білуге, ұрпақ тәрбиесі мен үлгі-өнегесін ең асқаралы елдік түсінігін қалыптастыруға бағыттап, жан аямай жұмыс істеп келе жатқан педагогтар.

Денсаулық сақтау саласының туын көтеріп жүрген Итбаев Жанарбек, Омарбеков Алдаберген, Сайдахметов Сырым, Қазыбаев Әскербектер ауданның денсаулық сақтау саласының өркендеуіне айтарлықтай өз үлестерін қосса, марқұм Мусина Батима халықты қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етудің жүйелі жолын тауып, ел құрметіне бөленген фармоцептика саласының білгірі еді. Өткен 2007жылы көп көңілінен шығатын, көрікті тілмен көмкеріп «Өнегелі өмір», «Өкпелі бауырында» атты кітап жазған Отарбаев Токтарханды да туған ел тарихына сүбелі үлес қосқан азаматтың бірі деуге болады.

Сонау өткен ғасырдың бас кезінде Ажығұл елін отыз жыл басқарған Мұқыштың оның кандидаты болған Құсайынның ел басқаруда болған кезіндегі Хан Қисықтың халқына елеулі еңбегі сіңгені жұртқа мәлім. Ал Мұқыштан кейін ел басқаруды қолына алып болыс болған Айдар Самырза ішінде Кішкентайы Әйімнің Әділбегі екен. Әділбектің істеген жұмысы ақ патшаға жағып, ақ патша алтындаған тақия сыйлапты. Сол тақия Уалханов Талғаттың қайын жұртында деген сөз бар.

1922-1925 жылдары руы Айдар ішінде Самырза болып келетін Қарашев Сағат Зайсанда уездің начальнигі кейін Тұғылда погран отрядының бастығы болып жұмыс істеген. Заманында білімді азаматтардың бірі болыпты. 1929 жылы дүниеден өтіп, мөңгілік байыз тапқан жері Қуанның Сарбұлағының бас жағындағы көп бейітке көрінеді.

Заманында батырлығымен көзге түскен Мұрат батыр да Айдар руының Самырзадан тараған. Жаугершілік заманында елін, жерін қалмақтардан қорғауға қатынасқан батырлардың бірі екен. Ертеректе Доланқара деген жерде үлкен жер дауы болыпты. Сол жерді даулап, дұрыс шешімін алу үшін Айдар елінде батыр атанып жүрген Мұрат батырды жер дауын шешуге биге жібереді. Би жер дауын шешу мақсатында екі жақтың адамын биік күз жартасқа алып барады. Осы биік жарқабақтан қайысының атпен құламай секіріп жарды ар жағына түссендер, жер соныкі дейді. Мұрат батырдың астында бөйге сүр аты болған екен. «Нар тәуекел, не сүр ат өледі, не Мұрат өледі» деп өлгі көрсеткен жар-құздан аман-есен ар жаққа секіріп өтіп, жер дауын шешкен екен деп Рахметжан ақсақал жырдай ғып айтып отыратын. Осы Рахметжан ақсақалды көзім көрді, арақідік біздің үйде осы Рахметжан, Нөкей, тағы да басқа ақсақалдармен бірге бас қосатын. Қолынан ет асатып, батасын берген көшелі ақсақалдардың бірі еді. Сол отырған дастархандас ақсақалдардың айтуына қарағанда, Жарқын баласы Рахметжан 1866 жылы өмірге келіпті. Өте қайратты, тік жүрісті, үнемі атқа мініп жүретін, адамға бауырмал, ағайын-туысқа жанашыр, ақылшы адам екен. 1927-1931 жылдары қиын-қыстау ашаршылық заманында еліне, жеріне, туыстарына қамқоршы адам болыпты. Жөкшылық пен ашаршылықтың ауыртпалығына төзе алмай көрші Қытай еліне үдіре көшкен жақын ағайын

туыстарын Үржарды асып көшіп бара жатқан жерінен қасына 2-3 кісі ертіп барып, атпен түнімен жүріп қуып жетіп, босқынларға ақыл-кеңесін айтып, ол жақта да ешқандай жақсылық күтіп тұрмағанын түсіндіріп, Ақжайлау ауылына қайтарып алып келіпті. Қайтып келген қандастарының еңсесін көтеріп, мал өсіртіп, кейін колхозға біріктіруге мұрындық болады. Балалары Иманғали, Нұғыспанды ертіп алып, өкімет берген 80 бас тайыншаны бір жыл бағып, шығынсыз өсіріп, сол жерде тұратын қандастарына бөліп беріпті. Сөйтіп Ақжайлау колхозы Рахметжан ақсақалдың қарауындағы сиыр, жылқы малдарымен қоса, малдан үлес алғандардың негізінде құрылған колхоз еді дейді. Ал соғыс жылдарында елдің алды болып бастама көтеріп, өзінің меншігіндегі «кекілді жирен» деген жүйрік атын соғыстың нәубетіне беріпті. Марқұм осындай ағайын-туғанға қамқор, бастамашыл ақсақалдардың бірі болыпты. Жасы жетіп қартайған шағында баласы Нұғыспанның қолында 95 жасқа қараған шағында дүниеден өтіпті. Рахметжан ақсақалдың Нұғыспанның туған немерелері: Сламшайық, Көдірбек, Салиха, Алма, Ондасын, Төлеген, Төлен, Ардақ. Үлкені Сламшайық 1934 жылы Ақжайлауда туыпты, Семей қаласында тұрады. Кенжесі Ардақ Мақаншынның Ақшоқысында мұғалима. Баласы Нұғыспан 1900– жылы дүниеге келіпті. Жастайынан зерек, алғыр бала болып өсіпті. Ескіше хат танып, арабша сауатын ашып, үш кластық мектепте оқып, еңбекке де ерте араласып, мал бағу, егін салу, бидай орып, дән бастыру, шөп шабу, оны тасу жұмыстарына үзбей қатынасады. Колхоздар ұйымдастырылған кезде, бастапқы кезде колхозда бухгалтер, 1934-1938–жылдары Ақжайлау колхозының бастығы, ауылдық кеңестің төрағасы. Соғыс жылдарында Социал, Қызыл Жұлдыз, Комсомол, Ленин жолы колхоздарында басшылық қызметте істеп, 1952-1962- жылдар аралығында зейнеткерлікке шыққанға дейін Екпін ауылында сатушы болды. Нұғыспан қай жерде жұмыс істемесін халқына қамқор болған адамгершілігі мол жақсы қасиеттерімен ел есінде қалған ақсақалдардың бірі деуге болады.

Айтыстың туын ұстап шықты Мақан,

Дауысы Біржансалдай мықты Мақан.

Екі ақын екі жақтан жабылса да,

Бүйірі бүлк етпеген тіпті Мақан, – деп Қалихан Алтынбаев жырлайтын Мақан ақынды, өлендері жинақталып жазба бетін көрмесе де, суырып салма ақындығымен ел есінде қалған Ботабай ақынды елі құрмет тұтады. Әулиелік қасиетімен ерекше көзге түскен Үйрек ана да ел жадында сақталып қалған қасиетті аналардың бірі. Заманында еңбек жолын колхозшыдан бастап колхоз председателдігіне дейін өрлеген, халқы үшін, елі үшін жанқиярлықпен еңбек еткен 1946 жылы ССРО Жоғарғы Кеңесінің ІІ сайланған ұлттар кеңесінің депутаты болған Нұркия Алшынова Москваға барып Сталинді көріп жүзбе жүз тілдескен адамның бірі. Иә, халық қалаулысы атанған сол бір жыл марқұмның өмірінде ең бір қызықты уақыттары ретінде есінде қалған болар. Кезінде Ленин жолы совхозының экономикасы мен мәдениетін көтеруге сүбелі үлес қосқан, Ақсуат өңіріндегі атағы алысқа кеткен адамдардың бірі болды. Нұркия мен Кемелбек сияқты

көс қария үл өсіріп, қыз өсіріп, немере сүйіп, өмірден өткендеріне де ширек ғасырдай болған адамдар.

Сол СССР Жоғарғы Советінің депутаты болған Нұркия Алшынованың сінділерінің бірі Ленин орденді шопан Қайша Ақылбекова «Ленин жолы» совхозының №1 фермасында еңбек етіп, мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттырып, Отанына, халқына адал еңбек еткен парасатты аналардың бірі. Осы аналардың жолын қуып, өндірісте еңбегі жанған қазірде сексеннің сенгіріне шыққан өріптесі Оспанова Роза да ел құрметіне бөленген ана деуге әбден болады.

«Асқар тауда асыл көп» дегендей сөзге жүйірік, ойға терең, халқы мен жұртының қамқоры бола білген, таза жүрек, жұртқа пайдалы деп түсінген жұмысын орнына жеткізбей тынбайтын табанды Айбек секілді әкімді елі мақтан тұтады.

Айбекке!

Әкім боп Айбек келгелі,
Ақжар, Ақсуат жөнделді.
Ақсуат пен Ақжарды,
Өркендетті тең көрді.
Әсіресе көп Ақжарға,
Белгілі көңіл бөлгені.
Ел игілігі Ақжардан

Емхана салып бергені.
Алғысын алған халықтың,
Жолы жарқын әкімнің
Аудан мен ауыл өңірін
Жаңартып жатыр әр бір
күн.

Үйрек ана

Ел аузындағы аңыздарға қарағанда өзінің бойына біткен қасиетімен көріпкел киелілігі дуалы ауыздығымен атағы шығандап шыққан қасиетті аналардың бірі – қайраткер дәрежесіне көтерілген, жасында – ақ жөнеше, кейін ақ шеше атанып, қоркіне ақылы сай, кеменгерлігі, көрегендігі, асқан шешендігі, дуалы ауыздығы, киелі әулиелігі, әрі ел басқарудағы қара қылды қақ жарған әділдігімен заманға орта жүзге данқы шыққан XIX ғасырда біздің ауданымыздың топырағында өмір сүрген Үйрек ана (шын аты - Тыныштық). Сәмәмбет келіні. Әке – шешеден бірдей айырылып жетім қалған тоғыз ұлдың үлкені Жанкісіге 14 жасында келіншек болып түскен бұл кісі сол шаңырақты жас та болса біртіндеп меңгеріп, ақырында өзінің сонша ақылдылығы, шешендігімен ауыл аймақты ел жақсыларын аузына қаратады. Тіпті, келе – келе аға сұлтан Қисық бастаған Қаракерей елінің жақсылары оның алысты болжайтын көреген бабалығына бас иеді. Ел арасындағы бірнеше жылға созылған үлкен дауларды бітіруге де, Үйрек ана айтқаны сонша әділ билік екі жақты да риза қылып тоқтатқан. «Арғынның алшысы мен тәйкесін» өзі билеп тұрған Құнанбай да іздеп кеп сәлем беріп, данқты ел анасының ақылына, шешендігіне киелі қасиетіне тәнті болған.

Ол кісінің киелі әулиелігін алғаш танытуына себеп бір жылы қыстауының қасындағы бұлақтың жағасына үй тігіп, жағаға төніп тұрған талға астына кереге жайып, қымыз ашытатын сабаны байлап қояды. Бір күні сол сабаның түбіне бір үйрек ұя сала бастайды. Осыдан былай Үйрек ана сабаны сол жерден қозғамай, әлгі үйрек балаларын өргізгеннен кейін ғана

сабағы алып, жабылауға көшіпті және осыдан былай бүкіл өмір бойы күн сайын таңертен анамыздың қымыз сабағынан пыр – пыр етіп көк ала үйрек ұшып шығатын болыпты. Бұл анамыздың киесі екенін таныған ел құрметпен оның Тыныштық атын айтпай. Үйрек атандырып жіберген екен. Бұл кісінің киелі әулиелік қасиетін танытатын «Шилі түбек», жылқысын айдап кеткен ұрылардың өздері қайта айдап әкеп беріп, жалынып кешірім сұрауы сияқты болған оқиғалар ел аузында сақталған. Ел арасындағы сонша биік абырой атаққа не Үйрек ана сол замандағы әлі билік басынан кетпеген Хан-төрелерді де ықтырған. Мысалы, бір жылы күзде Сыбанкүл төре 70-80 шанырақ толөнгіттерімен келіп, Қыдырдың жеріне (Қыдырдан Айтуған, одан Үйректің қайын атасы Сәмәмбет туады)баса көктеп қонып алады. Барғандарға жауап та бермейді. Ақырында Үйрек ана өзі кеп: «Төре жерімізге рұқсатсыз неге қондың?» дегенде, Сыбанкүл : «Е, мен қараның жерін жемеген де көкті жеймін бе?» дейді. Төренің асқалақтаған жауабына зілденген Үйрек ана:

Бұрын да төре өтіп еді,	Хан да, төре де өкінген еді.
Жер жемей –ақ кетіп еді.	Мен айтайын сөздің төтесін
Баса көктеп қонатындай.	Ертең таңғы азаннан қалмай.
Неменен өтіп кетіп еді,	Осы арадан көшсең де көшесің,
Қараменен санаспаған.	Көшпесең де көшесің,-

ден бұйыра сөйлеп жүріп кетіпті. Сонша ықпалды ел анасының сөзінен қорыққан төре сол айтқан уақытта көшіп кеткен. Үйрек ананың жасөспірімдікке енді аяқ басқан 14 –ақ жасында 9 жетімнің шаңырағына келіп, келін боп түсіп, адамзатта болуға тиісті ең жақсы қасиеттердің бәрінің бір басында болуы арқылы осынша абырой даңққа бөленуі кімді болсын қайран қалдырады.

Үйрек ананың тікелей ұрпағы бүгін 11 баланы өсіріп жеткізіп, көптеген немере сүйіп, өздері мәуелі бәйтерекке айналған ауданымыздың белгілі азаматы Батхолдин Сейіткажының шаңырағы.

Ата жолымен таратқанда: Қыдырдан: Айтуған Желкілдек.

Айтуғаннан: Найман, Сөменбеттен: Жанкісі, Толыбай, Жаулыбай, Болыбай, Бопыш, Қойкелей.

Жанкісіден: Мұсабай, Мұсабайдан Атыммижан, одан Қырықбай, Қырықбайдан Батходда, Батхолладан Ахмерғажы, Сейітғажы (Сейіт), Сейітғажы жолдасы Құрманбай қызы Қайникамал, руы Қыржы ішінде Қазыбек. Ұлдары: Қалтай, Бауыржан, Елтай, Ертай, Ғалымтай, Қайыртай, Әміртай, Еркін, Қайрат. Қыздары: Ардақ, Анар, Майгүл.

Сейіткажы екеуіміз институт қабырғасында бірге оқыдық. Бір жатақханада жатып бақырдың қара сорпасын бірге ішкен адамдармыз. Жастық шақтағы қызықты күндердің бір талайын осы Сейіткажымен өткізген болатынбыз.

Уақыт деген сынаптай сырғып өте шықпай ма? Сол бір кезде бақыр сорпасын бірге ішкен досымның Ғайникамадай жарымен шаңырақ көтергеніне 50 жыл толып, алтын тойына шақырғанда жазған арнауым алыста қалған жастықтың сол бір базарлы белестерін еске түсірер деген мақсатта ұсынып отырмын.

Уақыт өтіп бағалы,
Жылдар жылжып барады
Сөз қозғайын сіздерге
Өткен шактан шамалы
Жастық деген беленде,
Оқу қуған кезенде.
Құлынтайдай тебісіп,
Бірге өстік Семейде.
Жаманатты дегізбей,
Мақтан сөзге елірмей,
Жатаханада бір жаттық
Бірге туған егіздей.
Достығымыз жарасып,
Үлгі болдық көп елге.
Бір жапырақ нанды бөліп жеп,
Тұрдық бірге бөлмеде
Содан бері сан жылдар,
Артта қалды қараныз
Бізді қойып арттағы,
Әке болды баламыз
Өрге басты талабын

Сөтті болды қадамын
Отбасынның болды киесі
Құдай қосқан Камалың!
Үлкендерден бата алдық,
Құрметтеді қатары
Саң ұрпақ әкеп өмірге
Батыр ана атанды.
Қыздарыңыз бой жетті,
Ұлдарыңыз ер жетті
50 жыл міне артта қап,
Алтын той да кеп жетті
Біздер ассақ жетпістен
Жетпіске толды Камалың
Жүре берсін осылай
Даланың жұтып самалын
Көңіл құстарын самғасын
Армандарың алға ассын.
Шын пейілім сендерге
Тойларың тойға жалғассын!

Ізгі тілекпен Төлеуғазы, Нұржәміш
Ақсуат ауылы 20 тамыз, 2006жыл.

Роза Оспанқызы өз өмір дерегін, өткен өмір жолынан есте қалған елестер деп баяндайды: Мен 1924 жылы 12–қаңтар айында Қызылтас баурайындағы Зергер өзенінің бойында өмірге келіппін. 1940 жылы Көрсомол қатарына өтіп, 1943 – жылдан партия мүшелігіне өтіп партия тәрбиесінде болдым. Ел басына күн туып, алғаш соғыс бүрк ете түскенде өкeden бес бала қалып, соғыстан болған қиыншылықта оқуды тастап, қар жамылып, мұз төсеніп, аш–жалаңаш жүріп, жетімдіктін де тауқыметін тартып өстік. 1943-1945 жылға дейін Ленин жолы колхозында ешкі фермасына менгеруші, Алшынова Нүркия апайыма көмекші учетчик болып жұмыс істедім. 1946 жылы Көктүбек ауыл кеңесіне қарасты Жаңа тілек колхозының қой фермасында менгеруші болып қызмет істедім. Менің ферма менгерушісі болып жұмыс істеген кезімде Ауылдық кеңестің төрайымы Омарова Рысжан, секретары Бейсембаев Шарахмет, колхоз басқармасының бастығы Қ.Жығанов, есепшісі Торғауытов Дүйсенбай еді. Фермада да өзіммен бірге істеген Тергемесов Қонақ, жылқышы Әлпенев Әбдікөрім, Сайлау, Итемеров Садуақас, Сағадиев Қалымбек, Құдайбергенов Сыдық, Рахметоллин Ақжүніс, Байжүніс, Жорғатай, Әзімағанбет, Отыншин Қапас, сол кездегі енбекке араласқан әйелдер: Өрісбаева Зияхан, Рахметоллина Бибіш, Нұржамал, Айтжан, Гүлбаран сияқты бір жанұядай ұйыған коллективтің адамдарының адалдықтарынын, адамгершілік қасиеттерінің

молдығынан, арлы артықша азаматтықтарының тату–тірлікті сүйетін, көңілдің жыртығын жамай білетін біртоға шалқар пейілді көпшіліктің еңбегінің арқасында ВДНХ ның ауылшаруашылық көрмесіне ұсынылдым. Жұмысым жүріп, көңілдің көтеріңкі жүрген кезі де осы жылдар болды. Басқа жұмысқа ауысыма байланысты менгерушілікті Мұхаметжанова Зейнепке откізіп беріп, Көкжыра ауылына келіп, жаңа жұмысқа орналастым. Колхоздарды ірілендіруге байланысты жолдасым Қамбаров екеуіміз бір табын ірі кара малын бақтық. Бұл жұмыста да еңбегіміз жанып, жолдасым «Ленин ордені» және бірнеше медальдармен марапатталып, партия қатарына өтіп, партия ұйымында тәрбиеленді. Өзім 1941-1945- жылғы Жеңіс медалімен, «Құрмет белгісі» ордені, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталдым. Еселі еңбегім жанып, халық қалаулысы атанып, облыстық Кеңестің депутаты болып сайландым. Алматыда өткен Қазақстан Компартиясының XI съезіне делегат болып қатынасып, Пленум мүшесі болдым. Мен еңбекпен ер жетіп есейдім. Жанұямда оннан артық бала тәрбиелеп өсірдім. Барлығы да жоғары білімді маман.

Қорыта айтқанда, өз өмірімде үлкенді аға тұтып, кішіге камкоршы болып, өмірдің ащысының да, тұшысының да дәмін татып, сексеннің сенгіріне шығып отырмын. Мен көрген қиындықты келешек ХХІ ғасырдың ұрпақтары көрмесін, дейді қария.

Бақыт Қажыбайқызы



Нұрғамила Бақыттың анасы
Мұқышқызы,
Руы Қыржы Кешуден.

Қырқынан Бақыт шыққанша,
Нұрғалидың үйі өсірген.
Бақыттың бүгін жарқырап,
Туған айы оңынан.
Нұрғали шаңырағының
Қасиетінен дарыған,
Деп Нұрғамила Бақыт анасы,
Жаксылыққа жорыған.
Жоғары билік қызметті,
Бақыт жаксы басқарды.
Жетеледі білімге
Ауылдағы жастарды, -

дей келе, Қажыбаева Бақыт Қажыбайқызы 1943 жылы Қызыл Кесік ауылы, Ақсуат ауданы, Семей облысында туған. Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтын және Алматы қаласындағы Жоғары Партия мектебін бітірген. Еңбек жолын қарапайым мұғалімнен бастап, партия совет қызметінде істеді. Аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, бөлім менгерушісі, бес жыл аудандық атқару комитетінің председателінің

орынбасары, тоғыз жыл ауданның партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды.

1992 жылдан 1997 жылға дейін аудандық білім беру бөлімінің менгерушісі, 1997 жылдан осы уақытқа дейін аудандық білім бөлімінде бас маман болып қызмет атқарып жүр.

Бақыт Қажыбайқызы қазір аудандағы білім саласын реформалауға, ауданда білім сапасын арттыруда елеулі жұмыс атқарып келеді. Ол кісінің араласуымен шешілетін мәселелер көп. Тынымсыз еңбегімен бірде жеке мұғалімдермен жұмыс жасап, олардың жақсы істерінің жанашыры болса, бірде аудан мектептерінің педагогикалық ұжымының жұмыстарына бағыт-бағдар береді.

Бақыт Қажыбайқызы ауданның әлеуметтік-саяси өміріне де белсене араласады. Көп жылдан бері ауданда әйелдер кеңесінің төрайымы. Бақыт Қажыбайқызының әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, өсіресе аналардың жанашыры болып жүргенін көресіз.

Өз мүмкіндігінше, қолынан келгенінше, оларға да көмектесіп жүреді, тек мұғалімдермен ғана емес аналармен, жастармен жұмыс атқаруға да уақыт таба біледі.

Бұл кісі өзінің бүкіл өмірін осы ауданның экономикасын, мәдениетін дамытуға арнады. Бақыт Қажыбайқызы Совет, партия қызметін атқарған кезде, адамның мәдениетін дамытуға ерекше үлес қосты. Осы кісінің ұйымдастыруымен ауданда үлкен оркестр құрылып, халық аспаптар оркестрі атағын, фольклорлық ансамбль құрылып, ол да халықтық ансамбль атағын алып, республикаға танымал болды.

Бақыт Қажыбайқызының өмір жолы бұрын да сан кітаптарға шығып, талай туынды мақалалар шыққан. Мысалы: 2002 жылы Білім және Ғылым Министрлігінің ұстаздар туралы шығарған «Қалдырған ізін мәңгілік» атты кітабында алдыңғылардың бірі болып өмір жолы орын алса, аудан туралы шыққан «Ақсуат» атты кітабында ауданның экономикасы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі жастарға үлгі ретінде жазылды.

Қажыбаева Бақыт ауданның экономикасын дамытуға, аудан халқы арасында саяси тәрбие жұмысын жүргізуде үлкен жұмыстар атқарды. Еңбегі бағаланып, бірнеше медальдармен, «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен», «Қазақстан Республикалық білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Бүгінде Бақыт Қажыбайқызын ауданның үлкен-кішісі түгелдей сыйлайды, халықтың құрметтісі. Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілген. Бұл кісінің өмір жолын кейінгі ұрпаққа үлгі етеміз.



Тегінде Ақсуат ауданы атқару комитетінде, кейін аудандық әкімшілікте орынбасар болып қызмет істегенімде маған бекітілген шептік мекемелердің бірі- Ақсуат аудандық орталық дәрі-дәрмек аптекасы болатын. Аптеканың жұмысы өте ауқымды болды.

Олай дейтінім, бүкіл ауданға қарайтын ауруханалар мен ауылдардың шалғайында жұмыс істейтін фельдшерлік пункттердің барлығы осы орталық аптекаға қарайтын. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл аудан халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп отыру аптеканың мойнында болатын.

Осындай жауапкершілігі мол мекемені 1964 жылы Семей медициналық училищесінің фармацевтика факультетін бітірген Мусина Бәтима Шөкербекқызы 36 жыл үздіксіз Ақсуат аптекасында, 33 жыл бойына Ақсуат аудандық орталық аптекасының меңгерушісі қызметін өмірінің соңына дейін атқарып, халқына қалтқысыз еңбек етті.

Ауруларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету деген айтуға жеңіл болғанымен, оның толық мағынасында іске асыру ердің-ерінің қолынан келетін шаруа. Міне осындай ердің жұмысын абыроймен атқарған Бәтиманың жұмысы өте ауқымды еді.

Олай дейтінім, Бәтима аудан басшыларының алдына қойып жүріп, кезінде орталық дәріхананы жана ғимаратқа көшірді, онда қоймалар салды, дәрі-дәрмек тасымалдайтын жүк автомашинасын алуға жетісті. Жүрек ауруына қолданылатын ПДП деген дәрінің бір тубигі 3600 теңге тұрады. Қазір оны ешбір дәріханадан таппайсыз. Сонымен қатар «Продуктал» деген дәрі бар, бағасы 2000-2200 теңге аралығында, бұлар Италия, Ресей т.б. шетелдерде дайындалатын дефицит дәрілер болып саналатын.

Міне, бұл бір ғана мысал. Ал, Бәтима басшылық жасап тұрған кезінде міне осындай тапшы дәрілердің барлығын сол кісінің аптекасынан қиналмай-ақ алуға болатын. Осындай өте сирек кездесетін дәрілерді қаладан келіп алатындардың куәсі болдық.

Ауру сырқаудың беті тек дәрімен қайтатыны мәлім. Ал, осындай дәрілер болмаса, өлімнің бетін ары қылсын адамның бейнеттен құтылуына дәріден басқа шипа бар ма?

Бәтиманың тағы бір көзсіз ерлігін айта кеткенді жөн көріп отырмын. Қайта құрудың алғашқы жылдарындағы қиыншылықтар тұсында аудандағы ауруханалардың дәрі-дәрмекке аударатын қаржыларға берешек болып, дәрі тапшылығы туындаған кезде, ол өз есебінен аудандық агробанк мекемесі арқылы несие қарыз ақша алып, дәрі-дәрмек тапшылығын жауып, халық

денсаулығын сақтауда үлкен ерлік жасап, қамқорлық көрсеткенін еш естен шығаруға болмайды.

Кейінгі нарық заңына қарай аптеканы жекешелендіріп ауданымызда халыққа медициналық қызмет көрсету саласында ұзақ жылдар бойы өзінің кәсіби білімі мен өмірлік мол тәжірибесін арнаған, адал еңбегімен ел құрметіне бөленген жаны жайсаң ғазиз жандардың бірі осы Бәтима Мусина деуге әбден болады. «Жақсының өзі өлсе де ісі өлмейді»-дегендей, бүгінгі Бәтима Шәкербекқызымен қызметтес болғандар оның іскер қабілетін, жібектей есілген жайдары мінезін әр кез ілтипатпен еске алады. Бәтима адамның атак дәрежесіне қарамай, барлық қарапайым жандармен бірдей жылы жүреппен тіл табыса білетін, үлкенге ізет-кішіге құрмет көрсететін абзал жан еді.

Бәтима өзінің 36 жыл еңбек еткен тұсында өзінен кейінгі ұрпақты аптекарлық кәсіпке үйретуде, бірге істеп өзінен тәрбие алған шәкірттерін қолдан дәрілер жасауға үйретіп, тәрбиелеп, мамандандырып шығарған іскер ұстаз, тәжірибелі тәрбиеші. Сол Бәтимамен бірге істеп, өнегесін үйренген, нарық кезінде аптекарлық жұмысты жүргізудің қыр-сырын игере білуге бейімделген бүгінгі аптекарлар К. Нығметжанова, Н. Бекпаева, Р. Қасенова, Б. Мусина, Г. Сақмолдиналар қазірде аудан халқына жемісті еңбек етуде.

Мен білгенде, Бәтима сол тұста ауданда қызмет істеп жүрген әйелдердің ішіндегі ең кішіпейілі, мінезі жібектей, жүрегі жұмсақ, халқым деп соғып тұратын тәрбиелі-өнегелі аналардың бірі болды.

Ақсуаттан шыққан алғашқы фармацевт-дәрі жасаушы, халықтың қамқоршысы болған, адал еңбегімен артына із қалдырған, аудан халқының денсаулығы жолында тынбай еңбек еткен Бәтиманың есімін ел есінде қалдыру мақсатында аудан орталығы Ақсуат ауылынан, өзінің алғаш келін болып түсіп, табалдырық аттаған Қызылкесік ауылдық округінен бір көшенің атын берсе, суреті мен өмірбаянын жазып, аудандық мұражайға қойса, орынды шешім болар еді.

Осы мақсатты іске асыруда ұсыныстар жасау, оның өнегелі өмір жолын жас ұрпақтарға тәрбие өнеге етіп көрсету шарасын жасау аудандық орталық ауруханасының басшылығы мен аудандық әйелдер бөлімінің, аудандық ардагерлер ұйымының парызы демекші.

Аудандық мәслихат пен әкімшілікке ұсыныс түсіруде де мұрындық болу осы жоғарыдағы аты аталған ұйымдардың назарында болғаны жөн.



Отарбайұлы Тоқтархан,
Шықты жақсы ортадан.
Көкебай қажы ұрпағы,

Жақсылыққа жол салған.
Қызмет етті ауданда,
Совхозда әр салада.
Жұбайы Шөкен екеуі,
Болды ардақты ата-ана.
Қондырды ұлды ұяға,
Қондырды қызды қияға.
Тәрбиелеп төрт бала,
Жетеледі жиі алға.
Еңбектен бағы табылды,
Жұлдызын жарық жандырды.
«Өкпегі бауырында» атты
Кітап жазды нанымды.

Құттықадам, Жаңбике елі

Бұл елде акын да, игілікті істерімен халықтың есінде қалған адамдар да баршылық.

«Өлең сөздің патшасы» деп ұлы Абай айтқандай, сөз түсінген, өнер қадірлеген ата-бабамыз қашанда ақындарын ардақ тұтқан. Сондай ақынның бірі осы елден шыққан Қали Аманбалайұлының Турксиб темір жолын салысу барысында Нұрғали Тұнғатаровпен айтысы «Іздеу бар жерде өріс бар» дегендей талмай іздеудің арқасында ұзақ жылдар жарық көрмей келген айтыс 2003 жылы «Ақсуат - Атамекенім» атты кітаптың (98-114) беттерінде басылып, жарық көріп, өмірге келді.

Қали акын 1957 жылы Қытай Халық республикасынан туған жеріне оралады. Акын Көкжыра ауыл кеңесіне қарасты Шверник атындағы ұжымшарға мүше болып кіріп, сиыр фермасында бақташы болып жұмыс істейді. Қали ақынды көз көргендердің айтуына қарағанда, көп сөзі жоқ, томаға тұйықтау көрінгенмен, көңіліне жол тауып, әңгімелесе кетсеңіз, сөзге сондай шешен, әзіл-қалжынын араластыра отырып, не бір оқиғаларды көз алдыңызға елестетіп, баяндап беруші еді дейді. Какен ертеректе бүгінгі Би Боранбай ауылындағы Мырзас руының атақты байының келіні Қанышайым атты келіншекпен айтысқан екен. Бірақ білетін адамдардың жоқтығынан жарияланбай қалыпты.

Бір жылдары Какен Көкжыраның құнбатысында Базар өзенінің бойындағы Баспан деген жерде жаз айларында бие байлап отырады екен. Ақкөңіл, жомарт жанды ақынның бөйбішесі ашытқан тіл үйірер, бал татыған қымызды келген кеткендерге, әсіресе, ауылдың белсенділері ішетін болса керек. Көкжырада тұратын ақынның замандасы Ахмет Кемербайұлы бір ретте баласын Қалидікінен қымыз әкел деп жіберіп, мынадай бір ауыз өлең жолдаған екен:

Базар боғын, ей, Көке, алдың жайлап,
Көкөрай шалғынына бие байлап.
Қымызды белсенділерге бере бермей,
Қойсаңшы бір уақыт бізді де ойлап.

Келген баланың ыдысын қымызға толтырып беріп, замандасы Ахметке
былай деп жазып жіберіпті:

Жібердім бір азырақ сары қымыз,
Бойға қуат, дертке шипа дәрі қымыз.
Ахмет баяғыдай күнің бар ма?

Қыздан да, қымыздан да күдерінді үз, - депті.

Аты көпке мәлім акын Қали Аманбалайұлы ұжымшар 1963-жылы
Амангелді атындағы кеңшарға айналғанда әртүрлі жұмыста болып, кейіннен
зейнеткерлікке шығып, бұл дүниеден өтіпті.

Ақын Қуанышбай Сатпақовтың (1885-1964 ж) есімі Семей өңіріне кең
танымал. Ол Базар өзенінің бойындағы Көкжыра ауылында дүниеге келіп,
сонда өмір сүріп, дүниеден өтті. Оның өзіне де, әкесіне де дәулет бітпеген,
байларда жалшылықта жүріп, егіншілікті кәсіп еткен. Жас күнінен еңбекке
шыныққан Қуанышбай еті тірі, пысық жігіттердің бірі болып ер жетеді.
Өзінің ізденімпаздық талабы мен талантының арқасында өздігінен оқып, хат
танып, әртүрлі өнер түрлерін үйренген. Тәп-тәуір домбырашы, дойбы,
тоғызқұмалақ ойындарының шебері, оған қоса айтулы ат бапкері болды.
Жас күнінен әңгімеге, өлең-жырға жаны құмар, күйма құлақ, ол салған
жерден суырып салып, өлең шығарып, ел арасында болатын той-
томалақтарда көзге түседі. Әрине бұл тойлар айтыссыз өтпейді. Сондай да
әріптестерін жеңіп кете беретін болған. Міне сол кездерден бастап,
Қуанышбай деген аты көп айтылмай, «Ақын аға» аталып кеткен екен.
Қуанышбай баптаған «Шверник» колхозының Елік жирен бөйге аты 1950
жылдары ат жарыстарында ауданда қатарынан бес рет, облыста үш рет
бірінші болып бөйгеден келді. Майталман ат бапкері Сатпақов жөнінде
арнайы жасалынған көлемді стенд республикалық спорт мұражайында күні
бүгінге дейін сақтаулы тұр.

Алпысыншы жылдарда Көкжыра ауылында тұратын бір ақсақал ас-су,
қазан-ошағын ұстайтын кісі болмаған соң, жесір әйелмен некелеседі. Әйел
кезінде қызмет атқарып, белсенділер қатарында болған адам екен. Әлгі кісі
осы оқиғаға байланысты өзі қатарлы бір аз ақсақалдарды үйіне шақырып,
дәм татқызады. Ішінде Қуанышбай да бар. Ақын аға, лебіз білдірсеңші
дегенде, ол жүкке сүйеулі тұрған домбыраны ала салып бөгелместен:

Есеке, сексен жасқа таяп қалдың,
Бағуы қиын болар саяқтардың.

Сақалын неше жылдай тарағанмен,
Төкеннен бұрынырақ аяқтандың, - деген екен.

Мұндағы Есекен – қуаныш иесі болса, саяқ деп жаңа қосылған жұбайын
мезгегені, Төкең дегені бөйбішесі қайтыс болған соң бірнеше жылдан бері
біреу кез болса, сонымен тұрмыс құрсам деп жүрген ақынның құрдасы болса
керек. Суырып салма, төкпе акын Қуанышбайдың әр кезде әр түрлі жағдайда

айткан мірдің оғындай өлендері туралы бірер мысал келтіре кетелік. Ертеректе ақынмен көршілес Андағұл деген бай тұрыпты. Өзі егіншілікті кәсіп етіп, адал еңбегімен байыған екен. Мінезі ашық-жарқын болса керек. Кедей-кепшіктерге де қайырым жасап тұрған. Күздің суығы түскен кез, Қуанышбай бір ауылға өз шаруасымен кетіп бара жатып, жол үстіндегі Андағұл байға сәлем бере кетейін деп бұрылады. Ассалаумағалейкум, деп үйге кіріп келсе, үй толған кісі шай ішіп отыр екен. Есіктен кіріп келген Қуанышбайға көңілді отырған Андағұл бай: - Ақыным, өнерінді байқап көрелік, міне домбыраң, бөгелмей қолма-қол мені мақтап бір ауыз өлен айтшы, - депті. Сонда ақын домбыраны алып, бірден:

-Әнеке, артың жетпіс алдын сексен,
Қайратың үзуші еді темір тепсен.
Егінің өнбей қалып көрген емес,
Кәсіп қып, қара жерге егін ексең.
Қызығын мал мен бастың бірдей көрдің,
Дәл бүгін арманың жоқ өліп кетсең.
Жылына бір көкшегір ұл туғызған,
Қалады-ау, өлсең жерде қайран бөксең, - депті.

Шегір көзді, өңі сары бай шалдың өзі өндес үбірлі-шүбірлі балалары көп болса керек.

Баяу аққан Базар өзені. Өзеннің екі жағы түйе бойламайтын қалың ши. Ши арасынан қылтып көрінген қисық мұржалардан аспанға көтерілген көк түтін. Бұл арада тіршілік барлығын сол түтіндерден ғана көруге болады. Өзен бойын мекендеген, қыста малшылық, жазда егіншілікті кәсіп етіп, «Жатақ» атанған Қуанышбай ақынға бір байдың мырзасымағы былай депті:

Мекені қалың шиден көрінбейді,
Дыбыс жоқ, еш тіршілік білінбейді.
«Жатақ» боп жан сақтаған Қуанышбай
Несіне өлең айтып дүрілдейді

Ер көңілді ақын сөзден жаңылып тосылсын ба, іле былай деп жауап қайтарыпты:

Таңдап алған кәсібім егіншілік,
Үйім қораш болса да ойым биік.
Дайын асқа мөз болған айдаболым.

Сен де жүрмін дейсің-ау өмір сүріп, - деп бай мырзасын сөйлетпей тастайды.

1940 жылдары Қуанышбай көршілес «Көкжыра» колхозында тұратын Бөкенбек ақынмен бірнеше рет айтысқа түскен. Бір жолы бір адам «Ақын аға» Бөкенбек биыл сізді жеңемін деп қатты дайындалуда қапы қалмаңыз десе керек. Сонда ақын:

Көкжыра кәрібозын баптаған ба?
Қылыштай өткір қайрап таптаған ба?
Ауданда саған жетер жүйрік жоқ деп,
Елiрiтiп есiн алып, мақтаған ба?
Еңкейiп ерi кеттi мойынына

Тұра ма күйеуің жоқ шаптағанға.

Бақасы малшық судың еркінсінді.

Дария таудан құлап ақпағанға.

Кердеңдеп кесірткідей кеткен екен

Ысқырып айдаһар кеп шақпағанға, - деп табан астынан суырып салған ғой. Қынышылыққа толы соғыс жылдарында бригадир бола жүріп, ауылда қалған көрілер мен жастарды, көңілдері жабырқаулы әйелдерді еңбекке жұмылдырып, жеңіс күнін жақындата түсу жолында елеулі үлес қосты.

Жайнаған тау гүліндей келіндерім,

Мұн басып жабырқамасын көңілдерің.

Сүм жауды өз жерінде талқан етіп.

Күні ертең аман-есен келеді ерің, - деп жырлаған шала-шарпы хат білетін ақынның әр жағдайға байланысты қолма-қол айтылған өлеңдері күймақұлақ біреулердің жадында сақталмаса, көбі ұмыт болды. Ақын өлеңдерінің бірқатары халықтың қара өлеңі үлгісінде болып келеді. Солай бола тұрса да, орынды қолдана білген тенеу түрлерімен, сөздерінің ұшқырлығымен, ұйқасының шеберлігімен ерекшеленетін. Мұны жас кезінде бір келіншекке арнаған мына өзілінен де аңғаруға болады:

Көріңген ай астында темірқазық,

Шіркін-ай, сыртың сұлу бауырын жазық.

Күлімдеп төңкерілген көзқарасың,

Емес пе дәл мен үшін бір күн азық, - деген екен.

Әрине, халық қазына ғой, іздестірсе әлі де өлеңдерін табуға болады. Тек осыған іздеу болса демекпін.

Әрісі Жетісу мен Алатау өңіріне, берісі облысымыз бен ауданымызға танымал таланттардың бірі жерлесіміз марқұм Дәуітбек Нұртазин болатын.

Ол 1939 жылы Зайсан қаласындағы педучилишені тамамдап, жас ұрпақтарға білім беру ісіне беріліп, ұстаздық етті. Ұлы Отан соғысы басталысымен, алғашқылардың бірі болып майданға аттанып, 1943 – жылы жараланып елге оралды. Келген бетте ұстаздық қызметіне қайта кірісіп, көп жылдар мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Сонау бір жылдарда Талдықорған облыстық оқу бөлімінде инспектор да болды. Кезінде жоғарғы оқу орнын бітірген ол орыс тілі пәнінің маманы болды. Өз білімін толықтыру жолында тынбай ізденіс үстінде болған әр саладан жеткілікті хабары бар зерделі ақсақалдардың бірі еді. Атқарған қызметімен қоса шығармашылық еңбегі республикалық, облыстық, аудандық газеттерде, бірнеше журналда жарияланған тарихи деректері, әр тақырыпқа ой толғаған зер салған оқырманға ғибрат берерлік мазмұнды да құнды, көңілге ой саларлық еңбектері көп болды. 1950-1960- жылдары көп ізденіп, еңбектерінің нәтижесінде кезінде белгілі революционер Сәкен Сейфуллинге серік болған, ақ әскерлерінің қолынан қаза тапқан, қызыл комиссар Ысқақ Кәбеков өзінің лайықты бағасын алып, оның туған ауылы Екпінде оған сол жылдары бюст орнатылса, Ұлы Отан соғысында неміс фашистерімен шайқаста Қырымдағы Керчь түбегіндегі жер асты үңгірінде адам шыдамас ауыр азапта қаза тапқан, көкжыралық Шәріпзада

Жүнісқұловтың ерлігі бүкіл республика одақ көлеміне паш етіліп, оған да туған жерінде ескерткіш орнатылғандығы көпке мәлім. Бұдан үш ғасырдан аса қазақ жерін жоңғар шапқыншылығынан тазартуда ерен ерлік жасаған хан Абылайдың даңқты қолбасшысы Дарабоз атанған Қаракерей Қабанбай батырдың сүйегі жерленген жер Ақмола өңірінде екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, бұл жөнінде өрбіген әртүрлі талас пікірлерді өшіріп отына су күйған да осы Дәукен еді. Ғұлама жазушы М.Әуезовтың «Абай жолындағы» кейіпкердің бірі Изғұтты туралы Абайдың өзінің әр кездегі әр қырлы мінезі, іс-әрекеті жөніндегі Тана мырза, хан Қисық, Жаһуда, Мүрсәлім болыстар жөніндегі Дәукеннің жазғандары, сондай-ақ Базар, Баспан қамал үнгірі, мың жылқы құдығының ғажаптары жөнінде жазғандары соншама құнды, ұрпаққа жол көрсететін туындылар десе де боларлықтай. Ал Дәукеннің «Күндыздар серуені», «Адамдары ауырмайтын тайпа», «Ауа райын ғажаптан болжаушылар», «Ғажап құрылыстар», «Өгіз қойлар», «Сорға өсімдігін басқа өсімдік егіп құрту» жөнінде жазғандары ол кісінің әр саланың маманы, көп ізденетін еңбеккер, білімпаз екендігін паш ете түскендей. Өз-өзі аяқ тураны, қазақша таза сөйлеп, дұрыс жазу, Алматы қаласының тарихы жөніндегі жазбалары да оқырмандарға ой салған қоғамдық үлкен мәні бар өрелі еңбектер болды. Дәукен айтты деген қанатты сөздер, қалжың аралас өзілдер қарапайым халық арасында кенінен таралған. Дәукен ертеректе оқу бөлімінің меңгерушісі болып тұрған кезінде, инспекторларды ертіп, бір мектепке тексеріс жүргізуге барса керек. Араларында облыстық оқу бөлімінің өкілі, жасы келіп отырыңқырап қалған бойжеткен инспектор бар екен. Бір ретте Дәукен дастарханға сол бойжеткенмен қатар отырып қалады. Осы сәтте құрбыласының бірі Дәукенге қалжыңдап қағаз жолдайды. Сонда ол:

Жанымда инспектор қызым отыр,
Көңілімді әр нәрсеге бұзып отыр.
Кемпірімнің жанында тонған тізем,

Білмеймін өз-өзінен қызып отыр, - деп қолма-қол жауап қайтарыпты. Демек мұның өзі Дәукеннің өлең шығаруға да бейімділігін аңғартады. Осы күнгімені жазуға арқау болған Дәуітбек жерлесіміз Алматы қаласында тұрып, жұретті еңбек демалысында жүргенде сол Алматы қаласында дүние салды. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған үлгілі жанұя. Ұлы Руслан өке жолын қуып, журналистік қызмет атқарса, қызы Назигүл ғылым кандидаты. Д.Нұртазиннің өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі екендігі күмәнсіз.

Мүрсәлім Бектеңұлы (1859-1922 ж.ж.)

1916 – жылы ақ пен қызылдың ерегес кезінде Ақ патша қазақтан қара жұмысқа солдат сұрайды. Оған Мүрсәлім келіспей қарсы шығады. Ақ патшаның қысымына шыдамаған Мүрсәлім сол жылы Қытай асып кетеді. Қытайға 1916- жылы барып, 1917 - жылы қайта еліне оралып, 1928 - жылы өзінің қыстағында дүние салыпты. Қытай еліне жер ауып бара жатқанда шығарған ұзақ өлеңінің бір шумағын айта кетуді жөн көрдім:

... Ұры ғып, кісі өлтіріп жоқпын қашқан,

Не көрсем, халқым үшін қарным ашқан.

Мақаның келіп қондық бұлағына (Түйе мойнақ)

Тәуір сөз естілмеді құлағыма, - депті.

Аумалы- төкпелі кезеңде заман құбылса да, еліне деген махаббатын ту етіп ұстаған болыс Мүрсәлім ой түйінділерін, өмір сабақтарын өлең етіп өреді. Сөйтіп халық жадында болыс Мүрсәлім ғана емес, акын Мүрсәлім болып жатталып қалады. Бәлкім тұлпар текті дарынды тұлға күндердің күнінде әділдіктің жеңеріне деген сенімі келешек ұрпақтың бақ тұғырына қайта қонарын айғақтайтындай:

Ойланып елдің камын саралармыз,

Қазаққа ақыл айтқан даналармыз.

Алты арыс Орта жүздің арасында,

Ерлерге көлеңкелі паналармыз.

Шымылдық ортамызда жалғыз- ақ бел,

Халқыма тыныштық болса оралармыз, - деген екен.

Міне Мүрсәлім Бектенұлы ел басқарумен қатар акындығы арқасында аты алысқа кеткен тұлғалы адамның бірі.

Баласы Заманбек Мүрсәлімұлы Қытайдан 1955 жылы туған еліне оралып, 1956 жылы қайтыс болыпты. Зираты Көкжыра елді мекенінің жерінде көрінеді. Артында 8-9 бала қалыпты.

Кеңес өкіметі тұсында колхоз басқарған, ауылдық кеңестің төрағасы болған, ауыл шаруашылығында әр түрлі жұмыс істеген атқа мінер азаматтары: Көшкінов Зейнолла, Көнекбаев Қали, Кемербаев Ахмет, Көшкінов Қойшыбек, Кемербаев Құмар, Торғауытов Дүйсенбай сияқты азаматтар болды. Жылқы шаруашылығын өз төлі есебінен өсіріп өркендеткені және жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін халық қаһарманы атанған Демеубаев Қазыбек, қаржы саласында ұзақ жылдар бас есепшілік қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан Мадрахимов Аблай, ауданда сауда саласын басқарып зейнеткерлікке шыққан Абданов Мұхтарбек те осы ауылдың азаматтары.

Сауда саласында ұзақ жылдар жұмыс істеп халыққа көрсеткен қалтқысыз қызметтерімен көп құрметіне бөленіп, кезінде сауда саласындағы мінсіз қызметі үшін Қазақ ССР Жоғары советінің Құрмет грамотасымен, бірнеше медальдармен, жыл сайынғы мақтау қағаз, бағалы сыйлықтарға ие болған, осы ауылда алғаш ашылған сауда дүкендерінің бірінші сатушысы болған марқұм Түсіпбек Қайранов еді.

Құқық қорғау саласында үлкен қызметтер атқарып келе жатқан, ауылдастарына жақсы істерімен көрініп, ауыл орталығынан мешіт ғимаратын салдырған, нарықтың алғашқы ауыр кезеңінде орталық мектепті көмірмен қамтамасыз еткен, кезінде ауылдастарына материалдық көмек көрсеткен, айтқанын екі етпей орындайтын, үлкенді сыйлап, кішіге қамқорлық жасайтын жігерлі ел азаматының бірі Сабуров Дәлелхан болса, сөзіне ісі, ісіне болмысы сай, заманмен аяғын тең басқан, тыныс-тіршілікті тамыршыдай бақылап, зерделеп отыратын Аязбаев Мәуіліт те нарық кезіндегі нелер қиыншылыққа карамастан, бұрынғы ұжымшардың бір кірпішінде

бүдідіртпей, тұтасымен аман сақтап қалып, ел басқарып отырған өресі білік азамат.

Кезінде аудандық партия комитетінде, аудандық бақылау комитетінде, аудандық атқару комитетінде басшылық қызметтерде істеп, зейнеткерлікке шыққан Жакупбаев Әскербек, аудандық партия комитетінде, аудандық атқару комитетінде болып, қазірде әкімшілікте ақпарат басшысы болып жұмыс істеп келе жатқан Нұрбеков Амантай, кезінде аудандық атқару комитетінде орынбасар, қазірде оқу-ағарту саласында жұмыс істейтін Қойшыбекова Бақытгүлдер осы ауылдың тумалары.

«Шабытының желкенін жел кернеген, көңілінің пернесін тең тәрбеген қазекен өнерде де ешкімге дес бермеген» дегендей, Құрманғазының «Сарыарқасын», Динанын «Байжұмасын», Байжігіттің «Былқылдағын», Дәулеткерейдің «Қосалқасын», Қаршығаның «Ақ қайыңын», Сөкеннің «Ақ жауынын», марқұм Нұрғиса Тілендиевтің ғажайып туындыларын аудан жастарын үйретіп, жүздеген күйші шәкірттер даярлаған, қос ішекті қу тақтайға жан бітіріп, шанағынан күй төгілткен Байқыдыров Алшынғазы болатын. Марқұм мінезі де сыпайы, пейілі де кең, жылы жүзді азамат еді. Өмірден ерте озды. Өмірден ерте озса да, аудан жастарын тәрбиелеудегі еңбегі бағаланып, аудан орталығындағы саз мектебі Алшынғазы Байқыдыров атымен аталып отыр. Сағым қуған сары даланың салқар көшін бастаған қазақ өмірінің қуаныш мұңы да, жұбаныш сыры да өленмен өрнектеліп, өнмен әдіптеліп жатқан ғой. Осындай асыл әндер, халықтың ыстық ықыласына бөленген құлақ құрышын қандыратын, тас бұлақтың суындай мөлдір әуенді әншінің бірі марқұм Ахат Әшіров еді.

Көкжыралық әнші Найманғазыны ауылдастары «Ақсуаттың Ескендірі» деп әспеттейді. Себебі белгілі сазгердің халық арасына кең тараған әйгілі әндерін әуелете шырақанда, көз алдыңызда екінші Ескендір тұрғандай болады. Найманғазы халық әндерін орындайтын әнші. Халық әндері мен халық композиторларының туындылары Найманғазының орындауында айшықтана, ажарлана түседі. Әншілігімен қоса сазгер ретінде де танымал. Бүгінде аудандық мәдениет үйінің көркемдік жағын басқарып келе жатқан өнерпаз марапаттан де кенде емес. Ол КСРО медальдары мен Қазақ КСР-і Құрмет грамотасының иегері, бүкілодақтық фестивальдың бірнеше дүркін лауреаты.

Спорт саласында ауданның абыройын асқақтатып келе жатқан Қойшыбеков Керей әлем чемпионы болса, күресті мектеп жасынан бастаған Искаков Хамит Қазақстанның 17 дүркін чемпионы, Орта Азияның үш дүркін түйе палуаны ауыл спортшылары арасында КСРО чемпионы атанған азамат. Ұзақ жылдар ауыл шаруашылығында істеп, зоотехник, бас зоотехник, совхоз директоры болып жұмыс істеген марқұм Жұмажанов Бекежан да спорттың шыңына көтерілген, спорт шебері болған азаматтардың бірі болатын.

Денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар жұмыс істеп адам жанының арашашысы болған, халқына адал қызмет еткен марқұм Түсіпбеков Дүйсеш пен Иманқұлов Есентай жандары жаз, адамдарға мейірім нұрын төгу үшін жаралған азаматтар болатын.

Бұрынғы істеген жұмыстарын айтпағанда, жол-көлік қозғалыс қауіпсіздігінің бас инспекторы болып ұзақ жылдар жұмыс істеген Жүнісов Тұрсынхан, талай жүргізушінің өз ісіне салғырттықпен қарап, автокөлік құралдарын ішімдік ішіп алған күйлерінде басқарған немесе автокөлік жылдамдығын шектен тыс асырып, жол жүру ережесін білмеуі және сақталмауы салдарынан туындайтын келеңсіздіктерді де, осындай жауапсыздықтардан кей уақыттарда орны толмас өкініштер мен қайғылы жағдайларға әкеліп соққан кездерде де Тұрсынхан бұра тартпай, әділ қазылық шешімін берген қайырымды азаматтың бірі. Ол ешқашан шіреніп поғонын бұлдаған азамат емес. Керісінше жүрегі кең, бауырмал, қамқоршыл адам екенін осы автокөлік жүргізушілердің бірі Көкпекті ауданы Қарағандыкөл елді мекенінің тұрғыны Қинаят деген азамат былай деп баяндайды: Жол түсіп Ақсуаттағы туыстарыма келе жатқанымда, Ақсуаттағы жол-көлік қозғалысының пунктіне жете бере автокөлігім тоқтап қалды. Қасыма формадағы бір азамат келіп, неге тұрғанымды сұрады. Осылай автокөлігім бұзылып тұр деп едім, тексерудің орнына дереу машинабды көріп, бір жетпейтін бөлшегін өзі барып әкеліп салып, жүргізіп жіберді. Шырағым, сізге үлкен рахмет! Мына көрсеткен қызметіңізге не аласыз? - деп едім, ештеңенің керегі жоқ, жолыңыз болсын, жүре беріңіз, - деді. Біле кету мақсатында сіз кім болып істейсіз? - деп едім, мен осы ауданның автоинспекторы боламын деді. Осы сөзден кейін осыншама қарапайымдылығына іштей риза болып аттанғаным бар еді дейді:

Төс айылдың батқанын,

Иесі білмес ат білер.

Жақсылықты жасаған,

Ағайын білмес жат білер, - деген сөз осы болар. Осы егде тартқан азаматпен туыстарына келгенде, менің де бірге дастархандас болып өңгімедүкен құрғанамыз бар. Сонда қинаят ел аузынан естуімше «жеті атасынан қарақөк» атанған Дүттің ұрпағы деп отырғанын естуші едім, сол сөз тегін айтылмас болар деп өңгімелегені бар.

Тарбағатай түлегі



Бір түп шиң бір сиыр азық еткен,
Киелі де керемет сәнді мекен.
Сылдырап созыла ағып базар суы,
Жағалауы жасыл шөп қалың өскен.
Кенде де емес маркасқа
мықтыларға
Өрендері өрелі дарынды екен.
Жұрты жайсаң қонақ жай ақ ниетті.
Көңілге мейірімнің шуағын сепкен
Көк жырадай келісті осы ауылда
Дәлелханның бал дәурен жастығы

өткен.

Сонда оның жанарында бақыт күлген.
Биіктерге тұрды рас тартты бірден.
Қоштасты сәбилік шак шаттық күнмен
Шаншылған шыбықты өзі атқып мінген
Топырақты шандатып шапқылайтын
Күміс суға күмп беріп қалқып жүзген.
Ол өсті өнегелі жанұяда
Атанды мектептегі алғыр бала
Сусындады білімнің нәріменен
Көрді ол ұстаздардың бөріні дана.
Оқуы ойдағыдай тамамдалды
Есейді іздеді өмір мағыналы.
«Өскемен ауыл құрлысы» ұжымында
Тас қалап еңбек жолын дағдыланды.
Жұмыстары жалынды жас жігітті
Жатсынбай жылы жүзбен қабылдады.
Кірпішті қисынды өру өнеріне
Ә дегеннен төселіп танылады.
Еңбеккор азаматты кім жек көрсін
Жүзінен жақсылардың нұр кетпесін
Қай шаруаны болмасын дөңгелетіп
Қағилез ұл қалайша түлетпесін.
Комсомол ұйымында көзге ілінген
Біреуі болып нағыз ниеттестің
Күндердің күнінде Дәлелханды
Ішкі істер министрі қалап алды.
Қарағанды жоғарғы милиция
Мектебінде оқыды талаптанды.
Көкжыраның көгілдір көгершіні
Биіктерге самғауға қанаттанды.
Шахтерлер шаһарынан қоғамдағы
Қылмыспен қиянатты доғарғалы
Тергеуші мамандығын иеленді
Білімі де толықты жоғарлады.
Төрт жылды артқа тастап Дәлелханда
Сәулетті Семейіне оралады.
Жауыздықты жоюға жер бетінде
Жан-жақты тергеп тынбай терлепті-де
Қымбат мүлік ұрлаған кісі өлтірген
Жауыздарды жүгендеп ерлепті де.
Тілейтіні халқының амандығы
Қауіпті де мазасыз мамандығы
Тергеу басын тігіп қылмыс ашып
Абырой асқақтап адал жүрді.
Білімді маман ғой заң саласында

Білікті мамам елдің панасы да.
Алыпты мемлекеттік марапаттар
Қызмет еткен үшін алашына.
Дәлелхан заңғар заңгер ел біліпті
Беделдің биігінен көрініпті.
Облыстық маслихатқа депутат қып
Дауыс беріп сайлапты елі-жұрты.
Аркалап аманатын ағайынның
Жанашыры болды ел жағдайының
Мүлгіп мандат көтеріп шектелген жоқ
Кейбір депутаттардай алдайтуғын.
Дәлелхан сұранысын орындады
Отынсыз мектептердің талайының.
Мектепке жету мүң боп үйде отырған
Жалаңаяқ шөкірттерге жаны ашыған
Тұрмысы төмен отбасы балаларын
Қамқорлыққа алуды қарастырған.
Тегін берген әкеліп аяқ киім
Екі миллион теңгеге Алматыдан.
Шек болмапты балалар шаттығында
Тамаққа өксік, көзіне жас тығыла.
Ата-аналар алғысын жаудырып,
Дәлелханның демеуі нақты бұл да.
Жәрдем ақы дегенің балаларға
Зейнетақы қария адамдарға
Жұмысты атаулының жалақысы
Айлап жылдап берілмей жоғалғанда
«Шықпа жаным шықпа» деп қолда барды
Талғажау ғып кедейлік қалалғанда
Дәлелхан қолғабыс еткен елге
Қысылғандар бекерге жағалар ма
Жасы жеткен ардагер қарттарды да
Жебей білді ағынан ақтарыла.
Жақсылығын бұлдаған адам емес
Шаруасын шешіпті жастардың да
Миы қатқан май таппай тракторшыға
Керегін тауып берген сұрап тұрса.
Қолдаған талай шаруа қожалығын
Ел байлығын арттырған қырат-қырда.
Алғыс пен зор абырой арқалаған
Шыңға шыққан, шыныққан шаршамаған.
Болар мекен осыдан асқан бақыт
Халықтың қалаулысы дархан адам.
Ажыратты істердің ақ-қарасын
Адам ары аяққа тапталмасын

Семейде, облыста оркендетгі
Мемлекеттік ішкі істер басқармасын.
Дәм айдап Астанаға сапар шеккен
Жетпей жақсы кадрлар өуре еткен.
Шақырылды департамент бастығына
Көп жұмысты қолға алды келген беттен.
Қараусыз қалған ескі ғимаратты
Аз уақытта жөндетіп сиға тартты.
Орнады департамент үйі осылай
Манайға сөн салтанат ұялапты.
Департамент үйінің жарақтанған
Тұсау кесер сәтінде жан-жақты адам
Жармахан Тұяқбай Дөлелханның
Еңбегін ерекше атап мадақтаған.
Ел енді елі менен ұлысына,
Басқарды әскери жұмысты да.
Орындады міндетін орайымен
Көңіл бөлді сарбаздар тұрмысына
Құрықтады қылаң еткен қылмысты да.
Жұмыстарын жинақтап талай жылғы
Түсірді қағаз бетіне қандай сырлы
Бір көмегі тиер жас мамандарға
Тәртіпке шақырады манайға үлгі.
Таныды Қазақстан төңірегі
Және әскери полиция бөлімдері.
Болды заң ғылымының кандидаты
Диссертация қорғады ерінбеді.
Ізденер Дөлелханды дамылдатпас
Көрікті көп ойлары көңілдегі
Туған жердің қадірлі топырағын
Сыртта жүріп сағынып отыратын
Алтын бесік ауылын бұл Дөлелхан.
Қымбаттау сезінетін толқып әр күн.
Туған өлке ауылы кіндік кескен
Жатса тұрса үнемі шықпайды естен.
Барып жүрді тағзым ғып туған жерге
Тарбағатай, Алтаймен ұлым дескен.
Еркелей аққан Ертісті, Қарғыбаны
Базар өзені мен Көкжыраны
Ауызынан тастамай алаңдады
Жұмыссыз жастарды ойлап қамығады
Көрсетті қолдан келген көмектерін
Жүзеге асырды игі шаруаны,
Солардың бірі аудандық доп додасы
Ойыннан оқушылар жоқ толасы

Дәлелхан демеушілгі аудандағы
Спорт пенен өнерге көп жол ашты.
Үлкендері бата беріп тілек айтып
Мектептер қолдады да өрі жалғасты.
Жастарды отан сүйгіштік рухта,
Тәрбиелеп үйретті шымырлыққа.
Азамат болары анық олардың да
Жақсы өнерді игерген ұғынып та.
Дәлелхан ата қазақ салтына ерді
Аруакты қастерлеуін халқы көрді.
Ел мен жерін қорғаған ерлікпенен
Еске алды екі бірдей марқұм ерді.
Аталары Жексенбай, Егізбайға
Сауапты құран оқытып асын берді.
Ауылдастар тілегін қабыл ғыпты
Сыр бар ғой елі сүйсе Сабууровты.
Бір жарым ай ішінде Көкжырадан
Күн күмбезді мешітті салдырыпты.
Ел үмітін ақтау сын әрине ерге,
Дәлелхандай жандар мен дамиды елде.
Мұсылман бес парызының бірін өтеп
Барып та қайтты Мекке Мәдинеге.
Тағдыры тұмандамай туған елдің,
Жарқырап тұруына бұған белін.
Тәуелсіз еліміздің тыныштығын
Қорғап жүр жайлап байтақ арқа төрін.
Ел десе ет жүрегі езіледі
Онысы істерінен сезіледі.
«Ел үмітін ер ақтар» деген сөз бар
Ер еңбегін елінің көзі көрді.
Ел бүйірін өзіне бұрғызды да
Айналды жарқыраған жұлдызына.
Астана маңайынан көмек берді
Қабанбай кесенесін тұрғызуға.
Дәлелдеп мықтылығын дүйім жұртқа
Бүгінде ел тұтқасы силы ұлтқа.
Қарсы шыққан қарағай бұтағындай
Жасымады сынбады қиындыққа.
Шындалды қайсарлығы шеберлігі
Байқалды білімінің тереңдігі
Жаныған алмас қылыштай жарқылдады
Қиып түсті көлденең кедергіні.
Кілем жауып мінгізді ел арғымаққа
Ұлықтады ұланын ауыл жаққа
Екі бала өсірді тәрбиелеп

Сандуғаш жары екеуі шаңырақта.
Басын иіп Ырғызбай жатқан жерге
Сиынады киелі аруакқа,
Шарапаты шығар-ау өулиенің
Бақытты аман жүргені әр бір шақта.
Жандырған үміт отын санамыздан
Дәлелхан шыққан тұлға арамыздан
Әкесі оның Кәмәлбек Ағзамұлы
Бағын тапқан еңбектен даламыздан
Осындай озық ойлы азаматтар
Жаралыпты Наймандай бабамыздан
Қасиетті Қызайдай анамыздан.
Дамуға данғыл жол ашса Дәлелхандар
Өмірден үлгі өнеге табармыз мән.
Кәмәлбекұлы Дәлелхан
Азамат биік өрине
Заңғар әрі Полковник
Халыққа берген тәрбие
Танылып еңбекқорлығы
Ел даңқын алыс апарған
Адамдармен әрқашан
Тіл таба білген мәрт адам.
Жиырма жылдан астам ішкі істер
Қызметін атқарған.
Құқық қорғау саласын,
Меңгерген мықты қаһарман.
Өмір атты белеңде,
Дәлелхан асқақ тереңде.
Қабілетті талапшыл,
Басшы болған ол елге.
Қызыл қалпақ кигенмен
Жазықсызға тимеген.
Кінәліні орнымен
Тергеуге алып түйреген.
Қиянаттан қорғап халықты
Ел көшің алға сүйреген.
Түзеген елдің тәртібін,
Халыққа болды силы өрен.
Өркендеп ой өрісі,
Азамат болды келісті.
Шуақ шашқан халқына
Жұмысы болған өрісті.
Қандай жұмыс болсада,
Шебер шешкен ортада.
Биік кәсіби деңгейі,

Қалдырған ізгі қолтаңба.
Ары таза парасатты
Өз ісін терең нақ білер.
Тәрбиелеп өсірді
Дәлелхан талай шәкірттер.
Дәлелханнан дәріс ап,
Көп офицер танылды
Егеменді елінің
Бак жұлдызын жандырды.
Алла деген азамат,
Биік білім тағлымы
Аяулы алты алашқа
Бәйтерек қой тамырлы.

Жұмыстағы жетістіктері мен қылмысты істерді ашуға белсене араласқаны және қоғамдық тәртіпті сақтаудағы ұйымдастырушылық қызметі үшін ол ішкі істер министрлігінің, мемлекеттік тергеу комитетінің және Семей облыстық ішкі істер басқармасы тарапынан бірнеше дүркін мақтау грамоталарымен бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ол «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасы қарулы күштеріне 10 жыл», «Астана» I, II, III-дәрежелі «үздік қызметі» үшін медалдарымен, Қазақстан Республикасы II М, Семей облыстық кеңесі грамоталарымен, «Милиция ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы II М үздік қызметі үшін» белгілерімен марапатталды. ҚСРО ішкі істер академиясының «Үздік оқығаны үшін» медалдарымен, Қазақстан Республикасы II М, Семей облыстық кеңесі грамоталарымен, «Милиция ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы II М үздік қызметі үшін» белгілерімен марапатталды, ҚСРО ішкі істер академиясының «Үздік оқығаны үшін» естелік белгісіне ие болды.

Аязбаев Мәуліт Рахымбекұлы



Аязбаев Мәуліт Рахымбекұлы 1949 жылы Ақсуат ауданында дүниеге келген. 1955-1966 жылдары Көкжыра ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Семейдің зоотехникалық-малдөрігерлік институтына түсіп, аяқтап, ғалым-зоотехник мамандығын алып шығады.

Жалпы еңбек жолын Аманкелді атындағы совхозда жұмысшы болып бастайды. Бойдағы жігер мен күш-қайраты тасып тұрған жастық кезінде

Амангелді атындағы совхоздың Комсомол комитетінің секретары болып жұмыс істейді.

Бұл жұмыс Мәуліт үшін үлкен мектеп болды. Бұл жұмыста жүргенде совхоз жастарын жұмысқа ұйымдастырып, үгіт-насихат жұмысын жүргізуді, жиналыста сөйлей білуді үйретеді. Кейін фермада зоотехник болып жұмыс істейді. Бұл жұмыс та да мінезі қарапайым әрі кішіпейіл, аз сөйлеп көп тындайтын, жүзінен жылылық лебізі үзілмейтін, жұмысқа деген жауапкершілігінен жаңылмаған жас маманды совхоз жұмысшылар комитетінің төрағасы етіп сайлайды. Бұл жұмыста да жемісті еңбек етіп, көріне білген маман 1979 жылы Ақсуат совхозының партия ұйымының хатшысы болып сайланады.

Бұл жауапкершілігі мол, тын жұмыста да Мәуліт идеологиялық тәрбие жұмыстарын жетілдіруге баса назар аударды.

Партияның съездері мен Орталық комитет пленумдарының шешімдеріне сәйкес партия мен үкімет алға қойған келелі міндеттерден туындайтын партия жұмысына қатысты мәселелер уақтылы талқыланып, халықтандырылып отырды.

Совхоздың бастауыш ұйымдарына бағыт-бағдар, жөн сілтей отырып, бастауыш ұйымдардың жұмысына өзіндік баға беріп, жіті көңіл бөліп, қамқорлық жасай білді.

Бастауыш ұйымдар совхоз партия комитетінің басшылығымен қоғамдық пікірді ұйымдастырушы және халық мүддесінің жаршысы бола отырып, кенестік өмірді бейнелеген Коммунистік партияның саясатын, оның ұстанған бағытын еңбекшілер бұқарасына насихаттады.

Насихатшылық, үгітшілік, ұйымдастырушылық жұмыстарын совхоз партия ұйымы комсомол белсенділерінің күшімен, ауыл шаруашылығы мамандарының, совхоз жұмысшыларының қатынасуымен жүзеге асырып отырды.

Совхоз партия ұйымының басқаруымен совхоздағы бастауыш партия ұйымдары социалистік жарыс мәселесін көтеруде дұрыс бағыт ұстады.

Бесжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыстың ұйымдастырушысы бола білді. Әсіресе, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығынан тұрақты өнім алу, мал азығын дайындау, мал семірту, малды өз төлі есебінен өсіру, етті, жүнді мол өндіру сияқты шешуші науқандарда жарыс туын бұрынғыдан да жоғары көтеріп, сенімді көмекші-насихатшы бола білді.

Шаруашылықтан басқа, совхоздағы мәдени өмірге де баса назар аударылып, совхоздың мәдени орталық, клуб, партия кабинеті, кітапханаларға, көркемөнерпаздар үйірмелеріне басшылық жасап, баса назар аударды.

Еңбекшілердің денсаулығын сақтау мақсатында орталықтағы дәрігерлік орын мен елді мекендердегі фельдшерлік пункттерге басшылық жасалып көмек көрсетіліп отырды.

Совхоздардағы айта берсе таусылмайтын жұмыстардың барлығына да, қыры мен сырын біле отырып, басшылық жасап мол тәжірибе жинақтай білді.

Мәуліт совхоз партия ұйымының хатшылығынан кейін 1984 жылға дейін Қазақстан Компартиясы Ақсуат аудандық комитетінде нұсқаушы болып істеді.

Келесі жылында Амангелді атындағы совхозда бас зоотехник, көп ұзамай сол айтылған совхоздың директоры, кеңшар “Көкжыра” ұжымдық шаруашылығына айналғанда, ұжымдық шаруашылықтың төрағасы болады.

Жоғары білімді, тәжірибесі мол білікті маман Мәуліт ауылда арқа сүйер маман кадрлармен, ауылдың білікті де тәжірибелі ақсақалдарымен ақылдаса отырып, ауылды сақтап қалуда ерекше күш жұмсады. Шаруашылықтың жөн-жосықсыз, бей-берекет жекешелендіру шарасына қарсы болды.

Сөйтіп, 1996 жылы “Көкжыра өндірістік кооперативін” құрып, осы қоғамға кооператив төрағасы болып сайланды.

Ал қазір Мәуліттің пікірінің дұрыстығын уақыт өзі көрсетіп, бүгінгі таңда шаруашылықтың өркендеуіне үлес қосып, нарық қыспағына қарсы қайрат жасап, заман талабына сай еңбек етіп отыр.

Ауыл адамдарының ынтымағы мен пейілін дұрыс ұғып күні бүгінге дейін еңбек ырғағын сақтап келеді.

Шынында да, нарықтың қатал қыспағына шыдап, бұрынғы дәстүрі мен ауыл көркін сақтап қалған бірден бір шаруашылық екені рас. Қазіргі нарық заманының заңдылықтарына бейімделіп, экономикалық салада ғана емес, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, мәдениетін дамыту, шағын кәсіпкерлікті жолға қою тұрғысында да айтулы табыстарға қол жеткізіп отырған ауыл.

Бұл кооператив аудан, облыс көлеміне ғана емес республикаға танымал, табысы тасқындаған “Көкжыра” сияқты ірі өндірістік кооператив осы ауылдың мақтанышы болып отыр. Бұл кооперативте үш жүзден астам адам еңбек етеді. Ондағы жұмысшылар 20 мыңнан астам қой, 2 мыңнан астам ірі қара, 500 ден астам жылқы бағады. Жылына 13-14 мың тонна қатаң мал азығын дайындайды. Жылына 100-150 тонна мөлшерінде астық алады. Көп еңбектеніп, талмай ізденіспен жұмыс істеген Тарбағатай аудандық маслихатының депутаты, тәжірибесі мол білгір басшы М.Аязбаев басқаратын осы өндіріс орнында МТМ жұмыс істейді. 350 орындық мәдениет үйі, 50 орындық монша, сауда орны, диірмен, тойхана, жанар-жағармай құю орталығы сияқты халыққа қызмет көрсету орталықтарын ұстап тұрған да осы кәсіпорын.

Көкжыраның М.Әуезов атындағы орта мектебі - ғылыми негізде жұмыс істейтін республикалық тірек мектебі ретінде атағы аспандап тұрған беделді білім ордасы. Ауылда жаңадан салынған мешіт, “Дидар” сауда дүкені, орталық базар бар.

Мәдениет үйіндегі жастар орталығы игілікті істердің ұйытқысы болып отыр. Ауылда бұзылып бүлінген бірде-бір құрылысты көрмейсіз. Қайта жаңадан бой түзеген ғимараттар, мұнтаздай таза көшелер көз тартады. Жаз,

күз айларында жасыл желекке бөленген ауыл шеттен келгендерге үялмай көрсететіндей өзіндік әсем келбетімен тәнті етеді.

Бұл қасиетті ауыл жайында айтар әңгіме әлі алда демекпін.

Көкжыралықтар Құттықадамның Байыс руынан тарайтын, өткен ғасырда өмір сүрген, 80 жасқа келіп дүниеден озған, білгір ұстаз, дарынды ақын, сұңғыла шежіреші, ел ағасы болған Нұртазин Дәуітбек ағамыздың:

Кім өтті Мүрсәлім мен Заманбектей,

Дондағұл да қалған жоқ па оған жетпей.

Құт қонған Құттықадам Жанбике елі,

Әлі де өсе берер сәні кетпей.

Көкжыраның ақындарын ел біледі,

Кешегі Қуанышбай мен Бөкенбектей, - деген өлең жолдарының әлі күнге не деген көрегендікпен айтылған сөз деп естеріне алады жұртшылық.

Міне осындай ынтымағы жарасқан ауылды басқарып отырған Мәуліт Рахымбекұлы марапаттан да кенде емес. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдық мерекелік медалі мен “Тыңға 50 жыл” мерекелік медалінің иегері. Тарбағатай аудандық маслихатының депутаты. Жанұялы, зайыбы Кәкешпен екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған үлгілі отбасы.

Қазақстанның құрметті спорт қайраткері, әлем чемпионы Хамит Ысқақов жайында.



Хамитта күдіретті Ақсуат топырағында өмірге келген азамат. Балуан Тұрсын Қалмақбаев бізді спортқа баулып жетелеп жүргенде осы азамат деп мақтаныш тұтып отырады.

Ендігі өңгімені осы Хамитпен жалғастырайық.

Хамитта күресті мектеп жасынан бастаған, жастайынан шығығып спорт сайыстарының биігіне көтерілген елінің мақтан тұтар құрметті спорт шеберлерінің бірі және бірегейі деуге болады.

Хамит Қазақстанның 17 дүркін чемпионы. Орта Азияның үш дүркін түйе палуаны, ауыл спортшылары арасында КСРО чемпионы атанды.

Өткен жылдан бері ардагерлер арасында біріншілікке қатысып жүр. Тәжікстанда өткен чемпионаттан қола жүлдемен оралса, биыл Прагада чемпион атанды.

Өткен жылғы тамыз айында Орал қаласында өткен самбодан Қазақстан чемпионатында спорт ардагерлері арасында бірінші орын алып, қазақ елінің

құрама командасына мүше болып қабылданып, әлем біріншілігіне жолдама ашыпты.

Қазан айының 20-25 аралығында Прага қаласында (Чехия Республикасы) самбодан ардагерлер мен спорт шеберлері арасында өткен әлем біріншілігінде чемпион атанып және шет елдегі 34 мемлекеттің палуандарымен кездесіп, күрескені өмірінде ерекше әсер қалдырған екен және де Чехиядағы қандастарымызбен жерлестерімізбен кездесіп араласу, Карлово-Варло курортында тыныстап дем алуы да өз өміріндегі жақсы сәттер екендігін еске алады.

Әсіресе, әлем біріншілігінде қазақ елінің Чехиядағы елшісі Шәріп Омаровтың Хамиттің шақыруымен келіп, қазақ палуандарына ақ тілек тілеуі зор құрмет болды дейді.

2006 жылдың тамыз айында ардагерлер арасында Қазақстан чемпионаты Астанада өтетін болып белгіленсе, қыркүйекте самбодан Павлодар қаласында Қазақстан чемпионаты және қазан айында Ташкентте самбодан әлем біріншілігі болады. Осы сайыстарға Хамит жерлесіміздің аман-есен болып, жеңісті де, жемісті оралуына бүкіл Ақсуаттық жерлестері сәт сапар, ақ тілек, ақ жол тілейді.

Хамиттің жары және өмірлік жолдасы текті ата Кегенбай бидің ұрпағы Гауһар Мұталапқызы, жаны жарқын, көңілі жайсаң өмірге құштар жан екенін айта келе, отбасындағы өзінің еңбекқорлығы мен табандылығы, келген жеріне, отбасына, жарына деген сүйіспеншілігі мен шынайы берілгендігінің арқасында өмірге бала әкеліп, немере сүйіп отырған қасиетті аналардың бірі.

Хамиттің спорттағы жетістіктері де «Сүйенерлік адамды сүй, қызмет қыл»-деп Абай атамыз айтқандай Гауһардың жанұядағы сіңірген еңбегімен қасиетінің нәтижесі болар демекпін.

Марқұм Серікқазы Алдажаров Алшынғазы туралы былай деп әңгімелейтін.

Өзінің қысқа ғұмырында нәтижелі еңбегі арқылы еліне елеулі болған, құлын-тайдай ойнап-күліп бірге өскен жан досым, тағдырлас ағайын Алшынғазы Байқыдыровтың өмір жолы, елге сіңірген еңбегі туралы айту мен үшін абыройлы парыз.

А.Байқыдыров 1938 жылы мамыр айының 10ы күні Көкжыра ауылында дүниеге келген, руы – Қосмұрат. Бір анадан Асқар, Зағила, Алшынғазы. Әкелері ерте дүние салған. Асқар соғыста қаза тауып, екі баланың тұрмыс тауқыметі аналары Сүлейменқызы Нұрсағидың (1898-1949) мойнында болған еді. Нұрсағи шешеміз сол замандағы қиыншылықтарды жеңе білген ер мінезді, ақылына өнері сай, ел аузында күні бүгінге дейін құрметпен аталатын суырып салма акын адам еді. Ол атақты Би Боранбай, Шал қажы, Шәкі би сияқты текті аталардың ұрпағы. Міне сол қасиетті бабаларымыздың аруақтарына бас ие отырып, өткен тарихты қозғауға тура келіп тұр. Осы уақытқа дейін небір зұлмат оқиғалар өтті емес пе? Күшпен қолхоздастыру, ашаршылық, 1937 жылғы зобалаң, Ұлы Отан соғысының қасіреттері кімге де болмасын жеңіл болған жоқ.

Нұрсағи шешеміз:

Келгенде отыз тортке жесір қалдым,
Басыма неше түрлі қайғы салдым.
Бес бала әкесінен жетім қалып,
Бәрін де асырауды мойныма алдым.
Мойныма ауырлықты аркалап ап,
Қаңғырып Шәуешекке жаяу бардым.
Он ешкі шуылдатып айдап келіп,
Сауабын балалардың сүйтіп алдым.
Баланың бәрі дағы “шие бөрі”

Асырар бес баланы ердің ері, - деп іштегі зарын өлеңмен жеткізіпті. Ал соғыс кезіндегі қайғы – қасіретін:

Қалбадан жел соғады қоңыр майда,
Ән шырқап отырушы ем жиын-тойда,
Болдым ғой жарым көңіл о дариға,

Құлыным хабарсыз боп кеттің қайда? – деп жырлағанда етегі жасқа толыпты.

Асқар да (1916-1942) өленші өнерпаз болған.
Басыңнан бақыт тайса ұшар қазың,
Алланың жазуына бар ма лажың,
Тәтеме отын әкеп беретұғың,

Артымда жас қалды ғой Алшынғазым, - деп ол да өз арманын ел-жұртына, анасына аманат ретінде жеткізген. Шіркін, опасыз жалған-ай десеңші, сүм соғыс 26 жасында оны да қыршынынан қиып кетті. Қайран ана, ұлын өзінің актық демі біткенге дейін келіп қалар деп күтумен өтті ғой.

Алшынғазының оқуы мен тәрбиесі Елемес пен Зағилаға аманат болып қалды. Елемес Әбділманұлы Алшы ағана әке орнына әке, апайы Зағила шеше орнына шеше бола отырып, өз қатарынан қалдырмай 1946 жылы Көкжырадағы жетіжылдық мектепке оқуға берді. Ол 1956 жылы Ақсуат орта мектебін бітірді. Алшынғазының жас кезінен домбыра шертуіне әуес болуына тағы бір себеп – сол кезде Серіктес ауылында домбыра тартып, ән айтып отыратын сауықшыл адамдардың көп болуы еді.

Атақты ақын ата атанған Қуанышбай Сатбақұлының өнері Алшынғазыны да қызықтырып, оның бала қиялын қозғап, көңіл-күйін домбыра арқылы жеткізуге талпындырғаны даусыз еді.

Өмірге қадам басқан кезде бұл арманын жүзеге асыруға Елемес аға мен Зағила апай ақ жол тілеп, Семей қаласынан музыкалық білім алуына жол ашты. Бағы жанып, домбыра мамандығы класына түскенде, жұдырықтай кара баланың қуанышында шек жоқ еді. Әрине оқу-тұрмыстық жағдайы оңай болған жоқ. 1958 жылы Семейдің М.Төлебаев атындағы музыкалық училищесін үздік бітірген алғашқы қарлығаштардың бірі болды. Еңбек жолын Семей қаласындағы №5 орта мектепте ән-күй пәнінің мұғалімдік қызметінен бастады. Сол жылы Сараш Әбдуевамен семья құрды. Аз уақыт істесе де, қала мектебінің шәкірттері арасында домбыра үйірмесін ұйымдастырып, өзінің арманын жүзеге асыруға құлшына кірісті. Әріптестері

арасында ақ көңіл, елгезек, еңбеккер азамат екенін көрсете білді. Ал 1960-1963 жылдары Кенес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеп келген соң, өз ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасты. “Жас келсе іске” дегендей Алшаған өз білімін, өнерін жас ұрпаққа үйретуден жалықпады.

А.Байқыдыровтың ауыл жастарын домбыра өнеріне баулуы 1963 жылғы қараша айында басталған еді. Домбыра үйірмесіне 45 оқушы және мұғалімдер қамтылды. Ол кезде әрине сенімнен гөрі күдік көп еді. Бірақ та ізденісті еңбек арқасында домбыра оркестрін құрып, оны сахнаға шығару дәрежесіне жеткізді. Оркестрдің алғашқы мүшелері Бәтiш Мұқанова, Қарлығаш Ғабдуллина, Айтбек Әлжанов, Мариға Шөкенова, Сейiт Оралбеков, Серiкқазы Дүйсенбаев, Марат Сембаев, Руслан Нұртазин, Уәлихан Мұқажанов, Жұмаш Бейсенов, Найманғазы Сақпанбаев, Аманғазы Хамзин, Серiк Нұрпейiсовтер болатын. Сол шәкiрттерi қазiрде халық шаруашылығының әр саласында абыройлы еңбек етiп жүр. Шетiнен әншi-күйшi.

Алғашқы жылдары казактың әндері мен күйлерін ансамбль құрамында орындаудың қиындықтары аз болған жоқ. Соған карамастан ансамбль мүшелері өздерінің сүйікті ісіне шын ықыластарымен беріле кірісті. Тіпті жақын ауылдардан аттылы-жаяу, қыста шамамен, тіпті ары-бері өткен ашық мәшинелермен келіп, үйірме мүшелері өнерлерін ұштап жүрді. Қазірде бұл ерсі болып көрінуі мүмкін. Шындығында өнерге күштарлық, нағыз халық үшін тер төгу осындай болар. Сол жылдардағы өнерпаздық дәстүр дамып, қазір игілігін көріп отырмыз.

А.Байқыдыровтың табандылығы мен қажыр-қайраты нәтижесінде ансамбль қанатын кең жайып, барлық қиыншылықтарды бірте-бірте жеңіп, халық аспаптары оркестрі қалыптасып шықты.

Көкжыра ауылы өнерпаздары негізінде құрылған сол оркестр 1957 жылы көркемөнерпаздардың Алматыда өткен Бүкілодақтық фестиваліне қатынасуға жолдама алды және осы фестивальдің “дипломанты” деген атаққа ие болды. Осыдан кейін өнерпаздар Ақсуат ауылы ғана емес, сонымен бірге Көкпекті, Шар аудандарын, Шығыс Қазақстан облысының бірқатар аудандарын аралап, жұртшылыққа өнер көрсетті. Бұл сапарларда өнерпаздар орындаушылық шеберліктерін арттырумен бірге ұлттық саз (музыка) өнерін жұртшылыққа кеңінен таныстыруды мақсат еткен еді. Мұның өзі әуесқой күйшілердің халық арасында тәрбиеленіп өсуіне және өзіндік өнері бар А.Байқыдыровтың домбыра мектебінің қалыптасуына негіз болды, ізденісті еңбек табыстарға бастады.

Шығармашылық жолдағы өз шәкiрттерiн әншiлкке баулуда Алшынғазының нәтижелi еңбектерi бар. Әншiлер Бәтiш Мұқанова, Найманғазы Сақпанбаев, сонау Парижде ән салған Бақытгүл Әдiлбекова, термешi Ахат Әшiров, республикалық айтыста облыстың намысын қорғап жүрген Сембай Жансақов, Құрманғазы атындағы оркестрдің мүшелерi Қ.Әдiлов, Б.Саденов, балалар музыка мектебiнiң директоры Майданбек Iштебаев, республикаға белгiлi әншi Майра Ильясова және басқалар

Алшағанның өнер бастауынан нәр алғанын жиі еске алып отырады. Сондай шәкірттері! Алшынғазының еңбек жолын абыроймен жалғастырып отырғанына қуанамыз.

Осыншама ауыр жүкті жауапкершілігіне ала жүріп Алшынғазы Семейдің педагогикалық институтын бітірді. 1968 жылы ақпан айында аудан орталығына келіп, пионерлер үйінің директоры Ақсуат орта мектебінде мұғалім болып істеді. Әрқашан өз мамандығының шебері екендігін көрсете білді. Мектепте оқушылар арасында домбыра үйірмесін ашудан бастап, музыка мектебінде директор болып істеді.

Өз шәкірттерін өнерге баулыи отырып, өзі де шығармашылықпен айналысуға уақыт таба білген еді. Жеке күй тартуда республикалық байқауда екінші орынды жеңіп алған, анасына арнап “Анама” деген күй шығарған. Осы күйді насихаттауда оның шәкірті қазірде халық аспаптар оркестрінің дирижері Әлихан Мағзұмовтың еңбегін атап өткен жөн. Сондай-ақ суретші Кәдірбек Омаров: “Мен сурет өнерін Алшынғазы ағадан үйрендім” деп мақтанышпен еске алып отырады.

Иә, Алшынғазы елгезек, ақкөңіл, үлкен-кішіге деген ізеті мол, халық қазынасы – күй тарту өнерін жете меңгерген, өз өнерін шәкірттеріне үйретуден жалықпаған, ауданның мәдени өмірінің дамуына елеулі еңбек сіңірген абзал азамат еді. Бір кезде белгілі акын Төкен Ибрагимов телехабар дайындап, көгілдір экраннан облыс жұртшылығын А.Байқыдыровтың еңбегімен таныстырған болатын. Бейнетаспаға жазылған сол хабарды аудандық мәдениет үйіне алдырып, көпшілік назарына ұсынса, нұр үстіне нұр болар еді. Ірге тасын өзі қалап, өмірінің соңына дейін директоры болған жас өнерпаздар мектебі қазір А.Байқыдыров атындағы музыка мектебі деп аталады. Бұл да Алшынғазыға көрсетілген үлкен құрмет.

Алшынғазы өмірден ерте кетті. Ұрпақтары, ағайын-туғаны оған мазар тұрғызып, домбырасы мен өзінің “Анама” деген күйінің нотасын жазып, ескерткіш қойды. “Орнында бар оналар” дейді халық. Алшынғазының отбасы оның өнегесін жалғастыруда. Өмірінің жалғасы Нұрлан-Жанар, Серік, немересі Алмас, аяулы жары Сараш жеңгеміздің аркасында құрметт шаңырақ болып отыр.

Ағайын берекесі жарасымыз,

Өмірде болған емес таласымыз.

Шайқалтпай шаңырағын Алшағанның,

Бүгінде төрінде отыр Сарашымыз, - деп туыстары мақтан етеді.

Назар

Назардың бәйбішесінен: Жанболат, Сады, Құттықадам.

Кіші әйелінен: Тәңірқұл, Қарымсақ, Қоныс (Жөнбике).

Тәңірқұлдан - Әлібек, Жартпас, Әлібай, Танатар.

Қоныстан (Жөнбике) – Токтағұл, Түгел.

Қарымсақтан – Төлеби, Әлімбай, Жанторы. Төлебиден – Ермек Ермектен – Ағыс, Ағыстан – Байдалы, Байдалыдан – Смайыл қажы, одан -

Райымбек, Райымбектен – Жүніс. Уахит, Сахара, Қабдолла, Манап, Манақ. Молдабай деген ұлдары. Зейнеп деген қызы болған.

Жүністен (әйелі Зағипа, руы Айдар, Толысбайдың апайы, Оралдын Жүнісінің қызы, Айдар ішінде Самырза): ұлдары: Мырзахан, Бөкейхан, Тұрсынхан, қызы Дәлелхан. Мырзақаннан (әйелі Жанипа, сүйегі Жирен Қыржы): ұлдары: Қайырхан, Сиязхан, Қайрат, қыздары: Тынышты, Гүлнар, Нүргүл, Гүлжан.

Сиязханнан (әйелі Көден, руы) – ұлдары: Медет, Мирас, Мұрагер.

Қайраттан (әйелі Гауһар, сүйегі Айдар, Қалқанбаев Сабиханның Қазез деген ұлының қызы) – ұлы Шынғыс, қызы Айжан.

Қайырханнан (әйелі Күләнда, руы Айдар, Олжайдың қызы) – ұлдары: Мерей, Айдын, қыздары: Айнұр, Назгүл, Алма.

Бөкейханнан (әйелі Социал, руы Сары, Салдырғазин Рахымның қызы) – ұлдары: Ерлан. Нұрлан, қыздары: Айгүл, Нүргүл.

Тұрсынханнан (әйелі Бақыт Құсайынқызы, руы Қыдыр) – ұлдары Ерсін, Ершоқан, қыздары: Лаура, Даурия, Ардак, Шолпан.

Дәлелхан (Байгүсенов Жұмаділмен тұрмыс құрған, руы Бура).

Қабдолладан – Молдақан, ұлы Аман-, қыздары: Қарлығаш, Назигүл, Бақытгүл, Фарида, Гүлмира.

Аманнан – ұлы Думан, қыздары: Жанар, Әсем, Эльмира.

Қарлығаш, күйеуі Омарбеков Тұрсын, руы Мырзас ішінде Қалқаман.

Назигүл, күйеуі Ахат, руы Сыбан ішінде Жанкөбек.

Бақытгүл, күйеуі Мұратхан Құрманұлы, руы Қыржы ішінде Баубек.

Фарида, күйеуі Елтай, руы Арғын ішінде Қаракесек.

Гүлмира, күйеуі Бақытжан Абайұлы, руы Айдар ішінде Сармырза.

Манап (әйелі Баяужанның қызы Жылқыбаев Шәріптің апайы, Шәріптің негізгі елі Қосмұрат, шешесі Қастерлі, тегінде Манаптың әйелі болған. Қабдолла ақсақалдың айтуы бойынша Қастерлі Манаптан екіқабат болып кетіп, Әлин Бакижанға тұрмысқа шыққаннан кейінгі туған бала. Содан Қараби болып кеткен. Негізгі сүйегі Жәнбике.

Манақ – 1939 жылы Совет Армиясы қатарына алынып, 1941 жылы Брестен хат жолдайды, ал июнь айында соғыс сол жерден басталып, содан хабарсыз кетіпті.

Молдабай (әйелі Бикамал, руы Мырзас, бүгінде Орынғожин Сәбидін әйелі, руы Нарбота), қызы Қаламқас Тарбағатай совхозында тұрады. Әкесі Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін дүние салды.

Заманында осы ауылдан жеті қажы шығыпты. Олар: Смайыл, Байдалы, Ағыс, Ермек, Төле, Райымбек, Жүніс. Жүніс Қызыл таста болыс болыпты. Ал Райымбек сөзге ұста, шешен адам болғандықтан, алдына жүгініске көптеген адамдар келіп, шаруаларын шешіп аттанып жатады екен.

Қабдолла домбырашы, күйші адам болыпты. Тартқан күйлері өнер сүйер халықтың жүрегіне жол тауып, кезінде ел сүйіспеншілігіне бөленген, өнер саласында өзіндік орны бар адам екен. Бағаналы, Мәткәрім ақсақалдармен бірнеше мәрте күй жарыстарына қатысып, жүлделі орынға ие болып, шапан жапқан кездері де аз болмапты.

Меккеге құлшылық ету, қажылық сапары Смайылдың тұсында болыпты. Екесі Байдалы молшермен аяғанда 1820 жылы, ал баласы Смайыл 1840 жылдары өмірге келіпті. Сонда қажылық сапар 1860-1870 жылдары болыпты. Төледен бастап ел билігі Райымбекке дейін үзілмей келгендіктен, Дүт атаныпты. Байдалы ел ағасы болса, Райымбек мырза, ділмар, шешендігімен, Ағыс бойында перісі, көріпкелдігі бар қасиеттерімен ерекшеленіпті. Смайыл екі рет қажылыққа барып, келесі жолында теңіз ауруымен ауырып, бәйбішесі екеуі де қажылық жолда дүние салыпты. Райымбек Жүніс пен Қабдолланы орыс мектебіне беріп, Жүністі 17 тай төлем ақы төлеп оқытыпты. Оқуды бітіріп келгеннен кейін Жүніс Словет өкіметі орнар кезде болыстық қызмет атқарыпты. Ал Райымбек Совет мемлекеті орнағанда, қолындағы барлық дәулетін мемлекет меншігіне өткізіп, конфискациядан аман қалыпты. Ағыс, Байдалы, Райымбектердің о дүниелік болған мекендері «Басқараоба» деген жер екен. Ермек пен Тоты Төленің балалары о дүниелік болғандағы байыз тапқан жері Тотыныкі, Тоты бұлағы – Ұзынбұлақтың өкпе тұсы болса, Ермектің зираты Сәрсенбі Қожакелдінің аяғында жерленіпті.

Бұл елдің жайлаулары Лаба Сарқұлдан ары Көкпектінің батыс жағын ала Михайловка, Жарма, Борекеңнің кесенесіне дейінгі жерді жайлапты.

Құттықадамнан – Есімбай, Досымбай, еділбай, Байыс.

Есімбайдан – Алтыбай, Досымбайдан – Бөкенбай, Бұкабай, Қоңырбай, Бағы, Едіге, Кішкене, Тінеке (Мұны жеті Досымбай дейді)

Еділбайдан – Биғаш, Жауғаш, Бөрқұл, Қартабай. (енді біреуі өлген)

Байыстың бәйбішесінен: Байжігіт, Бабақан, Жекебай. Кіші әйелінен: Ақжігіт, Босжігіт. Қалмақ әйелінен: Арғынбай, Қошқарбай.

Садыдан- Шакабай, Шакантай. Шакабайдан – Жілен, Қойкелді. Ыстыбай, Құсымбай. Жіленнен – Қалбай, Қалбайдан – Бекбай, Қойкелді. Қойкелдіден – Есіке, Маханбет, Маханбеттен – Қапас. Ыстыбайдан – Оразак, Үркімбай, Мырзабай, Мырзабайдан - Әріп, Үркімбайдан – Қалиахмет.

Жанболат

Жанболаттан: Шойтабан, Жарылғап, Қарабай, Қожет, Ырсак, Жанай, Сары, Тоқабай елі тарайды.

Шойтабан елі

Заманында руы Шойтабан ішінде Ақтанберді Білеуіт деген адам құралайды көзінен ататын мерген адам екен. Аумалы-төкпелі заманда адамдарды жазықсыз қырғынға ұшыратқан карашекпенділерден халқын қорғауға көп күш жұмсаған ер азамат болыпты.

Осы рудың Ораз тобынан шыққан Садық сөзге ұсталығымен ел есінде қалса, Ораз да батыр адамдардың бірі екен.

Қажиев Базарбек, Төлеков Қажы, Райымбектер қажылық парызын өтеп құлшылық етіп келген соң, ел ішінде қажы атанған адамдар екен.

Цирк өнерінің шебері, сиқыршы марқұм Жұмағұлов Балтабек те осы рудан.

Советтер Одағы кезінде теледидар бастығының орынбасары болған, кезінде Заманбек Нұрқадилловтың жауапты хатшысы болып істеген, қазірде үшінші каналдың редакторы болып жұмыс істейтін Бегенбаева Фатима да осы елдің қызы.

Тегіндегі Ақсуат аудандық партия комитетінде нұсқаушы, бұрынғы Карл Маркс колхозында басқарма бастығы, кейіннен өмірінің ақырына дейін коммуналдық шаруашылық мекемесінде бастық болған Қынашев Ризабек, кезінде тегіндегі «уполминзагта» инспектор болып істеген Жұматов Әпсәләм, 25 жыл Көкпекті ауданында банкіні басқарған Болат, Аманкелді, Марат, Добраш деген балалары ғылыми атакқа ие болған Аубакиров Тілеубай, мемлекеттік қаражат институтының Президенті, экономика ғылымының докторы, Сократ атындағы Еуропалық бизнес Ассамблеясының халықаралық марапатының иегері Нәдірбек Әпсәләмұлы да осы елден шыққан азаматтар.

Нәдірбек Әпсәләмұлы



1940-1950 жылдары «Көкжайдақ» ауылында Ақсуат өзенінің бойын күлай салынған жүзден астам шаңырақ болды. Нәдірбектің де кіндік қаны тамған, алаңсыз балалық шағы мен жастық дәурені өткен осынау кішкене ауылдың жұрты Нәдірбекке ыстық көрінетін шығар.

Әрине, балалықтың да, жастықтың да өз белгілері бар, қызығынан қиындығы басым сол бір кезеннің өмірбақи есте қалары сөзсіз. Сол шағын ауылдың әр шаңырағындағы үлкендердің де айрандай ұйыған өте тату-тәтті өмір сүргендігі де әлі есінде болар. Әпсәләм ақсақалды ауылдың қариялары Жанболаттың үлкені деп сыйлап қадір тұтатын.

Саудагерлікке тыйым салынған өте бір қауіпті де қатерлі осынау бір заманда, менің өкем Нұрғалидың кірешілік қызметін туыскандық сыйластықпен ұштастыра тиімді пайдалана отырып, Әпсәләм ақсақалдың «Күшөлә» саудасы арқылы жанұясына табыс әкелуіне қол қабысын тигізгенін және ауыз бірліктерінің өте мықты, біріне бірінің өте сенімді серіктес болғанын айта кеткен жөн болар. Міне осындай береке бірлігі жарасқан шағын ауылдан сөмке арқалап, мектеп табалдырығын аттап, есігін ашқан «қара баланың» өмір жолын жыр етсек:

Ұғынған дала сырын, қала сырын,
Біледі ғажаптарын сан ғасырдың.
Ақсуат өңірінің төл тумасы,
Ғалымы экономика саласының,

Семейде ет пен сүтті дайындайтын,
Жақсартқан технология жайын айқын.
Мемлекеттік қаражат институтының
Президенті бүгінде пайымдайтын.
Заманға сай жаңа, озық, сапалы да,
Жұмысы жылдан жалға жақсарды да
Бірнеше кемелді еңбек жазып,
Экономика ғалымы атанды да.
Білімді, парасатты, ақылды да
Сыйлы адам халыққа, жақынына
Қажымай, талмай үлкен еңбек етіп,
Береке-бірлікке елді шақырды да.
Ел өмірін сүйреген алға қарай,
Шоқтығы биік азамат асқар таудай.
Заманның көкейтесті мәселесін
Көтеріп келе жатыр қара нардай.
Зоядай зерделі де асыл жары,
Нәдірбекке жігер болып жарқылдады.
Басталып ордалы еңбек от басынан
Елге пайда әкеліп мақұлданды.
Ұлағатты жанұядан шыққан ұл, қыз
Жасампаз еңбек етіп тартынбады.

Кемел ғалым Нәдірбек Әпсәләмұлына үстіміздегі жылы Сократ атындағы Еуропалық бизнес Ассамблеясының халықаралық марапаты берілді.

«Еуропалық сапа» атты осынау мәні зор марапат әлем ғалымдарымен бірге Ұлыбританияның Оксфорд қаласында табыс етіліпті.

Нәдірбек Әпсәләмұлы - тек бізде ғана емес, АҚШ, Германия, Куба, Швейцария елдерінде өткен халықаралық конференцияларда, симпозиумдарда баяндама жасап, еліміздің атын талай танытқан танымы биік қабілет иесі.

Келешек ұрпақ «мұндай болмақ қайда деп» қапы қалмай, талаптын тұлпарына мініп, ғалым да, жазушы да, акын да, журналист те осы кең сахара ауылдан шығатынын есте ұстап, жүрексініп қорықпай, беріктік көрсетіп, айнымайтын көңілмен, босамайтын буынмен білек сыбанып, талаптанса демекпін.

Шойтабан шежіресі

Шойтабаннан – Ақтамберді, Дуан, Бертіс, Ораз, Кедес.

Ақтамбердіден – Ақберді, одан Жанбөбек, Ботай. Жанбөбектен – Нұрым, Нұрпейіс, Доланбай, Мұхамбет. Нұрымнан – Мұса, Қоқыш, Қопыш, Исабай. Мұсадан – Малғаждар, одан Асқар. Қоқыштан – Мөжікен, Күсабай. Мөжікеннен – Азанбек. Азанбектен – Жықатай, Мырзабек, Салиха, Айгүл, Айман, Битө.

Нұрпейістен – Садық, одан – Рамазан, Рамазаннан – Базарбек, Кәдірбек.

Жанбобектен – Мұхамбет. Мұхамбеттен – Серік, Зікірия. Серіктен – Төкібас, Жұман. Үсен, Сакан.

Доланбайдан – Тұрсын, Бәтiш, Шерен, Чалай, Байғабыл, Зейнеғабыл. Шереннен – Қадиша, Әсия. Байғабылдан – Тұрарбек, Тұрсынғали, Сәйда. Зейнеғабылдан – Сейітбек, Күлғайша, Күлзиран, Талғатбек, Күлжамал, Қайырбек, Заманбек, Қуанышбек, Күлжәннәт, Мейрамбек, Бақыт, Мейрамул. Алтынбек, Қарлыш, Қанатбек, Бакытхан.

Ақанбердінің Қабанбайынан – Білеуіт, Білеуіттен – Әрін, Мұстафа, Мұқыш.

Есенбайдан – Омар, Боран. Омардан – Мұталап, Бораннан – Манабай.

Тәттібайдан – Омен, Күлжек. Оменнен – Дүзбай. Дүзбайдан – Сайлауке, Тұрыстан. Қаражаннан – Мүлік, Әмірхан, Шәймерден.

Дуаннан – Кәржік, Жалмырза, Қасқақошқар, Бердіке, Төлек, Қажы, Қанапия, Шәкерім, Қажымұрат, Базарбек, Асқарбек, Шаймұханбет, Қажы, Қанат, Болат, Қайрат, Айтқазы.

Бергістен – Жұмык, Дәулет, одан Құттықожа, Құттықожадан – Қынаш, Жұмат. Жұматтан – Ризабек, Жұмабек, Әпсәләм. Әпсәләмнен – Нәдірбек, Нәдірбектен – Ерболат, Бекболат, қызы Гауһар. Ризабектен – Кәдірбек, Шәрбан, Шолпан. Жұмабектен ұрпақ жоқ.

Бергістің Жұмығынан Мәнди, одан Қаратай, Санабай, одан Мәуітбек, Дәуітбек, Оралхан, Оразхан. Мәуітбектен – Ахметбек, Қанат. Дәуітбектен – Ахметжан, Мұқан, Талғат, Мейрам, Ербол.

Ораздан – Темір, Қазанғап, Адушы. Темірден – Мәнәжік, Итжан, Сыдық, Ысқақ. Итжаннан – Әпсейіт, Нүрсейіт. Әпсейіттен – Дүйсен, Нүрсейіттен – Қабылбек, Қапас. Қазанғаптан – Жалбағай, одан Садық. Адушыдан – Майлыбай, Балшықбай. Балшықбайдан – Жүмәділ, Әміржан. Майлыбайдан – Әмірқасым.

Кедестен – Мәмидің баласы Ахметбек (Аякөзде тұрады), Сенбайдан Ахмади, Ахмадидан ұрпақ жоқ. Жаңыл деген бір қызы бар, Оралбаев Секманның әйелі.

Семейдегі Турксиб ауылының молласы Мәулетхан Әрінұлының шежіре нұсқасында

Шойтабан ұрпақтарын төмендегідей таратыпты:

Шойтабаннан: Ақтанберді, Дуан, Ораз, Кедес, Бергіс, өзін осы Шойтабанның біреуі Ақтанберді руынанмын, аты Мәулетхан, әкесінің аты Әрін, Әріннің әкесі Білеуіт.

Ақтанбердіден: Қабанбай, Қабанбайдан алты ұл туады. Олар: Шымыр, Тіней, Қожан, Доғал. Шымырдан – Білеуіт, Тойынбай. Тойынбайдан – Жұмағұл, одан Балабай. Балабайдан – Балтабек (сиқыршы). Білеуіттен – Әрін, Мұстафа, Мұқыш. Әріннен – Мәулетхан, одан Мұқаметқазы, Серікқазы, Берікқазы. Мұқыштан: Әлихан, Кәмәлжан, Әлімғазы, Кәмәлғазы.

Тінейден – Бексұлтан, Сұлтыбай. Бексұлтаннан – Байрахмет, Есбай. Байрахметтен – Зейнеқабыл. Сұлтыбайдан – Бекбай, Бекбайдан – Тұрсын (Науалыда тұрады). Есбайдан – Зейнел, Аманай, Серік (Ақсуатта тұрады).

Қожаннан – Мәмәдәлі, Жетімеке, Скақбай. Жетімекеден – Мыштай, Қажтай, Скақбайдан – Ильяс, Қоңыр, Ильястан – Қайырғазы, Базарбай. Қоңырдан – Қабылахат, Қайраш, Қайырғолла, Сайран, Бақанай. Тәукебайдан – Шәмшек, одан Қоқымбай, Қырықбай. Қаражаннан – Әмірхан, Мүлік, Ағали. Мүліктен – Сайлау, Ағалидан – Шаймардан.

Доғалдан – Керей, одан Айтмұқаш (Семейде тұрады).

Дуаннан – Төлек, одан Әбіш, Қанапия, Қажы, Шәкерім. Әбіштен – Нұртай, Мырзатай, Қанапия, Қажыдан – Тілеуғазы, Тәйіп. Қажидан – Базарбек, Асқарбек. Қажидың Қауа деген әйелінен Қажымұрат.

Ораздан – Шәріпбай, Өкшенбай, Дүйсен.

Кедестен – Мәми, одан Ахметбек.

Бертістен - Әпсәләм, Ризабек деп көрсетіпті.

Ендігі шежіренің дұрыс бұрыстығын қарауды Шойтабан ұрпақтарының еншісіне қалдыруды жөн көрдім.

Жарылған елі

Марқұм осы рудың, Жарылғаптың, Аралбай ұрпағынан тарайтын қарт шежіре ақсақал Сапар заманында осы елге болыс болған Күнбосынға атшы болыпты. Сол кісінің айтуына қарағанда, Күнбосын болыс еліне жайлы, өзін өзгелерден биік санамайтын, бауырмал, ызданып сөйлемейтін, әр сөзін астарлап айтып жеткізетін адам еді деп отыратын.

Болыс ауылдарды аралап жүргенде, ел-жұртының бәрі де құрметтеп, құрақ ұшып қарсы алатын. Мен атшысы болғандықтан, аттардың күтімі менің мойнымда болды. Ауылдарда қона-түней жатқанда, болыстың атына жемді молырақ береді. Бір жолы сол берген жемді болыстың атына бермей өз атыма түгелімен бергенім бар. Танертен болыспен аралап келесі ауылға кетіп бара жатқанымызда, болыс: «Ей, Сапар, осы жемді менің атым жеп, құмалақтауын сенің атың құмалақтайды ғой деймін» - дегені емес пе. Бұл істе кінәлі екенімді мойныма алып, екіншілей мұндай істен бас тартқаным әлі есімде деп әңгімелеп отыратын. Сол кісідей аңғарлы да ақылды, байсалды, жылы жүзді, биязы мінезді адамды кездестірмедім деп отыратын, жарықтық.

Енді бір әңгімесінде Советтер Одағы құрылған алғашқы жылдарда ГПУ-дың бастығы Әнжан болды. Сапар ақсақал Әнжанның істеген ісі де, сонымен қатар ағаттық жұмыстары да көп болды. Сондықтан ба кім білсін ақыры итжеккенге айдалып, елге оралғаннан кейін көп ұзамай дүние салып, Шыбынды қыстағындағы жерге апарып жерлеген мен едім дейді. «Бастан бақ таймасын, бақ тайса жақының да жат болар» көптен топырақ бұйыру да, халыққа істеген жақсылығының белгісі ғой деп әңгімелейтін.

Советтер Одағы кезінде ұзақ жылдар тегіндегі «Тарбағатай», «Марқакөл» аудандарында бірінші хатшы болып жұмыс істеген, кейін өмірінің ақырына дейін Өскемен облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы болып жұмыс істеп, ел құрметіне бөленіп; артында айтарлықтай із қалдырған Мұрат Дәуленұлы да осы елдің азаматы.

Ұзақ жылдар Ақсуат кеңшарында жұмыс істеген Садуанов Төлеу де өз кәсібін адал атқара білген. бойындағы бар күш-жігерін, біліктілігін сала еңбек еткен, сол кезеңдегі ауыл экономикасын дамытуға сүбелі үлес қосқан, ата жасы дейтін асуға сабырын тауыспай, салмақпен көтерілген жанның бірі деуге болады.

Ақсуат – Атамекенім атты кітапта Иманбаев Қали (Қалкеннің) спорт әлеміндегі өмір жолы «Елдің атын ер шығарар айла, тәсіл күшімен» деген эпиграфпен басталып (418-441 беттерде) толығымен жазылған. Уақыт уыста тұра ма, өткен жылғы спорт сайысында әлем чемпионы атанып, елдің атын асқақтатып шығарып жүрген, осы салада ұзақ жылдар қажымай, талмай еңбек етіп келе жатқан, елінің ардақты азаматтарының бірі және бірегейі деуге болады.

«Ойнай білмес шешесін, артқа шұқып ойнайды» дегендей, тірілерін былай қойғанда, бұл дүниеден әлдеқашан озған ел ардақтыларының рухының шамына тиетін, келемеждеп «Көңілдегі көп ойлар» деп кітап жазған, сол кітабын Ырғызбай Әулиенің басына апарып қойғанда, «отқа оранып жанып кеткен» кітаптың авторы «ақынсымақ» Рахымбаев Кеңесте осы рудың азаматы дей келе,

Белгілі кітап жазғаның,

Көп бірақ онда кемшілік.

Оқырманды баурай алмадың,

Қабылдамады көпшілік.

Жақсыларды жамандап,

Жазғаның тіпті обал-ақ.

Содан таптың не бедел,

Ақты ақ демей қаралап.

Алсаң да қалам белсеніп,

Жаза алмапсың көркем ғып.

Шықпай халық көңілінен

Кітабың кетті өртеніп.

Үлкені осы-ау қорлықтың,

Босқа өуре болыпсың.

Шығарып жақсы қорытынды,

Ойларың дұрыс толықсын.

1- қаңтар 1949 жылы Ойшілік ауылында дүниеге келген Санакбек Құнафияұлы 1968 жылы Комсомол орта мектебін бітіріп, 1968-1974 жылдары Өскеменнің құрылыс-жол институтын бітіріп еңбекке араласады. 1974 жылы Аманкелді, 1977 жылы Сәтбаев, 1980 жылы Комсомол совхоздарында құрылыс мастері, аға мастер болып жұмыс істейді. Осы еңбек еткен мерзімде Комсомол совхозында 60 машиналық автогараж, Сәтбаев совхозында екі қабатты контор ғимаратын, 2005-2006 жылдары аудан орталығынан жаңа заманға сай орталық базар құрылысын салып, пайдалуға беріп, ел игілігіне қызмет етіп келе жатқан азаматтың бірі.

Ел ішінде ел игілігіне қызмет еткен мұнан да басқа азаматтар көп екенін айта келе, барлығын бір кітапқа сыйдыру мүмкін еместігін ескерген жөн болар. Жоғы осылардың ішіндеміз деп ұғынғаны дұрыс болар демекпің.

Жарылған шежіресі

Жарылғаптан: Аралбай, Ақшабай, Шүрек.

Аралбайдан: Танабай, Қонақбай, Солтабай. Танабайдан: Сқақ, Сыдық, Мәжит, Ләззат, Күлжат.

Асылбайдан: Андрей, Андрейден: Қабдолла, Файзолла. Қабдолладан: Үмітбек, Солтабай, Солтабайдан: Сайболат, Бекболат. Биболат, Бектас, Қуаныш, Көшімбай, Баянды. Сайболаттан: Андамас, Елеусіз. Андамастан: Табылды, Сәмәди, Абылхан. Табылдыдан: Қапас, Қапастан Тікіш, Зекеш. Сәлимадан Айтқазы.

Бекболаттан: Шерубай, Елеубай, Балықбай, Рақыш. Елеубайдан: Жидебай, Шілдебай. Жидебайдан Махмет. Махметтен Жакып. Шілдебайдан Арғынбай.

Бектастан Сапар. Қуаныштан: Нүрсейіт, Әпсейіт, Байшойын. Нүрсейіттен: Иса, Уса, Төлеген, Қойтан, Асан, Күнбосын. Усадан – Молдайып, Ботат, Әнжан, Мәдіжан. Молдайыптан – Тінжан, Әкімтай, Байсымақ, Ұқпас. Ұқпастан Түгелбай. Қойтаннан Рахымбай, Әкімбай, Мақұлбай. Рахымбайдан: Қыдырмолда, Қызыр, Құмарбек. Әкімбайдан Қайнолла. Мақұлбайдан – Оразғали, Есенғали. Елеусізден – Жұмағұл, Жұман, Наурыз, Түсіп, Тұнғат, Мүксікбай, Токтасын.

Жұмағұлдан: Мұхамәди, Қали, Ыбырайым, Әубәкір, Садуақас, Әбіш. Мұхамәдидан: Рахмет, Сіләм, Қабдолла. Рахметтен Зарқұм. Сіләмнан Медеухан, Сыдық.

Қабдолладан Қызырбек, Тілеубек. Тілеубектен Советбек, Серікбек, Еркінбек, Талғатбек, Аман. Түсіптен Әміре. Әміреден Әділбек.

Муіскіден Нұрғазы, Нұрбосын, Құрман. Нұрғазыдан Нұрсолтан, Нұрбосыннан Қадылбек. Құрманнан Мамырбек, Нүрсейіттен Күнбосын.

Күнбосыннан: Құмаш, Жайлау.

Ақшабайдан Сатпақ, Сатпақтан Сәрсембі, Сәрсембіден Оразай, Оразайдан Нүкебай.

Шүректен Досбатыр, Есбол, Иманбай.

Иманбайдан Құжиман, Мұқатай. Құжиманнан Нұртай, Қали (Қалкен). Мұқатайдан Қазтай. Нұртайдан: Жоламан, Нариман, Тельман, Ерлан, Нұрлан. Жоламаннан Еркебұлан. Нариманнан Еламан, Ербол. Тельманнан Ерасыл. Нұрланнан Нартай. Қалидан (Қалкен) Хабарлы, Қаһарман, Спартак, Айдын, Нұржан, Төлеген.

Спартактан Сержан. Төлегеннен Ержан. Қазтайдан Арыстанбек, Ержан, Кенже, Серік. Арыстанбектен Нұралы.

Қармыстан Әлғали, Әлғалидан Баймырза.

Естелік: Сүйегі Жарылғап 93 жастағы Махметова Қадидиша апамыздың айтуы бойынша: Күнбосын би Қадидишадан үш жас үлкен екен. Күнбосын Қуаныштың баласы, балалары: Қуаныш, Жайлау, Ильяс. Әнжан Усаның

баласы. Әнжаннан Семей деген ұлы болды. із-түссіз жоқ боп кетті. Күлия деген қызы Айқымбектің әйелі. Заманында Мүрсәлім болыстың баласы Ғабденді Әнжан өзі Қытайға асырып жіберіпті. Ғабденнен бір қыз болып, ол Ақсуатта қалыпты. Інісі Ақылбектің Алтын деген әйелі бар, сүйегі Жәнбике. Ақсуатта тұрады, - дейді қарт ана.

Ескерту. Жарылғап шежіресі Рахымбаев Кенестің «Көңілдегі көп ойлар» кітабында толық жазылған. Мына шежіреде көрсетілген аталар ата тізбегін сақтау мақсатында нұсқа үшін беріліп отыр.

Қарабай-Қожет елі

Ерте заманнан қонысы да, өрісі де, тұрысы да, жүрісі де бір болғандықтан, Қарабай-Қожет елі деп бірге аталып келеді. Шағын болуы да бұл елден шежіре білетін көнекөз қарттардың болмағандығы деп ұққан жөн болар. Қожет елі заманында да шағын ел болыпты. Өткенімізді ой елегінен өткізгенімізде батырлармен, ақындармен ғана шектеліп қалмай, дүйім бір өңірдің тағдырын шешіп, жол нұсқап отырған ел ағаларын да есте ұстағанымыз абзал. Сондай ел ағасының бірі болған Мырзахмет.

Мырзахмет – Қарабай Оразалының баласы. Заманында бір мерзімге болыс болған, болыс болып тұрған кезінде еліне қамқорлық көрсеткен, көзі ашық, көңілі ояу адам болыпты. Әйелі Кентай Шегедеков Салықтың қарындасы болып келеді. Бияхмет Сарсеновке ат қойып, айдар тағылған кезде, Мырзахметке де алашорданың жақындары деп қудалау жүре бастаған кезде, Қытай еліне өтіп кетеді. Сол Қытай елінде жүргенде Шәуешекте бала оқытып, Шыңжаң өлкесінде сүйегі Кегенбай Нәзір екеуі оқу ағарту бөлімі мен қазақ «ұшматын» құрады. Болыстардан ақша ұйымдастырып, мектеп ашыпты. Сол мектептен Ізғұтты баласы Қалимұрат оқыпты дейді 1959-1962 жылдары Отанына оралған ақсақалдар. О жақта жүргенде де басына қара бұлт үйіріліп, он жыл Қытай түрмесінде отырып, сол Қытай түрмесінде дүние салыпты. Басына зиярат ете барғанда, қойылған орнын күреп тастапты. Қызы Бульбар Сексенбаев Токенмен тұрмыс құрған. Балалы-шағалы, Алматыда тұрады. Балаларының барлығы да белгілі кәсіпкерлер.

Құнафин Ахметжан ұзақ жылдар аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы болған. Қаламы қарымды журналист. Көптеген көкейтесті мәселелерді көтерген, мақалалары кезінде түрлі газеттер мен журналдарда жарияланған.

Шаяхметов Мұхамедрахым өмірден өткенше аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Жарықтықтың адамға деген қайырымдылығы мен мейірімділігі, кісілігі мен ізгілігі ерекше адам болыпты. Бір мысал: Аубакиров Ескали кезінде ауылдық кеңестің төрағасы, колхоз басқармасының бастығы болып қызмет істеген адам. Зейнеткерлік жасқа толып, аудандық қамсыздандыру мекемесінің бастығы Мұхамедрахымға келеді. Зейнеткерлікке шығуға келген бұйымтайын айтады. Мұқаң, Есеке зейнеткерлікке шығуға байланысты құжаттарыңызды тапсырыңыз деп, қандай құжаттар керек екендігін айтып түсіндіреді. Сонда Есекең мұның дұрыс-ау, айтып отырғандай құжат менде жоқ депті. Есеке, сіз ауыл басқарған, ел басқарған адамның бірісіз, еңбек

кітапшаныз жок па? дегенде. Ей, карағым-ай, ол кезде еңбек кітапшасын кім керек етіпті. Берген жерден екі жүз, болмаса жүз грамм ішіп, жұмыс бабыман жүре беріңіз ғой. Ендігі шаруа өзінде депті. Мұқан бетіне карап күліп, жарайды, ақсақал, хабарын күтіңіз деп қайтарыпты. Содан кейін Мұқан Есекеңнің істеген жерлерінен архивтерден құжаттарын өзі жинатып, еңбек кітапшасын толтырып, оны еңбекшілер депутаттары аудандық комитетіне растаттырып, барлық құжаттарын ретке келтіріп, зейнетақысын белгілеп бекіткеннен кейін, Есекеңді шақыртып, қолына табыс еткен екен. Осы жағдаятты замандастары жырдай ғып айтып отыратын. Қазіргі заманда мұндай басшыны қолына шырақ алып іздесен таба алмассың демекпін.

Ал **Шаяхметов Аманбек** болса, білегінен күш саулаған түйе балуандылықты иеленген азамат.

Оразалин Әнуарбек деген азамат техниканың тілін тамыршыша басатын механизатор болды.

Кейінгі толқын **Құнафин Бекен** туралы айтар болсақ, қай заманда да құқық қорғау органдарымен атқарылатын жұмыстың түпкі нәтижесі төртіпке келіп тіреледі. Олай болса төртіп бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқықтарын талапқа сай қорғап, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында қажымай-талмай еңбек етіп келе жатқан прокуратура қызметкерінің бірі деп Қарабай руынан шыққан Құнафин Бекенді айтуға болады.

Біраз шегініс жасап заманының дін саласындағы озық ойлы дін саласының мамандары Түрғожа, Салық молдалардан оқып, діни білім алып шыққан соң, Семейдің діни кадрлар даярлайтын медресесіне түсіп оқып, өте жақсы үлгеріммен бітіріп шығады. Діни медреседе оқып жүргенде, Бакин Кенесарылармен бірге оқыпты. Бірақ олардың оқыған факультеті бөлек болыпты. Олар бітіріп келгеннен кейін Советтер Одағының қызметкері болып жұмыс істеп кетеді. Ал Мұхаметқали бітіріп келгенде мешіт, медреселер жабылып, молдаларға қудалау жүріп жатқан кезеңге тап болады. Молдалық қызметті істеуге шектеу қойылып тиым салынғандықтан, колхоз мүшелігіне еніп, Жаңа Тілек колхозында ұсталық жұмыс атқарады. Мұхаметқали шәкірт кезінен-ақ табиғатынан алғыр ұғымды құранды жатқа білетін, діни медресені бітіріп келгенде араб тілінде жазылған құранды қазақшаға қиналмай аударып алатын қабілетті адам болды. Ауыл молдаларынан оқып жүргенде, Мұхаметқалидың тентектігі де бір басына жетерлік болыпты. Мешітте арнайы шәкірттер арасында айғай-шу шығарып, шәкірттерді дүреге жығып кету, тіпті ұстаздарының да бір сапарда зәресін ұшырғаны бар екен. Ол уақиға былай болыпты: Молдалар елден жинаған тері-терсек, жүн-жүрқаларын Көктерекке (ол кезде Көкпекті ауданы солай аталыпты) апарып өткізіп, есесіне шыны-шөйнек, бұл, шай алып қайтады екен. Мұхаметқали сабақты жақсы оқитын, пысық, ширақ шәкірт болғандықтан, Түрғожа мен Салық молдалар соны ертіп алады. Сол заманда «Құрайлының қырында» қарақшылар көп жүретін кез болса керек. Молдалар апарған заттарын шыны-шөйнек, бұл, шайға айырбастап, салқынды бетке алып, ауылға қайтады. Алған заттарынан молдалар шәкіртіне ештеңе

ұсынбапты. Қайтар жолға шыққан екі молданың өңгімелері жарасып, тұшы өңгімеге беріліп келе жатқанда, Мұхаметқали молдалардан іркіліп артта қалып қояды да, екі молданың қарасы үзілген кезде, сасырды ұзын етіп байлап, мылтық сияқты асынып алады да, молдалардың артынан ұрып таста деп тұра шабады. Бейқам келе жатқан молдалар шошынғаны соншалық, аттарына қамшы басып тұра шаба жөнеледі. Шыны, шәйнек шағылып, алған заттарының биж-тыжы шығады. Тұрғожа молданың аты жүйріктеу екен, ол қарасын көрсетпей кетеді. Салық молда көз көрім жерде келе жатады. Сөйткенше болмай таң да қылаң береді. Танып қоя ма деген қауіппен Мұхаметқали тығылып қалып қояды. Күн көтерілген кезде Боғас өзенінің бойында дамылдап дем алып отырған молдаларға сәлем бере Мұхаметқали қаракшылардың қаһарының қиын болғанын, өзінің өзгерісін бас сауғалап кұтылғанын айтады. Молдалардың түтігіп, өздері қашып отырғанын Мұхаметқали көреді. Мұхаметқалидың торсығында жолға алып шыққан қымызы болыпты. Берейін десе, құйып беретін ыдыс жоқ. Амалсыз тақиясына қымыз құйып беріп ұсыныпты. Екі тақия қымызды ішіп алған молдалар жан шақырып, үйлеріне қайтыпты. Үйлеріне келіп ес жинағаннан кейін, уақиғаны ой електерінен өткізсе отырып, бұл бөленің Мұхаметқалидан келгенін біле қойыпты да, молдалар теріс батамызды береміз деп көрленгенін естіп, әкесі Жетімек молдаларға қойын апарып беріп, кешірім сұрап райынан өзгеріп қайтарыпты дейді. Жалғызым деп Мұхаметқалидың жас күніндегі жасаған тентектіктеріне әкесінің шашылған қойлары аз болмаса керек. Оның барлығын жазуға кітап көлемі көтермейді. Мұхаметқали Тоқабай еліне күйеу болды. Тоқабай адамдарына кезіккенде, бірдене айтпаса арқасы қышып тұратын адам еді. Сондықтан да болар тегіндегі Карл Маркс колхозының адамдарымен тегіс қалжыңдасатын адам еді. Реті келгенде барлығы болмаса да бір қалжыңын еске ала кетейін. «Елеке сазы» аумағында тегіндегі Большевик совхозының №5 фермасында осы Қарабай елінің бәрі сыйлайтын Шалабай деген ақсақал болды. Сол кісі сырқаттанды дегенді естіп, Мұхаметқали бармақшы болады. Баратын көлік іздеп жүрсе, ГАЗ-53 самосвал машинасымен тауға барғалы жатқан Мастекбаев Марат пен Әбен ақсақалға мені ала кетіндер дейді. Жарайды, кабинаға сыймайсың, шөпті молырақ салып, кузовқа отыруға келіссен, ала кетейік депті. Келісіп самосвалдың кузовына отырғызып, тауға тартады. «Ащының даласы» деген жерге жеткен соң самосвалды ақырындатып жүргізіп, кузовын көтеріп, Мұхаметқали түсіріп тастап, әрі қарай жүріп кетеді. Мұхаметқали аң-таң, әй аналар білмей қалды-ау деп жан жағына қараса, самосвал көз көрім жерде тұрғанын көріп, соңынан ере береді. Жете бергенде, тағы да сондай қашықтыққа барып тұрады. Сөйте-сөйте «Қарақойтас» деген қыстаққа дейін мөлшері 10-15 шақырымдай жаяу жүріп келеді. Келгеннен кейін өзімен бірге келе жатқандармен айқасады ғой. Екі адам қойсын ба? Мынау ауылдан шыққанда көтеріліп ауырып келе жатыр еді, біреуді жаракаттайды деп үйдің ішіндегі дінгекке байлап кетеді. Қыстақта сол үйдің әйелінен басқа ешкім болмапты. Әйел үйіне кіре алмай, есік алдындағы жотада жүреді. Күн еңкейе бір автолавка келіп тоқтайды. Қараса үйдің маңында ешкім көрінбейді. Есіктің алдында жотада сол үйдің

әйелінің жүргенін көріп, амандасып, жөн сұрап, неге үйге кірмей жүрсіз десе, үйде бір күтырған кісіні байлап кетті. Содан қорқып кіре алмай тұрмын дейді. Олар кімдер деп сұраса, Әбең мен Марат депті. Автолавка айдайтын сол Мұқаңдарға бауыр болып келетін Бекеш деген азамат болатын. Әй, ол менің ағайым болып жүрмесін деп үйге кірсе, дәл өзінің ағасы болып шығып, босатып алыпты. Болған уақиғаға қаныққан бауыры әрі қарай ағалары Шалабай ақсақалдың үйіне апарып салған сол Бекеш бауыры екен. Айта берсе, мұндай өзiл-қалжыңдары өте көп, осымен тоқталайық.

Дiн мәселесiне келсек, сол кездегi коммунистер мен атқа мiнерлер болмаса, кезiндегi ауыл ақсақалдары ораза ұстап, намаз оқып, айт намаз оқытуды тоқтатпаған кез. Осы қауымдағылардың барлығы қарттар болғандықтан, ешкім қудалау жасамаған кезен болатын. Мұқаң сияқты бiлгiр молдалар колхоз шаруашылығында жүрсе де, ораза, намазын үзбей, молдалықты да қоса алып жүрдi. Әр нәрсе заманына қарай болады ғой. Мұқаң сол кездегi молдаларды жамандап жазған мақалаларды қалтасына үнемі салып жүретiн. Қандай да бiр әрiптестерiмен кездескенде, әңгiменi молданың құлкыны жаман болады, соның бiрi менмін деп неше түрлi әңгiмелердi айтып, елдi қыран-топан құлкіге батырып отыратын қалжыңбас адам едi. Кейде бiр қайтыс болған туған-туыстардың басына апарып құран оқытып, Мұқа сол оқыған құраныңыз аруақтарға тиiп жатыр ма дегенде, «Кiм бiлсiн, о жақтан келген әлi ешкім жоқ» деп шапанының етегiн қағып жүре беретiн, жарықтық. Соншалықты бiр қызық та жұмбақ адам едi. Кейде оқыған құраны, құран оқығандағы үнi соншалықты өсем шығатын. Бiлiмдi де бiлгiр молданы кейбiр қылықтарына қарап әлде молда емес пе деп те ойлап қалатын кездер көп болатын едi.

Қарабай шежіресі

Қарабайдан Бәйтен, Бәйтеннен Естай. Естайдан: Жәдікбай, Тоғайбай, Төбет, Нүрпейіс, Өлмекбай. Нүрпейістен Жетімек, Жетімектен Мұхаметқали. Естайдан Ұлпа, Ұлпадан Қанафия, Қанафиядан Ахметжан, Хамит. Қарабайдың екінші әйелі Көкшеден Оразалы. Оразалыдан Мырзахмет, Қожахмет, Шаих, Қоқыр. Бәйбішеден Әлмұхамед, Баймұхамед, Сәрсембі. Сәрсембіден Шаяхмет, Шаяхметтен Мұхамедрахым.

Қожет шежіресі

Қожеттен: Әлі, Есімжан, Ермекбай.

Әліден Ержан, Ержаннан Оразғали, Айғали, Күнғали, Мұхаметқали, Мұсағали.

Есімжаннан: Сейітқазы, Сіләмғазы, Тәшмұханбет, Солтанғазы.

Сейітқазыдан: Зейнеғабыл, Сіләмғазыдан Бексолтан, Тәшмұханбеттен Қаматай. Ермекбайдың ұрпақтары белгісіз.

Ырсақ елі

Қазақ халқы мемлекеттік тәуелсіздігінің арқасында өзінің тарихи, рухани және мәдени құндылықтарына ие бола бастады. Елдің бұрынғы атақты батырларына, ұлы қайраткерлеріне және ғалымдарына іздеу сала бастады. Сол бір кезде беймәлім болып келген батырдың бірі руы Ырсақ, оның ішінде Елқонды Дора батыр жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ

батырларымен бірге қалмақтардан өз өлкемізді тазартуға қатысқан, ерен ерлік көрсеткен. Өзі батыр, өзі ақылды, отаншыл батырлардың бірі Дора болыпты. Дора батыр Семейдің Шағанындағы, Жарманын Қалба тауындағы, Тарбағатай ауданының Шорға бойындағы, Ақсуаттың «Тарбағатай», Кіндікті бойларындағы қалмақтарды өз жерімізден тазартуға қатысып, көп ерлік көрсетеді. Қалмақтардың Саркүл, Лаба, Құлба, Доланқара деген батырларымен жекпе-жек шайқастарда күшінің басым екендігін көрсетеді. Дора батырдың ерлігін Қабанбай батыр ерекше атаған. Ол Қабанбай батырмен бірге, Шаған, Шорға шайқастарына, қалмақ батыры Доланқараны талқандау ұрыстарына қатысады. Есіл ер сол Доланқара шайқасында жау қолынан опат болады. Сүйегін негізгі ата мекені «Қарашенгел» елді мекенінің шығыс жағына өкеп жерлейді. Жылқының жал құйрығы мен қойдың жүні араластырылып құйылған шөй кірпіштен қаланған биік шошақ зират өлі күнге дейін тұр.

Дора батырдың кейінгі ұрпақтары марқұм соғыс және еңбек ардагері, оқу ағарту ісінің үздігі Қарымсақов Құрманғажы, еңбек ардагерлері Жандыбай Тілебалдылар болып келеді. Қазірде көзі тірі еңбек ардагерлері Уазипа, Сақыш деген қыздары бар.

Заманында Базар болысының болысы Жанай Ақшаұлының кандидаты сүйегі Ырсақ Мұстафа Мұхамедиұлы болыпты.

Абай өн шығаратын «Қаламқас» сияқты бүкіл атырапқа атағы шыққан әрі өнерлі, әрі сымбатты ару Ақбөтіш те осы Ырсақ руынан екен. Қайран казактың не бір мұндай дүлдүл өнерпазы тарих қойнауына үнсіз еніп, асыл бейнелер белгісіз күйінде қалды-ау дейтін өкінішті көбірек сездіреді.

Кенес одағы тұсында бұл елден ел басқару ісіне араласқан Мұқажанов Шөкен, Көшімбаев Мүсілім (Шөкөтай) Қонақбайұлы, Көрпебаев Слямғазы, Жарқынбаев Нұржақып, тұңғыш ауыл шаруашылығында егін шабатын «Лабогрейканы» Бозтай ұста екеуі өндіріске енгізген өнертапқыш әрі ұста Нұрмәдиев Әйткен, заманында үздік механизатор болған Махмұттар болса, кейінгі толқын аға ізін жалғастырушылар Шөкенов Шақор, Жарқымбаев Кәрім, Ильясов Кәдірмолла, Нұржақыпұлы Ақаштар шықты.

Шөкен ақсақал бүкіл тіршілігінде адал, ақылды, адамгершілігі мол, өр іске жауапкершілікпен қарайтын еңбеккер, халқы үшін еңбек еткен, істің көзін таба білетін аңғарымды ақсақал еді.

Көрпебаев Слямғазы да ұзақ жылдар колхоз басқарған, колхоз басқармасының орынбасары да болып ауыл шаруашылығына өзіндік үлесін қосқан ақсақалдардың бірі. Шақор Шөкенұлы ұзақ жылдар аудандық партия комитетінде қатардағы жұмыс істеп, сол мекемеден зейнеткерлікке шыққан азамат.

Жарқынбайұлы Кәрім Енбекшілер депутаттары аудандық атқару комитетінде жоспарлау комиссиясының төрағасы, одан басқа да әртүрлі аудандық мекемелерде еңбек етті. Кәрім қай жерде істемесін, өзінің азаматтық бітімі мен кісілік кескініне көлеңке түсірген кезі болған жоқ. Оның бер жағында Кәріммен және Сербатыр деген досымызбен үшеуіміз

жастық шақ, бал дәуренімізді бірге өткіздік. Бірімізді біріміз сағынысып көрісетін достар едік.

Көргенде шұркырасып, күшақтасып,

Қалушы-ек мауқымызды өзер басып.

Отырып түн бойында әңгімелеп,

Шертуші-ек талай сырдың бетін ашып, - дегендей жарықтық Көрім ортамызда жүргенде қазақи ойнақы өзіл мен қалжыңға қарық етіп жүретін азамат еді. «Өмір өтер бір күні сөнген шамдай» дегендей, Көрім көзі тірісінде абыройына дақ түсірмеген, үлкенге іні, кішіге аға болып қалуды өміріне мүрат етіп ұстаған, елді сыйлай білетін, өзін сыйлата білетін азамат боп дүниеден өтті.

Ильясов Кәдірмолла облыстық комсомол комитетінде бөлім менгерушісі, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, Ақсуат ауданында аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, Ақсуат аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудан әкімдік жүйеге көшкенде әкімнің орынбасары болып елі үшін еңбек еткен азаматтың бірі.

Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек,

Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп.

Ер өлсе де, еңбегін еш өлтірмес,

Неше мың жыл өтсе де тарих білмек, - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, жоғарыда аталған ел азаматтарының халқы үшін еткен еңбектерін елі ұмытпақ емес.

Қошімбаев Мүсілім (Шөкөтай) Қонақбайұлы



1912 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында дүниеге келген. Жастайынан әке шешеден жетім қалып туған жерден жырақта өскен азамат.

Алғашқы еңбек жолын Көкпекті ауданының «Оянбірлік» «Шұбарши» колхозында зоотехник болып жұмыс істейді.

Сыншысы қашанда халқы ғой, осы Шөкөтай осы колхоздарда жұмыс істеп жүргенде білікті де, қабілетті талапшыл маман ретінде танылады.

1941 жылы әскер қатарына шақырылып кеткелі тұрған жерінен аудан басшылары өндіріске керек адам деп брон мен алып қалды.

Сол жылдардан бастап Көкпекті ауданының «Большевик» совхозының №1, №5 фермаларында сұрапыл соғыс жылдарында «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген айдарлы ұранды жан жүрегімен қабылдап, жеңістің жақындай түсуіне жансебілдікпен еңбек етіп, қомақты үлес қосқан. Көкпекті ауданында атағы алысқа жеткен азаматтың бірі болыпты.

Бұл жылдары ересек жұмысшы қолының аз, сүм соғыс аптал азаматтарын қайтармаған қайтқандарының бірлі жарымы болмаса көбі кемтар болып оралғандар еді. Күш қолдың негізін әйел бала – шаға құрайтын заманда еңбек етіп, бүкіл ауылдың шаруасын, оның үстіне жетім бала, жесір әйелдерге өке – шешесіндей қамқорлық жасай отырып осы құраммен ферманың мал басын өсіріп, аман сақтап, көктемгі егіс науқанын ерте аяқтап, бітік егін шығарып, берекелі байлықты төкпей – шашпай жинап, мемлекетке артығымен өткізіп, ел жұртты да жарылқап, келесі жылдың қамын қамбаға құйып үлкен істі дер мезгілінде тиянақтап отыратын іскер басшы еді деп отырған ауылдастары.

Шөкетайдың ел жұрты қиын қыстау жылдардағы ауылына сіңірген қыруар еңбегін еске ала отырып, азамат ретінде өте сабырлы да салмақты, байсалды да болыпты, аса парасатты жан еді деп естеріне алады.

Кейінгі жылдары денсаулығына байланысты 1968 – 1972 жылға дейін «Құрайлы» елді мекенінде жанар жағармай базасының менгерушісі болып жұмыс істейді.

Еңбектегі ерең еңбегі бағаланып Еңбек қызыл ту ордені мен бірнеше медальдармен мақтау грамоталарымен марапатталады.

Өлшеніп берген өмір бітіп 1979 жылы 1 наурызда 67 жасқа қараған шағында дүние салды.

Шөкетай Әлханова Мөкенқызы Нұржакенмен шаңырақ көтерген азамат. Нұржөкен 1918 жылы дүниеге келген. Әкесі Мөкен бауыры Оралбек ұлы Отан соғысынан оралмаған.

Шешесі Әубекір қызы Ықанмен әжесі Әлишаны қамқорлығына ала асыраушысы бола отырып, елінің мүддесі үшін бар күш – жігерін, бүкіл өмірін еңбекке арналған, елдің жанын ұғатын, ел ағасы деуге тұрарлық еңбек етіпті десе артық айтқандық емес. Бастарынан өткен қандай да бір қиын жылдарда отбасы мен үйдің сақтаушысы жебеушісі бола жүріп, өмірге Асан, Қайраттай ұл, Жеңіс, Орынтай, Дөметай, Майра, Сайра сияқты қыздарды өмірге әкелген қасиетті ана ұлын ұяға қызын қияға қондырып, ауыртпашылық жылдарда мойымзай, төзімділік пен қайраттылық көрсеткен, ол кісінің өзгелерге енеге – үлгі боларлықтай өмір жолы, сүйген жарына деген айнымас махаббаты, бар ғұмыры адал еңбекке арнаған ел игілігіне аянбай қызмет еткен аяулы ана 1990 жылы 28 жышпоқсанда 72 жасына қараған шағында дүниеден өтті.



Бұрынғы Семей облысы, аксуат ауданында 1931 жылы кантардың 5-ші жұлдызында дүниеге келген. Үш жасында әкесінен айырылып, ағасы Нұржакып женгесі Мәруаның тәрбиесінде болады.

Адамзатқа ғана емес, жер – Анаға сойқан салған Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылы, Кәрім де соғысқа аттанған ересектердің орнына он жасынан «Серіктес» колхозында колхоз жұмысына араласады.

Қол орақпен егін орады, Шантасқа жегілген атқа отырады, мал бағысады, кейіннен кіре тартуға да жегіледі. Балалық бал дәурені аттын жалында, түйенің қомында өткен Кәрім он сегізге қадам басқан шағында 1949 жылы Семей қаласының Қаржы техникумына түсіп 1952 жылы аяқтап шығады. Оқу аяқталысымен 1952 –жылдан. 1954 жылға дейін Ақсуат аудандық мемлекеттік қамсыздандыру инспекциясының учаскелік инспекторы болып жұмыс істейді.

1954-1957 жылдар аралығында Совет Армиясы қатарында болып Украина да, Харьков қалаларында әскер қатарында болып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп елге оралады.

Еңбек жолын одан әрі жалғастырып 1957-1963 жылдар аралығында, аудандық мемлекеттік қамсыздандыру инспекциясының аға инспекторы болып жұмыс істейді.

1963 жылы Ақсуат пен Көкпекті ауданы қосылғанда, аудандық финанс бөлімінің инспекторы, ал 1965 жылы Ақсуат ауданы қайта құрылғанда 1976 жылға дейін аудандық жоспарлау бөлімінің бөлім бастығы міндетін атқарды.

1976-1983 жылдар аралығында аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының директорлығы қызметіне ауысады. Осы жылдар аралығында білгір маман қабілетті де талантты басшы ретінде қажырлы да, абыройлы қызметінің нәтижесінде 1979 жылы екі қабатты аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатын, онымен қоса комбинат жұмысшыларына тұруға арналған екі қабатты үйді пайдалануға берді.

Одан әрі ағаш бұйымдарын өңдейтін цехтар ашып, аудан жұртшылығына қызмет көрсететін цехтарды ұлғайта түскен еді.

Кезінде тұрмыс қызметін өтеу комбинатының коллективі өте ауқымы болды. Бірі кіріп бірі шығып жатқан қалың жұртшылықтың көңілін табу оңай ма. Алайда ол алдына келген адамның қайсысының болмасын бұйымтайын орындауға тырысатын.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халық даналығының бекер айтылмағанын кезінде Манабаева Күлімхан деген комбинат жұмысшысы

аудандық партия комитетінің бюро мүшесі сияқты биік белестерге көтерілгенінен көруге болады.

Кезінде халқы үшін аянбай еңбек еткен қызметін бағалай білген жұртышылық «Ел үмітін ер ақтар, ердің атын ел сақтар» деген қанатты сөзді бекіте түседі.

Келесі 1983-1984 жылдары Ақсуат аудандық әлеуметтік қамсыздандыру комитетінің төрағасы.

1984-1991 жылдары Ақсуат аудандық ауыл шаруашылық басқармасының экономисі қызметін атқарды.

1991 жылы зейнетақы қорының өкілі болып жұмыс істеп 1992 жылдан бастап құрметті зейнеткерлік демалысқа шығады.

Кәрім қай жерде қызмет істемесін ел азаматы ретінде өзі өмір сүрген қоғамға қызмет етіп, ыстық – суығына шыдай біледі. Ол өте кішіпейіл, мейірімді, адал, кісі көңілін қалдырмайтын қолынан келсе жақсылық жасағысы келіп тұратын үлкенді аға, кішіні іні деп бауырына басатын мен мендігі жоқ, пейілі кең, жүрегі таза азамат еді. Еңбек ізсіз қалмайды деп М.Қашқари айтқандай, еңбектеріне сай кезінде Қазақстан Республикасының құрмет грамотасы мен марапатталса, жергілікті мақтау грамоталары мен сый – сыяпаттардан кемде болған жоқ.

1958 жылы Керімбай қызы Ақтөлеу мен шаңырақ көтеріп құдай қосқан қосағынан үш ұл, үш қыз көрді.

Кәрім өмірден өткенмен бөйбішесі Ақтөлеу немерелерінің қызығын қызықтап, ұядағы ұлдары мен қиядағы қыздарын аралап жүретін болды.

Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған,

Сұңқар бар ма қияғы қайрылмаған.

Қашанда тағдыр – ажал жеткен күні,

Кімдерден кімдер жылап айырылмаған – дегендей өмірлік нұсқа болар адал дос, абзал азамат, жаны жомарт, пейілі кең көрімді 1996 жылы 26-қарашада келмес сапарға шығарып салдық.

Ырсақ шежіресі

Ырсақтан: Құлжа, Матай, Қонай, Елқонды.

Құлжадан: Иман, Жалтыр, Мыңбай.

Иманнан Ыбырайым, Ыбырайымнан: Мұқажан, Кемел. Мұқажаннан Шөкен. Шөкеннен Шақор, Амантай.

Жалтырдан: Қожаберген, Бекберген. Қожабергеннен Токтар, Нартай, Байжігіт. Байжігіттен Ораз, Ораздан Жарқынбай, Жарқынбайдан Нұржақып, Кәрім. Нұржақыптан Ақаш, Алтай, Бақаш. Шешелері Жақсылыққызы Мәруа. Кәрімнен Баяқаш, Естай, Елтай, Талғат, Сандуғаш, Айман – бұлардың шешелері Керімбайқызы Ақтөлеу.

Бекбергеннен Омар. Омардан Кәрібжан, Бимәди, Нұрмәди, Рамәди. Кәрібжаннан Құсайын, Қадыр. Құсайыннан Қабден, Ахат. Қадырдан Мұхтар, Болат, Сауле. Бимәдиден Жұмажан, Тұрсын, Тахан. Нұрмәдиден Әйткен, Қалибек, Сақыш. Әйткеннен Ғалия, Әлия. Рамадиден Жүмәділ, Тұрсын.

Матайдан Қарабала, Қарабалалан Әйіп, Сайлаубай, Мығыш, Мығыштан Мырзахан, Мырзаханнан Шәйкен, Қажыкен, Қалиакбар, Акрам, Шөкеннен Токан, Токаннан Бауыржан, Аман.

Қазанқаптан: Жөкежан, Жанұзақ, Жантемір, Жанұзақтан Болат, Әйіптен Қабділ, Әбу, Қабділден Құнафия, Қанафия, Әбуден Нұролла, Қанафия, Совет, Майдан.

Талдыбайдан Тұрысбек, Қанайдан Аманкүл, Жайық, Аманкүлдан Қасен, Мұхамәди, Ака, Талдыбай, Оспаннан Малғаждар, Мантайдан Серік, Берік, Қасеннен Жанаспай, Жанаспайдан Мүрсәлім, Шәкерім, Олаш, Мұхамәдиден Зекен, Мұратай, Акадан Нұғымар, Асқар, Әшімғазы, Мағау.

Матайдың Науабайынан Көшімбай, Көшімбайдан Қонақбай, Қонақбайдан Мүсілім (Шөкетай, жолдасы Әлиханова Нұржакен Мөкенқызы, руы Кегенбай), ұлы Асан (1953 ж), қыздары: Жәніс (1941 ж), Орынтай (1947 ж), Дәметай (1951 ж), Майра (1955 ж), Сайра (1957 ж), Қайрат (1961 ж).

Елқондыдан: Есен, Жалтыр, Тәйіп, Мұжык. Есеннен Дәулетші, Бердібек, Тұрлыбек, Майемер, Дәулетшіден Ақтайлақ, Ақмәди, Ақтайлақтан Назарбай, Кіршібай, Майлыбай, Мажыбай, Ажыбай, Ақмәдиден Базарбай, Базарбайдан Бияхмет, Зақария, Жалтырдан Бекайдар, Жаман, Бекайдардан Тайтума, Құлтума, Тайтумадан Әниязбай, Шудабай, Құлтумадан Найманбай, Найманбайдан Қожахмет, Қожахметтен Зекенғали, Мұжықтан Жанай, Бектұр, Жанайдан Керейбай, Асықбай, Керейбайдан Бөден, Қасым, Әшім, Жаксыбай, Бөденнен Нұғыман, Асылбайдан Қозы, Жаябай, Қапас, Саркытбай, тағы бір ата бар, Қозыдан Илияс, Жаябайдан Қыдырмолда, Қапастан Бахты, Бахтияр, Мейрамбек, Бектұрдан Әлдеке, Уәли, Уәліден Жүніс, Есенгелді, Мұхамед, Есенгелдіден Сәду, Жүністен Байбазар.

Жанай елі

Жанай елі болғанда алғашқы биі Жауғашардың Жамбай деген баласы болыпты. Одан басқа Жауғашар ұрқынан Ақашұлы Түгелбай болыс, Бұзаубайұлы Жантекей болыс шығып, кезінде Жанай–Көнші елінің тізгінін қолына мықты ұстап, аузына қаратқан екен.

Ал Тонашаның немересі Қосан Бекмырзаұлы сөзге ұста, тілге шешен болып «Ақпа би» атаныпты. Белгілі Танамырза Қосан бидің ақыл–ой кеменгерлігіне бой ұсынып, аға тұтып, оның соңынан ерген.

Енді Байболдың Торғайының бәйбішесінен бесеу – Базар, Шегір, Өтеп, Жалмырза, Келдігүл және токалынан Алтықалмақ, Келдігүл өспей қалған ата. Ал Базар мен Шегір жеті атасынан Қарақоқ атаныпты. Базардан төртеу – Тілеміс, Дүйсенбі, Өтеке, Омар. Тілеміс айтулы би болған. Одан Танамырза туады. «Назар–Мұрын» болысының правителі Тананың мырзалығын, сән-салтанатын, әділдігін бүкіл Орта жүз естіп, таң қалған. Ол туралы Көрібай ақын:

... Жарлыға тон, нашарға қамқор болған,
Жанайдың мырзалығы Танасы еді, – дейді.

Танадан Омар би туады. Тілемістен Танамырза, ағайынды үшеу: ағасы Қожамсейіт, інісі Есенкелді, Есенкелдіден Қоқаш қажы. Ол би болған және Қазан баспасынан 1910 жылы шыққан «Найман шежіресі» және «Дүние үшін

ғұмырнама» дастанының авторы Дүйсембіден тараған Базардың шөпшегі – Қасымхан Күмпейісұлы сол елдің ең соңғы биі болыпты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бүкіл Орта жүзден бұрын екі кісі, 1858 жылы екі кісі 1874 жылы жиырма кісі қажыға барған дейді. (Қазақ шежіресі, Алматы 1993 ж). Ал сол уақытта шағын Жанай елінен он бестен артық қажыға барыпты.

Кенес үкіметі кезеңінде өмір кешкен Жанайдың атқамінер азаматтары: Есқали Әубөкірұлы, Әмен Ыбырайұлы, Көшкінбай Айтжанұлы, Мұхаметжан Әлімбайұлы, Ілияс Мұқайұлы, Оспан Шәмшіұлы, Мұзапархан Әпсәләмұлы, Жәлел Манабайұлы, Әментай Зөкәрия сияқты аға ұрпақтар өкілдері еді.

Бұлардың кейбіреуі колхоздың, ауылдық (өкімшілік) кеңестің төрағасы, тағы басқа кішігірім қызмет атқарады.

Бұл аға ұрпақ өкілдері халық даналығынан сусындап өнеге алған, көкірегі ашық, зерделі, жаратылысынан жүріс-тұрыстары бір бөлек, сөздері көңілге қонымды, іскер, ел-жұртқа бет беделі артық біткен жандар еді.

Ел басына қауіп төнген Ұлы отан соғысы жылдарында Қарғыба бойынан 1941 жылдары 41 адам аттаныпты. Содан еліне аман оралғандар: Тақанов Қалымбек, Қалиасқаров Мәуітхан, Арғынғазин Рақаш, Ешмұханбетов Токташ, Ахатов Халықтар екен.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен Қарғыба еліне ие болып, басшылық еткен Батыршын Туғанбай, Жакупов Мағау, Оспандар болыпты. Сол жылдары колхоз басқармасының бастығы болып Айтжанов Көшкінбай, ферма меңгерушілері болып Оспанова Нұрғайша, Есимова Рыстар еңбек етіпті. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде, одан кейінгі жылдарда, оқу-ағарту саласында еңбек еткен Жанайдың талантты азаматы Тыныбаев Нұрқасен, Ақсуат ауданында Еңбекшілер депутаты аудандық кеңесінің орынбасары болған Әбішев Шәкерім, Ақсуат, Шұбартау аудандарында партия, Совет қызметтерінде, өкімшілік құрылым кезінде өкімнің орынбасары болған Айтжанов Мақан осы елдің азаматы. Математика ғылымының докторы Нұрсұлтанов Қажы (руы Жанай ішінде Есенаманның Ұлан дейтін қалмақ әйелінен туатын Шотайдан Кәрім, Кәрімнен Жансұлтан, одан Қажы болып келеді).

Ақын Мұратқазы Бекішев Ақанұлы да мектеп қабырғасында жүріп аудандық, ауылдық ақындар айтысына қатынасқан, республикаға танымал ақын Серік Жұматовтың шәкірті. 1997 жылы Абай ауданында М.Әуезовтың 100 жылдығына байланысты өткізілген республикалық ақындар айтысына қатысып, Аманкелді Сейітқановпен сөз сайысына түскен ақын. Сол өнер сапарында белгілі айтыскер ақын Қалихан Алтынбаевқа шәкірт болып барған Мұратқазы да осы елдің азаматы. Осы жоғарыда айтылған адамдардың әр қайсысының өмірі бір-бір тарих деуге болады. Келешекте өмір жолдарын жинақтап халыққа жария ету кейінгі ұрпақтың еншісінде.

Батыршин Туғанбай

15.01.1901ж-28.08.1961ж.



Ақсуат өңірінде социалистік құрылыстың іргетасын қаласуға, аудан экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үлкен үлес қосқан ардагерлердің бірі - Туғанбай Батыршин.

Т. Батыршин 1901 жылы 15 қаңтарда Семей губерниясы, Зайсан уезі, Базар болысындағы 4-ауылда кедей шаруа Төкіұлы Батыршаның семьясында туды. 13 жасынан кісі есігінде жалшы болған. Ол өмірінің ауыр кезеңдерін басынан өткерді. Кетпенмен жер жыртып, егін салды. Балық аулады. Қосжанов, Исақов деген байларда жалшы болды...

Бұл азапты өмірден Батыршинді Совет үкіметі құтқарды. Ұлы Октябрьдің нұрлы шапағы алыстағы қиыр жайлап, шет қонған Ақсуат атырабын да бақытқа бөледі. Осындай нұрлы өмірді қуанышпен қарсы алған Т. Батыршин алғашқы колхоздастыру ісіне белсене араласты.

1931-1933 жылдары Сұлутал, Ақсуат колхоздарының председателі бола жүріп, колхоз өміріндегі экономикалық, әлеуметтік өзгерістерді жүзеге асырудың ұйымдастырушысы болды. Күнделікті істе өзін көрсете білген Батыршин 1939 жылы КПСС қатарына алынды. 1933-1943 жылдары Ақсуат, Қызылесік, Қызылқайың ауылдық советінің председателі қызметінде болып, халықтың мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарту, оқу-ағарту саласын нығайту ісіне үлкен үлес қосты.

Ел басына ауыр күн туған Ұлы Отан соғысы жылдарында ол «Бәрі де майдан үшін!» деген партия шақыруына халықты жұмылдырып, майданға азық-түлік, киім-кешек, қару, көлік жіберуді ұйымдастыру мен еңбекшілерді еселі еңбекке жігерлендіруде зор жұмыстар атқарды. 1943-1945 жылдары аудандық совет атқару комитеті председателінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары, 1943-1945 жылдары аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болды.

1948 жылы аудандық партия комитеті Батыршинды аудандағы артта қалған шаруашылық «Комсомол» колхозына председателдікке жіберді. 1950 жылы «Комсомол», «Ұланірге», «Чапаев» колхоздары ірілендіріп «Комсомол» колхозы болып қайта құрылды. Жаңа құрылған колхоздың экономикасын, мәдениетін дамытуға небір қиындықтарды жеңе отырып, «Комсомол» колхозының аудандағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтар дәрежесіне көтерілуіне Батыршин үлкен үлес қосты. 1953 жылдан өмірінің соңына дейін Құмкөл ауылдық советінің председателі болып, совет жұмысын жетілдіруге, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ісін дамытуға өзінің барлық күш-жігерін жұмсады. Партия, совет қызметінде істеген 25 жылдан астам

уақыт ішінде ол неше дүркін аудандық, ауылдық советке депутат, аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан компартиясы Семей облыстық IV және VII партия конференциясының делегаты болып сайланды. 1951 жылы Бейбітшілікті жақтаушылардың Қазақстандық конференциясына қатысты. 1954 жылы Москвадағы халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде болды. Халық, Отан алындағы ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесінде халық қызметшісі, ауыл ағасы деген құрметке ие болып, бірнеше медальдармен наградталды.

Туғанбай Батыршин 1961 жылы 28 тамызда Құлбас селосында қайтыс болды.

Мәуітхан Қалиасқарұлы!



Тарбағатай тауының бауырынан,
Қазіргі «Тана мырза» ауылынан.
Аттанып Ұлы Отан соғысына,
Мәуітхан да от кешіп, жауды
қырған.

Тойтарған жаудың талай шабуылын,
Көтерген тартқан сыйын тағдырының,
Тілепті елге-бірлік, жерден ырыздық,
Жеңіспенен біткенінде қанды қырғын.
Кетірген берекесін, сиқын елдің,
Жайратқан жендеттерін Гитлердің.
Жексұрын фашизм жер жастаныпты,
Оғынан Мәуітхандай қыршын ердің.
Қарсы тұрған фашистей әнгүдікке,
Қойылғанша соғысқа соңғы нүкте.
Мәуітханның ерлігін ел ұмытпас,
Тарихтан таниды ұрпақ мәңгілікке.
Мәуітхан соғыстан сау оралды да,
Көтерді өз білімін жоғарғыға.
Бухалтер боп істеді Ақсуатта,
Аудандық тұтынушы одағында.
Облыс басшысының шешімімен,
Жалғыз төбе жеріне көшірілген.
Кооператив жетекшісі болды онда,
Шарда да қызметі өсті бірден.
Өмірдің қызықты етіп әр белесін,
Өткізген адамдарды нар көресін.
Еңбекпенен екі бірдей медаль алып,
Мәуітхан биіктеткен мәртебесін.

Таханов Қалымбек



Таханов Қалымбек 1924 жылы 1 қаңтарда Семей облысы, Ақсуат ауданында дүниеге келген. Анасы ерте дүние салады. Аудандық басылымдарда өмір жолы жазылған революционер әкесі Бекетай Тахановты халық жауы,-деп ату жазасына кесіліп, Қалымбек интернатта қалады.

Кейіннен Қалымбекті екінші анасы Нұғрипа тәрбиелеп өсіреді. Ешқандай бірге туған туысы болмаған Қалымбек бойындағы жоғары адами қасиеттері арқасында өзін-өзі тәрбиелеп, еңбек жолын 17 жасында аудандық «Қарқын» газетінде қызмет етуден бастайды. Осы уақытта Қарғыба ауылдық советінен соғысқа алғашқылардың бірі болып, замандастары Қалиасқаров Мәуітхан, Арғынғазин Рафаель, Ешмұхаметов Токташ, Ахатов Халық тағы да басқа жиыны 41 адаммен аттанып, 1947 жылы соғыстан оралады.

Шыншыл, қарапайым, әділ Қалымбек аудан мәдениетімен экономикасын көтеруде әртүрлі қызметтер атқарады. 1959 жылы Алматы жоғары партия мектебіне түсіп, оны 1963 жылы тәмәмдап бітіріп шығады. Партия, съезд совхозында партком, Көкпекті ауданында аудандық комитетінде нұсқаушы, мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Ақсуат аудандық комитетте нұсқаушы, Ақсуат совхозында партком, аудандық мәдениет үйінің директоры, аудандық «Еңбек туы» газетінің редакторы қызметтерін абыроймен атқарды.

Біліммен қоса өнерді жолдас еткен Қалымбек, осы қасиеттерімен халық есінде қалды. Айта кетсек, 1949 жылы аудандық мәдениет үйінде қызметте жүріп, ауданымыздың бір топ жастары 36 колхоздарда қойылымдар қойып, халық ризашылығына бөленді.

Жұбайы Батталова Қазима «Қыз-Жібек» пьесасында Жібек ролін, өзі Сансызбай, «Қозы –Көрпеш- Баян сұлу» пьесасында жұбайы Баян, өзі Қозы ролін ойнады. Мақала, өлеңдері аудандық, облыстық басылымдардан орын алды. Қолы бос уақытында домбырада күй ойнап, сурет салып, фотаға түсірумен әуестенетін. Еңбек және соғыс ардагері Таханов Қалымбек Бекетайұлы 2000 жылы дүниеден озды.



айының 17 –де Қытайдың Майлыжайыр тауында жайлауда туған (өкесі Мұзапархан орысша, казақша сауатты, алғашқы қосшы комитетінің төрағасы, ел басқарған, зәңгі болған). Дурбульджінде орталау мектепті бітірген соң, Үрімшідегі Ұлттық Университетінің журналистика факультетінің 1 курсы

Апсаямов Ануарбек Мұзапарханұлы 1939 жылы шілде (1954-1955 оқу жылы) бітірген соң, 1955 жылы өз отанына Қазақстанға көшіп келген.

1957 жылы Ақсуат орта мектебін бітіріп, 1959-1964 жылдар Семейдің педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқып, ойдағыдай аяқтап, алғашында Гагарин атындағы сонынан Ақсуат орта мектебінде мұғалім, тәрбие жұмысы жөніндегі мектеп директорының орынбасары болып ұзақ жыл жұмыс істеген. 1985 жылдан аудандық халық ағарту бөлімінде әдіскер, сонынан әдістемелік кабинет меңгерушісі болып істеген. 2000 жылдан бастап білім бөлімі жанындағы «Ұстаз үні» (Дарын қосымшасымен) газетінің редакторы, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, жоғары орындарының мақтау грамотасын алған.

Жанай шежіресі

Жанайдан: Байбол, Қарадән, Байшора.

Байболдан: Тоңаша, Торғай, Жауғашар.

Тонашаның бірінші әйелінен: Бекмырза, Бекбау, екінші әйелінен: Әлімбет, Жолымбет, үшінші әйелінен: Күдайберген, Қонақай.

Бекмырзадан: Керейбай, Қосан, Қозыбек.

Керейбайдан: Қайранбай, Аман.

Қосаннан: Қайранбай, Қашқынбай, Келгембай, Серікбай, Дәрмекбай. Қайранбайдан: Тілеуберді, Мәметек. Келгенбайдан: Жақып, Оспан, Ыбырай, Дәуіт, Құматай. Жақыптан: Ітіке, Мағау, Кәлім, Есім.

Жолымбеттен: Бегжан, Бегжаннан Бекежан, Байжұма, Бөкенбай. Бекежаннан: Абылқасым, Құрманғали. Құрманғазыдан: Мауытқазы, Амангелді, Гүлнәр. Мауытқазыдан: Аманғазы, Қалдығазы, Мейманғазы. Аманкелдіден Қайрат, ... Абылқасымнан: Нұрмұханбет, Айтмұханбет.

Торғайдан: Базар, Шегір, Өтеп, Жалмырза, Келдігүл, екінші әйелінен: Қоян, Кошетар, Жылқыайдар, Соқыр, Мендібай, Дәулет.

Базардан: Тілеміс, Дүйсенбі, Өтеке, Өмір. Тілемістен: Тана, Қожамсейіт, Есенкелді. Танадан: Омар, Смайыл, Сүлеймен.

Омардан: Тілепалды. Тілепалдыдан: Әскерғазы, Ғабділмәлік. Смайылдан
Өскенбай. Өскенбайдан: Тұқаш, Уәди, Жөкіш. Әскерғазыдан Сөкен.
Сүлейменнен Асқабыл, Шағыжан, Қали. Қожамсейіттің бірінші әйелінен:
Едіге, Торайғыр, Жанторы. Екінші әйелінен: Балуан, Шорман. Есенкелліден:
Қоқаш, Түсіпжан, Мәулімберді. Қоқаштан Сейітқасым, ... Сейітқасымнан:
Ахмет, Қаскүл. Ахметтен Еркеш, Бөкіш, Күлзия. Еркештен Архат, Ринат.
Торайғырдан: Шайхысіләм, Охаб. Шайхысіләснен: Оралхан.

Охабтан ...

Едігеден

Жанторыдан

Дүйсенбіден Қаблан, Мотыш, Жайсанбай, Тырнақ.

Сқақтан: Нұролла, Қабытай. Қабланнан: Күнпейіс, Нұрпейіс.
Күнпейістен Манабай, Баянбай, Қонақай, Нұрсейіт, Қасымхан.

Манабайдан: Сәлімбай, Ахметқали, Ахметсапа, Жәлел, Мәулетжан,
Кәмәлітден, Жағыпар, Қисан, Бөшар.

Қисаннан: Жүнісбек, Егісбек, Еркінбек, одан Мейіржан, Серікжан.
Егіспектен Берік. Жүніспектен: Ержан, Арман, Қуанышбек. Камалитденнен:
Қапан. Жәлелден: Зейнеғабил, Максұтхан, Шәріпхан, Мұратбек, Амантай.
Ахметқалидан: Кәрім, Зейнолла, Саттар, Сәбімолла. Ахметсападан:
Қайырлы, Ануарбек. Сәлімбайдан Мұхамедрахим.

Шегірден Жәнібек, Жамбас, Қожан, Сары, Төлеміс. Жәнібектен: Дуан,
Итжан, Итемген, Сүтемген, Отарбай.

Дуаннан: Сүлеймен, Серікбай, Жапар, Мұхаметжан, Сапа. Сүлейменнен
Айдарбек, одан Нығаш. Серікбайдан Қаратай. Жапардан Бекшойын,
Мекетай, Қазына, Зада – шешелері Қазипа.

Сападан Қапзәки, Мұхаметжаннан Заманбек. Отарбайдан Жанұзақ.

Жамбастан Уәли, Ыбырай, Смайыл, Сқақ, Наурызбай. Смайылдан
Әлімбай, Рақымбек, Иса. Рақымбектен Қонысбек. Әлімбайдан Әділ, Қазез,
Мұхаметжан, Мұхаметрахым. Екінші әйелінен: Жұмажан.

Мұхаметжаннан: Фазыл, Азамбек, Асқап. Қазезден Сіләм, Сіләмбол.
Әділден Нұрым, Нұрмұхамбет.

Нұрыштан Қадылбек, Қайырбек, Мамырбек, Қайратбек, Болатбек,
Сәбетпек, Ербол, Бәтима, Фарида.

Ыбырайдан Дәуітбек, Тәуірбек, Адырыш. Екінші әйелінен: Айтказы,
Сапыш, Әмен, Дәуіт, Қалел. Әменнен Рапикан, Айтказыдан Қажықабил,
Адырыштан Тауپیық, Дәуітбектен Есентай, Нұрхия. Зекетайдан Тұрағұл.

Уәліден Мосыбай, Сіләмбай, Сіләмжан, Ахметқали. Сләмжаннан Білал,
Білалдан Жанайбек. Момбайдан Зия. Үшінші әйелінен Ережеп. Ережептен
Күнтай, Сіләмбайдан Зеріп.

Сарыдан Түлкібай, Мырық, Ақшолақ, Тілеп, Бабажан. Түлкібайдан
Нәзір, Қаракан, Қарақаннан Қапар, Қапардан Әнуарбек. Нәзірден Мырзақан,
Бурақан, Әділхан, Қасымжан. Екінші әйелінен: Рапик, үшінші әйелінен
Қасенғазы. Сапықтан Заманбек, Қасымжаннан Шақатай, Мырзақаннан
Арғынғазы, Арғынғазыдан Рақаш, Нұрсейіттен Айтқұл, Сейпіл, Асылбек.

Айткүлдан Нүрөлла, Зейнолла, Нүрөллөдан Азат, Азаттан ... Төлөмөстен .
Қожаннан ...

Жалмырзадан Күшен, Қойсарыжан, Күжіке, Бөке, Әшіке.

Күшеннен Сармыш, Бөлембай, Дөнеш.

Сармыштан Айтжан, Рахмет, Құрманбай.

Айтжаннан Қожай, Көшкімбай, Қожайдан Шайкын, Қауыс.

Көшкімбайдан Төлеш, Мақан, Болат, Лүкбек, Сайлау, Рахметтен Әбіл,
Құрманбайдан ... Қожаназардан ... Қарабаладан ... Бөлембайдан ... Дөнештен
... Бакеден Тұрсынқожа, Тілеулі, Қуандық.

Тұрсынқожадан Түсіп, Төлеген, Төлегеннен Ниғыметжан, Мөлқаждар.
Ниғыметжаннан Сигааш (Сигыметолла), Түсіпжаннан ерғазы, Рахымжан.
Ерғазылдан Қадыр, Шөмен, Қойақтан Түменбай, Оқыш, Маграмнан
Құсайын, Елеусіз, Құсайыннан Сапарғали, Сапарғалидан Молдаш, Қалкен.
Көшетерден Есберген, Есбергеннен Тумат, Туматтан Тінібай, Рахымбай.
Тінібайдан Баймұханбет, Айхан, Баймұханбеттен Нұрқасен, Тілеуліден
Жақып, Жақыптан Бекбосын, Қажыкей, Бекбосыннан Әзімқан, Сәлімқан,
Есімқан, Айдарқан, Сейітқан, Нұртаза, Қарабаладан Нұржан, Нұржаннан
Құсайын, Қасен, Басари, Фазылғалам, Қасеннен Алтай.

Жауғашардан Жамбай, Жантелі, Бұзаубай, Нар.

Жанбайдан Тергемес, Андамас, Сазанбай, Байжан, Қозыбақ.

Екінші әйелінен: Қозыбатша, Абылғазы, Төртінші әйелінен: Солтанбай.
Бесінші әйелінен: Уса, Мейірман.

Түгелбайдан Акказы, Ахметсадық, Акқазыдан Мұқатай, Сіләм, Сәләм.
Қожабетшадан Солтан, Солтанғазы.

Абылғазыдан Тілеғазы, Батыр, Ахмет, Батырдан Ақаш, Солтабайдан
Жанұзақ.

Усадан Өтеу, Суатбай, Мұқа, Скак, Өтеуден Көрім, Бұзаубайдан
Жантікей, Жантай, Көкшекөз, Бөкіш, Көкшекөзден Есеналы, Есенберді,
Жүніс, Раздық, Өтелбай, Адырыш, Есенғалидан Зікірия.

Жәнтікейден Ыдырыш, Қасен, Құсайын, Қамза, Қанафия, Қасабай.

Ыдырыштан Қапас, Қадылжан, Мәулітқан, Мәулімберді, Қапастан Ақат,
Сәмет, Қабақай, Көрімнен ... Скактан Қабрахмен, Мұратқан, Мұқатайдан
Мәрсебай.

Қарадөңнен Есенаман, Есенаманның 7 әйелінен 18 ұл болған.

Бірінші әйелі Ұланнан: Жақсылық, Шотай.

Екінші әйелі Баяннан: Мәмбет, Тұрлыбай.

Үшінші әйелі Есенбикеден: Қабанбай, Жәнет.

Төртінші әйелі Сырғадан: Амандық, Күдайкүл.

Бесінші әйелі Күлшеден: Мәді, Сәді, Ажыбай, Төке, Мөшке, Дәуен,
Танатар.

Алтыншы әйелі Айғанадан: Қарақожа, Өкіреш, Төлегетай.

Жетінші әйелі Айсұлудан бала жоқ.

Жақсылықтан Алтай, Алтайдан Тәңірберген, Тұрған, Тәңірбергеннен
Баянбай, Қоянбай, Апасдық, Кенсенбай, Бағашыбай.

Қоянбайдан Жетімек, Асылқан. Жетімектен Дәлел, Зейнолла, Дәлелден Ахметқали. Тұрғаннан Сапа, Қапа, Түбекбай. Қотайдан Ырыспай. Ырыспайдан Темір. Темірден Көбленбай. Көбленбайдан Қалдыбай, Қалдығазы, Токтарғазы. Токтарғазыдан Ғадылбек, амантай, Секентай, Серік. Қалдыбайдан Нұғыман, Әділғазы. Көрімнен Жансолтан, Қажыбай, Бексолтан. Айбастан Тұрсын, Манақ, Шонақ, Әділ, Тәсіл. Тұрсыннан Темірғали, Солтанғазы, Найманғазы.

Төлебайдан Уса, Дүйсебай, Мұса, Сейсен. Мұсадан Омар, Омардан Ақан, Ақаннан Еркінбек, Сатыпалды. Дүйсейден Байдалы, Жайлаубай. Жайлаубайдан Сүлекеш. Сәдіден Манақбай, Танакбай, Қонақбай, Елеу, Шақантай. Манақбайдан Абырай, Ыбырай. Екінші әйелінен Болысбай, Оразәлі. Ыбырайдан Сейпіш, Қаратай, Ақказы. Сейпіштен Қауазқан. Абырайдан Нұртаза. Нұртазадан Солтанғазы. Болысбайдан Қабди.

Қабдиден Жүніс, Тайыр, Зөбір. Оразәліден Құсайын, Қабдрахмет, Сөттар, Қабдырахман. Аққазыдан Әнуарбек. Қонақбайдан Әубөкір, Қызбай, Мұқай. Үсен. Үсеннен Қапас, Қабылқак. Мұқайдан Ілияс, Дәуіт. Ілиястан Әшкен, Есіман, Амантай. Қызбайдан Омар. Омардан Сеітқасым, Нұрқасым. Әубөкірден Әрін, Ыдырыш, Қыдырхан, Сыдық, Ахметқан. Әріннен Токтарғазы, Қасабай. Токтарғазыдан Серік, Қасабайдан Асқар.

Тобаттан Иса, Зікірия, Ахмет, Ахмади. Құрманғали. Исадан Қабыш. Ахметтен Ризабек, Амантай. Құрманғалиден Фахиза, Қайролла. Жанторыдан Ақпанбай, Токбай, Уапи. Ақпанбайдан Шөкен, Солтанғазы, Сыдық.

Байшорадан Сарт жалғыз. Сарттан Тілеуқабыл, Қалыбай, Жәукен, Қожаберген, Тұрлыбай, Бүркітбай.

Әпсәлемнен Мұзапархан, Шаймардан.

Шаймарданнан Күнсап.

Мұзапарханнан Әнуарбек, Кәмәлбек, Кенжебек.

Сары елі

Бұл елден аталы сөздерімен, өнегелі іс-әрекеттерімен ел бірлігін сақтауға бар күш қайратын жұмсаған қасиетті Бокбасар би шықты. Өз заманында Найманның «Үш төбе биі» атанған атақты үш бидің бірі болған. Олар Байжігіт Сасан би, Сыбан Байғара би және Мұрын Бокбасар би. Ол шамамен 1710-1800 жылдары өмір сүрген.

Өзінің өмір сүрген заманында Бокбасар би ел ішіндегі болып жататын дау-шар, айтыс-тартыстарды шешуде қара қылды қак жарар турашылдығымен, ханға да, караға да тайсалмай шындықты бетіне айтар әділдігімен халықтың сүйіктісі болған.

Тоғастан шыққан Сасан биден жасы біраз кіші болса да, онымен қатар өмір сүрген, дос-шар адам болған. Ел арасындағы дау-шарға билік айтқанда Сасан би «Менің айтқан билігіме риза болмасаңдар, Бокбасарға барып жүгініңдер» дейді екен. Ал Боқаң өз билігіне риза боламғандарды Сасан биге жіберетін болыпты. Сонда екі би келіспей-ақ, айтқан биліктері бірдей шығып отырады екен.

Бірде Сасан бидің руы мен көршілес рудың арасында дау шығып, Сасан бидің өз ағайындары жағына тартканы байқалады. Даугерлердің бірі мұны Бокбасар биге жеткізеді. Бокбасар би ойланып отырып:

- Бір қолдың бес саусағы ішке бүгіле ме, сыртқа бүгіле ме? Осыны Сасан биге айтып бар депті. Келген адамға бұл сөзді естіген Сасан би, мен қателескен екенмін, Бокбасардыкі дұрыс деп, бұрынғы райынан қайтып, дауласқан руластарын татулыққа жүгіндіріпті.

Сондағы Бокбасар бидің айтқан сөзінің мағынасы: Бес Байыс бір атаның баласы емес пе? Сен оларды бытыратқалы отырсың ба? Бірлігін сақтағалы отырсың ба? – дегені екен.

Бірде Бокбасар би сәлем беруге Қисық төрені арнайы іздеп барады. Төре танымаса керек. Кім едің, - деп жөн сұрайды. Жамантайдың баласы Бокбасармын, - дейді. Сонда Қисық төре мұның Бокбасар деген атын кемітіп: Атың жаман екен. Басқан жерінің қаншасын былғадың екен? – депті. Таксыр, - дейді Бокбасар сонда: Жолда бұлдірген деген жеміс көрдім. Атына қарамастан ел таласып теріп жатыр. Базардан алма деген жеміс көрдім, алма десе де көпшілік алып жатыр. Бұл атына емес, затына қара деген емес пе? Мен де төренің турасы мен түзуін көріп едім, енді қисығын да көрейін деп келіп отырмын, - деген екен.

Бокбасардың жалтармай бетке айтқан турашылдығына риза болып сөзден жеңілген Қисық төре өз ағаттығын мойындап, оны біраз уақыт ауылында қонақ етіп, риза етіп аттандырыпты.

Ел аузында Бокбасар айты деген билік және даналық сөздер көп. Оның баласы Жарас та Ресейге белгілі би болыс болған адам.

Әсет Найманбайұлымен айтысатын ақиық ақын Кәрібай да осы елдің тумасы. Екі ақынның айтыс өлеңі «Ақсуат атамекенім» атты кітаптың 115-134 беттерінде жазылған. Онан да басқа жеке өлеңдері сол кітапта жарияланған.

Осы ауылдың тумасы Ұлы отан соғысы және еңбек ардагері Сүлейменов Жүнісбек ақсақалмен қызметтес болдым. «Ескі жұртта көп естелік бар» дегендей әңгімелескенде өткен заманның сан салалы сырларын сол дәуірдің қат-қабат қиыншылықтарын ескі көз заманның күйма құлақ ақсақалы откенді саф таза күйінде жеткізетін.

Жарықтық Жүкен өз өмірін былай деп әңгімелейтін:

Осы жасымның ішінде өмірдің ащысын да тұшысын да басымнан кешірдім. Әсіресе бала кезімде 1931- 1932 жылғы ашаршылық. Голощекиннің ел басына өкелген қиыншылықтан, елдің малдан жұрдай болып, тоз-тозы шығып, жан сақтау мақсатында жаяу-жалпы Қытайға қашқанын, онан кейін кінәсіз халық жауы деп жала жауып, 1937-1938 жылдары бас көтерер азаматтарды қамауға алып, он жылға соттап, «кылмысын» өтеуде өлгендері өліп, тірі қалғандарының азапты өмірді көріп, елге оралғандарын да көрдім. Енді ел есін жинап келе жатқанда, Ұлы Отан соғысы басталып, ел басына күн туған ауыр күндер де, бәрі көз алдымда дейтін

Мен ат жалын тартып, қызмет істеп жүргенімде Тарбағатай аумағына орналасқан елді мекендерді аралап жүрген кезімде Тарбағатай тауына орналасқан жайлаудың беткейлерінде қырылған адамдардың көп сүйектерін кезіктіретінбіз. Бұл жатқан сүйектер адамды әр түрлі ойға қалдыратын. Осы жағдайды Жүккеннен сұрағанымда, былай деді: 1931 жылғы маусым айы еді. Біздің ауыл Ақсуат бұлағы тас өткелінде отырған кез болатын. 15-20 адамдай орыс солдаттары жол басшылыққа 3-4 казакты ертіп алыпты. Сұрастыра келгенде бұлар басқа елге көшетін босқындарды тоқтатуға келген солдаттар екен. Осы келген бетімен бұлар қазіргі Ақсуат совхозының аумағында орналасқан Көлеңкелі тауының ар жағында отырған елді Қытай еліне асқалы жатыр деген желеумен тосыннан барып, солдаттар окты жаңбырша жаудырған соң, тұрғындар тау сағалап, қашқаны қашып, өлгендері өліп, қойша қырылып, қалғандарын қолға түсіреді. Бұлардың басшысы кімдер дегенде, қолға түскендердің ішінен 13 адамды ұстап береді. Бұларды қолын артына байлап, тұсап, ертеңінде екі солдат дөң асырып айдайды да, бір жалама жартастың үстіне қатар қойып, екі окты он үшіннен бірақ өткізіп, сол тұрған бойларныда сілейіп барып оққа ұшады да құлайды. Бір сағатқа жетпей солдаттар қайта барып қалған елді бала-шағамен қойша айдап, қамшының астынан алып, Көлеңкеліден Ақсуатқа (ол кезде Ақсуатты «понт» дейді екен) әкеле жатқанда, біз екі-үш бала Ақсуаттың басындағы 4-5 шақырым жердегі Қарабұлақ бойында ойнап жүр едік, ұлардай шулатып айдап келе жатқандарды көріп үйге қарай қаштық.

Бұл жағдайды кезінде босқалы жатыр деген желеумен елді мекендердегі адамдарды қалай қырғанын көзімен көрген, солардың малын айдасуға ертіп барған Тусупов Кәрімғажы мен Ағзамның әкесі айтқан еді дейді.

Осындай қазақтың басынан өткен қасіретті жағдайлары туралы С.Сейфуллин: Қазақстанның қарт тарихы басынан талай адам баласының жан түршігерлік, талай адам баласының жүрегі елжіреп, жан аярлық күндерді кешірген. Талай меңіреу қара пәле, қара тұмандарды басынан кешірген, хандардың, сұлтандардың, патшалардың талай арам тілектерінің кесапатынан Қазақстанның еңбекшіл халқының азаматтарының талай «терлігінен тер өткен, тебінгісінен қан өткен». Міне осының бәрін бастан кешкен, - деп жазыпты.

Кезіндегі халықтың көрген қайғы қасіретін көзбен көргендей айшықтап тұр емес пе. Енді мұндай пәледен қазақ халқын Алла аулақ етсін демекпін.

Жүке, енді үндемес жөнінде не айтасыз? – дегенімде: 1937-1938 жылдары мен он жеті шамасындағы бала едім. Сол жылдары Ойшіліктен орталау мектеп ашылды. «Қызыл қайын», «Құмкөл», «Ойшілік» үш ауылдың балалары сонда оқыдық. Мектеп маңында мен, Тоқтабаев Төлеген, тағы басқа балалармен доп ойнап жүр едік, сол күні мектеп директоры Абылғазин Егізбайды, директордың оқу жөніндегі меңгерушісі Ақдилдинді және бір мұғалімді машинаға салып алып кеткенін көзіміз көрді. Абылғазин марқұм мерзімін өтеп келіп, су бөлімінде өмірден өткенінше жұмыс істеді. Қасқауов Аманғажы деген ағамыз болды. Бастапқыда белсенді болып, 1938 жылы ол да жаламен айдалып, елге қайта оралмады. Айдалғаннан соң үш

айдан кейін Саратов қаласында қайтыс болды деген кара қағаз келді. Міне ол заманда ату, айдау, қуғын-сүргін, жалақорлық сияқты келенсіздіктердің жағдайы осылай болыпты, - дейді Жүкен. Жүкенді Ақсуат орта мектебінде оқып жүргенде 1941 жылы Армия қатарына алады. (Жүкеннің Ұлы Отан соғысында жүріп өткен жолдары «Ақсуат – Атамекенім» атты кітапта толық жазылған) Жүкен тағы бір әңгімесінде Мәмбетқажы баласы Әділбек сөзге ұста, шешен адам еді. Өлең де шығаратын. Сол кісі айтып отырған өсиет сөздерінен есте қалғандары төмендегідей еді деп сөзін жалғастырды. Бұл бір аз күнгі жалған, бірден бірге қалған. Ұрпағыңды майда тілмен сыйласаң, манайыңнан кетпейді. Сүзеген болсаң, ол да шеттейді. Бірде бармын деп кеуденді көтерме, бірде жоқпын деп еңсенді түсірме. Адал жүр халқына, көпірме сөзбен шалқыма. Айтарлықтай сөз қалсын, арттағы халқына. Біреуге залалынды тигізбей жүр, зиянды жаман сөз қалар артында. Біреуді біреу боктайды, екінші біреу мылтығын оқтайды. Санасы жеткен адамдар шындық бір ауыз сөзге тоқтайды. Бұл дүниенің түбіне кім жетеді, уақыты болғанда бәрі де бұл өмірден өтеді. Жаманды жақсы десең мақтанады, жақсыны жақсы десең сақтанады. Жақсымен жолдас болсаң, бір ажалдан басқадан ап қалады -деп отыратын марқұм.

1948 жылы Жүкен Екпін колхозының бастығының орынбасары болып жұмыс істеп жүргенде, үйінде қонақ болып отырған обком партиясының нұсқаушысы Ж.Исқаков келесі бөлмеде домбыра тартып отырған Әділбек ақсақалды шақыртып, әңгімеге тартады. Біраз уақыт әңгімелесіп отырғаннан кейін Әділбек ақсақал нұсқаушыға: Қарағым, осы қызық деген немене, шыжық деген немене? Сағат деген немене, жанат деген немене? – деген сауал қойыпты. Ыңғайсызданып қалған нұсқаушы, осының жауабын өзіңізден естігенім дұрыс болар деп қолқа салалы. Сонда Әділбек ақсақал: Қадірің кетпей сыйлы болсаң, еліңе қызық емей немене? Алған жарың шайпау болса, күнде басың шыжық емей немене? Токтышақтың терісі жанат емей немене? Алаңсыз өткен өмірің сағат емей немене? – деген екен. Нұсқаушы: Рахмет, ақсақал, - деп риза болған екен.

Жүкен енді бір әңгімесінде, балуан деген кейде бір елден, кейде екінші елден шығып жатады. Заманында осы елден шыққан Ахметқали балуан жайында айта кетейін.

Бір жылы «Шимайлы», «Қызылтаста» үлкен мереке өтеді. Сонда үлкен күрес, балуан, ат бөйге, көкпар тарту, 90 килограмдық екі қапты 50 метрлік жерге көтеріп апару сияқты ойындар ұйымдастырылады. Өрдегі Айдар еліне құдандалас болып келетіндіктен тойға шақырылғандықтан, Мәмбеттің бес ұлының үлкені Нүрсейіт, Нүрсейіттен Ахметқали, одан Далел туады. Ахметқали 16-17 жасар шамасында балуан болғандықтан Әділбек осы аталмыш тойға алып барады.

Тойға Айдар, Мырзас, Кенже, Құтан, Құттымбет елінен көп адамдар жиналып үлкен той болады. Балуан күресі басталып, сол елден балуан күресіне ұзын бойлы, арыстан жал, апайтөс, қаракүш иесін күреске шығарады. Қарасынан кісі қорқатын адам болса да, күреске кісілеріңді шығар дегеннен кейін, күресуге Ахметқалиды шығарады. Бір онтайлы келіп

калған сөзге, Ахметқали қырка шалын, қарсыласын құлатады. Төрешілер жеңісті Ахметқалиға беріп, не керек жиналған жұрт Ахметқалиды орнынан көтеріп әкетеді. Күрестен кейінгі бір әңгімесінде Ахметқали қарсыласын қара күшке басатын пәле екен, белімнен ұстағанда мытып жіберді. Алайда бір сөзге оңтайлы келіп қалды да, қырка шалып, жығып кеткенімі, - депті.

Ендігі бір ойын түрі қап көтеруге де Ахметқалиды шығарыпты. Бұл жолы да әрқайсысы 90 килограмдық қаптың бір қабын арқасына арқалап, екіншісін қолтығында ұстап, аузын тіспен тістеп әкетеді. Төрешілердің біреуі алдына түсіп, қадамдап санап отырады. Елу метрге жеткенде арқадағы, қолтығындағы қаптарды арқасынан тастай салмай, тағы да он метрдей әрірек апарып жерге түсіреді. Ойын ұтысы бұл жолы да ахметқалиға бұйырады.

Ұзақ жылдар Ақсуатта ауылдық кеңестің төрағасы болған, руы Айдар Қалқанбаев Сәбихан деген ақсақал осы Ахметқалидың Үштөбеде Уалиханның үйінде қонақта отырғанда бір үлкен шұбар сиыр құдыққа түсіп кетіп, көп адам жиылып шығара алмаған сиырды құдық ішіне шыққыш қойып түсіп, арқанды беліне екі орап, кейін қарай үш рет қарғығанда сиыр құдықтың бетіне шығып, суырып алғанын көзім көрді деп әңгімелейді екен. Міне осындай алып күш иесінің өткендегі тойдағы көрсеткен ерліктерін көріп отырған бір сұр әйел, бұл не деген алып деп сұқтанған екен. Есіл ер сол көз тиген аурудан жауырыны қарайып ауырып, жазылмай, небары жнырманың ішінде дүние салыпты дейді.

Қазаққа төрт құбыланың бәрі жау болып, ел ішінде барымта, бейбіт жатқан елдің малын айдап әкетіп жатқан жан қысылған уақытта ел ішінен шыққан, ел қорғаны болған батыр адамдар аз болмаған. Сондай бір мал ұрлау жағдайы Көкпектінің батысында орналасқан Қалба жайлауында отырғанда Әділбектің ақ бурасын, ақ түйесін, ақ ботасын, бір биесін жау әкетеді. Ізіне түскен қуғыншылар жете алмай, Қытайға асырып әкеткенін біліп қайтып келеді. Күзде жайлаудан қораға қонған кезде Кегенбай Әлімжанның бөйге шағыр атымен, төрт бесатар мылтықпен және үш бөйге атпен Дана (осы ауылға күйеу екен), Көтебай Шығайдың Назары, Жарбас кенже інісі, мал иесі Сүлеймендер аттанып, мал айдап әкеткен елден алып кеткен түйенің өтеуіне 15 жылқысын айдап әкеліп, елге бөліп берген екен.

Тағы да бір оқиға, Мәмбетқұлдың тірі кезі екен. Қалба жайлауында отырғанда бір жүк түйесін ұры айдап алып кетеді. Мәмбетқажы бес ұлын жинап, балалар мына түйені қайсысын тауып әкелесің? - деген екен. Сонда Түсіп (Орал мен Мейрамның әкелері), мен барамын, - деп, бір қаракөк атқа мініп, бір жарым метр ырғай шоқпарын алып жолға шығыпты. Көкжыраның бойындағы Базар өзенінен өте бергенде бір аттыға жолығып сұраса, көк аты бар, ұзын бойлы мұртты кісі бір түйені жетелеп кетіп бара жатқанын көргенін айтады. Күн кешкіріп кеткендіктен ол күні осы маңдағы жақындарының үйіне түнеп, таңертең ерте тұрып аттанып, қазіргі Шыбынды, Рахия Қайыпханның тұсына барғанда жолыққан бір адамнан сұрағанда, түсі-түгімен жақсы жаман Арғанатыға қарай түйе жетелеп бара жатқанын айтады. Түсіпбектің астындағы аты да жүйрік болса керек, кіші бесін кезінде түйе жетелеген кісіні қуып жетіп, сәлем беріп жетіп барғанда, сәлемін алып қарай

Бергенде, мынау Арғанаты жақтағы қаптап келе жатқан көп кісі не депті? Сонда ол сол жаққа қарай бергенде, тақымындағы шоқпармен тізеден қағып қалып, аттан қалай түскенін білмей қалыпты.

Ат пен түйені жетелеп былай шығып, солай отыра түр қазыр келмін деп, Арғанатының бір шұңқырына түйені шөгеріп тұсап, атын жетелеп қайта келіп: Жасыңыз үлкен адам екенсіз, түйемді алдым, сізді жаяу тастамайын деп атын жетелеп қасына келіпті. Сонда ол кісі: Қарағым, кінә менен, үлкенді сыйлайтын бір аруақты атаның тұқымы боларсың. Бір атым насыбайың бар ма? – депті. Насыбайды атып, екеуі табысып, өз мекендеріне кетісіпті. Мәмбет қажы жарықтық Қалба тауының бір жотасында Түсіпті қарап отырса, түйесін жетелеп келе жатқанын көреді. Ісіне риза болған атасы, жарайсын балам деп батасын берген екен.

Мәмбетқажы қажылыққа барғанда жанына Сексен қажы мен Әдікөрімді, екі бірдей інісін ерте барыпты. Бұларды Әділбек Семейге дейін шығарып салыпты. Қажылыққа барып, ұзақ қажылық сапардан оралғанда, Бөртостағаннан таудағы, ойдағы Жанболат ұрпақтары қарсы алыпты. Қарсы алуға қисапсыз көп адамдар жиналыпты. Мәмбетқажы қажылықтан келгеннен кейін бірнеше ай төсек тартып жатып, о дүниелік болар алдында балалары Әділбек пен Сүлейменді шақырып алып: Балаларым, дүниені кілемнің түріндей ғып, түлкінің қызыл жүніндей етіп, маған жүр деп, шананы жегіп, маған түс деп мені қызықтырып тұрғанын қарашы, - деп жатып көз жұмған екен дейді.

Байболат ұрпақтарынан шыққан Жансары, Жаман, Токмырза, Токжігіт, Байқарақол, Дауылбай, Боранбай екен. Дауылбай би болыпты. Жансарының інісі Жаман асқан мықты әлеуетті адам екен. Зайсан уезінен болыс сайлауын өткізуге келген уезд бастығы (ұлты орыс), екі стражнигімен (милиция) сайлау өтер алдында біреулерден пара алып, сайлау тәртібін бұрмалапты. Мұндай әділетсіздікке төзімі жетпеген Жаман марқұм үшеуін қосып сабап, Зайсанның жолына түсіріп, қайтарып жіберіпті. Артының қолайсыз оқиғалармен тынатынын сезген Жаман кедей оқымаған адам болса да, Абаймен тұрғылас, сыйлас адам екен. Дереу сол кісіге барып, болған уақиғаны айтып, ақылдасып, қағаз жазғызып алып үйіне келеді. Абай Жаманның қолына қағаз жазып бере отырып, Жаман күшін мен ақылын тең екен, айыбың оқи алмай қалған екенсің деген екен. Үйіне оралғаннан кейін көп ұзамай Зайсаннан бірнеше стражник келіп, Жаманды Зайсанға апарып түрмеге отырғызады. Бір ай шамасында Семейден губернатор келіп тергеп, Абайдың берген ақыл-кеңесі бойынша істің ақиқатын айтып, Абай берген қағазды ұсынып, ісі оңға басып, қорытындысында: губернатор тілдей қағазды жазып, мөрін басып, Жаманға береді де, енді саған ешкім де тиіспейді деп қайтарып жіберіпті. Осы айтылып отырған Жаманның ұрпағынан Байғұрманов Мұбарактың шешесінен басқа ешкім де қалмапты дейді.

Міне Сары елі туралы ескіден жеткен әңгіменің ұзын-ырғасы осындай.

Мен 1959 жылы Ақсуат ауданының «Социалистік» колхозына райкомның жолдамасымен колхоз басқармасы төрағасының

орынбасарлығына жұмысқа келдім. Колхоз басқармасының бастығы Тұрғанбаев Қайыртай ағай еді. Бұрын аудандық партия комитетінде екінші хатшы болып жұмыс істеген, еңбек тәжірибесі мол азамат еді. Мен аудандық ауыл шаруашылық инспекциясында бас маман болып жұмыс істеп жүргенімде: Төлеуғазы сен мен істеп жүрген колхозға кел, тікелей өндіріске аралас, - деп шақырған да осы Қайыртай ағай еді. Өндірісте істесең тәжірибе жинақтайсың, көзбен көріп, қолмен істеген жұмысқа бел шеше кірісіп, етене араласқанға не жетсін, - деп ақыл кеңес беретін. Сол тұста колхозда партия ұйымының хатшысы Рахымжанов Рахат, бас инженер Абзуллин Ануарбек, бас агроном Бегаликов Мұхтар, ауылдық кеңестің төрағасы Көшкінов Қойшыбек, секретары Мұхаметжанов Тілебалды, орта мектептің директоры Сарсенбаев Қасым сияқты өмір өткелдерінен өткен, тәжірибе алатын аға ұрпақ өкілдері еді.

Алғашқы өндіріске келіп еңбек ұжымында жүргенімде, Қайыртай туралы жақсы лебіздер естігенім жадымда сақталып қалыпты. Ол мынадай сөздер болып келетін: «Алдына барған адам риза болып шығады, кісінің көңілін қалдырмайтын, биязы, жылы шырайлы жан екен. Басшымыз байсалды, сабырлы, кішіпейіл адам». Жақсы мінезді, жақсы сөзді адамдардың бет пішінінен, істеген ісінен байқалып отыратын, қоғамдық орталарда болатын осындай әңгімелерден үлгі-өнеге тұттық. Халықты басқарған білікті басшылар қарапайым адамдардың есінде, міне осылайша бағаланатын болса керек. «Халық айтса қате айтпайды» дегендей, Көкен қарауындағы бас мамандармен санасатын, өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуге толық мүмкіндік жасайтын, сонымен қатар мамандарға қамқорлығы да мол адам болды. Бас мамандарға әр уақытта өндірісте істеп жүрген орта буынды мамандарды көпшілік көзінше кемшіліктерін бетіне баттйытып айтып жасытпай, абыройын көтеріп отырындар. Сонда жұмысқа ынталы болады. Кемшіліктері болса жеке мамандармен кеңесте айтып, айыбын бетіне басып, жұмыс істеуге мүмкіндік жасауларың керек деп шегелеп айтып отыратын. Өндірісті былай қойғанда, жеке адамдардың да тағдыр талайына ерекше мән беріп қарайтын азамат еді. 1959 жылы маусым айында осы колхоздың тегіндегі тумасы Әбдешов Көшер деген ақсақал көшіп келді дегенді естідік. Сол күні түстен кейін мені шақырып алып, Төлеуғазы, осы Көшер ағанның көшіп келгенін естідің бе? – деді. Естідім, - дедім. Олай болса екеуіміз сол ағана барып амандасып, сөлем беріп қайтайық деді. Барсақ бір туыстарының үйінің алдында киіз үй тігіпті, сол киіз үйде ауыр науқастанып жатыр екен. Бұйымтайын сұрағанда, мүмкіндік болса, басыма баспана салдырып берсеңіздер болар еді деген өтінішін білдірді. Көшекен де көп жылдар бойы колхоз шаруашылығын басқарған беделді де білікті адам екен. Көкен, Төлеуғазы, ағанның жағдайын көрдің, бұйымтайын орындау үшін заңдастырып алуымыз керек қой. Сол үшін сен ертең таңертен правления мүшелерін жинап, мәселе көтеруде өзін мұрындық бол, - деді. Ертеңінде таңертен правление мүшелерін жинап, олар 9 адам еді. Күн тәртібіне: «Әбдешов Көшердің берген арызы мен денсаулық жағдайына байланысты үй салып беру туралы» ұсыныс жасалып, қаулы қабылданып,

жасырын жабық дауыс беру тәртібімен өткізілді. Қорытындысында бір адам қалыс қалыпты. Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша үй салып беру туралы қаулы қабылданып, правленияның қаулысының орындалу барысын қадағалауды маған міндеттеген еді. Қаулы қабылданып, заңдастырылғаннан кейін, үйді салуда көмектесетін жақындары да баршылық екен. Сөйтіп небары 1,5 айдың ішінде пәтері толығымен дайын болып, пайдалануға берілген болатын. Көп ұзамай сол жанадан берген үйден о дүниеге аттанған еді. Сол үй өлі күнге туыстарының пайдалануында келеді.

Міне, Қайыртайдың іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетіне, қарапайымдылығы мен адамдарға деген қамқорлығына, барынша жағдай жасайтындығына, айналасындағы жұрттың тілін тауып, олармен жақсы қатынаста болу, өзін сыйлата білу сөз жоқ керемет қасиет екендігіне айқын көзім жетті.

Көкең бұл өмірде болмаса да, мен Көкеңмен жұмыстас болып, ол кісінің жақсы адамгершілік қасиеттерін үйреніп, істеріміздің халық талабына сай дұрыс жолда болуына қамқорлық көрсеткен кездерін еске алып, інілік ілтипатымды осы естелік, еске алу арқылы білдірсем деймін.

Жоғарыда көрсетілген үйден о дүниелік болып кеткен Көшекең отасқан сүйікті жары Нұрғайшадан үл, қыз сүйді. Қызы Бакыт, ұлы Сайлау өмір жолын жалғастыруда. Заманында Көшер ақсақал да кең пейіл, қамқор адам болғанға саяды. Соғыс жылдарында жамағайын туыс болып келетін Орал деген ақсақал екінші рет майданға аттану тізіміне ілініп, әскери комиссариаттан аттанғалы жатқанда, Көшер ақсақал туысына қош айтысуға келеді. Әскерге жүргелі тұрған Оралдың аяғында кигені шақай болса керек. Оралды қалай аттандыруды ойланып тұрған военком Көшерді көріп, аяғындағы шөшіңкенді (табаны былғарыдан, қоншы жұқа ақ киізден жасалынған өрнектелген етік) мына Оралға бер, болмаса өзін осының орнына барасың десе керек. Сонда Көшер ақсақал аяғындағы шөшіңкесін Оралға шешіп беріп, Оралдың шақайын аяғына киіп жатып, әй, Орал-ай, шақайдың да бір дұрысын кимеген екенсің, - деп күлген екен.

Осы ауылдың тумасы 4- сәуір 1948 жылы өмір есігін ашқан Маханбетов Нәбиолла Тоқтарғазыұлы мектеп баспалдағын аттаған Ақсуат орта мектебін 1966 жылы бітірген болатын. Он жылдықты бітіргеннен кейін Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеп келгеннен соң, 1970-жылдан бастап халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің инспекторы болған кезден бастап-ақ үлкенге ізетті, кішіге құрметті, жаны жайсаң, айналасына сол күннен бастап сыйлы азамат болып өсті. Осы әлеуметтік салада жұмысын жалғастыра жүріп, 1987 – жылы Семейдің педагогикалық институтын бітіріп, тарих пәні мұғалімі мамандығын алып шығады. Жоғары білімді маман 1988 жылдан бастап өмірінің ақырына дейін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы қызметін атқарады.

Нәбиолла Тоқтарғазыұлы әлеуметтік салада мол тәжірибе жинақтаған, ұйымдастыру қабілеті жоғары, өзіне тапсырылған іске жауапкершілікпен қарайтын, білікті де білімді басшылардың бірі болды. Сонымен қатар, Нәбиолла жұмыс бабында аудан халқына сыйлы, бауырмал, ардақты азамат

болды. Қызмет жолында өз ісінің білгірі бола білді. Табан аудармай ұзақ жылдар бойы әлеуметтік сала болімінің бастығы болуы соның дәлелі болар. Нәбиолла барлық саналы ғұмырын еліне, туған жеріне арнады. Мектеп бітіргеннен бергі 41 жыл бойы бір әлеуметтік салада жан аямай қажырлы еңбек етті. Халқының қамқоршысы, жанашыры, үлкен жүректің иесі, заманының білімді басшысы, үлкенге инабатты іні, кішіге қамқор аға бола білді.

Ел басқару ісі екінің бірі дөңгелентіп әкетер жеңіл жұмыс емес. Ондай салмақты ауырсынбай алып жүру үшін ақыл-айладан бөлек білік пен парасат керек десек, оның кішіпейіл, ешкімнен көмегін аямайтын қайырымдылығы, арының тазалығы, мейірімді жүзі, адамды тартып тұратын кішіпейілділік асыл қасиеті, басқару ісінде ел сыйлайтын азамат ретінде халықты өзіне тартып алған еді.

Набиолла жұмыс бабында мақтау марапаттан да кенде болған емес. Ол «Еңбек ардагері», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медальдарымен, көптеген алғыс хаттармен, мақтау грамоталарымен марапатталған. Нәбиолла өзінің ағайын-туыстарына, дос-жолдастарына адал да мейірбан, қайырымды болды, дұрыс жолға бастап көмек жасады. Ардақты әке, асыл жар, адал бауыр, қадірлі дос бола білді. Өзінің сүйіп қосылған Динадай жарынан Серік, Аманжол, Ернар атты ұлдар мен Айжан, Балжан атты қыздарды өмірге әкелді. Осындай өнегелі жанұя басы, асқар таудай нар тұлғалы Нәбиолла тағдырдың жазуымен 2007 жылдың 19 наурыз күні 59 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Өзгермелі заман мен құбылмалы заңның сойыл соғарларын жұрт жадында сақтамайды. Ойы озық, ниеті дүзік, бүгінімен қоса ертеңгі ұрпақтың қамын күйіттейтін көкейі зерек те зерделі азаматтарын ел жұрты ешқашанда ұмытпақ емес. Соның мысалы ретінде ақын Серік Жұматовтың «Көлдей еді көңілі» деген арнауынан үзінді келтіре кетуді жөн көрдім:

Кім еді, Нәке, кім еді,

Қам көңілге күн еді.

Жабыққанға нұр еді

Пайғамбардың үмбеті

Бір Алланың құлы еді.

Маханбетке немере,

Тоқтарғазының ұлы еді.

Үлкендерге іні еді

Інілердің пірі еді.

Көлдей еді көңілі,

Екі айтқызбас тілегін

Қандай топта болмасын,

Дара тұрған ірі еді.

Қолбасшысындай түменнің

Оғланның бірі еді

.....

Ерені еді елінің,

Кемелі еді тегінің

Жанам десе шок берер

Жігері еді сенімнің

Азаматы еді ақ берен,

Ақсуаттай жерінің – депті

Бұл толғауда Нәбиолланың бойынан адамдық пен адалдық, кісілік пен кішілік, мейірімділік пен мөлдірлік, сергектік пен серпінділік көрініп тұрғандай.

Ақын Серік Жұматовтың авторлық етуімен Набиолланың өмір жолы туралы 2007 жылы «Ел сыйлаған азамат» атты 240 беттік кітаптың жарық

көрүі тау түлғалы Нәбиолла ініміздің халқымен мәңгі бірге жасап беретінін айғағы болар.

Соғыс және еңбек ардагері халық батыры Бауыржан Момышұлының шәкірті Керімбаев Қабдолла оның баласы тегіндегі Комсомол мектебінің түлегі, кейіннен ұзақ жылдар сот жүйесінде жемісті еңбек етіп келе жатқан Керімбаев Мұрат, бұрынғы комсомол басшысы болған, кейіннен нарық заманында ірі кәсіпкерлікпен айналысып келе жатқан Қайрат Заманбекұлы, жазса өндіріп жазатын, сөйлесе сөздің түбін түсіретін ақын әрі журналист Мейрам Оралов, жас жеткіншек журналистер Дәуенөвтер де осы ауылдың тумалары. Жаза берсе, шоктығы биік азаматтар көп-ақ. Атталары аталмағандары осының ішіндемің деп санағандары жөн болар дей келе, сөзімді осымен аяқтамақпын.

Сары шежіресіне кірмеген бір атаның тарихы

Бұл тарих жайында Жақияұлы Мұрат былай деп баяндайды: Біздің жанұямыз 1960 жылдардың аяғында Қарғыба шатында (кейін лагерь деп атанды) әкем Жақия су бөліміне орналасқаннан бастап сонда тұрдық. Кейіннен Момбай ақсақал су бөліміне орналасып жұмысқа тұрғаннан кейін, жаз айында сол жерге көшіп келді. Сол бір кездері кешке таман Момбай ақсақал қолына қалам, қағаз алып, ал Жақия кімге келіп тоқтап едік деп жаза бастайды. Әкем Жақия шұбыртып кісілердің атын атай бастайды, Момбай жазады. Кейін Қараталов Сәкен училишеде тәрбиеші болып жұмыс істеген тұста училишедегі директордың машинкасына бір көп шұбыртпа кісі аттарын бастырып отыр екен. Мен: Бұл не нәрсе? – дегенімде, бұл момбай ақсақал жазған Сары руының шежіресі, бірақ неге екенін білмеймін, сенің әкең жоқ, – деді. Расында оқып отырсам, біз мүлде жоқ екенбіз. Содан мен әкемді қыспаққа алмаймын ба. Момбай сол кісілердің атын сенен жазып алған. Ал өзінді неге қоспаған? Әлде сен Сары емессің бе? – деп едім, әкем бір-екі күн үндемей жүрді де, Момбай ақсақалдың неге шежіреге қоспағанын айтып берген еді.

Заманында Бокбасар би қазіргі «Шыбынды», «Шұңқыроба», «Қызыл қайын», «Социал» елді мекендерін, Қарғыба өзенінің екі жағын Сары рулары мекендеген екен. Сол заманда Шұңқыр обаның қалың ну қамысы мен шілігінің сыртына келіп Қытай асып бара жатқан бір өзбектердің сауда керуені келіп қонуға тоқтайды. Осы керуенді түнде Сары руының жігіттері тонап алады. Ертеңінде өзбектер қалған есектерін жетектеп, Қытай асып кетеді. Ал бір жас жігіт түнде қашып, ну қалын қамысқа кіріп кетеді. Қамыс арасында қанша жүрсін, бір-екі күннен кейін қамыстан шығып қараса, бір адаманың қой жайып жүргенін көреді. Жігіт сол адамға келіп жолығып, жағдайды айтады. Малшы сусын беріп, ойланып отырады да, мен сені біздің басшымыз Бокбасар би дегенге алып барайын, шешімін сол кісі айтар деп, Бокбасар биге алып келеді. Бокбасар би келген жігіттен келген шаруасының мән-жайын сұрайды. Жігіт арғы ата-бабаларымыздан қалған өсиетке қарағанда XII ғасырда Шыңғысхан шапқыншылығынан тізе бүккен Наймандар Өзбекстан аймағында қоныстанып қалған екен, біз сол Наймандар ұрпағымыз. Бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына қалдырған

өсиеттерінде Токтарқожалар да өз ата жұрттарын тауып алып өсіп-өніп жатыр. Сендер де түптің түбінде ата-жұрттарыңды тауып алғандарың абзал деп өсиет қалдырыпты. Сол арғы ата-бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа қалған өсиетке байланысты Қытай еліне кетіп бара жатқан өзбектердің сауда керуеніне ілесіп, Найман елін көріп біліп қайтуды мақсат етіп келген едім. Амал қанша, түнеп жатқан жерімізде керуенді қаракшылар тонап, өлтіріп кете ме деген қауіппен бас сауғалап, қалың ну қамыстың ішіне барып тығылып қалып едім, мен жол тауып келгенше екі күн өтіп кетіпті. Мен ілесіп келген керуеншілер кетіп қалыпты. Жер жағдайын білмегендіктен, ну қамыстың ішінен шыққанымда, сол жағалауда қой жайып жүрген бір адамға жолығып жөнімді айтып едім, өзіме сусын беріп күтіп, жағдайыңды осы ауылдағы би атамыз шешеді деп, - сізге алып келді депті.

Бокбасар би жігіттің айтқан сөзіне, түр келбетіне қарап, жарайды балам, менің қамқорлығымда боласың, - деп жігітті алып қалыпты. Атың кім деп сұраса, Бедел деп жауап беріпті.

Кейін жігіттің ұнағаны соншалық, өз кіндігінен туған қызға қосып күйеу бала етіп алыпты. Бокбасар би екеуін қосқанда ауылдың игі жақсылары мен жайсандарын жинап, бұл бала менің балам, руы Сары. Егер бірде бір алам шетқақпай жасаса, менің үмбетім емес деп шегелеп айтқан екен. Содан бір ғасырға жуық уақыт ішінде Сары елімен бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан ата балалары екен. Дәй тұра Сары шежіресінен тыс қалдырған, ата өсиетіне шет келтіргендік болар. Заманында Бокан төрт әйел алған адам екен, қызы қай әйелінен туса, «қыздан туғанның қиығы жоқ» дегендей Беделді де сол рудың ата баласы деп есептеген жөн болар. Ал сол Беделден өсіп-өнген ұрпақтар төмендегідей: Беделден Нұрбай, Нұрбайдан Мәкі. Мәкіден Рахы, Төлеген туады. Арасында қыздар да бар. Рахыдан Жақия. Жақиядан: Мұрат, Болат, Марат, Талғат. Төлегеннен Апсадық. Апсадықтан: Кеңесбек, Нұрлан, Солтан. Рахы баласы Жақия Герман. Жапон соғысына қатынасып, еліне аман-есен оралып, бір ғана мекеме «Су бөлімінде» 40 жыл еңбек етіп, 80 жастан асып дүние салған адам.

Төлеген баласы Апсадық 1930 жылдары Калинин колхозында басқарма бастығы болып жұмыс істепті. Сол жылдары ауданда 36 колхоз шаруашылығы болыпты. Осы колхоздардың тоқсандық көрсеткіші аудан клубында жиын болып жария етіліп, бір шаруашылық (атын ұмыттым) ауыспалы Қызыл тумен марапатталады. Сол жиында «Шешім дұрыс емес, Қызыл ту Калинин колхозыныңкі» деп, сахнада тұрған Қызыл туды шешіп алып, тақымына басып, колхозға тартып отырған. Сол Қызыл ту пәле болып жабысып, сотталып, Павлодар түрмесінде дүние салыпты. Бәйбішесі Төлегенова Күлжәміш Қазақ ССР Құрмет грамотасымен марапатталған атақта комбайнер болды. Міне бұл ата баласының хикаясы осындай.

Ұмыт болып бара жатқан елім-ай

Қазақтың басынан не түрлі қиын кезендер өткен ғой. Сол бір аласапыран заманда апамыз Шәрбану Қалиқызы, руы Сары, туған жері «Қызыл қайын».

кезінде Шарипов Кобентай деген, руы Сыбан жігітпен жастай тұрмыс құрып, қиыр жайлап, шет қонып елден алыс кетіп, жеті атасын білмей қалған көрінеді. Тек Қалидың әкесі Артық деген атасы есінде қалыпты. Қалған аталарын білмейді. Білетін туыстарым болса, шежіреге енгізер деген мақсатта айтып отырмын дейді.

Қосылған қосағы Кобентайдан: Ғарифолла, Талғат деген ұлдары, Гүлжанат (Павлодарда мұғалима), Гүлімхан (Қарағандыда мұғалима), Қалида (Семейде врач) деген қыздары бар.

Апамыз ойынан өлең шығаратын ақын жанды адам екен, кейінгі ұрпақтарым айта жүрсін деп жас туралы шығарған өлеңі бар екен. Мойныма қарыз болмасын деп сол өлеңді жаза кетуді жөн көрдім.

Жас туралы

10-15 жас балғын жас, балақтан енді шалған жас,

Ән-жыр болған 25 жүрегіннен бір өшпес.

30 деген ойын жас, ойға қайғы жуымас,

Бақытты жанға бақ қонады, сорлыдан қайғы арылмас.

40 деген қызық жас, қызығына жан тоймас,

50 деген елпең жас, тұрағы жоқ селпең жас.

60 қа келсең алшандап, тұрарсың сонда жалтандап,

70 ке келсең, көрерсің жүргенінді талтандап.

70 тен өтсең 80 ге, көрілік кетпейді тепсең де,

90 ды қайте қоярсың, өмірден өзің тоярсың.

100 деген жасты ойлама, ұрпағың жүрсін ойлана,

Иман сұра Алладан, шығарып салса сол ғана.

Жақиянова Сабира



Жақиянова Сабира
бұрынғы Семей облысы Ақсуат
ауданында 1952 жылы дүниеге
келген. 1959-1969 жылдары
Ақсуат орта мектебінде дәріс
алып он жылдықты бітіреді.

1970 жылы Семей медицина институтына түсіп 1977 жылы осы аталған институтының емдеу факультетін бітіріп шығады. Жоғарғы оқу орнын аяқтап Ақсуат аудандық орталық ауруханасында дәрігер болып қызмет еткеніне 30 жылдан асыпты. Ақсуат орта мектебінде оқып, Семей Медицина институтын бітірген Сабира осы жылдар ішінде рентгентолог, терапевт, физиотерапевт мамандықтары бойынша да қызмет етті.

Қазір ол құлақ, тамақ ауруларын емдейтін білікті маман. Мінсіз қызметі үшін ол аудандық, облыстық, денсаулық сақтау бөлімінің аудан әкімінің құрмет грамоталары мен марапатталды.

Алдына барған сырқат аламды жылы жүзбен қабылдайтын Сабира биязі мінезімен де көптің құрметтісі.

Жанұялы жолдасы Бейсембаев Қайырғазы екеуі үлгілі отбасының бірі. Үш балалары бар. Бейсембаева Гүлмира Семей медицина академиясының емдеу факультетін бітірген. ҚР Президенті іс басқармасының медициналық орталығында құлақ, тамақ дәрігері болып жұмыс істейді.

Бейсембаев Дәурен Семейдегі Шәкәрім атындағы университетті бітірген. Алматыда жұмыс істейді. Бейсембаев Дәулет «К.Нұрбаев» атындағы орта мектептің оқушысы.

Сары шешіресі

Сарыдан Көки, Әуел, Өмір.

Көкиден Жамантай, Дәулетбай.

Жамантайдан: Жиентүгел, Жиеналы, Бокбасар, Ізбасар, Майбасар, Серкебай.

Жиентүгелден: Боғасбай, Шуашбай, Мыңбай, Тілеміс.

Боғасбайдан: Молдажан, Атакан, Ыбырайым, Жарқын, Түсіп.

Молдажаннан: Қайықпан, Нұрыш, Алқан, Әліпи, Тоя, Маңлық, Жакия.

Қайықпаннан: Берікбол, Бегедей, Әбдікәрім.

Берікболдан: Қабділманап, Мұхаметқамақызы Сақыпжамал, Пану, Нұржамал, шешесі Зықыш.

Әбдікәрімнен: Аймұқанбет, Ақабай, әйелі Жаңылқаннағ, екінші әйелі Ақайшадан: Қаражан, Ахметсалық, Зейнеп, Нұртаза, Жәнипа, Зиназайепп. Уағрипа, Ракила. Үшінші әйелі Бүбіқаннан: Шәрипа, Күлпаш.

Ақабайдан: Шаяхмет, Қалиолла, Қатанай, шешесі Қазиза.

Қалиолладан: Күлбаран, Капер, Нәйлә, Айдар, Айман, Шолпан, Толқын, Лаура, Мұхтар–шешелері Рыстай.

Бегедайдан: Омар, Бәдігүл, Нөркүш–шешелері Көмилә.

Нұрыштан: Мәди, Мұқаметжан. Мәдиден: Нұрғайша, Нұрмұханбет–шешелері Декежан.

Нұрмұханбеттен: Шәріпхан, Қазали, Сәуле–шешелері Жаңыл.

Нұрмұханбеттің баласы Шәріпханнан: Майра, Біржан, Ержан, Кұлайым, Гүлмира. Шешелері Күлпану.

Қазалидан: Күлжан, Төлеу. Шешелері Нағима.

Әлкеннен: Қали, Нәби, Бекен, Мұқан, Мұхамеджан, Сапарғали.

Атакан бәйбішесі Жылжымастан: Есалы, Тұрар, Досалы, Мірәлі, Байназар. Екінші әйелі Әтіштен: Кәдірбай, Кәдірәлі, Уазипа, Қазипа.

Есалыдан: Жақып, Жақсыбай, Қасымбай, Әнипа, Мәдиян, Қалиман, Жібек, Тансық, Қызболды, Жолдыбақ.

Жақсыбайдан: Сіләмбай, Омар, Дәуен, Жамбы. Шешелері Дуанқызы Мырзажан.

Сіләмбайдан: Фарида, Манап, шешелері Жапарқызы Мекетай.

Дәуеннен: Совет, Қайнолла, Әния.

Дәуенұлы Советтен: Нағима, Қуанышбек, Бағила, Раушан, Ләззат, Бақытбек, Нұргүл, Рая.

Дәуенұлы Қайнолладан: Бақытгүл, Қанат. Шешелері Ләйлә.

Қасымбайдан: Керімбай, Манабай, Мәура, Шешелері Онжекызы Нұрқажан Байжігіт руынан, Саты.

Керімбайдан: Қабдолла, Қадила, Ақтөлеу, Қапас, Қадиша. Қабдылмүтәліп, Қабдыләшім, Шарипа, шешелері Оспанкызы Сара.

Манабайдан: Зейнолла, Зағипа, Болатбек, Жанарбек, Бакыт, Сәуле, шешелері руы Жанай, Дәуітбеккызы Нұржакия.

Зейнолладан, әйелі Нұржамал, Қарлығаш, Айгүл, Нұғыман.

Керімбайұлы Қабдолладан: Шакар, Мұратбек, Күлбаран, Қалымбек, Абайбек, Сәния, Маратбек, Анар. Шешелерінің руы Кызыр. Әбілбайкызы Қаман.

Тұрардан: Мұсабай, Момбай, Жәміш, Қазипа, Базы, шешелерінің руы Бәйжігіт ішінде Саты, есімі Ілежан.

Мұсабай, бәйбішесі Нұрқатия, руы Қарауылжасық, Өмірүзаккызы. Бқдан Ниязбек.

Момбай, бәйбішесі Қатипа, руы Сыбан, Мұстакымкызы, бұдан Қуанышбек, Дәриға, Иса.

Қуанышбектен, әйелі Бағи, руы Қыржы, Байсадықкызы, бұдан Серік, Жұлдыз, Берік, Қазыбек, Сырым, Қайрат, Шолпан.

Досалыдан: Ахмет, Сақын, Ракила, шешелері Сүлуша.

Ахметтен: Фазыл, Жамал, шешелері Ажар.

Фазыл, әйелі Балқия, бұдан Қапас, Күлән, Қамза, Қызыр, Нұркан. Екінші әйелі Күләннен: Назарбек, Ырыстай, Шобай, Семей.

Қапас, әйелі Тоқтарбайкызы Шарбан, бұдан Күлнәр, Күлмира, Жанар, Мейрамбек, Бакытбек, Мәншүк.

Фазылұлы Назарбек, әйелі Қожанкызы Сайлаухан, бұдан Күлжанат, Әлия, Шынар, Дулат, Назым, Ербол.

Мірәліден: Бекембай, Қожахмет, қыздары Зәуре, Алтыке.

Байназар, бәйбішесі Қайша, бұдан Әділ, Құрмаш, Айтбүбі, Зұлжамал, Бибіш, Қатипа.

Әділ, бәйбішесі Нұрша, бұдан Сапа, Жапар, Шөкей.

Кәдірбай, әйелі Елеусізкызы Мария, бұдан Шоқан, Күлшекер, Жүнісбай, Әбділбар, Оразмұхамбет, Қабдіш, Баймұханбет, Құсайын, Шойке, Үркімбай, Қабділқайым, Шакербай, Абылғазы (тағы бес бала болған, барлығы он сегіз бала).

Шоқан, әйелі Маяш, бұдан Бекен, Батиха, Майра, Төлеубек, Бағила, Сайра, Сания.

Ыбырайымнан: Байтемір, Тастемір.

Байтемір, әйелі Көкаман, бұдан Рақымбек, Әшімжан, Қасымжан, Бағымжан.

Рақымбек, әйелі Орда, бұдан Құрманбай, Қажыбек, Қапан, Қауажан. Мәкежан, Күлән, екінші әйелінен, аты Бәти: Қани, Қапар, үшінші әйелі Маруадан: Жәмеш, Қорлы, Нағымжан.

Жапаннан Қалел, Қадыл.

Тастемір, әйелі Аймұқан, бұдан Байсеке, Мәткешпай, Ноқаш.

Мәткешпайдан, әйелі Маржіке, Балахмет, Нұрахмет, Бидахмет.

Баяхмет. әйелі Дәржан, Шәкен, Төкен, Шәмел.
Бнахметтен: Шағал.
Шуашбайдан: Сәметей, Орысай, Мұрат, Тіленші, Итжан.
Орысайдан: Солтанбай, Баяш, Абдолла, Сұлтанғазы, Мұқанбет, Кенже.
Кіші әйелі Апанайдан: Қошқарбай, Қойылдыбай, Қосшыбай.
Солтабайдан: Әлімжан, Сәлімбай, Сембай, Матай.
Баяштан: Қалматай, Құдайберген, Садық, Әубәкір.
Солтанғазыдан: Сәдубай. Кіші әйелі Еркежаннан Фазыл, Қапар, Шақор.
Абдолладан: Әлімбай.
Мұқанбет, әйелі Ажар, бұдан Беккожа, Бердікожа, Ешкен, Шәкен.
Кенжеден Шайқожа, Нұрқожа, Шыңғай, Аққожа, Базар.
Базар, әйелі Жұртбайқызы Сағила, бұдан Шарбан, Құмар, Құсман,
Мейрамбек.
Мұқанбеттің Шәкені, әйелдері Күлән, Күлзия, бұдан Ақан.
Солтанғазының Фазылы, әйелі Ажар, бұдан Ақан, Кәукеш, Ахметбек.
Ақаннан, әйелі Қабдоллақызы Дәлел, бұдан: Қаламқас, Қалибек, Мұрат,
Ерлен, Майра.
Кәукеннен (әйелі Кәкімқызы Сара): Бақыт, Бақытгүл, Айгүл, Серік,
Баян, Жібек.
Ахметбектен (әйелі Долдақызы Зағыш): Ерлан, Қайрат.
Қапайдан (әйелі Қалима): Зияқан.
Шәкерден (әйелі Күлтай): Бақыт, Болатбек, Қау, Талғатбек, Анар,
Әнуарбек.
Итжаннан: Жанпейіс, Салдырғазы, Шаштықара, Жаксылық, Шотай,
Исабай.
Жанпейістен (әйелі Айсары): Қырықбай, екінші әйелі Үмсындықтан
Кұлақай.
Қырықбайдан (әйелі Маса): Қабділманап, Рәзия, Әбізар, Мәкен.
Кұлақайдан: (әйелдері Бәтима, Есуас): Зияда, Қазез, Қайнжамал,
Нұржамал.
Әбізардан (әйелі Бүтін): Бибігүл, Ғалия, Қуанышбек, Сәния.
Шаштықара, әйелі Күләнда: Мүксиын, Қабылқак.
Мүксиыннан: Сайраш, Жәніс, Жәнісбек, Сайрамқан, Мейрамгүл, Райгүл,
Мырзабек, Мәлс.
Салдырғазы (әйелі Тыныштық): Рақыш, Бәйден, Қорғабай, Кеніш,
Рақымжан.
Шотай (әйелі Ақсұлу): Базарбек, Жамағат.
Базарбектен: Зура, Айгүл.
Шынбайдан: Сүлеймен.
Сүлейменнен Рақым.
Рақымнан Бұғыбай, Құлжабай, Сақыш, Кәмет, Нығметжан, Сейітқазы,
Бәтiш. Қамза, Нұрқатыш, Мұқаметжан.
Төлемiстен: Қамыспай, Тәстембек.
(Бұлар ерте кезден Шәуешекте тұрады. Жиентүгелдің төрт баласы
осылар болып келеді).

Жиеналы

Жиеналыдан Дүзбай, Жүзасар, Ласпай, Толеш.

Ласпайдан: Өскенбай, Тілес, Шорман, Беркімбай, Досан, Байғазы.

Өскенбайдан: Баймолда, Жақып, Түбекбай, Шалдаубай.

Баймолдадан: Жүнісбек.

Жүнісбектен: Ғадылбек.

Ғадылбектен Токтархан, Мұхтарбек, Токтарбек.

Жақыптан (әйелі Қалабайқызы Жарығасын): Тұрысбек, Түсіпбек, Дәуітбек. Мұқаметбек, Асылбек.

Тұрысбектен: Құмарбек, Назипа, Қажыбек, Зәйра.

Құмарбектен (әйелі Күлбағи): Қуанышбек, Ерікбек.

Түсіпбектен (әйелі Бәтима): Бейбітгүл, Айдын, Ержан, Шалқар, Бақытбек, Толқынай, Алтынай, Гүлназ, Маржан.

Мұқаметбектен (әйелі Ақлима): Амантай, Ләйлә.

Амантайдан (әйелі Айтжан): Арсланбек, Жәлелбек.

Түбекбайдан: Түкпи, Кәлім.

Түкпидан; Алдаш, Күләш.

Алдаштан (әйелі Бибінүр): Серікбек, Сембек, Оразбек, Талғат, Гуля, Алмагүл, Төлеубек.

Шалдаубайдан: Жамал, Қазиза.

Тілестен: Самархан, Қалипайдар.

Самарханнан: Толықбай, Құлыбай.

Қалипаннан: Тобықты, Қасымбай, Қанат, Сіләмбай.

Шорманнан: Манки, Інібайлар.

Манкиден: Қасен, Құрмаш.

Беркімбайдан: Көжебайлар.

Көжебайдан: Жүмәділ, Мырзахмет, Әділбек, Әнуарбек, Мірат.

Жүзасар

Жүзасардан (бәйбішеден): Итжан, Абажан, Еңсе, екінші әйелінен: Егізбай, Көгембай.

Итжаннан: Абылай, Дүйсембай.

Абылайдан: Ыбырай, Көккөз, Әрін, Сқақ.

Ыбырайдан: Нұрғазез.

Нұрғазезден: Ырысгүл, Бақыт.

Сқақтан: Зекен, Сейітқазы, Нұркамал.

Зекеннен (әйелі Нұршәкер): Тілеуғазы, Серік, Ерген, Қоныс, Бижамал, Маржан.

Сейітқазыдан (әйелі Күләш) : Ақмарал, Мейрамғазы, Айжан, Ардақ, Сәкен.

Дүйсембайдан: Кәрім, Әубәкір, Садуақас.

Бабажаннан: Нәзіке, Нүппай, Токпай, Көппай.

Нәзікеден: Абдолла, Әбділ, Қабды, Қажиақпар.

Абдолладан: Шерияз.

Шерияздан: Тұрсын, Асыл, Бағдат, Амантай, Тоқтаған, Тұрсынхан.

Әбділден: Ғалиақпар, Шермұханбет. Ғалиақпардан: Құмар, Салық, Елтай.

Салықтан: Әзіма. Елтайдан: ...
Шермұханбеттен: Сайлау, Бағила. Қабдиден: Нәсимолда,
Аймұнбет.Нәсимолдадан: Амантай.
Енседен: Көмек, Смайыл, Жұмағұл, Асан, Үсен.
Көмектен: Рақымбай, Рәми, Мәткәрім, Мұқыш.
Рақымбайдан: Уәлихан, Кәдірқан, Асылқан.
Кәдірқан: Тілеуғали, Серікқали.Рәмиден: Қыдырхан, Нұрбай.
Мәткәрімнен: Нәдірқан. Рақымбайдың екінші әйелінен: Мәлік, Мұқан,
Каден, Қасен, Нұршәкер.
Смайылдан: Зейнолла. Зейнолладан: Зекен, Қайрат.
Нұплайдан: Райыс, Мағзұм, Тоқтабай. Тоқтабайдан: Сіләм, Сыған.
Жұмағұлдан: Бейсембай, Мұқамади, Жаия.
Бейсембайдан: Әлдиман, Әлдиманнан: Сәкен, Фаузия, Күлзия, Мұқан,
Қалиасқар, Қалиғазы. Сәкеннен: Марат, Бақыт, Мәдина.
Асаннан: Құрманғажы, Жөкежан, Үсеннен:
Құрманғажыдан: Әнуарбек, Әбдіғали.
Төлештен: Иса, Баянбай, Мұса. Исадан: Шаянбай.
Шаянбайдан: Әсия, Мәрсия, Ақан. Асқарбек, Сакан.
Асқарбектен: Манарбек, Шалқар, Анар, Шынар, Айдын.
Дүзбайдан: Айтақ, Елтақ, Әбіш. Айтақтан: Сембай, Құнанбай.
Сембайданнан: Жұмаділ.
Құнанбайдан: Жақып. Әбіштен: Жүніс. Елтақтан: Құсайын.
Құсайыннан: Омарбек, Сыдық. Беделден: Нұрбай. Нұрбайдан: Әбіш,
Мәкі, Тоқтасын. Әбіштен (әйелі Әлжан) Көшербай, Көшкінбай, Нұртаза.
Мәкіден: Рақы, Төлеген, Оразбай, Есбай. Төлегеннен: Әпсадық, Байсадық,
Айтбүбі, Күмісбек. Әпсадықтан: Кеңесбек. Рақыдан: Жақия, Әбдікәрім,
Қадиша, Несібелді. Жақиядан: Мұрат, Болат, Марат, Талғат, Сәбира, Сәлима,
Алтын. Көшербайдан: Рамазан, Мұқаш, Дәуітбек, Сауытбек, Жапарсадық.
Мұраттан: Марат, Дулат, Нұржан. Болаттан: Қанат, Максат. Көшкімбайдан:
Күлжәміш, Қатыкен.

Боқбасар

Боқбасар төрт әйел алған. Бұл төрт әйелден тоғыз ұл болған.
1-бәйбішесінен: Жарас, Байту.
2-әйелі Әнқеден Әшетер, Көшетер, Алпысбай.
3-әйелі Күнденеден Қондыбай, Қонай, Сексен.
Ізбасар өлген соң әйелін Боқаң алады. Онан Жпнту туған. Сонда тоғыз
ұл деген осы.
Жарастан Әбен, Әнсейіт, Бөленей, Бөкей, Жабай, Қамбар, Бөрібай
(шешелері Жамбала).
Әбеннен Кеңесбай, Түсіпбай, Мұхамеди, Ыстыбай.
Кеңесбайдың бәйбішесі Изадан Таласбай, Кәрім, Қасен.
Кіші әйелінен Қанағат, Қанағаттан Нұрбек.
Таласбайдан Ниязбек, Күлән, Зияда. Ниязбектен Серік.
Түсіпбайдан Базарбек, Аманбек, Жаманбек, Күлсім.
Базарбектен Орал, Пану, Күләш.

Оралдан Орынтай, Шөкер, Құлдара, Назарбек.
Мұхамадиллен Телібай, Қисық.
Телібайдан Ақан, Бөкеш, Айтбек, Бикен.
Ақаннан Марал, Ғалия, Шуға, Сандуғаш, Сания, Марат.
Қисықтан Қадыр, Асылбек. Қадырдан Ақыман, Қалибек, Бакыт
Алмагүл, Қалибек.
Ыстыбайдан Әбдікәрім. Асау, Екібас.
Әбсейіттен Бекбосын. Бекбосыннан Рахымжан, Мұхаметқали
Бәйбішесінен Әбубәкір, Кәмпі, Мәлік, екінші әйелінен Құсайын, Сыдық.
Рахымжаннан Садуақас, Әбілмәжін, Әбілқак.
Мұхаметқалидан Ыдырыш, Қабдолла, Қарабай.
Қарабайдан Кәрім, Жаңылқан.
Әбубәкірден Зұлжәлел, Қалел, Жәлел.
Қалелден Мұрат, Бакыт, Болат, Алмагүл, Анар, Мұрат, Қанат.
Кәмпиден Күмісбек, Тұрсынахмет.
Күмісбектен Қайныш, Нұрлан. Құсайыннан Зекен, Қарлығаш, Зияда.
Бөлекейден Бексолтан, Нұрсолтан. Бексолтаннан Мұқатай. Бөкейде
Мұхаметжан.
Мұхаметжаннан Сыдық, Садық, Салықжан.
Жабдан Шотан, Жақып. Шотаннан Бекбай, Түсіп, Молдабек.
Бекбайдан Сағат, Маяш, Рахат, Сақып.
Түсіптен Тоқан, Токташ.
Молдабектен Болат, Болаттан Сәуле, Әлия, Айгүл, Жанат, Салтана
Қанат, Серік, Кәмшат.
Қамбардан Серікбай, Қантемір.
Бөрібайдан Дәуренбай.
Байтудан Сатқан, Ботахан, Абақан.
Сейітқаннан Мұхаметжан, Алтыбай, Алтыбайдан Қабдырай
Қабдырақтан Ахметқазы, Мырзағазы, Кененғазы.
Ботаханнан Айдабол, Мұқат. Айдаболдан Міней, Зейнеш, Мәскеу
Қабдолла.
Зейнештен Бәтім, Бәтигүл, Советхан, Райхан, Оразқан, Нұрғазы
Алмагүл, Жаңылқан, Үмітқан, Рахым, Керікбол, Кенжекей.
Мәскеуден Жанат, Нәзигүл, Бакытгүл, Бакытжамал, Марат, Қанат, Қуа
Жанаргүл.
Абықаннан Кәмәли. Кәмәлиден Қуаныш, Жұмабек, Дүйсенбе
Мейрамбек, Бәтима.
Бокбасардан Жанту. Жантудан Бабахан, Байбұқан, Айбұқан, Шөкежа
Айбұқаннан Темірбай, Дүйсек.
Темірбайдан Кәдірбай, Кәдірғажы, Кәдірбайдан Шүмек, Мұқата
Дүйсектен Бәшір.
Бабақаннан Қазыбай, Аязбай, Мәзібай. Байбұқаннан Кедейба
Кедейбайдан Мұқан, Шөкен, Шолпан, Серік. Мұқаннан Дәулет. Шоқанн
Қасен, Құсайын, Көшкімбай.

Ізбасар

Ізбасардан Байқасқа, Бусырман, Тасболат.

Байқасқадан Қуаныш, Манат. Қуаныштан Атайбай, Тұрсынбай, Бижан, Кәрібай.

Атайбайдан Кәрібай, Әділбай, Әділбек, Жұмабек, Жұмағали (шешелері Тікіш, Иіс).

Әділбайдан Қанағат, Тілеген, Қырықбай.

Қанағаттан Нұрғазез, Қазиза, Кұлзағиға.

Әділбектен Мұқан, Қантай, Амантай.

Мұқаннан Бакытгүл, Қамышбек.

Жұмағалидан Теңлік, Теңліктен Жәнісгүл, Аскарбек.

Тұрсынбайдан Жүрсін, Туырлық.

Бижаннан Мақұлбек, Сүлейбек, Биғайша, Бизымыра, Нұрқаты.

Мақұлбектен Тоқты, Нұрбан.

Сүлейбектен Кәдір, Баймұрза, Бикен, Бикамал.

Кәдірден Қайырлы, Серік.

Атабайдың Дәрібайынан Хасен, Нұрахмет, Бәтима, Құсайын. Қасеннен Қожахмет.

Манаттан Сәрсенбек, Сейсенбек, Дүйсенбек.

Сәрсенбектен Абылқасым, Ешмұқанбет, Нұрмұханбет.

Сейсенбектен Қасым, Шайкүрман.

Қасымнан Ақтана, Шаймұқанбеттен Тоқтар.

Шайкүрманнан Жұмат, Зейнеп, Дүйсенбектен Қалиасқар, Жүмәділ.

Ақтанадан Төлеген, Серікқали, Берікқали, Сансызбай, Қайрат, Жұлдыз,

Қарлығаш, Қанат.

Бусырманнан Ажа, Қожа, Маханбет, Түсіп. Ажадан Құса, Мұса, Сембай, Жанабай.

Құсадан Нысанбі, Дүйсенбі. Нысанбіден Тұрысбек, Тілеуберді, Тынтабади.

Тұрысбектен Ашхан, Қыдырғали, Ғаріпхан, Қызырбек, Оразбек, Қайыргүл, Жәнісқұл.

Тілеубердіден Әбен, Айнұр, Аманкелді, Нұргүл, Ақат.

Дүйсенбіден Нұрахмет, Ахметбек, Нәзигүл, Нәзипа, Нәсипа.

Нұрахметтен Қинаят, Ерзат, Алтайбек, Нұрлан, Ерлан, Макпуза.

Ахметбектен Азат, Азамат. Нұрғалидан Талғат, Шәрбәнқан.

Нұрғазыдан Әлімғазы, Айтжамал.

Қожадан Ажақан, Әз, Жақан, Сарықбай. Ажақаннан Тілепалды.

Тілепалдыдан Құмар. Құмардан Жұмақан, Сағидолла, Зейнолла,

Мейрамбек, Бакытгүл, Клара, Райхан, Алмагүл.

Жұмаханнан Нәзім, Сырықбайдан Тұмарбай.

Тұмарбайдан Максұт, Күлән, Нұртай.

Сембайдан Нұрғали, Нұрғазы, Шәйкен, Нұрсары, Өмірғазы.

Жанабайдан Сиязбай, Босқынбай, Сиязбайдан Серік.

Босқынбайдан Тұрсын, Саламат, Сайлау.

Махамбеттен Тоқтағазы, Зура, Балқия.

Токтағазыдан Нәбиолла, Айгүл, Нәбиолладан Серік, Айжан.

Тасболаттан Қуандық, Төлеу, Нүрсейіт.

Қуандықтан Есеналы, Разақ, Оразбай.

Есеналыдан Рақым, Рамазан, Қапан, Рамазаннан Қамза, Қамзадан Қазыбек, Қызырбек, Разақтан Қапас, Төлеуден Сатыпалды, Сатыпалдыдан Әбілмәжін, Садуақас, Әбілмәжіннен Әубәкір.

Нүрсейіттен Қабдуәлі, Түнқатар, Кәлімжан, Жақсыбай.

Қабдуәліден Тәнкен, Қали, Ахметкәрім, Жұмахмет, Нұрахмет.

Майбасар

Майбасардан Жабағы, Қысчтаубай. Жабағыдан Еркесары, Еркесарыдан Қайникамал, Тұрлы, Тұрлыдан Аманғали, Құрманғалидан Марат, Қыдырғалидан Күлзағи, Күлния, Болат, Мәнап, Күлзира, Мұрат, Жакадан Омар, Омардан Көксеген, Тұрлыбайдан Құрманғали, Құрманғалидан Тайшөгел, Қырықбай, Түсіпбай, Серікбай, Тайжан, Қырықбайдан Қайнолла, Түсіпбайдан Бәлия, Мәрия.

Тайшөгелден Мәнәш, Жаңыл, Жанабай, Бакыт.

Мәнәштен Гүлжан, Аскар, Айгүл, Ардақ, Анаргүл, Әсет, Макта, Қанат, Салтанат.

Жанабайдан Нүргүл, Ерлан, Айдын, Айдос.

Серкебайдан Ибат, Кәрімбай, Тұрымбай.

Дәулетбайдан Мақтым, Жаңыл, Мақтымнан Сасан, Қашкынбай, Қаратышқан.

Сасаннан Қайран, Шәлдік, Танатар, Қайраннан Байжұма, Барша.

Байжұмадан Сейсембай, Қасым, Жағыпар, Ақтай, Заманбек, Аскарбек.

Сейсембайдан Илияс, Токжігіт, Сағатбек, Саябек, Қабділманап.

Жағыпардан Мүкатай, Тортай, Айтбай, Аманбек, Күлән, Базыкен, Раушан.

Аманбектен Бәтима, Нағима, Саркытбай.

Мүкатайдан Сартай, Құсайын, Елтай, Нұрбану, Нұрайса, Жамал, Айтқайша, Бәтима, Бакытгүл.

Тортайдан Орал, Ермек, Ержан, Мария.

Сартайдан Әлібай, Есмұрат, Нүргүл.

Таңатардан Кәрібай.

Кәрібайдан Қызыр, Құнафия, Секебай.

Секебайдан Жұмақан, Гүлсім, Гүлжанат.

Шәлдіктен Көкебай, Көкебайдан Сәдібек, Сәрсембай, Әкімбай, Мұздыбай, Бәкімбай.

Сәдібектен Кәдірбек, Әмірбек, Ризабек, Қағазбек, Есенбек.

Еділден Кенжеғұл, Божай, Амантай, Буратай, Бесембай.

Кенжеғұлдан Әміре, Кәрмен, Бәкрам, Садуақас.

Әміреден Момбай, Манабай, Әбілмәжін, Нұрғазы.

Кәрменнен Қабділманап.

Бөжейден Еслан, Ескан, Қасен, Құсабай.

Есланнан Қамза, Айдарқан.

Бейсембайдан Нүрпейіс.

Наурызбайдан Қуанбай, Уакбай, Расул, Данияр.
Амантайдан Қоқымбай, Жиекбай, Тиекбай, Жұмағұл.
Қоқымбайдан Тікібай, Түлкібай, Түлкібайдан Мұқатай.
Жұмағұлдан Әбет, Маруа.
Қаратышқаннан Адаспай, Жөке, Бағи.
Жөкеден Қадырбай, Жаксылық.
Жанылдан Итак, Байбол, Бибол, Шағыр.
Итактан Молда, Қуандық.
Алдиярдан Күдайберген. Аңқай, Қайша, Мұқажан.
Күдайбергеннен Ахметкали.
Мұқажаннан Қожағали.
Ақайдан Жұмағали.
Байболдан Артық, Балжан, Сқақ.
Артықтан Қали, Түяк.
Сқақтан Абылқасым.
Абылқасымнан Қабдылманап, Әдиба, Фарида, Рашида.
Қозғадан Әкімжан, Әкімбай, Қасымжан.
Әкімжаннан Исабай, Үсебай, Иса.
Исабайдан Хамза.
Хамзадан Төлеубек, Тұрсын, Сандуғаш, Серікбек.
Қасымжаннан Калемай.
Ақылдыдан Жакып.
Жакыптан Шәтуғеш, Байданаш.
Қарекеден Түсіп.
Биболдан Қамит.
Қамиттен Сақы, Бакы, Төпе, Ықылас.
Бакыдан Оразғали, Ықыластан Нұрғали, Оразәлі.
Нұрғалидан Төлеухан, Елеукан, Үмітқан, Күлімкен, Токтаған, Шалқар.
Әкімбектен Елшібай. Райыстан Оразбай.
Садықтан Бекет, Шәрімбай, Нұржан, Нұртай, Зібилә.
Қашқынбайдан Жантемір, Қойшыбай, Дүйсебай.
Қойлыбайдан Әлімхан.
Қойшыбайдан Асқар.
Дүйсебайдан Кәләмжан, Саутай, Дәуітбек, Баймұқан.

Әуел

Әуелден Бәйімбет, Шөкей, Құл, Жәлме, Айткеш, Мауқыбай.
Бәйімбеттен Арқалық, Көбенші, Көбеш, Төле, Масан.
Көбеншіден Байсымақ, Шолақ, Молда, Қоржын.
Шолақтан Төлеген, Өтеу, Сексен, Нұрбила.
Өтеуден Нұрмұханбет. Нұрмұханбеттен Ыдырыш, Күлән.
Ыдырыштан Өмірбек, Өмірбектен Қабиден, Зайраш, Сайра. Сайлаухан.
Сексеннен Қажыбек. Өзібек. Молдадан Тілеулі, Қалман.
Тілеуліден Токтарбай. Токтарбайдан Шарбан, Құмар. Аян.
Масаннан Сәрсембай, Қойшыбай, Жұмабай, Сексембай, Опеке.
Өскенбайдан Райыс, Бекбала, Текбала.

Райыстан Мейрамбек, Мейрман, Бакай, Төжім, Кәрібай.
 Кәрібайдан Жұмағазы, Бейсенғазы, Мәукен, Қәдірқан, Бакытгүл.
 Мейрамбайдан Ыбырайым, Ыбырайымнан Әннан.
 Бекболдан Тока, Омар, Тоқадан Тұрсынғазы, Айтқазы.
 Омардан Тұрлықан, Нұрлықан, Тұрлыбек, Орынқан.
 Бекболдан Ақанжан, Ақанжаннан Қапас, Құрман.
 Қапастан Рақыш, Әсет, Қайрат.
 Рақыштан Ұлпан, Рашид.
 Әсеттен Гүлжанат, Лаура, ...
 Бөкеден Бектұр, Бектұрдан Әйтiм, Әубәкiр, Дүйсембi, Қасен, Кенжалы.
 Әйтiмнен Баяхмет, Шәмсi, Құрманғазы, Төлеуқан, Медеуқан.
 Әубәкiрден Сқакбай, Сқакбайдан Шәкербай. Дүйсембiден Жанахмет,
 Мырзахмет.
 Қасеннен Шаяхмет, Нұрахмет, Сара, Токтарбай, Қалел.
 Шаяхметтен Тiлеубай, Қалел.
 Токтарбайдан Қабыл, Әбiл, Қабдiманап, Азанбек, Назарбек, Назгүл,
 Гауһар, Айтжамал.
 Қабдекеден Мұқаметбек.
 Аманнан Советбек.
 Шонойдан Қарымсақ, Қарынбай, Көшiмбай, Жандыбай, Жантөбет.
 Қарымсақтан Сәмен, Райымбек, Мәмiке, Байбосын, Тансық.
 Сәменнен Рақым, Тұшбай, Теке.
 Рахымнан Әмiртай, Қари, Башай, Нұрпан.
 Мәмiкеден Сыдық, Нәби.
 Жәлелден Қарғыба, Бостай. Қарғыбадан Ебей.
 Ебейден Ақмади, Жылыбай, Мұңсызбай, Божан, Қаттыбай.
 Ақмадиден Қамза, Күмiс, Жөкен. Бошаннан Бегенбай.
 Бегенбайдан Қуандық. Қуандықтан Рақым, Райымбек, Бөктен.
 Рақымнан Әдiлбек, Анафия, Әдiлбектен Сағидолла, Нұролла.
 Бөтейден Кенжемолла, Тұйықбай, Қиықбай, Даданбай, Әкiмбай.
 Кенжемолладан Қабидолла. Қабидолладан Нұркен, Нұршәкер.
 Дадабайдан Матай, Игiлiк. Қаттыбайдан Мұқа. Мұқадан Сiләм.
 Құлдан Байбота, Рақым, Жексембек, Бексаубай.
 Мауқыбайдан Бәйтөбет, Сасық, Байболат, Сайболат.
 Бәйтөбеттен Үйсiнбай, Сүттiбай. Үйсiнбайдан Молдабай, Смағұл.
 Молдабайдан Мұқатай, Смағұлдан Баракбай, Баракбайдан Мүксiын.
 Сасықтан Кенжебай, Атамбай, Елеубай, Егеубай.
 Кенжебайдан Әбiш, Рақыш.
 Әбдiштен Көшер, Алтай, Кәдiр, Қанафия, Жамал.
 Көшерден Сайлау, Шолпан, Айман.
 Әлтайдан Әлкен, Қабдолла, Қабiba.
 Кәдiрден Қалиғазы, Жәлел, Қания, Мешел, Рыстай.
 Рақыштан Омарғали, Сәлима, Кәлима, Омарғалидан Кәрiмғажы,
 Жайлау.
 Кәрiмғажыдан Сағидолла, Айтуған, Күнтуған, Қапия, Рая, Бакыт.

Атамбайдан Жетпіс, Жетпістен Амантай, Елубайдан Оспан, Мұқыш. Оспаннан Сағоз, Сайдахмет, Сақыш.

Байболаттан Бөкім, Қайырбай, Дөрігөт, Балпак (бұлар бөйбішесі Ырысбикеден).

Екінші әйелі Балақайдан Ақшал, Мәмбет (қажы), Қасқарау.

Үшінші әйелі Мәкеннен Мұсабай, Иса.

Төртінші әйелі Наушадан Жансары, Жаман.

Бөкімнен Ибак, Смағұл, Жәймолла. Ибактан Байжұма, Нұрмұқан.

Смағұлдан Қасен, Әбу. Жәймолладан Құсайын.

Қасеннен Заманбек, Кәленбек, Ақатай. Заманбектен Қайрат.

Қайраттан Ерболат, Жанар, Сымбат, Жеңіс.

Дөрігөттен Қарамбай, Дауылбай, Боранбайдан Дубай, Дубек.

Дауылбайдан Сиязбай, Аусағи.

Ақшалдан Мұқа, Яғуда, Нұрахмет, Қапия, Бақыш.

Мұқадан Қадила, Қайша.

Яғудадан Күләтай, Күлшекер, Нығметқан, Нығметжан, Алпыс.

Мәмбеттен Нүрсейіт, Түсіп, Баян, Мүлік, Әділбек, Сүлеймен, қыздары:

Нүриля, Қиық.

Нүрсейіттен Ахметқали, Ахметқалидан Дәлел.

Түсіптен Асылқан, Жамал, Жәми, Орал, Сияқажы.

Асылқаннан Қалибек. Қалибектен Ахметолла, Нұролла, Қалима.

Оралдан Мейрам, Батиха, Таңжарық.

Сияқажыдан Нағима, Амантай, Жамбыл, Күлзира, Жұлдыз.

Мүліктен Нұртаза, Жұмажан, Жаңылқан, Қаныша, Дариға.

Нұртазадан Рахметолла. Рахметолладан Токтарбек, Токтарғазы,

Қалиғазы, Бақыт.

Жұмажаннан Ахметжан, Ақкөрім, Қайша, Күлғайша.

Әділбектен Уазипа Мағрипа. Сүлейменнен Жүнісбек, Күлімхан.

Мұсабайдан Тоғас, Токмырза, Токжігіт.

Мұсабайдан Байқадаш. Токжігіттен Сқақ. Тоғастан Төлелберген, Қасен, Сапарғали, Құсайын, Әйтімбай.

Жансарыдан Ақан, Мәди, Домалақ. Жаманнан Кете, Мазан, Бекбосын.

Қасқараудан Аманғажы, Көрімғажы, Шайзада, Күлжәміш. Айтқожадан Бекбау. Бекбаудан Байболды, Ботат, Әкіш.

Байболдыдан Тұрғамбай, Тұрғамбайдан Көккөз, Көку.

Ботаттан Мұқа, Ержан, Ыдырыш, Смағұл.

Мұқадан Рамазан, Мазан, Айтыкеш, Қабақбай, Ахмет.

Рамазаннан Әсия, Аманкелді, Аманбек, Әлібек, Света.

Амангелдіден Қайрат, Гүлнар, Мейір.

Аманбектен Айгүл, Күлшат, Мерей, Қанат.

Әкіштен Қоқашбай, Сыдық. Қоқашбайдан Нұрмұханбет, Нұрмұханбеттен Әсия. Тышқақайдан Жангөш, Кәшен, Икамбай.

Жангөштен Көкен. Көкеннен Мереке. Кәшеннен Ахмет.

Ахметтен (әйелі Бикен) Мейрамбек, Ауданбек, Кенжебек, Дүйсенбек, Сания.

Икамбайдан Сыдық, Жақыпбек, Акказы. Жақыпбектен Башай.
Акказыдан Кеңесбек, Амантай.

Өмірден Санжай, Санжайдан Қыңырбай, Бөбек.

Қыңырбайдан Көшелбай, Тәйкебай, Қорлыбай, Мәкібай, Жәкібай,
Қорғанбай, Дүмшебай.

Бөбектен Егеубай. Мәкібайдан Байсарт, Қорқыт, Түсіп.

Тәукебайдан Баяш, Баялы, Сейдалы.

Баяштан Қабдолла, Нұрғали, Қарамолда. Қабдолладан Жанұзақ.

Түсіптен Тілеужан. Тілеужаннан Зейнолла, Бекен, Қайнолла, Гүлнәр,
Нүролла, Сәбидолла.

Бекеннен Берік, Талғат, Зекеннен Гүлнәр.

Қорықтан Сүлеймен, Түсіп, Байшәріп, Сүлеймен Зекен.

Тоқабай Жанболатұлы!

Ел аузында сақталып, бүгінгі күнге дейін жеткен деректерге карағанда жеті Жолымбеттің ең көп өскені Назар руы, “Қарғыба мен Базарым, қалың елім Назарым” деген сөздер Кәрібай акын жырына арқау болса, Сапарғали акын: Ішінде бес Байыстың Мұрын Кесек,

Мұрынның Назарына жетпейді есеп” – деп айырықша атап көрсетеді.

Сол Назардан Жанболат, одан Тоқабай ұрпақтары тарайды.

Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов “Молдабай балуан” дастанында Тоқабай руының көптігін былайша сипаттайды:

Тоқабай Жанболаттың өскен ұлы,

Жайлауға ши бойынан көшкен күні.

Қырық ауыл ауа көшсе жоқтамайтын,

Көптігінің белгісі дескен мұны – десе, Қали Аманбалайұлының Нұрғали Тұнғатаровпен айтысында:

Әрине, сөзге құлақ салар едім,

Қолыма ту тақтайды алар едім.

Үстіннен көп Тоқабай қаптап өтсе,

Астында аяғымның қалар едің – деуі Тоқабай елінің ел ішінде өскелең екендігін көрсетеді.

Осы өскелең ауылдың атасы Тоқабай бабамыз хандық дәрежеге көтерілмесе де, өзі өмір сүрген заманында жоңғарлармен болған жан алысып, жан беріскен айқастарда, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елін, жерін жаудан қорғап, жаужүрек батыр атанған. Кезінде ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен болыпты. Жазба деректерге жүгінсек, Тоқабай баба Сырдарияның қазіргі Арал ауданы Қаракүм, кейінгі Баршақүм аталған елді мекенінде дүниеге келген екен. “Ақтабан шұбырынды заманынан үш жыл бұрын, 1720 жылы 103 жасында дүние салыпты. Осы деректеме бойынша, шамамен 1617 жылы дүниеге келген десек, ақиқаттан аттап кетпеспіз. Зираты толықтай сақталмапты. Бірақ сол ауданда Тоқабай атындағы ауыл кеңесі және шаруашылық бар көрінеді.

Енді Тоқабай батыр қандай жорықтарға қатысты деген заңды сауал туындайды. Тарихқа жүгінсек, батыр бабамыз өмір сүрген кезінде 1635-1686

жылдары ірі-ірі қазақ жонар соғыстары болыпты. Осы соғыстардың бірсыпырасына Токабай батырдың қатынасқандығы да күмәнсіз.

Осы баба ұрпақтары Тельман Жәментікұлының демеушілігімен ауданымызда 27 шілде 2006 жылы бабамызды еске алып, кең көлемде ас беріліп, құран қатым түсірілді.

Ас берерден бір күн бұрын келген Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты Токтархан Нұрахметов аудан жұртшылығымен кездесуде, өз сөзінде “Ықылым замандардан бері аруақ үшін ас беру – тірінің қасиетті парызы, мұсылмандық борышы. Ата-бабаның ерлігін дәріптеу, олардың өсиетіне адалдық танытудың, ауыз бірлікті нығайтып, ел рухын көтерудің игі нышаны деуге болады. Бұл өңірді қаһармандар мекені” дей келе, астың өте жоғары болып өтуіне тілектестік білдіре келе өзінің бұл асқа шаруа жағдайына байланысты қатынаса алмайтындығын айтып, бірақ туыстары келіп қатынасатындығын хабардар етті.

26 шілде күні елімізге және бүкіл әлемге танымал өнер шеберлері Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, жерлесіміз Майра Ильясова, танымал әншілер Жоламан Қужиманов, Мұрат Абуғазин, Тельман Нұртайұлы, Еркін Шүкіман, Толғанбай Сембаевтар келді. Сол күнгі екі концерттің де беташары маған жүктелгендіктен, жиналған жұртқа, асқа арнайы келген өнер адамдарына Токабай Жанболатұлының өткен өмір жолдары мен ел аузында сақталған ерлік істері жайына тоқтала келіп, осы шараны өткізуге келген өнер адамдарына ауыл жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіргеннен кейін, Ақсуат мәдениет үйінде өнер сүйер қауым хас таланттарды сағынышпен, ыстық ықыласпен қарсы алды. Тас бұлақтың суындай мөлдір әуен құлақ құрышын кандырған сайын, әншілер көрермендерінің қошеметіне бөленді. Өнерді шын қадірлейтін жұрт нағыз өннің жұрт көңілінен шығатынына көзі жетті. Өнерді, өнерліні бағалау, қолпаштау сол көпшіліктің қолында екенін еш естен шығаруға болмайды.

Мен өз тарапымнан өнер майталмандарына “Ақсуат Атамекенім” атты кітабымды, Талдықорған қаласынан келген Көпен Әмірбектің әріптесі Кәрім Тұрлыхан “Еркек қалай күн көрер” деген кітабын өнер адамдары мен жиналған жұртшылыққа тарту еттік.

Қимас сезім құшағындағы халықтың әншілерге деген махаббатын концертке қатынасып отырған ақын Қожа Ахмет мынадай өлең жолдарымен өрнектепті:

Ерлерін елі әркез жоқтамай ма,
Ас беру рәсімінде Токабайға.
Жиналды өнерпаздар, мейман достар,
Осындайдан шабытың от алмай ма?
Тарбағатай, Ақсуат өңірінде,
Зор концерттің кіріспе бөлімінде
Сөз сөйлеп Төлеуғазы ағайымыз,
Сәуле септі көпшілік көңіліне.
Әйгілі әншілерге кітаптарын
Сыйға тартты сезілді кеңдігі де.

Талдықорған жерінен тағылымды
Сықақшы Тұрлыхан Кәрімұлы
Күзенбайдай дәрігер мен Ғайникамал
Демеп жүр ел ішінде дарындыны.
Осындай өнегелі істерімен,
Халқына танымал ғой, жұртқа үлгі.
Семейдің Розасы, Майралары,
Бибігүлі - өнердің айналары.
Жоламан, Мұрат, Тельман, Еркіндердің
Дауысын тыңдап елі қайран қалды.

Бабамыздың асына жиналған жұрт ертеңінде таңертең Екпін ауылындағы Тоқабай мешітінде болды. Бұл мешітке бабаның тікелей ұрпағы, қайырымды азамат Тельман Жәментікұлының көмегімен іші-сыртына жөндеу жүргізілген болатын. Осынау игі істерді жүзеге асырған жүрегіне иман тұнған осындай азаматқа жиналған жұрт “Алланың нұры жаусын, еңбегін жемісті болсын” – деген шынайы алғасытарын айтып жатты.

Жиналған көпшіліктің ішінен суырылып алға шығып Қытай халық республикасынан келген, Шәуешек қаласында тұратын Шақан Мұхтарқызы мынадай арнау оқыды:

Мынау заман келтірді сәнімізді,
Жыр жазылды шырқатып өнімізді.
Текті атаның аруағы бас қостырды
Ақсуаттың бойында бәрімізді.
Мен бүгін мақтанамын жігерлі үнмен,
Үшқын атты бір сезім нұрлы өңірден.
Парасатты ұрпақтың тірлігіне
Шашайын жыр шашуды жүрегімнен.
Жан ата, өсті бүгін ұланыңыз,
Ырыс мол, заман жақсы, қырағымыз.
Шәуешектен кеп тұрмыз ұрпағын боп,
Тарихи таусылмасын думанымыз.
Жан ата, жастай қару асыныпсыз,
Ел үшін ата жаумен сайысыпсыз.
Текті атаға текті ұрпақ ас беріпті,
Кеп тұрмыз аруағына бас ұрып біз.
Естідік текті ұрпақтан лебізінді,
Ұмытпаймыз бабалар ерлігінді.
Тамыр тартты тереңнен туыстығым,
Мирас етем балама негізімді.
Мынау мешіт сарайың, құрылысың,
Ұрпаққа қайрат берді ұлы күшің.
Асынып қару-жарақ қайсарлықпен,
Сарқылды-ау жүрек қаның елің үшін.
Табынам туған жердің кеңдігіне,
Ризамын ұлы баба ерлігіне.

Қашанда аталарға борыштымын,

Ерлерін еске алуда елім міне.

Өнеріміз өркендеп байқалған шын,

Шабыттансам шалқудан тайсалмаспын.

Екі елдің достық туы жығылмасын,

Тыныштықтың қаймағы шайқалмасын.

Жан ата, тойың бүгін думандасын,

Дауысы әншілердің шығандасын.

Арнайық құран-қатым ақ ниетпен,

Аруағы бабамыздың бір аунасын.

27.07.2005 жыл

Асқа деп Семей, Өскемен, Алматы, Қарағанды, Қытайдың Шәуешек қалаларынан келген бабаның үрім-бұтақтары мен туған-туыскандары, ауылдастарының арнайы даярлықпен келгендеріне ас өткізу кезінде көзіміз жеткендей болды.

Сонымен замана зауалымен тарыдай шашылып кеткен ағайынның көптен күткен сағынышты кездесу сәті сағат 11.00 де басталды.

Ашылу салтанатын аудан әкімі Дүйсенбек Көшербаев кіріспе сөзбен ашып, Тоқабай Жанболатұлының өткен өмір жолдары мен ерен ерлік істері жайына тоқтала келіп, алыс-жақын ағайынның басын қосып, баба рухына бағыштап ас беруді ұйымдастырып отырған баба ұрпақтарына, оған басшы бола білген Алматылық кәсіпкер Тельман Жәментікұлына ерекше алғысын білдіре келіп, өтіп жатқан шараның танымдық-тәрбиелік мәнін ашып көрсетті. Сондай-ақ, келесі сөз кезегін алғандар Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов, Қытайдың Шәуешек қаласынан келген Дүйсенбай ақсақал мен Жақан апай, Көкпекті ауданынан келген Мұрат Керімбаев, қазақстандық өнер жұлдыздары Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, Майра Ильясова, Тоқабай руынан бірнеше азаматтар сөз сөйлеп, асқа жиналған көпшілік қауымға игі тілектерін білдіріп, лебіздері арқылы баба рухын аспандатты.

Ақсуат ауылдық мешітінің бас имамы Қайрат Сағымбаев құран-қатым оқып, ел жұрт кең дастарханнан дәм татты. Артынан республиканың танымал өнер шеберлері екінші күні де Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, жерлесіміз Майра Ильясова ауылды әнмен тербеп, басқа да ойын-сауық шаралары ұйымдастырылды.

Асқа жиналған жұртшылыққа Ақсуат мәдениет үйінің жетекшісі белгілі айтыскер ақын Серік Зейнетайұлы Жұматов асқа келген ақындардың арнау оқуын ұйымдастырды. Талдықорғаннан келген журналистер одағының мүшесі, бүкілодақтық халық шығармашылығы байқауының лауреаты, сықақшы Тұрлықан Көрімұлы, Талдықорған қаласының бас дәрігері Күзенбай Қалқабайұлы, Өскемен қаласынан келген Шығыс Қазақстан облыстық фармоцептикалық бақылау басқармасының бастығы Төлеубек Қабытаев, мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Ғайникамал Нұрғалиқызының жол ашар тілектерін айтып болысымен Серік ақын жыр мүшайрасын бастап та кетті. Жыр додасы қорытындылана келе Талдықорғаннан келген Көрім

Тұрлықханұлы Өскеменнен келген Төлеубек Қабытаев пен Ғайниқамал Нұрғалиқызының демеушіліктерімен бірінші орын алған Қожа Ахметке қалы шапан жабылып, одан кейінгі орындарды иеленген жас акындар Қуаныш Шарманов пен Дәурен Сембаевтарға 10 мың теңгеден сыйақы берілді.

Қожа Ахмет акынның арнау өлеңі:


Халықтың бабасына ас бергені,
Аруакты ардақтауы, кастерлеуі.
Қаншама қиындықты көп көрсе де,
Жене жүріп Тоқабай төске өрледі.
Халықтың бақыты үшін бас тігіпті,
Тәуекелмен Тоқабай тасты үгіпті.
Күш салып бейбіт өмір орнатуға
Асыпты оның жүзеге жақсы үміті.
Тоқабайдан тараған кейінгі ұрпақ,
Ел мерейін еселеп арттырыпты.
Ел дауын әділ шешіп Кегенбай би
Екі ауыз сөзбен бітім таптырыпты.
Кәрібай жыр жүйрігі Жолымбеттің,
Айтыста Әсетті жер қаптырыпты.
Шығыпты Молдабайдай мықты балуан
Үстасқанын тымақтай лақтырыпты.
Атасы талай-талай алыптардың,
Тоқабай тектілігін танытқан мын.
Бүгінгі биліктілер Кегенбайдай
Биіктерге көтерсін халық бағын.
Бар қазақ мейірімді мырза болсын,
Бір-біріне сыйымды тұлға болсын.
Ұлы дүбір ас берген ұрпақтары,
Аруағы Тоқабайдың риза болсын.
Тоқабайды дүниенің шар тарабы,
Заманында санапты мәрт адамы.
Қазақтай қайсар дана халқымыздың
Арманын алыстарға арқалады.
Тоқабай елі маған нағашылар,
Берсе берер, қырық серкеш аласым бар.
Арттырар ел бірлігін бақ дәулетін
Ұлағатты ұрпақтар, жанашырлар
Адамды сыйлау салтын сергектікпен,
Бабаның ұрпақтары жалғастырар.
Найманның тектілерін ұмытамыз ба?
Парламент депутаты Нұртай мырза
Төлеуғазы ағамыз қалам тербеп,
Тоқабайды жазғаны тарих бұл да.
“Ақсуат Атамекенім” кітабында,
Сөздерін санадағы мықтады да.

Ақиқат, мой тағылым ұсыныпты.
Қазақтың сәулелі жас ұрпағына.
Айнұр да Тоқабайдан шыққан дарын,
Айтыста жігіттердің жыққан бәрін.
Аққудай жүзген айтыс айдынында,
Суырып салма есімі жұртқа мәлім.

Сүмбіле суреткер ғой Серік ағам,
Қаламы күдіретті қолына алған.
Ақсуаттың өнерін өркендеткен,
Аялап өнерге шаң қондырмаған.
Қалихан Сапоровтай күйші сазгер,
Ел еркесі мақтаны болып алған.
Біреуі - өлең, енді бірі өуен жазып,
Сахнада әркімдер орындаған.

Тоқабайдың тағылымды ұрпақтары

Осылай даналардың жолын алған, - деп жырлайды.



Республикалық «Қазақстан»
телеарнасындағы Айтыс
чемпионатының және облыстық,
республикалық ақындар
айтысының жеңімпазы Қуаныш
Шармановтың Тоқабай баба
асына Арнау өлені:

Ар намысы өзгеден асқақ тұрған
Бұл жайды айту керек нақтап бір жан
Тарбағатай төсінде дүбірлі той
Аққаланың қырында ат шаптырған.
Бұл тойда не жоқ дейсің?!

Ақындарын айбынды жүр қызынып
Бабаның жиналыпты ұл-қызы нық
Әншілерін сайраса бұлбұлдайын
Тұлпарларын топта әне түр тізіліп
Ұрпақ үні естілмес басқа қырдан
Есіне алып, көзіне жас дарыған
Топырағында бір аунап ер Тоқабай
Ризалықпен түр қарап аспаныңнан.
Айқара ашып алдыма жыр тақтаны
Шыққан кезде жүректің бұрқақты өні
Етектен елін жиып жатыр бүгін
Тоқабайдай батырдың ұрпақтары.
Арман үміт асқақтап алда дәйім
Ас көруге ағылып толды ағайын
Балуандары белдесіп жатыр өне

Ізін жалғап Тұрсын, Қосман, Молдабайдың.
Бұл жиын ұлы тойдың бастамасы
Мұнарланып тұр міне аспан асты.
Аруағына ұрпағы ас берсе егер,
Белгілі баба жерге тастамасы,
Ер есімін жұртшылық жатыр біліп,
Бабалармен, өшпейміз ғасыр жүріп.
Құтты болсын, бүгінгі ұлы тойға,
Жырларымды шашамын шашу қылып.

Мүшәйраға қатынасқан қалған екі ақынның жазба деректері болмағандықтан, арнаулары жинаққа енгізілмей қалды. Сол мүшәйраға қатысқан бір ақынның:

Сықақшы Тұрлыхан Кәрімұлы,
Өнермен өрнектелген бар ғұмыры.
Төлеубек, Файникамал, Күзенбайлар -
Демеушілер дәріптер дарындыны, - деген бір шумақ өлеңдері есте қалыпты.

Тоқабай бабаға ас беру мен жүру барысын ақындар былай өріпті:

Найманның Тоқабайдай текті еріне,
Ас берілді “Аққала” мекенінде.
Таңертең салтанатты жиын өтті,
Қасиетті Тарбағатай бөктерінде.

Ел үшін еңбек еткен ер бабалар,
Айтылды сөз, үлгі болар жетеліге.
Алқалы топ алдында зиялылар,
Елдікті айтты тілдері жеткенінше.
Қауышты жақын менен алыстағы,
Басын қосты бүгінгі ел арыстары.
Бас имам қатым оқып, қол жайып ел,
Тоқабай бабасына бағышталды.

Өскемен, Семей, Астана, Алматыдан,
Қарағанды, Шәуешек алыстардан
Тоқабай ұрпақтары дайындалып,
Баба асын белсенді жалғастырған.
Елімізге арнаған қызметтерін,
Әрқашанда көрсеткен құрметтерін.
Парламент депутаты Нұртай сөзі
Жылытты жұртшылықтың жүректерін.
Қазақтың өншілері Бибігүл мен
Роза, Майра білдірді тілектерін.

140 ат жөнелді он бес шақырымға,
Бөйгелер анықталды ақырында.
Көкпектілік Мамектің Галгонгасы
Бірінші орын алды жалпы мұнда.
Екінші орын Семейдің Арафаты,

Үшінші орын Құмқолдін Талисманы
Бөйге аттар иелеріне демеушілер
Бағаны сый-сияпат табыстады.

Өтті аламан ат жарыс тым тартысты,
Жетпіс жеті сәйгүлік сынға түсті.
Жүйріктер шапты отыз шақырымға,
Жанкүйерлер тасытты қуанышты.

Бөйге десе елендеп ел тұрады,
Қызыға тамашалап көрді бәрі.
“Найзағайдай” Семейлік сәйгүліктің
Атағы аспандады, жерді жарды.
Бас бөйгеге тігілген темір тұлпар,
“Жигули” машинасын жеңіп алды.

Бақыт қой жарыста аттың озғаны да,
Тұрғанда шабыс тілеп өз бабында.
Семейдің “Әсем қаскасы” екінші орын,
Иеленді суырыла самғады да.

Қызыл кесік “Арда күрен” үшінші орын,
Жұлде әперді тізгінді созған қолға.
Катон Қарағай “Қымбаты” төртінші орын,
Еншіледі қолтығын жазғанында.

Тұғылдық “Сүлік қара” бесінші орын,
Өтті осылай бөйгенің ғажабы да.
60 пен 80 келі арасында,
60 балуан бақ сынап таласты да.
Боз кілемде әйгілі жас перілер
Бір-бірімен күресті бақ асыра.

Жеңімпаздар желпінді, тасымады,
Жеңілгендер жер шұқып жасымады.
60 келі салмақта Бешімбаев,
Бірінші орын алып асты бағы
80 келі салмақта бірінші орын
Күнсәпин алды әлем жеңімпазы.

Өздерін биіктерден дара күткен
Мықтылар анықталды таралып кең.
Атанды осы Қайрат “Түйе палуан”
Қыдырбаев жол беріп ағалықпен.

Аударыспак, теңге алу, қыз қуудан,
Аланда апыр-топыр қызды думан.
Қол күресі және кір көтеруден
Сыйлық алды қыз-жігіт белді буған.
Қатарға қостық ата салтымызды,
Санада түзеп ұлттық қалпымызды.
Жетпіс жылдай басқаның жетегінде
Жүріп енді таныппыз нарқымызды.

Бабатардың даналық даңғыл жолын
Жаңғырту міндетіміз жарқын ізгі.
Осындай ой-мақсаттың аясында
Ерлерін елі еске алмасын ба?!

Шашқан жоқ атақ үшін ақшаларын,
Ас бергендер Токабай бабасына.
Әртүрлі әсер беріп ас тарқады
Молаяр аспен елдің дастарханы
Ас беру – ата дәстүр қабыл болсын,
Жаратқанның нұры жауып аспандағы.

Ата-бабаны қастерлеу халқымыздың өзіндік этнография ерекшелігі бүгінгі, ертеңгі ұрпағымызға ой саларлықтай үлгі-өнеге. “Көп түкірсе – көл” деген емес пе, бұл науқанға да Токабай ұрпақтары мүмкіндіктерінше ат салысыпты. Шағын Кегенбай мен Бәйел шаңырақтарынан Күләш Сейітқызы 150 мың теңгені той мәзіріне жұмсауға берсе, Екпін ауылының ақсақалдар алқасы кеңесінің төрағасы Ахметқалиев Жамбыл ас басталардан бір күн бұрын бір ту жылқыны ата рухына бағыштап, бірінші болып құран оқытып, ас мәзіріне арнап шалғызды. Осы науқанды ұйымдастыруда Ахметқалиев Жамбыл мен Мүтәлипов Кәукеннің сіңірген еңбектері мен істеген істерін ерекше атап өткен жөн.

Сондай-ақ, Семей қаласынан келген Токабай ұрпағы Шегедеков Ерлан музыкалық орталық әкелсе, қор жинау есебіне ашылған сандыққа Семейден келген Мәзібаев Бақытбек 30 мың теңге ақша тастады. Осындай алақаны ашық азаматтардың салым ақшалары сандықты кемеріне келтіре толтырды.

Міне осылай келушілердің ықылас пейілінің түсуі баба рухына деген жүректің терең түкпірінде жатқан ризашылық сезім екенін айта келе, бір кезде ел намысын қорғаған батыр бабасына ұрпақтарының, жиналған халқының жүрегінің терең түкпірінде жатқан махаббаты ғой бұл.

Осындайда ұлы Абайдың:

“Сүйер ұлын болса сен сүй,

Сүйсінерге жарар ол” – деген ғибратты сөзі ойымызға оралады.

Токабайдан: Атан, Атымтай, Жомарт тарайды.

Токабай бабамыз туралы ел аузында мынадай бір аңыз әңгіме бар.

Ойыққа түскен түйені шығарып,

Ерең күшіңмен танылдың, баба – деген.

Тұңғыш баласының атының Атан болып аталуы осыдан еді деп отыратын шежіреші қариялар.

Атымтай тарихы

Атымтай жоңғарлармен соғыста қаза табады да, айттырған қалыңдығын Алла келін болып түсуге жазбай төркінінде қалады. Бар болғаны құда болу келісіміне барғанда қалған ғой. Кейбір кейінгі қолтума шежірешілер Атымтайдан тарайтын деген шежіре нұсқаларын жазып жүр. Әрине Токабайдан тарайтын бабаларымыздың қайсысы болмасын ұрпақты болғанына қуанбаса қолдамаймыз деп айтуға келмейді. Дей келе осы

әңгімеге байланысты қазақтың тегіндегі қазыптасқан салт-дәстүр тұрғысында алып қарасак:

Біріншіден, төркінінен жүкті болып келіпті дегенді былай қойғанда, балалығымен келмеген қызды атқа теріс мінгізіп қайтаратын салт, ол кезде мықты орныққан қағида екені ешбір шүбәсіз ақиқат.

Екіншіден, күйеуді қайын жұртының шақыруымен танысуға ұрын барғанның өзінде қалыңдығымен бірге жатпайтыны жалпыға мәлім. Қазақтың “қызға қырық жерден тыйым” деген мақалы да осының айғағы. Сондықтан да болар қазақ тұлымдысын тұнық қалпында құтты орнына қондырып отырған.

Үшіншіден, тіпті солай-ақ болсын делік, сонда шайқаста мерт болған азаматының жетісін, қыркын, жылдығын беріп үйді тұлдамай жатып, қалыңдық туралы құдаларға сөз салуы мүмкін бе? Әрине, жоқ. Тек жылдығынан кейін барып қалыңмал, қалыңдық туралы сөз қозғалуы әбден мүмкін. Соның өзінде де шешім қалыңдық жағында болады.


Тіпті қалыңдық табалдырық аттамай жатып жүкті болыпты дегенде баланың туу мерзімі 12-13 айға созылыпты деу қисынға келе ме? Әрине, келмейді. Егер бала туып келген жағдайда, шежірелерде еріп келген бала болып есептелінер еді. Менде бар оннан астам шежіре нұсқасында ондай әңгіме жазылмаған. Осы оқиғаға байланысты қарастырып шыққанымда, еш жерден кездестіре алмадым.

Төртінші, Жомарт балаларының дүниеге келу реті шежірелерде Кегенбай, Бәйел, Қоқан, Мақпал деп аталып көрсетіліп тұр емес пе. Сонда Кегенбай мен Бәйелден Қоқан кейін туған болып шығады. Алдыңғы ағаларынан інісі бұрын туыпты дегенді қалай түсінуге болады.

Енді біреулер сол кездегі шалдардан естіп едік деп уәж айтатын көрінеді. Сол айтқан шалдарының ішінен Атымтаймен табақтас болған шалды іздеп таба алмайсыз. Өйткені ол баба осыдан 2,5-3 ғасыр бұрын өмір сүрген адам.

Кейінгі ұрпақ әр түрлі шежірелерді зерттер, зерделер. “Дауасыз көрілік, арзан- өтірік, қымбат – шындық” дегендей салыстырып барып бір дұрысына тоқталар деген ойдамын.

Атан да жонғар шапқыншылығының жуан ортасында болған батыр адам болыпты. Шежіре нұсқаларына сүйенсек, Атанның тұңғышы нөкта ағасы болып келетін Кәдісін Атанның қалмақ әйелінен туылыпты. Бір ерекшелігі осы Кәдісін ер жеткен соң, қалмақтан шабындыдан құтушісімен қолға түскен қалмақ қызын алып беріп үйлендіріпті деген сөз бар. Қалмақ деген сөз содан қалса керек. Бұл ауылдан атақты Молдабай балуан шықты



Молдабай балуан:

Сыйынған күресте би Боранбайға,
Баласын ер бабасы колдамай ма.
Қытай, Қырғыз, Қазақстанға кен
танымал,
Данқты балуан болған
Молдабай да.

Қол үзбеген кейде күй, кейде өлеңнен,
Молдабай серілігін елі көрген.

Суретте Түйебаздағы Молдабайдын

Зираты шежіре сыр берер терен, - демекпін.

Халық казынасында Молдабай балуанды былай суреттепті:

Өскелең Токабайдың қауымынан,

Атан Жомарт дейтұғын ауылынан.

Алтайдан түлеп ұшқан ақиықтай,

Ебінің екпіні артық дауылынан.

Осындай сол ауылдан туды бір ұл,

Өзі – нар, өзі – балуан, өзі бір нұр,

Өскеменге, Семейге, Шәуешекке,

Белгілі бас балуан Молдабай бұл, делініпті.

“Аксуат – атамекенім” атты кітабымдағы толғаудан үзінді келтірейін:

Молдабай міне осындай болған мықты,

Бәрі де кездескеннің тізе бүкті.

“Көк бөрі” кеудесінен кеткен күні

Жалғыз-ақ ол кісіні ажал жықты.

Осы рудан шыққан соғыс жөне еңбек ардагері, бірнеше медаль мен орденнің иегері марқұм Зейнетай Жұматұлы 18 жасында Отан қорғауға аттанып, сұрапыл соғыстан аман келіп, бейбіт күнде халқының игілігі үшін еңбек етіп, ұрпақ өсірген, біреудің ала жібін аттамай, тек адалдық жолмен жүруді өміріне мұрат еткен Зейнетай ақсақал мен ұлтының ең жақсы қасиеттерін ұрпағының бойына сіңірген ұлағатты ана Бактыбаламен шәй деспеген, бірін-бірі кабакпен ұғысқан тамаша ғұмырлары ұрпаққа өнеге. Анамыз атақты акын Бораш Кәуеншікұлының қызы.

Осы ауылдан шыққан Шәйкен ақсақал да Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін Аксуат кеңшарында еселі еңбек етіп, ұрпақ тәрбиелеуге үлесін қосқан алам



Республикаға аты мәлім Серік Зейнетайұлы Жұматов 1953 жылы 6 шілдеде Семей облысы Бородулиха ауданында дүниеге келген. 1960 жылы Ақсуат ауданындағы Ю.А.Гагарин атындағы 8 жылдық мектепке барып, 1970 жылы Ақсуат орта мектебін бітірген.

Әскер катарында болған. Еңбек жолын Қарғыба ауылында киномеханик болудан бастаған. Семейдің Абай атындағы мәдени ағарту училищесін бітіріп, режиссер мамандығын алған. Алматы қаласында ТЮЗ-дің режиссері Преображенскийдің шығармашылық лабораториясынан және Көкшетау қаласында Бәйтен Омаровтан дәрістер алған.

1990 жылы конкурстық негізде Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық Білім жетілдіру институтында түсіп, одақтың тарауына байланысты аяқталмаған. Мәкәуәлік алған (сырттай бөлім),

Өнер саласындағы жетістіктері:

1980 – Бүкілодақтық көсіподак ұйымының «Өнердегі жетістігі үшін» кеуде белгісімен марапатталған.

1985-1987 ж ж Халық шығармашылығы Бүкілодақтық фестивалінің I-II дәрежелі лауреаты. Кеуде белгісі мен дипломмен марапатталған.

1988 - аудандық Еңбек озаттарының Құрмет тақтасына суреті ілінді.

1989 – «Ара» журналының «Жатыпатар» бөйгесінің жеңімпазы.

1989 – үгіт бригадаларының Ақмола қаласында өткен республикалық конкурсында II орынды «Көңілашар» үгіт бригадасы алған. Жеке өзіне «Ең үздік сахнамашы» (сценарист) бөйгесі берілген.

1990 – Алматы қаласында өткен республикалық халық театрларының «Театр көктемі» фестивалінде Ақсуат халық театры I орынды алып лауреат атанды.

3 рет республикалық айтыстардың жүлдегері, 2 рет облыстық айтыстың бас жүлдегері, аудандық және ауданаралық айтыстардың, жыр-мұшайраларының бас жеңімпазы, жүлдегері болған, бірнеше рет.

Өлең жырлары «Тарбағатай ақындары жырлайды» кітабында, шағын сахналық қойылымдары, проблемалық мақалалары республиканың әр деңгейіндегі басылымдарда жарық көріп жүр.

Екі мәрте аудандық маслихаттың депутаты.

1993 жылы Алматы қаласында өткен «Рухани күшпен көптен озасың» атты өнер байқауында «Сан қырлы өнерпаз» жүлдесін алған.

Республикалық мәдениет министрлігінің, облыстық мәдениет басқармасының, аудандық өкімшіліктің, мәдениет бөлімінің алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталған.

1982 жылдан аудандық мәдениет бөліміне карасты мәдениет үйінде бас режиссер болып қызмет атқарып келеді.

Драматургия саласындағы «Түрме», «Қыршын кеткен қызғалдақ ғұмыр» атты бір актілі пьесалары аудан көлемінде қойылса, «Вампир-күйеу», «Мағия-келін» атты комедиялық үлкен шығармалары облыстық, республикалық театрларда сахналануда.

Ал ел білетін Зейнетаулы Серіктің ақын шәкірттерінің ұстазына арнау жазып берген бағасын одан артық қоюландыра алмаспыз деген мақсатта, шәкірті Қожа Ахмет ақынның арнауын енгізуді жөн көрдім:

Таныған заңғарлықты зерттеген,

Армысыз сері ағамыз Серік деген

Қатар ұштап ақындық, артистікті

Дарынсың сахнаға көрік берген.

Көңіл бөліп меңгердің түрлі өнерді,

Өзіңе тарттың өнер сүйген елді.

Әрі ақын, әрі артист атандың да

Пайдасы екеуінің тиген еді.

Ақсуатта жүйріксің жүген үзген,

Өзің де Тарбағатай түлегі ең.

Демедін дарындыны, жалындыны,

Кез келген жиын-тойдың көрігі едің.

Жарыстарда жырларың жалын бүркіп,

Мекен еттің биікті бағындырып.

Жырынды жедел жұптап ұтқыр оймен,

Төгілттің жұрт жанына жағымды ғып.

Шуақты сөздерің мен жыр шумағың,

Сәтті болды өнерге ұмтылғаның.

Көтеріліп биікке біліміңмен,

Атырдың нұрлы өнердің нұрлы таңын.

Өлеңіңе жатты өндер жазылып,

Селт еткізіп, сезім отын жандырып.

Әзіл сүйер өлеуметке танымал

Сатираның сардарысың мәңгілік.

Мінезің сырбаз, жайдары,

Кеуденде шабыт қайнары.

Өлкесінде өлеңнің,

Өз орының сайланды.

Алматының төрінде,

Айтысып бақ сынадың.

Сүйсінді Семей ұлым деп,

Намысты қорғап жұлде алдың.

Арғымақ-көңілің көсіліп,

Жүздескенде жосылды.

Көңілімізді өсіріп,

Жырыңа қыр қосылды,

Сырыңа сыр қосылды.

Кәдісін ұрпақтарында өнер өлкесінде өнеге болып жүргендер көп-ақ. Соның бірі марқұм Хасенов Болат болатын. Талай өлең-жырлары, өзіл-сықақтары Республикалық баспасөздерде жарияланды. Сөзге шебер, ойға кемел біртуар азамат еді.

Алыста жүрсе де асқақ ақындығымен танылған, қазіргі айтыс өнерінің гүлі атанып жүрген Айнұр Тұрсынбаева да осы рудан шыққан Ақсуаттың түлегі.

Өмір жолы “Ақсуат – атамекенім” атты кітапта жазылған мәдениет саласына өз үлесін қосып келе жатқан өзіндік ән салу мәнерімен жұртшылық көңілінен шығып келе жатқан, ән шырқаудан әсте жалықпайтын, (Өнерім де, өнім де – бәрі халқым, елім үшін” деп тұратын елгезек қызымыз Бакыт Исаева мен оның әпкесі Семейдің Абай атындағы драма театрының өнші актрисасы, өнер жұлдызы Шолпан Мұханбетова да осы Кәдісін ата елінің ұрпақтары.

Кәдісін шежіресі

Кәдісіннен – Шақаман, Қозыбақ, Шыбынтай.

Шақаманнан – Шакантай, Төке.

Шакантайдан – Тойғылы?, Токтасын, Исақан, Жұмақан, Мәзібай, Қасым?.

Токтасыннан – Жұмабай?, Айтбай?, Қадыр?.

Исақаннан – Сіләм.

Жұмақаннан – Қожа?, Құрман?.

Төкеден – Молдажан, Молдабай (1857-1926), Таласбай, Кәрібай.

Молдажаннан – Озықан?.

Молдабайдан – Құсайын, Әлімғажы?, Мүсәйіп?, Қырықбай?.

Таласбайдан – Хасен, Қайса, Қабдолла?, Нұрша, Нұржәмила.

Кәрібайдан – Мұхамбет, Мұқыш, Қапас, Әуеш?, Шайзада, (Шәйкен).

Қозыбақтан - Әділбай, Нияз, Берлібек.

Әділбайдан – Нұрман, Номан, Жұмат.

Нұрманнан – Нұрғали?, Нұрғазы (балалары Қытайда).

Номаннан - Әбзи?, Сағымбек?, Нәзіке, Шонай, Зейнеп?, Зекен, Зейнезайып.

Жұматтан – Ақтай, Зейнетай, Рабиға, Зейтінғазы?.

Нияздан – Бегежан?, Ахмет?, Дәлел?, Қонай, Жамал.

Берлібектен – Мекежан, Шойынбай.

Мекежаннан – Қонымжан, Әукен.

Шойынбайдан – Шүйініш, Сембай.

Шыбынтайдан – Тіленші, Оразәлі.

Тіленшіден – Қайырғажы?, Қыдырғажы?, Мөлғажы?, Рахым.

Рахымнан - Әмәнай, Сейсенбай (жастай өткен).

Оразалыдан – Рахымғажы, Бәтиха, Түрғайша, Қаныша, Зада.

Рахымғажыдан – Фазез, Серікқазы.

Ескерту: Сұрақ белгісі қойылған есімдер қайта жазылмайды. Себебі ұрпақтарының бар-жоғы белгісіз және өмірден өткен кейбір адамдар

кайталаңбайды. Себебі көпшілігі ұрпақ сүйіп үлгермеген. Талайы соғыстан қайтпаған.

Сіләмнан – Ақанғали, Серікқали, Айтқали, Бакытжамал, Бақытгүл.
Ақанғалидан -- Ержан, Мөншүк, Маржан, Руслан, Роллан, Максат.
Серіқалидан – Дидар, Жанерке.
Айтқалидан – Эльмира, Лөззат, Архат, Ерхат, Ғалия.
Күсайыннан – Жұмайбек, Ағыбай, Зейнеғабыл, Нүкеш?, Сейіт?.
Жұмайбектен – Ғалия.
Ағыбайдан – Жүрсін, Зарлық.
Хасеннен – Болат, Болаттан – Зәмзәгүл, Ардақ, Жарқын.
Қайсадан – Болатқали, Серікбек?, Мақсүтбек, Зайра.
Болатқалидан – Мерей, Жадыра, Лалагүл, Лаура, Нәзира, Рысқұл.
Мақсүтбектен – Жасұлан, Мейір, Надира, Қайрат.
Мұхамбеттен – Асқар, Қайныш.

Асқардан – Айман, Түрсынбек, Дәулет, Шолпан, Бақытгүл.
Мұқыштан – Болат, Сөкен, Баған (Болатказы), Замира, Майра, Қайныш.
Болаттан – Гүлмира, Сымбат, Жанат, Лөззат, Саят.
Сөкеннен – Гүлнат, Зинат, Гүлназ, Айнұр, Саябек.
Бағаннан – Айжан, Айбек.
Шәйкеннен (Шайзада) – Бакыт, Айман, Жұлдыз, Шолпан, Қанат, Гүлім,
Айым.

Нәзікеден – Майсара, Дауылбек.
Дауылбектен – Ардақ, Сандуғаш, Біржан, Қарлығаш, Ғалия, Нұржан,
Салтанат, Әлінуір, Мұратбек.
Ақтайдан – Камал, Камаш.
Зейнетайдан – Нияз?, Балқия, Мұрат, Серік, Бакыт.
Мұраттан – Бахтияр, Жанар.
Серіктен – Айнұр, Ернар, Бакытжан, Қайыржан.
Сембайдан – Қапатай, Ермек, Еркін апай.
Қапатайдан – Арайлым, Әсембек, Әсет, Сағыныш.
Әменайдан - Әлия, Сания.
Ғазезден – Серғазы, Анар, Шынар, Жазира.
Серікқазыдан – Мөлдір.
Шежіре Серік Жұматұлының жазба нұсқасы бойынша түсірілді.
Атанның Дөлжан деген әйелінен Көтебай, Қожакелді, Көрген, Қалыбай.
Ақбәрша деген келесі әйелінен Есен, Бесен, Қаржау, Нұржау, Боқат,
Шоқат, Қартабай туады.

Көтебай елі.

Осы рудан халық биі Абылай шыққан. Ол туралы ел арасында мынадай өлен жолдары бар:

Халықтың дау-ламайын.

Абылай әділ қарайды.

Найман. Арғын еліне.

Абылай сөзі жарайды.

Абылайды әділ би
көрген,

Қазактың ақын Абайы.

Абылайдың алдынан

Ел риза боп тарайды

деген. Руы ішінде Көтебайдан Сәдібек, Сәдібектен Қараша. Қарашадан Абылай туады. Туыстарының айтуынша Абылай (1841-1928) ұзын бойлы, сірінке кара, бетінде кезінде шешектен қалған орны бар көрінеді.

Туыс, ағайындас бауырлары “Шұбар аға”, Би аға деп атап кеткен екен.

Бір ерекшелігі жазда дамбалшаң, аяғына кебіс-мәсі іліп жүретін, бір жаққа шықса, ескі тері шалбар киіп, ескі тонды жалаңаш етіне көйлек сыртынан кие салатын адам болыпты.

Мінетін атының жүген, құйысқаны, айыл-тұрманы түгел жіппен құрдан жасалған желқом ер ерттейтін еді, деп еске алады.

Қараша атасы қайтыс болғанда, балалары жастай қалады да. ең үлкені Абылай болыпты. Әке кеткеннен кейін тұрмыс жағдайы сонша болмай, бір байда жалшылықта жүріпті.

Бір күні Абылай қалай қалай мал табамын дегеннің камын ойлап, ерте таңсәріден тұрып, атына мінсе, көрші ауылдың жиырма шакты снырын ұрылар айдап бара жатқанын көріп, соңына түседі.

Ұрыларға жақындай бергенде. 3-4 атты адам кетіп бара жатқанын көріп қалған ұрылар, ұрып таста деп соларға қарай шапқанда, Абылай да қоса шабады. Ұрылар Тіленші би екенін танып қайта шапқанда артында келе жатқан Абылай Тіленші бимен бетпе-бет келіп қалады.

Еріксіз ұрылар шекпенін киген Абылай: Ассалаумағалейкум, жігіттің алғашқы айыбы бетіне басылсын, - деп Тіленші биге сәлем беріпті. Әкен Қарашаның топырағы жасырылмай жатып мына істеп жүргенің не депті де, әңгімені одан әрі созбай Абылайды өзімен бірге ілестіріп әкетеді.

Сұрастыра келсе, Тіленші би нөкерлерімен қайын жұртына қыдырып бара жатыр екен. Бірнеше күн қайын жұртында болған Тіленші би ағайындас бауыры Абылайды қасынан тастамай ертіп жүреді.

Тіленші би Абылайға қайын жұртының берген сәлемдемесін қоржынына сала бер деп ескертіпті. Тіленші би бұл сапардан қайтып үйіне келгеннен кейін, ауылдың ақсақалдары мен игі жақсылары биге сәлем беріп келіп, бірінен кейін бірі түстеніп кетіп жатады.

Ел аяғы басылғаннан кейін қоржынды көтеріп Абылай босағасына қояды.

Міне, аманатыңыз, дегенде Тіленші би: мен ешкімге аманат берген жоқпын, жеңешем мен бауырларына апарып бер, - дейді.

Бидің айтуы бойынша қоржынды Абылай үйіндегі бәйбішесіне табыс етеді.

Содан біраз күн өткеннен кейін Тіленші би шақырып жатыр деген хабар келді. Сол шақыру бойынша Абылай Тіленші бидің үйіне келіп түседі. Би Абылайға тамақ астырып, тамақ піскенше өңгемелесіп отырғанда: Соғым сойдаң ба? Семіз болды ма? деп сұрап қалыпты. Қалымыз нашарлау болғандықтан соя алмадық деп айтқанға намыстанған Абылай сойдық депті. Онда жеңешеме сөлем айт, ұзын сарыда барамын деген екен.

Тамақ піскен соң, тамақты түсіріп алдыға әкелгеннен кейін Тіленші би Абылайдан, мына тағам ның үсті не, асты не? – деп сұрапты. Сонда Абылай: Бисмилла үсті де, асты Аллауакбар, -деп жауап беріпті.

Тіленші би Абылайға риза болып, тамақты ішіп болғаннан кейін қолынды жай, батамды берейін депті.

Тіленші қолын жайып “Адалдық сенен кетпесін, арамдық жақпасын”; - деп бата беріпті. Сол тұста Абылайдың жасы 25 шамасында екен. Сыртқа шығып аттанарда, ат ағашта байлаулы тұрған бір ту биені Абылайға жетектетіп жіберіпті.

Абылайдың алғырлығы, шешендігі, әділдігі, ешкімнен жасқануды білмейтін өжеттігі, ел ұстаудағы табандылығы мен тапқырлығы осы тұстан басталыпты деп отыратын көнекөз қариялар.

Абанның Сыбандармен арадағы жер дауын шешудегі, Аймұханбет пен Дана арасындағы дауды шешудегі биліктері “Ақсуат Атамекенім” атты кітапта жазылғандықтан қайталауды жөн көрмедім.

Шорғаның болысы Төгістің Әбділдәбегінің үйіндегі және 1920 жылдары үстем тапқа қарсы күрес ұранымен желіккен милициялардың Көкпектіде Абанды ұстап, түрмеге аз күн жауып шығардағы тапқыр сөздері мен алғырлығының нәтижесінде, айып пұл алып, шапан киіп, ат мініп қайтқан өңгімелері де сол кітапта жазылған.

Осындай бүкіл елге атак данқы шыққан халық бні Абылайды бір көруге ғашық болған бір болыстың сұлу көңілдес келіншегінің де өңгімесі осы кітапта жарияланған болатын.

Адамның қасиет-қадірі сырт байлығымен емес, ішкі байлық – жан дүниесінің саф сұлулығымен, терең сырлылығымен, сезімнің мөлдірлігімен олшенсе керек дегенмен сөзімді доғармақпын.

Қожакелді батырдың құнын қуалап, Петерборға барған, ел басқаруда бұрынғы қасиетті дана билердің жолын берік ұстаған, еліне ықпалды билердің бірі болған Айдарбек би де осы Көтебай ұрпақтары.

Қайран – Айдарбектің үлкен ұлы. Қайран алғашқылардың бірі болып, Меккеге қажылыққа барып қайтқан адам. Қайран қажы қайтыс болған соң, бәйбішесі Әлпеш те қажылыққа баласы Әрінмен бірге барып, сол жақта қайтыс болды. Әрінқажы анасын қасиетті Меккеге өз қолымен қойып қайтады.

Қайранның немересі Кәрібас Кәкімұлы парасаттылығымен, қарақылды қақ жарған әділ билігі арқылы жалғастырып, елге кең танымал кезінде 1930 жылы ГПУ баскесерлерінің құрбандығына ұшырайды.

Ата дәстүріне дақ түсірмеген Қайранұлы Әрінқажының балалары Жұматай. Дәумен. Мұхаметпақыр немересі Нәзір 1937 жылғы жазалауға ілінді.

Нәзір Жұматайұлы

Нәзірдің жолдасы Ғайнижамал (Қайныш). Нәзірдің ауылында алты қажы болыпты. Әкесі Жұматайды (шын азан шақырып қойған аты Рахымжұмағұл екен) қажы, байлар ұрпағы деп соттап, Ташкент қаласында атып тастайды. Ташкент сол кезде қазақ елінің қаласы болған. Алаш азаматтары ол қаланың қазақ елінің астанасы болуын қалағанымен, Ресей оны өзбектерге, Орынбор қаласын шет елге бергізеді де, астана Қызылорда (Ақмешіт) болғаны бәрімізге мәлім. Аталары қажы болған деп Нәзірді 19 жасында итжеккенге 10 жылға соттап жібереді. Әкесі Жұматай жуас, момын адам екен, жазықсыз сотталып атылып кетті. Нәзірге Сібірдің суық аязында ағаш кескізеді. Жас жігіт тонған кезде жанындағылар 50-100 грамм арақ ішсең, тонбайсың деп ақыл айтады. Жазасын өтеп, үйіне келгенде араққа үйреніп келеді. Міне «Жаксыдан шарапат, жаманнан кесапат» деген. Елге келгенмен, енді 58-статьямен тағы кетеді. Краснояр өлкесіне жер аударады. Келіншегі Ғайнижамал декабристердің әйелі құсап артынан барады. Сол жақта ұлы Болат туады. «Ет тәтті, қымыз ащы деген басым, қапуста, қара нанмен болды—ау асым» деп Ғайнижамал төте елге, апайларына хат жазады екен. Қуанғанда, қайғырғанда өлең туады деген рас екен. Уақыт жүрдек. Нәзір де ақталып елге келген соң, сотталғаным балаларымның бетіне шіркеу болмасын деп партия қатарына өтеді. Аудандық зат дайындау конторында бас есепші болып жұмыс істеп, осы мекемеден зейнеткерлікке шығады. Мәскеу қаласынан білім алған Мұратымның қолында немерелерінің қызығын көріп, Алматы қаласында өм ір сүріп, Кеңсай зиратын мөңгі мекендеп қалды.

Ғайнижамал апа 90 жастан асса да қайратты, өз аяғымен жүріп-тұрып, бала-шағасының қызығын көріп отыр. Жаксылық пен жамандық егіз деген осы екен. Бір кезде бейнет тартса, енді зейнетін көріп отыр.

Көтебай шежіресі

(Мәуліт ақсақалдың шежіре нұсқасы бойынша)

Бәйбішеден: Қазыбек, Сәдібек, Айдарбек, Әжібек, Жәнібек.

Тоқалдан, аты Бөкей, Бабадан, Бабахан.

Қазыбектен: Тоғамбай, Жантөлес, Бөрте.

Сәдібектен: Қараша, Танаш, Орысай.

Айдарбектен: Дос, Ес, Қайран, Мейрамбай.

Тоқалдан: Мекебай, Текебай.

Әжібектен: Әз, Әзден – Нүрсейіт, Байсейіт, Әбсейіт, Үсен, Дүйсенбі, Зейнолла, Сағатбек.

Жәнібектен: Бурахан, Тұрахан, Атахан, Байқоныс.

Бабаданнан: Барат, Сүлеймен.

Бабаханнан: Бөгенбай, Бөгенбайдан Секебай, Рысбек.

Қазыбектің Жантөлесінен: Аман, Маман, Жүмөділ.

Бөртесінен: Тоқтағұл, Ақшал, Байшал – ұрпақ жоқ.

Сәдібектің Қарашасынан: Абылай, Отыншы, Дода.
Танаштан: Мырзатай, Сапарғалы, Сапа.
Орысайынан: Апырым, Сексен.
Айдарбектің Досынан: Нұрмұханбет, Жүніс, Қасқырбай, Уәли, Иген.
Жүністен – Төлеген.
Естен: Қаптағай, Егізбай, Сегізбай.
Қаптағайдан: Көшер, Қайырбек.
Егізбайдан: Көкібай, Әлкен, Маусерке.
Сегізбайдан: Желдібай, Бораш, Бұланбай, Бұлантай.
Қайраннан: Әрінқажы, Дүйсенбай, Райымжан қажы, Көкім.
Әрінқажыдан: Жұматай, Дәуленбай, Нәзір, Кенес.
Дүйсенбайдан: Бахтияр, Мағзұм, Хасен, Құсайын, Шарахмет.
Бахтиярдан: Нұрахмет, Мағзұмнан – ұл жоқ, Бипану деген қыздың
күйеуі Кемербаев Құмар.
Хасеннен: Мәуліт, Нәби. Мәуліттен – Аманкелді, Амантай, Сөкен.
Құсайыннан: Қабыл, Қабылдан – Бейсен, Сейсенғазы.
Шарахметтің ұрпақтары Өскеменде, айдалып барып сонда тұрып қалған.
Райымжаннан: Тастакей, Тастекейден – Құлбай, Молдахмет, Құлбайдан
– Тұрсын, Жүрсін, Оралхан.
Көкімнен: Кәрібас, Әмір. Кәрібастан – Мәуліт, Тұрғазы, Нұрғазы.
Әмірден: Иманқара, Төлеуғазы. Мейрамбайдан, Мекебайдан, Текебайдан
ұрпақ жоқ.
Текебайдың Мұстафасы 1931 жылы ұсталып түрмеге кеткеннен кейін
қайтып оралмаған.
Мейрамбайдан – Бұхарбек, Құрман қайтыс болған.
Текебайдан – Байжұма, Сәрсен қайтыс болған.
Әжібектің Нүрсейітінен, Байсейітінен ұрпақ жоқ.
Әпсейіттен – Қыдырмолла, Қыдырмолладан – Қуаныш.
Құсайыннан (әкесі Әз) – Байғали, Байғалидан – Сағатбек.
Үсеннен – ұрпақ жоқ.
Дүйсенбіден – Ақмолда, Әкеми. Ақмолдадан – Көшілжан, Ғалымжан.
Әкемиден – Салықжан.
Бабаданның Баратынан: Назар. Назардан – Жайырғазы, Берікқазы,
Сүлейменнен ұрпақ жоқ.
Бабаханның Бөгенбайынан – Жекебай. Жекебайдан – Рысбек.
Мәуіліт ақсақалдың шежіре нұсқасына байланысты Көтебай руының
кейінгі ұрпақтарының берген жазба деректері бойынша:
Бабаханнан: Онтоғар, Бөгенбай, Жақып.
Бөгенбайдан: Тұрысбек, Жүнісбек, Рысбек, Зада, Шәйзада, Накыжан.
Рысбектен: Күләш, Нұрғиза, Роза, Бағиладан, Мейрамгүл, Бақыт, Сәуле,
Жұмаш.
Жұмаштан: Қымбат, Қайырлы, Гауһар.
Бабаөділден: Барат, Шыңғай.
Шыңғайдан: Базар, Зияда, Назар.
Назардан: Мәруа, Жайрғазы, Бірлікқазы, Зарыққазы.

Жайырмазылан – Рауан. Бірлікказыдан – Айжан. Зарыкказыдан – Арайлым. Сырым. Әйгерім.

Онтоғардан – Алтай, Бөкітай, Атымтай, Түсіп.

Бөкітайдан – Байғабыл, Жанғабыл, Зейнеғабыл.

Байғабылдан – Ескали, Күләш, Зияш, Гүлдана, Тұрсын.

Тұрсыннан – Айдың, Шалқар, Айнұр.

Зейнеғабылдан – Бейсен, Совет.

Түсіптен – Байділда, Сайділда.

Сайділладан – Күлпаш, Бульвар, Гүлнар, Айтказы, Айтқали.

Айтказыдан: Гульвар, Орынбек.

Айтқалидан: Куаныш, Медет.

Көтебай - Әлі: Әліден – Маман. Маманнан – Бөрте. Бөртеден – Тоғызак, Токтағұл, Аман.

Тоғызактан – Қинаят, Қизат. Токтағұлдан – Камилла, Қани, Дөметкен, Сақыпжамал.

Аманнан – Қапсан. Қапсаннан – Бияхмет, Шаяхмет.

Бияхметтен – Дүсен, Бисағи. Шаяхметтен- Сәли, Бейсен, мұқан.

Сәдібектен – Байжан, Байтөлес, Белгі, Майлыхан, Ақтайлақтан Уан.

Байжаннан – Қараша, Танаш. Қарашадан – Абылай, Асубай, Дода. Отыншы.

Асубайдан – Сөтен, Мырзатай. Бөкен.

Мырзатайдан – Байтақыр, Сләм, Нұрсипат, Сағай, Алтын, Нәнкей.

Сләмнән – Қарибек, Серік (қыз), Тұрысбек.

Қарибектен – Жұлдыз, Айжан. Балжан.

Тұрысбектен – Кәдірбек (Кәдеш), Нағима, Салима, Фарида, Маратбек. Мұратбек, Қайратбек, Гүлнара, Талғатбек, Мираатбек.

Маратбектен – Мадина, Бекзат, Мұратбектен – Ернар, Ерасыл.

Талғатбектен – Арман, Инкөр. Нұрсипаттан – Аудаш.

Танаштан – Сапа, Сапарғалидан тұрсынбай, Саркытбай.

Сексеннен – Күлзила, Орынғазы, Оразғазы.

Оразғазыдан – Дархан, Назгүл, Батырғазы, Балдырғазы, Оралғазы, Жазира, Жадыра, Айгерим, Назерке, Назира, Жанар, Еркебұлан, Гүлжанат, Абдрахман, Сейітказы Гүлнар, Гүлмира, Боранғазы, Жәзира, Перизат.

II нұсқа.

Боғасбай ұрпағы Манарбектің жинаған шежіре нұсқасы бойынша:

Көтебайдан: Айдарбек, Сәдібек, Қазыбек, Жәнібек, Әжібек.

Сәдібектен: Танаш, Байжан, Орысай, Байтөлес, Майлыхан, Ақтайлақ, Әділхан.

Орысайдан: Райыс, Оразай.

Байтөлестен: Әміре, Апырым, Айтжан.

Апырымнан: Сексен.

Сексеннен: Серікжан, Ерікжан, Майра, Мәрия, Ғалия, Серік, Еркін.

Байжаннан: Қараша, Нарт, Итбай.

Қарашадан: Абылай, Асубай, Отыншы, Дода.

Абылайдан: Мойынбай, Доланбай, Сәбек, Боғасбай.

Доланбайдан: Қадиша.

Сөбектен: Ноқа, Байтұқаш, Құман.

Боғасбайдан: Тұрысбек, Зура, Паузия, Тұрсын, Күлзия, Нүрзия.

Тұрысбектен: Бақытбек.

1. Бақытбектен: Жасұлан, Роллан.

Жасұланнан: Ерасыл.

2. Мұратбектен: Руслан, Дидар, Ерлан.

Русланнан – Дилназ.

3. Сиязбек; 4. Нүргүл; 5. Айгүл; 6. Ғалымбектен: Айжан, Еркебұлан.

7. Майгүл; 8. Жанаргүл; 9. Жаналық; 10. Дәулетбектен: Әсем, Әйгерім,

Айым, Айдос; 11. Манарбектен: Бекжан, Ернұр.

Тұрсыннан: 1. Ниязбектен: Жанерке, Еркебұлан, Есен, Тұрар, Жасұлан, Ақерке, Жұлдыз, Нұрлыбек, Руслан.

2. Болатбектен: Аман, Думан, Ләззат.

3. Ғалымбектен: Мейрамгүл, Айдана, Қайрат, Әділет.

4. Еркінбектен: Максат, Мекен.

5. Кенжебектен: Айым, Дәулетбек.

6. Анаргүл.

7. Жанаргүл

8. Қайырбектен: Ақбота, Еркеназ.

9. Қадылбектен: Серікбол, Аида.

Асубайдан: Мырзатай, Бөкен, Сәтен.

Мырзатайдан: Сләм, Нұрсипат, Сығай, Сейітхамза (Байтақыр), Алтын, Панкей.

Сләмнен: Тұрысбек, Қалибек, Серік.

Тұрысбектен: Кәдірбек.

1. Кәдірбектен: Дулат, Дархан, Динара, Данара.

2. Нағима, 3. Сәлима, 4. Фарид, 5. Гүлнара;

6. Маратбектен: Бекзат, Мадина

7. Мұратбектен: Ернар, Ерасыл, 8. Қайратбек; 9. Миратбек;

10. Талғатбектен: Іңкәр, Арман.

Карибектен: Жұлдыз, Айжан, Балжан.

Сейітқазыдан: Нұрсағат, Рая, Зоя, Жанат, Бейсен, Қанаттан; Құралай,

Меруерт, Айгерім.

Отыншыдан – Құнафиядан – Құсайын, Күбірия, Шеке.

Қожакелді елі

Бұл елден елді сыртқы жаулардан қорғап, елін тыныштықты тіршілік ету арманын іске асыруда Қожакелді, Ит (Ығит) батырлар, елін имандылыққа бастау жолында қажылықтың қатал рәсімдерін ұстаған, тағылымы мол Әпсәләм, Хасен қажылар, қазақтың егемендік алған алғашқы жылдарындағы Ақсуат ауданынан тұңғыш қажылыққа барған Жәментиков Қабыкен, Бөкенші сияқты төбе би, Жылқыайдар сияқты дәулетті бай, Мұхаметжанұлы Зейтінғазы сияқты арқалы ақын, күйма құлақ, шежіре кеуде Қабыл, Сұлтан сияқты қарттар, шайқаста жаудың үрейін ұшырған, жүздеп жауды қолға түсірген батыр барлаушылар Оралбаев Байғабыл мен Қошықов

Бейсенбектер, журналистика саласында тындырымды жұмыс істеген қаламы ұшқыр Ахметов Кенемолла мен Ғабдуллин Ұзандар, құқық қорғау саласында жемісті еңбек еткен Данин Слямкүл мен Ахметов Кәдірмоллалар, өнер саласындағы жанұялы майталман күйшілер Абуғазин Көзен мен Сафоров Қаликандар, спорт саласында Қазақстанның намысын қорғап жүрген Қалмақбаев Тұрсын, өкінішке орай, қамшының сабындай қысқа өмір кешкен, аз өмірлерінде ұлағатты істер тындырған, білім теңізін менгеріп, парасатты өмір өткізген Қазақстан мәдениет министрінің аға қызметкері Тұрысбеков Ауданбек, Қазақстан Ғылым Академиясы математика институтының бас ғылыми қызметкері, ғылым докторы, профессор Нүрекенов Токтар Кемелбайұлы, Қазақстан халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бас маманы Каримов Қажтай, Семей облыстық қауыпсыздық комитеті басқармасының қызметкері Тұрлыбеков Еркін, Ақсуат ауданы мен көршілес Шұбартау, Таскескен аудандарында басшы қызмет атқарған танымал тұлғалар Оралов Мұрат пен Тұрлыбеков Қадырлар, «Қара суды теріс ағызатын» молла Кәрменов Нұрсандар сияқты танымал азаматтар шыққан ел.

Танымал, елге белгілі, аты ұмытылған азаматтар да осының ішінде деп есептеген жөн болар.

Қожакелді батыр

Бұл тақырыпқа қалам тартушы автор Дәуітбек Нұртазин былай деп баяндайды:

Жанболаттың Токабай руынан сол дәуірде Атанұлы Қожакелді деген атакты батыр шыққан. Бұл батыр халықтың қамын ойлайтын, әрі батыр, әрі ақылды, зиялы адам болыпты. Сондықтан да орыстардың қазақ жерін отарлауына ашық қарсы шыққан екен. Жеріне кірген орыстар ертең-ақ өзіне зорлық – зомбылық жасайды, өктемдік құрады деп Боғас өзені бойына мекендемек болған орыс переселендеріне қоныс бермепті.

Бұл өлкенің бір бөлігін қоныстанған төре тұқымы – Уаң төре деген бұрыннан Қожакелдіге қарсы екен. Уаң өте ірі бай болыпты. Тек жылқысының саны ғана бес мыңнан асып жығылатын көрінеді. Сол өлкедегі «Мың жылқы» құдығы дегені сол Уаң төре қаздырған екен деген аңыз бар. Ол құдықтың бір ғажабы – сусыз шөлді даладан канал сияқты етіп, төмендете қаздырып жылқылар өздері суға жетіп, су ішіп, қайтадан қайтатын етіп қауға тартпай жылқы суаратын болған.

Осы Уаң төре переселен орыстардың атамандарына «Қожакелдіні күртсандар, қалғандары қорқады, Сонда жер сендерге қалады» – деп кенес беріпті.

Ақыры сол сөзді орындап, қазақ–орыс атаманы қалын шидің арасында жасырынып тұрып, Қожакелді батырды мылтықпен атады. Батыр елдің алдында ақ боз атпен келе жатқан екен дейді. Ол аттан құлап, ел басын сүйеп, у–шу болып жатқанда, атқан орыстар жасырынып қашып, ұстатпай кетеді. Батырдың оқ кеудесіне тиіп, сыртына шықпай қалған екен. Қорғасын оқ кеудесінің ішінде қалыпты. Қансырап жатып, бір тәулік дегенде батыр

қайтыс болыпты. Есің ер өлерінде еліне мынадай өсет-ақылын айтып кетіпті:

– Мен бұл жарадан өлемін, бірақ менің денемді жерлемей сақтандар. Менің кеудемде қорғасын оқ қалды. Соны дәрігерлер, комиссия келіп көрмесе, атқан орыстар мойындамайды. Міне жерге суық түсті, қыс келіп қалды. Менің денемді жартастағы үңгірге сөреге қойып сақтандар. Бірақ үнемі күндіз–түні күзетіп жүріндер, денемді ұрлап өкетіп жоғалтып, қылмыс ізін жасырады. Омбы қаласында менің Назаров деген адвокатым бар. Соған барындар, ол барлық жолды айтып береді. Менің құнымды Петербургтегі патшаға дейін барып іздендер. Құныма не сұрайды, сол Назаров айтады. Ал мені өлтіруге себепші болған Уан төреге не істеу керек екенін ел өзі білсін, – дегенді ғана айтыпты, жарықтық.

Айтқандай батырдың денесі жартасқа қойылып, күзетіліп тұрады. Омбы, Семей қалаларындағы ұлықтарға хабарланады. Қыс ортасы таяғанда үлкен комиссия келеді. Оның ішінде Назаровтың өзі де бар екен. Комиссия дәрігерлер оқты көріп, анықтап, құжат жасапты.

Бұдан соң сол құжаттарды алып, арызбен Петербургке патшаға Атанның бір баласы болып келетін Көтебай руынан Айдарбек, Шерубай көршілес Кеңзе руынан Тезекұлы Қисық Мұрынның ішкі руларынан қосылып барғандығы туралы «Ақсуат Атамекенім» атты кітаптың 83-98 беттерінде толық жазылғандықтан қайталауды жөн көрмедім.

Халық арасында Қожакелді батырдың көзі тірісінде өте мейірімді, қайырымды болғаны туралы әңгімелер айтылады. Қожакелді батырдың өмір сүрген кезінде Тәшкен жақтың атакты бір үлкен саудагері Салихжан деген Қытайдың Шәуешек қаласында керуен жүргізіп, сауда жасайды екен. Сол керуен жолында ол Қожакелді батырмен танысып дос болыпты.

Бірде Шәуешектен қайтып келе жатқан бетінде бір түйе айдаушы жас бала жігіт қатты ауырып, жүруге шамасы болмапты. Жігіттің өзі де «Мен еліме жетер емеспін, менің жанымды қинамандар, осы Қожакелдінің ауылында қалдырыңдар» деп сұрапты. Салихжан саудагер жігіттің айтқанын орындап, олай бұлай болып кетсе деп ақирет кебінін де беріп, қалдырып кетіпті.

Қожакелді батыр сол маңдағы атакты тәуіп Ырғызбай Досқанаұлын алдыртып, әлгі жігітті емдетіпті. Құдай қуат бергенде, әлгі жігіт біртіндеп тәуір болып, сауығып кетіпті. Қожакелді батыр ол жігітті 2-3 жыл күтіп, қазақтан қыз айттырыпты, басына үй көтеріп, алдына мал салып беріпті де, еліне жеткіздіріп салыпты. Бұл жігіттің аты Махмұт, ұлты ұйғыр екен.

Қожакелді опат болды дегенді естіп, сол жігіт сонау алыстан жылап-сықтап жетіпті. Бұл кездесуде ел ішіндегі Қожакелдінің жақындары баяғы Уан төреге тиісе беріпті. Әкеміздің құны деп Уанның 200 жылқысын елге таратып, сойып беріпті. Жылқының сұйық майын ерітіп, биік жартастың бетіне сорғалатып құйыпты. Сол майдың дағы көп жылдар бойы кетпепті. Оны ел «Майлы тас» деп атаған екен. Әлгі келген ұйғыр жігіті Махмұт «Қожакелді – менің екінші әкем. Ол әкемнің кегі қанша жылқымен болса да бітпейді. Мен Уаңнан басқаша кек алып қайтамын», – деп қаруланыпты.

Бұл кезде Уаң төре елдің қаһарынан қорықып Шәуешек қаласына – Қытай жеріне өтіп кеткен екен. Кектенген Махмұт сол Шәуешекке іздеп барып, Уаң төрені өз қолымен өлтіріпті де, сондағы елге: «Уаң төренің мойнында менің әкемнің қаны бар, «қанға қан» дейтін біздің ұйғырдың заны бар», – деп айтып кетіпті.

Ит (Ығит) батыр туралы

Ит батыр да қайратты батыр болумен қатар парасатты, ақылды, көпті көрген, еліне енбегі сіңген халық қамын өз мүддесінен жоғары қоятын адам екен. Қандай да бір барымта қайтару сапарына аттанарда «Жұрт үшін белді буайын, асырып белді қуайын, халқым қапа болмасын» деп аттанады екен. Айыбында кедей болыпты, жанұя ауыртпалығы да аз болмаған сияқты.

Көпті көрген, өзі молда Тортай ақсақал жас күндеріндегі батыр туралы естіген әңгімесін былай деп баяндайды:

Жанболат елінің жақсылары Көктұма түселіне бармақшы болып жинақталады. Бірақ батырға бірге бару туралы хабар бермепті. Жол-жөнекей батырға сәлем бере кетейік деп Ит батырдың ауылына жақындағанда, батыр бір күн салып аспанға қарап тұрыпты. Жолаушылар: Батыр, не қарап тұрсыз?– десе, –осы ауылдың жақсылары аспаннан қашан түседі екен деп қарап тұрмын депті. Аттарынан түсіп, батырдың үйіне қарай беттегенде, жолдарында тұрған келі мен келсапты көріп, мынауыңыз не деп сұрағанда батыр:

Далада жүрсем батырмын,
Үйде жүрсем қатынмын.
Әйел ауру, бала жас,
Келі түйіп жатырмын
Түссендер үйлерін міне

Түспесендер жолдарың өне, – дегенде, сөзден тосылған игі жақсылар атшапан айыбын беріп, Ит батырды өздерімен қоса алып кеткен екен дейді. Жоғарыдағы жолдар басқа да батырларға телініп айтылатын жағдайлар кездеседі.

Ит батыр туралы келесі бір әңгімені 90ға тақап дүниеден озған Қызыр ақсақал бұл әңгімені жас кезімде Ескендір молдадан естіп едім деп былайша баяндайды:

Бөкенші төбе би болған адам екен. Бөкеншімен өткен бір төбе билікте, Мамырбек төре, руы Керей, Бөкеншіге жамбы тағып ат мінгізіпті. (1 жамбының құны 1 қаймал інген, болмаса 3 жылқы екен).

Ит батыр кеуде керу, көкіректігі жок, батырлығымен қоса адамгершілігі мол, өте кішіпейіл адам болыпты. Бөкеншінің ауылына келген қонақтардың қолына елеген алып су құйып, құрмет көрсетеді екен. Сонда замандастары: Сен немене, Бөкеншіден қорқасың ба? – дегенде, қазақта «Өзіңді өзін сыйласаң, жат жанынан түңілер» деген сөз бар емес пе. Батыр елеген алып, су құйып, қошемет көрсетіп жүрсе, Бөкеншінің абыройы одан әрі аса бермей ме деген екен.

Осы төбе билікте балуан сайысы болып, Мамырбек төре Бөкеншіге балуан тап десе керек. Қытайдың балуанын төрт кісі шынжырлап жетелеп әкеледі. Тартынғанда төртеуін төрт жаққа ұшырады екен.

Бір кезде Молдабай Бөкеншіге келіп, маған батаңызды беріңіз, мен шығайын депті. Сонда Бөкенші мынау сені жеп қоймай ма? – десе, жоқ батанызды беріңіз, мен түсейін деген соң, Бөкенші батасын беріп, сол жолы Молдабай дәу қараны ашасынан бірақ ұрып жығып кеткен екен деп өңгімелейді.

Бұл елден Жылқыайдар, Маман сияқты ірі байлар да шыққан. Жылқыайдар жылқының көптігінен жылқыны санамайды екен. Жылқыларын түгендегенде, бір үлкен сайға түсіреді екен де, егер сай толса, жылқы түгел деп есептепті. Келесі бір кезекте жылқыны бір үлкен сайға түсіргенде, жылқы сыймай бірнеше айғыр үйірі төбеде қалыпты. Сонда Жылқыайдар бабамыз қатты күрсініп, «Егер жылқы сайға сыймаса, бастан бақтың тайғаны екен» деп өкініш айтыпты, артынан ұзамай өзі де дүние салыпты. Бұл бұрынғының үлкендерінен естіген бірер адамның байлығы. Ал осы ел Қалба жайлауына көшерде Көкпекті өзеніне келіп, су ішкен жылқылардан өзен суы мүлде азайып қалады екен деген ескіден қалған сөз бар, соған қарағанда жылқылы байлардың да саны мол болғанға саяды.

Бұл елден Зейтінғазы сияқты дүлдүл ақын шыққан да ауыл. Мұхаметжанұлы Зейтінғазы 1930 жылдары Қытайға өтіп Алтай аймағы Шінгіл ауданында тұрып, 1960 жылдары дүние салыпты.

Кезінде «Ақсуат арайы» газетінде жарық көрген Зейтінғазының «Ел мен жерді сағынғанда», «Елге сәлем» атты екі өлеңі елді, жерді, туыскандарды сағыну тақырыбына жазылып, ақынның өз басындағы қайғысы мен қасіретін, өкінішпен өткен өмірін дәл және аянышты халде баяндайды. Амал не, Қытай өкіметі ақынның өзін түрмеге жауып, қаншама еңбектерін тәркілеп, жойып жібергені өкінішті–ақ.

Алтын, күміс, қорғасын

Нендей асыл болмасын.

Тартады өз тегіне, – дегендейін, Зейтінғазының ортаншы ұлы Құрманбек әке тегіне тартып, үлкен айтыскер төкпе ақын болыпты. Естуімізше қазір де Қытайда бас ақын көрінеді. Осы абзал азаматтың әке жұртына келе алмай, Қытай жерінде тұрып жатса да естіген бір–екі өлеңін халыққа таныстыра кетуді жөн көрдім.

Әкем туған Ақсуат

Әуелі саған мын сәлем,

Әкем туған Ақсуат.

Орайы келген Мұрсамен,

Мұндасайын жақсырақ.

Оған да менің шарам жоқ,

Өгейсің сен Ақсуат.

Тумаған мен де балаң деп

Тұрмысың әлде жатсырап.

Даңғайыр дархан даласын

Бар ма сенде нағашым

Мінетұғын ат сұрап.

Жатсынсан жанды

қинайсың,

Оған да несін жасиын.

Тұрмысың маған кимай

шын

Әкемнің салған тас үйін.

Неге ылдилап бересің,

Боғас пенен Тебіске.
Ойларымның өресін,
Жібермесенші өріске.
Анарындай анамның,
Базар менен Қарғыба.
Шалғынында жағанның
Әкемнің ізі қалды ма?
Бір гүліне тиіспейін,
Еркелер акын қайда елге.
Топырағын иіскейін,

Бабамның басы қай жерде.
Танысып мынау жеріммен
Табасып елмен сырласып.
Кетейін деп келіп ем,
Топырағын бір басып.
Аңсаған ата мекенім,
Өлеңім саған таққан гүл
Риза болып кетейін,
Кейітпей мені аттандыр.

Құрманбек Зейтінғазыұлы 30 қараша 2004 жыл.

Құрманбектің Қытай жерінде руы Уак Жамалхан

Қарабатырқызымен айтысынан үзінді

Жамалхан: Құрманбек сөз сөйлейсің өрлегендей,
Айтыста ешбір бөйге бермегендей.
Өкіріп Найман шалдай өле қалсаң,
Тақыр шапка көмейін, жерге көмбей.

Құрманбек: Жамалхан сөздеріңнің жалғаны жоқ
Мен әйелден жеңіліп қалғаным жоқ.
Токсанда атам өлген қыз құшақтап
Мен солай өлсем егер арманым жоқ
Сен болсаң айтыстағы нағыз айым,
Мендағы тілдің майын тамызайын.
Айтыстың ай-жұлдызы өзің болсаң,
Төбеңнен лазерь болып ағызайын.
Жамалхан ұнай ма екен бұл әдісін,
Өзінді өзің ауызға ұрамысын
Айтыста жалаң бассың сахнада
Қай өртке жанып еді шылауышың, депті

Әрине, бұл елде еліне жұртына танымал адамдар өте көп болған. Барлығының өмір жолын баян ету мүмкін емес. Бұл келешек ұрпаққа беймәлім тұлғаларды іздестіруге себепші болар деген ойдамын.

Байғабыл Оралбайұлы (1919-2001)



Байғабыл Оралбайұлының өмір жолы істеген қызметтері мен Отан соғысындағы ерліктері «Ақсуат – Атамекенім» атты кітаптың 298- бетінде толығымен жазылған болатын. Дейтұра Бөкеннің айтыс ақыны Замантай Оразбайұлымен кездескендегі акынның есте қалған толғауын осы жинаққа енгізуді жөн көрдім.

“Ақсуат Атамекенім” атты кітапта “Барлаушы Байғабыл” деп алынса,
ақын толғауын “Ақсуаттың Байғабылы” деп алдым.

1919 –шы жылда туған
Жастайынан еңбекке белді бұған.
Толғанда жиырмаға жігіт болып
Сұранып армияға өзі барған.
Границаны қорғауда Забайкалда
Екі жыл граница да сержант болған.
Жүргенде границада сержант болып,
41-дің жылында қанды жорық
Ленинград фронтына жүріп кеткен,
Пулеметін меңгеріп алған толық
1942-інші шілде айы,
қаптаған қалың неміс толған маңы.
Екі офицер 25 солдатымен,
Байғабыл пулетпен атып алды.
Осындай несітерге боран салған,
Грамота силықпен медал алған.
Байғабыл өзі мерген, өзі Балуан,
Көрсеткен ерліктерін алуан – алуан
Енгезердей немістің офицерін,
Үстап алып полкке алып барған.
Немістің найзағайдай оқтарынан
Жараланып өзі тек аман қалған.
4-ай жатып ауруханадан шықты аман,
Қанды соғыс немістер түрі жаман
43-ші жылында тамыз айы
Неміс қашты жеңіліп елге таман.
Көбі өлген жете алмай жерлеріне,
Туып өскен жасынан елдеріне
Гитлер «Капут» болды деп шулап шегініп,
Көмүсіз қалды Совет белдерінде
Днепрді қорғаған жанын салып,
Пулеметін құшақтап қолына алып
Туған елін қорғаған ерлігі үшін
Қызыл жұлдыз орденін алды тағып
Бөкең барған Кенсберг қаласына,
Польшаның қанды соғыс даласына
Әкелген жеті немісті ұстап алып
Барлауға барған сәттің арасында
Кеудеге Данк орденін тағы тақты
Болмайды Бөкеңменен таласуға
Осындай Ақсуаттың ардагері,
Қан майдан қаһарланып жүрген жері
Мандайын сипап қойып айтты маған.

Осындай ағанның көп көргендері
Николай, Яша, Пушкин жолдастарым.
От кешкен Отан үшін қандастарым
Польшаның Данук атты қаласында
Керемет бір ерлікті мен бастадым.
Үш жүз неміс подвалда жасырынған,
Біз сездік жатқан оның тасырынан
Үш жігіт пулеметпен қоршап алып,
Жерінен айдап шықтық жасырынған.
Үш жүзін ротаға келдік айдап,
Немісті сүмірейген жіпсіз байлап
Николай, Яша, Пушкин, Байғабыл деп,
Жіберді тұрған полк ол ұралап.
Үшеуімізге Қыыл жұлдыз орденін берді тағып,
Грамота медалдар қоса алып.
Польша жерін қорғаған ерлік үшін
Осындай солдат болдық абырой алып.
Деп Бәкен ерліктерін айтты ашып,
Қашты деп талай неміс қара басып
Мұны естіп қиял қозған менде кеттім,
Жазуға ерлік істі араласып
45 жыл қантардың сегізінде
Польша жерін тазарттық негізінде
Германия жеріне басып кірдік,
Атақты «Фра» деген теңізіне
Немісті сол қуғаннан жүре жықтық,
Соғыстың нелер ауыр сырын үктық
Советтің қаһарман Армиясы
Немістерді Берлинге әкеп бірақ тықтық.
Замантай саған шындық сырымды айттым,
Соғыстың бес жыл бойы дәмін таттым.
Бес рет жараланып өлмей қалып,
Жылында қырық алтыншы елге қайттым.
Жетпістен ассадағы Бәкен тарлан,
Барма екен кеудесінде шіркін арман.
Ұл ұяға қыз қияға қонып отыр
Шығады жақсылық сөз әлі алдан,- деп жырлапты.

Өмірде армансыз адам болмайды ғой, бірақ Бәкеннің артында отбасының жүрегі шаңрақтың тірегі болып ақиреттік жолдасы Асыл қалды. Ермек сияқты ұлмен Ләйлә, Нәйлә сияқты шаңырақ көтерген жанұялардың ақылшысы болып немере қызығын көріп батырдың ұрпағын жалғастырып отырған ұлағатты ана.

Данаұлы Слямқұл



1906 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында (бұрынғы Нарын болысында) өмірге келген.

Руы Тоқабай оның ішінде Атан, Атан ішінде Кәргені. 1928-1930 жылдары Көкпекті ішкі істер бөлімінде милиционер болып жұмыс істеп жүрген жылдар ішінде аса үлкен жауапты жұмыстардың тікелей ұйымдастырушысы бола біледі.

Шебер ұйымдастырушы іскер басшы ретінде таныта білген Слякенді 1942 жылы Абралы ауданының ішкі істер бөліміне начальник милиция етіп тағайындады.

Еңбек ете жүріп білім жетілдіруді ізденімпаздығы мен табандылығын таныған басшылар оны 1944 жылы Шар ауданының ішкі істер бөліміне начальник етіп жіберді.

Өз ісіне деген адалдығы, карамағындағы қызметкерлерге талапшылдығы жұмысты ұйымдастырудағы біліктілігі басшылардың назарына ілініп 1948-1953 жылдары Абай ауданында, 1953-1956 жылы Көкпекті ауданында, 1956-1959 жылдары Шұбартау ауданында ішкі істер бөлімінің начальнигі қызметін атқарды.

1959 жылы майор шенінде зейнеткерлікке шыққаннан кейін туған еліне оралып өмірінің соңына дейін Ақсуат ауылдық кеңесінде еңбек етті.

Еліне еңбегімен сиы болған азаматты Үкімет тарапынан да елеусіз қалдырған жоқ. Ол Қызыл жұлдыз орденімен және бірнеше медальдармен, мақтау грамоталарымен марапатталды. Тегі еңбек еткеннің, тер төккен жанның елге елеусіз болуы мүмкін емес. Адами биік қасиет, өзгелерге жәрдемдесу, табанақы, маңдай термен ғана тірлік жасау – Данаұлы Слямқұлдың қайталанбас қасиеті деуге болады.

Ол қай қызметте істемесін басындағы бағын да, астындағы тағын да бұлдап, бөлдене білмеген абзал аға, өз басының қам – қарекетінен гөрі қоластындағылардың талап-тілек, мұң-мүддесін алға қоятын. Мүмкіндігі жеткенше кімге де болса жақсылық жасау – тек Данаұлы Слямқұлдың ғана қолынан келуші еді дейді көзін көргендер.

Өмір қосқан қосағы Шәкүра екеуі Мәдениет, Роза, Болат, Клара, Мұрат сияқты балаларды өмірге әкеліп тәрбиелеп өсірген жандар.

Осы кісімен бірге туысатын Данаұлы Слямбек те қарапайым жұмыскер, әзіл мен қалжыңның шебері, досшыл, туысшыл, ақсақал болатын.

Әркез дастарханы жаулы, қолы ашық адам еді. Бәйбішесі де өзіне сай, мінезі де, сыпайы, пейілі кең, жылы жүзді жан еді.

Слямбек пен бәйбішесі екеуі өмірге Әдебиет, Талғаттай ұрпақтар өкеліп, немере сүйіп өмірден өтті.

Ахметов Кенемолда – 1906 жылы Ақсуат ауданында туған. Ескіше де, жаңаша да оқыған білімді азамат болған. Облысқа белгілі журналист ретінде атағы шыққан адам. Ақсуат ауылдық кеңесінде хатшылық жұмысты істеп жүргенде 1942 жылы Ұлы Отан соғысына алып, 138-АД, 630 АП – құрамында ұрысқа қатынасып, 1943 жылы 20 желтоқсан айында не бәрі 37 жасында қаза болып, Кировоград облысы, Чичрин ауданы, Матвеевка деревнясында бауырластар зиратында жерленіпті. Орнында бар оналар дегендей, артында қалған ұлдары: Мүпти қайтыс болып, Мұраты Семей қаласында тұрады, қыздары Шәкен Жантікей ауылында, Күләш Би Боранбай ауылында тұрып жатыр. Қалима, Есей, Есет деген немерелері бар.

Ахметов Кәдірмолда 1914 жылы Ақсуат ауданында дүниеге келген. 1937 жылдан КПСС қатарында болған, кезінде заң мамандығын алып, Ақсуат аудандық прокуратурасында пом прокурор болып жұмыс істеп жүргенде, 1941 жылы армия қатарына алынып, Владивостокте, Хабаровскиде шекара әскери құрамында болады. Әскери шекара күзетін атқарып қайтқаннан кейін Көкпекті ауданында прокурор болып жұмыс істейді. 1947 жылы туған жері Ақсуатқа оралып келгеннен кейін, 1948-1951 жылдары жоғары партия мектебін бітірген соң, 1962 жылға дейін зат дайындау мекемесімен тұтынушылар одағында басшы қызметте болады.

Жолдасы Рахметжанова Иіс 1918 жылы Ақсуат ауданында туған. 1936 жылы Ақсуат аудандық оқу бөлімінің жолдамасымен Алматы қаласында оқып, библиотекалар даярлайтын мамандық алып шығады. Оқу бітіріп келгеннен кейін 1939-1941 жылға дейін аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып жұмыс істейді. 1941-1945 жылдары колхоз төрайымы, бастауыш партия ұйымының хатшысы, 1945-1954 жылдары аудандық әйелдер ісі жөніндегі нұсқаушы, 1955-1963 жылдары аудандық партия комитетінде кітапханашы, 1965-1975 жылдары аудандық тұтыну одағында хатшы, кейіннен сатушы болып жұмыс істейді. 1937 жылы Алматыда өткен ЛКСМ съезіне делегат болып қатынасады. Еңбек еткен жылдарында марапаттан да кенде болмаған, кезінде Ұлы Отан соғысының 50 жылдық мерекесі медалімен, Социалистік жарыстың жеңімпазы, тың жерді игеру, В.И.Лениннің 100 жылдық, Еңбек ардагері медальдарымен марапатталған. Замандастары Ақжайлау - Өкпеті өңірінен алғаш озып қызмет істеген әйелдің бірі еді деп еске алады.

Жолдасы Кәдірмолда 1962 жылы 48 жасқа қараған шағында дүние салғаннан кейінгі қиын сәттердегі отбасы мен үйдің сақтаушысы мен жебеушісі болған ұлағатты аналардың бірі деуге болады.

Жолдасы Кәдірмолда бүкіл саналы ғұмырын туған ел мүддесін биіктетуге арнаса, өмірлік жолдасы Иіс өз атауында ана, мейірлене жар сүйіп, ұрпақ тәрбиелеген қадірменді аналардың бірі.

Кәдірмолда мен Иіс апай Болат, Станбек, Максұт сияқты ұлдарды, Сания, Салима, Алима, Фарид, Кәлима, Жанар сияқты қыздарды өмірге өкеліп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған жандар. Иіс апай балаларынан 34

немере, 30 шөбере сүйіп, 80 жасқа караған шағында 1998 жылы дүниеден озды.

Тоқтар Нүрекенов – ғылым докторы



Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының теориялық және қолданбалы ма-тематика институтында ширек ғасырдан астам уақыт ғылым жөнінде жемісті еңбек етіп жүрген Тоқтар Кемелбайұлы Нүрекенов. Көп жылғы ғылы-ми-зерттеу жұмысын қорытын-дылап докторлық диссертация қорғады. Физика-математика ғылымының докторы атағын алды.

Қазіргі кезде математика ғылымында сызықты емес, интегро-дифференциалдық тендеулер теориясы даму үстінде. Бұл тендеулер ғылымда, техникада, физикада жиі кездеседі. Олардың шешулерін табу қазіргі кезде кезек күттірмейтін мәселе. Т.Нүрекеновтың диссертациялық жұмысы осы мәселелерді зерттеуге арналған. Жұмыстың тақырыбы – «Типі Уррысондық интеграл операторларының қасиеттері және оларды сызықты емес интегро-дифференциалдық тендеулер шешімдігінде қолдану». Жұмыстың ғылыми оппоненттері физика-математика ғылымының докторы, Өзбекстан ҒА корреспондент-мүшесі Ш.А.Әлімов, физика-математика ғылымының докторы П.П.Забрейко (Минск қаласы), физика-математика ғылымының докторы, Тәжікстан ҒА корреспондент-мүшесі Е.М.Мұхамадиев болды. Осы ғылыми еңбекте функционалдық кеңістіктегі сызықты емес интегралды, интегро-дифференциалдық және дифференциалдық тендеулерді зерттеулердің негізі әдістерін, сызықты емес интегралдың операторларын оқуға, оны банахтық, функционалдық кеңістіктегі интегралдық тендеулер жүйесіне қолдануға арналған. Диссертацияда оң жағы кез келген дәрежеде өсетін сызықты емес мембрана тендеулерінің шешімі болатындығы бірінші рет дәлелденіп отыр.

«Қазақстан мектебі» журналы ұжымы Тоқтар Кемелбайұлын ғылым жолындағы зор жетістігімен құттықтап, табыстан табысқа жете беруге тілек білдіреді, - депті.

Нүрекенов Тоқтар Кемелбайұлының өмір жолы

Нүрекенов Тоқтар Кемелбайұлы 1937 жылы февральда Семей облысы Ақсуат селосында дүниеге келген. 1945 жылы БЛКЖО-ның 30 жылдығы атындағы Ақсуат орта мектебіне оқуға түсіп, оны 1955 жылы бітірген. 1956 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-нің физика-маъематика факультетіне оқуға түсіп, оны 1961 жылы математика мамандығы бойынша бітіріп

шыққан. Сол жылы, яғни 1961 жылы Воронеждің Мемлекеттік Университетіне (ВГУ) сызықты емес, функционалды талдау (нелинейный функциональный анализ) мамандығы бойынша конкурстан өтіп, аспирантураға түскен. Токтардың ғылыми жетекшісі атақты математик Марк Александрович Красносельский болыпты. Аспирантураны бітірген соң 1964-1967 жылдары Көкшетаудың Ш.Уалиханов атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында аға оқытушы болып қызмет атқарады. 1966 жылы «О неотрицательных периодических решениях систем интегро-дифференциальных уравнений» деген тақырыпта Воронеж университетінің ғылым советінде (кеңесінде) кандидаттық диссертацияны қорғайды. 1967 жылдан ҚР Ғылым Академиясының математика институтында қызмет істейді. Қызметті кіші ғылыми қызметкерден бастап, бас ғылыми қызметкерге дейін жетеді.

1994 жылы 19 қаңтарда Ташкенттегі В.И.Романовский атындағы математика институтының арнайы кеңесінде «Свойства интегральных операторов типа Урысона и их приложения к разрешимости нелинейных интегро-дифференциальных уравнений» деген тақырыпта докторлық диссертацияны қорғайды. 1998 жылы ЖАК профессор атағын береді. Сызықты емес дифференциалдық теңдеулер жүйесі бойынша Банах кеңістігінде үш кандидаттық диссертацияларды Т.И.Амановпен бірге қорғатыпты, өйткені ол кезде кандидаттарға жеке ғылыми жетекші болуға ұлықсат жоқ еді, ерекше ВАК-тің ұлықсаты болмаса. Докторлық диссертацияда сызықты емес Урысон тектес интегралдық операторлардың теориясы негізінен толық шешіліпті. Қазір сызықты емес санакты дифференциалдық теңдеулерге қолдану теориясының кейбір бағытын жасап жүрген.

Осы жоғарыдағы физика-математика саласындағы еңбектері бағаланып, Қазақстан білім және ғылым министрлігінің жоғары аттестациялық комитетінің 14 сәуір 2003 жылғы №278-5ж бұйрығымен, А.Құсайыновтың төрағалық етуімен 01.01.01 математикалық анализ мамандығы (еңбектері) бойынша физика-математика ғылымдарының докторы Т.К.Нүрекенов Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды МУ ғылыми кеңесінің құрамына енгізілген екен.

Ол кометалардың жермен соғылысуы, соның нәтижесінде көптеген обалардың пайда болуы туралы өзінің көзқарасы бар екені және сол көзқарасын дамыту үстіндемін деп жазды. Ол жөнінде журналдарға мынадай мақалалар жазыпты: Білім және еңбек, №5, 1983 ж, Известие АН КазССР, геология сериясына №2, 1983 ж, Наука Казахстана (газета), №1-2, 1995ж, Вестник МН-АН РК №3, 1998 ж, Жас Алаш, 95 ж ғылыми еңбек, мақалаларын шығарды. Абайдың өлендері жайында «Жас Алаш», 12 тамыз 1995 жылы, Егемен Қазақстан газеттеріне мақалалар жариялаған.

Өзінің сүйіп қосылған жары Гүлсарадан Қанат, Айдос атты ұлдарды, Жібек, Айша, Шолпан атты қыздарды өмірге әкеліп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған үлгілі де өнегелі отбасы еді. Амал қанша, дүбірлі 60 жасын тойлағаннан кейін көп ұзамай өмірден озды. Орнында бар оналар дегендей

Токтардай ғұлама ғалымнан туған жетелі ұрпақ орнын ойсыратпас деген ел-жұртының тілегі ақталар деген үміттеміз.

Токтар жайында айтар болсақ, ол қаршадай күнінен бастап ауылда ерінбей еңбек етті. Марқұм Байғабыл Оралбаев ағамыз: Токтар кітап оқып жатқанда, үстінен түйе жүрсе де қозғалмаушы еді, - деп куәлдіретін. Ауылда оқу оқып жүргенде марқұм Ауданбек деген азаматпен бірге оқып, бір үйде тұрыпты. Ол жылдар Отан соғысынан кейінгі ауыр жылдар ғой. Екеуі даладан отын шауып әкеле жатқанда, Токтар тұра қалып жұлдыздарға қарап, біз үйге мынадай сағат пен минутта жетеміз дейді екен. Сол айтқан сағаттарында үйге келетін көрінеді. Кейде Ауданбек: Ей, Токтар, көп сөйлемей жүр, тездеп үйге жетелік, - деп ренжіген күндері де болды деп өңгімелейтін. Міне осындай бойында дарыны бар Токтар мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына түсіп, математика мамандығын алып, білім саласындағы баспалдақтардан сүрінбей өтіп, математика ғылымының кандидаты, іскерлік біліктілігі, биік кәсіби шеберлігі мен ғылым жолындағы ізденіс жұмыстарының арқасында арқалы ғалым болды. Соның нәтижесінде 1994 жылы 19 қаңтарда математика ғылымының докторы әрі профессор атағы беріліп, Е.А.Бекетов атындағы ғылыми кеңестің құрамына енді.

«Білім бақтың жібермейтін қазығы

Білімсіз бақ әлдекімнің азығы», деп М.Әуезов айтқандай, өз бақытын білімнен тапқан, әрдайым адамға ізетті, кішіпейіл, өте мәдениетті, өз ісіне мығым, отбасынан бақыт күшқан азамат еді. Токтардың бойындағы қарапайымдылық қасиеттерін сөз етсек, мен 1976 жылы тегіндегі Ленин жолы совхозында партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істедім. Токтар ауылына келіпті дегенді естіп, арнайы барып, жолдасы мен екі баласын үйге алып келдім. Біз отырған үй кезеңнен түсе берістегі еңісте орналасқан еді. Кезең басына келгенде Токтар, аға, біз осы арадан жаяу жүріп баралық дегеннен кейін, машина жанұясын біздің үйге алып кетті де, біз үйге жаяулап келдік. Жол-жөнекей Токтар жол жағасындағы тастардың бірталайын қалтасына салып алды. Мұны неге алып жатырсың дегенімде, бұл тастар кометаның бөлшектерінің қопарылысынан пайда болған тастарға ұқсайды екен деген уәж айтты. Сонымен біздің үйде бірер күн болғаннан кейін жанұясымен «Өкпеті-Қызылтасты» көрсетуге алып кеттім. Өкпетіге барғаннан кейін атпен жүріп көп жерді араладық. Онда да сол өңгіменің көпшілігі Өкпетідегі қатпар-қатпар орналасқан тастардың тарихы туралы болды. Бұрынғы тас тас па, екі қалтаны әбден тасқа толтырды. Қайта оралғаннан кейін бір жұмадай біздің үйде болып, қайтарда «Бөртостағанға» соғып, үйіне апарып салдым. Осы бірге жүрген күндеріміздің ішінде Токтардың аузынан бір ауыз дүние сөзін естімедім. Сол жолдағы айтқан ғылыми өңгімелерін жазуға, бұл жазылып отырған өмір жолына сыйғызу мүмкін емес.

1979 жылы мен Ақсуат совхозында директор болып жұмыс істеп жүргенімде бір күні егістікті аралап «Қарғыба» өзенінің басындағы су мөлшерінің қанша екенін біле кетейін деп «Қарғыба» шатына барсам, тоғайлы аймақта бір адам жатқанын көріп, жұмыс уақытында жатқан бұл

қандай адам екенін біле кетейін деп бұрылсам, орнынан тұрып амандасып жатқан Токтар екен. Ой, бауырым, сендер бұл жаққа қашан келгенсіңдер деп сұрасам, он шақты күн болды дейді. Ал жарайды. Содан бері неге келіп аман-сәлем жасамай жүрсің десем, сіздер қызмет адамы болғандықтан, мазаларыңызды алған ұят кой деп түр. Көлігін бар ма, үйіне апарып салайын ба десем, қазір бір көлік келеді дегеннен кейін, онда үйге келіп қонақ болып кет дедім де, жүріп кеттім.

Ертеңінде кешке Гүлсара келін Токтарды ертіп үйге келіпті. Келін: Бауырыңызға мен келген күні ағаның үйіне барып амандасып қайталық деп айтқам, оған бауырыңыз біз сияқты демалыста жүрген адамдар емес мазасын алуға болмайды, ұят болады деп көнбей қойды, - деп ақталып жатыр. Міне, Токтар бойында қанша ғылыми дәрежесі бола тұрса да, ұялшақ, кішіпейіл, менмендігі жоқ, бала мінезді азамат еді. Тұла бойында ғылымнан басқа ойы жоқ, «қазақтың Эйнштейні» еді десе, артық айтпағандық болар.

Қорыта айтқанда, кейінгі жас ұрпақ жырдан кесте төккен ақындардың да, сөз өрнегін айшықтаған жазушылардың да, көмекейіне бүлбүл ұя салған өншілердің де, аты аңызға айналған білімі телегей-теңіз ғұлама ғалымдардың да түгелге жуығы бір кездегі ауылдың кара домалақ баласы екенін өсте естен шығаруға болмайды.

Сол кара домалақ балалардың бірі Токтардың қарапайым, мейірімді, адамгершілігі зор ұстаз болғанын елімізде математика ғылымының өркендеуіне зор үлес қосқан ғалым ретінде кейінгі ұрпақ ғибрат аларлық, үлгі-өнеге тұтарлық аға ұрпақ өкілі екендігін айтқан орынды болар.

Тұрсын Қалмақбайұлы



Тұрсын өмір бойы ауыл шаруашылығында жұмыс істеген бүкіл саналы өмірін өзі істеген шаруашылықты дамытуға арнаған азамат.

1957 жылы Ақсуат ауданының бес колхозы Комсомол, Калинин, Социалистік, Жданов, Карл Маркс колхоздары Ақсуат МТС қарайтын.

Осы аталған колхоздармен келісім шарт арқылы барлық ауыл шаруашылық жұмыстары осы МТС арқылы атқарылатын.

Осы жоғарыда аталған жылдары Тұрсын МТС-та тракторист болып жұмыс істеді.

Сол жылдары Кіндікті, Лаба елді мекендері Карл Маркс колхозының отгонды жердегі орналасқан фермалары болатын.

1957 жылы осы фермаларда қар қалың жауып қыс өте қатты болды. Отардағы қойлар дала жайылымына шыға алмай мал шаруашылығына өте

қолайсыз жыл болды. Осы жылдары мен Ақсуат МТС да зоотехник болып жұмыс істейтінмін. Жоғарыдағы фермаларға көмек көрсету мақсатында мені өкіл етіп жіберді. Тұрсын тракторына прицеп тіркеп Карл Маркс колхозының орталығынан бір прицеп комбикорм тиеп бес қосалқы жұмысшы алып отгонға аттандық (жұмысшылардың ішінен тек Кенжебек деген азаматтың аты есімде қалыпты, қалғанын ұмытыппын).

Ол кездегі басты көлігіміз ат. Шанасы барлар оны ол кезде «кочевка» деп атайды, шана шегеді де, жоқтары осындай 130 шақырымдық жерлерге салт атпен жүре береді.

Ауылда отгондағы ферманың есепшісі Ерғалиев Төлеш деген азамат жүр екен, шанасында әйелімен жас баласы бар. Сапарымыз бір болған соң, мен атымды соның шанасына парлап шегіп жолға бірге шықтық.

Жолшыбай сол жаққа ұзатылған қызының жүгін апара жатқан, биесіне шана жеккен бір ақсақалмен апа қосылды, ауыздары ораза бізбен қоса жүрді.

Барлығымыз күн еңкейіп батар шамасында «Қара оба» деген жерге келдік. Күн бұрқасындатынқырап тұрды. Сол ауылда Сұлутал колхозының төрағасының орынбасары Құсайынов Қыдырмолла деген азамат кездесіп, бізге сендер бүгін осында еру болыңдар, мына боран қатайып кетсе жолда қаласыңдар деген уәж айтты.

Мен келе жатқан жігіттерге еру болуға қалай қарайсыңдар?-дегенімде менің қасымдағы Төлеш деген азамат сол баратын жеріміздің тұрғыны, жер жағдайын жақсы білетін жолбасшы ретінде, бұл борасын біраз соғып тоқтайды, межелі жерге ерте жетуіміз керек деген пікіріне қосылып ілгері жүріп кеттік.

Біраз уақыт жүргеннен кейін боранның қаттылығы соншалықты шанаға шегіп келе жатқан атты көре алмайтын жағдайға жеттік. Жолбасшы, аттар өзі ауылды тауып апарады деген сөзін желеу етіп жүріп келеміз.

Біздің артымызда ат шана жеккен ақсақал, оның артында прицеп тіркеген үстінде жеммен жұмысшылар отырған трактор келе жатқан.

Енді біраз жерге келгенде трактордың жарығы да, дауысы да естілмей қалды. Жол қайсы, бірге келе жатқан жолаушылар қайда екенін біле алмайсың. Одан әрі бірімізді біріміз көруден де қалдық. Жолбасшыға қой біз ел табармыз, не адасармыз көп ұзамай арттағыларды тауып алайық, олар қолайсыз жағдайға ұшырап қалмасын, не көрсек бір көрелік деген шешімге келдім.

Кері жүріп айқайласақ бір дыбыс естіледі, солай қарай аттарды бағыттап жүріп келеміз. Кім білсін тура жүріп біліп таптық деп айту өте қиын, әйтеу құдай оң бастап арттағы келе жатқандарды тауып қосылдық.

Боран алай-дүлей қатты соғып тұр. Артта қалғандардың дауыстауымен қасына келсек прицеппен адамдар тұр. Тракторист қайда десек, сендер осы арада болыңдар мен елді мекен тауып кісі алып келемін деп тіркемесін ағытып өне кетіп барады дейді. «Жау іші жау жалау» дегендей пардағы атты доғартып жолсерікті тракторды қайтарып алып келуге жібердім. Көп ұзамапты даусы естіліп жарығы көрініп барады екен, адасып кете ме деген оймен екінші атты доғартып, бір кісіні сол атқа мінгізіп ұзын арқан бар еді,

сол арканның бір ұшын атты кісіге, екінші ұшын тіркемедегі жігіттер ұстап жолсерік кеткен жакка қарай дыбыс беріп тұрды. Әйтеуір құдай ондағанда адаспай трактор қайта оралды.

Ендігі жерде адамдарды аман алып қалу мақсатында прицептің үстіндегі мөшекпен тиелген жемдерді адамдарға ықтасын жасау мақсатында тіркеменің айналасына қар кірмейтіндей етіп жинап алдыңғы жағына палатка жаптық.

Тіркеменің астына аузы оразада ақсақалмен апаны, балалы әйелді орналастырып, қалғандарымыз ықтасынды басып қалған қарды таң атқанша күреумен болдық. Түн ортасы ауғаннан кейін жігіттердің қар күреуге де шамасы келмей ықтасынды қар басып қалды.

Осындай қарбаласта жүріп трактордың өшіп қалғанын Тұрсынның арамызда жоқ екенін байқамай да қалыппыз.

Трактордың жанына барып кабинасын ашып қарасақ, Тұрсын кабинада отыр. Түс десек түскісі келмейді, мен отыра беремін дегенді айтады. Киімі де жеңіл екен, қатты мұздап қалған болуы керек. Кабинадан түсіріп ықтасынға кіргіздік.

Не керек, таң атар емес, таңата боран біраз басылды. Барлығымыз қатты тоңып тұрмыз. Алдында бірімізді біріміз итеріп жылынған болып жүр едік, олда пәлендей жылыта қоймады, жігіттер қалжырап шаршады. Ішіміздегі бір азамат түн ортасынан ауған мезгілде мына мөшектегі комбикормның біреуіне солярка құйып от жағып жылынайық деген ұсыныс жасады. Айтқаның істеп жағып жылынған болдық. Ол жылынуымыз боран ұшырып тұрған қарды үстімізде ерітіп таң ата үстіміз түгел саудыраған мұз болды да қалды. Таңда атты, боран басылды. Күн ашылды, бірақ бет қаратпайтын аяз. Баратын елді мекен жакка ешкімнің беттегісі келмейді. Тіркемені де, шаналарды да қар басып қалған. Жігіттерге ықтасынды, шаналарды қардан тазарттырып ықтасындағы адамдардың жағдайын білсек, іштеріндегі кішкене бала, шал-кемпір аман екен. Екі атқа шана шегіп, бір шанаға Тұрсын мен балалы әйелді, бір шанаға ақсақал мен апаны әр шанада төрттен отырып салт атқа екі адамды мінгестіріп түске таман «Ақ ши» деген қыстаққа жеттік.

Қыстақта Дайырбек деген ақсақал бас шопан екен. Бәйбішесі денелі үлкен адам еді, бүкіл ауыл «дизель жеңгей» деп атап кеткен, өте бір пысық қонақжай, қайырымды адам екен, үйін даярлап, ас-суын асып жүгіріп жүр.

Бет, қол-аяғы үсімеген адам жоқ. Барлығында үсік шалған. Тұрсынның аяғындағы етігі шешілмей, етікті пышақпен кесіп шешіп алды. Аяғы үсіп, қолдырап кетіпті. Әлгі жеңгеміздің үйінде қаздың майы бар екен, соны әкеліп барлығымыздың үсіген жерімізге жағып жүр. Әлгі үйде барлығымызда бірер күн еру болдық. Медпункт тегіндегі Көкпекті совхозының Шаң фермасында екен аса қатты үсікке шалынған Тұрсынның аяғына сол пункттен дәрі-дәрмек әкеліп ем жасалынды. Онымен үсіген аяқ жазыла ма? Ертеңінде ферма менгерушісі Әпеев Қалиасқар далала қалған тіркеме мен комбикормды, ақсақалдың қызына апара жатқан жүгін, трактордың жағар жанар майын ауылға жеткізу үшін, Тұрсынның аяғын

қаздың майымен майлап шүберекпен оран кигізден байпақ тігіп киізіп апарып далада қалған жүктерді ауылға жеткізді.

Бір айта кетер жағдай: малға жайылым жоқ. Қой қораны да, тұрғын үйді де қар басып қалған. Бораннан кейін таңертеңгілікті үйлерінің, мал қораның есіктерін, үйдің есік терезелерін қардан тазалап ашып отыратын көрінеді. Басқа жердегі ауылдардай емес тұрғын үйлердің есіктері ішке қарай ашылатын етіп жасалыныпты.

Көптеген қыстақтарда қыстамаға дайындалған мал азығын әкеліп беруге мүмкіндік болмағандықтан қой малын таңертеңгілікті қорадан шығарғанда даладағы бораннан ашылып, қалған бұталы жерге, шидің сақалы көрініп тұрған жерлерге айдап жайып, талғажау етіп күнелткен.

Даладағы дайындалған маяларды да қар басып қардан көрінбей қалған. Осындай маяларды жазда мал азығын дайындатқан тәжірибелі ферма меңгерушісі Қалиасқар ғана қолына құрық ұстап жүріп, белгілі жердегі маяларды төбесінен құрықпен түртіп тауып беріп отыратын. Қардың қалыңдығы сонша, өзі қатып қалған ат түсіп кетсе шыға алмай жатады.

Міне осындай табиғаттың тудырған қиын жағдайында трактор жүргізушісі Тұрсынмен жұмысшылар жан қиярлықпен еңбек етіп, фермадағы әр отар малды аман алып қалу барысында «табаны жалпақ» бір жарым ай еселі еңбек етіп қоғамдық мал басын өрескел шығынға апарудан аман сақтап қалған болатын.

Оны қойып осы фермада зоотехник болып жұмыс істейтін Семжанов Сербатыр екеуміз бір отармен екінші отардың арасына күні бойы жүріп әзер жететін уақыттар да болды.

Табиғат тәңірінің осындай ауыр жылдарында аянбай еңбек еткен ферма коллективінің оның меңгерушісі Әпеев Қалиасқардың мамандарының қосымша күш ретінде жұмыс істеген тракторист Қалмақбаев Тұрсынның онымен бірге жұмыс атқарған жұмысшылардың еңбегі ел есінде сақталып кейінгі ұрпаққа үлгі болар демекпін.

Сербатыр екеуміз наурыз айының отчытымен ауылға оралдық. Қардың көбесі сәгілгенмен жол жүру қиындығы сол өткен күндердегідей қазқалпында болатын.

Осы отгонға аттанарда әкемнің ағасы Қонақ ақсақал (ел Қоқаң деп атап кеткен) сен мына түлкі тымағымды киіп кет, ол жақ суық болады, «енді саған қыржы қызын бермейді» деп қалжындап кигізіп жіберген еді, содан бет жағым үсіктен аман болды.

Түлкі тымақ киген адам көрсем осы күнге дейін сол өткен күндердегі боран мен аяз өлі күнге көз алдыма елестеп тұрады.

Марқұм ақын Замантай Оразайұлының:

Сарыарқа сілемінде қары қалын,

Жаз болғанда жаңбырлы күні жалын.

Жерлері сарымсақ пен бүлдіргенді,

Аралап көріп қайттым біраз талын.

Ақпанда аласұрып қар мен дауыл,

Ақтүнектің астында қалады ауыл.

Оңтүстігін шіреніп алып жатыр,
Тарбағатай төкаппар биік сауыр.
Шаң, Армандас, іргелес Сары бұлағы,
Қырында түлкі жортпай қарғылады.
Бір басталса бораны апта соғып,
Жолаушыны жүргізбей зар қылады.

Совхоз бұл Карл Маркс атындағы,
Дәлелім алыс емес жақындағы
Кіндіктің бораны беттен сүйіп,

Аралап көріп қайтты ақындағы, - дейтін тегіндегі Кіндікті, кейіндегі
Карл Маркс совхозы осы болады.

Ал Тұрсынды сол кездегі табиғат төңірдің қиындығына ұшыраған шаруашылықты қиындықтан шығаруға қосқан қажыр қайратын, шаруашылық чемпионы деп атаса да артықшылығы болмас деп ойлаймын. Өйткені ер азаматтың ерлігі емн еселі еңбегі осындай қиын қыстау шақтарда көрінеді ғой.

Осы Тұрсынмен 1965 тен 1970-жылдар аралығында бұрынғы ХХІІ-партия съезінде бірге жұмыс істедім. Осы тұста Тұрсын Қаратал қыстағында бір табын сиыр бақты.

Жай сиыр емес қарауына бір табын асыл тұқымды сиыр бекітіп бердік. Табындағы сиырладың есебі бөлек жүргізілді. Әр қайсысына паспорт толтырылған. Бұқаларының салмағы тоннаға жуық тартса, сиырлары 750-800 кг салмақ тартатын. Дәл Тұрсындай балуан адам бақпаса сиырларының түрлерінен кісі қорқатын өте ірі болатын.

Совхозда жұмыс істеп жүргенде осы малдарға селекциялық жұмыс жүргізе отырып, алынған бұзауларды, ірі қараны өз төлі есебінде мал тұқымын асылдандыру мақсатында шаруашылықта алып қалып отыратынбыз. Сол кездегі бөлінген бұзаулары сегіз айлығында 204-205 кг тартатын. Еркектерін аталық мал есебінде, ұрғашы бұзауларын аналық мал есебінде өсіріп алып қалып отырдық.

Еркек бұзауларды 1-1,5 жасында басқа шаруашылықтарға сатқан кездерде болды. Тұрсынның осы өсірген малы совхозда өсірілетін ірі қара малдарының сапасын жақсартып, салмағын арттыруда сүбелі үлес қосқан болатын.

Міне осындай жоғарыда айтылғандай, шаруашылық жұмыстарын атқара жүріп спорт жарыстарынан бір күнде қол үзген емес. Үнемі жаттығуда дайындықта жүрді.

Бір айта кетер, үнемі жарыста жүлделі орынға ие болып келе жатқан аға спортшылар Оралбаев Байғабыл, Оразғалиев Тана кейінгі ізбасарлары Хамит Искаков, Тұрсын Қалмақбаев, Қали Иманбаев, Имашев Марат Аксуаттың төл тумалары.

Соның ішінде Тұрсын Қалмақбайұлына келсек, ол қазақша күреспен аударыспақтан Республикаға, облысқа танымал спортшылардың бірі.

Күрестен үш дүркін Қазақстан, он екі дүркін облыс чемпионы атанған.

Сондай-ақ, аударыспақтан Республикада бірнеше рет жүлделі орын алып, 9 дүркін облыс чемпиондығын иеленген.

2003 жылы жарық көрген Ақсуат Атамекенім атты кітапта аудан халқын спорт әлемінде атын шығарып жүрген санлақтар жайлы «Боз кілем санлақтары» атты тараумен жазылған болатын.

Алайда, уақыт бір орында тұра ма, арада екі жыл өткеннен кейін сол кітапта жазылған әрі спорттан жастары озса да қол үзбей келе жатқан, спорт ардагерлері Тұрсын Қалмақбаев, Қали Иманбаев және Хамит Искаков сияқты спорт ардагерлері арасында самбо күресінен прага қаласында өткен өлем біріншілігіне қатысып, жеңімпаз болып Т. Қалмақбаев пен Х. Искаков өз салмақ дәрежелері бойынша бірінші орын алып, алтыннан алқа тақса, Қ. Иманбаев үшінші орын алып қола медальға ие болды.

Т. Қалмақбаев 1992 жылы күш атасы, қазақтың атақты балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы күрес сайысында монғолдық балуанды тізе бүктіріп «Қажымұқанның інісі атағын алды».

2004 жылы Тәжікстанда өткен спорт ардагерлері бәсекесінде күміс жүлдегері атанды.

Әлемдік жарыс төрешілері жасы жетпістен асқан балуанның халықаралық жарысқа қатысып, жеңімпаз болуы спорт жарысында бұрын болмаған жағдай ретінде бағаланғанын мәлімдепті.

Тұрсынның қазақ тарихында Қажымұқаннан қалған күш өнерінің сирек кездесетін құбылысы ретінде есімі Қазақстан тарихының алтын қорына енуі, бабасы кожақелді батырдың ағасы Молдабай балуанның рухтарының жебегені болар-деседі халық.

Ұлтымыздың күрес өнерін аманат етіп жүрген бір туар азамат Т. Қалмақбаевтың есімін бүкіл Тарбағатайлықтар мақтан тұтары да сондықтан болар.

Прагадан туған еліне жеңіспен оралған Т. Қалмақбаевқа Қарасулық Қайыпжан Аусарбаев мынадай жыр жолдарын жолдапты.

Құтты болсын жеңісің!

(самбо күресінен өлем чемпионы 71 жастағы Қалмақбаев Тұрсынға)

Құтты болсын Тұрсын аға жемісің,

Жылына бір қуанттың ғой ел ішін.

71-ге қарағанда жерге еліңді қаратпай,

Алтын алқа тақтыңыз шетке жетіп өрісің!

Сізді көрсем Қажымұқан ба деп қалам,

Сымбатың күшің бойыңда әлі сақталған.

Шыбынды деген қараша ғана ауылда,

Түкендей батыр тұрғанына мақтанам!

Төрімде тұр қамшыңыз, сиға тартқан,

Силық жоқ мына маған бұдан артқан.

Анда-санда немереме ұстатамын,

Батыр Тұрсын бола ма деп, сізге тартқан!

Қараш ғана ауылдағы дара шалым,

Бермей жүрген 70-те күрес тағын.

Аман бол, кара күштің киелісі,
Женісті болсын, тағы келер жазың.-деп жырлапты.

Халқының Тұрсынды мактан тұтып, қадірлеп сыйлауы, кейбіреулердей кеуде қағып кердендемей, іші-бауырға кіріп кететін кішіпейілділігінің, әлбеттен-ақ алғаусыз араласып, баурап алар ақ жарқындығының иілгенге иіліп тұратын, кең пейіл кешірімділігінің қасиеті болар.

Қорта айтқанда:-Шығыс өнірінде Тұрсынды танымайтын жан, қадір тұтпайтын адам жоқ шығар.

Тұрсын жолдасы Кәмиламен екеуі алты қыз, бір ұл өсіріп, тәрбиелеп отырған жанұя. Қазір бәрі де үйлі-баранды. Ұлы өзiрге аударыспақпен шұғылдануда. Келешегіне уақыт төреші болар демекпін.

Қабидоллаұлы Ұзан



Ұзан 1964 жылы тілшілік жұмысын бастап 1985 жылы әдеби қызметкер дәрежесіне дейін көтерілген азамат.

Жас кезінде әр түрлі,
Жұмыс істеп қарқынды.
Арман қуған ауылда,
Биіктерге талпынды.
Қолына қалам қармаған,
Жазуға өзін арнаған.
Газетте Ұзан тілші боп,
Ел өмірін сан жазған.
Жұмысы сәтті басталды,
Жариялады хаттарды.
Халыққа дұрыс ақпарды,
Кезінде беріп мақталды.
Көтеріп басылым беделін
Әдеби қызмет атқарды.
Ұзан-Ұзан болғалы,
Осындай өмір жолдары.
Қызықты ғып әрқашан,
Кейіпкерлерін сомдады.
Сейілханқызы Қонаймен,
Үйленіп Ұзан көркейген.
Ұл мен қызы есейіп,

Қызметкерлер ел сенген.
Дүниелер жазып кемелді,
Кесек дарын еленді.
Ұрпаққа үлгі Ұзанның,
Өмірі мен өнері.

Карменова Нұрсипа Нұрсанқызы



Карменова Нұрсипа Нұрсанқызы 1950 жылы туған. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының география факультетінің география-биология мамандығына 1967 жылы түсіп, 1972 жылы бітірген.

1972-1973 жылдары орта мектепте мұғалім болды. 1973 жылдан география кафедрасында оқытушы, аға оқытушы болып қызмет атқарып келеді.

1994 жылы кандидаттық диссертация қорғап, география ғылымдарының кандидаты, доцент атағын алды. 1997-2001 жылдары география кафедрасының менгерушісі. 2002 жылдан кафедра доценті болып жұмыс істеді. Жалпы ғылыми-педагогикалық стажы 33 жыл.

Доцент Н.Карменова «Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясынан», «ТМД экономикалық және әлеуметтік географиясы» курстарынан лекция оқып, лабораториялық сабақтарды жүргізеді. Сабақ барысында соңғы ғылыми жаңалықтар мен әдіс-тәсілдерді қолданып отырады.

Доцент Н.Карменованың жалпы 50 ғылыми әдістемелік еңбектері бар. Оның 10ы әдістемелік оқу құралдары, бір оқулық «Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы», тоғызы сыныпқа арналған алғаш қазақ тілінде жазылған төл оқулық, орыс, ұйғыр тілдеріне де аударылған. Доцент Н.Карменова кафедрадағы ғылыми-жұмыстарының жоғары деңгейде жүруіне басшылық етіп, институт аралық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып отырады.

Докторлық диссертацияға байланысты материалдар жинауда. 1999-2002 жылдары ҚазҰУ –дегі экономикалық және әлеуметтік географиядан кандидаттық диссертация қорғау ғылыми кеңесінің мүшесі болды.

Доцент Н.Карменова ғылыми және оқу методикалық жұмыстармен бірге, қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Факультет ғылыми кеңесінің мүшесі, факультет кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Доцент Н.Карменованын осы еңбектерін бағалап, Халық ағарту ісінiн үздiгi» белгiсi, Бiлiм және ғылым министрлiгiнiң Құрмет грамотасымен 2 рет марапатталған.

Саноров Қалихан Елғазыұлы жайында айтар болсақ



Өнерiңiз үлгi өнер,
Жас ұрпақтар үйренер.
Шәкiрттерiң топ жарды,
Домбырадан күй төгер.

Жарысынан өнердiң,
Әкелдiң үлкен жүлделер.
Өндерiңiз әсерлi,
Жүректерге нұр себер.
Сәукелесiн шаттықтың
Ән-күйiң желпiп үлгерер.
Ақсуат сiзбен асқақтап,
Баркытбел көктеп гүлденер.
Елiңдi бөлеп ән-күйге,
Қалихан аман жүре бер.
Арулардын назындай,
Сұңғыла сұлу сазың-ай,
Әуелей берсiң ән-күйiң
Көңiлдiң көркем жазындай, - демекпiн.

Жанқайыров Қапатай (1907-1996 жж)

(Руы Мырзас iшiнде Жауар, оның iшiнде Қаракесi.)



Жанқайыров Қапатай
1907-жылы Қызыл Кесiк
ауылында дүниеге келiптi. Ұлы
Октябрьдiң шұғылалы таны
атқанда ол небары он жаста
екен. Тоғыз жасынан әке-
шешесiнен айрылған Қапатай
Жарма ауданындағы Нүрила
деген апайының қолында
болады.

Осы жерде ес бiлiп, етегiн жiгән соң, 1927-1928 жылдары темiр жолда жұмысшы болып еңбек етедi. 1929-1930 – жылдары Жарма ауданында қауырт колхоздастыру басталады. Жаңалыққа жаны құмар жас жiгiт жана құрылған «Красный скотовод» колхозының мүшелiгiне енедi. Қолы қысқа

кедейге бостандық пен теңдік әперген Отаны үшін еңбек етуге бел шеше кірісіп, еңбектің ауыры, жеңілі деп тандамай, сол колхозда жыяқыны болады. Советтік жана құрылысты өз қолымен өркендетуші карапайым еңбек адамының бірі бола жүріп 1929–жылы партия мүшелігіне кандидаттыққа өтуге өтініш береді. Колхоз коммунистері еңбек сүйгіш, алғыр жігітті кандидаттыққа бірауыздан қабылдайды. Сонымен қатар сауат ашу мекетегіне катысып, білім алады. Ел қатарлы еңбек атқара жүріп, өзінің ізденгіштігімен, жанашылықты тани білетін батылдығымен көзге түскен жігіт 1932–жылы үш жылғы сынақ мерзімін өткізіп, партия мүшелігіне қабылданады. 1937–жылы колхоз басқармасы бұл талантты жігітті Ташкентте ауыл шаруашылық мамандарын даярлайтын Қапланбек техникумына жібереді. Ауыл шаруашылық маманын даярлайтын 6 айлық курсты ойдағыдай аяқтап, ол 1938–жылы «Красный скотовод» колхозында зоотехник болып жұмыс істейді. Осы қызметте 1941–жылға дейін болады. 1941–жыл. Иә, бұл жыл бүкіл совет адамдарының патриоттығы мен бірлігін өздерінің Советтік Отанға деген шын берілгендігін дүние жүзіне өйгілеген қаһарлы жыл ғой. Сол жылы 1–тамызда Қапаң да ел қорғауға аттанған азаматтардың бірі болып майданға жүріп кетеді. Оның жауынгерлік жылдары Сахалин аралында өтеді. Жапон басқыншыларынан Советтік Отанын қорғауда ол табандылықпен күресті. Жауынгерлік жылдары Отан қорғау жолында көрсеткен ерлігіне орай «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталады. Сонымен 1945–жылы желтоқсанда Харбиннен туған еліне жеңіспен оралады. Соғыстың ауыр жылдарында небір ауыртпашылықты, қиыншылықты өткеріп шыңдалған коммунист Қ.Жанқайыровты «Жана тоған» колхозына бастық етіп жібереді. Бейбіт еңбекке белсене араласып, туған жердің тұнық ауасымен тыныстанған жана еңбек жолы міне сол жалдан басталған еді. Содан бері де осы туған жері Ақсуат өңірінде 32 жыл еңбек етті.

Ол «Жана тоған» колхозына бастық болып келгенде мұнда небәрі 300 гектардай егін, 1500 дей қой–ешкі, 280 ірі қара, 100ге тарта түйе болыпты. Жерді тіс ағашпен жыртып, тұқым қолмен себілетін. Сонда егін салып, мал өсірумен, соғыстан кейінгі ойсыраған шаруашылықты қалпына келтіруде күндіз–түні ат үстінен түскен емес. Күндіз–түні шаруаның қасында болды. Шаруашылықтың барлық жұмысын аяғынан тік тұрғызуға күш – жігерін аяған емес. Уақытпен санасу ол кезде болмайтын. Талай ұзақ түндерді ұйқысыз өткізген кездері де көп. Әр күн сайын таңмен таласып тұрып атқа конатын да, ұзақты күнге қыруар шаруа сонда да бітпейтін. Өзі басқарған коллективтің жақсысын асырып, жаманын жасыру жолында өз адамдарының біріне қатты айтып, біріне ақылмен ықпал еткен. Сол кездегі колхоз адамдары да жасымас асыл еді–ау. Қаншама ауыр еңбекті қолымен атқарса да, олар соның бәрі мына бүгінгі болашақ үшін, бақытты ұрпағы үшін істеп жүргенін түсінетін еді. Өзі төрт жал басқарған «Жана тоған» колхозы сол төрт жылда аудандағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтың бірі болып шықты. 1950–жылы аудандағы 36 колхоз ірілендіріліп 9 колхозға бірікті. Қапаң Карл Маркс атындағы колхоздың бастығының орынбасары, партия

үйімының секретарлығына жіберілді. Колхоз бастығы Шөкен Мұқажанов болатын. Жаңа құрылған Карл Маркс атындағы колхозда да Қапан партия сепімін ақтады. Колхоз шаруашылығы аз жыл ішінде алдыңғы қатарға қосылды. Ұйымдастыру ісіндегі жақсы қабілетімен көзге түскен коммунист Қ.Жанқайыров 1953 жылы «Социалистік» колхозының орынбасары болып барып, одан 1958 жылы «Жданов» атындағы колхозға орынбасар, әрі партия үйімының секретары болып келеді. Мұнда 1963–жылға дейін қызмет істейді. 1963–жылы аудан қайта құрылып, ауданда сегіз совхоз ұйымдастырылады. Қапан еңбек етіп жүрген «Жданов» атындағы колхоз «Ақсуат» совхозының №1 фермасы болып құрылады. Ол осы фермаға ферма меңгерушісі болып тағайындалады. 1966–жылы оның ауыл шаруашылығын өркендетудегі көп жылғы қажырлы еңбегі жоғары бағаланып «Күрмет белгісі» орденімен марапатталады. Оның қажырлы еңбегінің бағалануы бұл ғана емес, «Тың жерді игеру үшін» медалімен екі рет, В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы юбилейіне арналған медалімен, Ұлы Отан соғысының 20, 25, 40, 50 жыл толуына байланысты мерекелік медальдарымен, СССР дың Қарулы Күштеріне 70 жыл толуына байланысты мерекелік медалімен марапатталады. Кезінде Карл Маркс колхозында жұмыс істеп жүргенде «Жаңа тілек» сайлау-округінен «Көкжыра» ауылдық кеңесіне депутат та болып сайланған адам. Ұзақ жыл шаруашылықта еңбек етіп ол 1969 жылы зейнеткерлікке шығыпты.

Мен Ақсуат совхозына директор болып келгенімде, маркүм жауырынды, денесін тік ұстайтын, ат жақты, әжім жүзді карт болыпты. Зейнеткерлікте жүрсе де, ауылының келешегін ойлап, менің қабылдауымда болып: Ждановтың орталығы тарап барады, Ақсуат совхозының ең бір негізгі бөлімшесі осы елді мекен. Сондықтан мұның келешегі қалай болады? – деген алаңдаушылығын айтқан еді. Қапа! Бұл шаруаны ойластыралық, келешек көрсетер, – деп шығарып салған едім. Көп ұзамай совхоз орталығы «Жданов» селосына көшетін болып, комиссия келіп орнын белгілерде Қапанның қуанышында шек болмай, келген комиссияларды арнайы үйіне шақырып, өте бір қуанышты жағдайда қарсы алғаны сол ауыл тұрғындарының есінде қалған болар. Ақсуат совхозы Жданов селосына көшірілгеннен кейінгі жылдары ақ егіс кезінде Қапана тегінде өзіңіз істеген, көпшіліктің арасында болып қырманға басшылық етіп беруді ұсындым. Ол кісі ұсынысымды қабыл алып, өзі тегінде істеген алқаптан алынған мол астықты өзіне бекітілген жұмысшы күші мен техниканы тиімді пайдаланып, қырманға түскен астықты рет–ретімен тазалау сатысынан өткізіп, ысырапсыз, агротехникалық талаптарға сай етіп камбаға құйып берген еді. Бір айта кетер жай, Қапанның қарауында істеген жұмысшылардың көрі–жасының бұл кісінің тапсырмасына бұра тартқан бір адамды көрмейсіз. Жасының келгеніне карамастан, өте талапшыл, ұқыпты, үнемі шаруаның басы–қасында болып, қолға алған шаруаны тиянақтағанша тыным таппайтын ақсақал еді. Қапан бөйбішесі Бәкімбайқызы Кенішпен (1916-1987 ж) шаңырақ көтеріп, өмірге Ризабек, Бақытбек, Кеңесбек, Манарбек сияқты ұлдар мен Күлсағат, Нұрсағат, Бәтес, Күлсара сияқты қыздарды өмірге әкеп, ұлдарын ұяға,

қыздарын қияға қондырған бақытты әке еді. Өз өмірін де қозінің тірісінде де осы Екпін ауылында еңбек етіп, бақилық байыз тапқан жері де осы Екпін ауылының топырағы болды.

Қожакелді шежіресі

Момбай мен Сұлтан ақсақалдардың шежіре нұсқалары бойынша және осы рудан тарайтын қариялардың ұрпақтарының сандық түбінде сарғайып жатқан жазбаларынан да алынып толықтырылған тұстары бар

Қожакелді

1-ші әйелі Жібектен: Жылқыайдар, Мыңбай, Төбет.

2-ші әйелінен: Есімбек.

3-ші әйелінен: Құл, Масак.

Қожакелдінің ең үлкені Төбет.

Төбеттен – Ботахан, Сарт, Тілмәнбет, Керейбай, Өскенбай, Абық.

Ботаханнан – Мәтібай, Мәтхалық, Оралбай, Әпсейіт.

Керейбайдың Әпсейітінен – Айтжан, Жібек, Торғын. Айтжан – Ұлы Отан соғысында қайтыс болған.

Әпсейіттің бәйбішесін Имаш алады. Руы – Керей. Имаштың әкесі Шал. Шалдан – Молдаш, Хамитжан, Имаш, Кенже. Хамитжаннан – Сәмсә, Құлпану. Имаштан – Асқарбек, Бақыт. Кенжеден – Камаш. Асқарбектен – Қуанышбек, Бақытбек, Семейбек, Әсем, Рысбек. Қуанышбектен – Еркебұлан, Райымбек, Оразбек. Семейбектен – Аружан, Мағжан.

Имаштың үйін кезінде үлкен үй деп атап кетіпті. Шал мен Жокина Құлпанудың әкесі бірге туысады. Құлпану Имаштың немере қарындасы.

Қабыштың әйелінің бауырының баласынан Сәлима туады. Сүйегі Сары.

Сарттан – Байжол, Әшен, Әшеннен – Ыбырай. Ыбырайдан – Шәріп (Бесқарағайда), Құлбағи деген бір қызы болған.

Байжолдан бір қыз бар. Күйеуі Асылбек, руы Төленгіт, Баянда туыстары. Жамбыл облысында балалары бар.

Өскенбайдан – Қалдай², Көкебай², Токтабаян, Бақыт деген бір қызы бар.

Байқадам, Ағымбай да - Өскенбай ұрпақтары.

Сағымбайдан – Шәйкен қайтыс болған.

Абық ұрпақтары белгісіз.

Мәтібайдан – Құсман жоқ, Ахытай – жоқ, Мүрсәлімнен Қуанышбек, Амантай, Құмар – қызы Балғайша өлген.

Мәтхалықтан – Мұқыш, Мұқыштан ұлдары: Жұмаш, Төлеубек, Бейсенбек; қыздары: Зарлық, Әлия, Қанымай, Ғалия, Сәния.

Оралбайдан – ұлдары Байғабыл, Байғали, қызы Құлғазы.

Байғабылдан – ұлдары Нұрлан, Ермек, қыздары Нәйлә, Ләйлә. Нұрланнан ұлдары Ернар, Ернұр, Ерназ, Рауан, қызы Лаура.

Байғалидан – ұлдары: Болат, Барат, Алмат, Қайрат, Бархат; қыздары: Фатима, Мария, Дариға.

Қуанышбектен – ұлдары: Нұржан, Сабыржан, Ерден; қыздары: Ләззат, Салтанат, Нүргүл, Сандуғаш, Гүлжанат.

Аманкелді (Амантай) – ұлдары: Бауыржан, Руслан, Жасұлан; қыздары: Гүлнара, Дамира.

Жылқыайдар

Жылқыайдардың 1-ші әйелі Торғыннан – Қожамжар. Қожамжардан Жабағы. Жабағыдан Құнанбай, Райбай. Кейбір шежіреде Шөмшек, Құнафиярар қосылған.

2-ші әйелі Қыздығайдан – Мәметек, Шапат, Түтқыш, Айдабол, Жобалай.

3-ші әйелі Андыздан – Сасанбай, Науырыз, Асыранды, Күземе, Тастанбек.

4-ші әйелі Дәннен – Бөкенші, Қалмақбай, Селкембай. Кейбір шежіреде Елубай, Бұзаубағар, Тілеуберді, Жаябай, Үйпалақ, Қалдай деп қосылған.

Қожамжардың Райбайынан - Төтер. Төтерден Сайдахмет, Баяхмет, Салиахмет, Қабылахмет, қыздары Сәлима, Әлимаш, Бақытгүл.

Жобалайдан – Сүйкімбай, Барак, Төртуыл, Балақаз.

Балақаздан – Қапас, Мәмбет. Мәмбеттен Тұрсын.

Мәметек

1-ші әйелінен Елеусіз. Елеусізден: Оспан, Мәзібай, Әсімжан, Нүреке, Мұхаметжан, Тәшкенбай, Шоқай, Кәлімжан, Қасымжан.

2-ші әйелінен – Серек. Серектен Ахмет, Махмет. Ахметтен Кенемолла, Кәдірмолда.

3-ші әйелінен – Апар, Сапар. Апардан – Мағзұм, Әбуғазы. Әбуғазыдан Кәзен. Кәзеннен – Қанат, Самат, Қайрат, Мұрат, Марат, Ринат, Талғат. Қайраттан – Мәдижан, Елғазыдан – Кәдірхан, Жұмақан, Қалиқан, Кәдірханнан – Тілек, Саян. Мағзұмнан - Әлихан. Әлиханнан – Айдын, Шалқар, Мұхит.

Оспаннан – Кәрім. Кәрімнен – Қабыл, Қапар. Қабылдан Қожатай (Алматыда тұрады)

Мәзібайдың ұрпағы белгісіз. Әсімжанның ұрпағы белгісіз.

Нүрекеден – Кәмәли, Кемелбай. Кәмәлиден – Қабидолла, Жаңабай. Қабидолладан – Үзан.

Үзаннан – ұлдары: Ерғанат, Ерманат, Берік, Ерболат, Нұрболат; қызы – Гүлнар.

Ерғанаттан – Ербосын, Нұрбосын, Әйгерім.

Ерманаттан - Әсел, Жанна, Ернат.

Беріктен – қызы Даяна. Ерболаттан – Алуа, Әлішер. Нұрболатта –

Кемелбайдан – Токтар, Мұхтар, Бағила.

Токтардан – Қанат, Айдос, қыздары Жібек, Айша, Шолпан. Қанаттан – Жан, Назерке, Зере. Мұхтардан – Талғат, Ерманат, Марат, Енлік.

Бағила мен Мұхтар да үйлі-баранды. Бағила Екпін ауылында тұрады, ал Мұхтар Алматыда тұрады.

Кейбір шежіреде Мұхаметжаннан –Шегір, Шоқай, Нұрсапа, Зейтінғазы Хамза, Мұстафа. Мұстафадан Қабыл, інісі Аманжол деп көрсетілген Таратқанда: Қамзадан– Бағдат, Зейтінғазыдан Сәнді, Құрманбек, Мәуітбек Шоқайдан – Қабыл, Абзалбек. Қабылдан – Фарида, Шынар, Бағила

Абзалбектен – Күлөш, Асангелді, Аманжол. Қазима. Аманжолдан Айдынбек, Гүлнара, Асқарбек, Абай, Асқарбектен – Абылай.

Мұхаметжаннан – Нұрсапа. Нұрсападан – Талғатбек, Қатталбек, Төлеубек; қыздары: Бәтима, Заманбек, Қашыкен, Қайныкен, Дөлеш.

Талғатбек пен Қатталбектен ұрпақ жоқ.

Төлеубектен – Аманкелді, Әсет; қыздары: Сәуле, Шолпан, Анаргүл, Алмагүл, Толқын.

Аманкелдіден – Рауан; қыздары: Арай, Күсни, Қорлан. Әсеттен – Алан.

Тәшкенбайдан – Тұрысбек. Тұрысбектен – Сәкен, Ауданбек, Мұрат.

Сәкеннен – ұлдары: Ардак, Ардабек, Манарбек, Қанат, Манат, Болат, Максат; қыздары: Сәния, Жанат, Сәлима.

Ауданбектен – ұлдары: Нұрлан, Ерлан, Ермек; қыздары: Алма, Әлия.

Мұраттан – ұлдары: Нұржан, Шыңғыс; қыздары: Жанар, Айгүл, Анар.

Шоқайдан – Қабыл, Әбзалбек. Әбзалбектен Аманжол. Зейнетғазыдан – Сәйд, Құрманбек, Мәуілітбек.

Кәлімжан, Қасымжан – ұрпақтары белгісіз.

Шанам

Бөкенші, Қалмақбай, Селкенбай.

Бөкеншіден – Кармен, Дәуіт, Ахметжан, Әйіп.

Карменнен – Зейнолла. Зейнолладан – Нұрсан, Қайніке.

Нұрсаннан – ұлдары: Шеризат, Сәбит, Марат, қызыдары: Нұрсипа, Гауһария, Қамария, Аида.

Шеризаттан – ұлдары: Қанат, Бауыржан, қыздары: Құралай, Мөлдір.

Сәбиттен – ұлдары: Шыңғыс, Марат, қыздары: Айнұр, Аяулым, Ақерке.

Дәуіттен – Қайырбай, Ахметжан.

Қайырбайдан – Токтасын, Әзиман, Сайлаубай.

Сайлаубайдан – Бөкенші - Ежебай, Рашида, Дәлел.

Ахметжаннан ұрпақ жоқ.

Әйіптен – Орал. Оралдың бәйбішесінен Тұрағұл Тұрағұлдан Дәурен. 2-ші әйелінен Оралов Мұрат пен апайы Құмыш.

Дәуреннен – Ернұр, Айнұр, Лаура.

Мұратбектен – Бауыржан, Манар, Мерей, Руслан, қыздары: Гүлбаршын, Гүлнар, Гүлжанат.

Манардан - Әлішер, Мерейден – Мейіржан, Дилназ.

Қелесі бір шежіреде Бөкеншіден Әйіп, Түйте. Әйіптен – Сиярбай²- дан Орал, Майса.

Оралдан – Тұрағұл, қыздары: Күлмәр, Күлән, Құмыш, Сақыш, Күлпаш, Мұратбек.

Түйтеден – Мәрпіш, Қапыш, Қапиза, Жеңіс, Кебек, Себеп.

Кебектен – Еркеш, Айтқали, Ермек.

Қалмақбайдан – Ескендір, Дайыр, Отыншы, Көдірбай, Байбол.

Дайырдан – Тұрсын, Тұрсынғали, Қаныша, Қазыкен.

Тұрсыннан – Құндыз, Сайрамгүл, Айгүл, Ардак, Анар, Мейрамгүл, Ерғали.

Ерғалидан – Алтынбек, Алтынай, Құралай.

3-ші әйелінен: Тұнғатар, Тұнғатардан – Нөдірбай, Кәкімжан.
Нөдірбайдан ұрпақ жоқ, Кәлемжаниан - Өтеген. Өтегеннен Байкен.

4-ші әйелінен – Рахымжан, Нүрсейіт, Жүніс.

Жүністен Қыстаубек, Оразбек, Төлеубек (Қытайда). Жүністің інісі Төлебай (Қытайда) тоқал алып 2 ұл көрген. Оның әйелінің сүйегі Қыдыр Өлімғажы алған (машина апатынан марқұм болды), ұлдардың аты Мұқан, Қайсан, руы Тоқабай.

Өлімғажыдан ұлдары: Ерзат, Қалдан, руы Қыдыр.

Шапаттың кейінгі жазбаша деректер берген ұрпақтары

Шапаттан тарайтын ұрпақтары:

Шапаттан – Тұнғатар, Талдыбай, Нүрсейіт, Бөлекбай, Жалбы, Жолдасбек деп таратыпты.

Тұнғатардан – Кәкімжан, Өтеген Өтегеннен Жамантай, Сақыш, Нұрмұханбет, Баймұханбет, Балтабай.

Нұрмұханбеттен – Ержан, Ерзат, Мүшөр.

Баймұханбеттен – Азат, Мұрат, Қанат, Жанат, Манат, Мейрамгүл. Азаттан – Гүлнар, Мұраттан – Самат, Қанаттан - Әсия, Танат, Анар, Маша., Айдана.

Балтабайдан – Серік, Жаксылық, Башай.

Талдыбайдан – Қазанғап. Қазанғаптан Рафих, Бишетай.

Нүрсейіттен – Үтәй, Нөдірбай. Нөдірбайдан – Жұмабек.

Тілебай. Тілебайдан – Мұқан, Қайсан. Мұқаннан – Мақсат, Әлия, Жазира, Майгүл, Алмагүл. Қайсаннан – Рахат, Гауһар, Меруерт, Дидар, Нүрсұлтан, Жадыра.

Тотыбайдан – Нұрғабыл, Шөкен. Жолдасбектен – Керімбек, Мамырбек, Бөлеу, Төлеу, Оразбек.

Жүдеуден – Сембай, Момбай, Арғынкелді. Қыздардан – Оразбек, Айтбай, Қажымұқан. Қажымұқаннан Қуаныш, Бақытбек, Дина.

Сембайдан – Болысбек, Тұрысбек, Қонысбек, Жүнісбек, Елшебай, Жаңыл, Бәзи, Шәти, Қайникамал, Дариға, Еркін. Арғынкелдіден – Мұрат. Мұраттан Қайрат, Айбек, Әсел, Әсем, Еркежан.

Болысбектен – Серік, Советқали, Мәрия, Күләш, Күлия. Серіктен – Айдын, Шалқар, Алмас, Назгүл, Надира. Советқалидан – Саят, Толқын, Гүлназ.

Тұрысбектен – Еркін. Еркіннен Ербол, Ерболат, Жанболат, Бақытгүл, Айгүл.

Ескерту: Тегіндегі бірнеше шежіре нұсқаларымен салыстырғанда кейінгі ұрпақтарының жазып берген деректерінде көптеген келмейтін сөйкессіздіктер бар. Оны бұрынғымен салыстырып оқып, ой елегінен өткізіп, білетін бұрынғыны көрген көнекөз қариялардан сұрап, дұрысын қабылдау кейінгі ұрпақтың үлесі екенін айта кеткенді жөн көрдім.

Айдабол

1-ші әйелінен: Жарқынбай, Жарқынбайдан Ығит (негізгі аты Ит), Дадан, Сәбек, Дінбай, Сағындық.

2-ші әйелінен: Шитан. Шитаниан – Маман. Тобықты, Бүрлібай, Садықан, Қасаңбай.

3-ші әйелінен: Белдікбай, Терлікбай, Есіркеген.

Ығиттың 1-ші әйелінен: Әпсәләм қажы, Хасен қажы, Нығызбай, Біжібай, Нұғыман, Бұтабай.

2-ші әйелінен: Смағұл, Садық, Құлыбай.

3-ші қалмақ әйелінен: Боғасбай.

Әпсәләмнен – Мұсағи, Смайыл. Мұсағидан – Шәкер, Мүтәліп. Шәкерден – Дүйсенбек, Бейсенбек, Нығметолла, Жұмабек, Қайша, Ақторғай.

Дүйсенбектен – Нұрмұқамет, Қанатбек, Маратбек, Аман, Ермұқанбет, Еркімбек, Забила, Ардақ.

Бейсенбектен – Қайрат, Жанат, Қозыбек, Тұрғанбек, Мейрамбек, Күлсақып.

Жанаттан – Ернат, Ринат, Әсет.

Мейрамбектен – Жетпіс, Нұрсұлтан. Қайраттан – Руслан, Ардағұл. Маратбектен – Қуаныш, Анар, Арайлым. Қуаныштан – Еркебұлан. Аманнан – Қуат, Дулат. Забиладан – Думан, Рауан, Роллан. Қозыбектен – Бақытжан, Гүлім, Аяулым. Мейрамбектен – Жетпіс, Нұрсұлтан. Ермұқанбеттен – Қорлан, Құралай.

Мүтәліптен – Тәжік. Кәукен, Бекмұханбет, Амантай, Мейрамбек, Бағланбек, Ерболат, Нұрболат, Күпан, Шынар, Мөншүк, Мөлдір.

Тәжіктен – Бекболат, Айдынгүл.

Мейрамбектен – Мерей, Ләззат, Жаннұр.

Бағламбектен – Мұхит, Мәлс, Шыңғыс, Жандос.

Ерболаттан – Уалихан, Ернұр, Ернар, Гүлнар, Талшын.

Бекмұхамметтен – Байыржан, Талғат, Беріс, Біржан, Жұпар, Жанар.

Бауыржаннан – Данияр, Талғаттан – Дәулет.

Смайылдан – Қабділманап, Қабдолла, Әшкен, Сайділ.

Қабдолладан – Мирбек, Мұратбек, Мәрзия, Күлзия, Баян, Насихат.

Мирбектен – Азамат, Ашкеннен – Амантай, Аманғали, Нұрғали, Сәния, Бақытгүл.

Сайділден – Түсіп, Күлпаш. Амантайдан – Серікқали, Еркебұлан, Жасұлан, Жастілек, Жасболат, Құралай. Ерікқалидан – Қуаныш, Гауһар. Еркебұланнан – Дархан, Аружан, Меруерт.

Әшкеннің Нұрғалиынан – Қайсар, Қайрат, Толқынбай, Алтынай, Раушан, Қорлығайын.

Нығызбайдан – Рахымжан, Абдолла, Ләттібек, Нұрахмет. Рахымжаннан, Абдолладан ұрпақ жоқ.

Ләттібектен – Нығызбаев Қайса, Жұмабек, Нұрғайша. Нұрахметтен – Төкеш.

Қайсардан – Ержан, Мейіржан, Нұржан, Гүлгуна, Гүлнар, Майра, Әлия, Гүлшира.

Ержаннан – Жалғас, Нұржаннан – Серікболсын, Әмір.

Жұмабектен – Бауыржан, Сержан, Қайыржан, Біржан, Бақытжан, Айжан, Гүлжан, Балжан.

Сержаннан – Ақгүл, Бауыржаннан – Нұрымбет, Жанар.
Біжібайдан – Мағзұм, Бөшір, Мағзұмнан – Закария, Мұрат (Семейде).
Бөшірден – Аманкүл – дан – Тасқын, Думан, Миллат.
Тасқыннан – Жәнібек, Қаныбек, Бибігүл, Айгүл.
Думаннан – Миллат, Бота, Бакытжан, Айнұр, Салтанат.
Закариядан – Ерлан, Дидар, Мөлдiр, Айсұлу, Нұрсұлу, Әйгерiм,
Махаббат.

Мұраттан – Динара, Жанар, Гуля, Арай.
Азаттан – Аслан, Әсем, Нұғыманнан – Қалел, Қалелден – Жұмабек,
Қадылбек, Қалымбек, Жұмабектен – Серiк, Асқар, Асқарбек, Жанатбек,
Жанат, Бейбiтгүл, Күмiсай, Алмагүл, Әсемгүл, Жанаргүл.
Асқардан – Шынар, Қадылбектен – Балкия, Қалымбектен – Анар,
Шынар, Мұратжан, Қалымбектен – Закен, Жұматай, Бақытгүл, Жанатбектен –
Бекжан, Мөлдiр, Ақмарал.

Нұғыманнан – Қалел, Қалелден Жұмабек, Қадылбек.
Бұтабайдан – Сейдiғали, Сейдiлғазы, Рахия, Үмiтхан.
Садықтан – Нұрахмет, Төкеш, Мырзахмет, Нұрила.
Мырзахметтен – Нұрлан, Алтын, Нұрланнан – Жастiлек, Балнұр.
Боғасбайдан – Қисами, Тұрлыбек² – тен Асхат, Ахат.
Қисамиден ұрпақ жоқ. Смағұлдан – жоқ. Садықтан – Мырзахмет I қыз
бар.

Сығайдан - Әбдiрайым, Сақарбай, Майлыхан, Әлiхан.
Әбдiрайымнан – Қонжай, Оралбек, Мақұлбек, Амангелдi.
Сақарбайдан – Тоқбай, Босқынбай, Қамсызбай, Сансызбай.
Әлiханнан – Жұмағазы, Шөкен. Майлыханнан – Бейсенғазы,
Тұрсынғазы, Бейсенғазыдан – Кенжеғазы, Қонжайдан – Талғат – тан –
Нұрлан – нан – Асхат.

Оралбектен – Серiкбек, Ерлан, Мақұлбектен – Марат, Қайрат, Қанат,
Талғат, Асхат, Амангелдiден – Қайрат, Самат.

Құлыбайдан – ұрпақ жоқ.

Хасен кажыдан – Қинаят, Қинаяттан – жоқ.

Дадан

Даданнан - Әшебай, Әдiлхан, Әдiлбек, Бекбай.
Әшебайдан – Көжекбай, Кәттәбай, Мұхамеди, Әшiмбай.
Әдiлжаннан – Сарқыз, Әдiлбектен – Қасқатай.
Көжекбайдан – Иманқари, Иманқаридан – Кәмила, Күлия, Серiк,
Мақсат, Аман, Мейрам, Серiктен – Арайлым, Айгерiм, Есен, Аманғалидан –
Анар, Шынар, Мейрамғалидан – Меруерт, Әдiлет, Әсет.

Кәттәбайдың қызы – Нұржамал, Құсайынов Базарбектiң әйелi.

Бекбайдың бiрiншi әйелiнен – Файзрахман (Казен), Нұржамал, Ғайни,
екiншi әйелiнен Шаяхмет.

Көзеннiң бәбiшесi – Бiмәкей, Көзеннен – Иманмахмет, Қажымахмет,
Бияхмет, Жанахмет, Молдахмет, Мұхамед, Нұрахмет, Кәмила.

Иманмахметтен – Нұрзилә, Болат, Нұрғиса, Алмагүл, Жанат, Нұргүл,
Ерлан, Болаттан – Ербол, Лаура, Гүлнар, Айгерiм.

Қажыяхметтен – Марат, Гүлжан, Мараттан - Әсел, Рүстем, Айбек.
Бияхметтен – Жеңіс, Гүлжанат, Руслан. Жәністен – Дастан, Индира.
Жанахметтен – Гүлнара, Гүлсара, Жанар, Ержан, Нұржан, Сержан,
Ержаннан – Көмила, Ұлан.

Молдахметтен – Нұрлан, Сәуле.

Нұрахметтен – Жәстілек, Гауһар. Жәстілектен – Ерасыл.

Мұхамедтен – Айман, Шолпан, Бакыт, Жасұлан, Дәулет. Жасұланнан –
Ақжол. Дәулеттен – Бакберген.

Сарқыздан – Қабден, Закия. Қабденнен – Ғалия, Болат. Болаттан – Саят,
Әлия, Мәнсия, Мұрат. Мұраттан – Ермек, Назгүл, Гүлнар, Айнұр. Отан²- нан
- Әсет, Әсем, Роза, Раушан, Бейбіт. Бейбіттен – Назым, Мақсат.

Әділбектен – Қасқатай-дан Байрахмет (Байқан), нағашылары асырап
алған, қайтыс болған, Тарбағатай ауылында.

Байрахмет (Байқаннан) – Алтынай, Алмагүл, Рамазан, Еркін, Әлия,
Раиса, Ержан.

Жолды Шаяхметтің ағасы, шешесін Бекбай алғанда іште келген бала.

Жолдыдан – Рая, Мырзабек, Қизат, Мұрат, Роза, Ғалымбек, Оразбек,
Ғалимұрат, Бакытбек, Нүрзия, Медғат, Назгүл.

Мырзабектен – Гүлнұр, Жаннұр, Әділет, Жансая.

Мұраттан – Данияр, Мадияр, Дидар.

Ғалымбектен – Дәулет, Дәурен, Ғалимұраттан – Рабил, Динара.

Оразбектен – Жанна, Динара, Дамир.

Сәбек

1-ші әйелінен Сығай. 2-ші әйелінен Нилдібай. Сығайдан – Сахарбай,
Әбдірайым, Әлхан, Майлықан. Нилдібайдан – Кененбай, Жайлыбай.

Сахарбайдан – Жадыра. Жадырадан – Босқынбай мен Тоқбай қайтыс
болған, Қамсызбай, Сансызбай.

Әлханнан – Жұмабек (Тарбағатай совхозында)

Майлықан ұрпақтары Ақши совхозында. Әбдірайымнан – Қонжай,
Қонжайдан – Оралбек (таз).

Дінбай

1-ші әйелінен: Кәрімбай, Көләмбай, Көкебай.

2-ші әйелінен: Түгелбай, Әбдуәли.

Кәрімбайдан – Солтан, Базар, Қызыр. Солтаннан – Талғат, Сағира,
Қалида, Мақсат-тан – Жарқын, Нұрсұлтан, Нұрлан.

Кейінгі ұрпақтардың жазба шежіресінде Кәрімбай ұрпақтарына Қапез,
Құлзада, Мария, Рахиялар қосылған.

Бұрынғы ескі шежіреде Көләмбайдан ұрпақ жоқ деп көрсетілсе,
кейінгілерде Көләмбайдан Гүлбаран деген бір қыз бар. Бұрынғы ескі
шежіреде Көкебайдан – Кейілбек – тен Әлім, Құлым (Қытайда) деп
көрсетілсе, кейінгіде Көкебайдан – Қарын – нан Көбей, Құлым, Тұлым деп
көрсетілген.

Түгелбайдың ұрпақтары Әбдуәлиден – қыздары: Зейнежамал, Мариға.
Зейнежамал Қытайда. Мариға Большевик совхозында тұрады.

Кейінгі шежіреде: Түгелбайдан – Сейсенбек, одан Амантай, Өміртай, Байнтай. Айнагүл деп көрсетілген.

Қызырдан – Мұхтаршат, Қанат, Дәулет, Минуар, Нағима, Гүлнар, Гүлбар, Гүлғасыл, Гүлназ.

Қапезден – Төлеухан, Айтгүл, Қинаят, Қанағат, Төлеуғазы.

Маманнан – Бітімбай – дан Сартай, Шәйкен. Сартайдан – Өміртай, одан Марат, Серік және бір ұл бар.

Тобықтыдан – Тоғайбай. 1-ші әйелінен Байқуаныш. 2-ші әйелінен Биқуаныш, одан Молдағазы.

Бүрлібайдан – Әлдибай, Отарбай, Токтарбай, Мамырбек, Қынырбек.

Әлдибайдан – Біләл. Токтарбайдан – Дәуітхан, Ақан, Шәкен. Дәуітханнан – Бақытқан, Дастан, Бақыт, Раушан, Нұркамал, Назым, Алмаш.

Бақытханнан – Дархан, Бақытжан. Дастаннан – Айдос, Серікбол.

Отарбайдан – Гүлзада, Тұрсын. Тұрсыннан – Қайрат, Аман, Айбек, Айдын, Сайраш, Гауһар, Айман, Алмагүл

Қайраттан – Райымбек, Аяулы, Рымбек.

Аманнан – Еламан, Азамат. Айбектен – Данабек, Томирис. Айдыннан – Дарын, Данагүл.

Мамырбектен – Әнуарбек, Зура, Жүрсін. Әнуарбектен – Асылбек. Асылбектен – Олжас, Мейрамбек, Ниязбек, Бақытжамал, Өсет, Айгүл.

Жүрсіннен – Тұрдан, Нұрлан, Шолпан, Гүлнар, Бақытжан, Сәрсембек (Сәрсембектен – Руслан, Балжан, Айжан)

Нұрланнан – Динара, Тоғжан, Бақытжан, Ақниет.

Қынырбектен – Оразкен, одан Совет, Талғат, Қайрат, Сандуғаш, Сара. Талғаттан – Самат. Советтен – Дәулет, Саят, Салтанат, Гүлжанат.

Айдаболдың Сағындығынан – Кәдірбек, Бөзтай, Манап, Қуанышбай – одан Ғазез.

Садықанынан – Атахан, Нұрбек, Байғабыл.

Атаханнан (бәйбішесі Зәуре), ұлдары: Әжірен, Нұрбек, қызы Қапас. Нұрбектен ұлы Алтыбай, қызы – Қапен.

Байғабылдан – Шәкен, Көкен.

Әжірен – әйелі Токтатүсіпқызы Қапила – ұлдары: Серікқали, Берікқали, Уалихан, қызы Майра.

Берікқалидан ұлы Олжас, Мұхтар, қызы Гауһар.

Уалиханнан қыздары Жанар, Динара.

Нұрбектен – Алтыбай, Терлікбайдан – Шерияздан. Есіркеген – жоқ. Тұтқыштан – Жүдеу, одан Сембай – дан Болысбек, одан Серік.

Жобалайдан – Дортуыл, Балағаз, Мәмбет, одан Тұрсын

Құлдан – Барлық, Боран, Іргебай, Белгібай.

Барлықтан – Алпысбай, Жұмахан. Іргебайдан – Қозыбай, Оразкелді.

Белгібайдан – Тоғамбай, одан Қабдығали. Қабдығалидан Мақат. Қозыбайдан – Мақсұт.

Ыдырыштан – Кенесбек, Еркінбек, Асқарбек.

Кенесбектен – Айгүл, Бақытгүл, Алмагүл, Қайрат, Қанат.

Жолдыдан – Төлеубек, Амантай, Бейсен.

Төлеубектен – Сержан, Серік, Мәтіктен – Тоқтағұл, Күлия, Тоқтағұлден-Серік, Айдын.

Масактан – Жантекей, Жәдік, Қонақбай.

Жантекейден – Саяк, Нұрпейіс. Саяқтың бәйбішесі Ақбарақтан: Жәментік, Алуа.

2-ші әйелі Қамариядан: Ыдырыш.

3-ші әйелі Мәукілдектен: Жолды, Мәтік.

Жәментіктен – Тұрлыбек, Әбілмәжін. Тұрлыбектен – (бәйбішесі Сәмсә)– Қабыкен, Совет, Қадыр, Еркін, Сәния, Күлпаш.

Қабыкеннен (жолдасы Қажықызы Пану) Ерлан, Нұрлан, Тельман, Ербол, Ержан, Гүлнар. Ерланнан – Шыңғыс, Нұрбол, Гүлжан. Шыңғыстан – Қайыржан. Нұрланнан – Абай. Тельманнан – Назар, Эльмира, Медине. Ерболдан – Алдаберген. Ержаннан – Мейіржан.

Қадыр (әйелі Клара) – Нұржан – нан Мерей. Советтен – Біржан, Бауыржан. Біржаннан – Әсет, Әнет. Бауыржаннан – Әділет. Еркіннен – Ермек, Ернұр – дан Әлемжан.

Жәдіктен – Баймұрат, Шарғый, Бақыбай, Әділ. Бақыбайдан – Мұхамәди, Мұхамәдиден Түсіпбек.

Қонақбайдан – Сләмбай, Кене. Сләмбайдан – Иса, одан Нұрғали.

Карген шежіресі

Каргеннен – Сімтік, Солтанбек. Сімтіктен – Дана, Көбек, Айманбек. Данадан – Сләмкұл, Сләмбек, Жақсылық. Сләмкұлдан – Мөдениет, Роза, Болат, Клара, Мұрат, Серік. Серіктен – Руслан. Сләмбектен – Талғат, Әдебиет. Талғаттан – Света, Серік, Бақытбек, Жанарбек.

Жақсылықтан – Қайырғазы, Көкен, Қайырғазыдан – Серік. Серіктен – Бақытгүл, Әлия.

Солтанбектен – Мұхамед, Асылбай, Үдербай, Бәтима. Мұхамедтен – Тоқтар, Көшкін Сиырбай. Тоқтардан – Берікқали, Бисара.

Берікқалидан – Ондасын, Тұрғали, Мейрамгүл, Айтқали. Айтқалидан – Бақытқали, Бақытжан, Ардақ.

Асылбайдан – Ыбырай, Жетпісқали. Ыбырайдан – Көден, Ғалия. Көденнен – Алмагүл, Анаргүл, Айдын, Бақытбек, Ардақ, Ақерке, Айбек, Әділет.

Ондасыннан – Айымгүл, Айнұр, Бақытбек, Саябек.

Айтқалидан – Бақытқали, Бақытжан, Ардақ, Айдана, Айдос, Алмас, Гүлдана. Бақытқалидан – Аида, Аружан.

Далбадан – Санабай, Манабай. Санабайдан – Нұртаза, Нұрсаяқ, Нұрзия, Болат. Нұртазадан – Бақытгүл, Амангелді, Бақытбек, Рысбек, Майгүл, Серікбек, Гүлнар, Саягүл, Гүлнара. Амангелдіден – Мөлдір, Балнұр. Болаттан – Қанатбек, Анаргүл, Мейрамгүл, Бейбітгүл.

Келесі бір шежіре нұсқасында:

Кәргеннен – Ақбас, Айманбет, Көбей, Дана.

Ақбастан – Табылман, Мұстафа. Табылманнан – Шотан. Шотаннан – Қабдікен, Айтқабыл, Қабілет.

Данадан – Сломкүл, Сломбек, Қабдікеннен – Максүтбек, Бақытбек, Жаксылықбек, Айтқабылдан – Дәлел, Айқын, Жарқын, Қабілеттен – Сейітбек, Жеңісбек, Айдын, Бағдар, Байдалыдан – Кірпі, Тиебай, Байжан, Тиебайдан – Сарша, Көбей, Саршадан – Қожахмет, Қожахметтен – Қамза, Қанапия, Тәке, Қамзадан – Қали, Нәби, Амантай, Мұқан, Қалидан – Мүсатай, Исатай, Рақымқажы, Мағрипа, Марзия, Кәмөлхан.

Мүсатайдан – Мұратхан, Мұратжан, Ержан, Айжан, Тұрсынқұл, Мүкатайдан – Тұрсынғазы, Ерсінғазы, Мұратханнан – Ерлан, Нәбиден – Дәулетхан, Ақтай, Дәулетханнан – Дүсенғазы, Серікқазы, Кәсира, Нәзира.

Қалыбай шежіресі

Қалыбайдан – Жатқанбай, Мұстафа, Жәкірбай, Бөрі, Жатқанбайдан – Қайырбек, Қайырбектен – Есен, Есенбек, Есеннен – Рысалды, Ләззат, Гүлнара, Перизат, Жанаргүл, Алмагүл, Айгүл, Нүргүл, Рүстем, Руслан, Медет, Қанат, Олжас, Жасұлан.

Рүстемнен – Ондас, Есенбектен – Дастан, Барлық, Гүлмира, Лаура, Қуандық.

Қуандықтан – Бекзат, Жасұланнан – Жадыра.

Ақбарша елі

«Аксуат Атамекенім» атты кітапта өмір жолдары жазылған осы рудан шыққан Кірпінің Омары кезінде болыс болып ел басқарған өзі кішік, ойы биік адам болыпты. Осы кісінің ұрпағы ақын әрі шежіреші Нәкей ақсақал бойшаң, ашаң өнді, дауысы саңқылдап шығатын ақсақал еді. Әрі Нәкей ақсақал менің өкем Нұрғалимен тұтас, аралас ағайын келетіндіктен, үнемі замандастарымен бірге арақидік біздің үйге келіп қонақ болып, бас қосып дәм татып, өңгіме дүкен құратын кездерін жас кезімізде көріп өстік. Сол адамдар еске түскенде тұтас бір дәуірдің қыры мен сыры түгел ашылатын, көне шежірені тағы бір ақтарып шыққандай боласың.

Сондықтан да олар жаныңа жақын ерекше ілтипатпен құрмет ететін, олардың адами қасиеттері көз алдыңнан кетпейтін ардақты жандар еді деуге болады. Міне осындай адамдарды қарғадайымыздан қадір тұтып, өнегесін көрдік. Солардың сыйластықтарына, қажыр–қайратына, ақыл–парасатына, өмір жолдарына қайран қаласыз.

Соғыс және еңбек ардагері әрі өмірінің ақырына дейін ағартушылық қызмет атқарған біздің Әбен ақсақалмен сырлас, замандас, «Аттық ойын, тайлық күлкілері бар» Мақаш ақсақал ағартушылық жолды таңдаған, халықтың баласын тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатқан өз мамандығының біліктісі болды. Орыс жазушысы М.Горький: «Мұғалім егер ол адал болса, әрқашан зейінді шәкірт болуға тиіс» – депті. Осыған орай, Мақан өз міндетіне үлкен жауапкершілікпен қараған, білімге күштар шәкірттер тәрбиелеп, олардың саясы мол ағашқа айналуына қажырлы үлес қосқан, сонымен қатар баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын ұстаздардың бірі болды.

Мақан ұстаздық қызметімен қатар сұңғыла шежіре құймақұлақ адам еді. Реті келгенде өлең де шығарып жіберетін дарыны болатын. Әрине, әркім өз дәуіріне байланысты жырлайтыны мәлім. Сөзімнің дәлелі ретінде кезінде

баспа бетінде жарық көрген бір өлеңін таныстыра кетуді жөн көрдім. Осы өлең Мақанның өмір жолымен де таныстыра кететіні сөзсіз. Өлеңнің тақырыбы: Октябрь толғауы.

Қай ақын Октябрьді жырламаған,
Жырласа адам бар ма тындамаған.
Онда мен екі жасқа еркін толмай,
Сәби екем жөргекте інгәләған.
Естідім ес білгеннен Ленин атын,
Білмедім әлде ол батыр, әлде ол ақын.
«Ленин» деген сөз болды ақ қағазға,
Алғашқы адам болып жазған хатым.

Мен сәби онда бәрін білемін бе,
«Ата» деп суретін көріп күлемін де.
Балалық қиялымнан орын алған,
Ұлы Ленин қазірде жүрегімде.
Он бес жастан еңбекке араластым,
Демедім мен ол кезде әлі жаспын.
Сауатсыздық жоюда сабақ беріп,
Талай үлкен ағаның көзін аштым.

Арнадым өмірімді ұстаздыққа,
Ойласам басқадан да тыс қалдық па.
Соның бәрі партия қамқорлығы,
Отаншылдық өмірге күштарлықта.
Мен көрдім бандалардың лаңын да,
Көз жастың сел боп аққан бұлағын да.
Күрекпенен жер қашап егін салған,
Кедейдің колхоздасқан ұранын да.

Отан деп оққа қарсы жауға шаптық,
Қатыстым талай қырғын шайқасқа ақтық.
Отан үшін оң көзді құрбан етіп,
«Соқыр» деп құрдастардан атақ таптық.

Мен де бір Ақсуаттың түлегімін,
Бірге кешкен өмірін ұлы есімнің.
Көне көз болдық қазір жас ұлғайып,
Көзбен көрмей шындықты біледі кім.

Біз көрдік жоқтықты да, тоқтықты да,
Кезіктік бюрократ көп мықтыға.
Ақырында әділет жөніп шығып
Айтқаны сол мықтының боп шықты ма?

Енді алда басталғандай дұрыс ағым,
Адамға күдіктенбей иланамын.
Арамдықтың арқаны шөрт қиылып,
Тек еңбекпен ел таппақ енді бағын.

Торлаған серпілгендей соғыс бұлты,
Бұзылмаса десеңші жұрттың шырқы.

Керенаулық келмеске кетсін мүлде.

Тілейтінім ұрпаққа ойын-күлкі.

Әділдікке өркім-ақ жан қияды,

Бүгін артқа тастадық тар қияны.

Шындықтың бұлдыр болған бетін ашқан,

Мен жырлаймын мәңгілік партияны. –депті.

Кәрібжан Тыныбайұлы (1910-1978) қаршадай күнінен бастап ерінбей еңбек етті. Мектепте оқу, сонан соң кәсіби білім алу, құқық қорғау мамандығын игеру, осы жолда қызмет сатыларынан сүрінбей өту, іскерлік біліктілігі мен кәсіби шеберлігінің арқасында Семей қалалық ішкі істер бөлімінде орынбасар, кейін Ақсуат, Абыралы аудандарында ішкі істер бөлімінің начальнигі болып жұмыс істеп артына өрнекті із қалдырды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де сауда саласында жемісті еңбек етті. Абыройына дақ түсірмей, беделін кіршіксіз ұстаған Көкең атқарған абыройлы қызметімен қатар бала тәрбиесінде де баса назар аударған жанұя басы.

Үлкен қызы **Өжікен** Ақсуат орта мектебін алтын медальмен бітіріп, ұстаздық жолды тандап, филология ғылымының кандидаты болып, республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының әдіскер ғалымы дәрежесіне дейінгі кемелдену жолынан өтті. Өткен жылы өзі бітірген К.Нұрбаев атындағы Ақсуат орта мектебінен қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арналған оқу-әдістемелік кабинетін ашып қамқорлығына алды.

Өжікен сияқты қызына:

Әрі ұстаз, әрі ана, әрі дана,

Батырған қалын елді қазынаға,

Бердіңіз жас ұрпаққа өнегені

Көтеріп өнер-білім жарығына, – деп бағасын береді. «Қыздан туғанның қиығы жоқ» дегендей, Семей заң институтының ректоры Шырын Құрманбекқызы да Қауажан сияқты қасиетті анасының тәрбиесінен шыққан осы жанұяның түлегі.

Нүркеш Кәрібжанқызы Қорғалжың ауылында адам дәрігерлік қызметімен еліне еңбегі сінген, ел құрметіне бөленген. Қазақ ССР Жоғары советінің грамотасының иегері, «СССР бойынша денсаулық сақтау саласының үздігі», «Қызыл Жұлдыз» орденімен, республикаға еңбегі сінген дәрігер атағын алған, өз мамандығының білгірі ретінде Қорғалжың халқы: Алдына келген адамды ішіп-жемей тойғызатын, жылы жүзді ерекше жаралған қарапайым адам ретінде бағалайтын көрінеді. Кіші қызы Сара да жан арашасы мамандығын тандап, ұзақ жылдар бойы Семей қаласында дәрігерлік қызметті абыроймен атқарған қыздың бірі.

Ал Көкеңнің жалғыз ұлы **Жұмағазы** (Жұмаш) ауданда алғашқылардың бірі болып Алматының ауыл шаруашылығы институтын бітірген инженер-электрик болатын. Ақсуат МТС-да «XXII партия съезі» атындағы совхозда инженер болып істегенде бірге істедік. Кейін Сәтбаев совхозында партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеп, 1971-жылдан бастап өмірінің ақырына дейін Ақсуат электр жүйесі учаскесінің бастығы қызметін атқарды.

Оның Ақсуат өнірін электрлендірудегі ерен еңбегі, электр жарығын алыстағы әр мал қыстағына жеткізудегі қызметі, электрлендіру арқылы ауыр механикаландырылған жұмыстарды жеңілдетудегі орасан зор еңбегі барша халыққа аян. Жұмаш шын мәнінде артында өшпес із қалдырған өресі биік азаматтың бірі.

Жұмаш жаратылысында ақ жарқын, ақ көңіл, ақ көйлек, елгезек, аузын ашса көмекейі көрінетін, көпшілік арасында қалжың сөздері мен ойнақы әзілдерімен, әзіл сөзге ұсталығымен, күлдіргі сөздерімен замандастарының, бірге істеген қызметтестерінің жадында сақталып қалған азамат еді.

Амал не кемел азамат, «жазмыштан озмыш жоқ» дегендей 1994 жылы қараша айында кенеттен дүниеден озды.

Майданда кеудесін оққа төсеп, елін қорғаған, бейбіт өмірде халық шаруашылығын қалпына келтіруде жан-төнімен аянбай еңбек еткен **Семжанов Нұрбатыр** қамшының сабындай қысқа ғұмырында жарық жұлдыздай жарқырап барып сөнген **Сербатыр Семжанұлы** да осы ауылдың ардақты азаматтары еді.

Аз өмір өшер бір күн шамдай,

Өткенді қадірлейік қапы қалмай, – дегендей өткен дәуірде де не бір дүлдүл адамдар өткен ғой бірақ соның бәрін жазып сыйғызу мүмкін емес. Аты еске түспегендер осының ішінде деп ұққан жөн болар.

Кіріспе

Мен жазушы, не журналист, тым болмағанда тіл маманы да емеспін. Өмірі шаруашылық саласында жұмыс істеген адаммын.

Ал бүгін мені толғантып сөйлетіп отырған өзім биік қоятын ағайымыз Көкең жайлы әңгіме тиегін ағытсақ, кезінде есімі тек Ақсуат өңірі емес, бүкіл облысқа танымал адам болды десем, асыра айтқандық болмас.

Табиғат берген күш-қуатының, алғырлығының арқасында ұзақ жылдар Семей, Ақсуат, Абыралы аудандарында ішкі істер бөлімін, зейнеткерлікке шыққаннан кейін сауда саласын басқарды.

Сол кезде жасының егде тартқанына қарамастан, күш-қуатына, еңбексүйгіштігіне, халқына деген қамқорлығына таң қалатынбыз.

Өлең-жыр жазумен айналыспасам да, Көкеңе, анамыздай болған Қауажан апамызға деген ыстық ықыласым, жас та болсам Көкеңмен бірге қызметтес болған кездердегі кісілерден өмір жолдары туралы естіген әңгімелерден есте қалғандарды “Ағалар асқан асулар” деген айдармен жазылған өлең жолдарын тарту етуді жөн көрдім.

Ағалар асқан асулар



Тарыдай шашылса да
тағдырлары,
Еліміз өсіп-өнді, дамыды өрі.
Мың тоғыз жүз оныншы жыл
келгенде,
Қуанды бір қазақтың
шаңырағы.
Ақсуаттың Екпіндей
ауылында,

Туыпты Тыныбайдың Көріпжаны.
Мың тоғыз жүз он төртінші жылды көрді,
Бірінші соғыс дүние жүзіндегі.
Он алтыншы жыл қозғалыс ұлт-азаттық,
Қазақстан өлкесі дүбірледі.
Он жетінші жыл азамат соғысы боп,
Белгілі елдің шындыққа жүгінгені.
Одан соң орнап кеңес үкіметі,
Бай, кедей деп қазақтың бүлінді елі.
Елдің есін шығарды мұның арты,
Қаймықпай көппен бірге жүрді жалпы.
Көріпжан еңбекке ерте араласты,
Сауатын өзінше ашып шала-шарпы.
Кедей мен жұмысшылар ынтымағын
Жақтайтын бақыт жолын ұсынатын.
Қызмет етті Кеңес Одағына,
Беделі де биіктей түсті әр күн.
Хатшы болды ауылдық Кеңеске де,
Еліне еңбек етпей ер өскен бе?
Өз білімін жан-жақты жетілдірді,
Шығарды өзін биік белестерге.
Ертеректе Ақсуат ауылдық сот,
Саласында істеген хатшы да боп.
Абыройлы басқарды ішкі істерді,
Онда да еңбегі зор сіңірген көп.
Бөленген марапат қа, мерейге де,
Мықтылар данқа болсын кедей неге
Басқарыпты қалалық деңгейдегі
Ішкі істер бөлімін Семейдегі.
Абыралы, Ақсуат елінде де
Ішкі істерге басшы боп істеген кезінде де.
Ел өмірін қорғапты, күзетіпті.
Басынан күн, аяқтан сыз өтіпті.

Елге камкор, беделді, қарапайым,
Ешкімге кеуде кермей ізет қыпты.
Халықтың қамын ойлап жүгіретін,
Бұл басы ашық қағида біз білетін.
Зейнетке де шықты да заң саласынан
Лауазымды адал қызмет атқарды,
Тұтынушылар одағы тарапынан.
Сол кездегі ең қымбат бұйымдарды,
Таудағы малшыларға жиі апарды.
Көкене үлкен алғыс жолдап жатты
Жасампаз еңбек ерлері қиырдағы.
Өркімнің күйлері көп тартылмаған,
Киіздей ою салып қарпылмаған.
Таныды талас тартыс тіршілікте,
Жақсы менен жаманның нарқын Адам.
Шекесіне жеге батпас топастар көп,
Мейірімі өздерінен артылмаған.
Ісің түсіп алдына бара қалсаң,
Месінбей жаман қаздай барқылдаған.
Жарлыны жебеп жіберер Көріпжан ғой,
Жан дүниесі – кең сарай алтынданған.
Көріпжанның жұбайы Қауажан да,
13 жаста айрылыпты әкеден, анадан да,
Жетім болып қалыпты екі ағасы,
Олар да жас, көмекке жараған ба?
Қос жетім ұл туысқан Ысқақ, Сыдық,
Қытайға кете барған бетін бұрып.
Қалады қарындастары арттарында,
Жауатандап жалғыз өзі басып мұнлық.
Панасыз қалған қызды көршісі кезіндегі,
Тыныбай ақсақалдың көзі көрді.
Бауырына басып жалғызы Көріпжанмен бірге өсірді.
Бірін бірі жас шақта қуалап ойнап өскен,
Он жеті жасқа толғанда аман-есен,
Ұл менен қыз қиғызып некелерін
Үйленіп тату-тәтті ғұмыр кешкен.
Тәңірі тілектерін берген екен,
Қиындықты төзіммен жеңген екен.
Қауажанның жиырма жасында тұңғыш қызы,
Өжікені өмірге келген екен.
Қауажан ана болған зиялы адам,
Еңбегін ел жұртына жиі арнаған.
Сезімтал, парасатты, елге сыйлы
Ұлы кеуде даналық ұялаған.
Қалайша мақтанбайсың, шаттанбайсың,

Елінің аспандатса салт-санасын.
Үрпақтары өнегесін өрістетті.
Қастерлеп Қауажандай мәрт анасын.
Көріпжанның инженер Жұмағалиы,
Дәрігер қыздар Сара мен Құралайы.
Тыныбай өулетінен тарағандар,
Текіден текті тумай тұра алмайды.
Көріпжанқызы Нүркештің нақты, нақты
Туған жері киелі Ақсуатты.
Мектепті үздік тауысып Алматыда,
Дәрігерлік білім алып бақ сынапты.
Қазіргі Астананың жанындағы,
Қорғалжың ауданына барды-дағы
Дәрігер болып емдеді сырқаттарды,
Жастыққа тимей жүріп жар құлағы.
Мінезі майда, жаны жаз, дархан еді,
Еңбегі елге ұнап жанған еді.
Республикаға еңбегі сіңген дәрігер,
Атағымен ордендер алған еді.
Аяулы ана атанды, әже болды,
Зейнеткер құрметті еңбек ардагері.
Шешеміз Қауажаннан дарыған-ау,
Нүркеш нағыз меңгерген бар өнерді.
Жақсылар жаңылмаған нұрлы жолдан,
Оларға өнер менен білім қонған.
Көріпжан мен Қауажан отбасында,
Үш қызбенен және де бір ұл болған.
Ізгілікке жетелеп жамиғатты,
Білімменен сусындатқан жас ұрпақты.
Осындай жан Өжікен апамыз да
Филология ғылымының кандидаты.
Семей менен Алматының қаласында,
Жоғары оқу білім саласында
Үстаздық еңбек еткен Өжікен де,
Білім беріп адамзат баласына.
Жолдасы Асылханның тасқан бағы,
Біліммен биіктеді, аспандады.
Тарихшы, доктор өрі академик
Бекер білім кумады жасқанбады.
Ата-ана жолын қуды балалары
Жоғары білімі бар, маман бөрі.
Шырыны полтиология ғылымының,
Докторлық дарынымен дараланды.
Өмірден түйгені мен көргені мол
Білімімен бағдарлап табуда жол.

Семейде Мемлекеттің заң институтының
Ректоры. бұл салаға Шырынның қосқан еңбегі зор.
Жақсыға өрнекті өлең жарасады,
Шырынның көп білім мен парасаты.
Таратып тағылымын ел-жұртына,
Қазақ көшін көркейтіп, алға тартты.
Ел тағдырын ойлады, аландады,
Халық сыйлап, еңбегін бағалады.
Қалың елге қамқоршы бола білді,
Көпшілікке тиді оның шапағаты.
Тінібай, Көріпжандай атасының
Қадірлі Қауажандай анасының
Қасиеті қонған ғой Шырынға да,
Дәл өзі жарқылдаған нақты асылдын.
Өмірінің атты да нұрлы таңы,
Көңілінің жайнады гүлді бағы.
Шырын да Ақсуатта туып өсті,
Орта мектеп бітірді, білім алды.
Қауажан әжесінің тәрбиесі,
Болды алтын тірегі ғұмырдағы.
Талапты жас сеніпті талантына,
Білім қуып жол тартты Алматыға.
Тауысып жоғары оқу орнын бітіріпті,
Тарихшы мамандығын алған мұнда.
Еңбек жолы Семейден басталады,
Қанат қақты білімнің заңғарына.
Ғылыми қызметтер атқарыпты,
Диссертация қорғапты жақсарыпты
Өзінің дарыны мен қабілетін,
Білім мен іскерлігін көп танытты.
Халқына білім ғылым жиып берген,
Үкімет алтын медаль сыйлық берген.
Бітірді Мемлекеттік академия
Доктор болып көрінді биіктерден.
Қолына қарманыпты жиі қалам,
Білімімен өзі де биік адам.
Ғылыми бес оқулық, отыз мақала,
Жазыпты өрге басып ізгі қадам.
Еңбектері еленіп елге еткен,
Көрнекті Халқыаралық сыйлық алған.
Бала жақсы болуы нағашыдан,
Өзендей аспай ағар арнасынан.
Шырында нағашы жүрт жағынан
Нәр алып елдің рухын сан асырған.
Шырын шықты Тоқабай, Ақбаршадан,

Ерлікпен отті талай тар асудан.
Өжікен ерекше жаратылған Найман қызы,
Қазақ тілі, әдебиет пәніне арнап,
Оқу әдістемелі жағынан нақ.
Өжікендей бір туар Ақсуаттың әпкесін
Шырын бастап Ақсуат мектебінен
Жеке бөлме ашылған сәнді, ғажап.
Жас ұрпаққа арнаған бар асылын,
Арманы өркендету ана тілін.
Бастаған өмір жолын ұстаздықтан
Шәкірттері сапалы алған білім.
Шығыстың шұғылалы Шырын қызы,
Үмітін ақтай бермек Алашыңның.
Біліммен биіктерге байрақты іліп,
Тектілікке тарихты айғақ қылып
Қолдады жұрт қызығын жыр думанды
Шаттықтың шымылдығын жайлап түріп.
Шаттануға Шырынның қакысы мол,
Өмірден өз орынын сайлапты нық.
Алал берген ғұмыры гүлге оранып
Сау жүрсін ел-жұртымен тойлап күліп.
Марқұм Кәкең көпті көрген, көп нәрсені көңіліне түйген, мінезі жұмсақ,
адам көңілін қалдырмайтын қарапайым адам еді.

Өзіне тән жұмсақ әзіл, үлгі өнеге тағылым алатын,
Жұғымды қалжыны, тартымды әңгімелері болатын.
Бірсыпыра әңгімелері “Ақсуат атамекенім” атты кітапта
жазылғандықтан, қайталауды жөн көрмедім. Кәкең өз тұрғыластарымен
кездесіп, бас қосқан жерлерде әңгіме ұшығын шығарып тұратын кездері де
болатын. Міне осындай Кәкеңнің тұрғыластармен кездескендегі әзіл-
қалжындарын еріксіз еске аласын.

Ауданда Ескали Әубәкеров деген ақсақал болды. Ұзақ жылдар аудан
колхоздарында бастық, ауылдық кеңестің төрағасы болған, әзіл мен
қалжынға келген кезде алдына жан салмайтын, тілге шешен кісі еді.

Алпысыншы жылдарда сол кісілер тұрғылас Ілияс деген ақсақалдың
бөйбішесі мен Байғали деген азаматтың шешесі бақилық болып, бір күнде
қойылады.

Алдымен Байғалидың шешесіне топырақ салып, Ілекеңнің бөйбішесіне
топырақ саларда Есекең, Көкең, т.б. ақсақалдармен қатар тұрдық.

Көкең Есекеңе қарап, Ілекең бүгін бөйбішесі қасына барып, мәз-мейрам
болып қуанып жатқан дегені мұң екен, Есекең ырғалыңқырап бір күліп алып,
кім білсін? Ілекең пәниде жүргенде де әйел затына тым жылпостау еді, о
жаққа барып, бір қордың қызын алып, қып-қызыл төбелес болып жатпаса
нешікті дегенде жиналған жұртты қыран-топан күлкіге батырғаны бар.

Тағы да бір алпыс екінші жылдары Қытайдан келген оралмандармен
қонақта отырғанда, Есекене оралмандардың біреуі осы елде арақты қағысып

барып ішеді екен. Ал Қытайда стакан қағыстырмай ішеді. Мұнысы қалай деп сұрағанда, Есекен күліңкіреп барып: Бұл арақтың жазым өткелі көп нәрсе ғой, егер жазатайым осы арада жүріп кетсең, хош дегенің осы болады, - деп елді күлкіге батырған екен.

Көкеңнің замандастарының ішінде осындай от ауызды, орақ тілді адамдар көп болған.

Ал Көкеңнің өзіне келсек, бастық бола тұра қызметтестеріне еш уақытта тіл жаракатын тигізіп, мінін ел көзінше бетіне багттығып айтпайтын биязы адам еді. XXII партия съезінде сауда жүйесінің бастығы болып тұрған кезде конторына бір шаруамен барғаным бар. Елдің көпшілігі сауда дүкендеріне шет елдік товарлар келіпті деп шуылдап жүрген кезі болатын. Көкең конторда менімен бірге әңгімелесіп отырғанда, сол сауда саласында Көкеңнің қарауында істейтін шыттай магазинге жана түскен киіммен киінген бір әйелдің кіріп келгені бар емес пе. Сонда Көкең әлгі әйелге қарап: Пәлі, қарағым! Ел товар іздеп ала алмай, ұрынуға қара таба алмай жүргенде, тіліне тиек болайын деп киініп келдің бе? Уақытын сәл өткізіп барып кисең де болмайтын ба еді, - деп шаруасын бітіріп шығарып салғаны бар. Көкең маған қарап: Әй, Төлеуғазы, осылар көз алдында болып жатқан жағдайды аңғармайды ғой, - дегені әлі есімде. Көкеңнің осындай ешкіммен шәй деспей, ақылмен басқарған тамаша ғұмырына тәнті боласын.

Көкең басындағы бағын да, астындағы тағын да бұлдап, бұлдана білмеген абзал аға өз басының қам-қарекетінен гөрі қол астындағылардың талап-тілек, мұң-мүддесін алға қоятын. Мүмкіндігі жеткенше, кімге де болса жақсылық жасау – тек Көкең сияқты парасатты жандардың ғана қолынан келуші еді.

“Жақсының аты өлмейді” деген рас болса, Көкеңнің ақыл-парасаты, қалдырған ісі ешқашан өшпек емес.

Қауажан апамызда баласы Жұмашпен бірге өскендіктен бе екен, мені көргенде ұдайы әңгімеге тартып отыратын. Кейін келе сол апамызбен сырлас адамдардай болып кеттік. Өткен-кеткенді айтып отыратын бір әңгімесінде, маған: Құдай-ай! Аға бір қорқақ болды емес пе. Начальник милиция болып тұрған кезінде, колхоздан ақшасын төлеп алған бидай мен қойды өкелуге қорқатын. Оны барып алып келетін де, диірменге апарып тарттырып балаларға азық етіп беретін де мен болатынмын дейтін жарықтық. Осындай сырлас апамызбен Алматы қаласына көшіріп саларда екі күндей жанында бірге болып, өткен кеткен әңгімелерді айтып қимай шығарып салғаным бар.

Осындай әңгіме үстінде отырғанда біреулер қонаққа шақырды, сізді келсін деп жатыр десе, осылар-ақ осындайда шақыра қалады екен, сөзді бөлмендерші деп ренжитін жарықтық.

Ол айтылған әңгімелердің барлығы ел ішіндегі ағайын арасындағы болғандықтан, оқырмандарға іштей түсінікті болар демекпін.

Көкеңнің күйеу баласы Асылхан да бір ақ көңіл, аңқылдаған азамат еді. Бізді көргенде қалжыңға тартпаса, арқасы қышып тұратын және бізге өктемдеу болатын. Жолсапармен ауылға келіп дәмдес болып жүргенде өзі қалжындамаса, біз қалжыңдасуға ұялыңқырап жүретінбіз. Сыйлайтынбыз.

Алматы қаласына білім көтеруге барып, Қазақстан қонақ үйінде кездесе кеткенім бар емес пе. Сөйтсем жездеміз менімен қатар комнатада жатыр екен. Жездеміз: мен докторлықты қорғауға келіп осында жатырмын, сенің келгенің жақсы болды ғой, үйден жүріп дәм тат деп, комнатасына апарып, шай ішіп, ел-жұрт жайын сұрап, әңгімелескеніміз бар.

Ертеңінде мені шақырып алып, комнатасында бір бейтаныс қонақтар отыр екен, маған ақша ұсынып, буфеттен барып коньяк пен бір бөтелке арақ алып кел деді. Мен ақшаны алуға намыстанып, ауылдан келген кезім, алмадым. Бірақ тапсырған шаруасын орындап, қонақтармен бірге отыр деген ишарасына рахмет айтып, комнатаға келдім.

Бастапқы жұмсағанда ақша алмаған кінә өзімнен болғандықтан, кейінгі табаны жалпак бір ай бойы жездеміздің шаруасын орындау менің есебімнен болды. Бұл шаруадан Өжікен апайымыз келген соң құтылғаным бар. Міне базыналық деген осындай болатын көрінеді.

1976 жылдары Ленин жолы совхозында партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеймін. Ауданнан Асылхан жездеміз телефон шалып: Әй, Төлеуғазы, обкомнан өкілдікке біршама адамдар келіп едік, мен сендердің совхоздарына бөліндім. Жанымда 3-4 адам бар, дұрыстап қарсы алатын бол, - дейді. Бұрынғыдай емес жездемізбен қалжындасуға етіміз үйреніп қалған кез болатын. Мен: Әй, жездеке, қарсы алу өз алдына бір шаруа ғой. Менің Алматыдағы енбегімді ала кел демеймін бе. Сонда Асекен: Ой оны қойшы аласың ғой, мына қонақтарды дұрыс қарсы алып, жайлы аттандыруды ойла, - деп қалжындап жатыр. Осындай бой жадыратыр қалжындарға не жетсін, шіркін! Сол сапарында жездемізбен екі-үш күндей бірге болып, разы кош боп шығарып салдым.

Кейін Қауажан апамызды бакилыққа аттандырарда бірге болып, әңгімелескен күндерден кейін, жездемізде келмес сапарға аттанып кетті.

Міне қамшының сабындай ғұмырда кейбір есте қалған елестер осындай. Егер өмір жолымыздағы кездесулердің барлығын жазсақ, бір повест болар еді-ау деген ойдамын. Амал не, жазушылық өнер жоқ. Міне, Кәкеннің жанұясымен сыйластық қатынастарымыз осындай болды. Бұл сол Кәкен мен Қауекеннің бойына қонған шарапаттан болар демекпін.

Нұрбатыр Семжанұлы



1923 жылы Семей облысы, Ақсуат аудан, Екпін ауылында өмірге келген. Төл құжаты бойынша 19 жасында нақты туған жылымен алғанда 16 жасында 1942 жылы 22 маусымда Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан Свердлов облысы, Камышев қаласына аттанады.

Осы қалада 45 күн әскери даярлықтан өткеннен кейін Смоленск майданында 2 ай соғыста болып, аман-есен шығады. Кейін Калининград майданындағы Рожев қаласындағы ұрысқа қатысады. Осы қаланы жаудан азат ету жолында жүрген шайқаста сол жақ аяғынан жараланып, Москва қаласындағы госпитальда 6 ай жатып емделіп, әрі қарайғы соғысқа қатысуға жарамсыз болғандықтан, туған жеріне қайтарады.

Туған жерге оралғаннан кейін ауырған жарақатына қарамастан, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруге аянбай еңбек етіп, колхоз, совхоз шаруашылығында 40 жылдан астам тер төгіп жұмыс істейді.

1944 жылы «Екпін», 1952-1953 жылдары «Көкжыра», 1956-1966 жылдары «Карл Маркс» колхозында қой фермасының меңгерушісі болып жұмыс істейді. Осы фермада меңгеруші болып жүргенде «каракуль» қойын өзі төлі есебінен өсіріп, өнімділігін арттырғаны үшін, социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, ауыспалы Қызыл туды жеңіп алады.

Ауыспалы Қызыл туды «Шұбарши» қыстағына верталетпен келіп қонып, сол кездегі ауданның бірінші хатшысы Өмірзақ Шокбатыров өз қолымен табыс еткен екен.

Тегіндегі колхоздар іріленіп, совхоз шаруашылығына көшірілгенде Сәтбаев совхозында қойма меңгерушісі, 1975-1980 жылдары совхоз директорының орынбасары, 1980-1987 жылдары комендант болып жұмыс істейді.

1957 жылдан КПСС қатарында болған Нұрбатыр Семжанұлына Отанына адал еңбек етіп, 1987 жылы құрметті демалысқа шығады. Еліне, жеріне беріле еткен еңбегіне қарай, марапаттан да кем болған жоқ.

Ұлы Отан соғысының 50 жылдығына арналған орден мен бірнеше медальдармен, мақтау грамоталары мен сыйлықтардың иегері болды.

Құдай қосқан қосағы Нұржамалмен үл мен бірнеше қыз өсіріп тәрбиелеген, ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырған үлгілі жанұяның тірегі болған Нұрбатыр Семжанұлы 1996 жылы дүние салып, өзінің туған жерінің топырағына бөленді.

Дос туралы үздік сыр



Балалық жастық шағымыздан, өміріміздің ұмытылмас қызыққа толы сәттері Сербатырмен бірге өтті. Оның біз атын да атамай Батыр аға деуші едік. Батыр ағаның үлгі аларлықтай, ұрпаққа тәрбие тәлім берерліктей қасиеттері мол еді.

Істе де, білімде де, өте алымды, жұмыс істейтін ортасымен, аралас достарының арасында өте сиылы болатын.

Төңірегінде өзімен бірге жүрген аралас, дос жарандарының арасында ашық-жарқын кішіпейіл мінезімен, қамқорлығымен, шаршамас жігерімен, төзімталдық көтерімділігімен басқаларды өзіне тартып ерекшеленіп тұратын.

Қандай адамға болмасын қолынан келген көмегін, ақыл кеңесін аямайтын, өзіндік пікірі бар, турашыл дос туысқа деген сүйіспеншілігі мол қасиеті ерекше азамат еді.

Адам әрқашан еңбегімен бағалы. Өзінің аз ғана ғұмырының ішінде, ауыл шаруашылығына сіңірген еңбегінің арқасында өзін еліне, халқына таныта білді. Сондықтан да, Ақсуат елді мекендерінің тұрғындарының туыс, дос, жолдас-жораларының Батыр ағаның рухына құрметтері ерекше.

Бірге қызметтес болғандағы ерекше бір қасиеті бірдене сұрап келген адамға өмірі «жоқ» демейтін, уәде еткен нәрсесін қалайда орындайтын.

Көзінің тірісінде Бейбіттей ұл сүйген және оны еркелетіп өсірген азаматтың бірі. Өзі дүние салғаннан кейін өмірге келген Арманы да ер жетіп ұлыда, қызыда, ақар-шақар үй болып шаңырақ көтеріп өмірінің жалғасы болып келеді.

Осы балаларын тәрбиелеп өсіріп, ер жеткізіп, достарын кәдірлеп, жақындарын жинап, Батыр ағаның тірлігінде қол ұстасып өткізген қарапайым жары Құлбағаштың аналық қамқорлығын өсте естен шығаруға болмайды.

Кездескенде көзі күлімдеп, қолымызды қысып әзіл-күлкіге кенелтіп молықтыратын, жастайымыздан бірге өсіп, сан қызық қуанышты күндерді бірге өткізген Батыр аған бұл өмірде жоқ.

Ең соңғы кездесуіміз батыр ағанның жарық дүниемен қоштасуының кимай аттанған ақырғы күні еді.

Қайран досым! Сенің әдемі күлкің, жібектей мінезің мен жарқын жүзің мәңгі есімде.

Ақбарша шежіресі

Ақбарша — Атанның кіші бәйбішесі. Осы анадан туған бабалардың барлығы ана атымен аталып кеткен. Ақбаршадан — Есен, Бесен, Боқат (Тоқат), Шокат, Қаржау, Нұржау, Қартабай.

Есеннен — Байдалы, Кірпі, Байшон.

Кірпіден — Әріп, Омар, Оспан. Омардан — Нәкей, Өкпебай. Нәкейден — Мұхаметқали, Әйтiш, Елтай. Оспаннан — Мұқа, Әлсейiт, Әлсейiттен — Мақаш, Шошақай, Мақау. Мағзұмнан — Тұқта, Бикен. Мұқадан — Рақымжан. Байшоннан — Сасанбай, Мәукебай, Байқұрман, Мүбәрк. Әубәкірден — Бекібай. Әйтiмбайдан — Бейсембай, Шарахмет, Жанахмет, Шаяхмет.

Бесеннен — Байсымақ, Борсақай, Мотыш, Ноғай.

Байсымақтан — Елқонды, Сәтбай, Дұтбай, Бәдеке, Байбала, Тiнiбай, Дүйсенбi, Бәйтелi.

Елқондыдан — Әлiмбай, Сәлiмбай, Рахымбай.

Әлiмбайдан — Сағади, Садуақас, Абдрахман, Мәкiтай, Әмiре, қыздары: Кәшей, Бәшей, Шәукен.

Дүтбайдан - Әбділбай, Шәріпжан.
Байбаладан – Дүкетай, Рысбай.
Тінібайдан – Кәрібжан. Қызы Тайжаннан – Айтқабұл.
Бөкеден – Жүке, Жүкөден – Зейтін, қыздары: Бауша, Биғайша.
Сәтбайдан – Қармақазы, Сағындық, Ахметкәрім.
Тінібайдың бәйбішесі Бүбіаша руы Құттықадам Түсіптің қызы. Малды-
Көнші одан Кәрібжан. Тайжан туады. Кәрібжанды Бүбіайша асырап алады.
Малдының ағасы – Токтар.
Борсақайдан – Бегенбай, Қажтай, Айқын.
Мотыштан – Баяш, Шілері, Имамәди, Мұхамәди.
Шүкіманнан – Мұса, Мүсәдан – Жәмшібай, Жүнісбек, Қамшыбай,
Мамай.
Қамшыбайдан – Түсіпбек, Кәлімбек, Жанахмет.
Тінібайдан – Кәрібжан қызы Тайжан.
Кәрібжаннан – Жұмағазы (Жұмаш) Қыздары: Өжікен, Нүркеш, Сара.
Жұмағазыдан – ұлдары: Болат, Дулат, Дәулет, қыздары: Ардақ, Шынар,
Жанар.
Болаттан – ұлы: Шынғыс, қызы Зере.
Өжікен – күйеуі Құрманбаев Асылхан, руы Арғын. Нүркеш – күйеуі
Байлесов Қабиден, руы Арғын. Сара – күйеуі Ескендіров Ғарифолла, руы
Қыржы.
Боқаттан – Ішпек, Мүсіреп. Ішпектен – Жәкежан, Оқас. Мүсірептен –
Тұрдыбай (Боғастан – Мәлік).
Шоқаттан – Сарша, Сабаншы, Қабан, Итбай, Сәрсенбай.
Саршадан – Көкебай, Қожахмет. Қожахметтен – Теке, Қанафия, Қамза.
Текеден – Шектібай, Бектібай, Байжұма.
Сабаншыдан – Исакбай, Әбзелбай, Әлібай, Әпсәләм, Ысқак.
Исакбайдан – Нұрсипат, Әкеми, Смағұл, Дабар. Нұрсипаттан – Бакыт.
Дабардан – Құмарбек. Құмарбектен – Бакытбек, Серік, Бауыржан. Қыздары:
Айгүл, Нүргүл, Жұлдыз.
Бакытбектен – Алдияр. Бауыржаннан – Данияр, Қуаныш.
Әбзелбайдан – Шәкенбай, Шәкербай шал. Шәкенбайдан – Бекқазы.
Шәкербайдан – Серғазы, Байғана.
Шалдан – Имандос, Жанқазы, Аққазы, Сейітқали. Аққазыдан – Зада,
Сейітқалидан – Сайраш.
Әпсәләмнен – Бисәбел. Ысқактан – Оқас, Оқастан – Қазез, Нұрбибі,
Қасиет, Нұрқамила. Қазезден – Алтай. Алтайдан – Серікбол, Нұрбол, Ербол,
қыздары: Сайрагүл, Айман, Тамара, Нұрлыгүл, Нәзигүл, Мейрагүл,
Назым.
Қабаннан – Әбілмәжін, Қосай. Әбілмәжіннен – Кітап, Қадылбек,
Ғалымбек, Гүлсара, Тұрсынхан. Санагүл.
Қуанышбектен – Еркінбек, Айнұр, Айдана. Ғалымбектен – Гүлмира.
Итбайдан – Жакып. Жакыптан – Семжан, Құлыштай, Мәлік.
Семжаннан – Нұрбатыр, Сербатыр, Имаш.

Нүрбатырдан - Сайлау, Ондасын, Бауыржан, Роза, Ондасыннан
Мейірман, Гүлмира, Айгерім, Ләззат, Бауыржанның - Ернұр,
Сербатырдан - Бейбіт, Саягүл, Армангүл, Бейбіттен - Ерасыл, Тогжан,
Мөліктен - Тұрарбек, Тұрарбектен - Арарат, Анаргүл, Рамазан,
Мейрамбек, Қонысбек, Анарбек.

Сәрсенбайдан - Нүрке, Жүке, Түйте.

Нүркеден - Рух, Рухтан - Серік, Рықбек, Серіктен - Саят, Бағдат, Дулат,
Рықбектен - Жанарбек, Данабек, Анар, Жанар, Манарбек, Мейрамгүл,
Маржан, Манарбектен - Бауыржан, Арайлым, Акерке.

Жүкеден - Қасен (Балға), Түйтеден - Жылқыбай, Кәукен, Бикен,
Бақтыбай.

Жылқыбайдан - Әрмияш, Мәрияш, Мұрат, Сандуғаш, Жанат, Мәди,
Қанат, Олжас, Жасұлан.

Мұраттан - Жандос, Сұлушаш, Балнұр, Мәдиден - Айнұр, Жаннұр.

Жасұланнан - Ақжол, Бақтыбайдан - Гүлнұр, Нұржан, Мейірман.

Қаржаудан тарайтындар: Қауыс, Оразғали, Төлеубаев Хамет, Кәшек,
Алдажарлар деп көрсетілсе, кейбір шежіре нұсқаларында:

Қаржаудан - Қарсақбай, Түлкібай, Бидайшы деп көрсетілген.

Қарсақбайдан - Рүстем, Ақажан, Ахмет, Жүніс.

Рүстемнен - Нұғыман, Нұғыманнан - Нұршайық, Семейбай,
Жұмашайық, Жайшайық, Нұршайықтан - Елікбек, одан Ерасыл, Дана,
Динара.

Семейбайдан - Аскарбек, Жұмашайықтан - Құлжабек, Қажыбек,
Жайшайықтан - Болатбек, Ермек.

Ақажаннан - Смағұл, Жүмөділ, Мұқан, Байжұма, Жүмөділден -
Базарбек, Сләмбек, Бөтихан, Сләмбектен - Асылбек, Аслан, Маржан,
Ахметтен - Өкен, Бешібай, Өкеннен - Алтай, Амантай, Құмар, Құсман,
Гүлнар, Нұрлан, Гүлназ, Алтайдан - Гүлжан, Зауре, Еркебұлан,
Еркебұланнан - Мадина, Жаннель, Амантайдан - Әсет, Гүлмира, Жасұлан,
Жасұланнан - Әлішер, Құмардан - Айдын, Мәдина, Құсманан - Нұржан,
Бауыржан, Нұрланнан - Дания, Лаура.

Түлкібайдан - Құлан, Бөген, Құланның - Шүршіт, Шүршіттен - Қоқыш,
Сатыпалды.

Қабдолдан - Сәбен, Шәрбан, Серік, Ғалымбек, Мейрамбек, Ғалия,
Сәбеннен - Гүлмира, Құралай, Нұргүл, Сәуле, Шалқар, Шалқардан - Дастан,
Серіктен - Айдын, Алмас, Архат, Бигүл, Арай, Ғалымбектен - Сырым, Есет,
Гүлнар, Мақпал, Мейрамбектен - Медет, Айнұр, Бөгеннен - Қауыс, Қабди,
Бектұрған, Қауыстан - Оразғали, Оразғалидан - Аманолла, Ғарифолла,
Жәнібек, Қалибек, Әділбек, Аманолладан - Сәбитолла, Нұртас,
Ғарифолладан - Нұрзия, Нұргүл, Әлімғазы, Жәнібектен - Медет, Ербол,
Қалибектен - Боранбай, Серік, Шынар, Айгүл, Ләззат, Әділбектен -
Амангелді, Айсұлу, Әлімғазыдан - Азамат, Ақмарал, Меруерт,
Райымбектен - Сүлеймен, Дәубай, Сүлейменнен - Үмітай, Нұрбану,
Төлеубай, Даубайдан - Алдаберген, Алдабергеннен - Қабдрахман,
Әділқорым, Кенжебек, Мәкеш, Қадылхан, Дархан, Қабдрахманнан - Сайлау.

Жайлау, Отан, Нүргүл, Абакытгүл, Өбдікөрімнен – Серік, Мұрат. Кенжебектен – Руслан, Роллан, Қуаныш. Қадылханнан – Рауан, Арай, Құралай, Толғанай. Мұхаметбектен – Амангелді, Ержан, Бисара, Күләш, Күләнда, Зияш, Айгүл.

Қаметбектен – Нұржан, Зәмзәгүл, Самал, Жадыра, Тоты, Ерлан, Мейрамбек, Манарбек, Мейір, Қуаныш, Айбек, Жөнібек. Манарбектен – Мейір. Мейірден – Әділет, Анар. Манарбектен – Шыңғыс, Мадина.

Нуржаудан – Келпенбай, Балпаңбай. Келпенбайдан – Отаршы, Ахмет, Жетімек, Солтабай. Ахметтен: Отаршыдан: Байбосын, Секер, Байбұлан. Байбосыннан: Әлмұқанбет (Әлмәжен), Жармұқанбет (Жәреке). Әлмұқанбеттен: Серікбек. Жармұқанбеттен – Берікбол, Зауки, Сабира, Кенесбек. Берікболдан: Хасен, Құсайын, Қабдолла, Әнуар, Зика, Әсия. Кенесбектен: Назархан, Зауре. Назарханнан: Әсет, Әділет, Зарина, Сымбат. Солтабайдан: Сағатбек, Сағымбай. Сағатбектен: Зада, Бимөши, Қалиаскар, Алдажар. Бимөшиден: Бакыт, Әлиаскар, Шолпан, Аскар, Дәулет. Әлиаскардан: Ерсін, Тельман, Ербол, Қуаныш, Баян. Аскардан: Айнұр, Салтанат, Айгүл. Қалиаскардан: Еркінбек. Еркінбектен – Қуаныш, Жанерке, Жанар, Анар. Алдажардан: Өбен, Өбдікөрім, Серік, Серікболсын, Нағима. Өбеннен: Айдын, Шалқар, Ернұр, Тимур, Ерасыл. Өбдікөрімнен: Қайрат, Динара. Серікболсыннан: Жанерке. Сағымбайдан: Қадияша, Мұхаметбек, Бәдиша, Алтын. Мұхаметбектен: Қайрат, Мақсат, Назым.

Баканнан: Байшұбар, Шербай. Байшұбардан: Бәшір, Селтек, Мейірман. Бәшірден: Әбітай, Әсия, Ағия, Акатай, Оразғали, Әмірғали, Айтқазы, Серікхан, Аманғазы. Акатайдан: Күләш, Бауыржан, Гүлжанат, Абдрахман. Оразғалидан: Фарид, Берікказы, Сейітказы, Гүлнар, Гүлмира, Боранғазы, Жазира. Әмірғалидан: Салтанат, Талғат, Перизат. Айтқазыдан: Батырғазы, Оралғазы, Нәзира, Жадыра, Әйгерім. Серікханнан: Назерке, Назира. Аманғазыдан: Жанар, Еркебұлан, Күлбағи, Гүлсім, Күлзипа, Орынғазы, Оразғазы. Оразғазыдан: Дархан, Назгүл.

Қартабайдан: Токибай, Атан, Биен, Байсымақ, Елқонды, Әлімбай, Мөкітай, Бикен.

Тоқабайұлы Жомарт



Тоқабайұлы Жомартты,
Еске алып елі оралтты.
Болыпты батыр әрі би,
Жоңғардан елін қорғапты.


Мақпалды Үйсін елінен,
Мың жылқы беріп
алыпты.
Жекпе-жекте жоңғармен,
Женіп күшін танытты.
Келесі бір соғыста,
Жараланып қалыпты.
85 деген жасында
Амалсыз дүние салыпты.
Кегенбай бидей ұлының
Қасынан орын тауыпты.

Жомарт бабамыздан тарайтындар:

Кегенбай, Бәйел, Қокан, Қоканнан Деріпсалы, Тұяқ, Макпалдан Боктыбай, Токтыбай, Өтеміс, Бурабай, Бәйгел, Бекбау. Нұржап деген қалмақ әйелінен: Аткелтір, Мендібай болып тарайды. Бұл сегіз ата, ана атымен аталып кеткен ұрпақтар.

Кегенбай би!

Тағдырдың алмағайып кезеңдерінде туған халқын тарих тұманына адастырмай, шамшырақтай жөн сілтеген келешектің көкжиегін дәл нұсқаған дана бабамыз, ақыл ой алыбы Кегенбай биге бүгінгі ұрпақ өлшеусіз қарыз.



Біз жырласақ жас ұрпақ
Кегенбайды,
Тарих калай бағасын бере
алмайды.
Найманның нар тұлғалы
бірегейі,
Кегенбай жайында ұрпақ не
ойлайды.

Алты алаштың бірлігін қорғап өткен,
Ұлылар ұрпақтарын бөле алмайды.
Бабалар тектілігін теріп айтсақ,
Қолдайды ешбір жаулар жеңе алмайды.
Қосылмай ұлылар қалмас жырға,
Ұран қылмай тұрмайды алаш мұнда.
Рухы ұрпақтарға ұлағат берер,
Кегенбай жатсадағы жер астында.

Не сыр бар?



Кегенбай бидің зираты
Көкпекті селосынан шығып,
Ақсуат тас жолының бойымен
тоғыз шақырым жүрсеніз, сол
жағында шок тоғайлы шағын
жазық жатады.

Тоғай арасынан бұралаңдап, Көкпекті өзені ағады. Бұрын жазық ортасынан айналасында кішігірім зираттар бар үлкен екі төмпешік көзге шалынатын.

Тың көтерілген жылдары бір бұзық трактористер айналасындағы зираттарды қағып өтіп, бірталайын жыртып жіберген көрінеді. Ортасында

төмпешік болып қалған зираттардың айшықты ағаш күмбездері бұдан ертеректе сонау отызыншы жылдары сол зираттан шығысқа қарай орналасқан. екі километр жердегі сыыр базының төбесін жабу үшін бұзылып алыныпты да, айналасындағы қыш кірпіштен жиналған қорғандарының кірпіштері тозғаннан кейін, екі үлкен төмпешікке айналған.

Тарихи ескерткіштердің, ескілік атаулының бәріне жауыға қарайтын сондай бір қытымыр заман өтті ғой басымыздан. Сол екі километр қашықтықта (орналасқан) салынған базға қамалған ірі қараның белгісіз аурумен, әр күн сайын бір бастан шығын болып, қыстама аяқталғанда бәрі өліп біткен деседі.

Кейіннен қой да, шошқа да қыстатқан, бірақ қыс ішінде бәрі де өлді деседі бірен-саран көнекөз қарттар әңгіме тиегін ағытып.

Ал екі зираттың күмбездерін бұздырып, қыш кірпіштерін алдырған адам үрім-бұтағымен жоғалған. Мұны естігенде Египеттегі перғауынның оқиғасы ойымызға оралады. Египеттегі оның қабірін ақтарушылардың көпшілігі белгісіз аурудан өлген еді ғой. Мұның себебі саркофактың ішінде мындаған жылдар бойы сақталып қалған улы микробтарға байланысты екен. Сол кейіннен анықталды ғой.

Мұндағы колхоз малдарының жаппай шығынға ұшырауына да сондай бір салдар-себеп болды ма, кім білсін. Ал қариялар қауымы мұны киелі аруақтардың шамдануы деп жориды. Қалай десек те, әлгіндей фактінің болғаны анық.

Бүкіл Найманға билік айтқан жарықтық Кегенбай бидің аруағы тегін қойсын ба деседі олар.

Осы жер бұрынғы “Ұзын бұлақ” совхозының егістік жері. Зират егістік жерге кіре орналасқан. Жылда жер жыртатын трактористер зираттың үстімен жүрмей, борозданы айналып өтіп салатын. Осыдан он шақты жыл бұрын осы арадағы егістікті бір қазақ, бір неміс жігіті К700 тракторымен жер жыртады. Неміс жігіті борозданы тура тартамыз дейді. Ал қазақ жігіті алдында киелі зират жатыр, айналып өтуіміз керек дегеніне қарамастан, қандай түлен түрткенін кім білсін, тура борозда тартып келе жатып, зираттың төмпешігіне көтеріле бергенде, трактор артындағы тіркеме плуг үзіліп, К700 тракторының шатуны кенет сынып, істен шығады. Трактордың қатты үзілген шатунының дауысынан шошынып, неміс жігіті трактордан түсе қашып, қарсыдағы беткейге шығып кетеді. Артынан қуып барып ұстап алып келіп, зират басына әкеліп, мал сойып, ұшықтап, құран оқып, ишрат жасаған едік дейді қариялар. Дегенмен сол жігіт жарымжан болып ауырып, тракторын тастап кеткен көрінеді.

Малды қойғанда адамның осындай жағдайға ұшырауын тектен-тек жағдай деп түсінуге болмайтын бір сыр бар екендігін анық дей келе, бүкіл елге, Найманға билік айтқан жарықтық Кегенбай бидің аруағы тегін қойсын ба деген сөздің мағынасы да осы терең сырда жатқандай сезіледі.

Бұл әңгіме 1991 жылы маусым айында әкесі Жомарт пен Кегенбай биге мазар тұрғызарда, Алматы, Семей, Аяқоз, Көкпекті, Ақсуаттан келген көнекөз қариялардың, солармен бірге болған марқұм Қалихан

Алтынбекулының, Нұрбек Сейілханұлының, журналист Абылай Сарбасовтар қатынасып отырғандағы әңгіме желісінен алынды.

Келесі бір әңгімеде молдалар Мағыпар Файзоллаұлы, Ахметқан Қилыбайұлы, Әшім жиналған ақсақалдармен әңгімесінде: Алланың сүйген құлдарына пайғамбарлар, Нәбилер, Расулдар жатады емес пе. Өздерің әңгіме етіп отырған би атаңыз да осы Алланың сүйген құлына жатады. Сондықтан да аруақтың шамдануы деп отырғаныңыз осы әулиеліктің әсері болар.

Отырғандардың бірі: Пайғамбар мен Нәби, Расулдердің айырмашылығы қандай болады? – дегенде, “Пайғамбар” деген парсы сөзі, оны Расулге де Нәбиге де ортақ деп ұғынуымыз керек, яғни бұл сөзді Расулдің де, Нәбидің де орнына қолдана беруге болады. Ал Нәбиге, Расулге сенуді “Иман келтіру” дейді. Алла тағала Расулдерді де, Нәбилерді де адамдардың арасынан саралап алады. Олар халықты бір Аллаға ғибадат етуге шақырады.

“Нәби” деген араб сөзі. Бұл сөздің қазақша мағынасы “Хабаршы” дегенді білдіреді. Ал “Әнбия” деген оның көпше түрі. Демек Нәбилер ұйықтап жатқан кездерінде ақиқат түстер көріп, Алла тағаладан хабар әкеліп, оның түсіндіруі мүмкін. Олардан басқа ешкімдер де мұндай түстер көре алмайды. Сондықтан да Нәбилердің дәрежесі бүкіл адамзат баласынан жоғары тұрады. Нәбилік қасиет тек қана түсінде көрген ақиқат түстерді адамдарға айтып, көпшілікті тура жолға бастайды.

Расулдер “Расул” деген араб сөзі, оның қазақша мағынасы Алла мен адамзат баласының арасындағы елші дегенді білдіреді, халықты Алланың бірлігіне, одан кітап түскеніне, иман келтіруге шақырып, шарифат үкімдерінің орындалуын талап етеді.

Расулдерге Жебірейіл періште тікелей келіп, тілдесіп сөйлеседі. Оларға Алла тағаладан уахи арқылы кітап немесе парақша түседі. Яғни олар Алла тағаланың бұйрығын орындау үшін халықтарды тура жолға шақырады.

Расулдер мен Нәбилер арасында айырмашылықтар Нәбилер Расулдерден санынан көп. Бірақ ешқашан да олар Расул бола алмайды. Расулдер, керісінше, Нәби де, Расул де бола алады. Сондай-ақ, Расул Жебірейіл періштені көзімен көріп, дауысын естуі мүмкін. Алла тағала Расулге Құдай сөзін жеткізуді бұйырса, Нәбиге ондай талаптар бұйырылмайды. Нәбиге Алла тағаладан кітап та, парақша да түспейді. Демек, Расулдық дәреже Нәбиден жоғары болады.

Әлемде Нәбилердің де, Расулдердің де саны көп болған. Сол себепті бір пайғамбарымыздан Нәбилердің саны қанша болғанын сұрағанда, жүз жиырма төрт мың деп жауап берген екен. Әлгі кісі одан соң солардың ішінде қаншасы Расул болғанын білмек болғанда, үш жүз он үші расул дейді, яғни қалғаны Нәбилер болғаны.

Орайы келгенде осы жерде Құран Кәрімдегі есімдері аталған 25 пайғамбардың аттарын атап өткенді жөн көрдік. Олар: 1.Адам 2.Идрис 3.Нұһ 4.Һуд 5.Салих 6.Ибраһим 7.Луд 8.Исмайыл 9.Исқақ 10.Яқұп 11.Юсуф 12.Шұғайып 13.Аюп 14.Зүлқәфил 15.Мұса 16.Һарун 17.Дәуіт 18.Сүлеймен 19.Илияс 20.Әл-Ясағ 21.Юнус 22.Закария 23.Яхия 24.Иса 25.Мұхаммед (с.ғ.с.)

Құран Кәрімдегі осы аты аталған пайғамбарларға сенімсіздік білдірген адам көпір болады. Пайғамбарлардың санының көптігіне Ниса сүресінің 164 аяты дәлел бола алады:

“Біз көптеген пайғамбарлар жібердік. Олардың ішінде бұрын саған баян еткеніміз де, етпегендеріміз де бар.”

Пайғамбарлардың дәрежелері, ұлықтары, алатын орындары бірдей емес. Алла тағала олардың кейбіреулерін басқаларына ұлық еткен. Алла тағала Мұхаммед (с.ғ.с) дәрежесін басқа пайғамбарлардың дәрежесінен жоғары етті. Бұрынғы пайғамбарлар жеке халықтарға, үмбеттерге жіберілсе, Мұхаммед (с.ғ.с) жер шарын мекендеген бүкіл адамзат баласына жіберілген ең соңғы пайғамбар. Сондықтанда Мұхаммедті (с.ғ.с) “ақырзаман пайғамбары” деп те атайды. Бұған Сәба сүресінің 28 аяты дәлел: “Сені біз Күллі адамдар үшін (мү, миндерге жөннәт туралы) қуанышты хабар жеткізуші (көпірлерді қаһардан) сақтандырушы етіп жібердік. Бірақ адамдардың көбі мұны білмейді.”

Кешегі өткен Кеңестік кезеңде бір Алланың барлығын, пайғамбарлықты, рухты жоққа шығарып келгені әлемді көп толғандырады.

Бірақ кейін діни көзқараспен санаса отырып, ілім іздегендер адам санасынан тыс бір Тәңір барлығын, өз заманында пайғамбарлардың болғандарын және рухтың бар екендігіне шек келтірмеді.

Алланың барлығы мен бірлігіне, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, қиямет күніне, қайта тірілуіне және тағдырға рухтың мәңгі өмір сүретіндігіне сенуге шақырды.

Бұл дүниеде жақсылық істегендердің екі дүниеде де сауапқа ие болатындығын ескере келіп, адам баласы да өз өмірінде жақсы жұмыстар істеп, құлшылық істеуге тырысу керек.

Халықта: “Адам адамға, жан денеге қонақ” деген нақыл сөз бар. Ал Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді: “Өзекті жанда өлмейтін пенде жоқ” (Гилеран сүресі 185 аят)

Мұны хакім Абай былай деп суреттеді емес пе:

Адамзат бүгін адам, ертең топырақ,

Бүгін өмір жарқылдап алдар бірақ.

Ертең өзің қайдасың білемісін

Өлмек үшін туғансың, ойлан шырақ!

Демек, адамда үміт көп, бірақ барлық кезде бізді ажал күтіп отырады. Сондықтан ажалды ешуақытта ұмытпау керек. Әрине, өлімді бір уақыт ойлап қойған артық болмайды. Осыны ойлай отырып, адам баласы өзінің қамшының сабындай қысқа өмірінде адам баласына жақсылық жасап, құдайға құлшылық етуге тырысуы керек.

Түсінген адамға бұл жарық дүниеде адам баласына жақсылық жасап, сыйласу мен татулыққа не жетсін.

Жарық дүние-ай, жаным-ай,

Менің! Ғажапсың!

Ғажапсың шіркін! Амал не,

Тезсің, азапсың, - деп М.Мақатаев бекер айтпаған болар.

Діни кітаптарда адам бақилық болған кезде, “Адамның жаны ыдыстан аққан сүт секілді шығады” десе, ақындар өз шығармаларында жанның шығуын тозанға тенейді. Бірақ жанның қандай формада шығатынын ешқайсысы дөп басып айта алмайды.

Ал ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов жан туралы бір сұхпатында былай депті: Жанның “формасына” да анықтама беру мүмкін емес. Өйткені, ол – Құдірет жарық ретіндегі Құдайдың жасампаз “бір тал шапағы”. “Кіші Құдай”. Мен мұның бәрін ата бабаларымыздың анықтамасына сүйеніп айтып отырмын. Оның үстіне жанның қандай да бір “квинтэссенция” екендігін де ұмытпауымыз керек. Оның ешқандай заттық сипаты жоқ. Демек, жанның өзінің де, көрінісінің “формасы” да – “жан”, яғни тірі, құбылмалы, құлпырмалы ... жасампаз делініпті.

Діни кітаптардың барлығы рухтың (жанның) мәңгілігіне сенуге шақырады. Бұл дүниедегі жақсы, жаман амалдардың о дүниеде алдынан шығады деп, имансыздықтан сақтандырады.

Рухтың өмір сүретіндігін, растығын дәлелдейтін ғылыми тұжырымды алғаш неміс ғалымы Мисмар 1770 жылы жасаған. Оның пікірін бүгінгі ғылым да қуаттап отыр.

Бірақ ғалымдар рухтың растығын дәлелдегенімен, оның мәнін түсіндіріп бере алмайды. Өйткені ол бір Алланың құзырындағы нәрсе, сыры адамзатқа жұмбақ. Рух туралы Алла Тағала Құранда: “Әй, Мұхаммед, олар сенен жан (рух) туралы сұрайды. Ол Раббымның әмірінен сендерге өте аз мәлімет берілді де” – деген. Рух жөніндегі терең кетуге дінімізде рұхсат етілмеген.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): “Рух жайында терең кете бермендер, себебі сендерден алдыңғы қауымдар рух жайында терең кеткендіктен жолдарынан адасып кеткен. Сондықтан сендер де бұл жайында терең кетсеңдер жолдан адасасыңдар” – деп үмметтеріне қатаң ескерткен.

Алла Тағала рухтың сырын менен басқа ешкім аша алмайды деген.

Қорыта айтқанда, “Өлі жебемей, тірі байымайды”, “Өліні қадірлемеген, тіріні құрметтемейді” деген қазақ халқының дана нақылын еске ала отырып ата-бабамыздың рухын құрметтеуді ешқашанда естен шығармалық, ағайын.

Кегенбай елі

Жөңкілтіп жылдар арадан,
Өтсе де өшпес санадан.
Кемеңгер би Кегенбай,
Тоқабайдан тараған.
Жезтаңдай ұлы Жомарттың,
Аузына ел-жұрт қараған.
Тура тілді, білімді,
Дауды шешкен дана адам.
Жас ұрпақ алар үлгі көп,
Кегенбай би бабадан.
Қалың ел қанық даңқына,

Мән берген заман паркына.
Шешендік, билік сөздері,
Бергісіз ғой алтынға.
Жалғаса игі ұрпақтар
Ата жолын артында.
Білік айтқан бүкіл
Найманға,
Қамқор болған халқына.
Мол шашқан мейірім
шуағын,
Жақынына, жатына.

Кегенбай би бабаның,
Халқы көрген шапағын.
Ел бірлігін сақтауға
Шақырыпты қатарын.
Би ғана емес Кегенбай,
Көріпкел де болған керемет.
Орындалған тез жетіп,
Айтқан сөзі шегелеп.
Сөнбейді шындық шырағы,
Соны айтып тарих тұрады.
Ата-жұрт қамын ойлаған,
Аз емес Алаш ұлдары,
Шығыпты Кегенбайдан соң
Шерубай би аузы дуалы.
Хабаров генералдың да,
Шерубайдан сағы сынады.
Қожакелді батырдың,
Құнын орыстан сұрады.
Сөзі өтті өндіртті,
Токабайдың жуаны.
Алтын тон жауып орыстар,
Шерубайды сыйлады.
Шерекең шаһит болған соң,
Ойы ұтқыр қырағы
Баласы Омар болысқа,
Шерубай тоны бұйырады.
Шерубайдан кезінде,
Тас қамалдар қирады.
Сініріпті көп еңбек,
Қазақ үшін қырдағы.
Оның ұлы Омар да,
Қызмет еткен қоғамға.
Мырза атанып, болыс боп,
Еліне болған қорған да.
Малбағар мен Аягөз
Батырлар мықты олар да,
Болды халық қорғаны
Ақ найзаны қолға ала.
Қалаулысы халқының,
Ұқсаған жұлдыз-шолпанға.
Атағы асқан таудан да,
Салмапты күшін саудаға.
Жүріпті халқы риза боп,
Қабдолладай балуанға.
Сарсенұлы Бияхмет,

Тектінің қалған тұяғы.
Бес арыспен дос болған
Азамат заңғар зиялы.
Әділдікті ту етіп,
Ел тентегін тияды.
Ашып шағын мектептер,
Оқуға бала жинады.
Бар білімін өзінің
Жас ұрпаққа сыйлады.
Жастарды биік білімге,
Шығаруды ұйғарды.
Тәрбиелеп қазақ жастарын,
Үйретті оқу, иманды.
Сарсенұлы Жанахмет,
Өрен болған өрелі
Бияхмет ашқан мектепте
Сапалы сабақ береді.
Бүгін жеткен біздерге
Оның тарих дерегі.
Жанахмет жайында
Сұлтанмахмұт жазушы
Мақала жазған көлемді.
Сарсенұлы Дәлел де,
Үздік жеткен мәреге.
Заң оқуын бітірген,
Сыйлы болған бар елге.
Докторлықты қорғаған,
Ғылыми терең толғанған.
Профессор болып істеген,
Өнегесі зор адам.
Бияхметұлы Ғалихан,
Қасымханұлы Ғабдрахман
Көргендер Отан соғысын.
Өмірлері қиын басталған.
Самолетпен самғаған
Шабуыл жасап аспаннан.
Жердегі жаудың легін
Бомбалап жойып тастаған.
Әкелген елге жеңісті,
Өшпес ерлік жасаған.
Бұлардың майдандастары
Қаһарман қайран достары
Жұмағазы, Тілебалды,
Әбуғали, Қабдуәкір,
Сейіт, Танғыт, Кәкетай,

Көптеген және басқалар
Жырласақ ерлік дастандар.
Қылыштай тілін қынынан
Бектас акын суырған.
Айтыскандар онымен,
Ұрымтал тұста жығылған.
Бектас акын кезінде,
Біреуге ат мінгізген.
Біреуге шапан кигізген,
Сауын мен соғым беріп те.
Жомарттығын білдірген.
Болмаса да бай кісі
Жұртына болған пейілі кең.
Бектас акын ұрпағы
Тергемес шешен тұлғалы
Шешендік билік жүргізіп
Елін даудан құтқарды.
Азулы бай да, болыс та.
Тергемеске иланды.
Ел тағдырын көп шешкен,
Бибимәриям. Бәтима, Саки, Жібек,
Рәш, Кәтима, Әзен сынды аналар
Еңбекпен даңққа бөленген.
Ұрпаққа үлгі болғандар,

1941 жылы соғыс басталып, дүние асты-үстіне түскендей астан-кестен кезеңде, одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірудегі қиын-қыстау кезеңде еңбек еткен аға ұрпақ өкілдері соғыс және еңбек ардагері Әлпенұлы Әбдікәрім мен еңбек армиясынан мүгедек болып оралған оның зайыбы Рақиша анамызды, соғыс және еңбек ардагері Отыншыұлы Қапас та жастарының ұлғайғандықтарына қарамай, Отанға, бейбітшілік өмір орнатуға деген құлшыныспен, ақысыз, пұлсыз еңбек еткен сол кездегі ауылдағы қариялар: жасы 85тен асқан Садуақас ақсақалды, Тергемесұлы Қонақты, Сары Қонақты, Темірғали, Нұрғали, Сыдық, Қаратеке, Қабдолла, Түйте тағы басқалардың таңның атысы мен күннің батысына қарамай, тертөкті еңбек етіп, Ұлы Отан соғысынан болған жараны жазып, халық шаруашылығын қалпына келтіруде өз үлестерін қосқан жанкешті аға ұрпағын кейінгілер мәңгі есте ұстау керек.

Мын бір түн өңгімелеріндегі:
Дүние деген керуен сарай,
Келіп кеткен мұнда талай.
Жана келед, ескі кетед
Жөнеледі бірі қалмай – дегендей, осы аталған адамдардың бірде біреуі бұл өмірде жоқ адамдар. Тек көрген адамдардың санасында сақталып қалған бейнетті өмірдің бакилық пенделері деуге болады.

Сәт сағатта сынларлы.
Соғыс, еңбек ерлері
Ардагерлер елдегі.
Әділханұлы Рахымхан
Абылғазин Егізбай,
Нұрғалиев Абубақир,
Әбен және басқалар,
Жеңіске үлес қосқандар.
Өрісбайұлы Мұталап дара тұлға
Ұстаздығы жемісті жалғасты да
Көптеген шәкірттерді даярлады,
Қалтқысыз қызмет еткен
Алашына
Тартыпты үндеместің зардабын да
Жалған жала жармасқан
жағасына.

Озаттар шыққан әйелден,
Еңбектері еленген.

Еңбеккор асыл аналар.
Соларды әркез мақтан ғып,
Тақуа тарих толғанар.

Бияхмет Сәрсенұлы



Алаштың перзенттері занғар
дер ем,
Жүсіпбек пен Ахмет,
Мағжандармен.
Үзеңгілес, қызмет бірге істеген,
Бияхмет Сәрсенұлы тарлан
ерен.
Көп қосқан ел ішінде үлес
тіпті,
Уақытпен жүрегі оның
үндесіпті.

Халқының бостандығын ту етіпті,
Бөйгеге басын тігіп күресіпті.
Бияхмет Сәрсенұлы Семейдегі
Ақсуаттың тумасы төл перзенті.
Сүйегі Наймандағы Қаракерей,
Байыстың тармағынан Жолымбеті.

Бияхметтің тауға өрлеген бақ-талабы,
Онымен бүкіл казак мақтанады.
Тектіден текті тумай тұрмас сірә,
Токабай мен Кегенбай аталары.
Өзін елге сыйлы ер атандырған,
Есімін елі ұмытпай дастан қылған.

Елі үшін еңбек еткен жұбайы да
Хасенқызы Бәнумен отау құрған.

Патша үкіметі тұсында нақты бөрі,
Бияхмет Сәрсенұлы атындағы
Тарихтан белгілі болды бүгін,
Бастауыш мектептердің ашылғаны.

Бияхмет Сәрсенұлы сол мектепте,
Сабак беріп, кезінде бақ сынады.
Ол жайында жазушы Сұлтанмахмұт
Мақала жазып, мәлім қалдырғаны.

Саналып ұлтшыл да, жырынды да,
Көп казак 37де қырылды да.

Бияхмет те құрбан болып ілініпті,
Саяси қуғын сүргін құрығына.

Аяулы азаматтар Алаштағы,
Аз емес ел жайымен санасқаны.
Бияхметтің арманы орындалды,
Тәуелсіздік таңы атты қазақтағы!

Бияхмет Сәрсенұлы – казактың ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті қоғам қайраткері. Алаш Орда үкіметінің мүшесі, Кейін совет өкіметінің алғашқы

жылдарында халық ағарту комиссары болып істеген Ахаңның – Ахмет Байтұрсынұлының бірінші орынбасары болған.

“Бияштың (Бияхмет Сарсенов) барында Ахаң бар істі соған сеніп тапсырып, арқасын кенге салып отырушы еді” деп жазды ол туралы 1921 жылы жазушы Жүсіпбек Аймауытұлы. Қазақтың алғашқы жоғарғы оқу орны Қазақ институтының (КИНО) және алғашқы қазақ мектептерінің құрылуына ат салысқан Б.Сарсенов 1921 жылы кенет сүзектен қайтыс болады. Үкімет сол жылы Орынбордағы балалар үйіне оның есімін беріпті.

Бияхмет Сарсенов – қоғам қайраткерлігінен басқа баспасөзге де көп араласқан зиялы азамат.

Сол замандағы өз тұсындағы саяси ахуалмен кеңінен таныстыратын мақалалары әсіресе төңкеріске дейінгі басылымдарда сол кездегі “Сарырка” газетінде жиі жарияланып тұрыпты.

Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Таныстыру” деген поэмасында:

... Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ,

Шолпандыққа жарайды ай қасында....”

деген өлеңі Бияхметтің қазақ маңдайына біткен жұлдызы болғандығы айтпай-ақ түсінікті деуге болады.

Егер Бияхмет Сарсенұлы туралы материалдарды толығымен жинақтаса, дербес бір кітап болып шығуына күмән келтіруге болмайды. Бұл еңбекті іске асыруды кейінгі ұрпақ үлесіне қалдырған жөн болар.

Ғалихан Бияхметұлы



Бияхметұлы Ғалихан,
Орын алған тарихтан.
Семейдің Көкпектісінде туып,
Көрген сонда жарық таң.
Маманы орыс тілінің
Қолдау тапқан халықтан.
Бияхметтің жалғызы
Көп оқып, білім дамытқан.
Еңбекпенен есейген,
Тәжірибе жинап төселген.
Білікті маман саналып,
Халқына пайда әкелген.
Өмір жолы күрделі,

Халкым деп соккан жүрегі.

Көріпті Отан соғысын

Жау алғанда іргені.

Үшкыштардың оқуын,

Бітіріп те үлгерді.

Бомбалайтын барлаушы,

Самолетке мінеді.

Одан талай жайраған,

Жаудың қалың ілегі.

Отан үшін от кешіп,

Қорғады елін іргелі

Жаудың құпия сакталған

Самолеттері тұратын

Жерлерді бомбалап

Орындаған мұратын.

Самолетпен ұшуды,

Төтенше шебер меңгерген.

Емдеск Голландия

Жарты аралын ол көрген.

Шабуыл жасап жауына

Елін қорғап ерлеген.

Елім-жұртым деп өскен

Ерлерін ел ұмытпас.

Ғалиханның ерлігі Мәңгілік өшпес, бұл рас.

Ғалихан Сәрсенұлының жүйбайы Иоака жайында

Сұлу да, сымбатты да, сұлу шашты,
Алма мойын, қаракөз, қара қасты.
Ақ қағаздай кіршіксіз нұрлы жүзді
Қамқорлық жасап елге мерей асты.

Қызы осы Голландия королінің
Аты Иоака, талғамы дара мұның.
Жар болды Ғалиханға ұнады да,
Қолға алып жақсы өмірдің лалагүлін.

Ғалихан отау құрып күлімдеген,
Төңірі Хорат деген ұлды берген.
Екеуі некеге отырып Рим папасына,
Иоака мұсылман дініне енген.

Ғалихан фашизмді талқандады,
Жаудан азат етіпті Варшаваны.
Ғалиханның рухы мәңгі жасап,
Ел данқын алыстарға апарды.

Королева Винамина



Ғалиханның ғұмыры күдіретті сыр,
Қазақтың азаматы ол жүректі дүр.
Ғалихан ерлігінің куәгері
Королева Винамина суреті бұл.



Бағлан Салықұлы



Шегедеков Бағлан Салықұлы 8
апрель 1955 жылы бұрынғы Семей
облысы Шар қаласында өмірге
келген.
1972 жылы Ақсуат орта мектебін
бітіріп, сол жылы Қарағанды
мемлекеттік медицина институтына
түседі.

1978 жылы аталған институтты ойдағыдай аяқтап, тазалық дәрігері
дипломын алады.

Қолынан іс келетін, ұйымдастырушылық қабілеті зор, білімді жігіт өз
еңбегінің арқасында Семей қаласының санитарлық-эпидемиологиялық

станциясына өз мамандығы бойынша тазалық дәрігері болып жұмысқа кіреді. Сол жылы өзін жұмыста көрсете білген жас маманды қалалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясының балалар мен жасөспірімдердің және еңбек гигиенасы жөніндегі бөлім меңгерушісі етіп тағайындайды.

Еңбегі еленген, өзі де елгезек те еңбеккер Бағлан Салықұлын 1982 жылы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігерінің ұйымдастыру методикалық жұмысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалады.

1986 жылы Бағлан Салықұлына облыстық денсаулық сақтау басқармасы үлкен сенім артып, Семей қаласының мемлекеттік бас дәрігері қызметіне тағайындайды.

1989-1994 жылы баламалы негізде Халық депутаттары кеңесінің Семей қалалық депутаттығына депутат болып сайланады.

1996 жылы қалалық пен облыстық санитарлық-эпидемиологиялық станциялары қосылғаннан кейін, осы бірлестіктің Семей облысы бойынша мемлекеттік бас санитарлық дәрігері болып тағайындалады.

1997 жылы Семей облысының тарауына байланысты Семей қаласының бас санитарлық дәрігері болып тағайындалып, сол жұмысын осы күнге деін жалғастырып келеді.

Халық денсаулығын сақтауды өзінің азаматтық парызым деп жоғары бағалайтын Бағлан қайда болмасын адам өмірін қорғап, жұқпалы аурудың алдын алуда тынбай еңбек етіп келеді.

Оның араласуымен және ерен еңбектің арқасында қаладағы су құбырлары жиі-жиі стандартқа сай тазартылып отырады.

Қаладағы мекемелердің тазалық жұмыстарына жаңа тәсілдер қосып, сол арқылы қала тұрғындарын көптеген жұқпалы аурулардан алдын ала сақтай білді. Кейінгі кездегі саңырауқұлақтай қаптап кеткен базарлардағы көпшілік тұтынатын тағамдардың да тазалығын сақтау мақсатында ерен еңбектің үлгісін көрсетіп келеді. Сонымен қатар қаладағы көше тазалығы да қалпына келді деуге болады.

Бағлан – жалпы тазалық сақтау саласындағы жоғары категориялы дәрігер, Денсаулық сақтау саласындағы “Отличник” белгісінің иегері. Қазақстан Республикасы “Қызыл жарты ай” қоғамының мақтау грамотасымен, денсаулық сақтау басқармасы бастығының және Семей қалалық әкімінің, “Аспан” өндірістік және кәсіпкерлер Ассоциациясының Президентінің алғыс хаттарының иегері.

Жылма жылғы жұмысы нәтижелері де негізгі көрсеткіштері бойынша алда келеді.

Бұл күндері Семей қалалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясында қызметкерлерге жұмыс істеуге толық жағдай жасалған. Тәжірибелі мамандармен толықтырылып, компьютерлендірілген. Жаңа типтегі мекеме ғимаратында еңбек етуде. Мұнда дәрігерлерді автокөлікпен қамту жағы да өз шешімін тапқан.

Осындай жүргізіліп жатқан тыңғылықты жұмыстардың арқасында, жұқпалы аурулар саны да ең төменгі деңгейде.

Бағлан Салқұлы қызметте талап қоя білетін, сонымен қатар коллективіне жағдай жасай да білетін білікті басшы. Ал үйінде үлгілі от басы. Өмірдегі жан жары Гүлбаран екеуі Шормандай ұл, Шолпандай қыз өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған үлгілі жанұя. Ұлы Шорман АТФ Халық банкісінде бас маман, үйленген. Жолдасы Айнұр Құмарбекқызы, руы Тобықты, Ерасыл, Іңқар атты балалары бар. Шолпан Дайырхан Әсетұлымен тұрмыс құрған, руы Уақ. Шегедеков Бағлан Салықұлы,

Табыспенен өткізген әрбір күнді.

Семейде мемлекеттік бас дәрігер

Халықтың шипагері жаны нұрлы, - дей келе еңбегі көпке үлгі Бағланның әлі де халық үшін, адамдардың денсаулығын қорғауда аянбай еңбек ететініне сенеміз.

Ерлан Салықұлы



Ерлан ел-жұртына сыйлы, сабырлы да білімді, бойында парасат пен ізгілік қасиеттерге толы Салық ағай мен ақылды да инабатты, адамға деген қамқорлығы басым Бижамал апаның жанұясында, Ақсуат ауданында 1958 жылдың 26 ақпанында дүниеге келеді.

Ол 1975 жылы Ақсуат орта мектебін бітіріп, 1976 жылы Шымкент қаласының Мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, 1981 жылы аталған институтты аяқтап, тарих пәнінің маманы болып шығады.

Жаңа оқу бітіріп келген жас маманның жас та болса елгезектігі мен ақ жарқын мінезі бірден байқалып, сол жылы қыркүйек айынан бастап Ақсуат аудандық ЛКСМ комсомол комитетінің нұсқаушылығына қабылданады. Аталған комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі және хатшысы болып жұмыс істейді.

Ерланның жұмыс істеу барысындағы іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетіне, қарапайымдылығы мен талапшылдығына, адамдармен тіл тауып жұмыс істей білетін қабілетіне байланысты 1983 жылдың мамыр айынан бастап 1985 жылға дейін Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып еңбек етеді. 1986 жылдың мамыр айынан бастап, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушылық қызмет атқарады.

1987 жылдың қараша айынан бастап Комсомол совхозының партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істейді. Бұл жұмыс та да совхоз экономикасының қарқынды дамуына аса зор ықпал етеді.

1991 жылдың тамыз айынан бастап 1992 жылға дейін аталған совхоздың директорының коммерция жөніндегі орынбасары болып жұмыс істейді.

1992 жылдан 1997 жылға дейін Екпін ауылдық округінің өкімі болып қызмет атқарады. Бұл жұмыс та да өткеннен көп тәжірибе жинақтаған жан-жақты білімді Ерлан Салықұлы әлемдік өркеніеттің ағымына ілесе отырып, өз ауылының да, өз елі, өз жерінің өсіп-өркендеуіне, өзі туып өскен өлкенің әлеуметтік-экономикалық, рухани мәдениет өміріне үлкен үлес қосқан азаматтардың бірі.

Ол ұйымдстырушылық қабілетімен, қызмет бабында алалуды білмейтін турашылдығымен, жаңашылдығымен, жұмыстағы біліктілігімен аудандағы үздік әкімдердің санатында болды.

Бұрын сонды әкімдік тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, жаңа қызметті аз уақыттың бедерінде ұршықтай үйіріп әкетуіне оның алған білімі мен тәжірибесі көп көмектесті. Әрдайым жариялылық пен шынайылылықты пір тұтқан әкім командасы жігерлі де жанашыл түрде қызмет атқара білді. Кезінде Ы.Кабековтың 100 жылдық мерейтойын атап өткізуді жан сала ұйымдастырған да осы әкім командасы болатын. Сол тұста ауыл көшелерін көркейтпн көгалдандыру мен көріктендіруге баса мән берді. Ауылда шағын орта бизнесті дамыту арқылы бюджет қоржыны толықты.

Қорыта айтқанда, өзі қызмет істеген Екпін ауылында Ерланның жасаған жұмыстарының қолтанбасы қалды.

Қызметі ауысып, 1998 жылдан 2000 жылға дейін Солжағалау ауданының муниципалдық округінің Семей қаласы әкімінің өкілі ретінде қызмет атқарады. 2000 жылдан бастап “Андас-Алтын” тау-кен бірлестігінің экология бөлімінің бастығы, кейін кадрлар және еңбек ақы бөлімінің бастығы болып еңбек етеді. Сол жылдары “Даңқ” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директорының мемлекеттік жұмыстары жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Бұл жұмыста да еңбегі бағаланып, Шегедеков Ерлан Салықұлы 2005 жылғы желтоқсан айының 25дегі “Андас-Алтын” тау-кен компания жауапкершілігі шектелген серіктестігіне 10 жыл мерекелік медалімен марапатталады.

Андас-Алтын тау

Бірлестікті басқарып.

Салықұлы Ерлан да,

Асудан биік асты анық.

Ел бірлігін жақтаған,

Еңбек еткен ақ таңнан.

Арттырып Отан байлығын,

Бір күн тыныш жатпаған.

Журналистер Ерлан жайында

Мақала жазып мактаған, -

дей келе бұған ерінбеген еңбектің біліктілігі мен өмір тәжірибесі, сарқылмас қайрат қосылса, елдің алдында болу қиын емес. Ерлан - жаны жайсаң, жүрегі жомарт, сезімі нәзік, ойы сергек, көңілі адал, көкірегі кең, ақылы кемел, адамгершілігі мол, текті атаның ұрпағы.

Жанұялы, зайыбы Шегедекова Рамзия Көкенқызы, руы Қыржы ішінде Жандос, Раушан, Гүлбаршын, Баяндай қыздарды өсіріп тәрбиелеп, Раушандай қызын қияға қондырып отырған үлгілі де тәрбиелі, ұлағатты жанұяның бірі.



Қонақ – ұстамды да тартымды, ел ішінде беделді, абыройлы, сөзге ұста адам болған. Інілері қатты сыйлап құрмет тұтатын, айтқан ақылымен сөзінен шықпайтын адамдар болған.

1935 жылы маусымда Қонақмен бірге туысқан бауырлары, ауылдас туыстарымен Қытай еліне қоныс аударғанда жанында тек Нұрғали ғана қалады. Бауырларының қоныс аудару кезеңі ел ішінде тұрмыс жағдайы нашарлап, күн көріс жағдайы төмендеген, саяси ахуал шиеленісіп, талас-тартыстың, “алашордасын” деп қудалаудың, қуғын-сүргіннің жүріп жатқан кезеңі болса керек. Қасында қалған бауыры Нұрғали айтыпсалма, шамадан тыс ақиқаттан алшақ айтылған бұрмалау сөзге шыдамсыз жан болса керек. 1930-жылдардағы репрессияға ұшыраған осы ру ішінен шыққан Бияхмет Сарсеновтардың жақын-жуықтарын, солармен жақын сыбайлас болды деген жандарға айып тағу мақсатында өткізілген жиындарда осы ел ішіндегі кейбір адамдардың жиында бас сауғалап, алашорда Сарсеновтың жақын туыстары Нұрғалилар болып келеді, біз осы елге сіңбе, жалшы ретінде жүргендер болатынбыз дегенде Нүкең орнынан ұшып тұрып, ықылым заманнан бері бізбен бірге өсіп-өніп, біте қайнасып, бір ата баласы, бір шаңырақтың астында өсіп, бөлінетін жерді тапқан екенсің деп бетіне айтып салады екен.

Бұдан да басқа өткізілген жиындардағы осындай қайшылық пікірлерге барған інісіне Қонақ осы сен саяси жағдайдың шиеленісіп тұрғанына қарамай, қанша айтсам да көпшілік жиындарда айтыпсалма мінезінді бір қоймадың. Бұдан былай ұстамдылық мінез, салмақтылық көрсетпесең, “сенің бір күні көзің жоғалады”, не осы арадан кет те көзіңді жоғалт деп ренжісе керек. Ағасының сөз саптауына қарағанда, келешекте жағдайдың қиынға айналып кететінін сезген інісі Нүкең 1932 жылы бұрынғы Көкпекті ауданының жаңа құрылып жатқан “Комминтерн” (кейіннен “Большевик” совхозы) совхозына қоныс аударып кетеді. Ел ортасында беделді, сыйлы болады. Сол жерден де туыс, дос-жаран тауып, сыйласып, орын теуіп те кетеді.

Алайда жалғыз тұра алмаған ағасы артынан іздеп барып, бұрынғыдай емес ел іргесі тынышталды, енді елге орал деген ағасының ақыл-кеңесімен жалғызсыратпайын деп, 1937 жылы туған еліне оралады. Содан өле-өлгенше екеуі бір ауылда болды. Ақыры бақилыққа ағасы Қонақ інісі Нұрғалиды 1958 жылы 7-қараша айында шығарып салып, жоқтау айтқаны өлі есімде. Мен сол “Комминтерн” совхозының “Үш көмей” деген жерінде, Ертіс өзенінің жағасында дүниеге келіппін.

Қонақ ақсақалдың бірінші айттырып алған бәйбішесі Бәлия, руы белгісіз, осы бәйбішесінен Абуғали туады. Екінші әйелі Күлбаран, одан Көртенғали деген ұлы болған (фамилиясы Мамырбеков, Алматының

худграфын бітірген) дәм-түздары жараспай шешесімен бірге кеткен. Үшінші әйелі Айтжан (руы Уак) бұдан Зейнеш деген қыз, Әнуарбек деген ұлы болған.

Абуғали 1908 жылы туған, 1937 – жылы армия қатарына шақырылған, “Халкин-гол” соғысына қатынасқан, кейін 1941 жылы кадровая армия ретінде Ұлы Отан соғысында майдан шебінде болып, 1942 жылдың тамыз айынан хабарсыз кеткен. Өмірінің ең қызықты кезеңін Отан қорғау шебінде өткізіп, 34 жасында өмірден өткен.

Абуғалидың да бірінші әйелі ескі қазақ жолымен ес білмейтін жас күндерінде атастырып қосылған қосағының аты да Бәлия (руы Сары). Кейіннен Советтер Одағы кезінде әйел теңдігін көтеру науқанына байланысты жүргізілген шаралардың салдарынан теңіне сүйіп қосылмағандар ретінде ажырасып кетеді. Осы жеңгеміздің екінші қосылған қосағы да ағайын болып келетін Мырзағали деген азаматпен тұрмыс құрады. Бұл некелесу ағайын арасында дүлдараздықтың, өкпе-наз, қырғи-қабақтың ахуалын да тудырады.

Алайда жылдар өте келе барлығы да арнасына түскен жеңгемізден “қарабасқыр” ағайын арасын арадастырып, ауыл төңіректеген оқиға қалай болған? Кететін болсаң, ағайын арасын арадастырмай, ұзақтау көз көрмейтін, құлақ естімейтін жерге неге кетпегенсің? – дегенде, жеңгеміздің айтқаны: Күдай-ай, ағаң бос болды емес пе, жан сақтау үшін кеткенмін, - деп күлетін. Мырзағали ол кезде колхоздың қоймасын ұстайды екен де, Абуғали бас есепші болыпты. Жеңгеміз Мырзағалидан лауазымы жоғары бола тұрса да, ішітарлығы жоқ, өте кең жаратылған азамат еді дегенде күлетінбіз. Өмірде неше түрлі қым-қиғаш, сәйкессіз қызықты оқиғалар болып жатса, қалай күлмессің.

Абуғалидың екінші әйелі Нұрғазы (руын кірме елден деп жүретін). Осы әйелінен Құсман деген ұлы, Зейнегүл деген қызы болған. Екеуі де өзі әскер қатарында жүргенінде қайтыс болды. Нұрғазы кейіннен Зекен (руы Бәйел) дегенмен отасып өмір кешкен.

Қонақтың келесі әйелі Айтжаннан Зейнеш деген қыз бала болды. Әнуарбек деген бауыры бар. Әнуарбектен, әйелі Дина, руы Ұлы жүз, Үйсін, Серік деген ұлы, Ақмарал деген қызы бар. Зейнеш Торғауытов Дүйсенбайұлы Дәуренмен тұрмыс құрған (сүйегі Жәнбике), балалары: Гүлжан, Ержан, Бақытжан, Меруерт. Қоқаңның кейбір есте қалған өзін-қалжындары жайында:

Тұрғанбайқызы Нұржәмішпен үйленіп, шаңырақ құрғаннан кейін әкем Нұрғалидың құдасымен араласып бірге жүруге Алла жазбады. Көп ұзамай, бір жылдан соң бақилық болып кетті. Құдаларымен сыйласып бірге жүру еншісін Алла ағасы Қонаққа нәсіп еткен екен.

Екеуі де, көкіректері даңғыл, ескіше қисса-шежірелерді жақсы білетін, еңбектің ауыр жүгін көтерген адамдар болатын. Оның үстіне сыйлас өзін-қалжындары жарасқан тұрғылас адамдар еді.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін екеуі ағайын арасына дәнекер болып бірге жүретін. Балаларының амандығын біліп үйге келгенде екеуі бірге келіп,

сыбағаларын жеп, аунап-қунап жатып, қайтарда жол бойы әңгіме-өзілмен үйлеріне оралады екен.

Бір жолы Нұржәміш ауырып ауруханада жатқанда, екеуі көңіл сұрай келеді. Қызының көңілін сұрап, жағдайын білгеннен кейін Тұрғанбай ақсақал Қокана: Мен баламның көңілін сұрап, жағдайын білдім, енді ауылға қайтамын. Сен балаңның үйіне барасың ба, бармайсың ба, өзін біл, десе керек. Арба Түрекен ақсақалдікі екен де, жегіндегі ат Қокандікі екен. Сонда Қокан: жарайды, менің баламның үйіне барғың келмесе өзін біл. Арбанды сүйретіп, мойныңа қамытыңды іл де қайта бер. Мен атыма мініп, баламдікіне барып қайтам депті.

Сол жылдары мен “Социалистік” колхозында жұмыс істеймін, аудан орталығынан бес-алты шақырым жер. Ол ақсақалдар ауылға келді дегенді естісе болды, ауыл ақсақалдары Әбіш, Қабдолла, Шәмей, Дүңгей молда, т.б. ақсақалдар келіп, әңгіме құратын. Бір әңгімелерінде Әбіш ақсақал Қонақ ақсақалға қалжындап (руы Сыбан) Сыбанның ішінде жуаны біз боламыз. Тегінде Тоқабай елінен жылқыны көп айдап алдық деп бөсіңкірейді. Қонақ ақсақал, болса болар деп айта отырып, сөз аяқталар мезетте: “Әй, Әбіш, осы Сыбанда қайыңның түбін шұқып, ер қосып отыратын Сыбандар болушы еді, сен соның қайсысың? – дегенде, Әбіш ақсақал: “Мен ол Сыбан емеспін”, - деп ат тонын ала қашқаны бар.

Кім білген, қалжыңның түбінде бір шындық бар ма екен, әйтеуір өрі қарай ондай көпірме сөз айтудан тиылып қалады.

Айына-жылына үйіне амандасуға барғанда, бізді де қалжынмен жығып жіберетін кездері болатын. Бір әңгімелесіп отырғанда, осы сендер жұмыс жөнінен ешкімге тәуелді емессіңдер ме? Өз уақыттарыңды өздерін билеуге шамаларың жете ме? Дегені бар. Ол не дегеніңіз, біз тегіндегі сіздер сияқты малайлықта жүргеніміз жоқ, өз уақытымыз өзімізде, тәуелсіз адамдармыз дегенім бар. Ас-су ішіп болған соң, қайтуымыз керек дегенде, осы сендерге істеген жұмыстарына үкімет ақша төлей ме? – дегенде, төлейді, - дедім. Онда үкіметтің нағыз малайы сендерсіңдер, біз заманында барған жерде жағдайына қарай қона түней жататын өз еркіміз өзімізде болатын деп сөзден ұтып кеткені бар.

Исламда “Аллаға құлшылық етіп, мандайын сәждеге тигізген адамның иманы жүзінде тұрады” дейді ғой. Тұрғанбай ақсақал бес уақыт намазын үзбеген, Құран хадистерден хабары мол, Алланың ісіне мойын ұсынған, дүниетанымы кең, мейірімді адал молла адам еді.

Дәл ораза айында құдасы Қонақ төсек тартып ауырып жатып қалды. Бұл кісі де бес уақыт намазын үзбеген, Алладан адал ниетпен тілек тілеген, жүзінен нұры төгілген, кең де мейірімді Алла ісіне мойын ұсынған адал адамның бірі болатын.

Ауырып жатқан құдасының көңілін сұрай келген Түрекеңе біз: “Қокана ораза аяқталды деп айтып қойдық, сізден естімей нанбайтын сияқты, сіз ораза бітті деп айтыңыз” – деп жібердік. Түрекен барып көңілін сұрап отырғанда Қокан: “Мыналар ораза бітті дейді, рас айтып жүр ме? Мен өзіннен естіін деп едім. Өтірік айтсаң құдай алданда өзін жауап бересің”, -

дейді екен. Құдасының көңілін сұрап шыққан Түрекеңнен “Ораза бітті деп айттыңыз ба? - дегенде, “Е, қайдан айтам, тек жатыр ма, өзімді құдайға куә ғып жатыр емес пе”, - деді.

Міне, Алланың ісіне мойын ұсынушылардың ар тазалығы мен жан тазалығы осындай болатын.

Нурғали Тергемесұлы (1885-1958)



Бала кезінде ауыл молласынан оқып, бес уақыт намаз бен құран оқитындай шамалы білім алған адам. Балалық балғын шағынан кейін әкесінен ерте қалып, ағасы Қонақтың тәрбиесінде болған.

Ержетіп есейген шағында заман ағымына қарай алашорданың жақын жуықтары деген ат қойылып, айдар тағылып, жазықсыздан көп қуғын-сүргінге ұшыраған адам. Соның салдарынан елінен бес жылдай жырақ жерде жүріп, еліне 1937 жылы оралады.

Еліне оралғаннан кейін басында “Төрт оба” кейіннен ол колхоз “Жаңа тілек” колхозына қосылғаннан кейін “Жаңа тілек” колхозында колхозшы болып жұмыс істеген.

Әкем бойы ортадан жоғары, жүзі нұрлы, көзі өткір, қағілез кісі еді. Алпысқа тақаған шағында Ұлы Отан соғысының отты жылдарына тап болады. Ауылдағы барлық жастарды Ұлы Отан соғысына алып, ауылда селдіреген шалдар мен жесір әйелдер, жас балалар ғана қалады. Колхоздың барлық ауыр жұмыстарының жүгін көтеру осылардың еншісіне қалған кезең болатын.

Міне осы кезеңде колхозда бес-алты шал, қалғандары әйелдер мен жас-өспірім балалар еді. Колхоз басқарма басшысын броньмен алып қалатын.

Соғыс. Тылдағы жұмыс атыс болмады дегені болмаса, таңның атысынан күннің батысына дейін дейін жұмыспен өтті. Тұрмыс дәрежесі күннен күнге төмендеуде болды. Бәрі жеңіс үшін деп қолда бардың барлығын майданға аттандырып, елдің ашаршылық тауқыметін тартқаны да бар.

Нүкен осы колхоздың белсенді колхозшысы ретінде мал қыстатуда, егін салып оны жинауда, шөп шабуда, т.б. жұмыстарда істей жүріп, кірешілік жұмыс атқарған адам. Жанына күйеулері армия қатарына кеткен, қолдарында жас балалары қалған Бәтима, Қатима, Сақи, Әзен сияқты келіндерін бір-бір арбаға ие етіп, Тұғыл, Жалғызтөбе, Аякөз қалаларына кіре тартқан.

Азық-түлік тапшылық болған соғыс жылдарында Тұғылға тұқым айырбастауға астық апарып тапсырып, қайтарда “продпомощь” есебінде әр семьяға екі-үш килограмнан балық әкеліп беріп тұратын болған.

Дүйсеш Әзімбекұлы осы соғыс жылдарының ауыртпашылығын былай деп өңгімелейді:

Әкем Сағындық соғысқа кеткен. Үйде шешем ауру, көп балалы үй іші болды. Менің жас шамам он екіге жаңа жеткен кезім. Үйде жұмыс істеп еңбекке жарайтын адам жоқ. Азын-аулақ істеген қарекет жанұя тамағына жетпей ашаршылыққа ұшырап, тіпті кейбіреулерімізге ісік іліне бастады.

Сол тұста Ұлы Отан соғысынан мүгедек болып оралған Отыншин Қапас деген ағамыз сиыр фермасына меңгеруші болып істеді.

Саскалақтап сол ағамызға бардым. Жағдайымды айттым. Сауынға сиыр беру қолынан келмеді, бірақ сүттей көмек жасап тұрды. Бірақ ісікті қайтаруға сүттің көмегі болмады. Шешем Әли (Нұрғалиды осылай атайды екен) атаңа барып жағдайыңды айтып кел деп сол кісіге жіберді. Барып Әли атама жағдайымды айтып едім, дегбірсізденіп: “Қарағым-ай, ертерек неге айтпағансың? Қолайсыз жағдай болған екен” – деп жаны ашып, “Біздің үйде екі шелектей бидай бар еді, соны ала тұр” – деп екі шелек бидай берді.

Екі шелек бидайды беріп тұрып, “Әй, Дүйсеш, сенің арба айдауға күйің келе ме?” – деді. Сондай бір қамқорлықты күтіп жүрген мен: “Ондай жұмыс болса күйім әбден келеді”, - дедім. Олай болса, ертең маған келіп жолық, - деп қош айтысып қалды. Ертеңінде келсем, бір өгіз арба дайындап қойыпты, өзімен қосқанда алтыншы кіреші болып мен де қосылдым.

Келесі күні алты арбамен астық тиіп, Тұғылға тарттық. Астық болғанда арбаға тиелгені өңкей 70-80 килограмдық қаптар. Тұғылға да жетіп, астықты өткізетін болдық. Астықты өткізерде астық өткізу элеваторына астықты (қапты) арқалап, баспалдақпен (трап) ең үстіне барып төгеді екен.

Әр қапты Әлиім арқалап, мен артынан сүйемелдеп, траппен астықтың үйілген төбесіне шығып, қапты өзі лақтырып жатыр. Келесі жолы басқамыз сүйемелдеп апарып төгіп, барлығын да өлшетіп, қолымызға өткізілген астықтың құжатын алып қайтатын болдық.

Қайтарда продпомощьқа белгіленген мөлшердегі колхозшыларға беретін балығын алып қайттық. Ауылға қайтарда Ақмектептің тұсына келгенде маған Әлиім: Дүйсеш, мына арбадағы өгіздерді мойын ағашымен жібер, оқыралап кетіп қалмасын, - деп барлық өгіздерді мойын ағашымен босатып, жайылымға жібертті.

Қалған апаларымыз ас-су дайындады. Мені шақырып алып бағанағы астықтан босаған қаптарды алдырды да, әр мөшекте қаққанда жарты мөшектей астық шықты.

Ақсақалдың шай ішетін бір көрлен кесесі мен кездігі бар екен. Әлгі көрлен кесесімен қаптағы бидайды кездігімен сипап тастап, әрқайсысымызға қылдай егіп бөліп бергенде, бір-бір шелектен бидай айналды. Оның үстіне маған басқалардың есесінен молдау етіп төрт-бес килограмм балық берді.

Бұл астық қайдан келді деп ойласам, бағанағы барлық қапты қара тер боп өзі төгіп жүргендегі қаптың екі бұрышынан ұстап төккендегі екі қолдың

алаканымен ұстаған жерде қалған астық екен. Міне осылай екі-үш рет кіреге барып келгеннен кейін, аштықтың тырнағынан құтылған едік, - деп өңгімелейді Дүйсеш ақсақал. Әрі қарай Дүйсеш ақсақал: Міне, осындай ерлігімен, адамға деген адамгершілігінің молдығы мен имандылығы, нағыз жомарт жанды, дархан көңіл, игілікті ісімен жалғыз мен емес, ауылдас халқының есінде қалған адам еді, - дейді.

Осыған орай, енді бір айта кетер сөз, әкемдей қамқорлық жасаған Нұрғали ақсақалды елі жұртының үлкен-кішісі атын атамай, Әли деп атап кетті. Халық айтса, қалт айтпайды. Болмысынан ұлтжанды, адамгершілігі мол, парасатты ақсақал болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында, соғыстан кейінгі жылдары күйреген шаруашылықты қалпына келтіру жолында елі үшін жері үшін бар болмысымен, шын пейілімен адал еңбек еткен ардақты аға ұрпақтың өкілін ауыл аймағы осылайша атын да атамай өткен көрінеді.

Ең соңында асыл ұяның алтын дінгегі болған аяулы әкелердің бірі болды десем, артық айтқандық болмас демекпін.

Бала оқушы кезім, үйге ат арба жеккен, жасы елуді алқымдап қалған, қасында он үш- он төрттегі баласы бар бір жолаушы келді. Қайдан деп сұрағанда, Тұғылдан дегенді айтты.

Әкем құрақ ұшып малын сойып, асты-үстіне түсіп күтіп жатыр. Мейман екі күннен кейін қайтуға жинақталды.

Әкем шешеме келіп не сый көрсетеміз деп ақылдасқанда, ана бір сиырынның тайыншасын бер деді. Әкем мейман аттанарда екі сиырынның бірін бұзауымен дөртесіне байлап беріп аттандырып жіберді.

Айнажаров Ішпекбай деген азамат Ақсуаттың ақша бөліміне, ақша-қаржы техникумын бітіргеннен кейін жолдамамен Ақсуат ақша бөліміне жұмыс істеуге келіпті. Жататын қолайлы үй таба алмай жүр екен. Тегі аудандық ақша бөлімінде істейтін көрші ағайындар біздің үйді нұсқап жіберсе керек.

Ішпекбай келіп әкеме жағдайын айтқаннан кейін, “қарағым, айтысына қарағанда өзім сияқты бір шалдың баласы екенсің, тұрам десең үйің міне”, - деп рұқсатын берген.

Сол күннен бастап Ішпекбай біздің үйдің мүшесі болды. Жыл өтіп тамыз айында есік алдында үй шаруасымен жүр едім, арбаға түйе жеккен бір ақсақал: Нұрғалидың үйі осы ма? – деп сұрады. Мен осы үй деп едім, түйесін ат ағашқа байлап, үйге қарай беттеді. Аяғы ақсақтау таяқ ұстайтын адам екен. Үйге келіп, әкеммен сәлемдесіп шайға отырысты. Маған түйені арбадан доғарып, шөпке қой деген тапсырма берді.

Сұрастыра келсем біздің үйде тұратын Ішпекбайдың әкесі Айнажар деген ақсақал осы кісі екен. Суықбұлақ деген жерден келіпті. Руы Терістаңбалы екен. Бір қызығы осы ақсақал біздің үйде табаны жалпақ бір ай жатты. Екеуі де насыбай ататын адам болып шықты. Екеуі де туысқан адамдардай күнделікті өңгіме-дүкені таусылмайды. Үш күн өтіп төртінші күні менің әкемде де боталы түйесі мен арбасы бар болатын, ендігі жерде екі түйе арбамен осы күндегі аэропорттың маңынан көкпек шауып екі арбамен

үйге күніне екі арба көкпек әкеліп түсіріп отыратын болдық. Кей күндері қорші-қоландар шақырып бармай қалған да күндеріміз болды, бірақ отын айтарлықтай жиналып қалды.

Айнажар ақсақалмен қанша кимастай болсақ та, айырылысатын ауылына қайтатын уақыт болды. Әкем қайтарда Айнажар ақсақалға көйлегін кигізіп, бір бишік өргізіп беріп, қайтарында бір торсық шұбат дайындатып, майға жолда бұзылмайтын ұсақ бауырсақ қуыртып дайындатып, жұмсақ бөтер пісірткені бар.

Ертеңінде дайындалған азықтарымен қоса кетерде сойылған қозының етінен ет пісіртіп салып, Көкжыра ауылының бер жағындағы Торсықбай тас жолына дейін шығарып салдық.

Бір айта көтері, екі ақсақалдың шығарып салардағы қазақи қоштасып, төс қағыстырып шығарып салғанын бірінші рет көрдім.

Қош-қош айтысып қарасы үзілгенше қарап тұрып, күнделікті шаруамызды жол-жөнекей орындап үйге келгеніміз бар.

Жатарға да, қоналқыға да ақы-пұлы жоқ қарапайым кедей қазақтардың қарым-қатынасы, адамгершілігі, жалпы адамзаттық құндылық болып саналатын бір адамның бір адамға деген мейірі, жақыны болмаса да пейілі, сүйіспеншілігі, қарапайымдылық қасиеті, бауырмалдық өлшемдері осындай болған.

Қашанда ағайынның да қамын ойлаған, қиындықта қол ұшын берген ақниетті, таза жүректі, ақкөңіл адам еді. Әкесімен бірге туысатын сол кезде Қарағандыкөлде тұратын Нұржамал деген қарындасының күйеуі Отан соғысына аттанғаннан кейінгі тұрмыстары нашарлап, күн көру жағдайлары өте төмендеп кеткенін естіп, Қарағандыкөл елді мекенінен түйе жеккен шанасымен қысты күні қарындасы Нұржамал мен үлкен қызы Кашипа, ұлдары Дүйсеш, Төлештерді Ақсуаттағы үйіне алып келеді. Жүгі бір түйе шанаға сыйған жанұяның жағдайы айтпаса да түсінікті болар. Сол келгеннен екі жылдай ағасының үйінде болып, барын бөліп ішті. Келесі жылы колхозға жұмысқа орналастырып, кейін еңбектері жанып әрқайсысы бір-бір жанұя болып, ел қатарына қосылып кеткен еді.

Өмірлері қайшылықты өмір қазанында пісіп шыңдалған қарапайым жандардың іс-әрекетіне қайран қаласың. Осындай қайырымдылық пен қамқорлық қасиеттер ұрпақ жалғасынан табылып жатса нұр үстіне нұр болар еді демекпін.

1941-1949 жылдары Ақсуат аудандық денсаулық сақтау мекемесінің бастығы болып Жилин Николай Григорьевич деген орыс азаматы жұмыс істеді. Осы азаматпен кезінде Нүкең де, оның баласы Әбен де ағайындарша аралас, сыйлас адамдар болды.

Ұмытпасам Жилин Н.Г. елуінші жылдары қалаға көшетін болып, қарауында меншік бір қоныр аты бар екен, соны әкеме: Әли, сізге аманат, мүмкіндігің болса өзіңіз, болмаса біреуден беріп жіберерсіз, - деп тастап кетті.

Әкем сол күннен бастап иелік жасап бағып жүрді. Беріп жіберудің де мүмкіндіктерін іздестірді. Ақырында беріп жіберетін адам атты мініп арытып

тастайды да мен ұятқа қаламын деп заготскоттын малын Семейге айдап баратын болып келісіп келіпті.

Үйге келгенде шешем жарықтық енді қартайғанда мал айдап, жолда өліп қалсаң қайтесің деп айтқан ақылына қарамастан, қоңыр атты косакқа алып, Семейге мал айдап кетті.

Айтатын жауабы: Мұсылманда “аманат, аманатқа қылма киянат” деген сөз бар. Мені кісі деп аманат тапсырғаннан кейін мен қолына апарып тапсыруым керек, - дейді. Сонымен қоңыр атты мінбей, жолбойы семіртіп, қолына тапсырып екі айлан астам уақытта үйге оралды. Аман-есен қаладан оралғанына үй-ішіміз болып қуанып, мәз-мейрам болып қалғанымыз бар.

Әкемнен қалай апарып бердіңіз, үйі, көшесі қай жерде екен деп сұрағанда, малды ет комбинатына апарғаннан кейін, пароммен өтіп, үйіне апарып бердім. Үйі паромнан өткеннен кейін алыс емес, көп үйлердің қатарындағы қара үй екен дейтін.

Кейін сұрастыра келсек, қара үй деп жүргені үлкен Семейдің Раздельная көшесі бойындағы үйдің бірі екен. Қазақта “жақсылық жерде қалмайды, иман отқа жанбайды” деген сөз бар.

Мен он жылдықты бітіргеннен кейін 1952 жылы Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсуге бардым. Барғаннан кейін жатақхана, төсек-орын алып, бір бөлмеде жиырмадан астам бала жаттық. Жатақхана іші у-шу, түсу емтиханына дайындалу үстіндеміз. Әр облыстан, ауданнан келген балалар бірін-бірі толық танымайды да. Дегенмен бір жатақханада жатқан балалардың аты-жөнін біліп қалдық.

Бір күні жатақханаға келсем жатақханадағы балалар сені екі күн болды бір орыс іздеп келіп кетті. Ешқайда кетпесін деп тапсырды, орыстан бұл жерде туысың бар ма еді деп күледі.

Ойымда ештеңе жоқ, бұл қайдағы орыс деп өзім де ойланып қалдым. Біраздан кейін балалардың айтқан орысы да келді. Қарасам баяғыдағы әкемнің досы Н.Г.Жилин екен. Келе құшақтап, төсек-орынынды тапсыр, үйге барып дайындаласың деп комендантты шақыртып, төсек-орнымды тапсыртып, балалардың жанында болғаным дұрыс қой дегеніме қарамастан үйіне алып кетті. Үйіне барғаннан кейін тамақтандырып, бір бөлмесін төсек-орныммен, стол-орындығымен маған босатып берді. Жағдайым жаман болмады, сабаққа дайындатуыма ешкімнің бөгеті жоқ. Институтқа да жақын болды. Үйінде Паша деген ұлы, Нона деген қызы бар екен. Олар өздерімен өздері, тамақ уақытында көремін, қалған уақытта өз жайларымен кетеді. Әйтеуір мен сабаққа дайындалатын бөлмеде үнемі тыныштық. Сонымен сапарым сәтті болып, осы үйде жатып институтқа түстім.

Кейін осы үй менің бір туысканымның үйіндей болып кетті. Анау-мынау емес Н.Г.Жилин - Семейдің психиатриялық больницасының бас дәрігері. Әйелі Клара Робертовна екінші роддомда дәрігер екен. Үйлеріне келіп-кетіп жүрдім. Біраз күн бармай қалсам, көрінбей қайда кеттің деп өздері іздеп отыратын.

Ауылға кетерде сол үйге қыстық киім-кешегімді қойып кетемін. Ауылдан келгенде ет-май тағамдарын сол үйдің тоназытқышына қойып

жүрдім. Орыс дегенің болмаса, казакша таза сөйлейтін, тіпті казактың мақал-мәтелін казактан көп білетін, казактың салт-дәстүрін жақсы білетін адам еді.

Үйінің жанында бау-бақша, жеміс ағаштары болды. Бір күні екеуіміз үйінің жанында әңгімелесіп отырғанымызда, маған анау жеміс ағашын вишня деді ме, әлде черешня деді ме, ұмытып қалыппын, Талдықорғаннан әкеліп ектім, көріп тұрсың ба деді. Мен жуық арада тани алмадым, артынан барып е, ана ағаш екен ғой дегенімде, Әй, Төлеуғазы-ай, ана жерде бір тайынша кетіп бара жатыр десе, сен менен бұрын көріп, түр-түсіне дейін айтар едің дегенде, сөз таппай қалғаным бар. Қазак сияқты, Талдықорғанда тұратын туыстарының қыздарын Семейдің мед институтына түсіріп, оқытып жатырмын деп отыратын. Ол қыздармен де осы үйде ұшырасып қалатынбыз.

Институттың ақырғы курсында оқып жүргенімде, бір кездескен әңгімесінде, Николай Григорьевич маған: Төлеуғазы, институтты бітіруге тақадың, мұғалімдеріңнен де сұрап қоямын, үлгерім, тәртібінді де жақсы атайды. Енді елге ораларда бір қыз тауып алып кетуің керек. Ондай үйленем деп жүрген қызың бар ма? – деп сұрады. Мен бар дедім, ол қайда оқиды дегенде, мен мединститутта оқиды дедім. Орыс па, казак па? – деп сұрады. Мен: орыс, - дедім. Әй, Төлеуғазы, орыс қызы саған әйел болмайды. Егер орыстан алам десең, мына мединститутта оқып жүрген екі қарындасымның бірін саған женгетайлық жасап алып берер едім, саған бұлар да әйел болмайды. Өзің көріп жүрсің, мен өзім орыс бола тұра Клара Робертовнаға әзер сыйып жүр емеспін бе, деп күлдіргені бар. Күлме, ол шындығында да солай, сенің әке-шешен көрі адамдар, сен казак қызын алуың керек. Қазак қызы болғанда да оның дұрысына таңдау жасағаның жөн, - деп ақыл бергені бар. Бұл қазақемнің ата салтын егжей-тегжейлі білген адамның ақылы емес пе?

Институтты бітіріп, бітіру қуанышты тойына да жеттік қой. Институттан шығарып салу тойына міндетті түрде ата-аналарыңды алдырасыңдар деп ақшасын төлетіп, ата-анасымен келмегендер тойға қатынаспайды деп талап қойғаны бар.

Әке-шеше болса алыста келе алмайтыны белгілі, оның үстіне орысшадан хабары жоқ адамдар ғой. Ары ойланып, бері ойланып, қой Н.Г.Жилинмен ақылдасайын деп, сол кісінің үйіне бардым.

Барғаннан кейін, институттың шығарып салу тойы болатынын айтып, сіздерге ата-анасы ретінде қатынасуға берген шақыру билетін алып келдім деп ұсындым. Олар жылы шыраймен қарсы алып, баруға келісті. Той. Үш жүз елу орындық кең зал. Столдың нақ ортасында мемлекеттік сынақ алу комиссиясының төрағасы, профессор П.А.Карасьев отыр. Екі жағына жалғаса отырғандар институттың ректоры, профессорлар мен доценттер, аға оқытушылар отыр. Алдарына тартылған бас, көздің жауын алатындай түрлі тағамдар қойылған. Ұзын столда екі жағына бөлініп отырған алыс-жақыннан келген ата-аналар. Одан кейін институт бітірушілер отыр. Институттың ректоры О.Т.Ташмұханбетов салтанатты тойды ашқаннан кейін той да басталып, құттықтау сөз сөйлеушілерден кейінгі кезек алыс-жақыннан келген ата-аналарға беріле бастады. Кезек менің өкілетті ата-анама берілді.

Сөз алған Жилин Николай Григорьевич сөзін: мен мына жоғары оқу орнын бітіріп отырған Төлеуғазының өкілетті әкесімін, Клара Робертовна өкілетті шешесі деп бастады. Менің қасымда отырған жолдастарым қарықболып күліп, сенің әке-шешен орыс екен ғой. Орыс тілі пәнінен жақсы оқып жүргеніңде бір сыр бар екен, - деп қалжыңдасып күліп жатыр.

Содан соң би де басталып кетті. Бір қызығы орыс болса да, Николай Григорьевич би билемейтін адам екен. Клара Робертовна биге араласып кетті. Өкілетті ағайындар түнгі сағат он екіге дейін тойға қатысып, он екіден кейін енді сен бірдеңеге ұрынып қаласың деп, мені үйіне ертіп қайтып кетті.

Орыс та болса, осындай сыйластықта болған жанұя еді. Бірнеше жыл өткен соң Н.Г.Жилин кенеттен қайтыс болды. Әйелі Новосибирскіде ұшқыш болып жұмыс істейтін Пашаға көшіп кетті. Мұнда қалған қызы Нона бізбен кейінге дейін араласып келіп-кетіп жүрді.

Сол бір үйде қонақ болып отырғанда қызы: шешем сізді бір көрсем деп армандап айтып отырады, тегі өткен күндерді сағынатын болуы керек, - деп отыратын.

Қызығы мол студенттік өмірмен де қоштасып, жоғары оқу орнын тәмөдап, Ақсуат сияқты ата-мекенімізде орналасқан Ақсуат МТС-на келіп жұмысқа орналастым. Бір айта кетері, ол жылдары оқу бітіріп келгендерге аудандық ақша бөлімінен жас мамандарға деп көмек ретінде ай сайын 750 сомнан ақша беріп тұратын.

МТС-та істеп жүргенімде күз айларында есепайырысу жұмысы басталып, МТС-та істейтін мамандар мен жұмысшыларға көп ақша беретін кез екен. Маған да бес мың сомнан артық ақша берді. Мұндай ақша алып көрмеген басым, мен де қуанып, бес мың сомды әкемнің қолына әкеліп бердім де, үйге кіріп кеттім. Қайта шықсам, әкем мені шақырады. Қолында ақша. Ей, балам, осы сен ұрлық-жырлыққа араласып жүрген жоқсың ба? Осыншама ақшаны саған кім берді? – деп сұрады. Ой, ата, бұл маған жұмыс орнының берген еңбек ақысы дедім. Ой, Алла, бір адамға осынша ақша береді екен-ау деп күдігінен сейілгендей болды. Сол күні түстен кейін дүкенге барып, бір арба сатып алып келіпті. Бұл әкеміздің бойындағы жан тазалығы, дін жолын берік ұстанғандықтан қиянатшылдық пен жамандықтан аулақ жүрсін деп ескертпесі мен туа біткен қасиеті болар. “Әке – асқар тау, ана – ағар бұлақ, бала – жағадағы құрақ” демей ме дана халқымыз. От басындағы осы үш адамның арасындағы берік байланыс, мызғымас одақ қанмен ғана емес, терең сүйіспеншілік сезіммен де жарасымды және мәңгілік делінген емес пе, олай болса соның көрінісі болар демекпін.

Әкеммен тұстас колхоз шаруашылығында бірге істеген заман тұстары бір Жаңа тілек колхозының 150 жылқысын қолмен суарып өсіріп, өмір бойы жылқы шаруашылығында істеген Әлпенұлы Әбдікәрім, колхоз саласының барлық шаруашылығында істеп, ауыр жүгін көтерген ақсақалдар Темірғалы, Отыншин Қапас, Мұхаметқали, Түйте, Сағаді, Құдайбергенұлы Сыдық, Қаратеке тағы да басқа аты еске түспей ұмытылған ақсақалдар халықтың ауыр жүгін арқалаған нарлар еді.

1937 жылдан жеке колхоз болып келген Көк түбек, Базар, Ақ оба, Жаңғыз тал, Боғас, Көкжартас, Тортоба, Жаңа тілек колхоздары 1951 жылы қосылып, Көк түбек ауыл кеңесіне қарасты Карл Маркс колхозы атанған болатын.

Жеке колхоз болып тұрғанда колхоз басқарма бастықтары Болысов Садуақас, Көрпебаев Сіләмғазы, колхоздар іріленгеннен кейінгі колхоз төрағалары Мұқажанов Шөкен, Жанқайыров Қапатай, осы колхоздарға қарайтын Көк түбек ауыл кеңесінің төрайымы Ахметова Ауғажи, Мұхаметжанов Тілепалды, ұсақ колхоздар кезіндегі ауыл кеңес төрағасы болып істеп келген Омарова Ырысжан қиын-қыстау заманда ел басқарған іскер адамдар еді.

Осындай ауыр еңбекті арқалап, колхоз өндірісін нығайтып, совхоз өндірісіне дейін жеткізген есте қалған қариялар: Ақсуат ауданында тұңғыш Еңбек Ері атанған Тоғасбаев Рахмет, Құдайберген Сыдық, Әлпенов Әбдікәрім, Тергемесов Қонақ пен Нұрғали, Көкекбаев Әубәкір, Әпсәләмов Мизамит, Әміров Ахат, Мейірханов Тұрғанбай мен Шөгел, Апасдықов Толсынбек, Қойбағаров Әбдікәрім, Тергемесов Шаяхмет пен Ахметқали, Есенғұлов Мәткәрім, Саятөлеков Бағаналы, Қалмұханбетов Дайырбек, Қайырбек, Кенжебай, Қонақбаев Смағұл, Көшекөв Қарсыайдар, Толықбаев Жанұзақ, Әбенев Қасай, Ғабдуллин Мөкен, Оспанов Ғабдрахман, Қондықбаев Жәкежан, Толықбаева Нұрила, Ерғалиев Дүйсеш пен Кәшипа, Түйтенов Кебектің де еңбектері артқы ұрпаққа үлгі-өнеге. Марқұм кейінгі Еңбек Ері Байзақов Уалхан ла осы ауылдан шыққан.

Міне осы адамдардың барлығы да ұрпақ келешегі деп жан аямай тер төккен адамдар. Бір-екі адамнан басқаның барлығы да бақилық болып кеткен жандар. Бұл біздің есте қалған адамдар ғана. Еске түспеген, еңбек майданында болған адамдар да осының ішінде деп есептелгені жөн.

“Өмір бір көшкен керуен...” дегендей бұл бір керуендей көш тартқан аға ұрпақтың өкілдері болатын.

Ас беру

“Өлі жебемей, тірі байымас”, “Өліні қадірлемеген, тіріні құрметтемейді” дегенді жадыда ұстай отырып, Ақсуат ауылында 5-тамыз 2007 жылы Мэлс кафесінде Ақсуат топырағына бөленіп жатқан әкеміз Нұрғали, аналарымыз: Бибімариям, Жібек, ұлдары:Әбубәкір (Әбен), Қабдуәкір, Серік, келіндері:Каман, Бүбісары, Минуар, қызы Енлік, немересі Гүлнарға арналып ас берілді.

Жарықтық әкеміз Нұрғали ортадан бойы жоғары, көзі өткір, қимылы шапшаң, айтыпсалма, айтымынан қайтымы тез, кімге болсын көмек қолын ұсынып тұратын, иман шарттық білімі бар, сонау қиын қыстау замандардың өзінде бес уақыт намазы мен оразасын, тәубесі мен Алласын тастамайтын, имандылыққа бет бұрған иманжүзді жан еді.

Асқа орталық мешіттің бас имамы Қайрат, Қалиасқар, Нұрсан моллалар қатынасып, бірінші бөлімде орталық мешіттің бас имамы жоғарыдағы аруақтарға құран оқып, қатым түсірді. Екінші бөлімде бұл шараны Нұрсан молла атқарып, екі бөлімде де Қалиасқар молла құран оқыды.

Аска катынасып отырғандарға 400 ден астам сый-сияпат таратылып, орталық мешітке бағасы 15 мың теңгенің кілемі табыс етілді.

Аста аруақтарды еске алып сөйлеушілер өте көп болды. Өткен мен үлкенді құрметтеу, ананы ардақтау, ағаны қадірлеу, өмірден өткендерге ас берудің тәрбиелік мәні үлкен екендігін шегелеп айтып жеткізгендей болды.

Келесі сөз кезегінде Қожа Ахмет ақын төмендегідей арнауды оқыды.

Қадірін кімнің кім білді,

Жүргенде тірі қандасым.

Жарықтық шешем жағынан,

Токабай елі нағашым.

Көз жұмған жайсаң жандардың,

Жыр еттім ғұмырнамасын.

Білімді зерек ағайын

Беріп те жатыр бағасын.

Тергемесұлы Нұрғали сұңғыла адам,

Бала кезден оқуды ұғып алған.

Бес уақыт намаз құран оқитындай,

Ауылда молладан аз білім алған.

Жетім бала есейген еңбекпенен,

Жігерлі, жүзі нұрлы, сергек келген.

Алаш орда жақыны деген пәле,

Жауса да жасымаған, кері кетпеген.

Бес жыл жүріп жырақта елге оралған,

Колхозда еңбек жолы өрнектелген.

Бейбіт өмір орнады гүлдеп тұрды

Нұрғали аксақал да түлеп жүрді.

Биік адамгершілік, ұлтжандылық

Жолмен жүріп атқарған қызмет түрлі.

Қатысты ел мен жерін жаңартуға

Аға ұрпақтың ардақты ірі өкілі.

Бибімариям, Жібектей ғажап жандар,

Айрылған перзенттерінен өз аналар.

Тәрбиелеп талай жетім балаларды

Отан соғысы жылдары қарағандар.

Үндемес Ұлы Отан соғысының,

Қасіретін көтерген қара нарлар

Мейірімді кішіпейіл парасатты,

Халықтың қалаулысы бола алғандар.

Өткенді өткізсек ой елегінен,

Ағалар жерден несіп тере білген.

Әбубәкір, Қабдуәкір барлығы да,

Ел тағдырын шешіпті зерделікпен.

Әбубәкір ат жалын тартып мініп,

Қабдуәкір қадамын басыпты нық.

Тер төгіп туған жерді түлетіпті,

Белшеден берекеге батыпты жұрт.

Каман мен Бүбісары, Минуарды,

Ұмытпай елі-жұрты еске жиі алды.

Ертерек бұл пәниден озыпты олар,

Тәрбиелеп өсірген ұл-қыздарды.

Серік, Еңлік, Гүлнарлар бір туғандар,

Тал бесікте биікке ұмтылғандар.

Он екі де бір гүлі ашылмастан

Өмірден ерте кеткен қыршын жандар.

Аруақтарға ас беру,

Қазақтың ата салты ғой

Жақсыларын ұмытпау,

Елдің асыл анты ғой.

Жақсылар жыры жүректің

Ел жұрттың дастан даңқы ғой.

Біздің әке-шешейлер,

Халыққа қызмет еткен шын.

Апалардың көңілі,

Шуағындай көктемнің

Аталардың пейілі

Көркейткен елдің ертеңін.

Өмірден олар озса да,

Ұрпағы жайған өркенін.

Аруакка құрмет ас беру,

Сыйлығы ғой текті елдің

Бүгінгі ас ағайын,

Сауапты болсын деп келдім.

Камқор болып біріміз-бірімізге,

Береке берсін Алла тірімізге.

Аруакқа арнап ас берген туыстарым,

Жаратқанның мол жаусын нұры бізге, - деп жазыпты.

Асқа шақырғанға келе алмаған Мейрам сынды бауырлар кешірім хат жолдапты.

Агадан кешірім сұрау

Ертерек тиседағы басымызға,

Төке аға, бара алмадым асыңызға.

Бір уды жыным буса қуып кетем,

Жараспай жүрседағы жасымызға.

Сол үшін кең дүниеге сыймай жүрмін,

Сонда да айылымды қыймай жүрмін.

Орынын босатпайтын бастықтардай,

Осы итті өлі күнге қыймай жүрмін.

Сауапты болсын аға берген асың,

Әрқашан домаласын өрге тасың.

Аруағы өлілердің риза боп,

Толысып өсе берсін мал мен басын! – депті.

Бұл әрине, үлкенді құрметтеу, ағаны қадірлеу, қазақтың өткендегі дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын сыйлағандық деп қабыл алған жөн болар демекпін.

Өткендегі қазақтың салт дәстүрі кемелденіп тұрған жылдардағы атпен табак тартып берілген де астардың кемшіліксіз өтпегенін естіп жүрміз. Демек, қандай ас болса да кемшіліксіз өтпейді ғой дей келе, осы асқа шақырылған жұртшылықтың берілген асқа шын ниеттерімен риза болып қайтқанына бізде марқайып қалғанымызды несіне жасырайық, ағайын!

Бибімариям Ана



Бибімәриям анамыз бидай өнді, аккүба, қыр мұрынды, жүзінен мейірім төгілген биязы жан болатын. Ораза мен бес уақыт намазын қаза қылмаған, иманы көміл адам еді.

Аруақты анамызға кезінде ауылымыздағы көрі-жастың бәрі “Мәйе” деп құрметпен атап кеткен болатын.

“Дүниеге шыр етіп келгенде адам баласының тағдыры маңдайына жазылып туады” дейді. Кім білсін? Солай да болар. Алайда өмір жолын жыр етсек, тіршілікте тағдыры өте күрделі өткен аналардың бірі еді деуге өбден болады.

Жыр етсек Бибімәриям анамызды,

Тұралықтай атаның дана қызы.

Жаралған Мырзас, Жауар, Қарекеден

Оны айтып кетудің де бар маңызы.

Аталас Орақбайдай батырменен,

Бибімариям ана да жан ғой ізгі.

Бірі болған қасиетті аналардың

Жебесін асылдардың рухы бізді.

Ертеректе қабылдап жедел шешім,

Руы Кегенбайдай ауылы Тергеместің

Руы Мырзас ішінде Қареке Тұралықтың

Ауылына жолын салған құдалықтың.

Беріпті қырық байтал қалындықты

Салты емес пе қазақтай бұл халықтың.

Атасы басқаны қосады Алла өзі

Құдалардың қызды ауылға барған кезі.

Өкінішті-ақ, қалындық дүние салған

Құдалардың құлағы естіп, көрді көзі.

Босаға аттап қыз келін болмаса да,
Басына бақыт құсы қонбаса да,
Құдалар жетісі, қыркына, жылдығына
Қатысады жақындық толастар ма?
Әдеппен құнын сұрап қырық байталының,
Жартылай болсадағы, өңгіме еткен қайтаруын
Қыз жағы кедейлеу де болды ма екен,
Қайтармай қалын малды айтқан сырын.
Тірі адам тағдырдан бақ дәм етеді,
Бала ғой болашағымыз әлі өседі.
Ендігі қалыңдықтарың деп құдаға,
Береді бесіктегі нәрестені.

Жәдігері он үш жыл өткеннен соң,
Жас қызға үйленеді жар етеді,
Келін болып түскен соң талаптанды
Ақылды, парасатты ана атанды
Елі-жұрты құрметтеп “Мәйен” деді
Еңбекпенен есейіп саңлақтанды.
Патшалық өкілдердің өктемдігін,
Көрсө де танытыпты бекемдігін,
Ашаршылық, ату, айдау, Отан соғысы қиындығын
Сабырмен жеңген ана жеткен бүгін.
Отан соғысы жылдары жетім қалған,
Он баланы тәрбиелеп асыраған.
Жетімдерге қамқоршы бола білген.
Олардың бәрі ер жетіп бас құраған.
Он ұл тапқан айрылған жетеуінен,
Тағдырдың тонауынан жасымаған.
Өзгерер өмір жанарар
Сағынышымыз асыл аналар
Тәрбиелеп ер жеткізіп,
Қамқорлығын көрген балалар:
Сары Қайныш пен Қара Қайныш
Шұбар Қайныш, Күлнәзи,
Күлнәби мен Нұркамал,
Көкітай мен Танатар және басқалар.
Жан еді жан дүниесі кең жазира,
Қызғаныш атыменен жоқ жанында.
Бибімариям ақылды ана осындай,

Қалтқысыз қызмет еткен Отанына, - дей келе шаңырақтың бар ауыртпашылығын қайыспай көтерген, қайсар анамыз асыл жар, аналық парызын жоғары дәрежеде адал атқарған, еліне сыйлы жан еді.

Бибімариям анамыздың Сағатбек, Назарбай, атты бауырлары болған. Сағатбек үркіншілік заманда Қытайға өтіп, содан оралмаған, бір қызы ғана бар деп естігінбіз. Назарбай ашаршылық заманда атпен жолаушылап кетіп

бара жатқанда Құрайлының қырында қаракшылардың қолынан қаза тауыпты.

Иә, өмір өтпелі, шіркін, дүние, “қамшының сабындай шолақ екен, осы өмірге адамдар қонақ екен” дегендей анамыз 47 жасқа қараған шағында 1947 жылы қантар айында дүниеден озды.

Нұрғалиұлы Әбубәкір (Әбен)



Өткенді өткізсек ой елегінен,
Ағалар жерден несіп тере білген
Нұрғалиұлы Әбубәкір ауылдағы
Ел тағдырын шешіпті зеректікпен.
Азамат боп ат жалын тартып мініп
Бар кәсіп баспалдағын басыпты
нық.

Тер төгіп туған жерді түлетіпті
Белшеден берекеге батыпты жұрт.
Бітіріп сауда оқуын жіктеді де,
Басқарған Көктүбектің дүкенін де.

1942 жылы алынып армияға
Жігерлі жас еңсесін тіктеді де.
Қызмет қып Қарағанды шахтасында
Үш жылдай шахтер болған мықты еді де.
Еңбекқор әрі қайсар болмысында
Егін егіп мал баққан қонысында.
Ауылды аяғынан тік тұрғызған
Ойсыраған Ұлы Отан соғысында
Әбен бастап ел қостап өңірдегі
Көбейген колхоздың мал егіндері.
Көтеріліп ауылдың әл ауқаты
Халықтың көктем болған көңілдері.
Үкімет оған көңіл бөлмесін бе
Еңбегінің бағасын бермесін бе
Әбубәкір Алматы мен Мәскеуге шақырылып
Қатысқан шаруашылық көрмесіне
Не жетсін жақсыларды еске алғанға
Бастаған елдің көшін асқарларға
Бауыржан Момышұлы батырменен
Әбубәкір кездесіпті ресторанда.
Танымал бүкіл әлем қауымына
Жау жүректі Бауыржан тау ұлыда
Баукеңмен кездесуін базарлық қып
Әбубәкір әкеліпті ауылына.
Өтіп талай сындардан,
Әбубәкір өтіп шыңдалған.

Айрылған қызы Камалмен
Алғашқы жары Каманнан
Екінші жары Балкия
Жараспай дәм түз бұлтарған
Ажырасып ақыры
Көңілдерді кір шалған.
Үшінші жары Бүбісары
Болыпты жақсы нұрлы адам
Интернатта тәрбиеші
Болып елге ұнаған.
Тігінші болып келісті
Киімдер тіккен бұлдардан.
Істеп баспаханада
Аудандық газет шығарған.
Совет, Қуаныш екі ұлды
Дүниеге әкеп қуанған.
Сөбеті дәрігер, сырқатты
Емдеп алғыс күнде алған.
Қуанышы кәсіпкер
Еңбектен үлкен жүлде алған.
Теңлік те адам дәрігері
Зейнеткер қазір бұл адам.
Аякөзде Гүлжан жүр
Колледжде ұстаз бұл.
Біліммен студенттерді
Сусындатқан жылма-жыл.
Бүбісары бейнетпен,
Тәрбиелеп ұл-қызды
Қосқан кезде қатарға
Қызығын көрмей солардың
Аттанған келмес сапарға.
Осыларды өсірген
Минуар атты апамыз.
Төртінші жар қып алыпты
Әбубәкір ағамыз.
Көз жұмған жайсаң жандардын
Артында қалған тұяғы
Орындап асыл арманын
Беделді бөрі зиялы.

Әбен ақсақал өз заманында, өзіне біткен табиғи ерекшелік, сергек ой, сезімді жүректің арқасында ел жұртына, құрбы-құрдасы, дос жаранына алақанының ашықтығының арқасында өз тұсынын Танасы атанғанын еш естен шығаруға болмайды,- дейді көзін көргендер мен естігендер.

“Халық айтса, қате айтпайды”, - деген сөз бар. Әбен қызмет бабын доғарып, зейнеткерлікке шыққаннан кейін де, қарапайым да қамқор, кішіпейіл қасиетінен жаңылған жері жоқ.

Зейнеткерлікте жүрсе де, өз ауылының адамдарының ақылшысы бола білді. Олай дейтінім, өзі мекен еткен Сатбаев совхозында республикадан келген белгілі бір азаматтарды аудан басшылары, сол кездегі совхоздың директоры болған Марат Мәстекбаев, т.б. бірқыдыру басшы азаматтар Зайсан көлінің маңына апарып, демалуды жоспарлап, сол ауылдың орталық қойма меңгерушісі Семжанов Нұрбатырға алты киіз үй тігуге тапсырма береді.

Киіз үй де, барлық жоспарланған тапсырмалар да ойдағыдай орындалып, қонақтарды күтіп шығарып салғаннан кейінгі, бір күн үзілістен кейін мүліктерді жинап алып келуге барғанда, барлық тігілген киіз үй қолды болып кетеді. Іздеу салғанмен табылмайды. Ақыры мүлік, орталық қойма меңгерушісінің мойнына қойылады. Нұрбатыр жүгіріп Әбене келеді. Жағдайды егжей-тегжейлі айтып ақыл сұрайды. “Ақылды ер әр адамның көңілін аулар” дегендей, Әбен оған: Ренжіме, бір жөні болар, ертең келіп хабарлас, - депті.

Әбеннің жазда тігіп отыратын алты канат үзікті ақ үйі болатын. Тегінде Көлбай деген қажыдан сегіз қара беріп сатып алған үйі еді. Ертеңінде соны, онымен қоса ағалары: Қонақ, Шаяхмет, Ахметқали ақсақалдардың үйін қосып Нұрбатырға береді.

Бір жолы дәм тартып үйлеріне барсам, есік алдында тігулі тұратын киіз үйлері жоқ екен. Есік алдында жарықтық жеңгеміз Минуар жүр, мінезі биязы, ер сыйлайтын, жүрегі жұмсақ адам еді. Киіз үйлеріңіз қайда? – деп сұрасам, Күнім-ау, қайдан білейін, аға азаматтың басы аман болсын деп, өзім атқа да шорқақтауымын ғой, әйтеу атының ішінде бір батыры бар азаматқа сол үйімен қоса тағы үш үйді бергізіп жіберді дейді. Отағасының бұл ісіне әйелдік мінез көрсетпей құптап тұруы неткен адамгершілік десеңізші.

Келесі бір күндері Әбеннің үйіне тегінде қызметтес болған, мал дайындау конторында мал қабылдаушы болып қызмет істейтін Молдахан деген азамат Әбеннің үйіне сәлем бере келіп түседі. Үйде отырып, ас-су ішіп әңгімелесіп отырғанда, халықтан қабылдап алынған жылқы малының жиырма шақтысын жоғалтып алып, істі болып жүргенін айтады. “Ізгі мінез көрсетеді келісті ер, оның ісі күнде жанар, өрістер” – деп Ю.Баласағұн айтқандай, бұл жағдайға да жанашырлықпен қарап, өзінен екі жылқы, ағаларынан тағы да үш жылқы қосып беріп айдатып жіберіпті. Әбеннің міне осындай ақкөңіл, ақ көйлек адам болғанын ел жұрты әлі күнге дейін жырдай етіп айтып отырады.

Бірде осы істерін естіп тетелес өскен ағасы Ахметқали ағамызбен кездесіп, кенже аға бауырыңызбен қалай тұрып жатырсыздар?- деп сұрағанымда, Білмеймін осы Әбеннің не істеп жүргенін, киіз үйді оны жылқыны оны құртты дейді. Бірақ, сол бауырының айтқанынан шыға алмайтыны айтпай-ақ көрініп түр емес пе. Неткен сыйластық десеңізші!

Әбең ұсақ колхоздар кезінде “Жаңа тілек” колхозында басқарма бастығы болып қызмет істеген уақытта Мұратбаева Бишен деген қыз, сол колхоздың бас бухгалтері болып жұмыс істеді. Дүние – байлық, билік, қызмет дегеннің барлығы мәңгілік емес, уақытша нәрселер ғой. Кейін Жаңа тілек, Төртоба, Ақоба, Базар колхоздары бірігіп, Карл Маркс колхозы болғанда көп адамдар босап жұмыссыз қалды. Оның ішінде осы Бишен қарындасы да бар. Әбең жамағайын болса да, қарындасы мен көрі шешесі екеуінің келешек камын ойлап, ауданда тұратын әкесінің үйіне көшіріп әкеледі. Екі жылдан кейін басына үй көтеріп беріп бөлек шығарады. Кейін осы қарындасы Мәстекбаев Маратпен тұрмыс құрып, Сатбаев совхозы құрыларда Марат совхоз директоры болып, Әбеңмен қызметтес болады. Әбең балаларын қатарынан қалдырмай, тәрбиелеп, оқытып жеткізуді мақсат еткен адамның бірі. Оларды елін-жерін, Отанын сүйуге, халқы үшін еңбек етуге баулыған адам. Оның мысалы ретінде: Әбеңнің Совет деген баласымен да құрдас Мараттың Бауыржан деген баласы болған. Сол баланың кіндік шешесі де осы Әбең ақсақалдың бәйбішесі Бүбісары болып, баланың өсіп-жетілуіне айырықша еңбек сіңірген ананың бірі болатын. Осы екі баланы да, Москваның бүкілодақтық көрмесіне баратын адамдармен өз қаражатымен бірге қосып жіберген осы Әбең ақсақал еді деп көзі көрген адамдар жырдай етіп айтып отырады. Айта берсе Әбеңнің адамға деген сыйластығы мен сүйіспеншілігі, сабырлы мінезі мен ұстамдығы, мейірбандығы мен адамгершілігі туралы айтылар әңгімелер ел ішінде өте көп.

Сынаптай сырғыған уақыт кімнің уысында тұрар дейсіз, бір кезде бірге қызметтес болып, туыстай болып сыйласқан адамдар шартарапқа кетіп, басқан із, көрген қызық артта қалып, өмір өзгеріп жатпай ма. Адамдар санасында тек өткен өмірдің белгілері қалып, жақсы адамның аты, бірін-бірі еске алып, жазған хаттары ғана қалмай ма. Бұл өмірде әңгіме етіп отырған, кезінде сыйластықпен ғұмыр кешкен Әбең ақсақал да, Марат та жоқ.

Өмір - қайық, өлім – теңіз, Сол қайыққа мінген болсаң,
Айрылмайтын екеуі егіз. Қайырылмасқа кеттім деңіз –
дегендей, Әбеңнің бақилық болғандағы қазасын Марат інісінің уақытында ести алмай, жанама хат арқылы естігендегі ой-толғанысынан шыққан Әбеңнің кенже баласы Қуанышка көңіл айтып жазған хаты балаларының жадында сақталып қалыпты. Осы хатты әкесінің бақилық болғанына отыз жыл толғанда ас беріп, қатым оқытып, еске алғанда Гүлжан деген баласының есінде сақталып қалған осы бір хат жолдарын жаза кетуді жөн көрдім.

Оқыдым бір хат алып кеше қолға,
Кім бөгет бола алады ажал торға.
Жексенбеков қарашаның төртінде хат жазыпты,
Кетті деп Әбең келмес ұзақ жолға.
Өмір жоқ, өшпейтұғын сынбас темір,
Бетімен ақ қағаздың айттым көңіл.
Көп ойлап, жасып кетпе сен, Қуаныш,
Арттағы өздеріне берсін өмір.
Қолымнан хаттан басқа келер бар ма?

Мейірімсіз ажал атты анық жемір.

Ажалға пенде араша бола алмайды,

Ажалың мейірімі жоқ улы жылан

Кәрі-жасты бір шықпай қоя алмайды – депті

Аяғы өте ұзақ көңіл айту толғау екен, қалған жолдары балалардың естерінде толық сақталмапты. Осы жолдардың өзі-ақ толқыған көңілдің көкжиегін көрсетіп тұрғандай емес пе.

Адам бір көшкен керуен, Асарсын бір күн белінен.

Құрарсын аз күн серуен. Тіршілікте тату боп,

Керуендей көшті артып, Айрылмайық сенімнен,

дегендей Мараттың Әбенмен тіршілікте тату-тәтті сыйластықпен өткізген өмірлерінің қимастық толғанысы болар бұл.

Қабдуәкір Нұрғалиұлы (1917-1944 жж)



Қабдуәкір Нұрғалиұлы Ұлы Отан соғысына дейін Ақсуат ауданының Жаңа Тілек колхозында бас есепші болып жұмыс істеп жүргенде, ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен, арғымақ ауыздығымен су ішкен Ұлы Отан соғысы жылдарының алғашқы басталған күні 1941 жылы

21 шілдеде жүрегі Отаным деп соққан жайсаң азаматтармен бірге от кешіп, кеудесін оққа төсеп, төрт жыл бойы бел шешпей, жаумен жағаласады.

Отан соғысында 9 рет соғыс шебіне еніп, бір рет жеңіп, екі рет ауыр жаракат алып, шайқаста ерлікпен қаза тауып, жеңіс күніне бір жыл төрт ай қалғанда, 1944 жылы 30-қаңтарда Ровень облысы, Костополь ауданы, Хозязово селосында жерленіпті. Гомель дивизиясында гвардия атқышы болған, кезінде гвардия лейтенанты деген армия шені беріліпті.

Соғыс жылдарында жорық жолдарын баяндап жазған хаттар келіп тұратын. Ең ақырғы хаты үстерінде шинель, бастарында шлем киген бір майдандас жолдасымен түскен фотосуретін жіберіпті.

Барлық майданнан жолдаған хаттарды жарықтық анамыз бойындағы бөйтұмардай сақтап, ешкімге де бермей, өз бойында ұстайтын. Сол анамыз да соғыс аяқталғаннан кейін көп ұзамай дүние салды. Амал қанша, хаттарды ескеріп алып қалған кісі болмады. Сонымен ағайымыздың майданда болған күндердегі жазған оқиғаларын қағаз бетіне түсіре алмадым. Осыларды айта келе:

Ел басына күн туған ауыр жылда,

Қолына қару алған тау ұлы да,

Аянбай Отан үшін от кешкендер,

Аттанып ажал сепкен жау тылына.

Қорғағандар бақытын бүгінгі елдің,

Жайратқан жендеттерін Гитлердің,
Қасық қаны қалғанша соғысты ерлер,
Оқ тесіп екі етегін сүр шинельдің.

Ұмытпай туған ауылын шатқалында,

Сағынып елін жазған хаттарында

Сұрапыл соғыс көрген ардагерлер,

Кешегі ел қорғаны мақтаны да – дей келе соғысқа аттанар күні мені кете кеткенше, майдандас достарымен бірге аттанғанша, қолымнан ұстап жүріп қош айтысқан едік. Сол ұстаған алақанының жылуы әлі күнге дейін менің қолымның табында қалғандай көрінеді де тұрады. Қайран, сынаптай сырғыған дүние-ай, енді ойлап отырсам, сол күннің өткеніне де 66 жылдың жүзі болыпты. Сол менің қолымда қалған алақанының ыстығы ақырғы қоштасуы болған екен.

Сол тұста туған еліне оралмай тағдырдың Украина жерінен топырақ бұйыратынын кім білген? Осындай арын жалау етіп, жауға аттанған ел ұландары Отанымыздың байтақ жерін қорғады, айдын көлін қорғады. Халқымыздың өмірін қорғады, өзі туған өңірін қорғады. Ақ сүт берген анасын қорғады, ақ самал ескен даласын қорғады. Осы әділет жолында қасық қанын қиып, ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар қаншама, солардың құрметті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің бейбіт нұрындай шуағын шашпақ.

Соғыс жылдарындағы ұрыс даласынан қайтпай қалған он екі де бір гүлі ашылмаған боздақтардың тағдыры осылай болған ғой. Осылар ғой Ұлы Жеңісті жақындатып, жарқын өмір орнатуға ат салысқандардың бірі және де осындай тұрғыластардың бөріне де тағзым етеміз.

Соғыстың бетін аулақ қылсын, ел аман, жұрт тыныш болсын!

Әпсейітқызы Жібек(1914-1978ж.)



Руы Тоқабай ішінде
Қожагелдінің Төбетінен Керейбай.
Керейбайдың Әпсейітінен Айтжан,
Жібек, Торғын. Әкесі Әпсейіт ерте
дүние салады, ағасы Айтжан Ұлы
Отан соғысында қаза болады.

Ұлы Отан соғысы жылдары тылда қалған әйелдердің өмір жолдары өте ауыр өтеді. Нұрғали ақсақалдың бәйбішесі Жібек анамыз да жастық шағын ауыр еңбекпен өткізген көрінеді. Ол кісі сол кездегі колхоз шаруасын былай деп әңгімелейтін: Ол кезде колхоздың барлық жұмысы кол күшімен орындалатын. Егін салу, оны суару, ору, бастыру, шөп шабу, жинау, тасу дегендердің бөріне араластым. Ол кезде сағат дегенді білмейміз. Көктемде соқаға өгіз жегіп жер жыртамыз. Егін себіліп біткен соң оны суару

басталады. Түнгі суда жүргенде аяғымыз тоңып шыдатпайды. Жусан жұлып алып, от жағып жылынған боламыз. Түнгі суға екі әйел бірге шығып қатар жүреміз. Шаршауды ұмытып қайратқа мінеміз. Түннің бір қараңғысында бригадир шелекті даңғырлатып ауылды оятады. Егіс басына таң біліне жетіп, дестемізді бір қараңғы бір жарықта сипалап жүріп тауып аламыз. Қырдан байлайтын бау табылмайды. Сондықтан арықтың жағасындағы көксағал күйінде әлі піспей тұрған бидайды орып алып, суға салып қоямыз да соны пайдаланамыз дейтін.

Егін шаруашылығы аяқталғаннан кейін мал шаруашылығымен де шұғылданасын, жұмыс дегенде жыл он екі ай бір толас болмайды.

Қорыта айтқанда: кезінде халқына адал еңбек еткен ұрпақ жайып өмір өрісін ұзартқан кемел де бекзат аналардың бірі болғаны сөзсіз.

Ел басына қауіп төнген кешегі Ұлы Отан соғысы басталғаннан аяқталғанға дейінгі, тіпті соғыстан болған жара халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруге дейінгі жылдардағы ауыл шаруашылығында істеген әріптестерімнің еңбегі бір тағдырлас болды ғой деп отыратын жарықтық.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі елуінші жылдардың ішінде отағасы о дүниелік болып кеткен жылдардан кейінгі жағдайымыздың түзеліп кетуіне бірден бір себепкер болып, арқамыз кеңіген заман ажал тырнағынан аман қалған ұлымыз Төлеуғазының жоғарғы оқу орнын бітіріп келіп, ибалы да инабатты келінім Нұржәмішпен шаңырақ көтеріп, ат жалын тартып мінген ел жақсылары мен үзегілес болған жылдары болды ғой – дейтін.

Қаншама бала о дүниелік болып кетсе де, артынан Ғайникамалдай қарындасы ерді, міне сол кезден бастап заманымыз түзеліп, түтініміз түзу шыққан, тұрғыластарымен терезесі тең болып, тұрмысымыздың жақсарған кезі еді деп отыратын.

Жарықтық анамыз Жібек “Жоқпын деп саспаған, бармын деп аспаған” ер мінезді, ана жүректі адам еді. Басынан қаншама ауыр еңбек тұрмысын өткізсе де, жан тәнімен саналы түрде елі үшін емірене еңбек ете жүріп, қайратты ана қазақтың қара өленін, жер, су, тау, балық, аспан әлемі өлеңдерін жадында сақтап, жатқа айтатын өнерлі де өнегелі аналардың бірі еді. Кейде ойынан да өлең шығарып замандастарымен жиын-тойларда айтысып та кететін кездері болатын.

Тіпті Рәш деген апамызбен екеу ара отырып жоғарыда көрсетілген тақырыптардың кез келгенімен айтысып отырғанының куәгеріміз. Міне оқымаған адамдардың өнеріне таң қала отырып, егер оқыса қандай болар еді деп таң қалатынбыз.

Естігенін ұмытпайтын жадына сенген жарқын ойлы адамдар еді деп осы аналарымызды айтуға болады.

Жібек тіршілігінде артынан ерген бір ұл, бір қыздан басқа, тоғыз немере өсіріп жеткізіп қана қоймай, бүкіл ауыл-аймаққа, алыс-жақын ағайын туысқа сөзі жүрегін сыйлы, құрметті де айбарлы “Жіке” атанған ана болды.

Уақыт кімнің уысында тұрар дейсіз дегендей, осындай ел жұртына құрметті де сыйлы ана ақырғы немересінің қырқынан шыққан кезінде 1978

жылы дүниеден озды. Ақырғы байыз тапқан жері де тегіндегі Ленин жолы совхозы болды.

Өкініштісі кезінде анамыз білетін тарихи құндылықтарды көлеге асыруға, естігенін ұмытпайтын ұқпа құлақ қасиет болмағандықтан жоғалтып алғанымызда болып отыр.

Фабдрахман Қасымханұлы
(1924-1979 жылдар)



Фабеннің әскердегі өмір жылдары мен майданда көрсеткен ерліктері, бейбіт өмірде атқарған жұмыстары “Ақсуат – атамкенім” атты кітаптың 309 бетінде жазылған.

Бұл жолы Фабеннің көзі тірісінде айтқан кейбір естеліктерін жаза кетуді жөн көрдім.

Фабен өз әңгімесінде: Мен де осы Ақсуатта оқып жүргенде, октябрат, пионер қатарында болдым. Сол кездерде комсомолец ағайлардан үлгі алдым. Мен өзім ді солардың өнегелеріндей болуға даярлауға тырыстым. Сол кезде “Шагай вперед комсомольская пламя” деген өлеңді сабақтан үйге қайтқанша айтып жүруші едім.

Павел Корчагиннің образы, Н.Островскийдің “Құрыш қалай шынықты” деген романы бүкіл еліміздің жастарына патриоттық тәрбие берді және әлі күнге дейін маңызы жойылған жоқ деп отыратын.

Соғыстың алдында біз 8-9-шы класс оқып жүргенде:

Жігітке бұйрық батысқа,

Қызға бұйрық басқаша.

Аттанысты комсомолдар,

Отан үшін соғысқа, - деген өлең шықты. Осы кезде фашистік Германия біздің Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасады. Ұлы Отан соғысы басталды. Шынымен-ақ, бізге бұйрық батысқа болды. Иә, сол ел басына күн туған сұрапыл күндерде, басқалармен бірге Отанымды қорғауға осы Ақсуаттан 18 жасымда мен де аттандым.

1942 жылдың қаһарлы қысы, күн бұлыңғыр. Әрқайсысына 6 адамнан отырған 4 атты 8 түйелі шана Қурайлының қырында жол үстінде кілт тоқтады. Шанадан түскен азаматтардың беті, назары артқа қарауда. Қош туған жер, Ақсуат, қош тұрындар, туған туыс, қош бол, тау атасы Тарбағатай, көреміз бе, көрмейміз бе? – деп көздің жасы моншақтай мөлдір етті. Шанаға жайырақ отырған топ суыт алға тартып кеттік. Бұл сол отты жылдардағы неміс-фашист басқыншыларынан өз отанын қорғауға аттанып бара жатқан ақсуаттықтардың бір тобы еді, - деп әңгімелейтін.

Алғашында Өзбек ССР-і Ферғана қаласында артиллерия бөлімінде Фабен мен Дәуменов Ғалым (ол 1964 жылы қайтыс болды), ППР-да Көрменов

Нұрқасым. Қалиев Шакен, снайперде Тақанов Қалымбек пен Бекбаев Нұрғазылар болды. Мені артиллерия бөлімін жақсы оқып бітірген соң офицерлік қызметке жіберді.

Уфа қаласы, Алхино станциясында 82 мм минометтің взвод командирі болады. Содан ары қарай соғыстың басынан аяғына дейін 1-ші Белорусь фронты колбасшысы Совет Одағының маршалы Г.Н.Жуков, 8-ші гвардиялық армия командашысы Совет Одағының маршалы В.И.Чуйков, 82 гв. Дивизия командирі (кейіннен гвардия генерал майоры) Г.Хетогоуров. Бұл еліміздің мақтанышы, ең жауынгер армия болды. Ол Сталинградта жауды тоқтатып күртқан, содан қарсы шабуылға шығып Совет жерін жаудан тазартқан, онан жоғары ставканың үйғарымы бойынша Польшаны азат етіп, Висладан Одерге дейінгі жойқын шайқастардың ауыр учаскесінде даңқы әлемге әйгілі болған жау жүрегі Берлинді алуға тағайындалған армия еді. Міне мен осы жауынгерлер сапының қатарында болдым.

Осы саптың қатарында болған кездегі Фабеннің немістердің өте бір мықты бекінісін алудағы ерлігін (8-гвардия армиясы әскери газетінің ерекше шығарылған жауынгерлік листогы, 11 февраль, 1944 жыл) былай деп жазыпты: Алғашында ол жауды пулемет оғымен атқылады. Жаудың жан сауғалап беталды атқан, қаңғырған оғы етіне қадалып ауыр жараланса да, ұрыс алаңын тастаған жоқ. “Гвардеецтер, алға” деген ұранмен жауынгерлерді дүшпанға қарсы көтерді. Жекпе-жек соғыста бір өзі алты немісті өлтірді. Гвардеецтер! Жауды қазақ ұлы Ғабдрахман Қасымхановша батыл және күшті соғындар! – деп жазыпты. Бұл Фабеннің шайқастардағы көп ерліктерінің бірі ғана.

1 Белорусь майданының колбасшылығымен Берлинді алып, 1945 жылдың 1-май мерекесін Берлинде мейрамдап, 9-майда да Берлиннің орталығындағы жеңіс парадына қатынасады. Соғыстан соң Германияда 2 жыл әскери қызметте болып, 12 мемлекеттік наградамен, оның ішінде III дәрежелі “Даңк” ордені, II дәрежелі “Отан соғысы” ордені, “Қызыл жұлдыз” ордені, жауынгерлік “Қызыл ту” ордені, Варшаваны, Берлинді азат ету медальдары мен қоса тағы да 4 медальмен елге оралады. Мұнымен қоса, Советтер Одағының маршалы, генералисимусс Сталиннің қолымен алғыс жарияланады.

Мені замандастарым – дейді, осы ауыр жорыққа шығып, бір қатары Отан үшін жас өмірін құрбан етті, қалғандары жеңіспен еліне қайтты, деп еске алатын.

Фабеннің өзі өмірден өтіп кетсе де, кезінде сот жүйесінде адвокат, сот орындаушысы, ұзақ жылдар сауда жүйесінде жұмыс істеп зейнеткерлікке шыққан, құдай қосқан қосағы Қаным Манапқызы батырдың шаңырағын мықты ұстап, ұрпағын өсіріп тәрбиелеп отырған өнегелі жанұяның бірі.

Мусинов Рахымхан Әділханұлы



Мусинов Рахымхан
Әділханұлы 4.05.1926 Ақсуат
өңірінің Көктүбе елді мекенінде
дүниеге келген. 26.12.1999
жылы Семей қаласында
дүниеден өтіп, сол мекенде
жерленген.

1929-1932 шаруашылық жылдары ата-анадан айырылып, 4-5 жас шамасында жетім қалып, Ақсуат, Көкпекті балалар үйінде тәрбиеленген. Өзінің еңбек жолын соғыс жылдары жасөспірім кезінде Қарағанды көмір шахталарында қарапайым шахтершідан бастаған. Сонан кейін 1951-1954 жылдары Көкпекті ауданының Большевик және Көкпекті совхоздарында ферма меңгерушісі болып жалғастырған. Ол кісі өзінің асқан ұйымдастырушылық, еңбекқорлық және биік рухы, азаматтық артазалығымен көзге көрінген. Осындай қасиеттерінің арқасында 1960-1971 жылдары Семей облысының көптеген ірі шаруашылықтарында (Киров атындағы, Буденный атындағы, Михайловский) директор, колхоз бастығы ретінде үлкен нәтижелерге жеткізген жетекші болған. 1972 жылдан ауыл шаруашылығы басқармасы атқару комитетінің орынбасары, ауыл шаруашылығы басқармасының жетекшісі ретінде қайта құрылған Шар ауданының қалыптасуына көп күш-жігерін жұмсады. 1976 жылдан бастап зейнеткерлікке дейін Семей облысының ауылшаруашылық басқармасында іскер жетекшілердің бірі болып облыстық ауылшаруашылығын көтеруге зор еңбек етті. Осы қызметте жүрген кезінде Р.А.Мусинов ең жауапты бөлімшелерді басқарып, ауылшаруашылығы өндірісіндегі маңызды мәселелерді шешуге белсенді ат салысып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты. Қайда болмасын өзінің жоғарғы жауапкершілігін көрсете білді. Қызмет кезінде бірнеше мәрте депутаттыққа сайланды, көптеген съездерге делегат болып қатысты, облсовпроф мүшесі болды.

Осы еңбектерін Кеңес үкіметі жоғары бағалап, “Еңбек Қызыл Ту” және үш “Құрмет Белгісі” ордендерімен, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен және көптеген медальдармен марапаттаған. Ол кісі Қазақ ССР-інің дербес зейнеткері, ауылшаруашылығына еңбегі сіңген қайраткері болған.

Ол кісі лауазымды қызметімен ғана емес, өте қарапайымдылығымен, жеке басының адами қасиеттерімен ел есінде сақталып, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып, көптеген шәкірттер тәрбиелеген.

Өмірлік жолдасы Арғын елінің Қанжығалы руынан тараған Мариям Ыдырысқызы екеуі өнегелі ұрпақ өсіріп тәрбиелеген. Ол кісілер 8 бала

тәрбиелеп өсірген. Тұңғыштары Мусинов Даниял Рахымханұлы Семей өңіріне танымал дәрігер-хирург, медицина ғылымдарының докторы.

Рақымханның балаларының үшеуі әр салада ғылым кандидаттары, біреуі ғылым докторы.

Маржан Шөкерім университетінің халықаралық экономикалық қатынас факультетін бітірген.

Раханның екінші баласы Гүлнар тарих ғылымдарының кандидаты, көп жылдар Семей мал дәрігерлік және медицина институттарының тарих кафедраларын меңгерген.

Үшінші баласы Серікбол – медицина ғылымдарының кандидаты, көп жылдар Семей облысының балалар ауруханасының бас дәрігері, Семей қаласының, облысының денсаулық сақтау басқармасын басқарған. АҚШ, Жапония, Канада, Голландия елдерінде білімін жетілдірген. Қазақстан денсаулық Министрлігі департаментінің басшысы болған. Серікбол – танымал ұйымдастырушы-дәрігер. Қазір ол ҚР-ның экономика және бюджетті жоспарлау Министрлігі департаментінің директорының орынбасары. Серікболдың жұбайы – елімізге танымал азамат Хафиз Матаевтың қызы Райгүл. Олардың үш баласы бар: Мадина, Тоғжан, ұлы – Мағжан.

Мадина - Алматының медицина институтын бітірген дәрігер – маман, Тоғжан – Қазақтың Ұлттық техникалық университетінің студенті, Мағжан – мектеп оқушысы.

Төртінші баласы – Ербол. 1959 жылы туылған. Мамандығы – зостехник. Біраз жылдар Семей облысының мемлекеттік асыл тұқым станциясын және “Шалабай” асыл тұқым зауытын басқарған. 2001 жылы оқыс жағдайдан қайтыс болды. Ерболдың жұбайы – облысқа белгілі болған қызметкер, Ақсуат елінің тумасы, Каженов Бейсеннің қызы Зауреш. Олардың үш баласы бар. Ұлы Сержан ҚР-ның бас әскери прокуратурасы прокурорының көмекшісі, Илияс, Ажар – мектеп оқушылары.

Бесінші баласы Гүлжан 1961 жылы туылған, мамандығы – кардиолог, медицина ғылымдарының кандидаты. Қазір Қазақстан-Герман “Медикус-центр” атты кәсіпорын директоры.

Алтыншы баласы Раиса, мамандығы мал дәрігері. Семей зооветеринарлық институтын бітірген, аталмыш кәсіпорында фармация менеджері. Жолдасы Қажыбек Азғозин екеуінің екі баласы бар: Әділет Қазақ Ұлттық техникалық университетінің металлургия факультетінде оқиды, Әдина – мектеп оқушысы.

Жетінші баласы – Ермұқаш, мамандығы – дәрігер-хирург, облыстық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары. Жұбайы Мадина – банк қызметкері. Үш баласы бар: Бауыржан, Мариям, Әділхан. Үлкені Бауыржан Павлодар мұнай өңдеу зауытының қызметкері, Мариям мен Әділхан – мектеп оқушылары.

Кенже қызы Гүлнұр – дәрігер, жұқпалы аурулар маманы, Семейдің жұқпалы аурулар ауруханасында қызмет етеді.

Мусинов Даниял Рахымханұлы (1951-2006 жж)



Даниял Рахымханұлы Мусинов 1951 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ақсуат ауданында дүниеге келген.

1976 жылы Семейдің медициналық институтын бітіргеннен кейін, өзінің еңбек жолын аудан хирургынан бастап, сосын Шар қаласындағы аудандық аурухананың хирургия бөлімінде меңгерушілік етті.

Көп ұзамай жас жігіт өзінің білімдарлығымен, адамшылық қасиеттерімен жұртшылықтың көзіне түсе білді. 1962 жылы Семейдің мемлекеттік медицина академиясы факультеттік хирургия кафедрасына ассистент қызметіне байқау бойынша сайланды.

1990 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 1992-1996 жылдар аралығында факультеттік хирургия кафедрасына доцент лауазымында жұмыс атқарып, емдеу ісі факультеті деканының орынбасары қызметін атқарды. 1996 жылдан 1999 жылға дейін доктарантура өтті. 1999 жылы докторлық диссертация қорғады. Осы жылдан бастап өмірінің ақырғы күніне дейін Семейдің мемлекеттік медицина академиясы онкология кафедрасын басқарды.

Әріптестері мен Даниялдың тәрбиесінде болған шәкірттері Даниял Мусинов кәсіби білімін толықтыру мақсатымен бірталай жерде болды. Барған сапарынан әйтеуір бір жаңалық, қажетті тың нәрселер алып, соны іске асырып, нәтижесін көрмейінше өзіне де, өзгелерге де тыным таптырмайтын.

Әрбір науқасқа дәрігерлі тексеру жүргізіп қана қоймай, жүрегіндегі күдігін сейілтп, көңілін аулауға да уақыт табады. Абай атамыз айтқандай, нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайраттың адамы. Әсіресе өзі қызмет ететін онкологиялық диспансерге келген әрбәр науқасқа, осынау бір үрей туғызатын озбыр аурудың диагнозын жеткізудің өзі бір аса үлкен, қайратты жүректің ғана шамасы жетер ауыр іс.

Біз білетін Даниял аға көпшіл, аңқылдақ мінезді адам. Ағамыз өз басын күйіттеуден гөрі өзгелерге көбірек уақытын бөледі. Ғылыми ізденіс жолы қашанда шексіз. Оған шын ниетімен берілгендер ғана тұрақты нәтижеге қол жеткізбек. Шәкірт тәрбиелеу ұлағатты іс. Осыған дейінгі қажымай жинақтаған мол тәжірибесін жас мамандарға үйретуден бір сәтте жалыққан емес. Керісінше, олардан ғылымға деген бір үшкын көрсе, шабыттана түсетін.

Д.Мусинов халықаралық Қазақстандық – американдық, Қазақстандық – жапондық жобаларға қатысып, оның іске асуына үлкен үлес қосты. Ол кісінің мол тәжірибесі мен жеке басының жауапкершілігі Шығыс Қазақстан облысындағы қатерлі ісікке қарсы күрес жүргізу жұмыстарын жаңа деңгейге

көтеруге мүмкіндік берді. Қатерлі ісіктерді ерте диагностикалау бойынша облыстық семинарлар мен тренингтер өткізіліп тұрды. Диспансер қызметкерлерімен біріге отырып облыстың ауылды аймақтарында қатерлі ісіктерді, әсіресе күннен күнге өршіп бара жатқан сүт безі, қалқанша без қатерлі ісіктері мәселелері бойынша онколог мамандармен мобильді кешенді бригада құрып, аудандарды аралап, алдын ала тексерулер арқылы осы бір зұлым дерттің алдын алуда орасан жұмыстар жүргізіп келді. Қатерлі ісіктердің басқа да түрлері жөнінде халықты ақпараттандыруға көп көңіл бөлді.

Шет елде өз халқына деген құрмет өте жоғары, науқастарға операция жасау кезінде мейлі мың жерден жақсы хирург болса да, басқа ел азаматтарын қатыстырмайды, ал біздің Даниял Рахымханұлы Жапониядағы кезекті операцияға қатысу мүмкіндігіне ие болған бірегейлердің бірі. Сол себептен де болар жапондық достары өте көп. Соның ішінде белгілі ғалым морфологтар Сакамота, Секине, Ямашита т.б. Олар Қазақстанға келгенде ең алдымен еліміздің тамаша табиғаты, тарихи құндылықтарын, салт-дәстүрін, қонақжай дарқан мінезін көрсетуге барын салатын.

Қорыта айтқанда, Даниял Рахымханұлы шығармашылық ой-өрісі биік, бүтін бір тұлға еді. Өзекті мәселелерді өздігінен қалыптастырып, олардың шешімін азаматтық жоғары тұрғыда табатын. Ол жоғары білікті маман, ойлы педагог, ғылыми жұмыспен белсенді араласатын ғалым ретінде өзінің арнаулы және педагогикалық білімін үнемі жетілдіріп отыратын. Академиядағы оқытудың белсенді құралын енгізе отырып, инновациялық педагогикалық технологияны қолданған алғашқылардың бірі болды.

Даниял Рахымханұлы облыстағы обырға қарсы күрес жұмысындағы барлық әдістемелік басшылықты жүзеге асырды, клиникалық жұмыста жаңа емдік-диагностикалық технологияны енгізуге ықпал етті.

Ол кісі хирургиялық инфекция, эндокринді хирургия, онкология мәселелері бойынша көптеген ғылыми еңбектердің авторы, бірқатар рационализаторлық ұсыныстар мен ойлап тапқан жаңалықтары бар.

1992 жылы денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізген ғылыми жаңалықтары үшін ҚР денсаулық сақтау министрлігі сыйлығының лауреаты болды. Белсенді педагогикалық қызметі және қоғамдық жұмыстары үшін академия әкімшілігінен бірнеше мәрте алғыс хат алды. Қазақ КССР жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасымен, Семей облысы халық депутаттары кеңесінің Құрмет грамотасымен, БЛЮКО ОК (ЦК ВЛКСМ) құрмет грамотасы және Құрмет белгісімен, ҚР денсаулық сақтау министрлігінің грамотасымен, “ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі”, “ҚР ағарту ісінің құрметті қызметкері” белгілерімен марапатталған.

Даниял Рахымханұлы ешқашан үлкен-кіші деп бөлмей, алдына келген адамның барлығын аңқылдап қарсы алып, көңілін аулап, қайткенде бір жақсылық жасасам деп тұратын. Жолдастарының арасында орны ерекше еді. Туған-туысқа қашанда қамқор бола білген, от басындағы күт-берекені кастерлей білген азаматтың бірі.

Әріптестері ол кісінің білімдарлығын, азаматтық парасытын, жеке бас қасиеттерін жоғары бағалап, әрдайым құрмет тұтқан. Бірде бір іс ол кісімен ақылдаспай шешілмейтін.

Даниял Рахымханұлы жайында радиология бөлімінің меңгерушісі Г.Рысқұлова былай дейді: Біздің профессор ең алдымен жан дүниесі жайсаң, ауыз толтырып айта алатын білікті маман. Диспансерде ол кісіден ақыл-көненес сұрап келмейтін адам жоқ деуге болады. Менің өз басым ол кісімен күнделікті пікір алысамын. Әсіресе теңдессіз радиологиялық орталық құрылысын жасауда өте үлкен әдістемелік-көнестік көмек көрсетті, әлі де көрсетуде.

Ал қарқынды емдеу бөлімінің меңгерушісі Даниял Рахымханұлының шәкірті Саят былай деді: Даниял Рахымханұлының адамгершілік парасаты, ағалық қамқорлығы, ұстаздық білгірлігін бәріміз құрмет тұтамыз. Ол кісі әр нәрсеге үлкен түсіністікпен, зор жауапкершілікпен қарайды. Қашан да болмасын күлімдеп қарсы алғаны көңілге жылылық ұялатады. Осындай адамнан үйреніп, бірге қызмет істеу біз үшін үлкен бақыт. Даниял Рахымханұлы сияқты білікті маман, ұлағатты ұстазға жолықтырған тағдырыма ризамын. Ауырмай-сырқамай ортамызда бізді білім тұңғығына жетелеп жүре берсін. Ұстазыма шығармашылық жетістік, бақытты да баянды ғұмыр тілеймін.

Даниял Рахымханұлы отбасында сүйікті жар, ақылшы әке бола білген жан. Жұбайы Мусинова Нұрифат Файызқызы қаржы қызметкері, Найман елінің Сыбан руынан тараған. “Әке көрген оқ жонар” дегендей ұлы Роллан да жақсы қасиеттерімен танылып келе жатқан жас. Ол дарынды бала ретінде кезінде Президенттің қабылдауында болып, Елбасының қолынан сыйға сағат алған. Бүгінде бірнеше тілді меңгерген ол АҚШтың Вашингтон қаласынан білім алып келіп, елі үшін қызмет етіп жатыр.

Роллан елімізге мәлім Каспий банкінің вице-президенті, қызы Маржан еңбек жолын енді бастаған қаржы институтының озық түлегі. Осының бәрі Даниял мен Нұрифаттың ұрпақ тәрбиесіндегі өнегелі жемісі.

Біртуар азамат, онколог, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Семейдің мемлекеттік медицина академиясы онкология кафедрасының меңгерушісі Даниял Рахымханұлы Мусинов 2006 жылдың қараша айының 14 жылдызында 56 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Марқұм Даниял Рахымханұлының әріптестері мен шәкірттері былай деп еске алады:

Даниял ағамыз өзі ұстанатын “ыстық қайрат, жылы жүрек, нұрлы ақылдың” адамы еді және осыны әрбір адамның бойында болса екен деп тілейтін. Ол уақыт талабымен бір тыныстады. Қиын сәттерде өзгелер үшін әрдайым жұбату және қолдау сөздерін таба білетін. Даниял Рахымханұлы бізді өз ойының өткірлілігімен, кең білімдарлығымен, парасат-пайымымен және қабылдаған шешімдерінің даналылығымен таңдандыратын.

Даниял ағамен бір ортада қызметтес болып, тәлім алғанымызды, осындай ұлағатты ұстаздың алдын көргенімізді бақыт санаймыз. Біз үшін оның өмірден өтуі – орны толмас қаза. Ол кісі көзі тірісінде “Бір бірімізге

кешірімді бола білейік, түсінсе білейік, қамшының сабындай қысқа ғұмырда бір-бірімізді табалаумен, көңілге дақ салумен емес, сыйласумен, сырласумен неге өткізбейміз” дейтін. Біз ол кісінің осы тілегін өрі қарай жалғай берейік”, - деген жүректің терең түбінде жатқан ой-толғаныстарын айтады.

Менің өмір мектебім.

Руы Кегенбай болып келетін Рухия апамыз өз өмір жолын былай деп баяндайды.



Жарықтық өкем-Қабдолла, анам-Рахима дүние аласапыраны басталған 1916 жылы 10 мамырда Семей облысына қарасты Тарбағатай өңірінің Ақсуат ауданы Сарбұлақ елді мекенінде жарық дүниеге келген.

Менің атымды іштерінен рухы биік болсын, мына дүрбелең заманның нар көтерер жүгін қайыспай арқаласын, ауыр асу жолдарда шаршап шалдықпасын деді ме екен әйтеуір Рухия деп қойыпты.

Шыр етіп дүние жарықтың мен есігін ашқанда толқыған замана дауылының бір қатты қара суығы Ақсуат өңірін де қарып өткен шақ екен. Герман-Русья соғысындағы қара жұмысқа өскер бермейміз, ақ патша неге өз жарлығын бұзады деп Құттықадам-Жанбике болысы Мүрсәлім Бектенұлы бастаған әр намысты жеті жолымбет азаматтары атқа қонып, ашық көтеріліске шыққан тұс та осы кезең. Бүкіл қазақ даласындағы 646 болыстың ішінен біздің өлкеде суырылып шығып, жалаң қылыштай жарқылдаған ол атамыздың есімін сөбі шағымыздан жаттап өстік қой. Сол азаттықтың алғаш көтерілген туы міне, елімнің көгінде шалқып тұрғанын көргенде өмір өткелдерінің, ауыр-ауыр шақтарының, қасірет пен қайғысының, төгілген қан мен жалынды жігердің қайралған шындауылын, сол шындауылда сомдалып ерлікке суарылған намысын, азаттық бейнесін көргендей боламын.

Одан кейін «кызыл келді ақ қашты, өңшен кедей топтасты», деген жаңа заман орнады. Ол да үлкендердің айтуы бойынша еміс-еміс есте қалыпты. 1925-1927 жылдары аралығында өзім туған Сарбұлақ ауылында молдадан оқып сауат аштым. Сол жылы Ақсуат ауылына көшіп 1927-1931 жылдары сондағы қазақ мектебінде жаңаша оқып білім алдым. Әрине оқуға –білімге деген құштарлық зор болғанымен күрмеуге келмейтін тағдыр төжікелесіп тұрмайды екен. Оның үстіне жас та мектептің жасынан асып кеткен еді. Орталау мектепті бітіріп 1931 жылы Бұғыбайұлы Садуақасқа тұрмысқа шығып отау тіктік. Бұл менің өмір мектебімнің алғашқы сыныптарындай еді. Жарты күртты жарып жеп, жарты нанды бөліп жеп жүргенде намысты рухты жоғалтады. Бар қайратты ішке түйіп жүріп ғұмыр кештік. Әпербақан әкімдерді, шолақ қамшыдай шолтаңдаған атқамінер белсенділерді де көрдік. Қиналып жүрсек те сол кезеңнің өтпелі екенін жүрек сезетін. Сезетін де алда бір жарқын күндер барына сенетін. Ол уақытта сол мамыражай шақтар араға

қаншама қасіретті жылдар салып жететінін ойламаппыз. Сөйтсек ол асуы ауыр жылдар екен. Бүгінгі балаларым, немерелерім, шөберелерім, туыс жұрағаттарымның ақ тілегімен, ықыласты махаббаттарына бөленіп, бейбіт ғұмыр кешіп жатқан отанымның әр қадамына сүйсініп отырып «е. сол аңсаған жарқын болашағым осы екен ғой, осыған жеткізген өмірге тәубә» деймін.

Күйеуім Садуақас Бұғыбайұлы еті тірі, елге сыйлы, атпал азамат болатын. Ағайын арасында беделі биік, өресі кең еді. Өзі де аккөңіл, бірбеткей, жан замана тынысын тамыршыдай тап басып отыратын. 1932 жылы тіршілік атаулыны жаппай жалмап, өрттей отап келе жатқан ашаршылықты алдын ала сезіп «Әй ағайындар мына заманның сұрқы жаман, басшылардан бейіл кетті, қандай да бір қарекет жасауымыз керек. қайтпек керек?» деп торыға толғанып жүруші еді. Өзі сияқты халқым деп жарғақ құлағы жастыққа тимей ер-азаматтардың басын қосып жиі пікірлесетін. Тау өзендеріне бөген салып, тоған құрмақ болып «асыра сілтеу болмасын, аша таяқ қалмасыннан» елді егіншілікпен сақтау үшін көп еңбектенді. Ол үшін талай рет әпербақан басшылардан теперіш те көрді. Алайда, бірбеткей азаматым өзінің ісінің туралығын дәлелдеп, халықты егіншілік кәсіпке бастады. «Еңбек етсең емерсің » демей ме дана казак. Аз ғана егін салып, су бұрып, өнім алып маңайындағы ағайындарының көпшілігін ажал тырнағынан алып қалыпеді. Істің игілікті бастамасын көрген халық енді өз алдына мойынсерік құрып, тізе қоса күнкөріс қамына кірісті.

Бұл әрекетім де жемісті болып, азаматым елі арқа сүйер ел ағасы атанды. Ақсуат өңірі ежелден ақ малға жайлы қоныс қой. Ал егін егу үшін су молшылығын жасау қажет. Бұл салада да алғашқы бастамашы болған Бұғыбайұлы Садуақас еді. «Шіркін жайқалған егін болса, ел аштықты ұмытар еді, ол үшін елді отаршылыққа үндеу керек. Ендігі арманым сол, Рухия» деп жиі-жиі армандайтын. Еңбекпен есейдік, еңбекпен елге танымал болдық.

Мұның бәрін «еңбек етсең емерсің» дегендей жастарға сабақ болсын деген ниетпен жазып отырмын. Еңбекпен өнген дәннің жемісі де тәтті.

Өмір мектебінің тағы келесі бір сыныбы осы еңбекпен есейген жылдар дер едім. Тағдырдың талқысын туған жерден жырақта жүріп көру адамды одан сайын ширатып, өмірге деген күштарлығын одан сайын арттыра түсетін болуы керек. Оған келіп жүректе шөмендей байланған елге, жерге деген сағыныштың күйі қосылғанда бойға ерекше жігер бітуші еді. сол жігер, сол намыс бізді жат елде рухымызды биік, еңсемізді тік ұстатқан. Аш жалаңаш жүрейік казак деген атқа қылаудай кір келтірмедік. Қайта бізді көрген басқа ұлт өкілдері «казак деген осы екен ғой, қандай өр, қандай намысқой, қандай еңбекқор, адал, таза адамдар» десін деп тырысып бақтық.

Сол намысты ту еткен жылдары, яғни 1962 жылға дейін отағасым Садуақаспен бірге 6 ұл, 2 қыз көріп, үлкен қара шаңырақтың анасы атандым. Бұл да сонау бір заманда ардақтап атымды Рухия деп қойған ата-анамның ақ тілеуінің ақталғаны шығар, көп бейнетімнің зейнеті болар деп ойлаймын.

1962 жылы жаншай ел көшкенде Атамекенге оралып Шұбартау ауданында Сарықамыс совхозы, Бидайық ауылында төрт жыл ақсақалым қызмет етіп, өзіміздің туған жер –Ақсуатқа көшіп келдік.

Атамекеннің қасиеті ғой біздің дәм-тұзымызды тауыспай сарғая тосып, сақтап келген. Елге, жерге деген сағыныш тек ата-анасы біздің ғана емес, балаларымның да жүрегіне сонау алыс өлкелерде жүргенде ақ ұялаған екен. Ол әкелерінің өсиеттей өшпес әңгімесінен бе, жоқ әлде ананың ақ сүтімен дарима, өйтеуір балаларым елге келгенде лезде өзгеріп, әрқайсысы бір-бір бәйге атқа мінгендей құлшынып шыға келді. Олардың өмірге деген талпынысына карап кешегі азапты сапарлар ұмыт болғандай еді. Алайда, 1972 жыл аяулы ақсақалым Садуақас Бұғыбайұлы дүние салды да бір қабырғамыз ойсырап қала бердік. Тағы да тас түйін жұмылып азғана пенсия мен ұлдардың табысымен балаларымның бәрін ешкімнен кем қылмай, қанаттыға қактырмай, түмсықтыға шоқыттырмай адал тәрбиелеп ер жеткіздім. Ұлдарым: Жұмағали, Бейсенғали, Оразғали, Мұхаметқали, Айтмұхамет, Бекмұхамет, қыздарым: Гүлмария, Гүлбану бәрі жоғары білімді, еліне елеулі, халқына қалаулы болып келеді. Солардан сүйген 32 немерем. 37-шөберем, 3-неменем де бар. Жиыны бір әулеттен 69 сәби сүйіп ең бақытты ана, әже атанған жайым бар.

Бұл өмір мектебінің тәрбие деген келесі бір сыныбы болса керек. Бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлдім. Қай ана баласын жаман болсын дейді. Аллаға шүкір өмірдің бұл мектебін де абыроймен бітіріппіз. Адал еңбегіме о дүниеде ақсақалымның да аруағы риза шығар.

Енді міне, жасым 90-ға келген шағымда бастан кешкен уақиғалардың ашы-тұшысын қалдырмай бәріне сабақ болсын деп әңгімелеп отырмын. Жастарға айтарым: ең алдымен бір-біріне адал болындар, атам қазақтың «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ұлағатын ұмытпаңдар, елге жерге деген махаббаттарың мол болсын, сонда ғана тастарың өрге домалап, берекелі елге байлық күт болып келеді деген сөз. - деп сөзін аяқтады Рухия апай.

Міне осындай өмір мектебі туралы сыр шерткен апамыз Рухия, кір жуып кіндік кескен жері Ақсуатта 93 жасқа қараған шағында 15 қараша 2006 жылы дүниеден озды.

Эпилог

Төлеубек өсіп есейіп,
Нағашы жұртта ер жеткен.
Қабытай әулеттеріне,
Айтамыз алғыс шын ниетпен.

Автор.

Төлеубек Құрмашұлы!



Қырдын қайсар түлегі,
Тоятын тандап іледі.
Төлеубекпен шешілген,
Халықтың талап тілегі.
Қалың қауым қадірлеп,
Мақтан ғып оны жүреді.
Әрқашанда халықтың,
Көңілін таба біледі.

Дамуға данғыл жол ашты,
Маңына мейірім мол шашты.
Талпынып білім жолына,
Кезеңнен талай ол асты.
Экономист, заңгер бұл күні,
Кешегі ауыл баласы.
Осының бәрі тынымсыз,
Ізденістің арқасы.
Кегенбай бимен Қырықбайдай,
Бабалардың жалғасы.
Тектілерден тұрады,
Төлеубектің шыққан ортасы.
Жібермей босқа әр күнді,
Енбек етті қаркынды.
Енбегін айтсақ саралап,
Сөйлесе сөзі өтеді
Беделі биік жетелі,
Соған шексіз қуанып,
Халқы мақтан етеді.
Өскемен және Семейде,
Атқарды қызмет сан түрлі.
Енбегіін елге бағыштап,
Ел тұтқасын нақ ұстап,
Артыпты білім беделі.
Халқынан көп алғыс ап
Бөліп әр кез көңілін,
Сырына қанық өмірдің,
Тағдырын ту ғып көтерген,
Егеменді қазақ елінің.
Ақтай бермек Төлеубек
Қалың қауым сенімін.



1955 жылы Ақсуат топырағында дүниеге келген. Елден жастай кетіп киыр жайлап шет жерде өскен азамат. Сол шет жерде жүріп оқып университеттің журналистика факультетін бітіріп еңбек жолын Талдықорған облысынан бастаған.

Узақ жылдар «Талдықорған» газетінің бас редакторы болды. Кейіннен Талдықорған институтының проректоры болып жұмыс істейді.

Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Бүкіл одақтық халық шығармашылығы байқауының лауреаты, сықақшы.

Сықак жөніндегі 3-4 кітаптың авторы. Үйлі баранды. Әйелі Гүлнар, руы Садыр, оның ішінде Шүйеден тарайды. Дәурен, Дәулет атты ұлдары, Назым, Меруерт, Айым атты қыздары бар. Елден ерте кетседе туған жерім деп жүрегі соғатын еліне өте қадірлі азаматтың бірі.

2005 жылдың маусым айының 18 жұлдызында, Талдықорған қаласының Бикен Римова атындағы драма театрында өткен Тұрлыхан Кәрімұлының 50 жылдық мерейтойына, шығармашылығының 30 жылдығына арналған «Еркек қалай күн көрер?» атты кітабының тұсау кесер рәсіміне және «Күлдіргім келіп тұрады» деген өзіл-сықак кешін тамашалауға мен де қатысқан болатынмын.

Кітаптың тұсау кесер рәсіміне Тұрлыханның әріптесі Көпен Әмір-Бек, күлкі сүйер қауымға былай деп жазыпты:

-Біреулер дүние есігін ашқанда інгәләп жыласа, Түрекен сықылықтай күліпті..., «сықақшы» болатынын біліпті... Әйтеу қырқынан шыққалы-қыныр, тұсауы кесілгеннен-терісқакпай, отызға толмастан усойқы, қырыққа келместен-күйдіргі... Қалжынмен қағытатын, өзілмен әлдилейтін, жас-кәріні күлкі бесігіне бөлейтін қырғи тілді, қылыш мінезді сатира сарбазының елуінен кейін де әжуә-мысқыл майданынан көрінеріне күмән келтірменіздер...-депті.

Осы шығармашылық кеште менің де Тұрлыханға арнап оқыған туындайды осы кештің жалғасы ретінде енгізу Тұрлыханның өмір жолын айқындай түсеріне сөз жоқ.

Құрметті Тұрлыхан Кәрімұлы!

Тарбағатай түлегі,
Ақсуатқа тумасың.
Жетісуда жүрсенде,
Қадірлі елге бір басың.
Сәтті болып қадамың,
Өрге жүзсін талабың.

Сатирада сардар боп,
Қолда өлі қаламың.
Рухы колдап атанның,
Сәтті болды сапарың.
Жарысқа түсіп топжарып,
Лауреат та атандың.

Қалжының болып қағытпа,
Әзілдің ұқтың астарын.
Үмітіндей үкілі,
Кейбіреуге сөзі түрпілі,
Кітаптарыңда шығуда,
Оспақты өзiл күлкілі.
Қиындықтан қашпадың,
Қыспақты сөтте саспадың.
«Қызмет қолдың кірі» деп,
Проректор болып та
саспадың.

Арайлы атып тандарың,
Бабалар жолын жалғадың.
Шаңырағыңа шаттық
орнатқан,
Гүлнардай бар ма жан-жарын.

Дәурен менен Дәулетін,
Тірегі болар әулеттін.
Назым, Меруерт, Айымдар,
Шамшырағың сәулетін.
Өмірде мынау біркелер,
Сан қызықтар тіркелер.
От басың мықты болмаса,
Еркек қалай күн көрер,
Әзілдің сенде бұлағы,
Қалжының сенде құрамы.
50-ге жасың толса да,
Күлдіргін келіп тұрады.
Жаксылықты үн қылып,

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Аксуат ауылы.
Тарбағатай ауданының құрметті азаматы Төлеуғазы Нұрғалиұлы.
18.06.2005жыл.

Тлеугали Шаяхметұлы!



Жүргенің жақсы күлдіріп.
Осы данғыл жолынды,
Алмассың енді бүлдіріп.
Көк дөнен көңіл жосылсын,
Сан қызық алдан тосылсын.
Мерейтойлы ақ тілек,
50-іне 50 қосылсын.
Тоқабай Ұлы бабан ед,
Есімі елге бағалы ед.
Соның рухы кие боп,
Қонғандай бүгін саған кеп.
87 жыл би болған,
Кегенбай атаң пір болған.
Өмір сүріп бір ғасыр,
Қаңшама жұртқа нұр
болған.

Тұяғы едің дананың,
Құланы едің даланың.
Ниетін осы қабылда,
Төлеуғазы ағанның.
Ілгері жылжы тосылмай,
Өзгермей шуақ осы рай.
Туған жері Аксуаттын,
Сәлемі саған осындай.
Көрімнің ұлы Тұрлыхан,
Алауласын арман - нұр.
Тек биіктен көрелік,
Тарбағатайлық тарлан Ұл!

Танымал да қадірлі қауымына,
Өзін өнер білімге баулыды да.
Семейден сырттай бітіріп ұстаз
болды,
Сәтбаевтың «Көктүбек» ауылына.

Оқушылар күтетін партасында,
Мектепке жол тартатын ерте асыға.
Үстаздығын ұзақ жыл жалғастырды,
Комсомол мен Сұлутал фермасында.
Басқарып Комсомолдың №2 фермасын ол,
Болашаққа жатыпты жалғасып жол.
Сол ферма ауданда озып бөйге алған,
Шығарыпты бір женнен жарасып қол.
Тлеуғали ұзақ жыл ел басқарған,
Фермада алғыс алған жолдастардан.
Тер төкті еңбегінің нәтижесі,
Талай орден, медальмен марапатталған.
Сұлутал совхозының Уанында,
Жемісті жұмыс істеп шындалды да.
Комсомолдың «Чапаев» фермасының,
Мектебінде ұстаз боп ұнады да.
Көктүбек мектебінде ұстаздықты,
Жалғағанда шебер де шұғылалы да.
Кенеттен кете барды дүние салып,
Ініміз білімді өр тұлғалы да.

**Шығыстың шоқ жұлдызы
Каникамал Нұргалиқызына!**



Бой жетті Барқытбелдің
бөктерінде,
Білім алды ауылдың мектебінде.

Таудың қызы биікке үшпасынба!
Талапты да, талантты қабілетті,
Қайсар да қайраткерде, әділетті.
Сегіз қырлы бір сырлы парасатты,
Қазақтың қызына тән ақ жүректі.
Шуак шашқан алысқа маңайына,
Қамқоршы да, ақылшы ағайынға.
Кісілік келбетімен іскерлігі,
Мәңгілік тағлым болып тарайды да.
Әрине биік әлі шығар шыны,

Түлеп үшты Ақсуат өңірінен,
Халық үшін қызмет еткен күнде.
Өз жұмысын жемісті жалғастырған,
Мемлекеттік деңгейде қарастырған.
Зейнетақы төлеудің Өскеменде,
Облыстық филиалын алғаш құрған.
Қазір өзі жауапты іс басында,
Бөленген зейнеткерлер ықыласына.
Жоғарғы табыстарға қол жеткізген,

Сөт сапар тілеуде елі, ұғар мұны.
Жарқырап шығыстың шок жұлдызындай,
Мол әлі де баршаға құяр нұры.
Халқыңның қызы болдың басыбайлы,
Ешкімде марапатты азсынбайды.
Елбасының ілініп назарына,
Кеуденде «Құрмет орден» жарқырайды.
Еліңмен, жұртыңменен мақтанасын,
Сондықтан көп сенімін ақтағанын.
Бұл күнде мәртебелі депутат боп,
Тексеру комиссиясын басқарасын.

Совет Әбенұлы

Аудандағы ең білімді де білікті дәрігерлеріміздің бірі болып саналатын Нұрғалиев Совет Әбенұлы Ақсуат ауданында 1947 жылы өмірге келген. Балалық шағы мен мектеп қабырғасындағы жылдар Ақсуатта өткен. Ол 1965 жылы Ақсуат орта мектебін күміс медальмен үздік бітіріп, 1971 жылы Семей мемлекеттік адам дәрігерлік институтын балалар дәрігері мамандығы бойынша бітіреді.

Еңбек жолын тегіндегі Карл Маркс совхозының ауруханасында, кейіннен Комсомол совхозының ауруханасында бас дәрігер болып жұмыс істеп келеді.

Нарықтық экономиканың алғашқы кезеңінде, әсіресе өзі істейтін Комсомол совхозында әлеуметтік салалар дағдарысқа тап болса да, өзі қызмет істеп, басқаруында болған аурухананың жабылып қалуына жол бермеді. Дәрі-дәрмек тапшылығына да ерік бермей, біртіндеп ретке келтіре отырып ауыл халқының денсаулығын нығайтуда 35 жыл бойы ауыл дәрігері болып, қажымай талмай қиын да қызғылықты еңбек етіп келеді.

Ауыл тұрғындарына салауатты өмір салтын насихаттап, аурудың алдын алу шараларын тынбай халық санасына жеткізіп, еңбек етіп, денсаулық саласында қомақты үлес қосып келе жатқан ақ халатты абзал азаматтардың бірі.

Совет өзіне біткен қажыры мен қайраты, кәсібіне деген сүйіспеншілігінің арқасында өз кәсіби мамандығын үнемі жетілдіре отырып, басшылық қызмет пен дәрігерлікті қатар істеп келе жатқан азамат. Басындағы ең асыл қасиет – адамдарға, сырқаттарға деген мейірімі. Советке емделуге келген сырқаттар ауруына бір шипа табылатынына сенеді. Совет “болдым, толдым” деп қол қусырып отырмай, күн сайын ізденіп отыратын дәрігердің бірі. Сондықтан да болар өз кәсібіне деген сүйіспеншіліктің арқасында бір жерде ұзақ жыл жұмыс істеп, халықтың сеніміне енуі осы талмай ізденіс еңбегінің нәтижесі болар.

Совет Әбенұлы қызметтегі жетістіктері үшін бірнеше рет облыстық денсаулық сақтау бөлімінің грамотасымен, қоғамдық-саяси жұмыстарға белсенен араласқаны үшін КПСС Орталық комитетінің “Лениндік Құрмет

грамотасымен” және “СССР шекара әскерлері үздігі” белгісімен марапатталған.

Жары Махина Тамара “Қазақстан Республикасы білім озаты” белгісімен марапатталып, бүгінде зейнеткер. Білім беру саласында 40 жыл жұмыс істеген құрметті ұстаз. Бес бала тәрбиелеп, өмірге канат қақтырған, балалардың барлығы да жоғары білімді, әр салада қызмет істейді. Кенжесі Жанна әкесінің жолын қуып балалар дәрігері мамандығын игерген. Екі немере тәрбиелеп отыр.

Советтің өнегелі ұрпақ өсіріп, үлгілі жанұя болуына “түн ұйқысын төрт бөліп, түнде бесік таянған”, ер жетіп өсуіне жанын сала еңбек еткен анасы Бүбісарының, канаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқытпай, маңдайына жел тигізбей, табанына шөгір енгізбей, жоқ дегізбей, төре ұлындай етіп өсірген, халқына сыйлы әкесі Әбеннің еңбегі болар. Әкесі Әбен Советті мектеп қабырғасында жүргенде Москваға Бүкілодақтық көрмесіне жіберудегі ойы өмірді көріп-біліп тани берсін дегендік еді. Іштей ұлын жұртқа көрсету тілегі де бар болатын.

Шешесі Бүбісарыға ұлының отау көтерген қызығын көре алмай дүниеден аттанса да, әкесі ұлын үйлендіріп, жақсы үй болып, жарасты өмір сүрулерін қамтамасыз еткен қамқор әке болды.

“Отау - өмір ордасы” деп ата-бабамыз айтқандай, ана тәрбиесі, ата қамқорлығының арқасында Совет қазірде ордалы жанұя болып отыр. “Бала дейтін әке болмаса, әке дейтін бала қайда” дейтінді дегізбей, Совет өсіп, ержетіп, ел ағасы болды.

Мәдина Дауылқызы



Қытайдың Қарамайдай қаласында,
Мәдина туған талант дәл расында.
Қазақстан жеріне көшіп келді,
Ансары ауып қалың ел қандасына.
Қытайда мәдениет үйіндегі,
Оқып балет мектебін жиі көрді.
Дәрбілжіннің «Аққу» атты
мектебінде,
Оқыды түрлі ұлттық би биледі.

Өнерпаз қаршадай қыз, өршіл келген,
Биіктен елім-жұртым көрсін деген.
Тәуелсіздік күнінде қазағының,
Биден озып бас бөйге еншілеген.
Мәдинаның өнері дараланды,
Әлі көп ел мақтаны бола алады.
Облыстық Наурыз мейрамында,
Үздік билеп ортаға олжа салды.
Қазақша ұлттық көркем киімменен,

Таңғажайып тамаша биіменен,
Мөдина мөртебесі арта бермек,
Салтанатты сөттерде силы өрен.

Смағұлов Жағпар



1919 жылғы, туған жері Ақсуат. Жағпар 13 баланың кенжесі, жеті жасында шешек ауруынан өкешесі, өзінен үлкендері түгел қайтыс болады. Ағасы Манап екеуі ғана тірі қалады.

Ағасы Манап туыстарымен бірге Қытай асып кетеді. Жағпар Көкпекті балалар үйінде тәрбиеленеді.

7 жылдық білімі бар ол, Семейдің мұғалімдер курсы бітіріп, Ақсуат ауданында мұғалім болып қызмет істеп жүрген кездерінде Ұлы Отан соғысы басталып, өз еркімен соғысқа аттанады.

1943 жылы ауыр ауыр жараланған соң елге оралып, ұстаздық қызметін жалғастырады. Сол жылы Табылдықызы Шөкенмен отбасын құрып 4 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсіреді.

1963 жылы ағасы Манаппен табысады, бірақ бір жылға жетпей ағасы қайтыс болады. Ал өзі Ақсуат жерінде 1998 жылы 80 жасқа қараған шағында дүниеден өтеді.

1999 жылы бөйбішесі Шөкен, 2000 жылы үлкен ұлы Ахметжан қайтыс болады.

1944 жылы туған қызы Рысжан Ақабаев Қабиолламен отбасын құрып 10 бала тәрбиелеп, өсіріп отыр, Семей қаласында тұрады.

1946 жылы туған қызы Бақытжан Көкенов Мерекемен семья құрып 6 бала тәрбиелеп, өсіріп отыр, Семей қаласында тұрады.

1952 жылы туған Ахметжан Жанұзақ қызы Төлеумен 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді.

1954 жылы туған ұлы Нығметжан жолдасы Бақытгүл екеуінде жоғарғы білімді ұстаздар, Көкпекті ауданы Большевик орта мектебінде 1980 жылдан бері ұстаздық қызметтерін атқарып жүр. Үлкен ұлы Ержан әке жолын қуып, Семей қаласында ұстаздық қызмет атқаруда. Ербол Семей қаласында жұмыста болса, Мерей Шөкәрім атындағы университеттің қаржы бөлімінің студенті.

1963 жылғы Бауыржанның 4 баласы да мектеп жасында, Семей қаласында тұрады.

1969 жылғы Болатжан жолдасы Гүлмира Павлодар қаласында тұрады Болатжан мен Гүлмира жоғарғы білімді ұстаздар. 3 ұлы мектепте оқиды.

Міне, осылай ұстаздық қызметте болған Жағпар әулетінің балалары ұстаздық жолды жалғастыруда.

Сақи Сабырбайқызы (1916-1972)



Сабырбай руы Жәнбике оның ішінде Ырғызбайы. Заманында үш некелі болған адам екен. Соның үшінші әйелі Қуаныштан Сақи туады. Шешесінің руы Тоғас, оның ішінде Қабланы. Сақимен бірге туысқан ағалары Айдархан, Жұмақан, Төлеухан, апайы Карабөрік екен.

Жұмақан үйленбей қайтыс болыпты. Төлеуханнан да бала болмаған, әйелімен ілесіп келген Қайныш атты қызы Қазтай деген азаматпен үйленіп, Мадина мен Мансия деген қыздарды дүниеге әкеліпті.

Сақи 1930 жылдардың аяғында ауыл кеңестері даярлайтын курстан өтіп келіп, Көкжырада ауылдық кеңестің төрағасы болып жұмыс істейді. Сақи осы жұмыста жүрген жылдарында бұрынғы күйеуі Шәріптен көз жазып қалады да, тағдырдың жазуымен Көккөзұлы Сейітпен тұрмыс құрып кетеді.

Сейіт колхозда сиыр фермасының бастығы әрі колхоздардан май дайындап, мемлекетке өткізу орнында да істеген екен.

Бір аз шегініс жасап Сейіттің өткен өмірімен таныстыра кеткеннің артықтығы болмас. 1930 жылдардың басындағы ауыртпашылық жылдары бір өкeden жалғыз Сейіттің өкесі Көккөз дүние салады. Өкесі өлгеннен кейін тұрмыстық жағдайды түзету мақсатында анасы Зәуренбектің ықпалымен Зәуренбектің апайымен тұрмыс құрған Бөкімбай, руы Тоғас, Ойшіліктен ары тұратын өзінің елді мекеніне көшіріп өкетеді. Сейіт үйленбеген жанұясында қарындасы Күлсағат, екінші қызы Нұрсағатты апайы бала болмағандықтан туа сала бауырына салып асырап алыпты да, жанұяда аналарымен қоса үш адам болыпты.

Бөкімбай ақсақал қолы ісімер, киіз үйдің ағашын басатын, аң аулайтын, ара-тұра Қытай еліне барып сауда-саттық жасап, екі жанұяға да қол ұшын беріп тұрыпты.

Сейіттің қарындасы Күлсағат сол өңірде тұратын бір азаматпен тұрмыс құрып кетеді. Күндердің бір күнінде Сейіт қарындасының артынан іздеп бармақшы болып, атпен кетіп бара жатып жолда бір жолаушыға кезігіп, қайда бара жатқанын айтып жөн сұраса, жолаушы қарындасының осыдан бірнеше күн бұрын қайтыс болғанын, тіпті жетісі де өтіп кеткенін баяндайды. Бұл хабарды естіген Сейіт үйіне қайтып келіп, есіктен төрге домалап жылап, қатты қайғырады. Қайтыс болған туысқанына хабар бермеген Тоғас еліне қатты өкпелеп, шешесін алып, өз еліне туған-туысқандарына қайта көшіп келіпті.

Еліне келгеннен кейін Сейіт Жаңа тілек колхозында 1938-1940 жылдар аралығында сиыр фермасының бастығы сүт, май дайындау бөлімшесінің меңгерушісі болып тұрған жылдары, 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанады.

Сейіт Ұлы Отан соғысына кеткеннен кейін жары Саки Зәуренбек енесімен бірге шаңырақтың түтінін өшірмей, елде азаматтар саусакпен санардай-ақ калып, майданға аттанғандардың орнын қыз-келіншектер басқан кезде, Саки ең ауыр еңбекті атқара жүріп, бір кезде Жаңа тілек колхозының бидай кілетін ұстаған кілетшілік жұмысын да атқарды. Ауылда қалған лаушы ақсақалдармен бірге Тұғылға лау да тартады. Қай жұмыста жүрмесін өзімен бірге жүрген әріптес әйелдері Бәтима, Қайныш сияқты әйелдерге кілетші болып тұрғанда балаларын ашықтырып алмасын деп әр қайсысына бір-бір шелек бидай салып беріп, камкорлық жасаймын деп жүргенде, олар бидайды үйлеріне әкеле жатқан жолда Ақшолаков деген милиция ұстап алып, бидайды қайдан алдыңдар деп тергей бастайды. Қорыққан әйелдер балаларымыз аш отырған соң кілетші Сакидан сұрап алдық дейді.

Бұл істі қылмысты іс ретінде қозғап, Сакиды жауаптап ісін сотқа түсіреді. Коммунистік партияның мүшесі Көккөзова Саки мемлекеттің астығын ұрлап таратқаны үшін партиядан шығарылып, сотталуға да айналады.

Сонда енесі Зәуренбек Сакидың омырауындағы баласын Ақсуатқа жаяу көтеріп әкеліп, соттың алдына барады. Соттасандар мені соттандар, кілеттің кілті менде қалған, олар лауға кеткенде мен бала-шағасы аштан шулап отырған әйелдерге жаным ашып, ешкімге айтпай бидайды салып берген мен болатынмын, - дейді.

Мына баланы жылатып Саки түрмеде отырғанша, мен отырайын деп келінін қорғап шығады.

Сонымен қатар сол кездегі ауыл ақсақалдары Нұрғали, Дүйсенбай, райкомның нұсқаушысы Ризабек деген азаматтар ара түсіп, Саки түрмеден аман қалыпты.

Заманында Саки апамыз да ер азаматтардың орнын жоқтатпас үшін колхоздағы барлық жұмысқа араласты. Кейінгі совхоздастыру кезеңінде атақты сауыншы болып осы жұмыстан зейнеткерлікке шықты.

Еңбектен қалмаған Саки апа жарынан айрылса да алдыңғы күндердің жарқын болашағына сеніп, артынан ерген Күләшін қатарынан қалдырмай өсіріп, ер жеткізді. Күләші балалы шағалы болып немере сүйіп 56 жасқа қараған шағында өмірден озды.



Таусылмас ғылым теңіз шалқып
жатқан
Өмір бойы оқысан бір таусылмай,
Қиындығы кинайды жанға
батқан.

Білімге қарсы тұрар қандай күш бар,
Бас иер талай мырза кеуде қакқан...
Оқу малды, таңдамас зейін таңдар-
деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай қиындығына шыдап, ғылыми
енбек қорғап, математика ғылымының докторы атанған алдыңғы толқын
ағалары Нүрекенов Токтардан кейін, осы елден техника ғылымдарының
кандидаты болып Шаяхметов Қажыбек Тілеуғалиұлы шықса, Медицина
саласында ғылым докторы әрі профессор атанған Мусин Даниял
Рақымханұлынан кейін, ақыл ой мұхитынан інжу маржан сүзген ізбасары
Медицина ғылымының кандидаты болып Нұрғалиева Гүлдарига
Төлеуғазықызы шықты. Бұлар ел мақтанышы халықтың ұлдары мен
қыздары ғой. Міне осындай адамдардың тамаша жетістіктерін
«Тарбағатай» газеті көпке былай деп жария етіпті:

Өнегелі отбасынан шыққан ғылым кандидаты.

Қойнауы күтқа толы Тарбағатай өңірінен түлеп ұшқан
түлектеріміздің арасында ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары
жыл өткен сайын көбейе түсуде. Міне, жақында тағы бір жерлесіміз
медицина ғылымының кандидаты атанып, ауылдастарының мерейін өсіріп
отыр. Ол бүгінде Семей қалалық орталық ауруханасының гематология
бөлімінің бас дәрігерінің орынбасары болып қызмет істейтін Нұрғалиева
Гүлдарига Төлеуғазықызы.

Гүлдарига 1973 жылы бұрынғы Семей облысы, Ақсуат ауданының
Ойшілік ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келді. Кейіннен
өкесінің аудан орталығына қызметке ауысуына байланысты Ақсуат
ауылындағы К. Нұрбаев атындағы орта мектепті 1990 жылы жақсы
аяқтап, көмелеттік аттестат алды. Ілтипаты мен ізгілігі адам жанына
терең үнілетін дәрігерлік мамандық алуды бала кезінен
армандайтын-ды. Қашанда ойға алған мақсатының орындалып,
нәтижесіне жетпейінше тыным таппайтын өжет қыздың балалық арманы
алдамаған екен.

Мектеп бітірген жылы Семей мемлекеттік медициналық
академиясына оқуға түсіп, оны 1996 жылы үздік бітіріп шықты. Жоғарғы
оқу орнын бітіргеннен кейін де жас маман көптің бірі болып жүре беруді
қаламады. Академияда алған мамандығын ары қарай жетілдіруді қолға
алып, көп ізденіп, оқып, білуден жалықпады.

Ізденісті еңбектің, көп оқудың, талапшылдықтың қашанда бір нәтижесі болмақ. Бойына қонған осындай ерекше қасиеттерінің арқасында Г. Нұрғалиева ағымдағы жылдың ақпан айында Алматы қаласында Қазақстан мен шет елде медицина саласында беделі жоғары, медицина ғылымына еңбегі сіңген, Семей мемлекеттік академиясының ішкі аурулар жөніндегі терапевт дәрігерлерінің Президенті, әйгілі профессор Людмила Құсайынқызы Қаражанованың жетекшілік етуімен, ресми оппоненттері медицина ғылымдарының докторы, профессор Н.С.Үмбеталинаның, медицина ғылымдарының кандидаты Э. З. Ғаббасовалардың қатысуымен «Алтаймұнды тромбоцитопениялық пурпураның диагностикалық болжамдық аспектілері, емді оңтайландыру сұрақтары» деген тақырып бойынша медицина ғылымдарының кандидаты атағын қорғап шықты. Гүлдарига кандидаттығын қорғау барысында Москва, Астана, Алматы, Қарағанды қалаларының ғылымдарымен бірлесе жұмыс істей отырып, осы сала бойынша 17 ғылыми еңбегін жариялады.

Мұндайда қазақ «Үяда не көрсең, үшқанда соны ілерсін демей ме?». Оның бүгінгідей жетістіктерге жетуіне ата-анасының да тағылымды тәрбиесі болды десек орынды. Өйткені, әкесі Төлеуғазы Нұрғалиев ұзақ жылдар бойы шаруашылықтарда, партия, совет органдарында басшылық қызмет атқарды. Бүгінде зейнеткерлік демалыста; Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы. Өткен жылы «Ақсуат-атамекені»- атты кітабы жарыққа шықты. Анасы Нұржөміш апай да ұзақ жылдар сауда саласында еңбек етіп, көптің құрметіне бөленген жан.

Бүгінде «ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып» немерешөберелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатқан жандардың кіндігінен тараған 9 баласы да жоғары білімді, еліміздің әр шалғайында еңбек етуде. Бұл мақаламды Төкеңнің Гүлдариганың ғылым кандидаты атанғанын естігенде үлкен қуаныштан туған толғауымен аяқтауды жөн көрдім.

Жаның жаз, көңілің көктем парасатты,

Халқыңа көп тигіздің шарапатты.

Медицина ғылымының кандидаты,

Аталып алдың үлкен марапатты.

Дәрігерлік көмегіңді халық көрген,

Сауығып сырқатынан жарық көрген.

Өзіңмен мақтанамыз-шаттанамыз,

Тапты деп орынын анық төрден.

Ғылыми озық ойларың өрістеген,

Қиындықты енсердің жеңіспенен.

Ақ халатты дәрігерсің мейірімі мол,

Ақ халатты аумайсың періштенен.

Қорған болып ғылымның бір шетіне,

Дауа тапшы сырқаттың мың дертіне,

Гипократтың антына адал болып,

Бөлене бер, халықтың құрметіне, - дей келе журналист
Бауыржан Аманқұлов аудан жұртшылығына осылай таныстырыпты.

27 қазан 2007 жыл.

Мұндай жетістікке толғанбай ақын тұра ма?

Ақын Серік Жұмат Гүлдариганың өмір жолын былай деп
жырлапты.

Қадірлі қарындас Гүлдарига!!

Өзіне дән ризамыз қарындасым,

Шабыттың өлі шалқар шағындасын.

Көңіліңнен көрікті ойлар әуелесе,

Болады тағы талай бағың басым.

Сен шыңдарынан қар кетпейтін, құздарына аң беттейтін, сайларында
бал өсетін, баурайында төл өсетін, Тарбағатайдай таудың бөктеріндегі
Хан Тоғастай батыры, Көрібайдай ақыны болған, Ойшіліктей ауылда,
Сүйіншілетіп қауымға, Макпалдай мамыр таңы ағарғанда, Жер- ана
гүлдеп жанарғанда өмірге келіпсін.

Аскақтап ақ аспанда есіп үні,

Әлдімен тербеп сенің бесігіңді,

Ата-анан үлкендердің батасымен,

Қойыпты Гүлдарига есімінді.

Сол ауылда құмайжейден қалыпты, төбе шашың алғаш алыныпты.

Алайда иісі Найманның ұраны болған, аузында Алласы,
қолында Құраны болған, малы мен жаны өсімді, дегенін қайталамас
шешімді болған Ер Тоқабай бабаңның ата-мекені Ақсуатта бойынды
да, ойынды да түзеп өсіпсін. Мектепке де барыпсың,

«Әліппені» таныпсың.

Өміріне олжа етіп,

Жаксы білім алыпсың.

Мектепті бітірген соң әркімде арманына асығады. Екінші тынысы
ашылады, себебі үлкен өмірге жол ашылады. Кімде болсын жоғары
оқуға барсам, жақсы мамандық алсам, арманыма жетсем, еліме қызмет
етсем, - дейді. Біреудің бағы жанады, біреудің сағы сынады. Бұл өмірдің
заңы.

Қосылып сенде қатарға

Шығып алғаш сапарға,

Дәрігер болу арман боп,

Семейдей кепсің Шаһарға.

Осылайша жетіпсің,

Сертіңе деген бекіп шын,

Иә, институтта білім алып, тәжірибе көріп сыналдыпсың,

Қалалық емхана да іс-жүзінде шыңдалыпсың,

Арманың алдамапты, қиялың қияс кетпепті,

Еңбектің дабылын қағыпсың, ел-жұрттың алғысын алыпсың.

Бабың да боп, бағың да,

Емтиханнан өтіпсің,

Оқып үздік бағаға,

Алты жыл салып араға,

Гипократтың ант беріп,

Болыпсың үздік маман да.

Адал терді төгіпсің,

Қошеметке бөгіпсін,
Әсимадай әпкеңнің,
Шарапатын көріпсін.

Асыққандай асарға,
Игі қадам жасарда,
Жанында ылғи болыпты.
Жақсы адамдар қашанда.

Сен еңбегі өркен, дегені көркем Әсима апайынның кенесі мен білім-ғылым саласының биік баспалдағына қарай қадам басыпсың.

Осы орайда жүрегі алтын, жігері жалқын, өзіміздің жердің тумасы, қадірлі елге бір басы, атағы аспандай, ғұмыры дастандай Людмила Құсайынқызының тәлімін көріп, дәрісін оқып, межелі биігіне үмтылыпсың.

Алматыда да ақпанда,
Ақ қар өлі жатқанда,
Бір-ақ күннің ішінде,
Айналыпсың мақтанға,

Ақыл кеңес бергендер
Манайына толыпты,
Он жеті ғылыми еңбегің,
Жариялы болыпты.

Осылай қарапайым да, қагілез ауылдың қызы, ерен еңбекқорлығымен қауымның қызына айналып жүре бердің. Медицина ғылымының кандидаты деген дәрежелі атаққа көтерілдің !! Бұл орайда бағдарына бағыт берген, арманыңа шабыт берген Ролланұлы Қайноллаға айтар алғысымыз шексіз.

Бағытыңды түсінді,
Қолдады игі ісінді.
Ұжымынның ұйтқысы,
Кім білмейді Мусинді.

Қасында қамқор жандар мол болғаны, ниеттері оң болғаны да бір ғанибет емеспе !

Қуандық пен Әзілхан,
Ағаларың ардақты.
Дулы ортаға, Нұрлы етіп,
Ой тастайтын салмақты.

Гайникамал, Айжан да,
Ағысын алған көп елдің.
Өзін үшін барлығы
Аямады көмегін.

Бұлар сенің қасыңдағы қорғаныңдай болса, Семейдегі жан серігің Манат өзінмен тілектес боп бірге жүрсе, ауылда өзің деп тақымын қысқан қормалыңдай ата-анаң болды !

Төлеуғазы әкеніз
Ағаңыз ғой баталы
Қуаныштан шат болып
Ақсарбасын атады.

Нұржәміштей анаңыз
Жеңешеміз жайлы еді,
Көлдей болған көңілі
Манайлы елге шай берді

Үйдегі бауырларың шаттанды, сінлілерің мақтанды. Ауылдастарың арқаланды, сыныптастарың марқайды. Ұстаздарың дәріскеріміз деді, алған беттен қайтпайтын намыскеріміз деді.

Бұл күнде пенде бар ма ізгі армансыз,
Әркімді алға бастар іздер сансыз
Абыройлы атағыңды естігенде
Қуанған көп ішінде біз де бармыз

Ардақты Гүлдарига! Сенін алар асуын шығар биігің әлі де көп. Бүгүнімен шектелетін, ертеніне беттемейтін сен емессің! Өзіне зор денсаулық баянды бақыт, шадыман шаттық тілеймін.

Сенеміз біз өзіне қарындасым,
Сен бізден түлеп ұшқан қарлығашсын.
Табыстың тай қазанын қайната бер,
Дәл қазір кемел шағың бабыңдасын.

Шын ниетпен құттықтап тілекшің болған Серік Зейнетайұлы мен ел жұртын деп қабыл ал!

Ақын Серік Зейнетайұлы Жұмат
Ақсуат ауылы 23 ақпан 2007 жыл

Ақылтай Тлеужанұлы (1936-1994 жж)



Тлеужанов Ақылтай
Тлеужанұлы 1936 жылы 15
тамызда бұрынғы Семей
облысы Шұбартау ауданы
Малгелді ауылында дүниеге
келген.

Орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын 1955 жылы Ақсуат МТС-інде комбайнердің көмекшісі болып бастаған. 1956-1959 жылдары Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің Семей автомобиль жол техникумына «автомобиль механигі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1959 жылдан 1967 жылға дейін Ақсуат механикалық ауылшаруашылық №106 училищесіне өндірістік оқыту шебері болып қызмет атқарды. 1967 жылдан өмірінің соңына дейін (1994 ж) СОКП XXII партсьезі атындағы совхозда инженер-механик, автогараж менгерушісі, бас инженер қызметтерін атқарды. 1971 жылдан КПСС мүшесі.

Ақылтай қандай қызмет атқармасын, ешқашан асып-таспайтын, жұмыс десе білек сыбана кірісе кететін азамат еді. Совхозда бас инженер бола тұрса да, өзі басшы боп, комбайн штурвалында отырып, кеңшардағы барлық комбайнерлерді сонынан ертіп, ақ егісті жылма-жыл қысқа мерзімде аяқтап, өндірісте өзін де, басқаларды да таныта білді.

Ақылтай биязы мінезді, жылы жүзді, қажымас қайрат қайсарлығымен, мейрлі де өнімді еңбегімен, ұйымдастыру қабілетінің күштілігімен, коллективті өзіне тарта білу қасиеттерінің арқасында марапаттан да кенде болған жоқ.

1970 жылы қажырлы еңбегі үшін В.И.Лениннің туғанына 100 жыл мерейтойы медалімен марапатталды. 1972 СССР Жоғары Советі президиумының жарлығымен «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1989 жылы ұзақ жылғы адал еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Сонымен қатар аудандық партия және ауылшаруашылық және дайындау жұмысшылары мен қызметшілері кәсіподағының аудандық конференцияларының бірнеше рет делегаты боп сайланды.

Ақылтай Тілеужанұлының өмір жолы кімге болса да үлгі-өнеге деуге болады. Көзінің тірісінде үл өсіріп, қыздарын тәрбиелеп, немере сүйген азамат. Үлкен ұлы Мұхтар Тарбағатай аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарған, полиция подполковнигі, зейнеткер, құрметті демалыста. Келіндері Ақмарал, Алмагүл, күйеу балалары Мәдібек, Марат жоғары білімді, әр салада қызмет атқаруда. Немерелері Айдын Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетаудағы техникалық институтының 3 – курс курсанты, Дархан Семейде Кен барлау колледжінің студенті, Шалқар, Алтын, Зере, Раушан, Рауан, Нұрсұлтан – оқу озаттары, Мақсат, Айқын, Еркежан мектеп жасына жетпеген. Балалардың анас Әбенова Теңлік 35 жыл бойы денсаулық сақтау саласында істеген, мыңдаған баланың кіндік шешесі. Еліне елеулі, халқына қалаулы ана. Кезінде қолы шипалы дәрігер болған, қазір құрметті демалыста.

Қонысбаев Күзенбай Қалқабайұлы



Қонысбаев Күзенбай Қалқабайұлы Ақсуат өңірінің түлегі, Қарғыба-базар бойында өсіп ержеткен азамат.

Ақсуат орта мектебінің үлгілі де алдыңғы оқушыларының бірі. Орта мектепті бітірген соң екі жылдай №08 жылжымалы ПМК-ның құрылысшысы болып жұмыс істеді.

1968 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне қабылданды. Институт қабырғасында жүріп қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында алғашқы студенттік құрылыс отрядын ұйымдастырушылардың бірі болды, атап айтқанда «Романтик» отрядын ұйымдастырып, Абай ауданында екі мәрте (Тельман, Қайнар совхоздарында), Ақсуат ауданында («Ленин жолы» совхозы) ауыл және мал шаруашылығына қажетті құрылыс жұмыстарын атқарды. Институт бойынша студенттердің құрылыс отрядтарының штабын басқарды.

1974 жылы институттың емдеу факультетін бітірген соң, Семей қаласындағы №1 клиникалық ауруханада анестезиолог-реаниматолог мамандығы бойынша қызмет атқарды.

1978 жылы Талдықорған облыстық денсаулық сақтау басқармасының арнайы шақыруы бойынша Талдықорған қаласындағы облыстық онкологиялық диспансерде өз мамандығында қызмет атқарды. Сол жылдары

емдеу саласындағы жұмыстарының нәтижесіне сәйкес оған «І-ші дәрежедегі анестезиолог-реаниматолог дәрігер» деген атақ берілді.

Облыстық диспансердегі күрделі және операция жасау кезіндегі және одан кейінгі уақыттағы науқастарға көрсеткен жоғары дәрежедегі нәтижелі жұмыстары ескеріліп, 1985 жылы Талдықорған қалалық денсаулық сақтау басқармасының орынбасары қызметіне тағайындалды. Содан кейін 1987-1990 жылдары облыстық денсаулық сақтау басқармасының бөлім бастығы және басқарма бастығы және басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарды.

1990 жылдан бастап Алматы облыстық қан орталығының директоры болып келеді. Бүгінгі күндері ол басқарып отырған орталық емдеу мекемелерінің талабына сай ойдағыдай қызмет атқарып келеді. Басшы ретінде орталықтың құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне, жоғарғы және орта білім медицина қызметкерлерінің білім дәрежесінің жетілуіне, іскерлігінің артуына көп көңіл бөлінеді.

Бүгінгі күні Күзенбай Қалқабайұлы білімді, іскер маман, жоғарғы дәрежедегі медицина саласының ұйымдастырушы дәрігері.

Жұбайы Ильясова Жаннат Сұлтанқызы-жоғарғы дәрежедегі балалар дәрігері, балалары Мұрат, Еркежан мемлекеттік банк саласының қызметкерлері, немерелері бар.

Кегенбай ұрпақтары шежіресі

Кегенбай биден 16 бала болған. Өрік деген бәйбішесінен:

1. Өтегілеу

2. Есенгүл

3. Шұңқыр

4. Пұшық

5. Жапак

6. Қабай

7. Біл

8. Малжын

9. Қырықбай

2- әйелі Бабықтан(қалмақ кызы)

10. Күл

11. Бозай

12. Өтеулі

3- әйелі Сариманнан:

13. Өтепберді.

Ел аузынан: Бидің бұл әйелі ағасы Қоқан жаугершілікте қайтыс болып, Деріпсалы туып қалады да, Тұяқ іште қалады. Кегенбай би ұрпағымды жат етпеймін деп жесірін жатқа жібермей әменгерлік жолмен өзі алған екен. Іште қалған баланы, әйелі босанғаннан кейін, ағадан қалған тұяғым деп туған баланың атын Тұяқ деп өзі қойған екен дейді.

Биге тұрмысқа шыққан соң арада бір ұл бала болып өліп қалады да, одан кейінгі туған ұлдың өлген балам өтелді деп Өтепберді қойған көрінеді.

Бидің 13-баласы осы Өтепберді ұрпақтары. Анамыз биге қарамас (қосылмас) бұрын, жат жерден айттырушылар да көп болған еді деп те, тіпті кетіп қалатын толқулар да болғанға ұқсайды. Егер жат елге тұрмыс құрып кеткенде Қокан ұрпақтарының жат болып кететіндігі сөзсіз еді деп отыратын көнекөз қариялар.

«Арығы асқанға өл берген, көтеремге жал берген» дейтін қасиетті Тұяқ атаңыз осы кісі.

Сонда Деріпсалы мен Тұяқ бидің әрі інісі, әрі баласы емес пе?!

14. Таракты

15. Шақабай

16. Ораз

17. Естек

18. Саржомарт

Ел аузынан және шежірешілер Нәкей, Қонақ, Момбай, Ахметжан, Дүңгей, Мәуліт ақсақалдардың айтуына қарағанда Би атаң еш жанды жатсынбаған, мейлінше қайырымды, мейірімді жан бауырына тартқан адам болса керек. Оның айтылып отырған өз кіндігінен туған балаларынан басқа, асырап алған «Таракты», «Шақабай», «Ораз», «Естек», «Саржомарт» атты балалары болған.

Әр қилы кезеңдегі басқа түскен ауыртпашылыққа байланысты қоныс аударып бара жатқан «Таракты» елінің бір тармағын тоқтатып бидің балалары мекендеп отырған Сарбұлақтан және Қаршығатас, Тарактыдан жер беріп, «Шақабай» елі бөлініп көшкелі жатыр дегенді естігенде, алдынан кісі жіберіп көшпесін деп хабар бергізіп, егер түйелерін қомдап жүріп кетсе, келген жеріне тоқтасын деген екен.

Хабаршылар үлгеріп барғанша «Нәуім» қыстағының тұсына келгенде алдынан шығып тоқтатып, бидің келетіндігі туралы хабардар етіп дайындалындар деген көрінеді.

Айтқанындай Би-атаң келгеннен кейін сол тоқтаған жері «Нәуімді» қыстаулыққа, егіндікке Кегенбай-Бәйел тоғамының, Көк-бұқа тоғамымен шекаралас жерінен беріп, жайлауың би балаларының қайсысымен қанаттас болсам сонымен бірге болады дейді.

Сол биліктің куәсі ретінде «Шақабай» зираты сол бидің берген кесік жерінде әлі күнге дейін тұр.

Ораз табын Қытай еліне бет алып көшіп бара жатқан жерінен «Жұрынның» кезеңінен тоқтатып «Төлеуіш», «Жанабай», «Қазанқап» қыстақтарын беріп алып қалған көрінеді.

Міне, осы аталған балаларына енші беріп, ат шаптырып, той жасап, түгел ұрпақтарын жинап, кім де кім осыларға сендер сіңбесіндер, тумаған деп тіл тигізсе, жат мінез көрсетсе, сол менің үмбетім емес деп қатаң ескертіп шегелесе керек.

Бабаның осы айтқан бата сөзін бұлжытпай орындап, ұрпақтарын туған балаларымен бірге өсіп-өркендеп, тамырын кең жайып, өздерін Кегенбай бидің ұрпақтарынан тарағамыз деп зор мақтанышпен айтады екен.

Кезінде ел бірлігін сақтаған бабаның биік парасаты мен дархан рухын, асқан кісілігін айтпасқа бола ма? - деп тұжырымдайды шежіреші аксақалдар.

«Таракты» ұрпақтарынан білетініміз: Ақшалов Асқарлар мен Ахаевтар жанұясы. «Аққалада» тұратын Қабиденнің аудан орталығында ұрпақтары тұратын Әстаев Мұхаметжанның шешесі Күмісжан дегендер. Біз білмейтін одан басқа Таракты ұрпақтары болуы да ықтимал.

Бұлар, Би ауылына өте ерте келіп сінгендіктен өздерінің қай Таракты екендігін, көшіп келу оқиғасының қалай болғандығын да білмейді. О дүниелік болып кеткендері «Таракты» руы туралы мүлдем айтпай кеткен секілді.

«Шақабай» ұрпақтарынан бұл ауданда болғандар ертеде Қонақбайдан Әбілмәжін баласы Құнафия дегендер болған. Қонақбай деп отырғанымыз Тарбағатай тауындағы «Қонақбай» қыстағында өсіп-өнген ұрпақтар.

Әрін аксақалдың ұрпақтары болып келеді. Әринова Қайныкеш (Қалелов Қализаданың зайыбы) Шақабай руынан.

Мәуліт аксақалдың айтуынша Шақабайлықтар Назар атамыздың «Сады» тармақтарынан тарайды деп отыратын.

Шойтабан Ораз ұрпақтары Балшықбаев Жұмаділ, Әмірқасым, Қазыбек, Нүрсейітов Қапастар болып келеді.

Балшықбаев Жұмаділмен тегіндегі «Социалистік» қолхозында, «Ақсуат» совхозында бірге істедім. Ол кісіден Шойтабан Ораз тарихын сұрағанда былай деп айтатын:

Шойтабан руынан Ораз табы арасындағы жер дауымен жанжалдасып арада араздық пайда болып, ағайын арасындағы жанжалдың өршіп етек алып кетуіне байланысты, жерді қойып қорасыннан қой шығартпауға барған соң, бірге отыруға мүмкіндік болмағандықтан Қытай мемлекетін бетке алып, қоныс аударып бара жатқан елді «Жұрынның» кезеңінен Кегенбай би ауған ауылды тоқтатып көшу себептерін сұрағанда Ораз: «Жылқымызға құрық салды, басымызға сырық салды»- деген екен. Ораз да батыр адам болыпты, Шойтабан ұлдарының өз ішінен бүлік шығармаймын деп көксе керек. Ораздың Ақсулу деген әйелінен бала көрмегенін айтып қаныққаннан кейін Би бабан Ақсулуға толғағын жеңіл болып тоғыз, еңкейгенде егіз тап деп бата беріпті. Содан былай Ақсулу үбірлі-шүбірлі болған екен деген аңыз бар. Еліне алып келіп Би бабан елін жинап алып, жер ауып бара жатқан Оразды менің балам деп есептейсіндер, оны шеттеткендерің менің ұрпағым емессіндер деген екен. Сөйтіп өз ұрпақтары қыстап отырған «Төлеуіш», «Жанабай», «Қазанқап» қыстақтарына қоныстандырып, өзіне бала етіп алған.

Сол Ораз табы күні кешеге дейін өздерінің руын Кегенбай- Оразбыз деп атап келген болатын.

Сол бабамыз болмаса әліде қайда жүретінімізді кім білсін деп, ел тұтастығын сақтап қалған бабамызға ризашылық сезімдерін білдіріп, басқасын қойғанда бала етіп алып, ұлан асыр той жасағаны еш уақытта ұрпақтардың есінен кетпес деп әңгімелейтін.

1991-жылы маусым айында Кегенбай би мен Жомарт әкесіне ескерткіш тұрғызылып ас берілгенде, сол асқа қатынасушылар олағының мүшесі Қалқан Алтынбаев, Ақсуаттық журналист марқұм Нұрбек Сейлханов, Көкпектілік журналист Абылай Сарбасов жер-жерден келген көнекөз қарттар: Көкен Өтежанов, марқұм Жакежай Жадрин, Ахметжан молдалар отырғанда, отырғандардың біреуі осы би балаларының кейде «16», кейде «15» айтылатыны қалай? Дегенде Ахметжан молла «Әй, шырақтарым-ай! Бидің үш баласы асырап алған балалар екендігі тарихтан белгілі. Олар «Тарақты», «Шақабай», «Ораз», ал өз кіндігінен «13» бала, «16» бала болып айтылатындығы осыдан»,-деді.

Кейінгі кездегі аласапыранда «басқа түскен баспақшыл» дегендей, Сәкен Сейфулинге байланысты, Ыскак Кабековке осы рудың азаматы Биахмет Сарсеновке алашордашыл деген ат қойып, айдар тағылып ел іші қудалауға түскен кезде, осы ұрпақтарының «балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей ел сағалап тарыша шашылып бытырап кеткенге үқсайды. Өйткені бұл жағдайды да неге солай болды деп айта алмайсыз, замана солай, саясат солай болды. Елдің ес жинағаннан кейінгі әңгімесі осындай. «Балта көтергенше, дөңбек жол табады» дегендей саяси қудалау ауыртпашылығынан бытырап жол тапқанға саяды.

Осы ауылдың сөзге ұста, өте қадірмен шежіреші ақсакалы Қонақ ағамызбен әңгімелескенімізде, тегіндегі «350» үй Кегенбай ұрпақтарының қудалаудан кейін 1940-жылдың басына «50» үй қалды. Осы елу үйден 1941-жылы 73 жасөспірім әскер қатарына алынып, одан 69-ы мүлде елге оралмады деп отыратын.

Міне осындай қым-қиғаш өткен ақтандақтар заманында, басқа түскен ауыртпашылықтан жер ауып, шет елге кетіп, айыпталып ұсталып жатқанда, бытырамасқа шарасы бар ма? Солай болған екен деп кіналаудың да қисыны болмас деп ойлаймын.

Қалай десе де осы ата балаларының ұзақ жылдар бойы Би балаларымен бірге өсіп, біте қайнасып, тегінде шежіреде қатар жазылып келгенін алып тастай алмайсың,-дейді Ахан.

Осы әңгіме жайында қазірде көзі тірі көнекөз қариялар марқұм Мәуліт, Бұланбай, Биғазы ақсақалдар да бұдан да әлдеқайда кең көлемде айтып әңгімелеп отыратынын айта кеткен орынды болар.

Тегінде «Құрама жиып ел еттім»

Құланды жиып мал еттім.

Құрама кетер еліне,

Құлан кетер жеріне,

деп Би атаң айтады екен деген сөз бар. Сәуегей дана адам замана өзгерісін болжап айтты ма екен?-деп те ойлайсың дейді ақсақалдар.

I. Өтетілеу

Баланы жәй көріпті атам Найман
Тілепті бала бер деп бір құдайдан.
Құдайым шын тілегін қабыл етіп,
Мұншама ел боп өстік Белгібайдан.
Ортасында сүгірші бабамыз бар
Төрт ру халық болдық Төлегетайдан
Ал бүгінгі қасиетті бабаларым

Айналдым Жомарт бай мен Кегенбайдан, - деп Көкен Өтежанов қария
айтқандай Найман бабамыз осыншама перзентті кеш көрді, бірақ артынан
өсімді болып отыруы ұрпақтарында қайталанып отыра ма деген ойға
келесің.

Өйткені Кегенбай мен Бәйел екеуі бірге туысқан адамдар, бірақ бидің
атағы шығып бірінші аталғандығымен Бәйел (Бөпең) биден үлкен болса
керек.

Кезінде туысқан екі адамда да көп жылдар бала болмағанға ұқсайды.
Бірнеше жылдардан кейін Бидің бірінші көрген перзентіне Өтетілеу деп ат
қойып ағасы Бөпең бауырына салып алса керек. Өтетілеу ұрпақтарын кейде
Бәйел деп айтуы да осыдан болар. Өтетілеудің артынан бала ерген соң Бидің
өз тәрбиесінде болған көрінеді. Кезінде ағайынды екеуі өте тату енші
бөлмеген ел болыпты. Сонымен

Өтетілеу ұрпақтары

1-әйелінен

1. Қойтас
2. Жантас
3. Күді

Қойтастан Боғай

Боғайдан:

1. Қабдығали
2. Сахари
3. Дүйсенбек (Аякөзде)
4. Өскенбек(Ақши совхозында)
5. Оразбек

Жантастан: Ноғай

Ноғайдан:

1. Әбділда
2. Күді

Әбділладан:

1. Айтмұханбет (Әлмұханбет), одан Қали (Сәтбаев совхозында тұрады),

одан ұлдары:

1. Дастан
 2. Мадьяр
- Қыздары:
3. Мария

4. Фарида

Күдіден:

1. Мұқаш (Таскескенде), одан Нұрқожа, Нұрқожадан Қасқырбай- қайтыс болған, Тұрарбек қайтыс болған, Зейнекабыл, Нұрқабұл (қалған ұрпақтары Таскескен ауданының №4 фермасында тұрады).

2-өйелінен

1. Бектас

2. Байтас

3. Шойтас

4. Күшік

5. Күшебай

Бектастан:

1. Тергемес

2. Тектемес

3. Тышабай

4. Кішібек

Ахметқали ағайымыздың айтуына қарағанда үлкен әкесі Тергемес онша бай емес, бірақ от ауызды, орақ тілді шешен адам болған еді дейді.

Кезінде Малшыбай мен Аяқөздің баласы Хасен болыстыққа түсіп таласқанда, Терекен «екеуі де өз бауырым, араласпаймын»- деп үйде жатса керек.

Малшыбай болса (Түяк), Хасен (Кегенбай) екеуі де Жомарттың балалары болып келеді. Алайда Хасен бауыры қос ат жіберіп «сайлауға араласпасаңыз да Бокбасар Бексолтаннан (сүйегі Сары) бір айғыр үйірін, Тоғас Сатбайдан (Хасеннің құдасы) бір айғыр жылқы айдап өкелуге басшы болып барып келініз»-деп қолқа салып жіберген екен. Жіберген шаруасын орындап келген соң, сайлауда Хасен көп дауыс алып болыс болып сайланып кетеді. Малшыбай Терекеннің көрсеткен мұндай қолқабысына өкпелі болыпты. Хасен болыстыққа сайланғаннан кейін сіз ендігі жерде маған кеңесші болып қасыма еріп жүріңіз деп ертіп алады екен.

Ел болған соң өртүрлі қиын- қыстау шаруаларда шешіміне келер жерде болыс Терекенге қарап шешімі қалай болады дегендей сынай білдіргенде Терекен орнынан тұрып, болысекең мәселенің түйінін былай деп отыр ғой деп отыр ғой деп Халыққа салғанда Халық мақұл алып отырады екен дейді.

Міне осындай түйінді мәселелерді болыстың атынан айтып шешіп отырса керек. Кейін ел арасында « Терекен айтқандай» деген сөз мәтелге айналыпты.

Тегінде Тоғас елінде атақты ұры ұстаған шынжыр балақ, шұбар төс бетіне жан қаратпайтын аймақтан мал айдаттырып алып, із –түссіз жоғалтатын, арысы Қызай, Қытай елімен сыбайлас бай болса керек (атын сұрамаппын). Сол байдың ұрылары Хасен болыстың ауылынан да бір үйір жылқы айдап кетсе керек. Хасен болыс Терекенді шақырып алып «жаныңызға кісі ертіп алып барып жөн – жосығын біліп қайтыңыз» - деп жібереді. Терекен жанына екі адам алып барып айдап кеткен малды алып келгенде «Терекен-ау, мына малды Арыстанның аузынан қалай алып

келдіңіз?»- деген екен. Не айтып келгенін кім білсін, бірақ қисық аламды сөзге иландырған шешендік қабілеті болар, дейді Ахметқали ағамыз.

Тергеместен

1-әйелінен – сүйегі Матай қызы «Елқонды», аты Бейбіт:

1. Қонак

2-әйелінен – сүйегі Жәнбике Мұстафақызы, аты Мекеш (Метіш):

2. Нұрғали.

Бейбіт анамыз Қонак ағамыздан кейін көп жылдар бойы бала көтермей оның үстіне баласы жалғыз болып Терекең қапаланып жүреді екен. Кейде тілеу тілеп қасиетті жерлерге де қонып, түнеп те қалып жүрген кездері болады. Бейбіт анамыз «Сіз бүйтіп мазасызданбаңыз, екінші некелі болыңыз», - деп рұқсатын берсе керек. Екінші некелескен Мекеш апамыздан Нұрғали туғаннан кейін Бейбіт анамыз үйелменді-сүйелменді төрт ұл тауыпты, олар:

3. Баяхмет

4. Нұрмұханбет

5. Шаяхмет

6. Ахметқали

Терекең осы ұлдарының ішірде артынан бауыр ерген ұл деп Нұрғалиды өте жақсы көріп, қатты еркелетіп өсірген көрінеді.

Осы балалардың барлығы да Бейбіт анамыздың бауырында тәрбиеленіп өссе керек.

Зираты «Қызай» қыстағымен шекаралас Тергемес қорасының маңында жерленген. Манақ қорасының батысында орналасқан.

Қыздары:

1. Жамия (Жәния деп те айтылады) «Қарауыл жасық» еліне тұрмысқа кеткен, сол барған жерінде дүние салған (ұрпақтары белгісіз)

2. Қанапия (Жанапия деп те айтылады) Ертістің арғы жағындағы Өтей-Жәрке еліне ұзатылған. Сол кезде Әділбек деген жалғыз ұлы болған. Қатынаспағанына елу жылдан астам уақыт болған (өткен).

Тергемесұлы Қонак (1880-1965)

Қонак үш некелі болған: бірінші әйелі Бөлиядан Әбуғали. Әбуғалидан:

Құсман, Зейнегүл

Екінші әйелі Кұлбараннан Кәртенғали. Үшінші әйелі Айтжаннан: Әнуарбек, Зейнеш.

Нұрғали да екі жамиғатты болған.

1. Бибімәриям Тұралыққызы (1900-1947), руы Мырзас ішінде Жауар оның ішінде Қареке болып келді.

2. Әпсейітқызы Жібек (1914-1978) руы Тоқабай ішінде Қожакелді. Екі зайыбынан 10 ұл, 2 қыз көрген, 7 ұл, 1 қыз өліп, 3 ұл, 1 қыз қалған. Олар Әббубәкір (Әбен), Қабдуәкір, Төлеуғазы, Ғайникамал. Алдыңғы қайтыс болған алты ұлдың аты есімде жоқ, кейінгі қайтыс болған балалары Серік пен Еңлік деген қыз.

Әбубәкірден (1914-1975) бірінші әйелі Қаманнан, руы Қарауыл-Жасық, бір қыз бала туылып ол қайтыс болған, аты Камал болатын. Екінші

әйелі Бақиялан, руы Қыржы, бала болған жоқ. Үшінші әйелі Бүбісары Ибраһимқызы (1918-1972) сүйегі Бура, Тенлік, Совет, Қуаныш, Гүлжан атты балалары бар. Төртінші әйелі Минуар өз әкесі Ибраһим, асырап алған әкесі Ыскақ, Руы Тобықты оның ішінде Көкше. Кейін жоғарыда аталған балалардың барлығыда осы кісінің тәрбиесінде болды.

Тенлік, Тілеужанұлы Ақылтаймен тұрмыс құрған, руы керей оның ішінде Шахантай батырдың ұрпақтары. Балалары: Мұхтар, Бейімбет (Қаржаубай), Айгүл, Анаргүл. Мұхтардан Айдын, Айқын, Алтын, Зере. Қаржаубайдан Шалқар, Мақсат. Айгүлден Дархан, Нұрсұлтан. Анардан Раушан, Рауан, Еркежан. Советтен Айгүл, Гүлназ, Асем, Назгүл, Жанар. Қуаныштан Руслан, Нұғыспан, Әлішер, Мәди.

Гүлжан, Маратулы Серікпен тұрмыс құрған руы Малтүгел. Елдос, Нұрдос деген екі ұлдары бар.

Қабдуәкір (1917-1944) 1941 жылы 21- шілдеде Қызыл армия қатарына алынып, Ұлы Отан соғысында бір рет жеңіл жаралы, екі рет ауыр жарақат алып, шайқаста 1944 жылы 30- қаңтарда қаза тапқан. Ровен облысы, Костополь ауданы, Хозяово селосында жерленген. Гомель дивизиясында гвардия атқышы болған, кезінде гвардия лейтенанты деген армия шені берілген.

Төлеуғазыдан Қуандық, Серікбол, Бақытбек деген ұлдары, Айжан, Гүлжан, Маржан, Тоғжан, Жанаргүл, Гүлдарига деген қыздары бар.

Бәйбішесі Тұрғанбайқызы Нұржәміш, руы қыржы ішінде Жандос оның ішінде Досқана, Ырғызбай әулиенің үшінші ұрпағы.

Қуандық, жолдасы Мырзақанқызы Нұргүл, руы Жәнбике. Қабдуәкір, Ғани деген ұлдары, Бибімәриям деген қызы бар.

Серікбол, жолдасы Әсел, руы кіші жүз ішінде Байұлы Масқар тармағынан тарайды. Айшабibi, Әмина қыздары бар.

Бақытбек, жолдасы Жүнісақын тегі Маржан Жеңісқызы, руы Ұлы жүз Албан оның ішінде Қожбанбет. Нұрайдар деген ұлы, Жібек, Еркежан деген қыздары бар.

Айжан, Қосаев Талғатбекұлы Әзілханмен тұрмыс құрған, руы Баубек. Алуа, Мәдина деген қыздары, Мирас атты ұлы бар.

Маржан, жолдасы Төлеубек ұлы Мұхтарбек, руы Қыржы, Айдос. Асқарбек деген ұлы, Алма деген қызы бар.

Тоғжан, жолдасы Мәкенұлы Жасұлан, руы Қыдыр ішінде Қараш. Рамазан, Нұржауар атты ұлдары бар.

Жанаргүл, жолдасы Нұрбайұлы Естай, руы Мырзас ішінде Нарбота. Айнұр, Балнұр деген қыздары бар.

Гүлдарига, жолдасы Мақажанұлы Манат, руы Арғын. Мұхаммед атты ұлы бар.

Ғайникамал Нұрғалидың кенже қызы, жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін Семей облыстық ақша қаражат басқармасында қатардағы қызметтен бастап облыстық ақша қаражат басқармасында бас бухгалтері болып қызмет атқарды. Семей облысы тарап Өскеменге қосылғаннан бері Өскемендегі

Зейнетақы төлеу орталығының директоры болып қызмет аткарып келеді. Қазірде Нұрғали әулетінің басқармасы осы қыз .

Тергеместің Нұрмұханбет, Баяхмет (Бияхмет) деген ұлдары қайтыс болған.

Шаяхметтен Тілеуғали , Мамырбек , Ниязбек , Бақайбек.

Тілеуғалидан, жолдасы Өрнешқызы Ләтипа, сүйегі Матай . Қажыбек, Асқар, Едіғар деген ұлдары, Бақыт, Света, Меруерт, Гүлсім, Шынар, Гүлнар деген қыздары бар.

Қажыбектен Дархан, Думан, Ұлан деген ұлдары , Гауһар деген қызы бар.

Меруерттің жолдасы Берік, руы Мырзас ішінде Мүлкаман, оның ішінде Дондағұл. Әсет, Мейіржан, Ернұр, Бакнұр деген ұлдары, Әсел деген қызы бар

Асқар, әйелі Бақыт руы Сыбан. Шалқар деген ұлы, Орынгүл деген қызы бар.

Мамырбектен Мақсат, Талант, Есхат, Талғат, Мақат деген ұлдары , Рауза, Раушан, Шакура деген қыздары бар.

Мақсаттан Қанат деген ұлы, Күлмира, Күлден, Шолпан деген қыздары бар.

Раузадан Мақсат деген ұлы бар.

Ниязбектен Салтанат, Жанат, Айгүл, Құралай, Әсем деген қыздар Қанаш деген ұлы бар.

Бақайбек әйелі Рахат руы Қожакелді. Нұртас деген ұлы , Сандуғаш, Динара деген қыздары бар.

Ахметқалидан Ақайбек, Мақсұтқали, Мұхаметқали, Мұхаметқали-5 жаста Ниязғали, Сиязбек К Санай , Қажымолла (Қажі) деген ұлдары, Гүлзира(Күлтай) деген қызы бар.

Ақайбек жолдасы Қадуан Далабай қызы, руы «Қазақбай» Әлмәмбет. Мырзабек, Ержан, Ерболат деген ұлдары, Райгүл, Коммуна, Бақыт, Айгүл деген қыздары бар.

Мырзабек жолдасы Унзила Мамытқызы, руы Қазақбай. Ержан, Ерболат деген ұлдары, Райгүл деген қызы бар. Ержан жолдасы Фарида Нүрдеулетқызы. Орта дәрежелі ауыл шаруашылығы маманы. Ерболат Алматыдағы Жүргенов атындағы өнер академиясында оқиды. Райгүл Үрімжідегі жеңіл өнеркәсіп институтын бітірген, қытай тілі маманы. Коммуна жолдасы Мәжит Асқарұлы руы Тобықты. Зәпір деген ұлы, Арай деген қызы бар. Шәуешекте тұрады. Бақыт жолдасы Қанат руы Тоғас. Айбаршын деген қызы бар. Шәуешекте тұрады. Айгүл Дөрбілжін ауруханасында медбике.

Мақсұтқали бірінші әйелінің аты Қажия, руы Қыржы оның ішінде Баубек, одан Қанат, Баһаргүл . Екінші әйелі Клара, руы Қыржы оның ішінде Қыстауы. Одан Талғат, Бауыржан деген ұлдары, Ардақ, Назгүл деген қыздары бар. Талғаттан Ләйлә, Әйгерім, Бақыт, Айнұр деген қыздары бар.

Қанаттан ,әйелі Майра сүйегі Жәнбике. Ринат, Дулат деген ұлдары бар.

Ниязғали, әйелі Рәзия сүйегі Ақнайман ішінде Санияз. Даулет, Қайрат деген ұлдары, Сауле деген қызы бар.

Сиязбек (Санай), әйелі Ғалия сүйегі Ырсақ ішінде Елқонды. Мират. Самат, Мұрат, Саят деген ұлдары, Айнаш, Алмаш, Жанат, Айнұр деген қыздары бар.

Мират, әйелі Орынгүл сүйегі Тоғас ішінде Жамырат . Әділет, Мақсат, Мейір деген ұлдары, Динара , Шұғыла деген қыздары бар.

Самат, әйелі Гүлмира руы Тоқабай Усин Көкеннің қызы. Жақсылық деген ұлы, Мәдина, Дана деген қыздары бар.

Саят, әйелі Лаура руы Сайболат. Мейржан , Даулет деген ұлдары бар.

Айнаш жолдасы Талғат руы Жарылғап (Семейде Жоламанда тұрады). Ернұр деген ұлы, Бишан деген қызы бар.

Алмаш жолдасы Тілеужан руы Қыржы, «Ақтакқырда» тұрады. Раушан, Назгүл деген қыздары бар. Жанат үйленбеген

Айнұр жолдасы Айбек , руы Жарылғап.

Қажы, әйелі Гүлнар руы Қаракесек. Дулат, Бекзат деген ұлдары, Әсем деген қызы бар.

Жантас, Байтас, Қойтас, Шойтас, Кішібектердің ұрпақтары белгісіз.

Тектеместен Жұмақан, Әлпен (Әлкен), одан Мәкен, Нұрахмет, одан Зікірия, әйелі Әбіке Жанайқызы. Жұмақан мен Мәкен бірге туысады. Мәкеннен Нұржақен,

Жұмақаннан Зікірия. Зікіриядан Қыдырмолла Жұмақанов болып жазылады үйленбеген.

Қадыр Алматыда тұрады, екі қызы бар Әлия, Рыс, Күміс деген қыздары болған.

Әлиядан Ұлан деген ұлы болған. Зікірия атасының тәрбиесінде болған. 1992- жылы Большевик совхозында 9 класта оқитын.

Рыс (Сләмова болып жазылады) Заман деген азаматпен тұрмыс құрған. Екі ұлы, екі қызы бар.

Күміс Шымкент қаласында тұрады.

Әлхан да осы Тектемес ұрпақтарынан тарайды. Мәкеннің әкесі Әбілхан, шешесі Әлпия руы Шойтабан. Әлханның бәйбішесі Ықан. Мәкеннен Нұржақен апай мен Оралбек туады. Бірақ Әлханның бәйбішесі Әлиша апаның қарауында тәрбиеленгендіктен Әлханның балалары болып саналады.

Оралбек Ұлы Отан соғысына қатысып хабарсыз кетті.

Нұржақен апай Көшкімбаев Шөкетай деген азаматпен тұрмыс құрған, руы Ырсақ оның ішінде Матайы, әкесі Қонақбай, оның әкесі Көшімбай.

Шөкетайдан ұлдары Асан, Қайрат, қыздары Жеңіс, Орынтай, Майра, Дөметай, Сайра, Лаура.

Асанның жолдасы Мұхитова Бақыт, руы Қаракесек Арғын. Асхат, Бекзат деген ұлдары Жанна, Лаура деген қыздары бар.

Қайраттың жолдасы Жақұпбаева Гүлсім, руы Арғын ішінде Қаракесек Токтанай болып келеді. Дастан деген ұлы, Лаура, Алуа деген қыздары бар.

Женістің жолдасы Нұрғазы Руы Мырзас. Есен, Еркін, Әсет, Сержан. Ержан деген ұлдары, Гүлнар, Анар. Динара, Алнұр («Большевик»совхозында тұрады).

Орынтай күйеуі Әленғазы руы Көнші Қыздарбек. Дәурен, Марат, Талғат, Бекзат деген ұлдары, Жұлдыз, Айнұр деген қыздары бар.«Үлгілі малшы» совхозында тұрады).

Майра жолдасы Мадиев Жұмабек , руы Акнайман. Айдын , Шалкар, Бейбіт, Дархан деген ұлдары бар. («Большевикте» тұрады),

Дөметай жолдасы Сайдрахым, руы Ажы. Қуаныш , Олжас деген ұлдары, Гауһар, Жанар деген қыздары бар (Көкпекті ауданынында тұрады. Милиция бастығының орынбасары болып істейді). Лаура пушмехты бітірген. Кәсіпкер. Тоқтамыс деген қыз да осы бұтақтан тарайды. Құсайын дегенмен тұрмыс күрды. Өте мәдениетті, ауқатты семьяның бірі болды. Көкпекті ауданында тұрып екеуі де сонда қайтыс болды.

Тышбайдан Әділхан, Әшібай, Әбдірахман деген ұлдары болған. Әділханнан Асылтай деген ұлы, Гауһар деген қызы бар. Әшібайдың бірінші әйелінен Ағыланбек деген ұлы бар, екінші әйелінен Жұмабек, Жұмағали деген ұлдары бар, бір қыз бар.

Әбдірахманнан Нұржамал деген қыз болды, жолдасы Жанай Дүйсеш, Төлеш деген ұлдары, Кәшипа деген қызы бар.

Енді осы Өтетілеу ұрпақтарынан тарайтын Нәуке, Белдеубай, Күйебай, Қабдолла ұрпақтарын таратып ажырататын көнекөз қариялар көзінде жоқ. Менің білетінім Нәукенің Қайныш деген қызы біздің үйден ұзатылды. Күйеуі Жәнбике Мөден деген азамат, бір ұл екі қызы болды. Жаңылмасам ұлының аты Бакытбек Тарбағатай тауында Нәуке деген қыстақ бар. Бұрынғы Ақсуат совхозының №2 фермасының жерінде. Тегіндегі Нәуке ұрпақтарының мекені.

Есенғұл

II Есенғұлдан Арғын, Алшын, Монтай, Тона, Елеусіз

Арғынның бірінші бөйбішесінен Байрақ, Сарсен, екінші әйелінен Сүйімбай, Боқбай, үшінші әйелінен Көшекбай, Шенгелбай, төртінші әйелінен Бекенай, Нұрмұханбет, Әмір, Қазымбай, Жиынбай, Елеусіз.

Байрақтан Оспан, Байбосын, Бөлекбай, Әбділла, Тыртық.

Сәрсеннен Жетембай (Жекембай), Шегедек, Түсіп, Мұстапа, Құламит.

Байрақтың Оспанынан Акан (әйелі Биғалиқызы Зағила, руы Тоқабай ішінде Мақпал).

Ұлдары: Тұрсын (әйелі Жұмағайша, руы Тоғас), Серікқазы (әйелі Райхан, руы Мырзас),

Мейрамғазы (әйелі Күлия, руы Қыдыр). Қыздары: Бәтен (күйеуі Шәмшекбай, руы Жәнбике), Гүлдарига (күйеуі Екпін, руы Жәнбике), Балқаш (күйеуі Сепбосын, руы Төленгіт), Нәзигүл (күйеуі Дүйсенбай, руы Тарақты).

Байбосыннан Қажі, Жұматай – екеуі де Семей қаласында тұрып қайтыс болған. Балалары бар. Бөлекбай, Әбділда. Тыртық ұрпақтары белгісіз.

Сәрсеннің Жетенбайынан Әубәкір, Әубәкірден Қабдолла (әйелі Мұсабалақызы Жамал) Қабдолланың ұлдары: Таңатпай (Таңғыт), Мұхамедрахым, Бақытбек. Қыздары: Күлнәзи, Жиенше, Нұрзада (Сәукен).

Таңатпай 1940-жылы Ақсуат орта мектебінің жетінші класында оқып жүргенде Қызыл Армия қатарына алынады. Содан елге оралмайды.

Әкелері Қабдолла әнші-күйші, домбырашы адам болыпты, оның үстіне тегіндегі «Жаңа тілек» колхозының екпінділері қатарында болып, сол кездегі өткізілетін ән кештеріне мұрындық болған да осы Қабдолла ақсақал болыпты. Кейінгі ұрпақтарға өнер үйретудегі еңбегі де қомақты болса керек. (59 жасында дүниеден өткен көрінеді). Әкесінің ән мен күй өнері қыздары Жиенше мен Күлзадаға дарып аудан аралық байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

Сәрсеннің Шегедегінің бірінші әйелі Тәжіктен, руы Тұяқ: Шарахмет, Жанахмет, Қалел (Қалелдің фамилиясы Токин болып жазылады, өйткені бала кезінде сол кісі асырап алған). Екінші әйелі Қаракөз қалмақ қызы: бұдан Жәния деген қыздың әкесі Бірахмет. Үшінші әйелі Қожахметтің шешесі аты белгісіз: Қожахмет, одан Қалияхмет немересі алты ұл бар. Төртінші әйелі Қасиет (руы Қыржы, Ыдырышев Дәуітбектің апайы. Қауһар, Шаухар деген аталарының Кіндіктінің Сарбұлағы бойында қоралары бар): Бияхмет, Дәлел, Салық

Бар балалары Қасиет аналарының тәрбиесінде болыпты. Балаларды тостағанмен түгендейді екен. Бір тостаған жоқ болса бір бала жоқ деп іздеу салатын көрінеді.

Шарахметтен (Шөкен) ұлдары: Марат (Қызыл- Кесік аудан болғанда туған), Мақсат, Нәзия деген қызы 1996 – жылы қайтыс болған. Мараттан алты ұл, үш қыз бар Таскескен ауданында тұрады.

Жанахметтен, әйелі Зылиха Матай қызы, Әлімхан , Нағима , Бағила , Гүлназ , Гүлмира.

Әлімханның әйелі Көкен, руы Керей оның ішінде Қожакелдісі. Әміртай, Сабыртай деген ұлдары, Күлтай, Майра, Зәуре деген қыздары бар. Әлімхан жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде алашорда ұрпақтары деген желеумен айыпталып сотты болып, жазалау мерзімін өтеп келгеннен кейін Шұбартау ауданында оқуын жалғастыра жүріп жер бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істейді. Кейін қызмет бабына байланысты бұрынғы Ақсуат ауданына жер бөлімі меңгерушілігіне ауысып өмірінің ақырына дейін осы жер бөлімінде меңгеруші болып қызмет етті.

Әрқашан адалдықтың, әділдіктің туын биік ұстаған жасаған жақсылығын ешкімге міндетсінбеген, үнемі айналасындағыларға мейірім шуағын төгіп, әрдайым қамқоршы болып өткен абзал азамат. Өмірдегі

осындай істеген істері мен жақсылықтарын жерлестері осы күнге дейін жыр қылып айтып жүретінін айтқан жөн болар.

Нағима Жанахметқызы алашорда салқынынан қыз болғандығынан ба? екен аман қалып, жоғарғы оқу орнын бітіргенен кейін Көкшетау облысының аудандарында бастапқы да мектепте мұғалім, кейін мектеп директоры болып жұмыс істеді.

Білім саласында өзін көрсете білген Нағима ауданның бірінші хатшысы болып ұзақ жылдар жұмыс істеп, Көкшетау облысының атқару комитетінің орынбасарлығына дейін көтеріледі. Бір неше рет Қазақ ССР жоғары кеңесіне депутат болған адам. Зейнеткерлікке шыққанша осы Көкшетау облыстық атқару комитетінің орынбасары болып қызмет атқарды. Өмірі үзіліп ақырғы пайыз тапқан жері де осы Көкшетау облысы.

Бағила Жанахметқызы жол техникумында оқып жүріп 17 жасында қайтыс болған.

Гүлназ Рамазанов Амаанолланың жолдасы, Гүлмира Алматыда тұрады екі қызы бар, күйеуі қайтыс болған, елі белгісіз. Жанахметтің зираты Семейдегі татар зиратында.

Әміртайдан екі қыз бар, Сабыртайдан да екі қыз бар Ләйлә, Зайра. Күлтайдың жолдасы Орман, руы Ұлы жүз.

Қалелден үрпак жоқ, Токин болып жазылады, әкесі Тока деген туысына берген.

Бірахметтен Жяния деген қыз болған(күйеуі Сепбосын руы Жәнбике). Ұлдарын білмедім.

Қожахметтен Қалиахмет, одан алты ұл бар.

Биахметтен Қалихан, одан бір қыз ол қайтыс болған.

Дөлелден бала болмаған.

Салықтан, бөйбішесі Бижамал, шешесінің аты Байғазы, ұлдары:

1. Әлібек
2. Мұрат үйленбеген
3. Дөлел
4. Бағлан
5. Ерлан

- Қыздары:
1. Рая
 2. Ләкә
 3. Құралай

Бағланнан : Шорман деген ұлы, Шолпан деген қызы бар.

Ерланнан : Раушан , Гүлбаршын , Баян деген қыздары бар.

Рая күйеуі Кабдрахманов Еркінбек , руы Матай. Бакута деген бір қызы бар, екінші әйелінен бір ұлы бар.

Ләкә күйеуі Омаров Тұрыстай, руы Бура (Шар ауданында тұрады). Ертай, Асхат деген ұлдары , Гүлмира, Елмира деген қыздары бар.

Құралай күйеуі Габдрахманов Төлеухан , руы Сыбан (Шар ауданында тұрады). Біржан, Бауыржан, Еркежан деген ұлдары бар.

Дариға күйеуі Шымырбеков Асан Тілебалды ұлы. руы Ұлы жүз Жаньыс. Нұрлыжан, Ержан, Қуаныш деген ұлдары бар. Шымкент қаласында тұрады.

Шегедектің қыздары: Бодық, Қорлы, Кентай.

Бодықтың күйеуі Сіләмбек, руы Қарауыл-Жасық, ағасы Смағұл (Қайсардың әкесі) екеуін де шекара солдаттары өлтірген, сүйектері Қырдасын қорасында сандықша етіп жиналған. Сіләмбекті қылышпен шауып өлтіріпті, сүйегін түйемен артып әкелген көрінеді.

Қорлының күйеуі Уалхан, руы Айдар, Рахымжанов Карлдардың жақыны, Талғатбектің шешесі.

Кентайдың күйеуі Мырзахмет, руы Қарабай, Құнафиндердің жақындары. Кезінде тергеуші болып қызмет атқарған. Қытай елінде жүргенде үкімет сұратып алып өлтірген көрінеді.

Сақыпжамал күйеуі Жасұзақ, руы белгісіз.

Жөния күйеуі Сепбосын Баирхин, руы Жөнбике. Бұлардан басқа екі қызын Өскемен, тағы да басқа жерге ұзатқан көрінеді, аттарын білмедім.

Бодықтың ұлы Қажыбек қайтыс болған, қыздары: Насия, Сания, **Мәруа** қайтыс болған, Қазтай.

Нәсидің күйеуі Сейітрахым Сұлтанбеков, руы қыржы.

Сәния күйеуі Құсанов Бейсенбай – Ұландық. Кезінде Тарбағатай ауданында 1-хатшы болған.

Мәруа күйеуі Тоқабай ішінде Бәйел, аты Токбай.

Қазтай бірінші күйеуі Фани, екінші күйеуі Жұмағали кезінде ҚазТАГ-тың директоры болған.

Қаратаев Калиақбардың қызы Какима. Әкесі кезінде Бияхмет өлген соң соның әйелін алған. Анамыз Бижамал апаның айтуы бойынша Шегедек ұлы Салық ағайымыз 1931-1935 жылдары Өзбекстанда тұрады. Ол кезде Өзбекстанда көкөніс көп болып аштық көрмепті. Сол кезде нан ғана карточкамен беріледі екен.

Семейде тұратын Дөлел наукастанып, Комвужда сабақ беретін Жанахмет деген туыстары Дөлелдің сырқат болуына байланысты шақыртады. Осы шақырту байынша Өзбекстаннан қоныс аударады. Дөлел үш жылдан кейін қайтыс болады. Артынан Жанахмет те қайтыс болып, сүйегі татар зиратына жерленіпті. Өзбекстаннан қоныс аударып келген кезде Қазақстанда тапшылық өмірдің әлі де арыла қоймаған кезі еді деп отыратын.

Сәрсеннің Мұстафасының бәйбішесі Мари Жәндікей қызы, руы Жанай. Одан Жұмабек екі әйел алған адам. Бірінші әйелі Қайша Нұртаза қызы, руы Тоғас. Екінші әйелі Шайза Қабдығұл қызы, руы Тоғас.

Бірінші әйелінен **Ниғымет**, әйелі Айкен, руы Жалайыр, Тілеухан, Темірхан деген ұлдары, Нүргүл деген қызы бар. Ақсуаттағы Жұмабек балаларымен байланыстарын үзіп алған.

Екінші әйелінен екі ұл, алты қыз бар. Ұлдары: Серікбек Алматы жақта тұрады. Әйелі Бибінүр Ақназар қызы, руы Кіші жүз Адай. Дидар Ақмолада тұрады (Астананың жанында). Әйелі Мәжит қызы Кұлпан, руы орта жүз Қыпшақ, Сәбит деген ұлдары бар.

Қыздары: Мүбәрәк Бейілханұлы Сәбет, руы Көнші, Ақсуатта тұрады. Қанат, Жанбота деген ұлдары бар.

Мүслима жолдасы Есенұлы Мейрамбек, руы Керей, Таскескен жақта тұрады, балалары бар.

Теңізгүл жолдасы Нұғыманұлы Нұрғазы, руы Тоғас, Бесқарағай жақта тұрады, балалары бар.

Гүлназ жолдасы Ержанұлы Әбдіхан, руы Арғын, Алматы қаласында тұрады, балалары бар.

Бақыт жолдасы Бекайдарұлы Ержан, руы Мамай, әскери қызметте, Алматы жақта тұрады.

Нүрзия жолдасы Қапанұлы Бақытбек, руы Қыржы, Қапшағайда тұрады. Әкелері Мұстафаұлы Жұмабек (1916-04.02.2000). Ақсуатта тұрады.

Есенгүлдың Елеусізінен Қатпа, Қоспак, Баспак. Баспақтан Райыс, Райыстан Әділхан, Жамал, Мәділхан. Қыздары: Нұрша, Әлия. Әділханнан Рахымхан, Мұқаш (Отан соғысында қаза болған, ұрпағы жоқ). Рахымханнан Даниял одан Роллан, Маржан, Серікбол. Серікбол ұлы Мағжан, қыздары: Мәдина, Тоғжан. Ермұқаш ұлдары: Бауыржан, Әділхан қызы Мәриям. Ербол ұлдары: Сержан, Ильяс, Асқар. Қыздары: Маржан, Гүлжан, Райса, Гүлнәр. Рахымханның қыздары: Гүлнәр, Гүлжан, Клара, Гүлнүр.

Мәділханнан қыздары: Бәтима Пединституттың қазақ тілі әдебиеті факультетін бітірген, өмірінің соңына дейін «Калинин» орта мектебінде оқытушы болған.

Бәтия Семейдің қаржы техникумын бітірген. кезінде бухгалтер болған. Көзір кәсіпкер

Ғалия Пединституттың физика - математика факультетін бітірген. Калинин атындағы орта мектебінде мұғалима болып жұмыс істеген. Қөзір зейнеткер.

Байрақтың Байбосыннан Қажы, Жұматай туады, екеуі де Семей қаласында тұрып қайтыс болған, балалары бар.

Есенгүлдың Шеңгенбайынан Токтарбай, Токтағазы, одан Қазез, әйелі Мәрия, руы Бөйел мұқыш қызы.

Қазеден: Мейрамбек, әйелі Қадияша Қалиасқарқызы, руы Көнші, оның ішінде Бұзаубай. Ұлдары: Ержан, Нұржан, Ерлан, Нұрлан, Ербол. Қыздары: Алмагүл, Анар, Жанар, Бибі, Айгүл.

Ержан, әйелі Құрманғалиқызы Нүргүл, руы Сары. Дана деген қызы бар. Ерлан, әйелі Алматылықызы Айгүл, руы Тобықты, бала жоқ. Токтағазықызы Нұртай, Қазы.

Нұртайдың жолдасы Байнүкен, руы Жәнбике. Қазидың жолдасы Тұрысбек, руы Түяк.

1. Алпыс

2. Балпан

3. Аякөз

Алпыстан: Бірінші әйелінен: Итемір.

Екінші әйелінен: Шалабай, Жанабай, Қалабай, Анабай, Мінебай

Үшінші әйелі (күннен) : Шыныбай (Кішебай), Төкен (Үржарда)

Балпаңнан: Балабай (Бакабай), Далабай, Қодабай, Қондыкен
(Қондыкeden Сержан ҚХР)

Аякөзден (Піштай деген бәйбішесінен): Долбак, Үсен,
(Қазезқандар «Байбалта» қыстағының жанындағы Үсен обасының
маңы осылардың қыстағы болған), Әбділ, Ғалымжан.

Екінші әйелі Бөлештен: Хасен (болыс болып тұрғанда 25 жасында
қайтыс болады), Үсен, Үсеннен Қабдолла, Әбділ, Әбділден - Нәзіке,
Бәткеш. Нәзікeden - Сейіт.

Далабақтың, Ғалымжанның ұрпақтары белгісіз. Үсеннен
Қабдолла одан Задахан,

Керейхан, Казезхан, Дәулетхан, Мәулетхан, Дәлелхан, қызы Құлпан.

Задаханнан - Серікхан, Ерболат, Серік, Есболат.

Керейханнан Сәбетхан, Әділхан, Мұхтар, Нұрболат. Қыздары: Бәдігүл,
Бибігүл, Амангүл, Майгүл.

Сәбетханнан Нұрлан, Ержан, Бауыржан қызы Гүлмира.
Әділханның ұлы Нұржан, қызы Мадина. Мұхтардың ұлы Ербол қызы
Индира.

Қазезханнан Нұрболат, Нұрлан, Ержан, Айдын, қыздары : Айжан,
Гүлжан.

Нұрболаттан Сержан деген ұлы, Үмітхан, Кенжегүл деген қыздары бар.
Нұрланнан Олжас.

Дәулетханнан Әлихан, Дархан деген ұлдары, қыздары : Нүргүл,
Гүлжан, Бибінуір, Әлия

Мәулетханнан Берік, Ерсің.

Дәлелханнан қызы Құлпан.

Аякөздің Хасенінің ұрпақтары беймәлім.

Құсайыннан Мәжен, Мәжібай, Қажыбай.

Мәженнен Шоқан одан Қалибек, Әлібек (Аяғез Сергожин).

Мәжібайдан Жәлел одан Азатбек, қыздары: Әлмира, Айгүл,
Айнүр, Алмагүл.

Қажыбайдан Тыныс. (Таскескеннің шолпанында тұрады). Тыныстан
Дулат.

Алпыстың Итемірінен бірінші әйелінен: Тінібай, Қонак
(сарқонак), Қонак, Садуақас, Шалабай.

Шалабайдан Мұқали (негізінде Анабайдың баласы). Мұқалидан
Көкен, Жұматай, Мүгілсім деген қызы болған. Мүгілсімнің қызы
Жәлелдің әйелі Гүлсімхан.

Көкөн әйелі Бағи руы Қарауылжасық, одан Социалбек (ҚХР-ла), Екпінбек, Серікбек. Қыздары Нұрзада . Нүргүлсім.

Социалбектен Қуанышбек, Еркінбек , Қадылбек, Айдынбек, қыздары Бұлбұл, Сайрагүл.

Жанабайдан **Қойшан** - болыс болған адам, Рақым.

Қойшаннан Кәден (Сарқонақтан асырап алған баласы).

Кәденнен Ғабдылманап, Ғабдылмүтеліп, Ғалымбек, Серік , қыздары Гүлнар, Күләш, Гүлмира, Нәзигүл, Айгүл.

Ғабдылманап, әйелі Сандуғаш, руы Көнші Ж аманбай, ұлы Мұрат, қызы Дидар.

Ғабділмүтеліп, әйелі Назигүл, руы Тоғас, ұлдары Манат, Құрмет, Әділет, Берік.

Ғалымбек, әйелі Күләш , руы Тәуке , ұлы Жайнар , қызы Шынар.

Серік , әйелі Алмаш, руы Көнші оның ішінде Бұзаубай, ұлы Тұрғын қызы Бакыт.

Гүлнәр, жолдасы Еркеш, руы Керей, лдары Сымбат, Дамир , қыздары Раушан, Жадыра.

Күләш, жолдасы Қымбат , руы Қыржы, ұлдары Аслан, Жарқын, қызы Айгерім (Шүғылбайда тұрады).

Гүлмира, жолдасы Марат, руы Көнші оның ішінде Бұзаубай, қыздары Мөлдір , Гука.

Нәзигүл, жолдасы Қайрат, руы Уақ ажырасып кеткен, Толқын атты бір қызы бар.

Айгүл Семейдің орталық емханасының стоматология бөлімінде медбике болып жұмыс істейді.

Рахымнан бала болмаған.

Қалабайдан: Бекбосын, Есбосын, Нұрмағанбет (Нұрай), Мүбәрәк, Бибарак, Бекенбай.

Бибарактан Әділбек (шошак тымақ), одан Сайлаухан (Нұрайдың ұлы).

Мүбәрәктән **Қанағат** . Бір ұл болған, шешесі Көкжыра ауылына тұрмыс құрып кеткен.

Есбосыннан бала болмаған.

Нұрмұханбеттен **Кәрібас** , одан Төлеубай туады.

Кәрібастан Кәдірхан, Мұрат, Қайрат, Талғат, үш қызы болған.

Төлеубайдан Шәріпхан, Кәдірхан. Шәріпханнан Қайрат, тағы бір ұл болған.

Кәрімханның екі ұл, үш қызы бар.

Анабайдан Мұхари , Сәмен , Мұқатай.

Сәменнен Сағыпалды (Сағу). Сағудан Сағымбек, Болатжан, Қайрат, Талғат. Қыздары: Сәбетгүл, Айжан. Сағынбектен әйелі Жанар Абдуов Сәлудің қызы, руы Бәйел , ұлдары Мақсат, Архат.

Сәбетгүл, жолдасы Түрсынғали, руы Мырзас, ұлы Қанат, қыздары Арна, Жако.

Мүкәтай (ҚХР-да) әйелі Алтын, руы Шойтабан, ұлдары Сәтбек, қызы Айгүлсім.

Сәтбектің ұлдары Бақытбек, Айкынбек, Айбынбек, қыздары Азатнұр, Нұрғана, Жеңіснұр, Айнұр, Майнұр, (барлығы да ҚХР-Дәрбілжінің Ақсу деген жерінде тұрады). Жиендері : Айтгүлсімнен Ахмет, Мұратхан, Мүкият, Фазылбек, қыздары Айгүл, Алмагүл. Бұлар да ҚХР-да.

Мұхаридан - ұлдары : Көкен , Жұматай , қызы Мүгілсім. Көкеннен - ұлдары: Социалбек. Дауыл, Серікбек, қыздары: Нұргүлсім, Нұрзада. Жұматайдан ұрпақ жоқ.

Мүгілсім-күйеуі Молдабай, руы Шойтабан. Ұлдары:Қызыр, Қызырхан, Дүйсен. Қыздары : Күлімхан, Кенжехан, тағы бір қыз бар. Социалбек-әйелі Уәзия-руы Ақнайман. Дауыл- әйелі Әлима руы Уақ, ұлы жоқ. Қыздары: Мәдина, Нәдира, Аяжан. Серікбек үйленбеген.

Мінебай

1. Баймағанбет

2. Аймағанбет

Баймағанбеттен ұлдары: Мата, Тілеухан. Тілеухан ҚХР-да тұрады үш ұлы бар. Қызы:

Мәнтай (күйеуі Сұраған , руы Тоғас ішінде Тиес), ұлдары Оразқан, Қалел, Жұмақан,

Қыздары: Төлеухан, Күлімхан, Күләш.

Шыныбайдан Есмағамбет.

Күлшәкер деген қызынан, күйе Рамазан руы Қарабай, ҚХР - да тұрады. Ұлдары: Жолдыбай, Серік.

Балпанның Балабай немесе Бақабайынан : Оспанғали (баласы Рамазан Аякөзде), Мұсағали, Құрманғали. Мұсағалидан Бижамал, Бақытжамал (Павлодарда тұрады).

Балпанның Далабайынан Мұқашбай, Мұқатжан, Мұханбай. Балпанның Мұхатжанынан Мырзағали, Қисағали, Ысқақ туады. Мырзағалидан Серік, қыздары Дина, Күлжікен.

Ысқақтан Болат Мырзағалидан асырап алған. Қисығалидан Қобдай, Қобдайдан Жалмырза, Жалмырзадан Жұмағазы , Ерғазы (Өскеменде) екі ұлы бар. Қондыкеден Сержан (ҚХР-да). Қалған ұрпақтары белгісіз.

Аякөздің Қасенінен: Мөжен. Тінібайдан Мөкей қайтыс болған. Мөкейден Кішебай, одан Төкен (Үржар ауданы Чапай колхозында тұрады).

Қонақтан (Сарқонақ) Әжімбек 1941 жылы Қызыл Армияқатарына алынған. Содан хабарсыз. Таутабай, Қадылбек, Түгелбай, (армия қатарына алынғаннан кейін хабарсыз кеткен). Әукенде, Аманбай да қайтыс болған.

Садуақастан Габдрашид («Большевик» совхозында тұрады), Қабылқак (Көкөтай) – армияға кеткен хабарсыз, Қабыдрахман (Көден)қайтыс болған.

Әжімбектен (әйелі Биғайша, руы белгісіз) қыздары: Күлжікен жолдасы Шәкірт Әжіманов, руы Жанай, Ішә , жолдасы Нұрхан, руы Мақпал, Майра жолдасы Социал, руы Қыржы.

Әукеннен, жолдасы Қаражан, руы Тоғас, ұлдары: Жұмағазы, Құрмантай, қыздары: Қарлығаш.

Жұмағазыдан Қанат тағы бір ұл, үш қызы бар.

Аманбайдан, әйелі Дәмеш, руы белгісіз, ұлдары: Жиенбай, Хамза.

Бауыржан, қыздары: Кұлман, Сандуғаш.

Габдрашид, әйелі Майсара, руы Мырзас, оның ішінде Қареке, ұлдары: Заманбек, Кәдірбек, Дүйсек, Қайрат, Дулат.

Қабдырахман (Кәден) ұлдары: Мәкібай, Бөтен, Серік, Ғалымбек, қызы Күләш.

Пұшық-Баянбай.

Бала күнінде жеңгелері қалжындап Пұшық атандырып жіберіпті, азан шақырып қойған аты Баянбай екен. Пұшықтан Шүкейт, Көбеш, Байқожа, Жанқожа, Қожамжар. Пұшықтың Шүкейтінің бірінші әйелінен Босқынбай, Босқынбайдан Барак, Әлхан, Әубәкір. Екінші әйелінен Абылхан.

Қожамжардан Көбеш, Күтүсіз, Барактан Ахметқали, Ахметқалидан Жамбыл, Есен, қыздары: Сайра, Майра. Жамбылдың әйелі Лидірхан, руы Жанай оның ішінде Есенаман. Ұлдары: Марат, Қайрат, Қанат, Жанат. Қайраттың әйелі Алмагүл, руы Кенже, Дания, Алмат деген ұлдары, Жанат, Ләзза деген қыздары бар. Қанаттың әйелі Айман, руы Керей. Есеннің әйелі Мәнсия, руы Жәнбике (1944-1978) қыздары: Меруерт, Гүлнәр, Жанар, Анар, Шынар Сайрада бір ұл, бір қыз бар. Екеуі де үйлі-баранды. Майрада бір ұл, бір қыз бар, үйлі-баранды бұрынғы «Шалбай» совхозында тұрады. Босқынбайдың Абылқанынан Әубәкір, Сыдық, Қатпа.

Әубәкірден Биамет, Сыдықтан Әкіш, Қатпадан Эльза деген жалғыз қыз. Эльзаның күйеуі Сайлаубай, руы Өтей. Ұлдары: Марат, Қанат, Санат, қыздары: Жанат, Бакыт (Өскеменде), Ардақ.

Биаметтен Әди, Асқар. Әдиден: Нұрбол, Нұрлан. Асқардан Серікбол. Әкіштен бала болмаған, Көбештен Абылғазы, Баянды, Әбіш.

Абылғазы бәйбішесі Батиха, руы Матай, Абылғазыдан Қасымбай, Қасымхан, Қасымжан, Егізбай.

Қасымбайдан жолдасы Әйткеш, руы Матай (тегінде Кегенбайдың біреуіне шыққан көрінеді). Қасымбайдан Қайса, әйелі Күләш, руы Жанай Есенаман. Ұлдары: Талғат, Қуанышбек, Мұрат, Қайрат, Қанат, Қазыбек. Қыздары: Нүрзия, Роза, Айнаш, Айгүл, Бейбітгүл, Бакытгүл. Талғаттан Арай, Мұраттан Айгерім.

Қасымхан, әйелі Кәтима, руы Бура. Балалары Габдрахман, әйелі Қаным, руы Айдар, қызы Зейнеп. Габдрахманның ұлдары Марат, Қуанышбек, Баубек, Мейрамбек, Қадылбек. Қыздары: Гүлнұр, Айгүл, Нүргүл. Мараттың Ернар деген ұлы, Әлмира, Гүлмира деген қыздары бар. Мейрамбектен Қайрат, Қанат. Қасымжаннан Ақыман қызы Күлия.

Ақыманның әйелі Гүлдана, руы Жанай Есенаман. Ұлдары: Ержан, қыздары: Анар, Жанар, Шынар, Раушан. Күлия Жұмақанұлы Ауқенмен тұрмыс құрған, руы Мырзас Ішінде Қалқаман. Өз әкесі Долда.

руы Айдар болып келелі. Егізбай (әйелі Төлеу, руы Қыржы) ұлдары Тұрсын, Серік, қыздары Күлзия, Нәйля, Әлия, Мәрия, Ғалия, Сәния. Тұрсыннан ұлдары Төлеген, Асхат. Қыздары Шырын, Әлия, Токжан. Серіктен Ерасыл.

Қасымбайдың жолдасы Әйткештің балалары Таңқай, Ризабек. Баянды, Әбіштердің ұрпақтарын тарататын үлкеннен ешкім қалмаған. Байкожадан Өрісбай, Қонысбай, Өскенбай.

Тайарыстан Мәткәрім. Мәткәрімнен Смағұл, Смағұлдан ұлдары Жағыпар, Манап, Манаптан ұлы Әлімғазы, Әлімғазы ұлы Ердо, қызы Тұрсынхан. Жағыпардан Ұлдары **Ахметжан**, жолдасы Төлеу руы Ырсақ, ұлы Қуаныш, қыздары Нүргүл, Мейрамгүл, Әсел.

Нығметжан (Нығымет), жолдасы Бақытгүл руы Қарауыл Жасық, мұғалім. Ұлдары Ержан, Ербол, Мерей.

Бауыржан, жолдасы Сәния Семейде әнші. Ұлдары Нұржан, Нұрлан, Мағжан қызы Аяулым. Болатжаннан, жолдасы Гүлмира Павлодарда мәдениет үйінде директор, әнші. Ұлдары Бекзат, Нұрзат, Ерзат. Жағыпардың қыздары: Рысжан, Бақытжан, Алтынжан (Алтынай), Гауһар.

Рысжанның күйеуі Ақабаев Қалнолла руы Сары. Ұлдары Қапанай, Қапар, Андар, Муатар, қыздары Гүлбаршын, Ләлә, Айман, Шолпан, Лаура. Бақытжан күйеуі Көкенов Мереке руы Сары. Ұлдары Қанат, Қайрат, қыздары Сандуғаш, Әлмира, Гүлмира, Құралай.

Алтынай тұрмыс құрмаған.

Гауһар күйеуі Ибраев Бағдат. Ұлдары Саят, қыздары Әсем, Гүлназ.

Өрісбайдан Қонжа, Кәкім, Мұталап.

Қонжадан Сләмғазы, Фарида. Кәкімнен Қалел, Сләмбектен Талғат деген ұл бар, Таскескенде тұрады.

Қалелден Марат, Сәбетбек, Қайрат, деген ұлдары, Бақытгүл (Алматыда), Нәзигүл (Зайсанда), Райгүл деген қыздары бар.

Мараттан ұлдары : Асылбек, Мерей, Қайырымжан, қызы Балжан. Сәбетбектен екі қыз, Қайраттан екі қыз бар.

Мұталаптан Болат деген ұлы, Қамария (Көкжырада), Гауһария (Мақаншыда) деген қыздары бар.

Қонжаның Сләмғазысынан (әйелі Мәженнің қызы, руы Макпал) ұлдары Мұрат, Марат. Қыздары Сәбира, Сәлима, Кәлима, Сәния, Жаңалық, Маржан.

Мұрат (Әмірғалиев Нұрмәдидің қызына үйленген, руы Қараби) қыздары Медет, Жанат.

Қонысбайдан Жадыра, Мырзатай, Мырзахан, Елекен, Тойке. Қырықбайдан ұрпақ болмаған. Жадырадан Жәкежай, Әділбек, Қажыбек.

Жәкежайдан **Кенесқан**, Кенесқали, Рысқали, Қалиқан, **Абайқан**, қыздары Бақыткамал, Жамалқан, Гүлнәр.

Кенесқан, әйелі Нұржамал, руы Қыржы, оның ішінде Айдос, Сұлтанов Сембай дегеннің қызы. Ұлдары Қайрат, Болат, Әсет, қыздары, Зипа, Жәнипа, Гүлім. Қайратта ұлы Марат, Болатта Дархан.

Кенескалидың ұлдары Бауыржан Бауыржан. Ержан. Дулат, Нұрлан. Дәурен. Нұржан.

Бауыржаннан Мағжан, Ержаннан Азамат, Нұрланнан Думан. Рыскалидан ұлдары Рүстем.қыздары Шынар, Динар, Жанар, Айгүл, Жанагүл.

Қалиқаннан, Арман, Ардақ, Әсет.

Бакыткамал, күйеуі Мұрат, руы Көнші (Каменкада тұрады). Жамалқан, күйеуі Сәбет, руы Дәртуыл (Аксуатта тұрады).

Гүлнар, күйеуінің руы Керей (Семейде тұрады).

Қонысбайдың Мырзаханынан Мұхтар (Қытайда тұрады), тоғыз баласы бар.

Мырзатайдан ұлы Мұхамедден (Әден), қызы Бәтен. Әденнен Еркін. Еркіннен Ержан, бұл бала Нұролланның қызынан туады. Қызының аты Мәруа, Мәруа Әденнің әйелі. Нұролла Жанай ішінде Торғай осы кісі асырап алған.

Әуденнің қыздары Раушангүл, Бакытгүл, тағы бір қызы бар.

Бәтен күйеуі ұзын, Нұрсан руы Қожакемді.

Мырзаканнан **Тоқтар** Қытайда. Елеке, Тойкеннің ұрпақтары белгісіз.

Жадыраның Қажыбегі (әйелі Ағыбай, руы Кәдісін. Момбайдың апайынан туады Шешесінің руы Сары) ұлы Тұрсын. Бірінші әйелі Нұрахметқызы Мәукен, руы Жәнбике. Одан бір ұл, бір қыз болып қайтыс болған, екінші әйелі Айтбүбі, руы Тоғас, оның ішінде Қаблан.

Ағыбай 1945 жылы Игіберді деген диірменшіге тұрмысқа шыққан, сүйегі Керей. Одан Зарлық деген қыз туады.

Тұрсынның ұлдары Бакытбек, Талғат, Қананғат, қыздары Арман, Бакыт, Нұргүл, Гүлдана.

Бакытбектің әйелі Нәзигүл, руы Шойтабан. Ұлдары Думан, Ниязбек, Дархан.

Талғат, әйелі Зейнолла, қызы Гүлмира, Талант деген ұлы бар. Қанағат үйленбеген.

Арман Тұрлыбеков Әділбек (Әшөк) дегенмен тұрмыс құрған, руы Шимойын Керей. Ұлдары Серік, Дулат, Әсет, қызы Марал.

Бакыт Әміржанов Коммуна дегенмен тұрмыс құрған, руы Қарауылжасық. Гүлім деген қызы бар.

Нұргүл Балтекенев Дәлелханмен тұрмыс құрған, руы Тоғас. Ұлдары да қыздары да бар.

Әділбектен бала болмаған.

Жанқожаның Қожамжарынан Күтүсіз, одан Кәрібай, Әлібай қызы Дәріжан Шәкеннің шешесі. Әлібайда бала болмаған

Кәрібайдың ұлы Сайлау, қыздары Шәкура (1922-1996), Бакыт. Сайлаудан әйелі Дәмет, руы Жанай, ұлдары Қайрат, Қанат. Қанаттың әйелі Құралай Қожакқызы, руы Шойтабан, Акбота деген қызы бар. Қыздары : Гүлзада, Гүлнәзира, Дәмира. Гүлзада Төлеубаев Кашектің ұлы Ерланға үйленген, руы Ақбарша. Ұлдары Медет, Кәден. Қыздары Жанар, Бұлбұл. Гүлнәзира Рашидтың ұлы Макбозбен үйленген.

руы Ажы. Ұлдары Данияр, Нұрлан. қыздары Айман, Акерке, Мәдір. Дәмира Жұмажанов Қабайдың ұлы Нұрғалимен үйленген руы Қыдыр. ұлдары Біржан, Бауыржан, қызы Ақниет, Шакура (бірінші жолдасы Әйкен, руы Дерібсалы , 1939 жылы кадрова армияға алынып, содан оралмаған), одан Клара деген бір қыз қалған.(екінші жолдасы Тұқыш, дайындаушы болып жұмыс істеген, көрсетіндімен сотталып «Карелия» жерінде қайтыс болып, сүйегін туған жеріне әкеліп жерленген), одан Бақытгүл деген қыз қалған, ол Жүнісов Серікке тұрмысқа шыққан , руы Керей. Ұлы Айдын, қызы Айнұр. (Үшінші жолдасы Данин Сіләмқұл, руы Көрген бұдан бала болмаған. Кезінде Аякөз қаласында милиция бастығы болып жұмыс істеген. Өз ажалынан қайтыс болған). Сіләмқұлдың бұрынғы әйелінен үш қыз қалып, Шәкураның тәрбиесінде болған.

Мәдениет тоғыз бала қалған. Розаның бес баласы бар. Клара, жолдасы Солтан, сүйегі Мырзас, бес баласы бар.

Байкожаның Мәткерімінен Қабдолла, Смағұл, Сейфолла. Қабдолладан Әшім, Әшімір (екінші әйел алған, екінші әйелінің аты Күлән, руы Жарылғап), Бопай, Салық, қызы Рухия (Семейде тұрады).

Әшімнен Халық , Ғалым, Қыздары Фарид, Көмила, Мәрия, Көдірхан. Әшімірден бірінші әйелінен Қали, екінші әйелінен Нұрлан. Қалидан ұлы Рахат, Қуаныш қызы Қарлығаш . Нұрланнан ұлы Жако, қыздары Сәуір, Шолпан.

Бопайдың ұлдары: **Бақыт** , Қанат, Марат, Берік, Серік, қыздары Райхан, Сәуле.

Салықтан **Ахат** , Мақсат, қызы Айгүл, Райхан, Айман. Смағұлдан Манап, Жағыпар. Сейфолладан Жәлел, Сейітқазы.

Жапақ.

Жапақтан Суат. Суаттан Бәйтөбет, Жаманғат, Өлемсек. Жамағаттан Елдес, Емдес. Өлемсектің ұрпақтары белгісіз.

Кезінде Жапақ ауылы бірқыдыру ел болған, бірақ ата жөнін ажыратып кейінгі ұрпақтарын тарататын адам табылмады.

Қабай

Қабайдан Азамат, Азаматтан Матайбай, Шора, Бекбосын, Бибосын (Таскескен ауылында тұрады).

Матайбайдан Аманшал, Аманшалдан Тойғанбай, Тойғанбайдан Рахымжан (Биғашта тұрады). Рахымжаннан Тұрсынбек. Мәуіліт бір қызы болған.

Бәйбішеден Байбалта, Жанбалта, Өгізбай, Төленбай, Сүлеймен. Екінші әйелінен Малбағар, Бактыбай.

Байбалтадан Мұхаммади, Баймұханбет, Нұрмұханбет.

Мұхаммадиден Қайніке деген қыз болған. Жанай еліне тұрмысқа шыққан. Одан Төкен деген қызы болды. Төкен Жаназаров Жүсіпке (Юсіп) тұрмысқа шыққан, руы Уак. Балалары : Марат, Айқын, Бақытжан, Зәуреш, Дінә, Менжамал, Балжан.

Баймұханбеттен Дуанбай, Сержан, Сегізбай, Ержан, Жұмағазы, Қалиғазы, Найманғазы.

Сержаннан Ғайни деген бір қыз болған (бұрынғы «Красный скотовод» совхозында тұрады).

Сегізбайдан Қайсабай, Исабай (Қытайда тұрады).

Ержан, бөйбішесі Шәйза, бала болмаған.

Жұмағазыдан Жамал деген қызы бар. Қаженов Бейсенге тұрмысқа шыққан, руы Мырзас.

Қазыбек, Қалиғазылар Ұлы Отан соғысына қатысып хабарсыз кеткен.

Найманғазының Дүйсенғазыдан асырап алған Мұрат деген ұлы болған. Сержанның қызынан асырап алған Сәуле, Ғайни деген қыздары болған.

Жанбалтадан бала болмаған.

Өгізбайдан Дүкенбай, Кәрібайдан бала болмаған.

Дүкенбайдан Базарбай, одан Жакоқ, Жакоқта үш бала бар.

Өгізбайдың баласын Кәрібай асырап алып қайта еліне оралмаған.

Кәрібай заманында Би болған адам. Бөйбішесі Сыбан Мінебай қажының қызы. Мінебай қажының екі қызы болған, айттырып берген қызын көшіріп беруге келіспеген соң, шауып аламыз деп Малбағар Аякөз батырлар барған соң айттырған қызына жеті үй қосып көшіріп берген.

Бірақ арада бала болмаған соң, артынан бірнеше жыл өткеннен кейін бөйбіше төркініне барамын деп кетіп оралмаған.

Айттырып алған әйелі келмеген соң, Қарауылжасықтан Момын деген қызды айттырып алады. Амал не одан да бала болмайды. Бала болмаған соң бес жылдан кейін Нұрмұханбетті бауырына салып асырап алады (ұрпақтары «Большевик» совхозында тұрады).

Нұрмұханбетов Ақказы, оның баласы **Мақыбай**, Мақыбайдың балалары Алматыда тұрады, шешесі Зубанның көзі әлі тірі.

Сүлейменнен **Есім**, **Қамке** екеуі де қайтыс болған.

Қамкеден бір қыз болған («Карл Марксте» тұрады).

Малбағардан Шәкер (бөйбіше баласы). Шәкер Бижәмiш деген аймаққа аты шыққын сұлу қыз Ырсақ Бақарбайдың қызын айттырып алған. Кейін Шәкер де, Бижәмiш те қайтыс болған. Одан кейін бөйбішелер Бүбіжан (Таракты қызы), Нұрғайшалар қайтыс болады.

Інісі Бақтыбай қайтыс болғаннан кейін балалары Зия, Шәкірт, Шәкербектерді, Малбағар бауырына салып бала етіп алады да асырап өсіреді. Бақтыбайдан белгісіз.

Біл

Білден Сәбит, Сегізбай, Анабай, Тотыбай, Араб.

Білдің Сәбитінен ұрпақтары белгісіз.

Сегізбайдан Қисабай, Исабай, Анабай (ұрпақтары белгісіз).

Тотыбайдан да ұрпақтары белгісіз.

Арабтан Темірғали, қызы Нұржан, Сәбен, Көккөз. Бөйбішесі Құрмантайқызы Зәуренбек, руы Шойтабан.

Көккөзден Сейіт, қызы Нұрсағат.

Темірғали, бөйбішесінің аты Қалжан, ұлы Мұкамeтбек (Алматыда тұрады).

Нұржан Жетімеков Мұхаметқалимен тұрмыс құрған, руы Қарабай. Ұлы Қинаш қайтыс болған, қызы Сәуле Амантаев Ұлықбекпен тұрмыс құрған, руы Шойтабан. Тегі Матай елі көрінеді. Ұлдары: Мақсат, Қайрат, Бағдат, Талғат, Қыдырбек, Асқат, Парқат. Қыздары: Құралай, Баян, Салтанат, Кенжегүл.

Сейіттен Күләш Әбілмәжинұлы Карлмен тұрмыс құрған, сүйегі Қыржы, Жолшара оның ішінде Қойлыбай. Ұлдары Мирлан, Миржан. Мирлан, әйелі Бақыт Жеңісқайыркызы, руы Арғын оның ішінде Қазыбек, ұлы Әбілсейіт, қыздары Айғаным, Тоты, Дина. Миржан, әйелі Әсел Максүтбекқызы, руы Бура оның ішінде Ақтаз, қызы Аружан. Қыздары: Гүлжан, Айжан. Гүлжан Қожанов Серікпен тұрмыс құрған, руы Ақнайман Семейде тұрады, қызы Гүлім, Гүлмира. Айжан Оразбаев Маратпен тұрмыс құрған, руы Байғана, қыздары Әйгерім, Назым, ұлы Талғат.

Нұрсағат Омаров Ахмедиярмен тұрмыс құрған, руы Кенші, балалары бар. Ұлдары Ораз, Серік. Ораздан ұлдары Қуат, Қайрат қызы Құралай.

Көккөз аласапыран заманда Ақжалад қайтыс болған (тегіндегі Комсомол совхозының фермасы). Көккөздің бөйбішесі Зәуренбек пен Бәкімбайдың бөйбішесімен бірге туысады. Зәуренбек Нұрсейітов Қапстың әкесінің қарындастары болып келеді.

Біл ұрпақтарынан Мұса, Мұстафа дегендер болған. Мұсаның балалары Аманбай, Рамазан екеуі де қайтыс болған. Олардан Көкебай деген бір ұл бар (Аякөзде тұрады). Рамазаннан Жаңылқан деген қыз бар, қазір Қапшағайда тұрады одан Гүлжауһар деген қыз бар Ақшатауда тұрады.

Малжын

Малжыннан Бердеке. Бердекеден Жақай, Жалмырза ұрпақтары Аякөзде тұрады. Бұл ата да бірқыдыру ел болған, ажыратып айтатын көнекөз қариялары жоқ.

Қырықбай

Тарихи деректерге жүгінсек Кегенбайұлы Қырықбай заманында ірі тұлғалардың бірі болғандығын аңғартады. 1844 жылы тамызда шекара басшысы Николай Франсуович Вишневскийдің өкімімен Көкпекті округтік приказының салтанатты ашылуы болады. Шекара басқармасының кеңесшісі Булыгин оның құрметіне қазақ халқының салт дәстүріне сай салтанатты мереке ұйымдастырылады, қазына еесібінен ас беріп, ат жарысының бөйгелерін тігеді.

Төрт Мұрын болысынан салтанатқа құрметті қонақ ретінде Тана Мырза Тілемісұлы, Бокбасар би Жамантайұлы, Қырықбай би Кегенбайұлы қатынасқан деп жазылыпты.

Бірінші әйелінен Қаракұла, Уса. Екінші әйелінен Балтабай, Балға. Үшінші әйелінен Серек.

Қырықбайдың Қаракұласынан Солтабай. Усадан Сасан, одан Тобышак, Тобышақтан Қали.

Балтабай Кәенәй (скотоводтың Засимовка деген селосында), Елеусі: одан Мәжен, Мәженнен Сайлау ұлдары Берік, қызы Сұраухан(күйеу Тілеуберді руы Түяк) Балтабайдан (кейінгі бір атасының атын ұмытқан).

Жайсанбайдан Сәдуақас, Сәдуақастан Манап әйелі Гүлжауһар (Жәукіш) руы Қарауылжасық ішінде Мұраты) ұлдары: Ертай, Ержан, Нартай, Еркін, Бақытбек, Бақытказы қыздары Қарлығаш, Қаламқас, Алтынай, Кенжегүл.

Ертай(әйелі Уәзипа руы Сары) ұлдары: Куаныш, Дулат қызы Мейрамгүл.

Ержан (әйелі Бақыт руы Жанай ішінде Тонашасы) қыздары: Әсем, Сағынған.

Нартай (әйелі Маржан руы руы Жанай ішінде Торғайы) ұлы Ғалым қызы Тансық.

Еркін (әйелі Бағлан руы Бағанаян Балталы) ұлдары Еркебұлан, Айбек,, қызы Айдана.

Бақытбек (әйелі Айсұлу руы Мырзас ішінде Қалқаманы) ұлдары: Асанәлі, Нүрдәулет, Тоқтар қыздары Әйгерім, Арайлым.

Бақытказы (әйелі Еркеш руы Тоқабай онын ішінде Қожакелді) ұлдары Мирас, Әділ. Қыздары Мөлдір, Шырын, Толқын.

Қарлығаш (жолдасы Серік Әубәкіров , Ескалидын баласы , руы Жанай онын ішінде Тонаша) ұлдары Қанат, Талант, Мейір. Қыздары Жаналық, Әсел.

Қаламқас (жолдасы Ахметбек (Ахалай) руы Ырсак) Ұшаралдын Қарабұлақ деген ауылында тұрады, ұлы Алмас қыздары: Жұпар, Шолпан, Сая, Сымбат.

Алтынай (жолдасы Төлеужан (Төкен) руы Қыржы Шотанов Сәйтбектің ұлы) ұлдары: Серік, Талғат, Риант қызы Жанерке.

Кенжегүл (жолдасы Болат руы Адай) ұлы Әділет. Талдықорғанның Ұшаралында тұрады.

Балғадан Балта.

Серектен Әлімбай.

Қырықбайдан Сасан, Сасаннан Әубәкір, Әубәкірден Құрмаш, Құрмаштан Төлеубек, Мырзабек, қыздары: Төкен, Айман, Шолпан . Әліпен, Әлімжан, Әлімжаннан Әбдікәрім.

Әбдікәрімнен Сайлау, Амантай, Күлбаран. Сайлаудан ұлдары: Серік, Ерік, қыздары Зоя, Рая.

Серік, әйелі Сания (Әміржанұлы Қажыбектің қызы), балалары Әсет, Жадыра.

Зоя , күйеуі Қапан Мақанұлы, руы Қыржы, балалары бар.

Рая, күйеуі Серік Фазылұлы, балалары бар.

Күлбаран күйеуі Жұмағұл Балғабайұлы, руы Жәнбике, Қарымсак, ұлдары Қайыржан кайтыс болған, Біржан, қызы Нағима. Қайыржаннан Мишон, Токжан, Айжан. Біржаннан Айсұлу.

Әлпеннен Жұмағазы, Қайныш. Жұмағазыдан ұлы Сәбет қызы Күлтай. Бірінші әйелі Нағима, руы Қыстау Қыржы, ұлдары Мұрат, Болат, қыздары Бақыт , Баян, Мәдина , Динара. Екінші әйелінен ұлдары Серік, Берік. Күлтай күйеуі Ақаш руы Жанай ішінде Ақшабай балалары бар.

Қайыныштың күйеуі Шарахмет Бейсенбайұлы, руы Ақбарина, ұлдары Ермак, Еркінбек, Нұртас, Бектас, қызы Айгүл.

Ермактан Ринат, Қуат, Бектастан ұлдары Ерлат, Мираг, қызы Динара.

Әбдікөрімнен Амантай, әйелі Қаламқас, руы Ырсак. Ұлдары Төке, Жако, Дастан, қызы Самал. Ахметқали Әбдікөрімдерге жақын Қырықбай.

Ахметқалидан Уалиоллада (Уанқан), үш ұлы бар Семейде тұрады. Қалипа, Түркістан, Қалан, інісі Көкім деген болған Шар ауданында тұрады.

Әубөкір одан Құрманғажы – Құрмаш, Құрмаштын асырап алған әкесі Әукен мен Қабдірашид бірге туысады. Әукен екі әйел алған адам. Бірінші әйелінен асырап алған баласы Құрмаш. Екінші әйелі Нұрғайша одан бала болмаған: Әукен «Большевик» совхозында малшы болып жұмыс істеген. Сол жерде дүние салған.

Әукенұлы Құрмаш бірінші әйелі Қабытаева Зейнеп, ұлдары Төлеубек, Мырзабек (фамилиялары Әміржанов Қабытайұлдары болып жазылады). Қызы Нәзира (өкелері бөлек, шешесі бір). Құрмаштан ажырасқаннан кейін Зейнеп Уашка тиген (руы Мырзас ішінде Нарбота). Одан үш қызы болған. Уаштың үлкен қызы ұлты көріс азаматына тиген. Құрмаштын екінші әйелі Бәтима (Салық молланың қызы Рухиямен бірге туысады), қыздары Роза, Айман, Нәзира күйеуі Тұрарбек қайтыс болған, Шар ауданында тұрады. Роза күйеуі Бұланұлы Жаканбай, Шұбартаулық. Қайнар университетінің мұғалімі, ұлдары Жандос, Елдос, қызы Эльмира.

Айман, бірінші жолдасы Ахметжанов Мұқатай, руы Матай қайтыс болған. Бұдан Айдос, Арсылан деген ұлдары бар. Екінші жолдасы Қойшыбекұлы Аркалық, руы Матай қайтыс болған, үшінші жолдасы Азаматұлы Бекболат, руы Керей, оның ішінде Баян. Айман басында Семейдің қаржы институтында, кейін мединститутта мұғаліма болып жұмыс істейді. Бекболат №35 колонияда хирург (Мекен жайы: Рысқұлов көшесі, 87 пәтері 24).

Құрмаш жас кезінде жалғыз ұл болғандықтан ерке болып өсіпті. 1978-жылы Шар ауданында дүние салған. Қабытай да «Большевик» совхозында малшы болған, руы Акнайман.

Төлеубек Нұржан, Ақмарал, Маржан, Айман сияқты бала тәрбиелеп қанағтандырып отырған ұлағатты әке. Зайыбы Сәнияның да бала тәрбиесіндегі еңбегі айтарлықтай деуге болады. «Роза сынды жұптармен, дәм-түздары қалысты-ай, көңілдері қалыспай, көз жазып кетгі-ау алыстай».

Мырзабектен бір ұл, бір қыз бар. Қырықбай ұрпақтары Балға, одан Балта, Балтадан Кәрім, Көрімнен Нұрмұханбет (Окан), жолдасы Құлбағи, руы Кенже (Кәдірбай мен Тортаевтарға жақын болып келеді).

Мұқанбет Көкпектінің детдомында болған. Педучилищені бітіріп «Жанғызтал» колхозында бастауыш мектепте сабақ берген. 1941 жылы Сәдібекова Құлтайдың үйінен Ұлы Отан соғысына кетіп, қайтыс болған.

Мұқаш Қытайда «Шәуешек» қаласында қайтыс болған.

Бадантан таныды Садуакас. Көңү. Көңү деген тер болган. Садуакастан (Күдүк) екі кыз бата болып кайтыс болган.

Нүрмүханбеттен (Окан) ұлдары Ербол, Нүрбол, Берікбол, 1995 жылы кайтыс болган. Қызы Қамаш.

Ербол әйелі Темірханқызы Алмагүл, руы Мырзас оның ішінде Қалқаман, ұлы Нүржан, қызы Маржан.

Қамаш, күйеуі Құрмаш Жексенбайұлы, руы Мырзас.

Қырықбайдың Серегінің Әлімбайлармен сабақтас болып келетін Бошай, одан Отыншы, Отыншыдан Садуакас, Қапас, Қамза, Қыздары Нұрқасым, Нұрила.

Қапас, әйелі Қазипа, руы Жанай ішінде Төре, Қапастың шешесі Асыл, руы Сары, Қапастың ұлдары Қизатолла, Зейнолла қыздары Қайыныш, Ақыман, Нәзигүл.

Садуакас, әйелі Шөкер, ұлдары Токташ, Қадыр, қызы Күләш.

Қырықбайдың Қарақұласының Солтабайынан Рахымбай, Рахымбайдан Күдайберген, Молғаждар Ибраһим қызы Зейнеп, Күдайбергеннен Хамза, Мүки, Сыдык (әйелі Бәтима руы Бөйел) ұлдары Мақан, Ақан қызы Күлкеш, Мақаннан Асан, Көкен, Ардак, Ақаннан ұлы Досан қызы Анар, Күлкеш Шар ауданында Суықбұлақ ауылында тұрады балалары бар. Мүкидан ұрпақ жоқ. Хамзадан Әбілмәжіт, Әбілмәжіттен Бақытхан, Серік, Союзхан, қыздары Күләйхан, Ырысқан (жолдасы Кәукен руы Қожакеді), Бақытханнан ұлы Орал, қыздары : Жанар, Жаңыл, Айнұр, Сайлаугүл, Серіктен Аманкелді, Қуаныш, Малғаждардан Шәріпхан, Ниязхан, Шәріпханнан Берік, Жаксылық, Бейбіт қызы Арай, Ниязханнан Серік, Ерік, қызы Саңдуғаш, Зейнеп Сәдібек ақсақалдың бөйбішесі болған. Осы атамен сабақтас болып келетін Қожайдан Әлімжан, Әлімжаннан Мәуітқазы, Айтқазы, Айтқазыдан Құрман, Қажыдан Мейір, Сая, Жалыра, Жанар, Шыныр, Жұмағазының ұрпақтары белгісіз.

Күдайбергеннің қыстағы тарбағатайдағы Солтабай қорасы, Ибраһим 25 жасында кайтыс болған. Зиратының материалын Өскеменнен әкеліп салдырыпты. Салған шеберлерде сол қаладан келіпті деген ел аузында аңыз бар. Ибраһимнің әйелі Нүрғайша, одан Қазтай туады. Нүрғайшаны Мүхи алғаннан кейін Қазез туады.

Күл

Күлдың бірінші әйелінен Шерубай, Сағал, Шолак, екінші әйелінен Шегебай, Изенбай, Кірмандай.

Күлдың Шерубайынан Бөкіш, Бікіш.

Бөкіштен Әубәкір (Қытайда), Мүкыш.

Бікіштен Мұхамедәмір, Омар, Әміре. Омар үш әйел алған адам. Бірінші әйелінен Әшір, Нәзір (Қытайда), Мұхамедрахым (Мәңгәй) Қытайда. Екінші әйелінен Қазез, Мәлік (Мәдік), Әшірден Охаб, Охабтан Кәукен, (әйелі Ырыстай, руы Сары), ұлдары Бауыржан, Ақылжан, Мұратжан қызы Гауһар.

Омардан Мәлік (Қамар Әбдікешқызымен үйленген, руы Тоғас). Өзі қайтыс болған ұрпақтары Аякөзде тұрады. Қызы Шөрпәжамал (Шәкен), күйеуі Қабдығалиұлы Ғани, руы Арғын.

Мәліктен **Сейітжан**, ұлы Ғадылбек Аякөзде тұрады, Ғадылбек (әйелі Күләй, руы Мырзас) ұлы Бота, тағы да балалары бар.

Нәзірден Солтан, Солтаннан Бауыржан.

Қазезден ұлдары Ақан, Ақат, қызы Шәкер (Аякөзде тұрады).

Ақаннан ұлдары Аскарбек, Дулатбек, Дұғали. Ақаттан қыздары Ділбар, Ләззат.

Әмірден Жәлел, одан Қызыр, Қызырдың ұлы Назар, қызы Қалиша. Әубәкірден Ғалым, Ғалымнан Көкімбек, Бейбітбек, қыздары Дәриға, Фатима.

Сағалдан Сембай, Сембайдан Қапан, Қасым.

Шолақтан Оразбай, Жұқабай, Әлімжан, Әбді, Хасен. Шәмшит. Шегебайдан Тұрлыбек, Ахметқали (Большевикте).

Изенбайдан Оразғали. Кірмандайдың ұрпақтары белгісіз. Нәзір Семейде сот болған. 1929 жылы елге кәмпескелеу ілінгенде Қытай еліне кетіп сол елде жүргенде ұйғыр-қазақ газетінің бас редакторы болып, ұлттар институтына орыс тілінен сабақ беріп жүрген жерінен ұсталды. Тағылған айыбы: Алашорда партиясында секретары болды деген желеумен түрмеге алып, 15 жыл түрмеде отырған, сонда дүние салады.

Нәзір ұсталғаннан кейін Қалбанын Қазезі (руы Тоқабай), Мырзахмет (руы Қарабай), Шәкерім Қажының ұлы Зайіт, алашордашылар белсенділері ретінде ұсталып бұлар да Қытай түрмесінде көз жұмыпты.

Нәзірден Сұлтан Қытайда Үрімжі қаласында тұрады. Қазақ-қытай тіліндегі кітаптарды аударуда жұмыс істеген.

Сұлтанның ұлы Бауыржан. Бауыржанның аты өзінің жазған «Арнамыс» деген кітабына байланысты беріліпті. Кейін атын өзгертіп тастапты. Пекинде Қытай тіліндегі институтты бітірген. Эколог. Академияны да оқып бітірген көрінеді. 1991-1993 жылдары Қытай делегаты ретінде «Арал теңізі» жөнінде Қазақстанға келіп қайтыпты.

Шерубайдан Қазез 1929 жылы туады. Қытай шекарасына асып бара жатқандағы жолдағы атыстан қаза табады.

Қазезден Ақан Алматыда тұрады, жасы 80-нен асқан. Кезінде спорт саласында істеген. Қазірде ата жолын балалары жалғастыруда. Шегебайдан Тұрлыбек 1929 жылы Ақсуатта бай деп ұстап, соттап Зайсан түрмесінде дүние салыпты (ұстаған кезде 500-қойы болыпты).

Тұрлыбектен Ахметқали, Бекетай деген ұлдары болған. Бекетайға да 1929 жылы бай құлақ деген ат қойып, айдар тағылып бір түнде алты адаммен қоса әкетіп Көкпектінің түрмесінде дүние салған.

Ахметқали 1948 жылы Шәуешекте қайтыс болған. Ұлдары: **Асылтай**, Қалтай, Нұрахмет (Большевик совхозында тұрады).

Асылтайдан жеті бала бар үшеуі ұл. Нұрахметтен бес бала біреуі ұл. Тоқалынан Айсыл (Қоңыр), руы Тұяқ, Шынасыл Қоңырдың сіңлісі.

Айасылдан (Қоңырдан) ұлдары Ахметбек, Слятай, Мәулен, қыздары Нүржіке, Зағи.

Ахметбектен ұлдары Кенес, Айткали, Серік, Берік, қыздары Бакытгүл, Түржамал, Бақалай, Сақанай. Слятайдан Жұмағали, Беріккали, Айткали, Нұрғали (Аякөз қаласында тұрады).

Мәуленнің әкесі Тұрлыбек Қытай жолында оққа ұшып, Ахметбек пен Слятай Мәуленнің карауында қалады.

Мәуленнен Тұрғали, Еркін, қыздары Сауле, Зауре.

Тұрғалидың ұлы Ербол, қызы Ботакөз.

Нүржіке, күйеуі Жотабаев Қабыш. Қабыштан Амантай, одан екі ұл, екі қыз бар.

Кентай ұлдары Азамат, Бауыржан және үш ұл бар.

Сағалдың ұрпақтары белгісіз.

Шолаттан Қапан. Қытай жолында Шолат оққа ұшады. Айасыл сегіз баласымен қалады. Айасылды Қапан алып, Мәулен сол кісінің бауырында кетеді. Қапаннан Сейітақын. Екі бауыры Алматыда тұрады. Сейітақыннан бес ұл, үш қыз бар (Большевик совхозында тұрады).

Бозай

Бозайдан Көжек, Ақшал, Баймал, Бактыбай.

Бозайдың Ақшалыннан: Нұрымбек, Рахымбай, Рахымбек. Нұрымбектен Бөкейхан (Бөкей), Қалихан, Бөкейхан шешесі Збила (әйелі Күлсара, руы Ақбарша) ұлдары Серік, Ерік. Серіктен ұлы Мейрамбек, қызы Индира. Еріктен ұлдары Мұхит, Ермек, Жанарбек, Мирас, Манарбек. Қыздары Айгерім, Бибігүл (Ермектің әйелі Гүлнәр, руы Көнші, әкесі Зәкен деген).

Бозайдың Көжегінен Мұса, Қойбағар. Мұсадан Токтаған деген қыз бар. Күйеуі Смағұл, руы Мәмбет.

Қойбағардан Қапан, Әбдікәрім, Мырзакемел, Әбді.

Қапаннан Уалхан (әйелі Күлжәмила, руы Қарабай).

Уалханнан ұлы Талғат, қыздары Оралхан (Ораш), Олжас, Айгерім, Нәзигүл, Мейрамгүл.

Әбдікәрімнен Тілеухан (Таухан) әйелі Айгүл, руы Тобықты ұлдары Дархан, Дастан.

Оралбек (Ораш) әйелі Мейрамгүл, руы Байыс) ұлы Ринат.

Бактыбайдан Жанболыннан Жұмаш, одан Бейсен (әйелі Мәриям, руы Сыбан), ұлдары Секенай, Сәрсенбай, қыздары Нәсия, Әшия, Илмина, Сандуғаш (Үржарда тұрады).

Ақшалдың Рахымбайыннан ұлы Ыдырыш, қызы Шәкербану. Ыдырыш (әйелі Сақыпжамал, руы Мәмбет ішінде Сұлу) ұлдары Сейсен Руслан, Максат, Асхат, Есхат, қыздары: Жанаргүл, Мейрамгүл, Амангүл, Айгүл, Сазгүл, Анаргүл. Сейсеннен Қуат, Балнұр.

Шәкербану, шешесі Биғаным (күйеуі Қалқабай, руы Мәмбет Қарқара. Сайболат Башбай байдың немерелері). Ұлдары Күзенбай (әйелі Жанна, руы Бұра), ұлы Мұрат, қызы Еркежан (Талдықорғанда тұрады).

Маманшынбатыр (өмірі). Дүйсен (Бейсен) әйелі Дәмет, руы Кегенбай, Көкенин қарындасы. Ұлдары Марат, Манат, қызы Айжан.

Қойбағардың Қашқынынан Мырзақемел қажы, одан Абдолла, Абдолладан Болатшайық, Қадыр.

Болатшайық (әйелі Қайша, руы Сары коки) ұлдары Майдан, Токан, қызы Зейнеш.

Майданнан (әйелі Күлкен, руы Жарылғап) ұлы Талғат, қыздары Бағым, Көмила, Лаура.

Токан (әйелі Райхан, руы Көнші Садақты) ұлдары Талант, Думан, қызы Шынарғұл.

Талғат (әйелі Нүргүл, руы Жәнбике) қызы Жанар.

Қадырдан Жұманбек (Жұман) (әйелі Байжұмақызы Гүлсім, руы Сары Әуел, Ұлдары

Мұхаметқан (Түкаш), Төлеубай, Жанат, Нарынбек. Қыздары: Төлеу, Бакыт, Алмагүл (Нарынқолдың орталығында тұрады). Абдолланың қыздары Зылиман, Зылиха, Зібайла (Зібайланың күйеуі Айтымақ руы Мырзас), ұлы Сиязбек, қызы Күлия.

Мырзақемелқажыдан Ажыбай, Қажыбай, Сейітқажы, Көрібайқажы, Абдолла.

Көрібайқажыдан Айтқали, Биғали, қалғандары Қытайда, Биғали, Аяқозде.

Мұхаметхан (Түкаш), әйелі Нағила Қарағандылық, қыздары Әсем, Әсел.

Төлеубай (әйелі Роза Бейсенбин Сағындықтың қызы, руы Қыржы) бір ұл, екі қызы бар.

Рахымбектен Амантай шешесі Тәуірбала (әйелі Айгүл Тоғас қызы) ұлы Нұржан, қыздары Сандуғаш, Қарлығаш, Раушан.

Баймал, Бактыбай ұрпақтары белгісіз.

Ақшалдың ұлдары Слям, Мағауия, қызы Самзапануздың ұрпағы жоқ.

Өтеулі

Өтеуліден Досбол, Досабай.

Өтеулінің Досболынан Қыржыбай. Қыржыбайдан Шағыжан, Нәби. Жәми деген қыз болған. Досбай ұрпақтары белгісіз. Өтеулі ұрпақтары да кезінде бірқыдырқ ел болған. Жан – жаққа бытырап тарап кеткендіктен. Өтеулі ұрпақтарын тарататын қариялар табылмады.

Өтепберді

Өтепбердіден Кеніш, Тыраш. Тыраштан Әлішек, Теміртек. Кеніштен Тошан, Таңатар, Тұнғатар, Айтақ, Маймақ, Райымбай. Райымбайдан Адам, Бөлекбай, Бейсенбай, Рақыш, Уақыш, Нұрақыш, Биакыш. (Қыстағы Тарбағатай тауындағы Теміртек қорасы).

Райымжан, Кәкім ұрпақтары белгісіз.

Бөлекбайдан Биғашта деген қыз болған. (Әділбек деген азаматпен тұрмыс құрған, руы Сары, қайтыс болған) ұрпақтары «Социалистік» селосында тұрады.

Бейсенбай, одан Бияхмет Ұлы Отан соғысында қапыс болған. Ұлы Темеш (Кокпекті ауданы Ивановка селосында тұрады), ұлдары Арман, Алиямыс, және екі ұл бар. Тұрлыхан Талдықорғанда тұрады.

Рақыштан Айтказы, Қабдікәрім екеуі де қапыс болған.

Айтказыдан ұлы Нұрлан, қыздары Шолпан, Жанар, Анар.

Қабдікәрімнен Нұртай (Оскеменде), Нұрлыбек (Ивановкада).

Уақыштан Қалел - қапыс болған, Иген Алматыда тұрады.

Нұрақыштан Долда – қапыс болған. Одан Еркін, Еркінбек, Мұрат (Ивановкада).

Бнақыштан -- Салық, Мекенбек

Салықтың бірінші әйелінің аты Дина, руы Айлар. Тілеуғазы деген ұлы. Маржангүл деген қызы бар. Екінші әйелінің аты Нұркамал, руы Қыдыр, Аслан, Ахат деген ұлдары. Қаламқас, Сандуғаш деген қыздары бар.

Мекенбек әйелі Бағила, руы Қырды ішінде Жандос, Рахат, Алмат деген ұлдары мен Перизат деген қызы бар. (Алматыда тұрады)

Айтмактан Белгібай, Ағадай, Токтардан, Кәрімнен, Бияхметтен Тұрлыхан (Талдықорған қалалық газетінің бас редакторы болған. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі).

Маймактан Қайран, Дүйсенбек, Дүйсенбай одан Шарахмет (Шаран), одан Бақыт.

Шежіреде жазылған көп ата балаларын кейінгі ұрпақтары ажыратып айта алмайды. Көбісі « Ақтандақ», «Қаратандақ» жылдары байлығы қажылығы, молдалығы би болғандығы, болыс болғандығы үшін ертеректе айдалып жер ауып кеткен.

Ұрпақтарының әке шешеден айырылып жетім қалып «детдомда» тәрбиеленіп басқа қалалармен, аймақтарда қалып әкелерінің атын ұмытқандары да бар көрінеді. Осыны осы шежіредегі Кегенбай ұрпақтарының барлығына да қатынасы бар деседе болады.

Мысалы: Өтепберді ұрпақтарынан тарайтын: Белгібай, Ағалай, Алам, Тұнғатар, Қотыр, Қажығұл, Елеусіз, Рамазан, Байқуаныш, Кәрім, Кәрман, Мейірман, Мұхаметқали, Балахмет, Болекбай, Бейсенбай, Райымжан, Кәкім т.б ұрпақтардың қай атадан тарайтынын тап басып ажыратып айта алмайды. Міне бұл көнекөз қарттардың жоқтығы.

Тыраштан Әлішек, Теміртеқ, Әлішектен Райыс, Барақ, Теміртектен Қонақбай, Әрімбет, Қали, Нұғыман.

Барақтан Хамза, Мүгілән, (Нұрбатыр, Сербатырдың женгесі) қыздары: Бақыт, Күләнда.

Қонақбайдан Түсіпхан, Құмар, Әмір, Зікір, Имамәди. Түсіпханның қыздары: Шәкен, Күләйім

Әмірден Сақаба, Ескендір, Зұлхарнайын, Қабылқак, Қыздары: Ажар тағы бір қызы болған. Сақабадан ұлы Мұхамедрахим (Мұхамед) қыздары Қамат, Ғакку

Мұхамедрахим (әйелі Қамалхан), руы Сары). Ұлдары Бауыржан, Нұрлан, Ержан. Қыздары: Бағдат, Ләззат, Сымбат, Жанар.

Нұрлан әйелі Жанат, руы Мырзас оның ішінде Бекетші. Ұлы Мейіржан.

Құмардан Рахым, Қинаят. (Қытайда)

Зікірден Ақас, Токтар. Қызы Боқан.

Имамәдиден Шакен және бір қызы болған. Шәкеннен Ермек,

Еркін қызы Ескермес.

Әжимбеттен Ұлықбек, Әділбек (Қытайда қытайда тұрады)

Ұлықбек әйелі Меруертжан, руы Макпал. Ұлдары: Баймұрат,

Шаймұрат, Мұратбек,

Тілек және екі ұл екі қызы бар (Шар ауданында тұрады).

Қалидан Қасымхан одан Әнуарбек алты, жеті бала бар.

Нұғыманнан Абылай, Қалкеш (екеуіде Қытайда)

Т а р а қ т ы

Кезінде Қарқаралы жерінен саяси қоғамдық, өлеуметтік қолайсыз жағдайларға байланысты ауған елді тоқтатып Кегенбай би бала етіп асырап алып, Кегенбай бидің ұрпақтарының ішіне сіңіріп жіберген елдің бері осы Тарақты елі. Содан бері қарай үш ғасыр бойы шежіре де бірге жазылып келе жатқан осы ел.

Шерубай ұрпақтарының басына «алашордашыл» деген ат қойып айдар тағылған кезде бұлардың басына да қудалау түсіп, қуғын сүргінге ұшырап жан-жаққа бытырап кеткенді мезгейді.

Енді бұл тарихты 1959 жылы Қытай елінен келіп Мақаншы ауданына орын теуіп тұрақтап қалған Шылғаубайдың шөбересі Сарқытбай ақсақал былай деп баяндайды:

Шежіре бойынша Шылғаубайдан, Ысқақ одан Оспан, Оспаннан Сарқытбай екен. Кегенбай бидің Шерубай аталарына қоныс теуіп бірге өскен Тарақты елінің арғы аталары Әлі екен. Әліден тарайтын Көгедайдың үш баласы Абыз, Байшағыр, Токтар елі келіп қоныстанып Сарыбұлақтан қыстау, Қарғыба – Базардан күзеу мен егістік жер алыпты. Жайлауды Қалбадан, Қайрақтыдан, Көксаладан беріпті. Кейінірек Өкпеті, Қызыл тасты жайлау етіп, Көкпектіге қарасты сегіз ауыл Кегенбай-Тарақты атанған осы ауыл еді дейді.

Енді шежіреде Тарақты елі былай тарайтын көрінеді. Абыз-Байшағыр. Токтардың Абызынан: Бекше, Бекман. Бекшеден Мынбай, Тәкен. Мынбайдан Шоқай одан Ноғайбай,

Сарт. Ақай, Алғабай, Қазымбек, Теміржан, Дәрібай тарайды. Тәкен(Тәкеш), ұрпақтары Рахымғали ақсақалдың айтуы бойынша, Көкпекті ауданының Большевик, Қарағандыкөл совхозында Жомарт балалары Закария, Закамбай, Қанағат деген ағайынды үш кісі болған үшеуі де марқұм болған. Сол жерлерде, солармен бірге тұрған балалары бар. Аты жөндерін тоық біле алмадым.

Мынбайдан Шоқабай туады одан Ноғайбай -- дан Шылғаубай. Асан, Ақай,

Алғабай, Жалғабай, Досымбек, Сарт. Алғабай, Жалғабай, Досымбектің ұрпақтарының бар жоғын білмедім дейді.

Ноғайбайдан Шылғаубай, Асан, Ақай. Шылғаубайдан Ысқақ, Смағұл,

Мұхаметжан, Жұмағұл.

Ақайдан Жұмабек, Әділбек, Жәнібек. Асаннан Жанар, Қалибек, Рахымғали.

Шылғаубайдан Ысқак, Смағұл, Мұхаметжан арасында бір қыз болыпты ол Ақсуаттағы Әстаев Мұхаметжанның аналары – Күмісжан.

Ысқакатан, Оспан - нан Саркытбай мен Оразбай, Мәулітбай, Сайлауғазы (1978 жылы Алматыда шет елдер институтының екінші курсына оқып жүргенде жол апатынан дүние салды).

Саркытбайдан Ерлан, Гүлнар, Ержан, Эльмира, Төлеген, Сержан, Ерсін, Жанар. Ерланнан Жанна, Ербол. Ержаннан Гүлжан, Гүлнар.

Смағұлдан Күләндә (Кәріпжанов Кабденнің шешесі)

Мұхаметжаннан Қаматай (1992 жылы Қытайдақайтыс болды) жиендері Қапар, Капитан, Болатбек (Қытайда тұрады)

Құсыман одан Сайлаубек, Жұмағали (Үрджар ауданының сегізінші километрінде тұрады)

Жұмағұлдан Қабдікәрім, Ахметкәрім, Кәкен. Қыздары бар олардан жиендері бар.

Асаннан Смайыл, Әмір. Әмірден ұрпақ жоқ. Смайылдан Жапар одан Арман - нан Нұржан, Айжан.

Қалибектен Азат. Серіктен екі ұл бір неше қыз бар. Азаттан Қанат, Жәнібек.

Рахымғалидан Жаудат, Елшат, Дулат, Қайрат, Ерлан, Әсет және бірнеше қыз бар.

Жаудаттан Жомарт, Ақайдан Жұмабек, Әділбек, Жәнібек. Жұмабектен Дүйсенбай, Күлтай.

Әділбектен Сембай Сәрсенбай -1992, Қанаттан Әлішер, Сайлаубай, Әсембай, Бақытбек. Жәнібектен Күсенбай, Қайрат, Болатбек. Абай ауданындағы Жұмағұл ақсақалдың айтуынша: Досымбектен Есен, Есенбай. Есеннен Асқар. (Есенбай Қытайда «Майлыжайырда қайтыс болған) Ақсутта «Аққалада» Асқар деген туысымыз тұрады. Ол да Кегенбай ішіндегі Шерубай ауылымен сабақтас болып келеді. Байкөбек, Болжыр,

Шөкей, Айдарберген, Құдайберген, Шұлғау, Қойыпкеткен, Тастапкеткен.

Жаманбайдан Есен, Есеннен Асқар. Асқардан ұлдары: Қайсар, Төлеген, Сансызбай, Самат. Қыздары: Нұршакер, Гүлнар, Шакарбану. Қарлығаш, Салтанат.

Есбайдан ұлдары: Асқар, Ақбар, Махмұт, Амантай. Қыздары: Бақытхан, Нәзипа, Үмітжан. (Көкпекті ауданының «Бөкенінде» тұрады. 1962 жылы Қытайдан келген).

Жомартұлы Бәйел



Бәйел 1862 жылы Сібір бұраталарының заң реформасы негізінде округтар таратылып болыстың өкімшілік жүйесі құрылғанда Нарын болысына тұңғыш болыс болған адам.

Бәйел би туған Жомарттан,
Екпіннен тоғам орнатқан.
Егін салуды үйретіп,
Ел жағдайын оналтқан.
Көшпенді казак ауылын
Тұрақтандырып жанартқан.

Бәйел елі

Ілінген ұлы Мұхтар қаламына,	Тоғыз жаста Зайсанда
Жазылған “Абай жолы” романында.	Оқыды білім қонды да.
Ізгұтты Бәйел бидің шын ұрпағы,	Мұғалімдік мамандық
Жатады Токабайдың тармағына.	Алды оқып Омбыда.
Ізгұттының тарихы	Студенттік кезінен,
Айта берсек бай тіпті.	Тарбағатай, Зайсан жерінен
Шыңғыстауда ержеткен.	Қызылжар, Омбы, Ақмола
Білім мен күші сай тіпті.	Осындай талай өңірден
Күнәнбаймен кажыға,	Ел ішінде сақталған
Бірге барып қайтыпты.	Әдебиет үлгілерінен,
Ел бірлігін қорғаған.	Жинады жария етті де
Найман ата ұрпағы,	Шықты оқырман көңілінен.
Ізгұтты десек лайықты.	Отыншы да заңғар шын
Қазак даңқын арттырып,	Кейінгі ұрпақ аңғарсын.
Қанатын кенге жайыпты.	Жақсылығын жақсының
Айтсак Кабеков Ыскакты	Келешек жастар жалғасын.
Ел туын биік ұстапты.	Жармақұлы Смағұл
Халқын алға бастапты	Тарихи кесек тұлға бұл.
Көп көрсе де қыспақты.	Өркендеуіне елінің
Болашаққа жол тартқан	Сіңірген еңбек жылма-жыл.
Халық оған қол артқан,	Тайқазанын табыстың
Көсегесін халықтың	Смағұл да қайнатты.
Көгертіп теңдік орнатқан.	Қызылтау қырандарына,
Үзеңгілес жүрген Сәкенмен,	Қолбасшы болып сайланды.
Біз үшін Ысқак зор мақтан.	Таниды осы тұрғыда
Әлжанұлы Отыншы	Үріжар, Мақаншы аймағы
Үнілсек өмір жолына	Көкпекті, Ақсуат, Жа рманы

Ол басқарды жайнады,
Кең байтақ казак елінің
Тәуелсіздігін ойлады.
Ол күш жұмсап ансаған,
Биік түр казак байрағы.

Мухаметжанов Жағыпар
Журналист болды танымал
Ташкент орыс мектебін,
Бітірді үздік жалын бар.
Ташкент баспаханасынан,
Еңбек жолы басталды.
Мақала жазып манызды,
Жігерлендірді жастарды.
Ташкент институтынын
Журналистика бөлімін
Бітірді де Жағыпар
Арманын айтты елінің
Қолкасын құптап Мұхтардын
Абай жолы кітабын
Орысшаға аударған.
Білеміз сәтті шыққанан
Батухан, Шыңғыс ханды да,
Қазақшалап шығарған.
Көпшілік оқырмандарға,
Ой салған, жақсы ұнаған.
Қос тілді жетік менгерген
Сәтті өтті сындардан
Халқына берді көп көмек
Емес ешбір бұлданған.
Көрінді шығармашылықпен
Шұғылалы шындардан.
Жүрген жері жыр-думан,
Көрінген биік тұрғыдан.
Соның бірі Нұранбай
Құдасы оның Құнанбай
Қамқор болған халқына
Нұранбай карап қырандай.

Нұранбайдың Бозтайы
Ұста болды оңтайлы.
Жорғатайы дәрігер

Малды зерттеп қорғайды.
Батқақұлы Сағындық
Жұмысшы болған кезінде
Шежіреші сұңғыла,
Қасиет қонған өзіне.
Сағади болған колхозшы
Ардагері болған еңбектің
Тұрды кара халыққа
Дайындап бәрін керектің.
Токталсақ енді Дүйсешке,
Зейнеткер-шежіреші де.
Аудан даңқын арттырған
Тарбағатай төсінде.
Құсайынұлы Базарбек
Тілші болған тартымды
Он екі жастан колхозда
Еңбек етті өртүрлі.
Басталып Отан соғысы
Балалық шағын шарпыды
Оқуға зерек болады
Сөнбеді жігер жарқылы.
Қолына алды қаламын
Танытты таудай талабын.
Жария етті баспа бетінде,
Төл тарихын ауданның.
Мұнымен емес шектелген
Ауданнан шыққан көптеген
Ұлы тұлғалар жайында
Деректер жинап беттеген.
Ұрпақтарға ұлағат
Сыр шертеді өткеннен.
Сапорұлы Мұратта,
Сапорұлы Болатта
Халықтың қамқор ұлдары
Түлектер Ақсуатқа.
Тағдырдың боран, аязы,
Тондырып елін мұздатса,
Сапоров Мұрат, Болаттар,
Бөлеген елін шуаққа.

Сапор Құттықожасұлы



Жаксы үміт жетелеп Сапорды да,
Білім алған Шығыстың
Зайсанында.
Үстаздық мамандық ап еңбек етті,
Жана тілек және Екпін колхозында.
Жаксыларды қалайша ұмытасың,
Жаксылығын айталық нұры
тассын.
Ол Сапор Аксуатта интернатта,
Басшы болып шашыпты
шұғыласын.

Тарбағатай, Жана Несіп, Кіндікті, Көктөбеден,
Үшарал, Қызылкесік, Үш төбеден,
Қабылдаған жетімдер интернатқа,
Жас балалар танертен, түсте келген.
Өте жүдеу түрлері, киімдері де,
Жетімдер жаутандады именді де.
Оларға Сапор жасап камқорлықты,
Интернатта оқыды үйренді де.
Түл жетім елу қазақ балалары,
Сапорды саялады паналады.
Ер-жетті, аттанды Отан соғысына,
Ел қорғады, кейбірі, қырғыннан аман қалды.
Олар мынау Қаметов Қалиғазы,
Арғынбаев Бидахмет бөрі-бөрі.
Нұрсапин Мырзақпенен бұл тұрғыда
Нұртазин Дәуітпек бар тау қыраны.
Қазірде бұл өмірде жоқ адамдар,
Азаматтар болатын ауылдағы.
Осылардың бүгінгі ұрпақтары
Аталары Сапорға қарыз мөңгі.
Қатысқан Ұлы Отан соғысына
Жауды жойып досына болысты да.
Асыл ер аяқ асты қаза болды,
Сталинград майданында оққа ұшты да.
Сапордың Бөгіш жары елде қалған,
Жан-жарасын еңбекпен емдеп алған.
Алла берген қызметі арқасында,
Тігіншілік жұмыспен шұғылданған.
Ержеткізіп оқытты балаларын,
Үл ұяда, қыз қияда, жаңарған күн.

Ұлағатты ұрпақ өсірген Бәтiш апа
Бiрi ғой қасиеттi аналардын.

Мұрат Сапорұлы



Алғашқы жолын ұстаздықтан
Мұрат бастап қырандай
жырақ ұшқан.
8-жылдық Комсомол мектебінде
Бала оқытып көгерген мың
алғыстан.

Бастаған жұртшылықты жақсылыққа
Семей, Шар, Таскескен мен Ақсуатта.
Абыроймен ауданда, облыста,
Қызмет еткен басшылық хатшылықта.
Оның жарқын істері кейінгіге,
Үлгі, өнеге ретінде берілді де.
Жақсы істің үлгісін көп көрсеткен
Ақтаған туған елдің сенімінде.

Ринат Мұратұлы



Мұрат пен Мағрипадай
Ата-ананың үмітін
Ақтады ғой Ринат
Нағыз өзі жігітін.
Қызметкері қазір ол
Семейдегі өкімшіліктің
Шаңыраққа ие боп
Ринат отыр бүгінде
Ұлағатты ұлы екенін
Ел таныды түбінде.

Мәкен Сапорулы



Сапорулы Мәкен де
еңбегімен,
Еленіп қиындықты жеңе білген.
Тізгіндеп темір тұлпар тракторды
Арттырып Отан байлығын мол
өндірген.
Көз тігіп Тарбағатай тауларына,
Биіктік көңілін оның баурады да,
Жаксартқан техника саласын ол,
Басшы болып Таскескен
ауданында.

Болат Сапорулы



Еңбекпен тапты өмірден заңды
орынын,
Қасиет қой білгенге өзі онын.
10 жылдық мектепті бітірген соң,
Тракторшы боп бастаған еңбек
жолын.
Талай-талай ортада мақталыпты,
Ауыл даңқын алысқа апарыпты.

Бітіріп Алматыда жоғарғы оқу
Үстаздық мамандық ап шаттаныпты.
Ақсуаттағы оқу бөлімінде,
Инспектор қызметін атқарыпты.
Өз ісін жан жақты меңгерді де,
Азамат болды іскер көргенді де.
Көтеріліп биік-биік қызметке
Аз емес елге көмек бергені де.
Ақсуатта комсомолда Болат өзі,
Талай жыл еңбек етіп өрледі де.
Құшак жайып қарсы алып ел қуанған,
Ақсуатқа өкім болып келгенінде.
Қызмет бабымен Шұбартаудың
Дәм тұзын татып онда ерледі де.
Өкім боп Бородулиха ауданына
Ел үшін еңбек етіп терледі де.
Депутаттыққа сайланған сол өлкеден,
Халықтың қалаулысы сенгені де.

Кісілігі биліктен биік тұрған
Сөзіне елі сеніп ұйып тұрған
Басшыны елі ешқашан ұмытпайды,
Халқы үшін жанын да қиып тұрған.
Ай болатын Алаштың аспанында,
Жастар рухын көтеріп тастады да.
Бұл Болаттың қамқорлық қасиеті,
Қонса деймін қазақтың жастарына.
Болатта көп еңбегімен дараланды,
Туып өскен жері оны бағалады.
Ақсуат Ақ ниығы деп жерлестері,
Болатқа әсем сазды күйменен өн арнады.
Әр жұмысты жақсылап жолға қойды
Содан да асқақтады абыройы
Болат бастап ел қостап әдемі өткен,
Би Боранбай батырдың мерей тойы.
Болаттың зор еңбегі нақты жанды,
Көрінді биіктерге құлаш ұрғаны.
Соның анық дәлелі ел басының
Алтын барыс белгісін тапсырғаны.

Сонымен дәлелі ретінде Алтын барыс белгісін тапсырғандағы Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатын сөзбе сөз беруді жөн көрдім.

Болат Сапорулы Сапоровка!

Сіз көп жылдар бойы еліміздің Шығыс өңіріндегі жергілікті басқару органдарында қызмет атқарып келесіз.

Үлкен ауданның өндірістік-әлеуметтік салалары мен ауыл шаруашылығы кешенін реформалауға елеулі үлес қостыңыз.

Біліктілігіңіз бен іскерлік қабілетіңіз, жүктелген іске жауапкершілікпен қарау арқылы өз ортанызда зор беделге ие болдыңыз.

Сізге жемісті қызметіңіз үшін ризашылығымды білдіремін.

Деніңізге саулық отбасыңызға игілікпен бақыт тілеймін.

Қазақстан Республикасы

Президенті

Астана, Ақорда

Н. Ә. Назарбаев

2005 жыл, шілде делініпті.

“Өмір өзен тұрлаусыз сарқыраған,

Еңбегімен көрінер жарқын адам!”- дегендей Ақсуаттың төл тумасы, өзінің еңбек жолын ұстаз болып жас ұрпаққа білім беруден бастаған жерлесіміз Сапоров Болат Сапорулы 2006 жылдың қазан айында облыстық маслихаттың шешімімен Шығыс Қазақстан облысының “Құрметті азаматы” атанды.

Міне, Болат осындай халық қошеметіне бөленген, туған жердің мақтанышына айланған, өз замандастары тұрғысында шоқтығы биік жарық жұлдызды азаматтардың бірі және бірегейлі.

Ең соңында асыл ұяның алтын дінгегі болған аяулы Әке!

Болат, кім-кімге де мақтаныш етуге тұрарлық биік тұлғалы азамат. Ол адал, ақ көңіл іскер, білімді көз қарасы жан-жақты қарақты адам.

Мен ешкімге де, шендіге де, шекпендіге де, барға да, жоққа да, тәуелді бағынышты адам емеспін. Бірақ осы азаматқа құрметім ерекше. Неге дейсіздер ғой, оны елі, жұрты, қызмет еткен өңірінің халқы өте бір құрметпен, мақтанышпен ауызға алады.

Өте білімді кең ауқымды, жан-жақты жігіт. Болат менменсінбеген кеудесін кермеген, барынша кішіпейіл, адал таза адам болды.

Ел басқарды, ең бастысы елге ұнады, халықтың көңілінен шықты. Оның қазақылығы қарапайымдылығы ұнады.

Міне, осындай қасиет келешек жастарға дарыса нұр үстіне нұр болар еді демекпін.

Нұрлан Болатұлы



Болатұлы Нұрланның
Болашағы зор екен.
Үстаздығы бір төбе,
Білімі де мол екен.
Полиция подполковнигі,
Елге қамқор ер екен.
Әке көрген әдепті,
Елдің данқын өрлеткен.

Қайрат Болатұлы



Болатұлы Қайратта,
Абыройлы аймаққа.
Қазір озат оқушы,
Мақтаған мектеп әр уақта.
Қаймықпаған қарап заманға,
Басқан сәтті қадамға.
Жасағысы келеді,
Көп жақсылық адамға.
Көпшіл өрі туысшыл,
Қуанасыз оған да.
Құдай берсін денсаулық,
Болайын деген балаға.
Үлкен үміт күтеді,
Қайраттан дос та, жаранда.

Отырмын күзет қамауда,
Душпаннан төнім женілді.
Жене алмас бірақ еш пенде
Асау еркін көнілді.

Сәкен Сейфуллин

Кәбеков Әбдікәрім



Кәбеков Әбдікәрім 24 қараша 1904 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында дүниеге келген. Руына келсек, Бәйелден Нұран, Нұранна Кәбек, Кәбектен Түрқожа молда туады.

Түрқожадан: Жұмақан, Бурахан, Ысқақ, Әбдікәрім. Жұмақан заманында болыс болыпты. (Әйелі Бизымыра). Бурахан да болыс болған адам екен. Бураханның Хамит, Пайыз деген ұлдары болған. Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Хамит үйленіп, көкпектілік Ажария деген қызбен некелесіпті. Бірақ артында ұрпақ қалмапты. Пайыз Өскеменнен жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін армия қатарына алыныпты. Кезінде асқан суретші болған азамат екен. Салған суреттері көшпенділікте өмір сүрген казак ауылында сақталмаған.

Жұмақан қайтыс болғаннан кейін әменгерлік жолмен әйелі Бизымыраны Әбдікәрімге атастырады. Одан Кәміс атты ұл туады да, әкесінің халық жауы деген атынан қорқып, фамилиясы нағашы аталарының атына жазылып Бижанов болып кетеді. Сол Кәміс Ы.Кәбековтың 100 жылдығын атап өткеннен кейін 40 күннен соң дүние салды.

Әбдікәрім арнайы оқу орнын бітіріп келгеннен кейін аудандық оқу бөлімінде нұсқаушы, кейіннен Сұлуталда мектеп директоры болып жұмыс істейді. Әбдікәрім репрессияға ұшырар алдында 1936 жылы оқытушы болып жұмыс істеп жүрген Асылханқызы Мақыпжамалға үйленеді. Некелік өмір көпке ұзамай 1937 жылы тұтқынға алынады да, Бәтес деген қыз бала іште қалыпты. Әбдікәрім қайтыс болғаннан кейін Мақыпжамалды Терлікбаев Бәйкен алып, Бәтес сол Бәйкеннің тәрбиесінде өседі. Әбдікәрімді айыптаудағы басты себеп Сәкен Сейфуллиннің басына ат қойылып, айдар тағылған заманда кең байтақ еліміздің әр аймағынан Сәкеннің ниеттес, идеялас достары аз болмаған. Соның бірі Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кешу” шығармасында айтылатын серіктестерінің бірі Ысқақ Кәбековты жаулар Омбы қаласында қинап өлтірген. Ол алғашқылардың бірі болып Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданынан дәрігерлік оқуды Омбы қаласында оқып, диплом алған адам. Ол туралы “Ақсуат – атамекенім” атты кітапта жазылған. 1937 жылы Әбдікәрім Сәкен Сейфуллинге жолығып амандаса барып, Сәкеннің “Тар жол тайғақ кешу” атты кітабын қол таңбасын жазып, сыйға тартқан соң елге алып келеді. Бұл кітап жағасына жала болып жабысып, Сейфуллиннің сыбайласы ретінде елдегі қарапайым күн кешіп

жатқан Кәбеков Ысқақтың інісі Кәбеков Әбдікәрім де Сұлуталда мектеп директоры болып тұрғанда зобаланға ілініп, тексерусіз “халық жауы” болып, Қиыр Шығысқа жер аударылды. Әбдікәрім де сол түрмеде жүргенде дүние салады. 21 қараша 1957 жылы ағарып, тек ел ішінде кезінде өте білімді, парасатты, өнерлі, домбырашы, әнші жайдары карапайым адам еді деген ел аузында әнгіме қалыпты.

Көп ұзамай үйіндегі 80 жастағы әкесі Кәбеков Тұрқожа молланы балаларынды дұрыс тәрбиелемедің деп түрмеге жабады. Алласы аузында, қолында құраны бар қария адам Көкпектінің түрмесінде қайтыс болады.

Бұл заманында оқыған қазақ елінің азаматтарына келген алапат қой. Ақсуат орта мектебінің негізін қалаған, орта мектептің бірінші директоры болып жұмыс істеп жүрген Сейітбадамов Нұрмұханбет те қара тізімге ілініп, итжеккенге айдалады. Артында қарт анасы Момын, жас келіншегі Сақыпжамал (Сақыш), төрт-бес айлық ұлы Мақсұт, мектепке бармаған қызы Шекер қалыпты.

Оқыған көзі ашық адам ғой. Сталинге қайта-қайта жазықсыз екенін айтып хат жазып, ақтығын дәлелдеген. Амал қанша, ақпан айында еліне қайтуға рұқсат алғанымен, өте қатты ауру болғандықтан еліне жете алмайды. Түрмеде қайтыс болады. Жаңындағы жолдасы жерлес, діндар Серікбай атты азамат арулап жер қойнына тапсырады.

Осындай жаламен Малғаждар, Қазтай, Қайырхан, Қасымхан, Қасымжан, Мұталап, Бекбосындардың да басына қара түнек заман орнап, жазықсыз итжеккенге айдалған кезең екен.

Ел басынан нелер ауыр қилы-қилы замандар өтті ғой. Мұнан былай мұның бетін ары қылсын. Қаншама жылдар өтсе де, халық аяулы азаматтарын ұмытпай, жылда еске алып ұлықтауда. 31 мамырда әр елді мекенде ардақтыларын еске алып, құран оқытып, дұға бағыштайды. Сөкен атылған Алматы маңындағы жерге де үлкен ескерткіш орнатылған. Осы жерде жылда қуғын-сүргін құрбандарын еске алады.

Иә, аяулы ағаларды еске алу, олардың енбегін бағалау абзал.

Жармақ Смағұлқызы Нәзипа



Әкесі Жармаков Смағұл 1896 жылғы Сесмей облысы Ақсуат ауданының тумасы, шешесі Жармақова Күлән (Күлөндән) Көкпекті ауданының тумасы, анасы Зейнеп Көкпектінің Ажы ауылынан.

5 тамыз 1938 жылы әкесін үндемеске өкеткенде Күлөндө 34 жасында 5 баламен жесір қалады. Сол кезде Нәзипа 3 жас шамасында екен. Нәзипа әкесін былай деп еске алады: Бір күні анамыз өкемнің тізе киімін аударып жуып отырып, іш жағына сиялы қарындашпен жазған сөзді оқып жылап отырғанын байқап қалдым. Бұл өкемнің ақырғы қоштасу хаты болса керек. Кейін білсек, өкем анам өзінің өмірінің аз қалғанын сезген ол, жұбайына

жолдаған хатында: “Үш баланы саған тапсырдым. О дүниеде өз қолыңнан алармын. Ақылың бар еді ғой, қандай қиыншылық көрсен де балаларды бетінен қақпа, қош бол” – деп жазыпты. Анамның басына тағы бір үлкен қайғының түскенін, үмітінің үзілгенін аңғардык.

Әкем 1938 жылы атылып кеткеннен кейін көп ұзамай Ұлы Отан соғысының ауыртпалығын бастан кешіруге тура келді. Ол жылдары қолыңнан жұмыс келе ме, келмей ме деп ешкім сұрамайды. Бригадир қай жұмысқа жұмсаса, соны атқарып жүре беретін заман. Берілген тапсырмаға сай анасы жер жыртады, егін салады, қырман жұмыстарын да істейді, қой қыркуға, шөп шабуға, егін суаруда да болып, ер азаматтың жұмысын атқарады. Осындай ер-азаматтың жұмысын атқарып, балаларына қамқор болып жүрген ана 73 жасына қараған шағында дүниеден озады.

Әкеден жастай айырылған кезімізде анамыздың әкем туралы көп айтатын әңгімелеріне құлақ аспасақ, “алтынның қолда барда қадірі жоқ” дегендей сол әңгімелердің кейбіреуі енді ойыма оралып отыр. Өткенді енді есіме түсірсем, ата-анамыз өмірде бірін-бірі сыйлап, құрметтеп өткен жандар екен. Сол тәтеміңіз көп әңгімелерінің бірін тыңдай отырып бір күні тәтеме, сен өте қызбасың, ал әкемді өте салмақты дейді. Әкем сені неге ұнатты екен деп мен балалық мінезіммен тұтқиылдан сұрақ қойғаным бар. Анам марқұм бір күрсініп, “Ой, балам-ай, мына менің бетімдегі шешек ауруынан қалған белгіні көрдің бе? Бір күні әкеңе осы сұрақты мен де қойдым. Сен оқыған азаматсың, мен болсам надан, бетім болса шұбар-шұбар, мені не үшін жақсы көрдің? Дегенімде, сенің сол бетіндегі шұбарың мен үшін толған махаббат деп жауап берді. Тәтеме әкемнің осы сияқты тағы да басқа көптеген араларында болған қызық оқиғаларды еске алып, қалжыңын, әйелге деген нәзік көзқарасын, жанұя арасындағы әзілдерін әр кез мақтан етіп жиі айтып отыратын. Әкем туралы әңгімені ер жеткен соң қызмет бабында ауыл аралап жүріп, әсіресе Ақсуат, Көкпекті, Зайсан, Ұлан, Катонқарағай сияқты Шығыс Қазақстан, Семей облыстарында көптеген адамдармен кездескенде естігенім, әкем осы өңірде ұзақ жылдар еңбек еткен көрінеді. Ол кезде мен өте жас едім. Мені әкемді көрген еңбектес адамдар, туыстар менің түріме қарап фамилиямды естіп, сен Жармақов Смағұлдың баласысың ба деп бас салып, жылап көрісіп, үйлеріне қонаққа шақырып, әкем туралы айтқан әңгімелері әлі құлағымда. Ол ақсақалдар қазір жоқ, өкініштісі елу жылда ел жаңа деген осы болар. Бұл тек мен үшін өтірік сөз, мақтан сияқты болып қалғаны.

Енді бірде жолдастары: Әкең оқыған, өте сауатты, орысша-қазақшаға бірдей, көп сөзі жоқ, сот болып істегенде әділ, кішіпейіл, менмендігі жоқ, өте қайырымды адам еді деп еске алады. Кейбір ақсақалдардың көздеріне жас алып маған айтқан әңгімелері, менің көңіліме жылы естілетін-ді. Осыларды айта келіп Нәзипа апай әкем ұзын бойлы, үстінде тік жағалы көйлек, көмірдей қара шашын қайыра тараған, аяғында қоншы биік бөтенке алдымда қасқайып тұрғандай көрінеді деп еске алады. “Адам жанын шер толқытса өлең туады” дейді ғой халық, сол сияқты Нәзипаның ой толғанысынан шыққан әкесіне арнаған ұзақ өлеңнің екі шумағын жаза кетуді жөн көрдім.

... Қош, әке, жатқан жерің торқа болсын,
Елінің азаматы нағыз сенсін.
Сүйегінді арулап қоя алмадық,
Күнәсіз, нағыз сәби, шөйіт сенсін.

Тарих боп нелер озбыр заман қалды,
Жазықсыз жауып жалған жалаларды.

Пасықтық, мерез мансап, көрсоқырлық,
Құртты ғой небір дархан даналарды.

Міне осындай жазықсыз жалған жалалармен 10 қараша 1938 жылы Семей түрмесінде атылған Жармаков Смағұл Қазақстан Республикасының заңының 4-ші бабы бойынша 14 сәуір 1993 жылы орынсыз тағылған жазалау айыбынан ақталды.

Жастайынан жетімдіктің күрсауында болған Нәзипа өмірдің ашысын да, тұшысын да көре жүріп, бәрін де ақылға жеңгізіп, қайраттанып, өмір тіршілігіне араласып, өмірден өз орнын тапқан адам. Өнер саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, белгілі өнер қайраткері ретінде қазақ еліне белгілі өнер адамдарының бірі. Осы өнер саласында істеп жүргенде еңбегі бағаланып, марапаттан да кенде болмаған.

Кремль сахнасында М.Әуезовтың “Қаракөз”, Ш.Айтматовтың “Жәмилә” пьесаларындағы Қаракөз, Жәмилә бейнелерін нағыз өнер сүйгіш шеберлікпен көрсетіп, москвалықтардың құрметіне ие болып, ойдағыдай өнер көрсетуіне байланысты Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Президиумы 1963 жылы 13 қарашадағы Указы бойынша Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталады.

1987 жылы Москва СССР жазушылар, композиторлар, суретшілер, журналистер, киноматографтар одағының екі дүркін дипломымен марапатталады.

21 желтоқсан 1994 жылы көп жылғы көркемөнердегі жемісті еңбегі үшін және алпыс жасқа толуына байланысты халық шаруашылығы мен мәдени демалыс ұйымдастыру республикалық орталығының театр жөніндегі бас маманы Смағұлова Нәзипаны министр Т.Мамашевтың қолымен Құрмет грамотасымен марапатталады.

Аумалы-төкпелі дүниеде әр кезең әр дәуірдің өз келбетіне лайық Нәзипа сияқты жақсылары мен жайсаңдары болады. Өмірі өнеге боларлықтай өзіне туа біткен дарыны мен қарапайымдылық қасиеттерімен халыққа жақын екендігін байқатып келе жатқан өнер адамдарының бірі деуге болады. Олай дейтінім, Нәзипаның бойына туа біткен дарынын құрметтеп, өнеріне риза болған халық қаһарманы, әрі қазақтың бір туар батыры Бауыржан Момышұлы 19 желтоқсан 1962 жылы “За нами Москва” дейтін кітабын ескерткіш ретінде сыйға тартыпты. Осының өзі ел жақсылары мен халқының сый құрметінде болғанын көрсетіп тұр емес пе.

Бөйел ішінде Тұрымтайдан тарайтын Әділ баласы Ізгүттының тарихы

Ізгүтты ұрпағы Өтегеннен тарайтын қарт ана Тойшыбайқызы Гүлсім өз тарихын былай деп баяндайды:



Анасы руы Қожакелді Солтанбек сопының қызы Бәтима жарық дүниеден өтерінде 18 жасар қызы Гүлсімге, балам, ештен кеш жақсы дегендей, ертен мен о дүниелік болғанда біреулерден естіп жүрегінді ауыртпасын деп айтып отырмын.

Бұл саған айтайын деп отырғаным, жүрегімнің түбінде ұзақ жылдар бойы сақталып, ешкімге тіс жарып айтпаған сырым еді, балам дұрыстап тындап, ұғып ал депті.

Кезінде Нұран мен Өскенбай құда болып, қыздың қалың малын төлеп, той әні-міне деп жүргенде Өскенбай дүние салады. Өскенбай қайтыс болғаннан кейін сол кезеңде билік жүргізіп тұрған бауыры Құнанбай апайы Тайбаланы басқа жұртқа айттырып бермекші болады. Бірақ апайы, мен әр аттың басына ілетін нокта емеспін, атам айттырған жерге барам деп Нұран байға келін болып келгені тарихтан мәлім.

Бұл елге келгеннен кейін атағы шығып, елге сыйлы құрметті аналардың бірі болып “молда апа” атанады. Кейін құдалары Нұран байдың ауылына келгенде Нұранның бір баласы Шибайды алып кетіп, Құнанбай бала етіп бауырына басып, атын Ізгүтты атандырғаны да тарихтан мәлім.

Ал біздің атамыз Ізгүттыны, Нұран бай Құнанбай ауылына барғанда Құнанбайдың берген баласы екен. Осы Нұран бай еліне келгеннен кейін баланы туысы Тұрымтайға беріпті. Тұрымтай бұл баланы тәрбиелеп өсіріп, ер жеткізіп жер беріп, шаңырақ көтертіп, өз туысқарымен бірге өсіп біте қайнасып, Бөйел Тұрымтай ұрпағы болып кете барады.

Бала кезінде Гүлсімнен үлкендер қай елсің деп сұрағанда, қайнап тұрған Токбаймын деген тәрбиеде өсіп едім дейді. Мұны айтқанда ауыл ақсақалдары бас ізеп, мақұлдап күлісіп қалатын еді.

Енді ғасырдан астам уақыт шежіреде Токабай елі болып жазылып келіп, анамнан Тобықты едің дегенді естігенде үш күн бойы ауырып жатып қалыпты.

Байымдауымша бұл оқиға 1885 жылы болуы ықтимал. Құнанбайдың бұл берген баласының өзінікі ме, болмаса басқа бір туыстарыныкі ме, әлде жиендері ме, ол жағын анамнан ажыратып сұрауға шамам келмеді. Сұрамақ түгілі, өз жан дүниемді өзім билей алмай қалдым. Бұл туралы төптіштеп сұрайтындай да жаста емеспін ғой.

Нұран бай мен Құнанбайдың бұл құпия тұңғыш сырын қазір білетіндер бар ма, жоқ па білмеймін. Бір аңғарғаным теледидар хабарынан сөйлеген Абайдың ұрпағы Жағыпарқызы Абай ұрпақтарынан қалған төрт

адам бармыз деп сөйледі. Білсе солар білуі мүмкін. Басқа тобықтылар білмейтін шығар. Тобықты шежіресінде жазылмаған. Тобықты шежіресінің авторы М.Жанболатовқа Шімкентте тұратын қызым телефон шалса, ол кісі білетін адам келмеді, кітапқа енбей қалды депті. Сол сөзге қарағанда, білетін адам бар сияқты.

Мен өзім Бәйел ішінде бірге өсіп, біте қайнасып кеткен адаммын. Тобықты болайын деп отырған ойымда жоқ. Бірақ анамның айтқаны мойнымда қарыз болып қалмасын деп осы бір құпия сырды ақтарып отырмын. Ол үшін менің өскен елім өкпе айтпайтын шығар. Мен өзімді Бәйел ұрпағымын деп есептеймін, солай болып қала да беретін шығармын.

Жалғыз ағайым Мәуілхан осы Бәйел елінен Ұлы Отан соғысына аттанған 178 азаматпен бірге кетті, осылардың барлығы да туған жеріне оралмады.

Әкем 1870 жылы туып, 1944 жылы 5-қаңтарда 74 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Анам Бәтима 1900 жылы өмірге келіп, 1962 жылы дүние салды. Осы жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бір талай өмірімізді өткіздік. Ағайынның сыйластығын, қамқорлығын көрдік. Шетқакпай жасаған ешкімді көрмедім. Ақыры ойландым: осы анамның айтқан сөздерін қағазға жазып түсірейін, бұл ағайыннан ажырасу емес, тарихи шындықты білсін деген мақсатта жазып отырмын дайі Тойшыбайқызы Гүлсім қария. 20-тамыз 2006 жыл

Елінің есінде қалған Бәйел ұрпақтары

Сейтбадамов Нұрмұханбет архивтік деректер бойынша алғаш Ақсуат мектебін ұйымдастырушы және осы орта мектептің тұңғыш директоры болған өте білімді, шебер ұйымдастырушы, ортасына, еліне сыйлы, алғыр азамат болыпты.

Өкінішке орай, 1936 жылдары Алашорда партиясына жұмыс істеген деген жаламен үндемеске әкеткен де, артында анасы Момың, жас келіншегі Сақыпжамал (Сақыш), төрт айлық ұлы Мақсұт, мектепке бармаған қызы Шекер қалыпты.

“Орнында бар оңалар” дегендейін, сол сұрапыл да ауыр заманда қалған нәрестелер ер жетіп, оқып, еңбекпен есейіп, үйлі баранды болып, қазірде үлгілі отбасы иелері. Алматы, Қарағанды сияқты ірі қалаларда еңбек етуде.

Зайсан қаласында Қосаев Талғатбектермен арнайы оқу орнын бітіріп келген Мұхтархан Мұстафаұлы “Қара обада” мұғалім болып, көптеген шәкірттер даярлаған өте білімді де білікті, қарапайым да парасатты адам еді деп еске алады ауылдастары. Мұхтархан да 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, содан оралмапты.

“Қараоба” ауылының азаматы Мазанұлы Есжан да Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін “Егінді бүлак” колхозында колхоз төрағасы болып жұмыс істеп жүргенде Ұлы Отан соғысына алынып, Буденный атты әскерінің қатарында болады. Ұды Отан соғысы аяқталып, елге оралғаннан кейін зейнеткерлікке шыққанша “Чапаев” колхозымен Ақсуат МТСында сатушы

болып жұмыс істеп, 1978 жылы дүние салады. Әкесі Мазан тегіндегі өзі еңбек еткен Егінді бұлақта жерленіпті.

Еліне адал еңбек етіп дүниеден озған Шуман ақсақалды да елі әлі аузынан тастамай, еске алып келеді.

Ұзақ жылдар Ақсуат ауданында, Ақсуат ауданының шаруашылықтарында басшылық қызметте істеген өз заманында білімді де білікті, іскер басшы ретінде танылған тұлғалардың бірі Рүстемов Токбай ақсақал да елінің есінде қалғандардың бірі.

Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Әлханұлы Оразкен де Ақсуат ауданы мен шаруашылықтарында ұзақ жылдар еңбек еткен, туған жері мен елін тулетуде сіңірген еңбегімен есте қалған ардагер аға өкілдерінің бірі.

Міне осындай елі үшін еңбек етіп дүниеден озған ардагер ағаларды көптеп санауға болады. Көбінің өмір жолын халқына сіңірген еңбегін білетін қариялар бұл өмірде жоқ. Қалыс қалып, жазылмай қалған ардагер аға ұрпақтар болса, осының ішінде деп есептегені жөн болар.

Ысқақ Кабеков

Ысқақ Кабековтың күрескерлік жүріп еткен өмір жолы «Ақсуат – Атамекенім» атты кітаптың 214-230 беттерінде «Дәрігер әрі қайраткер Ысқақ Кабекұлы» айдарымен берілген.

Артында өшпестей із қалдырған айтулы арыстарымыздың бірі – Ысқақ Кабеков. Ол туралы Қазақстанда Кеңес үкіметін орнатуға белсене қатынасқан көрнекті қайраткер Сәкен Сейфуллин өзінің 1922 жылы жазылған «Октябрь төңкерісінің құрбандары» деген көлемді мақаласында Ысқақтың өлімі туралы былай деп жазды: Қызылжарда Совет тарапынан құрылған үздік комиссар Ысқақ Кабекұлы алғашқы Совет өкіметіне қарсы көтеріліс болғанда, Совет өкіметін қорғап майданға шығып, қолға түсіп атылды. Дәрігерлік оқуды оқыған «нашарлардың» ері еді, - деп келіп, «нашар» - кедей таптың ұлы еді», - деді. (Сәкен Сейфуллин, шығармалар, 5-том, 297-бет).

Қазақ халқының еркіндігін аңсаған, егеменді ел болуын армандаған, ерлік, қажырлы еңбегімен танылған, үлкен сенімге ие болған жерлесіміз комиссар Ысқақ Кабеков ақсуаттықтардың есінде мәңгі сақталады.

1995 жылы мамыр айының 8-і күні Екпін ауылында Ысқақ Кабековтың туғанына 100 жыл толу мерекесі үлкен той ретінде аталып өтілді. Сондағы салтанатты жиында Ысқаққа орнатылған ескерткіш ашылып, оның лентасын сол кездегі аудан әкімі Ермұханбет Рахымжанов пен Ысқақтың немере інісі Көміс Бижанов қиды. Ы.Кабековты мәңгі есте қалдыру мақсатымен Екпін ауылындағы Жданов атындағы орта мектепке оның есімі берілді. Ескерткіштің ашылу салтанатында Е. Рахымжанов пен Д.Әзімбеков сөз сөйледі. Жиналған жұртшылыққа мектептің залында салтанатты жиналыс өткізілді. Бандаманы мен (Т.Нургалиев) жасадым. Алты адам сөйлеп, ақын әрі журналист Мейрам Оралов Ы.Кабековке шығарған арнау өлеңін оқыды.

Мектептің спорт залында Ысқақ атамызға арналып ас беріліп, қатым оқылды. Ас беру орны 250 адамдық, төрт рет шақырылып асқа отырғызылды. Ас аста-төк болып өтті. Ас беруге үш жылқы, екі ірі кара, он бес қой малы сойылды. Комиссияның отырысында менің ұсынысыммен Нұртазын Дәуітбек пен Бижанов Көміске ат мінгізілді.

Ат, спорт ойындарын Нұрбеков Аманкелді басқарды. 40 шақырымға 56 ат қосылды. 5 атқа бәйге берілді. Бірінші болып келгеніне оюлаған кілем жабылған түйе, 2-3 болып келген аттарға, ат иелеріне ат мінгізіліп, қалған аттарға заттай сыйлықтар берілді.

20 шақырымға 81 ат қосылды. Алда келген үш аттың иелеріне ат мінгізілді.

Жорға жарысына қосылған 25 аттың үшеуінің иелеріне ат мінгізіліп, екеуіне заттай сыйлықтар берілді. Міне өте қысқа айтқанда Ысқақ атамыздың тойы осылай өткен болатын.

Осындай өткізілген дүбірлі тойда әуесқой композитор бауырымыз Жекен Нұрсапиннің Ысқақ атамызға арналған «Дауылпазы даланың» атты өлеңі де осы аста жарық көрген еді.

Дауылпазы даланың

От жалында шыңдалған,
Қайыспаған сындардан.
Күрестерде дем берді,
Үміттер мен ізгі арман.

Қайырмасы

Арманы бар баланың
Дауылпазы даланың
Ысқақ ата есімі
Мақтанышы жерімнің

Қызыл туды көтерген
Алғашқы боп осы елден.
Енді көрсен даланды,
Арманыңа жетер-ең.

Қайырмасы

Көгілдір ту көгімде,
Бүгін думан елімде
Мәңгі бізбен біргесің
Үлесің бар сенің де.

Осы өлеңді орындағанда жиналған жұртшылықтың рухы бір көтеріліп қалған еді.

Бәйел ұрпақтары шежіресі

Өзімбеков Дүйсеш ақсақалдың шежіре дәптері негізінде алынды

Бәйелден:

1. Тұрымтай
2. Дөненбай
3. Тоңаша
4. Нұран

5. Монтай

(Екінші бір шежіреде Базарбике деген бәйбішесінен Нұран, Дөненбай, Тұрымтай, мұнда Тонаша ата есебінде көрсетілсе, онда екінші әйелі Тонашадан Күйкентай, Жағалтай, Қырғи деп көрсетілген).

Сонымен Тұрымтайдан:

1. Әділ
2. Тәстен
3. Тілменбет
4. Жаманбай
5. Мауқыш
6. Қыстаубай
7. Ыбрай

(Тұрымтай тегінде төрт әйел алған болу керек, екінші бір шежіреде 3-әйелінен Орысай, Көжек, 4-әйелінен Қыстаубай, Ыбрай деп көрсетілген).

Әділден: (Әділден – Изғұтты, Изғұттыдан Өтеген, Өтегеннен Тойшыбай, Тойшыбайдан Гүлсім, бұлар Тобықты Құнанбай ұрпақтары болып келеді).

1. Бектен
2. Бияхмет

Тәстеннен:

1. Үмбетбайдан – Бабаш, Әмір

2. Санты. Сантыдан Қалдыбай, Қалдыбайдан Шұман, қызы Ақтоқты. Шұманнан - қыздары Жеңісгүл, Бакыт, Бакыгүл.

3. Мұстафа
4. Изат

5. Ахмет. Ахметтен Ұлы Әнуарбек, қызы Аққайша.

1. Мазамнан Есжан, Әнуарбек, қыздары: Бозторғай, Шақторғай, Шөкен, Шөкілдек.

2. Есжан нан Болат, Болаттан Марат, қыздары: Күлзада – Қабдыкәрімнің әйелі, Шәйкен – Қабнәбидің әйелі, Шынарбай – Асқардың әйелі.

Мұстафадан (әйелі Қайныш, руы Жанай) Күркебай батыр, Қасен, Мұхтархан, Мұқышбек, Айдарбек, қызы Шөкен, Көкпектіде тұрады.

1. Айдарбек (Айран) - әйелі Шәрбән, ұлдары Ислам, Жұмағазы, Еркін, қыздары Гүлбәтші, Бөтен.

2. Найманғазы – (әйелі Күләш, руы Жәнбике) ұлдары Сансызбай, Ержан, қыздары Гүлнұр, Айжан.

Күркебай мен Қасенде ұрпақ жоқ. Мұхтархан, Мұқышбек Отан соғысында өлген. Батырдан (әйелі Нұрғайша) Айдарғазы, Найманғазы, Серікқазы, Мәулітқазы, Бейсенғазы, қызы Наймангүл)

Айдарғазыдан – ұлы Талғат, қыздары- Нүргүл, Қарлығаш, Сандуғаш, Бұлбұл.

Серікқазыдан (әйелі Бакыт, руы Тоғас) – ұлдары: Ерасыл, қыздары: Раушан, Меруерт, Аякөзде тұрады.

Мәулітқазы (әйелі Нағима Дәуенқызы, руы Сары) ұлы – Бауыржан, қыздары: Жанат, Айнұр.

Бейсенғазы (әйелі – Гүлсағи, руы Жәнбике) ұлы – Төлеген, қыздары:
Анар, Жұлдыз.

Изаттан:

1. Бұлғынбай – дан

Тілмембеттен:

1. Ұлтарак

2. Әлиакбар

3. Күдері

4. Шідері

5. Қарабұқа

6. Танауке

Ұлтарактан

1. Әлиакбар

Күдеріден (балалары Мәканшы ауданында тұрады)

Шідеріден:

1. Сүлеймен

Қарабұқадан

1. Сейіт (балаларының шешесі Қыржы, Әпеев Қалиасқардың апайы)

Танаукеден:

1. Шаймардан

Жаманбайдан:

1. Құттықожа

2. Сарықожа

3. Ақпан

4. Сақпан

Құттықожадан:

1. Қапор

2. Сапор

Қапордан:

1.

Сапордан:

1. Мұрат

2. Мәкен (Марат)

3. Болат

Мұраттан:

Ұлы:

1. Ринат

Қыздары:

1. Ардак

2. Бибігүл

3. Света

4. Жанар

5. Гүлнәз

6. Әмина

Мәкеннен:

1. Алмагүл
2. Нүргүл
3. Өтима
4. Фатима
5. Эльмира
6. Анар
7. Гүлнүр
8. Дәмира
9. Айгерім
10. Сөүле
11. Ұяы: Кукан

Болаттан:

Ұлдары:

1. Қайрат

2. Нұрлан

Қыздары:

3. Раушан

Нұрланнан:

1. Қайрат

Сарықожадан:

1. Аязбай – дан

Қабдеш

Ұлдары:

- 1.

Қыздары:

- 2.

Мауқыштан:

1. Құсайын
2. Файзолла
3. Байдәулет
4. Рахметолла
5. Селтек
6. Шәріп
7. Нүрке
8. Жамалбек
9. Базарбек

(Екінші бір шежіреде Мауқыштан Дәулетбай, Құсайын, Дәулетбайдан бала болмаған, Құсайынның 1-әйелінен: Рахметолла, Файзолла, Байдәулет, Сертек, Нүрке, Шәріп, 2- әйелінен: Жамалбек, Базарбек деп көрсетілген).

Құсайыннан:

1. Базарбек, одан

Ұлдары:

1. Аман
2. Бауыржан

Қыздары:

3. Гүлнәр (күйеуі Мейрамбек, сүйегі Ырсақ)

Жамалбектен:

1. Серік (негізі Базарбектің баласы)

Файзолладан

1. Бозтай

2. Заманбек

Байдәулеттен

Рахметолладан

Селтектен ұрпақ жоқ

Шәріптен:

Ұлдары: 1. Семейде тұрады

Нүркеден ұрпақ жоқ

Қыстаубайдан:

1. Мұқан

2. Ыбырай

Ыбырайдан:

1. Төлегеннен

Уәли

Уәсіл

Қали

Қыздары:

Ауғазы

Гүлсімнің 6 қызы бар.

Дөненбайдан:

1. Бүркіт

2. Лақтан Сейітбадам, Сейітбадамнан Асылхан, Қасымхан, Мырзахан, Батырхан, Қанафия, Қаным. Асылханнан – қызы Нұрилла, күйеуі Сейілхан, ұлдары Әлтай, Әнуарбек, Ақынғали, қыздары Бәтiш, Пану, Күлпаш, Дина.

2-ұлы Нұрмұханбет (1-әйелдері Ханым, Шамал жастай өліп, Сақыш, Сақыпжамалға үйленген) ұлдары: Максұт, қыздары: Бәтен, Бану, Шекер. Сейітбадамның қыздары Нұржамал, Ғайнижамал (Қайныш), Мақыпжамал.

3. Қамет

4. Мамет

5. Еділ

6. Ахмет

(Екінші бір шежіреде Дөненбайдан Еділ, Бақа, Әуке, Лақ деп, Еділден Нысанбай, Сакғұл, Бақадан Араб, Барат, Әукеден Мәмет, Хамет (Әлиханов Оразкендер), Лақтан Сейітбадам, одан Батырхан, одан Исхап, Жәлел, Дәлел, Хәлел деп көрсетілген).

Бүркіттен:

1. Қасым (Көкпекті ауданында Абайдың Қызыл Ту совхозында совхоз директоры болып жұмыс істеген азамат).

Лақтан:

1. Сейітбадам

2. Торайғыр

3. Шыңбай

Сейітбадамнан:

1. Батырхан

2. Нұрмұханбет

3.

Торайғырдан:

1. Иісханнан

Жәлел (Жамағатов Әйтбек, Жәлелдің апайынан туады, жиені)

Шыңбайдан ұрпақ жоқ.

Мәметтен:

1. Әлхан

2. Әлпан

Әлханнан

1. Оразкен, одан

1. Серік

2. Берік

Әлпаннан:

1. Токтағұлдан Нұржамал деген қыз.

(Токтағұлдың әйелі Зия бұдан Нұржамал туады. Кейін Ақжалға сүйегі Бәйел тиеді, одан Сәбет деген ұл табады. Зия Сағнайдың қарындасы Қаженов Бейсеннің әйелі де Сағнайға жиен болып келеді, негізгі сүйегі Кегенбай Жұмағазының қызы.

Токтағұл Зияны тастап, Бәйел Төлегеннің қызын алады, Нұржамал Токтағұлдың бауырында қалады. Келесі шешесін, сүйегі Байбарак, Көпжасар алыпты).

Тоңашадан:

1. Күйкентай

2. Жағалтай

3. Қырғи

Күйкентайдан:

1. Темірбек

2. Дүңгірден

Сағынай

Өменше

(Дүңгірдің бөйбішесі Желман, Әмірдің бөйбішесі Ықыжан, Ақшалдың әйелі Зия, бәрі Дүңгірдің қыздары болу керек.)

Жағалтайдан:

1. Құсайын, одан:

1. Ысқақ

2. Садуақас

3. Байғазы

4. Мәжікен

Ысқақтан:

1. Наймаш
2. Құрманғажы

Құрманғажыдан:

1. Төкен
2. Қайырғазы (Қоңқыш)

Садуақастан:

1. Дүйсеш (фамилиясы Құсайынов, үлкен әкесіне жазылады), одан:

Қырғидан:

1. Әлпан
2. Қасымхан
3. Мәтқасым
4. Химәди – бөрінен де бала болмаған.

Нұраннан:

1. Қобаң (Қожаахмет)
2. Сақау
3. Саяқ
4. Еміл
5. Көсе
6. Ақжол
7. Байжол
8. Шолат

9. Бөрібай. Бөрібай би болған адам. Бай да болыпты. “Бір жамбы кірсе кіріс, шықса шығыс емес” деген сөз қалыпты. Кезінде 5 некелі болыпты. Байлығы ұрпақтарына көп зиян өкелген көрінеді.

(Екінші бір шежіреде 2-әйелінен Бөрібай, Ақжол, Байжол деп көрсетілген).

Қобаңнан:

1. Қаракат
2. Райымбек
3. Кабек
4. Сәбек
5. Дайырбек

Қаракаттан:

1. Тоқай

2. Боскөт – тен Еңсе, Тоқмырза. Еңседен Төлентай – дан Самат (әйелі Гүлназ, руы Бура) Ұлдары Еркебұлан, Санжар, қызы Алтынай. Тоқмырза (әйелі Мәукен) ұлдары: Кәрсен, Серікбек, Болатбек, Амангелді, Жәкей. Қыздары: Шәйзә.

3. Сағымбай

Райымбектен:

1. Байтүсіп
2. Мұқыш
3. Ахмет

Кабектен:

1. Түркожа

Сабектен:

1. Қожа-Ахмет
- Дайырбектен:
1. Әмір, одан:
 1. Ақшал
 2. Аманшал
 3. Төнтай
 4. Шонтай

Ақшалдан:

1. Сәбет

Ақшал, Тоқтағұл тастағаннан кейін Зияны алған соң туған бала осы Сәбет.

Тоқайдан:

Тоқмырза – дан

Мәукеннен 4 ұл, 3 қыз бар.

Боскөттен:

Енседен

1. Әлтай
2. Алеша
3. Төкеш

Сағымбайдан:

1. Әділбек
2. Бейсенбек

Байтүсіптен:

1. Смайыл
2. Сақатай

(Смайылдың әйелінің аты Алтынжамал, балалары Көкпекті ауданында. Сақатайдан бала жоқ. Әйелін, сүйегі Айдар, Доянбай алған, одан да бала болмаған).

Мұқыштан:

Нүкетай (одан бір қыз бар, Көкпекті ауданында тұрады)

Ахметтен:

1. Асқар
2. Рамазан
3. Қажыбай

Асқардан үш қыз бар

Рамазаннан:

1. Зейнеш (Омаров Молдақанның әйелі, сүйегі Жанбике)
2. Зейнеп (Кешкілов Мақанның әйелі, сүйегі Мырзас)
3. Қалиакбар деген ұлы кайтыс болған.

Қажыбайдан (әйелі Ахмерова Ауғажы)

Қыздары:

1. Шолпан
2. Күләш

Түрғожадан:

1. Әбдікәрім.
2. Бурахан – болыс болған.
3. Ысқақ.
4. Пайыз.
5. Хамит.
6. Жұмахан – болыс болған.

Әбдікәрімнен:

Ұлы – Кәміс, қызы – Бәтес, Бәтестің ұлдары: Жұмабек, Мейрамбек, Мейірбек, Ғылымбек, Ғалымбек, Бақытбек, Жұмабек, қыздары: Қамар, Алмагүл, Гауһар, Дидар)

Бураханнан, Ысқақтан, Пайыздан, Хамииттен бала жоқ, барлығы да Армия қатарына алынып, еліне оралмаған.

Қожахметтен бала жоқ.

Сақадан:

1. Шибай
2. Сүлеймен
3. Құдайберді
4. Әлжан
5. Мұқаметжан

Шибайдан (Ізғұтты)

1. Дәуітбек
2. Орынбек
3. Дүкенбек
4. Түсіпбек
5. Қажықайдар

Дәуітбектен:

(Солтанғазин Жанұзақ, Ырсақ руында өскен 3 ұлы бар)

Орынбектен:

1. Далба
2. Байпа
3. Шаймұрат
4. Қажымұрат

Дүкенбектен:

1. Қареке
2. Көбей

Түсіпбектен:

Қажықайдардан:

Ізғұтты екі әйел алған адам.

1-ші әйелі Тобықты, Несібеліден:

1. Молдахмет
2. Дәуітбек

2-ші әйелі Тоғжан, руы Тобықты, одан:

1. Дүкенбек
2. Орынбек
3. Түсіпбек

4. Қажықайдар, Құнанбай мен Ізгүтты қажыға барарында туған бала екен. Ырымдап, қажыдан аман-сау оралсын деп атын Қажықайдар қойған екен.

Қажықайдар, бәйбішесі Жәнипа, руы Тобықты Сағындық дегеннің қызы. Қата, Қали деген ағалары болыпты. Балалары:

1. Ғабдылмұрат – Большевик совхозында
2. Сағимұрат – Ақсуат совхозы, Аққалада тұрған, қайтыс болды.
3. Ғалимұрат – қайтыс болған

4. Қазимұрат – Большевик совхозында, 2-әйелі Зура Әубәкірқызы, руы Шойтабан, одан:

5. Солтамұрат – Большевик совхозында
6. Әлимұрат – Большевик совхозында
7. Кенжеш деген қыз Ақмолада тұрады.

Молдахметтен ұрпақ жоқ.

Дәуітбектен Жанұзақ, одан:

1. Төлеубек
2. Серікбек
3. Сержан
4. Талғат

Дүкенбектен Көбей-ден:

1. Мұрат
2. Шапат
3. Ахат

Орынбектен Далбадан:

1. Әлімжан – қайтыс болды.
2. Ғалихан – Большевикте
3. Смахан – Большевикте
4. Сіләмхан – Большевикте.

Түсіпбектен ұрпақ жоқ.

Сүлейменнен:

1. Имаш
2. Әзіке

Имаштан:

Данияр –дан

Түрсінбек – тен (4 ұл бар) әйелі Уәзипа, руы Ырсақ.

Әзікеден:

Ыдырыш (Бижамап апаның әкесі)

Құдайбердіден:

1. Садық
2. Жұмахан
3. Жанахмет

Садықтан:

Нөдір (3 ұл, 2 қызы бар, Семей қаласында тұрады)

(Садықтың үлкен қызы Гүлсім, одан басқа да 5 қызы бар)

Жұмақаннан, Жанахметтен бала жоқ.

Әлжаннан:

Отыншы – дан:

Мұқаш

Ғалымжан

Мұқаштан (Сауле және бір қыз бар)

Ғалымжаннан (4 ұл бар, Көкшетау қаласында тұрады):

(Комсомол совхозында істейтін Әділханов Бекеттің ұлы Мұқаштың нағашысының қызын алып отыр)

Мұхаметжаннан:

1. Мәзіке

2. Нәзіке

3. Малғаждар

4. Малбағар

Мәзікеден:

1. Жағыпар

2. Жұмаділ (кезінде обл прокурор болған адам)

3. Қабдылманап

4. Хамза (бәрінен де бала жоқ)

Малғаждардан:

Зекен (армия катарынан оралмаған)

Саяхаттан:

1. Жармақ

2. Жанқозы

Жармақтан:

1. Смағұл

2. Әбілғазы - Әбілғазыдан – Қапез, Қалымбек, Мөуіліт.

3. Құнафия

4. Хасен

Смағұлдан:

1. Ысқақ

2. Болат

3. Нәзипа – қызы

Ысқақтан: (1 ұл бар Семейде тұрады)

Болат – үйленбеген

Құнафияда бала жоқ.

Хасеннен:

Ғазез (13-14 баласы бар, Көкпекті ауданында тұрады)

Жанғозыдан бала жоқ

Емілден Қаракүшік, бала жоқ

Көседен:

1. Даулен

2. Әлке – бала жоқ

Дауленнен:

Қыңырбек.

Ақжолдан:

Беке –ден:

1. Әбутүсіп
2. Әбілхасен
3. Халықбай

Әбутүсіптен:

Әрін – нен

Нүрәсіл – ден (4-5 бала бар, тегіндегі “Большевик” совхозында тұрады. Сол жерде партком, кейіннен ауыл әкімі болған, қазір зейнеткерлікте)

Байжолдан:

Әлімханбет бала жоқ.

Шолаттан:

1. Әмір
2. Рүстем

Шолатқа кейбір шежіреде Қалық, Қашқынбай, Төлеген, Темірхан, Зағыпыран, Аздархан дегендер қосылған. Қашқынбайдан Төлеген, одан 1 ұл болған. Қыздары: Өмірия, Ауғажы, Әпижамал. Мұқсидан ұрпақ жоқ.

Әмірден:

1. Қайырхан
2. Зөкен
3. Шекітай
4. қызы Алтынсары.

Қайырханнан:

Омархан-нан (8 ұл, бір қыз бар, Күлпәш деген)

Зекеннен:

Оралхан-нан (6 бала бар, Күләш)

Рүстемнен:

1. Токбай
2. Бейілхан
3. Әждәрхан
4. Сейілхан

Токбайдан: әйелі Мәруа (1916, ұлу жылы)

Ұлдары: Максим (1936, тышқан жылы), Ерніс (1941, жылан жылы), Жеңіс (1944, мешін жылы)

Қыздары: Күләш (1946, ит жылы), Күлзира (1948, тышқан жылы), Бакытжан (1950, ит жылы), Төлеу (1956 мешін жылы), Сауле (1958 ит жылы), Роллан (1968, мешін жылы), Жеңісұлы Ринат (1971 доңыз жылы)

Нұранның Бәрібайынан:

1. Әзімбек
2. Қалел
3. Бекен (аттың бәйгесінен келген дейді)
4. Батқақ
5. Сағатбек

6. Жұмахан (болыс болған адам) Мұхамеди у беріп өлтірген көрінеді. ҚХР-на қашып кетіп қайта келгенде, соттаған көрінеді. Мұхамедиев Түсіпбектің әкесі.)

Бекеннен бір қыз бар; Айдарғазин Сәбеннің шешесі.
Батқактан бір қыз болған, ол Жақутова Күмісектің шешесі.
Сағатбектен бала жоқ
Жұмаханнан бала жоқ.

Қалелден екі қыз болған, аттары Қайныке, Күлшағи. Қыржы Бахтин
Мұхамедрахымның әйелі Күлшағидан туады.

Бекеннен бала жоқ
Әзімбектен:

1. Сағындық
2. Қазтай
3. (бір қыз бар)

Сағындықтан:

1. Дүйсеш

Қыздары:

2. Кәтипа
3. Ләтипа
4. Қайныш

Дүйсештен:

1. Мұрат
2. Төленді
3. Серік
4. Төлеубек
5. Қуанышбек
6. Айдын
7. Ерлан
8. Ержан
9. Бауржан
10. Сержан
11. Нұржан
12. Біржан

Қыздары:

13. Қайныш
14. Жанар
15. Айгүл

Қазтайда Бәтес атты қыз болған. Мамырбеков Жүрсінмен тұрмыс күрған, сүйегі Қожакелді, одан Сәрсенбек деген 1 ұл бар, 2- баласында қайтыс болған. 2-ші рет Қатипаға некелескен.

Батқак ұлты татар. Бөрібай би болған адам, 5 әйел алған. Батқакты Бөрібай бауырына салып бала ғып алады. Батқактан еркек бала болмайды да Әзімбектен туған Сағындықты бауырына салып бала ғып алады.

1937 жылы Әбдікәрім Сәкен Сейфуллинге жолығып, амандаса барып, Сәкеннің “Тар жол тайғақ кешу” атты кітабын қол таңбасын жазып сыйға тартқан соң елге алып келеді. Сәкен Сейфуллиннің басына ат қойылып, айдар тағылған заманда осы ауданда істейтін Табаншин деген милиция бастығы Сахатай деген, сүйегі Бәйел, молла Сақатай ақсақалды ұстап,

моллалығы үшін жауапталасың, болмаса Сөкеннің кітап сыйлаған сыбайластарын айтасың деп қысымға алып, жанын қинағаннан кейін сыбайластары мыналар еді деп Әбдікәрімді, Түрғожаны, Малғаждарды, Қазтайды, Қайырханды, Ыскақты, Нұрмұханбетті, Қасымжанды, Қасымханды, Өрісбаев Мүталапты, Бекбосынды айтқан сәтте Жаңа Тілектегі Көбеш қорасында отырған жерлерінде ұстап әкеткен екен. Сағындық татар баласы болғандықтан алынбай қалған көрінеді.

Монтай – Тұранның қарындасы, күйеуі Керей руынан, ол туралы дерек жоқ.

Шежіреде Бәйелдің бір тармағы болып ежелден бірге жазылып келеді.

Монтайдан:

1. Қожакүл
2. Қобақ
3. Лак
4. Дүбірай

Қожағұлдан:

1. Шалабай

Қобақтан:

1. Байсадық

Лактан:

1. Жұртбай
2. Қонқай
3. Оңғар

Шалабайдан:

1. Сағадидан
2. Омар
3. Көрмен
4. Бейсенбі
5. Сәрсенбі

Байсадықтан:

1. Рахметолла
2. Әбду
3. Әбдіғали
4. Сараш

Әбдуден:

1. Сәду
2. Сараш

Рахметолладан:

1. Ақжүніс
2. Байжүніс
3. Жорғатай

Сағадидан:

1. Сайлау
- Ақжүністен:
1. Ниязбек

2. Санакбек
 3. Кәпан
- Байжүністен:
1. Қалымбек
 2. Амантай
 3. Мұрат

Жорғатайдан:

1. Әскербек
2. Бекен.

Жұмахан Бөрібайдың баласы. Түрғожа Бөрібай өлгеннен кейін Жұмаханның шешесін алады. Содан Түрғожаның баласы болып кеткен. Жұмаханның нағашысы Қарауыл-Жасық елі, нағашысына қашып кетіп қайта келгенде болыс болған адам.

Қоқан елі

Бұл елден кезінде ел қорғаны болған Деріпсалы, Сүгірбай сияқты аруақты батырлар болған. Осы елден шыққан Малшыбай болыс та аузына жұрт қараған ел адамы болыпты.

Ауданда 1930 жылдары қырыққа тарта колхоз болғанда колхоз төрағасы болып ұзақ жылдар ел басқарған, ауыл шаруашылығы саласында абыройлы қызмет істеген, мал басының өсуіне, ауылдың әлеуметтік, денсаулық сақтау, мәдениет саласын қалыптастыруда үлкен үлес қосқан Орынбаев Имаш;

Еңбек және соғыс ардагері, Еңбекшілер депутаттары аудандық комитетінің жауапты хатшысы болған, Ленин жолы колхозының төрағасы және ұзақ жылдар бойы аудандық мекемелерде басшылық қызмет атқарған, майдандағы ерліктері үшін жауынгерлік «Қызыл Ту», екінші дәрежелі «Данқ» ордендерімен марапатталған, аудан экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан Рахымжанов Сағындық;

Ұзақ жылдар совхоздарда бас мал дәрігері, партия ұйымының хатшысы, совхоз директоры болған Иманбаев Бактығали;

Аудан совхоздарында бас мал дәрігері, совхоз директоры, Тарбағатай ауданының мал дәрігері басқармасының бастығы болған, кейіннен кәсіпкерлікпен шұғылданып келе жатқан Жамағатов Әйтбек;

Финансистер мен есеп кадрларын даярлауда ұзақ жылдар қажымай-талмай жұмыс істеп келе жатқан, елімізге мыңдаған финанс-есеп қызметкерлерін даярлаған, білім саласындағы жетістіктері мол, қаржы саласында да табандылық көрсетіп, жұртқа тек жақсылық жағынан көрініп келе жатқан оқу орнының директоры Мәзібаев Бақытбек Иманбайұлы;

Энергетик, ауданның энергия көздері саласын қалыптастыруда өзіндік үлес қосқан, энергетика саласында айтарлықтай қол таңбасы бар Сейітказин Әдір;

Тегіндегі Ақсуат совхозында МТМ менгерушісі болып жұмыс істеген, сол кездегі МТМ жұмысын совхоз шаруашылығында істейтін барлық техниканың жүрегі еді деп алсақ, осы саланы арнаға түсіріп, ырғақты жұмыс істеуге көп күш-жігерін жұмсаған, соның нәтижесінде совхоздағы техника атаулының әр науқанға сақадай сай тұрып, жұмыс істеуін қамтамасыз еткен

және осы салада атқарған еңбегінің нәтижесінде ұзақ жыл Ақсуат аудандық комитетінің мүшесі болған, кезінде мақтау марапаттан да кенде болмаған, барлық ұрпағын кәсіпкерлікке тәрбиелеп, құрметті зейнеткерлікке шыққан, қарапайым еңбек адамы ретінде нар көтерер жүкті қажымай-талмай арқалаған Разханов Фазыл;

Нұрбегі нұрлы болған Сейілханның,
Болатын ұрпаққа үлгі алыптардың.

Поэзия, прозаның падишасы,

Бойына терең білім дарыған мын.

Жаксылық жолы болған жолда лайым,

Оларға парасат күш конған дайым.

Балуан боп Нұрбекұлы Косман шықты

Жолын жалғап бабасы Молдабайдың, – деп жырға қосып отырған Нұрбек Сейілханұлы мен оның баласы Косман Нұрбекұлы;

Алдыңғы толқын ағалары Оразғали балуанның ізін басқан, самбо, дзюдо күрестерінің жүлдегері, дзюдо, самбо күрестерінің майталманы, самбо күресінің әлем чемпиондары Бауыржан Садуақасов, Қайрат Кұнафин сынды балуандарды жаттықтырған, тәжірибелі жаттықтырушы маман Ислахат Бешімбаевтар осы Қокан кіндігінен тарайтын қасиетті Деріпсалы, Түяк ұрпақтары.

Иманбаев Бақтығали



Иманбеков Бақтығали 1938 жылы Жана Тоғам колхозында, қазіргі Екпін ауылында дүниеге келген.

1956 жылы Ақсуат орта мектебін бітіріп, 1961 жылы Семейдің малдәрігерлік институтына түсіп, 1966 жылы ойдағыдай аяқтап, малдәрігері мамандығын алып шықты.

Институтты бітіргеннен кейін Ақсуат ауданының малдәрігерлік мекемесіне аға малдәрігері-эпизоотолог болып жұмысқа орналасады.

Ал 1967 жылдан 1980 жылға дейін Комсомол кеңшарында бас малдәрігері қызметін абыроймен атқарды.

1980-1981 жылдары Амангелді кеңшарында совхоз партия ұйымының хатшысы қызметін атқарды.

1988 жылдан Ақсуат ауданы Карл Маркс атындағы совхозда директордың орынбасары, одан кейін осы совхозда директор болып қызмет атқарған.

Көп жылдар ауылдық, аудандық советтің депутаты, кейіннен Тарбағатай аудандық маслихаттың депутаты болып сайланды.

Қазіргі уақытта әлі де малдәрігері инспекторы, лицензиант-малдәрігері болып белсенді қызмет атқарып келеді.

Сонымен қатар, Армандастар шаруа қожалығының төрағасы.
2005 жылы қараша айында президенттің жарлығымен “Тың игерудің” мерекелік медалімен марапатталған сыйлы ағаларымыздың бірі.

Мәзібаев Бақытбек Иманбекұлы



Мәзібаев Бақытбек Иманбекұлы 1947 жылы Семей облысы, Ақсуат ауданы, Екпін ауылында туған.

Семей технология институтын бітіргеннен кейін, 1974 жылдан бастап сол институтта оқытушы, аға оқытушы, оқу бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған.

1985 жылдан бастап кейінгі 20 жыл бойы экономика, бухгалтерлік есеп және аудит мамандығын дайындау саласында жұмыс атқарып келеді. Басында бір жылдық ауыл шаруашылығы есеп мамандарын дайындайтын мектептің директоры болып бастаған жұмысын әрі қарай дамытып, материалдық-техникалық базасын жақсартып бухгалтерлік училищеге айналдырды. Бұрынғы Семей облысын қойып, Республиканың көптеген колхоз, совхоздарында осы оқу орнын бітірген мамандар бас бухгалтерге дейін көтеріліп еңбек еткен. Бұл осы оқу орнының жастарға тиянақты білім бергендігінің куәсі болуы керек.

Айтқанымыздың тағы бір дәлелі, 1998 жылы аталған оқу орны Бухгалтерлік колледжге айналып, әрі бүгінгі күнге керек жана мамандық иелерін дайындауда. Осының бәрі Бақытбектің 20 жылдық директорлық еңбегінің арқасы деп білуге болады.

Шын ізденген адамға алмайтын асу болмайды демекші, бүгінде осы колледж негізінде Семей кәсіби бухгалтерлер мен аудиторлар институты жұмыс істейді. Институт бүгінгі күннің талабына сай халықаралық дәрежедегі бухгалтерлер дайындаумен шұғылданады. Бүгінде Қазақстан бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіреміз деп тілек білдіріп отырғанда, есеп, қаржы жұмыстары міндетті түрде халықаралық стандарттар арқылы жүргізілетінін айтсақ, Мәзібаев Бақытбек басқарып отырған институттың келешегі мол.

Бақытбектің біраз уақыт ауылына барып (1992-1995жж) аудандық тұтынушылар одағының төрағасы болғанын да айтуға болады.

Жұбайы Әділова Қарлығаш қаржы саласының қызметкері болып көп жылдар бойы қызмет еткен.

Екі қыз баласы бар. Тұңғыш баласы Айнұр Алматы қаласында тележурналист қызметін атқарады. Анары Семей қаласында Тұран Әлем Банкісінде қызмет істейді.

Әсембек әке жайлы сыр шертеді

Әкелеріміз бен аталарымыздың Ұлы Отан соғысындағы тарихи жеңісі – кейінгі ұрпақ үшін ерліктің, еңбектің, отансүйгіштіктің, болашаққа деген сенімнің, халықтар достығының мәңгі ескірмес ескерткіші және үлгісі. Жеңіс күнін жақындатуға Тарбағатай өңірінен барып үлес қосқан азаматтардың қатарында менің әкем – Сағындық Рахымжанов та болды. Ол әскер қатарына алынған соң, Уфадағы полк мектебінде оқып, Воронеж майданындағы 71-інші гвардиялық атқыштар дивизиясында бөлімше командирі болды. Оның неміс фашистерімен бетпе-бет алғаш кездесіп, шайқасқан жері – Безымянная темір жол станциясы үшін болған ұрыс екен.

Соғыс тарихында атакты 234-інші биіктікке бекінген неміс фашистерін талқандаудың маңызды орны бар. Биіктіктің аты биіктік. Оқты қарша боратқан жау бет қаратпаған. Рота, взвод басшылары қатардан шығып қалған. Сондай нағыз сын сағатта менің әкем рота басшылығын өз қолына алып, жетпіс шакты жауынгерді өзі бастап, қарсы ұрысқа жұмылдырады. Кескілескен шайқас нәтижесінде биіктік алынып, жау жер жастанды. Әкемнің сол жолғы батылдығы ескеріліп, “Жауынгерлік ерлігі үшін” медалі беріліпті.

Жеңіс мерекесіне менің әкем көптеген медальдарымен бірге омырауына “Қызыл Ту” орденін де тағып шығушы еді. Осы орденнің қалай берілгенін сұрағанымызда ол Великие Луки ауданында, Демино деревнясы үшін болған ұрыстарда жауынгерлік тапсырмаларды сәтті орындағанын мақтанышпен айтатын. Сол жолы әкем дивизия командирі генерал Чистяковтың қолынан осы орденді алған екен. Әкемнің 3-інші дәрежелі “Даңк” орденімен марапатталуы да нағыз ержүрек әскер болғанын дәлелдесе керек. Ол майдан шебінде жүріп компартия қатарына өтті. Дивизиялық “В атақу” газетінде (1944 18 қаңтарында) менің әкем туралы “Қазақ батыры” деген тақырыппен мақала жариялады. Жеңіс күнін әкем Шығыс Пруссиядағы Тильзит қаласында емделіп жатып қарсы алыпты. “Жеңіс” деген көптен күткен жалынды жаналықты естіген әкем жалма жан шинелін шиыршықтап домбыра ұстағандай бар дауысымен Біржан салдың “Қанаталдысын” шырқай дөңеліпті. Кеудені керген қуаныш, елге деген сағыныш қой. Одан өткен қуаныш бар ма?


Соғыс аяқталған соң бейбіт еңбекке белсене араласқан әкем ұзақ жылдар бойы партия, кенес, шаруашылық органдарында жемісті қызмет атқарды. Анамыз Қадиламен бірге берекелі отбасын құрып, ұлдары мен қыздарын өсірді, үлгілі тәрбие берді. Әкемнің қайтыс болғанына да бірнеше жылдың жүзі болды. Ал шешеміз немере, шөберелерін жетелеп, қызығын көруде. Менің әкемнің ерлік жолдарын мақтан етемін, - депті.

17 сәуір 2005 жыл.

Қоқан

Қоканнан Деріпсалы, Тұяқ тарайды.

Деріпсалы, оның баласы Сүгірбай да батыр адамдар болыпты. Сүгірбай батырдың ерліктері туралы «Ақсуат – Атамекенім» атты кітапта жазылғандықтан қайталауды жөн көрмедім.



Тұяқ баба өулие,
Бойында болған дәу кие.
Еліне жасап жақсылық
Беріпті көп төрбие.
Сиынып халық бас ұрар,
Қолдайды текті асылдар.
Ұмытылмас тұлға Тұяқ та,
Ауысса да ғасырлар.

Қоқан шегірісі

Қоқаннан: Деріпсалы, Тұяқ.

Деріпсалыдан Сүгірбай, Қыздай (әйел аты)

Сүгірбайдан Көбей, Ақсақал, Дәлі

Қызайдан Малшыбай, Елшібай, Киікбай.

Терекбайдан жоқ, Сәрсөбайдан жоқ, Малшор жоқ.

Малшыбайдың Қажыбайынан Тоғызбай, Бөйке

Елшібайдың ұрпақтары белгісіз.

Киікбайдан Қасымжан.

Көбейден Дәлі, Теке, Текеден Қасым, Кәрімбек (Қытайда), Жарбастан (Жарбол) жоқ, Жарымбет, Үркінші, Еркінбай, Бекенай, Белдемше, Нұрмұханбет, Өзібек, Өзібектен Жетімек.

Дәліден Өздей, Өзен, Жабық, Омар, Сәкет.

Жабықтан Әмірхан, Сейілхан. Әмірханнан Сейіткажы, Қажыбек.

Сейіткажыдан Кәдір, Әдір, Сабыр, Мейрамбек.

Кәдірден ұлдары Манарбек, Талант, Марат, қызы Гүлмира.

Әдірден ұлы Қанат, қызы Жанар, Әсем.

Сабырдан ұлы Мирас, қызы Гауһар (Алматыда тұрады).

Мейрамбектен қыздары Қарлығаш, Жанерке.

Сейіткажының Ғайни деген қызы бар (күйеуі Қабышұлы Марат, Семейде тұрады), ұлдары Дулат, Данияр, Руслан. Қыздары Динара, Гүлмира.

Күміс, күйеуі Көбей (Шымкенттің шардара қаласында тұрады), ұлдары Данияр, Дияр, қызы Қарлығаш.

Бейбітгүл, күйеуі Қабышұлы Ардақ, Абай ауданында тұрады. Ұлы Дархан, қыздары Сандуғаш, Гүлназ.

Сейілханның ұлдары Нұрбек, Фермебек. Қыздары Қонай, Нұркамал, Күлзипа. Нұрбектен Қосман, Жанболат. Қосманнан Назар, Дико. Қыздары Жанерке, Гүлназ. Фермебектен ұлы Максат, қызы Шынар.

Қажыбектен Өңдей (Шала), Өздей, Тұрғын, Сәметей, Ебей, Жәркембай, одан Күлшетай. Үркінші, одан Жетімек, Әбдірәсіл, Әбдірәсілден Балтабек, Мұратбек. Еркінбайдан жоқ. Бекенбайдан, Өңдейден жоқ. Сәметайдан Шыныбек, Ебейден Бейсенбай, Дүйсенбек (Көкпектіде)

Түяк

1-әйелі Опанайдан Сексенбай, Абытай, Шөке, Лекер, Битан, Шитан, Менеш, Күзенбай, Бөкеш, Лау.

2-әйелі Орсайдан Бөжей, Шолак, Қарағұла, Солан, Мүзбай, Құлбай, қайтыс болған.

Сексенбайдан Қыйал, Қиық, Жапыш.

Абытайдан Мәнжу, Шаха, Адай, Жауқыш, Қашаған, Асау.

Мәнжуден Шынасыл деген қыз болған. Бөтікбайдан Әмірхан, Әмірханнан Ғани деген қыз болған.

Шахадан Әбілғалыдан Нұртаза (Қытайда).

Адайдан Рахымберді, Әпшей

Жауқыштан Әміржан. Әбдіғалыдан Әлімқажы (болыс болған). Адайдың Рахымбердісінен Бек тұрады (Большевикте), Әпшейінен Мұстафа, Мұстафадан Хамит, Серік. Жауқыштың Әміржанынан Тахатттан Жұмаш, Оразбек, тағы 1 ұл, 1 қыз бар.

Асаудың бөйбішесінен Әбеу, Омар.

Тоқалдан Разхан, Изахан - інісі. Разханның өзінен бала болмаған. Барлығы «7» жетім асырап өсірген.

Изаханнан Бейісбай, одан бала жоқ. Молдаштан Фазыл, Файзолла.

Фазыл (әйелі Құлмәкен, руы Қыржы Баубек), ұлдары Болат, Марат, Мұрат, Дәулет. Қызы Ғалия.

Марат (әйелі Гүлнәр, руы Қыдыр)ұлы Жомарт, қызы Динара.

Мұрат (әйелі Гүлнәр, руы Арғын), қызы Маржан.

Файзолла (әйелі Рымби, руы Уак) ұлдары Әділет, Самат, қыздары Сымбат, Арай.

Асаудың Әбеуінен ұлы Бешімбай, қызы Нұрхия.

Бешімбайдан Токтарбек (әйелі Кәтіш, Екатерина Дементьевна - орыс қызы). Токтарбектен ұлдары Назарбек, Ислахат, Еркінбек, Қуанышбек, қыздары Гүлмиса (Галя), Рая.

Назарбектен 1 ұл, 1 қыз. Ислахаттан 1 ұл, 2 қыз.

Еркінбектен 2 ұл, 1 қыз. Қуанышбектен 1 ұл.

Гүлмисаның күйеуі Жапарханов Қайырғазы (Қақан), руы Төре. Рая, күйеуі Әлібек, руы Қарауылжасық.

Шөкеден Көбеген, Саңғы.

Лекерден 1-әйелінен Шүршіт Қайынжөмі дегн 1 қыз болған. 2-әйелінен Өгізбай, Әкежан, Сәкібай. 3-әйелінен Смайыл.

Битаннан: бірінші әйелінен Сарт, екінші әйелінен Смайыл.

Шитаннан Сәрсенбі, Бейсенбі, Боран.

Менештен Қойшыбай, Түсіп, Мәшүріп.

Күзенбайдан Мәліш, Жемтік, Сәтбай, Қоспак.

Бөкештен Тете (кіші), Төте, Қисық, Шағыр.

Лаудан Бірәлі, Жалпак, Қашқынбай, Босқынбай.

Бөжейден Байқонақ, Қонақай, Баймырза.

Шолақтан бір қыз болған. Ол қызды руы Матай Бүкісікбай алған. Одан Нұрахмет туады. Нұрахметтен Ауғажы туады.

Қарағұладан Ақажан.

Соланнан Талдыбай, Рақыш.

Мұзбайдан Мытыма, Сағымбай.

Құлбайдан Сағынай.

Сексенбайдың Қиялынан Қалба.

Қиықтан Сарымсақ, Далба, Жаман, Аман, Оспан, Дүйсенбай.

Жапыштан Өскенбай.

Абытайдың Асауынан 1-әйелінен Шоқа, Адай, Қашаған, 2-әйелінен Разхан, Изахан. 3-әйелінен Әбеу, Омар.

Көбегеннен Пыштахан, Тұрсынғали, Кенже, Әбділда, Жұмахан.

Шүршіттен Мәкібай, Әзімбай, Мәзібай, Орынбай.

Мәзібайдан Иманбек, Иманбектен Бақтығали (Бақтан), Құнан, Бақытбек, Байзыкен.

Өгізбайдан Серғазы, Әкежаннан Нұрғазы, Мамырбек, Сәкебайдан жоқ, Жемтіктен Нілжан, Сәтбайдан Сағымбай, Мұқар. Қоспақтан жоқ.

Тетеден Ноғайбай, Рахымжан, Байсадық. Тетеден жоқ. Қисықтан Мәтім, Мәмеш. Шағырдан жоқ. Бірәліден Отыншы, Жалпақ, Жалпақтан Төлегерей. Қашкынбайдан Қабди, Төлеу, Жәніс. Боскынбайдан Байғара, Апырым, Сексендер. Байқонақтан Жұмағұл, Қонақай жоқ. Баймырзадан Жұмабай, Бөстекбай. Сарттан Сқақ, Нұрбосын, Нұрасыл, Тошан, Жұмағұл, Нұрсейіт. Смайылдан Болсынбек, Мұхаметжан, Қалмақбай, Ғабдылдабек, Әбділбек. Сәрсенбіден жоқ. Бейсенбіден жоқ. Бораннан Райыс, Екітіс. Қойшыбайдан Тұрысбек. Түсіптен жоқ. Мәшүріптен жоқ. Мәліштен Әзімбет, Әзіке. Жемтіктен Нілжан. Сәтбайдан Сағымбай, Мұқар. Қоспақтан жоқ.

Тетеден Ноғайбай, Рахымжан, Байсадық. Рахымжаннан Сағындық, Сағындықтан ұлдары Әсембек, Қуанышбек ... , қызы Тоня. Тетеден жоқ. Қисықтан Мәтім, Мәмеш. Шағырдан жоқ. Бөжейден Баймырза, Баймырзадан Жұмабай, Бөстекбай, Талдыбай жоқ, Рақыш жоқ, Мығымбай жоқ. Сағымбайдан Жұмағали, Жұмаш, Бағлан (Қытайда). Қалбадан Айтжан, Тұрар. Сарымсақтан Жұмағұл, Далбайдан Байжұма, Жамағат, Жамағаттан Жаман, Мұхамеди (Қытайда). Аманнан Сембай, Токтасын (Қытайда). Оспаннан Арғынбек, Имамәди. Дүйсенбайдан Өскенбай, Жылқыбай, Токтар, Күлән. Шахадан Әбдіғалы.

Адайдан Рахыман, Рахымберді, Әпшәй, Қашаған жоқ. Разхан Разханнан Фазыл, Изахан, Бейсенбі, Әбеу, Бешімбай. Омардан Қасанбай, Ахат, Пыштахан, Пыштаханнан Нұрсағат, Әйкен, Нұрсапа, Нұрсадық (Қытайда), Өсербай,

Көшербай, Макбай, Нұрсипан (Қытайда), Күшікен (Социалистикте), Тұрсынғалидан Қайсенбай, Бейсенбай. Кенжеден Төленбай.

Әбділдәдан Оразалы, Ахат, Рахымбай, Әбділдабек жоқ, Ғабділдәбек жоқ, Райыс жоқ, Екітіс жоқ, Тұрапбек жоқ, Әзімбек, Рахманқұл, Әзіке (Нілжан, Сағымбай, Мұқыр, Мәтім, Мәмеш, Отыншылар жоқ). Төлегетай Риддерде, Қобди армия қатарына кеткен. Төлеуден Жәніс (Байқара, Апырымдар жоқ). Жұмағұлдан Сейсеке, Жәния. Жұмабай, Бөстекбайлардан жоқ. Айтжаннан Жәнібек, Тұрысбек, Жүнісбек, Кәдірбек. Тұрардан

Дәуітбек, Әлілбек (Қытайда) Жұмаканның Елғайша, Мөкібайдан Әлілбай, Сәлілбай, Сембай. Жексенбай. Әзілбайдан Зада. Мәзібайдан Иманбек. Орынбайдан Иман. Нұрғазыдан Бәтен деген қыз. Мұқаш, Қалдыбай жоқ. Шошан жоқ. Сқақтан Хамза, Жүмәділ. Нұрбосын жоқ. Нұрасылдан Айтмұханбет, Тошаннан жоқ. Жұмағұлдан Жұмаш. Нұрсейіттен жоқ. Болсынбектен Алтынжамал (Алтыкеш). Мұқаштан Нұржамал, Қалмақбайдан жоқ. Жұмағұлдан Көкпекті ауданында бір қыз бар. Далбадан Байжұма.

Жамағаттан Қоңырбек, Жұмабек (Арғынбек, Имамәди, Токтарлар қайтыс болған). Әбділғалыдан Әлілқажы, Құдайқұл, Байжұма, Рахымқожа. Рахман, Рахымберді жоқ. Әпшәй (Тассайда тұрады), Байсбай, Жолдаш (Қытайда). Бәшілбай Тұрсынбек, Бисакбай, Ахат (Қытайда). Өсербайдан Жексенбай Мейрамғали, Қиясембай, Бейсенбай (Қытайда). Төленбайдан Мүфти, Мүсілім. Оразалыдан Базарбек, Бисара. Ахаттан Сара, Еркін. Рахымбайдан жоқ. Әлілбайдан Оразғали, Иманғали, Құрманғали, Байғали. Сәлілбайдан Кеңесқали, Алтынжамал. Сембайдан Совет, Әлжан, Жексенбай. Иманбектен Құнан, Құман. Иманшан Ақан.

Мақпал елі

Мақпал ұрпақтарынан тарайтын, заманында аталы сөз айтып, атағы ел есінде сақталған, күйма құлақ шежіре кеуде Маусымбай Сабанұлы мен Бейсенғали Садықанның кеменгерлік мұрасы ұрпақтан ұрпаққа аңыз боп таралып келеді. Маусымбай мен Садықанның артында қалдырған мұрасы аз емес. Қабанбай батыр дастанын өмірге әкеліп аталы сөздерімен, іс-әрекеттерімен бар күш жігерін жұмсаған Маусымбай мен Садықан ақсақалдар өнегелі орта мақпал ұрпақтары екенін айта кеткен орынды болар. Бұл ұрпақтан кезінде Токтыбай, Абылқан қажы, әрі болыс Майыр қажы, Сейітқалы атты билер шыққан ел. Қазіргі таңда самбо күресінен әлем чемпионы болып жүрген Күнсафин Қайрат та осы атаның ұрпақтары.

Абылханов Райымхан, Райымжандар ауылдық кеңестің төрағалары, Болысов Садуақас 1937 жылға дейін колхоз басқарып, 1937 жылы үндемеске алынып, содан оралмаған. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Ахатаев Слям бастапқы жұмысын есепшіліктен бастап, аудан колхоздары мен совхоздарында басшы қызметтерде болып, зейнеткерлікке шығып, дүниеден өтті.

Қабдолла мен Мейірімжандар Санкт Петербургтен оқу оқып тәмәмдап келгеннен кейін Қабдолла болысқа тілмәш болып, Мейірімжан Көкпекті селосында ұзақ жылдар бастық болып істеп, сол ауданда дүние салыпты.

Қабдолла 1929 жылы Көкпекті ауданынан Ақсуатқа көшіп келгеннен кейін Ақсуат МТСында бас бухгалтер болып жұмыс істеп жүргенде «Үйінде ақ патшаның суреті бар, бұл ақпатшаның адамы» деген айып тағылып, 1937 жылы үндемеске өкетеді. Онымен қоса сол кездегі МТС директоры болған руы Қарауылжасық Толқынбаев Оразғалиды, екінші бухгалтері болған руы Сыбан аяқөздік Мухаметжанов Сембекті үндемеске қоса өкетіпті.

Қабдолланың алған әйелі сол кезде милицияда жұмыс істейтін Айқымбеков Уәлидің әйелі Күлияның сіндісі екен. Уәли Қабдолланы жоғары

кеңестің президиумының төрағасы болған Калининге арыз жазып, халық жауы деген айыпты алдырып тастағаннан кейін 10 жылға соттайды. Қапаста болған жылдарын Благовещенск, Владивостоктан 100 шақырым тұратын Ворошилов қаласында өткізе жүріп, сол жақта жүргенде 1944 жылы дүние салады.

Ұлы отан соғысының ардагері, ер жүрек байланысшы (связист) Сыдықов Мәулітай, соғыс және еңбек ардагері Көктүбек ауылы орта мектебінің негізін қалаған, өмір жолы кітап болып шыққан Садықанов Бейсембек, еңбек ардагері кезінде ұзақ жыл сехтық партия ұйымының хатшысы болған, еліне адал қызмет атқарған, есеп қызметкері Елеусізов Айғали, Қазақстанның халық артисі Майра Ильясова, баспа басшылығы қызметінде істеп келе жатқан, халқының қалаулысы болған Бакыт Садубаева, үлгілі ұстаздар: Ғайникамал Көкімжанқызы мен Самал Сабырқызы осы ортадан шыққан, ел жұртына танымал тұлғалар.

Маусымбай Сабанұлының есінде қалған шежіре деректері бойынша Ағанас Қаптағай батырлардың да шыққан тегі де осы Мақпал елі көрінеді.

Алайда ел аузындағы әңгімелерге қарағанда осыдан 1,5 ғасыр бұрынғы патша үкіметінің жер реформасы қазақтың жерін ғана емес, рухани тынысын да тарылтқан кезең болыпты. Ішкі Ресейден жылып келіп жатқан орыс мұжықтары қазақтың шұрайлы жерлерін иемденіп жатқаны аздай-ақ, олардың соңынан әскерилер де зеңбіректерін сүйретіп келе бастапты. Жай келіп қана қоймай, 1839-1849 жылдары генерал-губернатор Перовский басқарған орыс әскерінің казак даласын отарлау жорығын жалғастырған кезең екен. Қазақтың жеріне ендеп еніп келе жатқан Ресей мұжықтарының іс-әрекеттеріне қарсы шыққандардың санатында болған және оның үстіне өз іштерінен шыққан бакқұмар, таққұмар, өзімшілдер мансап үшін ел азаматтарын сатып жіберетіндердің де өсерімен Ағанас пен Қаптағай батырлар ауылымен жер аударылып сол кезеңдегі саясаттың құрбандары болғанға саяды. Кезіндегі бұл оқиғаны білетін адамдар бастарына түсетін ауырлықтан қорыққандықтан тіс жарып ештеңе айта алмаған көрінеді. Кейінгі ұрпақтардың уақыт өте келе ел аузынан еміс-еміс естігендері болмаса, нақты оқиғаны білетін бұл адамдар өмірде жоқ. Оның үстіне «дүние шаруа мінез күнде өзгерер» деп Абай атамыз айтқандай, кейінгі өзгермелі заманда ел бытырап Қытай, Түркия т.б. елдерге көшіп, осы жолда көбісінің құрбан боп о дүниелік болып кеткендіктен, «байтал түгілі бас қайғы» дегендейін, бұл тарихи оқиға жайында қалған секілді. Жазылып отырған шежіреден бұл тұлғаларды таба алмайсыз. Үйткені бұл шежіре кейінгі ұрпақтардан жинастырылған әрі кетсе шарықтау шегі 50-60 жылдан аспайды. Оның үстіне көбі ұмыт болған. Ағанас батыр туралы Шәкерімнің Қабыш деген баласының ел жадында бір ауыз өлеңі сақталыпты, онда былай делінген:

Қайын атасы Ағанас әділ кісі,
Бөйбішеден жалғыздың нағашысы.
Найманның биі болған соған барған
Аты жеткен қазақтың жүгінісі, - депті.

Ал Қаптағай батыр туралы мұндай да деректі таба алмайсыз. Жазба болмаған жердегі оқиғаның бәрі бұлыңғыр тартып барып, замана өзгерген сайын ұмыт болатынға сая ма деймін.

Маусымбай Сабанұлы кезінде «Майқы дастан» кітабын жазуға басшылық етіпті. Сол кітапты жазарда Маусымбай сөздерінен: Халыққа әйгілі Майқы дастан рисала тарихи кітабы сөзі бойынша Маусымбай дейтін адам басшылық етіп, ақын Көрібайға екі ақынды қосып, бұларды өлеңге аударуға міндеттепті. Құсайын дейтін адамды хатшылыққа орналастырып, кітаптың ішіндегі араб, парсы тілдерін қазақшаға аударуға Ыбырай дейтін молданы қосып, Қалба дейтін жердегі Қарабұлақ жайлауында үй тігіп, кітап жазуға кірісіпті. Жаздың үш айында жазып, қалғанын келер жылы қыста жазып бітіреді де, осыны «Қазан» баспасына беретін кезінде бірінші дүниежүзілік соғыс басталып кетіпті.

Ақ патша халықтан қырық жаспен он сегіз жас аралығындағы өскердің окобын қазып, малын бақтыруға алатын болып, осыдан ел бытырап қашып, аласапыран болып баспаға берілмей қалыпты.

Осы кітапты бастап жазарда арнаулы мал сойылып, Маусымбай қария көкқасқа тайға бата беріпті. Сондағы Маусымбайдың батасы мынау екен:

Аумин, деп алып келген малдарын,
Дәм бұйырып, тасқа ұрады шалдарын.
Өмірлерің ұзын болсын барлық ер,
Ата менен тілек етіп анамның.
Бақыттарың масатының үніндей,
Жайлауындай жайнай берсін Қалбаның
Толықсыған төрт түлікке жер толып,
Жер қайыссын баданадай малдарын.
Көкпектінің мөлдіріндей ойларың,
Самырсындай қатар өссін бойларың.
Қос бұтақтың қайынындай ырғалып,
Тең құлпырсын оңдарың мен солдарын.
Жеміс пенен жидек болсын тауларың,
Самарқандай сәнді болсын бау-бағын.
Ұрпақтарың ер боп туып ел үшін,
Айбатына бата алмасын жауларың.
Берекелі тату болсын елдерің
Ел басқарсын ойы озық ерлерің.
Арта берсін абыройы елімнің
Дөнге толсын ырысты боп жерлерің.
Арттарына аты қалсын Майқыдай,
Өрлей берсін бақыттарың тайқымай.
Ата-бабам жүрген ізі жоба боп,
Еркін өскен ен далада халқым-ай.
Ақындарың сайрай берсін бұлбұлдай,
Ұрпақтарың шулай берсін күндыздай
Жәй отындай өмірлерің жарқылдап,

Көрік берсін көгіндегі жұлдыздай.
Зылиқадай нұрлы болсын жарларың,
Нәрестемен күн көрінсін жан-жағың.
Ашуларын сабырлықпен тежейтін,
Саф алтындай ауыр болсын салмағың.
Көк майсадай шұбатылған жерлерін,
Барлық жастар, бас қосындар келіндер.
Барлығың да Майқы атаның ұрқысың,
Сырт қалмасын қыздары мен келіндер.
Бірден бірге мұрасымен Майқының
Өрендерім, өзендерім өріндер
Өнерлі елдің өнегесін үйреніп
Кейінгіге тұқым болып себіндер.
Есентайдың қарт жырлардың жырларын
Маржандай ғып ақ қағазға төгіңдер.
Майқы атайдың тарихының мұрасын
Хатқа жазып қолға тапсырып беріндер.
Лағнеттен елің үшін есе алып,
Сендер соның игілігін көріндер
Мұнан кейін оқу оқы, өнер тап,
Надандықты бізбен бірге көрмендер
Көк майсада бауырын төсеп қой жатыр,
Қойын көріп менде талай ой жатыр.
Көргенді істеп, үйрен күштеп,
Қойды да бақ, елің құсап, ойла ауыл
Келешекті жазып сызып кетпесе
Сақтала ма сары алтындай ой ғасыр.
Түйе шөгіп, жылқы жатыр далада
Алды артына өзін ойлан қара да,
Бірден бірге мұра болып келген іс
Атадан қалып келе жатқан балаға.
Жер емшегін мал емшегін қатар ем,
Мен демеймін мал жаныңа карама.
Өнерлі елден өнеге алып үйреніп
Сен де ел боп дүние жүзін арала.
Сары арқада еркін жүріп өсіп кең,
Надандықтың қасіретін біліп пе ең?
Ата-тегің кім екенін танымай
Уа, ғажайып әрең таптым түріктен.
Есті бүгін, нұрлы көзге жас келді,
Көзім көрді, оқып білген басқа елді.
Жүріп бізде құрып бізде амал не
Ата-бабам жолы қайда қастерлі.
Осыны ойлап алып келдім
Кәрі ағайдың кітабын танып көрші.

Анық шешем соны қадір тұтамын
Еркін ұғып, шерден шығып, тыныс тауып жұтамын.
Тастай ғып жаз атам қазақ мұрасын,
Жалған қоспай турасын айт турасын.
Бүгінгілер түсінбесе өз соры
Ес білгенде кейінгілер сынасын.
Кітабыңнан сенің жазған нәр алып,
Білмегендер білгендерден сұрасын.
Анықтап жаз, қайта-қайта тапсырам,
Ұрпақтарға болар азық, мұра қалсын жақсыдан.
Бұл Майқы дастанының бірінші бөлімі. Екінші Маусымбайдың сөзінің ішінара сөздерінен:

Кисық ағаш түзелмесе, қыңырға айналады,
Тентек бала жасында түзелмесе, сорлыға айналады.
Сықақ-қалжың ойнай берсе, шынға айналады,
Күн жаңарып жаңара берсе, жылға айналады.
Жасынан өзімшіл пысық, өсе келе құлға айналады,
Осындайлар тарихты бұлдіреді.
Жалғаннан тарих жасап, тапқырлығын білдіреді.
Момын елім түсінбей осы жігіт дейді,
Аңқаулар шын дер еді.
Жағылған аттың кетуінен, тоқылған аттың кетуі қиын
Шындықтың өткелінен өту қиын,
Тарихты екі жазуға болмайды,
Білмегендіктен бес жазылады
Бұрмаланса күдайдың ұрғаны
Нәрсіз мылжынды жұрт неғылады
Анықтау іздеу ар емес,
Ақиқат ақыры бір табылады, - деген екен.

Өзінің алғашқы Күнберген дейтін татар қыз туралы, көртейгенде осы адамның аты Тотықұс қойылу жәйттерін сөйлегенде бұрынғы адам жар болып, ұнатып қосылғандарды ауызға алып, аяғында өзінің осы тоты ауылының тарихын таныстырғанда былай депті:

Әр заманның Мәжнүн мен Ләйлісі бар,
Шаттығы да кезекті қайғысы бар
Ләйлінің Мәжнүндей күйін тартса,
Өзіне ол рахат жайлы шығар.
Әр заманның Сейфул-Мәлік Жамалы бар
Бұл жайтта осы жұрттың хабары бар,
Арманға жететін бар, жетпейтін бар
Басын айтса өзі ұғар саналылар.
Әр заманның Баяны мен Көрпеші бар
Дәуірдің жуық жақын ертесі бар.
Жолында махаббаттың құрбан болған,
Шынайы ғашықтықтың серкесі бар.

Әр заманның Еңілік пен Кебегі бар,
Үкпағанға қаншалық керегі бар.
Не бакытқа, не сорға бастайтұғын,
Барының бір оқиға себебі бар.
Әр заманның Қабанбай Гауһары бар,
Бақыт құсқа бөленген жауһары бар.
Дүниеге танылып, аты қалып
Шын мерейге қандырды ғой, көусары ғой.
Бұлардың да арманға жеткені бар,
Әр заманның Қалқаман Мамыры бар
Кейбіреу жай, кейбіреу қазір де бар.
Өзгертіп әрбіреуі тарататын
Әркімнің хандары мен өзiрi бар.
Тiптi өрмен сыртқа тiлек өзiлi бар,
Махаббаттын аяғы бакыт болып,
Өмiрден алған сыбаға өзiлi бар.
Зар жылап қасiреттен өткенде бар.
Ақыры махаббаты игiлiк боп,
Жалғаннан кызық көрiп кешкендер бар.
Мұның бәрi махаббатқа адал жандар,
Бiр сөзбен, бiр ниеттен жаралғандар.
Өлсе де, өмiр сүрсе де тайынбаған
Шын обалы мөнгi дос саналғандар, - деп баяндайды.
Ақырында отырғандарға қарап:
Әр заманның Маусымбай Тотысы бар
Өзi сүйген әр кiмнiң досы шығар.
Ұзатпаймын келейiн жалғасына

Маған айт дегендерің осы шығар, - жоғары да аталған жеті ғашықтардың да аттарын атап өтіп, өзінің өмірін, жағдайын айтып береді. Осы отырған бәрі Мауеке, бұрынғылар жеті ғашықтықты Жүсіп пен Зылихадан бастаушы еді дегенде, менің айтқаным құрандағылары емес құлақтағылары ғой. Оларды құсаңыз Жүсіп пен Зылиха, Мухаммет пен Хадиша, Фани мен Бәтима, Құсайын мен Шәрбану сияқтыларды айт деп әбден күнаға батырмақсындар ғой. Менің айтқаным бергі дәуірдегі, дәуірінде паркы болғанымен, өмірі үйлес адамдар ғой. Онда Алпамыс пен Құртканы бертіндегі Қалқаман мен Мамырды тағы басқаны айтпады десең әбден жаңылған екенсің деп күлдірген екен марқұм.

Бейсенғали Садықанұлы сонау отызыншы жылдары аласапыран заманда Қытай еліне өтіп, содан оралмаған адам. Қиыр жайлап шет елде жүрсе де, Маусымбай, Кармен ағаларының шәкірті бола жүре , сол ағаларынан тағылым алып, өз бойында да ақындық шежірешілік дарыған адам көрінеді. Көптеген қиыншылықты басынан кешірген ақсақал тоқсаннан асып дүние салды. Қытай елінің де шаруашылығына белсене араласқан. Дүрбілжін ауданында бірлестіктерді басқарған беделді де сыйлы адам болыпты. Оралмандардың айтуына қарағанда, ақындық, шежірешілдік.

батагойлық қасиеттерімен ел құрметіне бөленген адам көрінеді. Сол елдегі ел ішінде өтетін той – думандарда, алқалы топта берген баталарын жыр етіп айтады.

Бейсенғали Садықанұлы Маусымбай атасы мен Кәрібай ақынның Майқы дастанын жазарында осы тарихты өлең жолдарымен жаза отырып былай деген екен депті:

Осындай көңілінде болса сезім,
Өленнің дұрыстап шығар сөзін.
Мал менен тақ бір көлеңке, қараса жоқ.
Артымда мәңгі бақи өлмес сөзім.
Өлеңді ұнатса жұрт көп оқиды
Алтынның салмақтады мыс пен жезін.
Кәрі - жас, үлкен - кіші, -ер мен әйел,
Құрулы кезіктірер жұрттың тезін.
Әркімге Алла берер несібені,
Кейбіреу көтере алмай есіреді.
Тәтті сөз ет жүректің кілті емес пе?
Шаттанып кірбің көңілің шешіледі.

Міне осы адам айтқандай, адамның өзі өлсе де, бізге осылардың айтқан сөздері қазірге дейін өнеге болып, үлгі көрсетіп, тәлім – тәрбие беріп, тәрбиелі кейінгі ұрпақтарына шабыт, таланттарына дарын беріп жігерлендіріп, еліміздің тамаша дәстүр – салтын жалғастырып келеді депті.

Қазақ халқы заманында Орнык қаласын салардағы Төле бидің кенесін былай деп жазып қалдырыпты деп жазады Бейсенғали Садықанұлы:

Боранбай XIX ғасырдың адамы. Боранбай би Мұрын елдерінің атақты билері Кегенбай, Едігелерге былай деп таныстырады. Майқы бидің орнын басқан Үйсін Төлебидің тұсында қазақ халқы тұңғыш рет Орнык қаласын салатын болып, сол дәуірдің ең көп жасаған, көпті көріп өмірдің талай сынынан өткен Төле қарттан ақыл сұрапты. Сонда Төле қарт былай деп кеңес беріпті:

Жүз отыз бес жастамын көпті көрген,
Дүниеде бақи кім қалар?
Енді қанша жүрермін
Бұл да бір мақсат емес пе
Ішінде болсам тілеудің.
Қазақтың ұлы ордасын,
Орнықсын деп тілермін
Қайырлы болсын талабың
Күтты болсын қадамың
Адастырмай ел үшін,
Тура баста қарағым.
Дұшпаныңа сай болсын,
Қаруың мен жарағың
Отырарлық орнығып
Орда құрсын қазағым

Түлен түсін ел тани
Сендер басшы болындар.
Өрісі кең, суы мол
Бір жерді тандап алындар.
Орнығып елім бірлессін,
Жақсы бір қала салындар.
Адам жанын, зат күшін,
Соятуғын малыңды ал.
Алындар қосып жастардан,
Құралсын бөлек жүздерің
Үшке бөліп үйісті
Басшылық айтып өздерің.
Алдымен көріп орынын,
Бір жерге тіксің қостарын.

Береке мен ерікті
Бірлестірсін бастарын.
Қарттар болса бастама,
Емес пе қайрат жас жанын.
Азық –түлік көлігін
Өзі тапсын баттанын.
Той жасауға алдымен
Әкелсін әркім заттарын.
Төре тұрсын Есенай
Бұған қосым көсімді
Айтайын былай аттарын.

Той думанға бөліндер
Ғаламның осы хаттарын.
Жолы болмас жігіттің
Қасына жолдас ертпеген
Адамның жаны зат деген
Толықтау орны жетпеген.
Салауат алай күш керек
Толып жатқан іс керек
Алдымен сендер бастасан
Басқалар солай істемек
Бастамшылық істеуде.

Төле бастық қазақ басшыларына ақыл айтады. Міне осы арқылы берген батаның көрсетуін негізге алып, іске кірісіп, Орнық қаласын тамашалап салған екен. Олардың ішінде біздің біршама тарихымызға хан құруымызға Төлегетай руының сүбелі үлесі мен із таңбасы бар деп жазыпты.

Бейсекен жазған шежіресінде Байжігіт Байыстың бөйбішесі Мұрыннан Сармырмамен бірге туысқан Мақта дейтін қызынан туады екен. Ал Байжігітті Мұрын анамыз бауырына салып бала қылып алыпты. Мақтаны енші беріп, Байжігітті қолынан шығарып, Сармырзадан туған балалармен тең тәрбиелейді. Мақтаның өзіне тән дәулеті болады. Мақта Матай Бақберді дегеннің Бірлен деген қызын көріп, баламен тілдесіп, ағасы Сармырзаға айтып құда болу жөнінде, Сармырза еншілікке барып, Қалба жайлауында құда болу тоқтамына келісіп қайтады. Көк жайлау ішінде қасында бірнеше адамдармен құдалыққа Сармырзаның үлкен ұлы Жолымбет барады. Барғаннан кейін құдалар ықыласпен қарсы алып күтіп, қонақ асына малдың ең қасиеттісі деп Ақсарбас қойға бата істетеді. Жолымбеттің батасы мынау екен:

Аумин десең малға, жарылқасын Алла.
Өмірдегі қуаныш, осыдан қызық бар ма?
Аумин десең қойға, жеткізсін Алла тойға.
Көрілер құрып кеңес жастар жайын ойла.
Қайырлы болсын құдалық
Құдайдан тілеп сұралық.
Бұрынғылар қалдырған
Кейінгіге мұралық.
Дүние деген дөнекер,
Біреу берсе, бірі алып
Жастарға берсін өмір
Көтеріліп көңіл
Жақындықпен жалғасып,
Ішпесеңде семір.
Құдалықтың жоқ шарты,
Қайырлы болсын арты.
Ақсарбасқа бата қылу
Атамыздың салты.

Құдалықты үш белгі
Деседі емес пе біркелкі
Ақ бата, жол жаралғы,
Ақ неке үш белгі осы ежелгі.
Жол жоралғы дөнекер,
Бастапқы соңғы бекімі.
Барлығына белгілі
Айтам бірлеп несін.
Жол жоралғы қалың мал
Бұйырғанын алындар
Бізде дайын тұралық,
Сәтті күні барындар.
Тілек тілеп, бір соқсын жүрек,
Бірлессін білек!

Аумин дейік, бір Алладан тілек, - депті.

Қазактың бытыраңқы көшпенді дәуірін суреттейтін Қожамбет ақынның Бейсекен жазып алған нұсқасын ұсынуды жөн көрдім.

Қазактың бытыранды көшпенді дәуірінде кәсібі мал бағып, қоныс қуып, соның сонында болып, мәдениетті халықтармен араласып, оқу жағынан кемшіл медресе, мешіт жоқ.

Өзінен күші басым ұлттардың шапқыншылығына ұшырап, мешел кезде гүрмыс кешіп жүрген кезінде атақты Абыз Қожамбет ақын былай деп халық әмірін суреттеген екен:

Азырақ егін ексек Сыр бойына,
Ішуге жетпейді екен жол бойына
Қоқаннан Ақшөміш боп астық алып,
Кей кезде астыққа зар бір тоюға.
Біреуін қалмақ шауып, орыс шаншып,
Баяндап тұра алмадық бір орында.
Аламыз сырттан мата керуеншіден
Лажсыз өз қолында болмаған соң.
Қысы –жазы көшіп қонып мал бағамыз,
Сүтін ішіп, малтасын жеп, жан бағамыз.
Жаз кезіп Азыбының сахарасын.
Қыс келіп Сыр бойына жайланамыз.
Жаз болғанда әйелдер тоқып өрнек,
Кәсібі қолдан келер өнер бермек.
Ши тоқып, киіз үйде кебенек киіп,
Киіміміз жер бояумен теріні өңдеп.
Бау ағаш, рауағаш шүкір түбін,
Теріні жақсы илеп қырықты күн
Келтіріп елтіріден тымақ жасап,
Келеміз бас киім ғып күні бүгін.
Киізден етік жасап қонышын сырып,
Десеміз мұның атын киіз етік.

Табаны, іші киіз, сырты сірі
Сірілеп, әдемілеп алып мінін.
Түйе мен қой жүнінен тоқып шекпен
Қазықпен екі басын өріп тастап.
Арадағы қылышы бір осы өрмекпен
Алаша төр алдына тоқыр едім
Келттіріп нақыштармен қос өрнекпен.
Қоқаннан мақпалдан ғып береді,
Байлары дәулеті мол қолы жеткен.
Қоқанға одан қалса мал сатамыз
Қос –қостан қолда барды апарамыз
Жау талап кейбіреулер сорланады
Тып –тыныш болу қайда сахарамыз.
Ағаштан алады сирек аяқ –табақ,
Арланып тұрамыз ба, аз - ақ халық
Орыспенен оңайша өнер тауып
Бұл бөгет қашан бізден аяқтамақ.
Қазаққа дін таратты Қожа келіп,
Құлағына азан айтты соза керіп.
Кәсібі қысы –жазы от басында.
Мал баққан сахарада қазақ жүріп.
Біліп ал, мешіт пенен медресе сап,
Оңай іс болмады көшпенді елге,
Қалада салынса да көшкен жерде.
Тұрақта олай болса көше берме.
Қаңғи берме тұяғың жеткен жерге.
Жеткізбей бұл үмітке қалмақ шауып,
Тоз – тоз болып кетеді мекені ауып.
Оқыған оқу да жоқ, ғылым да жоқ,
Төнеді өміріне жылда қауіп.
Керейді басып алса жоңғар келіп,
Еріксіз бағынады оған елі.
Найманменен тағы да соғысады.
Ат пен тон, олар келмек әскер беріп.
Екеуін басып алса жөне қалмақ,
Төнеді ауыршылық, жұртқа салмақ.
Үйсінді Қыпшақпенен тағы шауып,
Осыменен қаза тапты талай саңлақ.
Осындай өтіп жатты ауыр заман
Сәуірліктей бірін - бірі сауырлаған.
Білсе де кейбіреулер сүлде қарар,
Белі сыздап, өз басы ауырмаған.
Осындай көрді халқым дәуір зілін,
Көп тартты күйзеліс пен ауырлығын.
Келеді өмір үшін арпалысып,

Қара атпен жетіле алмай қауырсыны, - деген екен.

Бұл оқиғалар XVIII ғасырдың басқы кезі сияқты. Мұрасындай халықтың тартқан ауыртпалығын, күйзелістен нашар тұрмыс пен теңсіздік аласапыран жағдайды нақты бейнелеп, бізге із қалдырған ата –бабаларымызға рахмет айтамыз. Осы бір шағын өлеңді оқысаңыз, қазір дәуіріміздің алтын екенін, еліміздің шалқыған ырысты, осы дәуірдің күшағында жастарымыздың шексіз бақытты екенін аңғарамыз. Әрі осы бақытты, бай тұрмысты тең жасаған өмірді кастерлеп, күн озған сайын оналта беруге борышты екенімізді білуге тиіспіз.

Ахметұлы Иген

Әкесі Игеннің өмір жолын баласы Келгентай былай деп баяндайды:



Әкем Иген 1895 жылы қаңтар (әкемдер «жануар» айы деуші еді) айында Ақсуаттың Тарбағатай тауының «Нәуім» қыстағының аяғында «Орта Қонақбайда» дүниеге келген. Әкесі Ахмет, ескіше оқыған сауатты молда болған кісі екен,

3 ұлы болыпты: Сіләм, Иген, Садубай.

Иген жасынан пысық алғыр, сөзге шешен болыпты. Әкесі сауатын ашқызып ескіше оқытыпты.

1910 жылдары анасы Тәуірбала қайтыс болады, әкесі Ахмет еріксіз төсек жанғыртыпты. Өгей шешеге үйренбеген Иген 1911 жылы 16 жасында Қытай асып жұмыс іздеп кетеді. Ол кезде шекара деген жоқ ары-бері өтіп жатады екен. Содан Қытайда бұл кісіні жас бала деп ешкім жұмысқа алмайды. Қазактар көп болса керек өлмес күнін көріп нан тауып жейді екен әйтеуір. Кешке қарай жататын жерін бір түп ши соны паналаймын, астыма ескі тон шешем тігіп берген соны төсеніш жасаймын дейді. Бір күні өлгі тонымның исі шығады, қарасам күрттап кетіпті. «Панасыз бала атандым». Сүйтіп жүргенде бір күні ерте әлгі жұмысқа әкететін жерге барып отырғам жанымдағыларды алып кетіп жатты, мен тағы да жалғыз қалдым. Сол сәтте бір үлкен адам толықтау келген ұлты «дүнған» болу керек. Ей бала жұмыс істейсің бе деді-«ойбай-ау істеймін-істеймін дедім», содан сол «дүнғанның» құрылысын істедім, малын бақтым, аяғында соның атқосшысы болдым, қалым жақсарды, біраз ақша жинадым. 3-4 жылдан соң әкем іздеп келді мен бармадым, біраз мал сатып әперіп, әкемді қайтарып жібердім. Содан сол жүргеннен 1921-1922 жылдары бірақ қайттым.

1928 жылдары коллективтендіруден бастап 1932 жылғы ашаршылық, 1937 жылғы үндемес күндерін бәрін бастан кешіргем. Алғашқы соғыс жылдарында майданға алмады.

1939-1941 жылдары «Шығыс тас жолы» жолында істеген үздік еңбегі үшін ҚазССР министрлігінің мақтау грамотасымен марапатталды.

1944 жылы армияға алады. Жанында Хасен ақсақал, Айтжанов Тұрысбек ақсақал болған. Содан күндіз-түні соғысқа дайындайды, атқызады, жатқызады, жүгіртеді, раз-двалатады. Сөйтіп жүргенде бір күні стройда тұрғам, енді майданға барасыңдар деп жатқан, бір заматта сол жақ шекеме бір нәрсенің тигенін білем ары-қарай есімде жоқ, көзімді ашсам госпиталда жатыр екем, содан 6-айдай жатып, контузия алып еліме қайттым. Жасым 50-ге келіп қалған соң қайтарды ғой деймін, өйтеуір аман-есен еліме келдім. Келе сала жұмысқа кірістім бригадир, кілетші болдым, соғыс аяқталғаннан кейін оқуға жіберді, бармадым. Бала-шаға бар, ағамыз Сіләм қайтыс болған, соның балалары түгел маған қарап отыр, соларды асырап жеткізу керек.

1951 жылы осы «Тұяк» атаның басына бардық кемпіре екеуміз. Басында бір күн түнеп, ол кезде өгіз арба бар ғой, жолда келе жатып арба үстінде көзім ілініп кетіпті. Бір ақ киген ақсақал:-ей түр, неғып жатырсың, қаз ана жерді дейді-ұшып тұрып қаздым, бір уақытта бір «Құшала» тауып алдым. Мынау біреу-ақ қой деймін, ұл бала болады атын Кегенбай қой деп ғайып болды дейді. Жылап-еніреп жүргенде сені Тұяк атаң берді ғой дейтін.

1952 жылы Келгентай өмірге келді. Алдындағы балаларым тоқтамайды, ылғи өле берді. Осы «Түйекен» аруакты өте қасиетті кісі деп әкем марқұм айтып отыратын.

1953-1963 жылдары почтада істеді. Сол жылдарда істеген еңбегі үшін облыстық мақтау грамотасы, орденімен марапатталды.

1964 жылдары құрметті демалыста жүрсе де, колхозға көмектесіп жүрді. Сол жылдары Базар өзеніндегі «Ботайға» 7-8 шақырымдық канал тартқызып өзі басшылық жасаған. Ол кезде кукуруз егеді, кукуруз бітік шығып, гектарынан тонна алған.

1980 жылдардан бастап бертінге дейін Сатпаев совхозы осы каналды игіліктеріне пайдаланып келеді. Сол канал «Иген шал» каналы аталады. Қазақстан картасына түсірілген.

1980 жылы 31 желтоқсанда дүниеден қайтты.

Бақыт Сәдубайқызы



Білімімен жігері,
Сай келіпті түгелі.
Бақыткамал баспагер,
Семейде ісі ірі еді.
Москва, Семей жерінде,
Оқыды, түйді көңіліне.

Ұстаз әрі экономист,
Мамандығы тегінде.
Ақын жазушылардың,
Тарихи құнды кітабын.
Бақыткамал шығарып,
Өтеген елдің мұқтажын.
Бақыткамал тұрғанда,
Кітап болар шығарма.
Алғыс айтып оқырман,
Қуана берер бұғанда.

Ильсәова Майра Әлімғазықызы



Майраның әкесі Ыбырайұлы Әлімғазының руы Тоқабай ішінде Жомарт, оның ішінде Макпал анамыздың Бөйгел аталарынан тарайды.

Әнші Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі. Өз айтуы бойынша бұл қасиетті өнер ана сүтімен берілген көрінеді.

Әкесінің әкесі Ыбырай ел арасында ақын Ыбырай атанып кеткен сері адам болыпты. Қасына елдегі өнерлі жігіттерді жинап алып, айлап жол жүріп кетеді екен. Әкесі Әлімғазы да, өнерді жанындай сүйген адам болыпты.

Ол кісі Алпамыс, Қобыланды батыр хиссаларын жатқа айтып, домбырамен қоныр даусымен өндер айтады екен. Майраның есінде қалғаны «Бір мысқал» өнін ерекше бір шабытпен орындаушы еді дейді. Үйге қонақ келгенде менің Майрам үлкен артист болады деп ән айттырып отырады екен.

Өкінішке орай, әкесі Майраның 7- сыныпта оқып жүргенінде дүние салып, қызының үлкен әнші болғандығын көре алмаған.

Анасы Кәдірбайқызы Қазынананың да руы да Тоқабай.

Анасының да, әдемі лирикалық мұнды даусы болған көрінеді.

Анасы о дүниелік болғанда Майра небәрі үш жаста екен. Майраны тәрбиелеп өсірген үлкен апайы Қайнисаның айтуы бойынша, Майраның репертуарында айтылып жүрген халық әндері «Ағажай -Алтай», «Ақтамақ», «Ақ ерке», «Жетісу», Садық Көрімбаевтың өндері сол -анасы айтқан өндер екен.

Майраның маған әншілік өнер ана сүтімен берілді деген пікіріне толық қосылуға болады.

Әкесі Әлімғазы аналарының жоқтығын білдірмей, апалы-сіңілі төрт қыз баласын да, қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқытпай өзі тәрбиелеп өсіріпті.

Үлкен әпкесі Қайниса домбыра мен гармонды жақсы ойнапты. Халық әндерін, халық композиторлары Шәмші Қалдаяқов, Аблахан Еспаев, Бекен Жамақбаев, Илья Жақанов, Әсет Бейсеуов сияқты сазгерлердің өндерін осы әпкесінен тыңдап өседі.

Сәния сабаққа алғыр, тал шыбықтай майысып билейтін өнері болса, тете әпкесі Әсия екеуі мектеп қабырғасында жүргеннен бастап қос дауыспен «ағайынды Ыбыраевалар» атанып ән салыпты.

Майра жанұя жағдайына байланысты жоғарғы оқу орнына жеті жылдан кейін келіп түсіп, өнерге де кешігінкіреп келеді.

Белгілі өнер зерттеушісі жарқын Шөкәрім нағашысымен белгілі жазушы Тұрдыбек Алшынбаев қолынан жетелеп 1977 жылы Алматы Цирк-

өнер студиясына Жүсіпбек Елебековтың класына алып келіп өнерле кен қанат жаюына себепші болады.

1977-1979 жылдары талантты, қайталанбас өнші, Қазақстан Республикасының халық әртісі Қайрат Байбосыновтың класынан дәріс алады. Екі жылдық студияны бітірген жылы Қазақстан Республикасының халық артисі көукен Кенжетаевтың арнайы шақыруымен Алматы мемлекеттік театр-кино институтының музыкалық драма бөлімін қызыл дипломмен бітіріп, 1984 жылы халық аспаптар музейінде құрылған «Сазген» халықтық этнографиялық ансамбліне конкурстан өгіп, өнші болып қабылданады. Осы ансамблдің құрамымен Турция, Қытай, Корея, Франция, Монғолия, Египет, Индия мемлекеттерінде болып, қазақтың дәстүрлі өндерімен, дүние жүзіне казак деген киелі ел бар екенін танытқан күміс көмей, жез таңдай өншінің бірі осы Майра болатын.

Содан бері қазақ өнеріне сүбелі үлес қосып келе жатқан шоктығы биік артистің бірі және бірегейі.

1994 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі деген құрметті атаққа ие болды. Қазақ өнерінің алтын қорында «Майра Ильсова өн шырайды», «Өн атасы Әміре», «Көкшенің үш өні», «Көкшетау өуендері», «Алтыбақан» сияқты фильм –көнцерттері сақталған.

Хабар телеарнасында көрсетіліп жүрген «Жан ана» және «Даусыннан айналайын» балалар өн фестивалының авторы да Майра Әлімғазықызы.

2003 жылы Майра Әлімғазықызының жетекшілігімен «Майра» продюссерлік орталығы дүниеге келді. Талантты да талапты жас буынға, қазақ өндерін қаймағы бұзылмаған күйінде үйретіп жатқан еңбегін, қазақ өнерінің мұхитына қосқан үлесі екендігін айтқан орынды болар.

Халық асыға күтіп, сүйсіне тындайтын «Қыздарай», «Бурылтай», «Мойынқұмда», «Алматы вальсі» тобы ол өзі бір төбе еңбек жемісі деп айтуға болады.

Ақсуат топырағынан нәр алған, өз бойына қарапайымдылық пен адалдық қасиеттерін жинаған Алла талант берген қызымыздың халқына, еліне, жұртына әлі де берері көп деген ізгі тілекпен сөзімді аяқтаймын.

Мақпал шежіресі.

Жомарттың кіші бөйбішесі, Жомарт айттырып алған ұлы жүз Монтай бидің қызы.

Мақпалдан: Боқтыбай, Тоқтыбай, Өтеміс, Бурабай, Бөйгел, Бекбау, Нұржай деген, Қалмақ әйелінен: Аткелтір, Мендібай. Бірақ кейінгі екі бала да Мақпал анамыздың бауырында өсіпті.

Боқтыбайдан: Бибатыр, Мөлікке, Мырзабай, Төребай, Жансақал.

Бибатырдан: Әмірұзақ, Құрымтай, Жұрынбай, Шілікбай, Бұхарбай.

Әмірұзақтан: Мамырбай, Әдікбай, Мәдікбай, Тұрлыбек, одан: Сайлаубай, Садыхан.

Садыханнан: Бейсенғали, Нұртаза, Бейсенбек, одан: Болатхан, Алмасхан, Қайрат, Ринат, Бағила, Баян, Бағдат, Жанат, Жанар, Раушан. Болатханнан: Қуат, Мерей, Мақсат, Шынар. Алмасханнан: Әйгерім, Айғаным. Қайраттан: Асқат, Қанат. Ринаттан: Талант, Талғат, Ажар.

Мамырбайдан: Ыбырай, Түсіп, Солтангазы, Рахметжан. Ыдырыш. Рахметжаннан: Сатыпалды, Түркістан.

Түсіптен: Қапас. Ыбырайдан: Ыдыбай, Қалкеш, Зікірия. Батталдан: Таласбек, одан: Ақан, Союзбек, Тоқтабаян, Ақылжан, Өмірұзақ. Әдікбайдан: Әшімхан, одан: Күнтаза, Нұртай, Тортай, Қаратай, Алатай, Тенсовет, Бақытжамал. Қосылханнан: Байжұма, одан: Жамалхан, Жамалжан, Бақытжан. Сейілханнан ұрпақ жоқ.

Кейінгі бір шежірелерде Бибатырдың Өмірұзағының Тұрлыбегінен Сайлаубай, одан: Әмірғали, Әмірғалидан: Совет, Гүлзира, Қапай, Бақыт, Гүлия, Бекзада және Мүгілсім деп көрсетіліпті.

Шілікбайдан: Малыбай, одан: Ыбырайым, Ыбырайымнан: Зікірия, Қаркеш, Еділбай. Рузия деген жалғыз қызы болған, ол (Шағантоғайда тұрады). Ұлдары: Токтасын, Мұратбек, Халық.

Кейінгі бір шежірелерде Шілікбайдан: Мұқажан, Құдайберген, Нұрсипа. Құдайбергеннен – Сағат, Мұқажаннан – Дүйсенбай деп көрсетіліпті.

Мәлікеден – Жанұзақ. Төребайдан – Мойнақ, Жансақалдан – Қожай.

Мырзабайдан: Мәлкеке, Шөлтеке, Қошқар.

Мәлкекеден – Сәлімбай, Әлімбай, Шолақ. Шолақтан Нұрғали, Мұқатай, Шүнгіс. Сәлімбайдан: Ботахан, Әбен. Әлімбайдан: Бейсеке, одан Қажы, Өкен, Қанан, Бектемір, Жақсыбай.

Шөлтеке ұрпақтары жазылмаған.

Сасқанбайдан Қошқар, одан Мойнақ, Мойнақтан Ахмет (әйелі Тәуірбала, руы Қоңырбай). Ахметтен Иген (Құдайген), Слям, Сәдубай.

Иген (1895-1980), әйелі Дәриға, руы Ырсақ. Игеннен: Келгентай (әйелі Нұршөкер, руы Таракты). Келгентайдан: Қаһарман, Қамбар, Жанар, Жанат, Шынар.

Слям (1893-1939), 2 әйелі болған. 1-әйелі Жамал, руы Жәнбике. 2-әйелі Үміт, руы Бура, Таушаевтың апайы. Слямнан ұлдары: Әлтай, Серікбай, (Шөкөрім 45), қыздары: Жөмила (Тананың жолдасы, руы Тоғас), Бөтіш (Әкімбеков Ақанның жолдасы, руы Қыржы)

Сәдубайдан (1905-1981) әйелі Бишөкен, руы Шойтабан, ұлдары: Есенбек, Матан (Мейрамғали), Санақ, Кенжетай, Шабан (Серікқали).

Слямның Әлтайынан: Көрімбай, Мейірімбай, Сайлаубай, Садықбек, Жұмаш. Серікбайдан: Талғат, Марат, Мұрат, Асхат, Қанат, Жанат, қызы Ардақ.

Сәдубайдың Есенбегінен (2 некелі болған), 1-әйелі Әлия, руы Қыржы, 2-әйелі Клара, руы Ырсақ. 1-әйелінен Мейрамбек. 2-әйелінен Қуаныш, Дулат, Ернат, қызы: Дидар. Матан (Мейрамғали) әйелі Күләш, руы Жәнбике, ұлы Қалибек, қыздары: Бақытгүл, Маржангүл, Меруерт, Мейрамгүл. Шабан (Серікқали) әйелі Жұлдыз (Гүлзапыран), руы Арғын, ұлдары: Руслан, Роллан, қыздары: Мариана, Раушан, Жадыра. Санақ әйелі Еркеш, руы Қыржы Жанкелді, ұлы Қанат, қыздары: Гүлназ, Қорлан, Самал.

Кенжетай әйелі Ғалия, руы Тоқабай ішінде Қожакелді, ұлы Олжас, қыздары: Құралай, Айнұр, Гүлнұр.

Токтыбайдан: Бөбенай, Келмек, Көшек.

Бөбенайдан: Өмір, Барматай. Барматайдан Болыс, Болыстан Сәдубай, Сәдуақас (соғыста қайтыс болған), қызы Ақан, күйеуі ұста Бозтай, руы Бәйел.

Болыстың қыздары: Секер, Алуа, Өрік.

Секер Бейсенбектің енесі, Сәдубаймен бірге туысады. Секерден Әлімғазы, Сіләмғазы – екеуі соғыста хабарсыз кеткен, Биға, Бисара туады, руы Ырсақ. Секердің күйеуі Жакып, руы Ырсақ, екі некелі болған адам. Бірінші әйелінен Құрманғажы, екінші әйелінен Биға. Алуа күйеуі Өрін, руы Тоғас, Қайнолла, Зейнолла деген ұлдары бар.

Өрік, жолдасы руы Жанай ішінде Есенаман, Ескалидың ағасының әйелі Нағима осы Өріктен туады. Інісі Ескали асырап алған.

Барматайдан Абылхан (болыс, әрі қажы болған).

Абылханнан: Райымжан, Райымхан. Райымжаннан: Мәмбетбек (ҚХР да тұрады) одан Мұрат. Райымханнан Бәтима (Есентайдың әйелі). Меңке ұлы Сағидолла (Сахатай) Көкпекті ауданында тұрады.

Сәдубайдан Майра, Нұрлан, Бақыткамал (Бақыт).

Өмірден: Ұлтарак, Байпақ, Игісін. Ұлтарактан Өмірхан, Әділхан, Әлімбай. Байпақтан: Мұсабек, Станбек.

Мұсабектен: Елеусіз, Биәсім, Әсібас, Күлжәкім. Елеусізден: Айғали, қыздары: Күлбағыш, Күлпөш. Айғалидан: Айтқали, Талғат, Қайрат. Айтқалидан: Ербол, Нұрбол.

Станбектен: Бұтабай, одан Ерғали, Аймұханбет (Көкпекті ауданында тұрады). Ерғалидан: Мамырбек, Бекмұханбет, Келмеуқанбет, Сабырбек. Айтмұханбеттің балалары ҚХРда. Игісіннен Темірғали, одан Шәкербек, қызы Күләй (әкесі Темірғали арғы бетке етерде оққа ұшқан). Күләйдің жолдасы Қабдолла (руы Керей Сибан), ұлдары: Мәуліт, Қабрахман (Қабай), Мейрамбек. Мәуліт, әйелі Лаура, руы Уақ, Жәстілектің қарындасы, тіс дәрігері болған, ұлдары Максат, Қуат, қызы Гүлназ.

Қабдрахман, әйелі Нұрбану Сағатбекқызы, руы Сайболат, ұлдары: Асхат, Талғат, Қайрат, қыздары: Назгүл, Динара, Гүлнара, Айнұр, Әйгерім.

Мейрамбек, әйелі Айгүл Тұрлыбекқызы, руы Төртуыл, ұлдары: Түнғат, Бақдәулет, қыздары: Гүлім, Аяулым.

Шәкербектен қызы Күлғиса. Өмірханнан: Жүнісбек, Тұрысбек, кіші әйелінен: Асылымбек, Әділбек (Екпінде молда болған). Әділханнан: Түсіпбек, одан Қали. Әлімбайдан: Рымбек, Алтынбек, Нұрымбек (барлығында да бала бар).

Шолпан совхозында тұратын Хамит ақсақал да Токтыбай ұрпақтары.

90 жасты алқымдаған Күләй апа жерінен қоныс аударған адамда есте ұстау қасиеті төмендей беретін көрінеді дейді. Жас күнінде Маусымбай, Бейсенғали ағаларамыздың өңгімесін, шежіре нұсқаларын жатқа айтушы едім. Қазір өзімнен өзім отырғанда болмаса жаңылып қаламын дейді. Бір есімде қалғаны Бейсенбай ағамыз Құнанбайдың бәйбішесі Күңке Келмек ауылынан деп айтқаны есімде қалыпты.

едім. Қазір өзімнен өзім отырғанда болмаса жаңылып қаламын дейді. Бір есімде калғаны Бейсенбай ағамыз Құнанбайдың бәйбішесі Күңке Келмек ауылынан деп айтқаны есімде қалыпты.

Ағанас батыр да осы ауылдан болатын, бірақ патшалы Ресей көзін ерте жоғалтып, үрім-бұтағымен жер аударып жіберді деп отыратын. Шындығында осы рудан бірде бір адам жоқ дейді.

Өтемістен: Жалбағай, Абай (Дабак), Ахатаев Слямдар, Көк (Қазез. Бибосын, Байсадық, Садық, Мәулітайлар).

Жалбағайдан: Қорық, Қойлыбай, Тайлыбай, Кемешбай.

Қорықтан: Шілдебай, Шыңғай (жоқ). Әріп (жоқ). Шілдебайдың бірінші әйелінен Мәжен, екінші әйелінен Қажыбек, одан Рахымғали, Рахымжан, Кокенай, Мейрамбек, Айдын, Шалқар, Кенжехан.

Мәженнен: ұлы Нұрхан, қыздары: Нұртай, Дариға. Нұрханнан: ұлы Нұрлан, қыздары: Мәрияш, Дәрияш.

Көктің бірінші әйелі Балықтан: Қазездің аталары, екінші әйелінен Бибосын, Садық. Кейінгі бір шежірелерде Өтемістен тарайтындарға Ахат, одан Сәмет, Слям, Әмір, Боқай, Қазтай, Жақыпбек, Сайлаубек, Мүсатай, Мәулітай деп қосыпты.

Жалбабайдың Кемешбайынан: Қалманбет пен Қойлыбай, одан Бимамбет. Қалманбеттен Қайырбек, Дайырбек, одан Рысбек, Кенжебай, Рысбектен Қуаныш. Бимағамбеттен Қайырғазы, одан Төлен, Биғали, одан Зияда, Әмірғазы, одан Қабден, Жанат, Бекболат, Мәдениет, Төлеухан, Еркін, Айдарғазы, одан Советқали. Қабденнен Марат, одан Алмас, Арай, Әділбек, одан Манас, Жанель, Сәуле. Қуаныш, Үміт. Советқалидан: Шолпан, Түсіп, одан Талғат, Қайрат, Қадылбек, одан Темірлан, Жанарбек, Шалқарбек, Ербол, Анар, Қанатбек. Қайраттан: Айдар. Темірланнан Бауыржан. Қанатбектен Қымбат. Қадылбектен Динара, Арай, Гүлнар деп көрсетіпті.

Бурабайдан: Жакит, арғы ұрпақтары белгісіз.

Бәйгелден: Сабыр, Сабырдан Шағиев Тұрғанбек, қызы Самал, Ыбырайұлы Әлімғажылар тарайды.

Бекбаудан: Сабан, Сабаннан Маусымбай, Маусымбайдан Көлен, Көленнен Тілеуберді, Рахымберді. Тілеуберді (әйелі Бақытхан, руы Мөнке Қарақұрсақ), Мұратбек, Аманкелді, Марат, Жанат, Ғайнигүл, Майра, Сайра.

Рахымбердіден (әйелі Қайныкен, руы Бура), Ермұрат, Нұрмұрат, Ерманат, қызы Күлғиса (барлығы ҚХР, Санжы облысы, Үрімжі қаласында тұрады).

Аткелтірден: Қорамсақ, Қорамсақтан Майыр, Ақшомақ, Қарашомақ, Қойшыбай, Тойшыбай, Түймебай, Күшік.

Түймебайдан Бошан, Әпсәлем, Құсайын, Құсайыннан Шәрипа.

Қойшыбайдан: Тырнақ, Тырнақтан Ермекбай, қыздары Жамалхан, Әуелхан (Нұрсапа асырап алған). Әпсәлемнен ұлдары: Токанай, Болат, қызы Ғайни.

Майырдан: Сейітқалы (би болған), Сапарғали, Нұрсапа, Күнсапа, Бапаға, Мақұлбек (1901 жылы бедел қажы атанған).

Дүйсенбай, Оразанбай, Қызат (Семейде), Оразғали (Сұлуталда), қызы Ырысжан (Көкжырада мұғалима).

Сапарғалыдан, бәйбішеден Қайырғазы, тоқалдан, ұлдары Қайролла, Қалиолла, қыздары Камал, Күлтай, Күлзат, Мұштари (ақын Оразаев Замантайдың шешесі).

Қайырғазыдан Ғазифолла, Хатамула (шешелері Бөтен, руы Қарабай), қыздары Күлшат, Гүлзада, Гүлжазира.

Ғазифолладан (әйелі Күлшат, руы Құттықадам ішінде Қоңырбай Хасенқызы), ұлдары: Талғат, Санат, Мират, Мұрат, Фархат, қыздары: Алмагүл, Гүлбаран, Гүлнар, Гүлшира, Эльмира.

Хатамуладан: (әйелі Рәшида, руы Көтебай) ұлдары: Қанат, Серік, қыздары: Гүлбаршын, Әсем, Бақыт, Назерке, Нұржауар (Таскынның қызы).

Қалтайдан ұлдары: Айбек, Әлібек, қыздары: Жанат, Ләззат, Жаңыл, Бақыт.

Айбектен бір ұл, бір қыз бар.

Нұрсанадан: Ермекбай, қызы Бишен (күйеуі Имам, руы Көтебай).

Ермекбайдан: ұлдары Советхан, Марат, Нұрлан, Бауыржан, қыздары: Гүлжан, Сайлаугүл. (Советханнан үш ұл, бір қыз, Нұрланнан екі ұл, бір қыз, Бауыржаннан бір ұл бар).

Күнсападан ұлдары: Айтқазы, Қыдырғажы, қыздары: Нүрзия, Зағыпран (Аякөзде тұрады), Зейнеш, Күлбағи. Айтқазыдан: Рахметолла, Мұратолла, Қабдолла, Райхан.

Мұратолладан: Қайрат Күнсафин (күрестен әлем чемпионы), Қайырбек, Мақсат.

Қыдырғажыдан ұлдары: Жайлауғажы, Рахымғажы, Рахымғали, қыздары: Күлбағи, Нүкен, Гүлжамал.

Жайлауғажыдан, ұлдары: Төкеш, Ғалымжан, Айтбай, Совет, Сексен, Бейсенбай, Мерғазы.

Рахымғажыдан төрт ұл, екі қыз, Рахымғалидан бір ұл, үш қыз бар.

Күлбағидан үш ұл, төрт қыз бар.

Ел аузынан: Сейітқали бидің 1925 жылы қоңыр аты бөйгеден бірінші болып келгенде, атқа шапқан бала Күнсапа екен.

Майыр қажы болған адам, екінші рет Майыр бара алмай, Мақұлбекті жіберіп, 1901 жылы Мақұлбек бедел қажы атаныпты. (Осы туралы сол кездерде газеттерде жазылған мақала да болған).

Меңдібай – Көкімжан, ұлы Болат, қызы Ғайни, Қайыржандар (Ғайни, күйеуі Слямшайық, руы Айдар).

Нарын қырғыны

1930 – жылдары Тарбағатай тауынан бастау алатын «Нарын» өзені кемерінен асып, ерекше тасыпты. Осы қырғынға қатынасқан марқұм Қабдолла (руы Кегенбай ішінде Шұңқыры) балуан, өз дәуірінде әрі балуан, әрі қамшыгер, сөзіне елді ұйытып, кесіміне кемелді тоқтау табатын өте байыпты белді адам ретінде танылған адам екен.

Байдың, бидің, Алашорданың тұқымдары деп үндемеске әкетіп, қызылдардың күйіршықтары деп адамдарды құрбандыққа шалатын, ақ пен қызыл деген алмағайып түсініксіз заман еді. Міне осындай бір алмағайып заманда тегіндегі Тарбағатай тауының «Нарын», «Сарыбұлақ» өңірінде отырған бейбіт елді маусым айында тосыннан ел ауғалы жатыр екен деген желеумен, жанбырша жаудырған октан халық қойша қырылып, тірілері тау сауғалап қашып, қашқандары «Нарын» өзеніне келгенде қуа атқан қуғыншылардың оғынан өлгені өліп, олмегені суға кетіп, «Нарын» өзені қанға боялып аққан екен. Өлгеннен қалғандарының ішінен оқыған білімі бар, бас көтерер деген 23 адамды ұстап, қолдарын артына байлап, аяғын тұсап, қыр асырып атып тастапты. Бұл кезең құбыжығы көп, сұмдығы сұрапыл, күрдымы мен иірімдері мол, оппа көмей, жұт пиғылдың ерекше дәурен сүріп, жолсыздық атаулы үкі тағып, сырнайлатқан заман екен.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, жауған октын астында жүрген Қабдолла балуан осы қырғында жардан, туған балаларынан айырылып, соқа басы аман қалып, Қытай жеріне өтіпті. Қытай жеріндегі Шәуешектің Ласты деген жерінде Қытайдың байы Қызыл Шәуиә деген мекендейді екен. Өзі өте бай, қарауында ұры, бәйге ат ұстайтын адам болыпты. Қытайға асқан адамдарды күлдікте ұстап, ішіндегі әулетті деген адамдарға қару беріп, тиісті жұмыстарға пайдаланып отырыпты. Бай Қызыл Шәуиә Қабдолланы қарулы адам екенін бірден танып, жылқысын бақтыруға пайдаланады. Байдың тапсырған шаруасын тыңғылықты атқарған Қабдоллаға көзқарасы дұрыс болып қамқорлығы да болыпты. Осы байдың жұмысын атқара жүріп жағдайын дұрыстап, Қабдолла жаңадан шаңырақ көтеріп, балалы-шағалы болыпты.

Қаншама жағдайы жақсы болғанмен, «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дегендей, бөтен жердегі жалғыздықтың шын сырын аңғарғандай болады екенсін, сырт елде жүргенде елге деген сағыныш, туған жеріме оралсам деген арман, еліне деген сүйіспеншілік, сірә естен кетпейтін көрінеді деп әңгімелейтін дейді баласы Керейхан.

Осы Қытайға асу оқиғасына себепші болған кім? – деп сұрағанымда әкем: Өз ішімізден шыққан ГПУдың – адамы ғой. Аты кім еді? – дегенімде, атын сұрамай-ақ қой, ол замандық бізбен бірге кетсін деп отыратын жарықтық.

Керейхан болса Қытай елінде туып өскен азамат. Бұл елдегі туыстарымды білмейтінмін дейді. Қабдолла ақсақалдың көптен күткен арманы орындалып, 1958–жылы Аякөз ауданының Ақшатау совхозына оралып, сонда тұрақтап тұрып қалады. Қаншама арыз жазып туған ауылы Ақсуатқа сұранса да, оралудың сәті түспепті. Қабдолла ақсақалдың о дүниелік мекені болған да осы Ақшатау совхозы екен. Баласы Керейхан туған жерінен жырақта тұрғандықтан ба, әлі де жалғыздықтың құшағында жүргендей сезінемін деп, көзіне жас алып, толғаныс құшағында отырып әңгімесін аяқтады.

Мазмұны:

Демеушілерге	4
Алғы сөз	5
Аксуат	6
Тарбағатай таланттары	9
Қожа Ахмет ақын	13
Киелі перзент	16
Қаракерей Қабанбайдың жорықтары туралы ақын	
З.Оразаұлының дастаны	27
Нарбота батыр	40
Бұхар батыр	42
Өздері Аксуат еліне еңбек еткен, ұрпақтары Аксуат топырағында өмірге келген жайсаң жандар жайында	
Құрмаш Тілебалдыұлы	47
Л.Қ.Қаражанова	49
Е.Төлеутаев	51
Қазақтың ру тайпалық құрылымы	56
Хандық дәуірдегі халықты басқарған хандар	62
Абылай	66
Шежіре шыныраудан сыр шертеді	67
Найман	69
Қажамбет Шежірест	81
Қаракерей	86
Әулие Ырғызбай Досканаұлы	88
Төлеубек Смағұлұлы	89
Мейірханұлы Тұрғанбай	89
Марияма Әзімханқызы	91
Сабыр Шақарұлы	93
Қыржы Мәмбетқұл шежіресі	94
Қазиза Бадауқызы Жүкенова	95
Әзілхан Байқадамов	97
Баубек шежіресі	99
Байқадам ұрпақтары жөніндегі деректер	100
Байжігіт тарихы	103
Алтайдың ақиығы (Ж.Малдыбаев жайлы)	115
Тоғас шежіресі	119
Киелі өлке	128
Үйрек ана	134
Б. Қажыбайқызы	137
Халыққа қамқор жан еді (Б.Мусина жайында)	139
Т.Отарбайұлы	141
Құттықадам, Жанбике елі	141
Мүрсәлім Бектенұлы	145
Тарбағатай түлегі (Д.Сабуров жайлы)	148
М.Р.Аязбаев	154

Х.Ысқақов	157
А.Байқыдыров	158
Назар шежіресі	161
Шойтабан елі	163
Н.Әпсәләмұлы	164
Шойтабан шежіресі	165
Жарылғап елі	167
Жарылғап шежіресі	169
Қарабай – Қожет елі	170
Ырсақ елі	173
М.Қ.Көшімбаев	175
К.Жарқынбайұлы	177
Ырсақ шежіресі	178
Жанай елі	179
Т.Батыршин	181
М.Қалиасқарұлы	182
Қ.Таханов	183
А.М.Апсәлямов	184
Жанай шежіресі	184
Сары елі	187
С.Жақиянова	198
Сары шежіресі	199
Тоқабай Жанболатұлы	210
Атымтай тарихы	218
Көдісін шежіресі	223
Көтебай елі	224
Көтебай шежіресі	227
Қожакелді елі	230
Қожакелді батыр	231
Ит (Ығит) батыр туралы	233
Б.Оралбайұлы	235
С.Данаұлы	238
Т.Нүрекенов – ғылым докторы	240
Т.Қалмақбайұлы	243
Ү.Қабидоллаұлы	249
Н.Карменова	250
Қ.Сапоров	251
Қ.Жанқайыров	251
Қожакелді шежіресі	254
Ақбарша елі	263
Ағалар асқан асулар	267
Н.Семжанұлы	273
Дос туралы үздік сыр	274
Ақбарша шежіресі	275
Тоқабайұлы Жомарт	278

Не сыр бар?	279
Кегенбай елі	283
Б.Сарсенұлы	286
Ғ.Бияхметұлы	287
Королева Виниамина	288
Б.Салықұлы	288
Е.Салықұлы	290
Тергемесұлы Қонақ	292
Нұрғали Тергемесұлы	295
Ас беру	302
Бибімариям Ана	305
Нұрғалиұлы Әбубәкір	307
Қабдүөкір Нұрғалиұлы	311
Әпсейітқызы Жібек	312
Ғ.Қасымханұлы	314
Р.Ә.Мусинов	316
Д.Р.Мусинов	318
Менің өмір мектебім (Р.Қабдоллақызы туралы)	321
Төлеубек Құрмашұлы	324
Тұрлыхан Көрімұлы	325
Тлеуғали Шаяхметұлы	326
Қайникамал Нұрғалиқызы	327
Совет Әбенұлы	328
Мадина Дауылқызы	329
Смағұлов Жағпар	330
Сақи Сабырбайқызы	331
Г.Төлеуқазықызы	333
Ақылтай Тлеужанұлы	337
К.Қонысбаев	338
Кегенбай шежіресі	339
Жомартұлы Бәйел	372
Сапор Құттықожаұлы	374
Мұрат Сапорұлы	375
Ринат Мұратұлы	375
Мәкен Сапорұлы	376
Болат Сапорұлы	376
Нұрлан Болатұлы	378
Қайрат Болатұлы	378
Кәбеков Әбдікәрім	379
Жармақ Назипа	380
Әділ баласы Ізғұттының тарихы	383
Ысқақ Кәбеков	385
Бәйел шежіресі	386
Қокан елі	400
Иманбаев Бақтығали	401

Б.И.Мәзібаев	402
Әсембек өке жайлы сыр шертеді	403
Қокан шежіресі	404
Мақпал елі	407
Ахметұлы Иген	417
Бақыт Садубайқызы	418
Майра Ильясова	419
Мақпал шежіресі	420
Нарын қырғыны	424

Төлеуғазы Нұрғалиұлы

ӘЛ ІШІ – ШЕЖІРЕ КЕНІШІ

Басуға қол қойылды: 22.08.2008 ж.
Офсеттік басылым. Қалпы 60 x 84/16
Шартты баспа табағы 27
Таралымы: 300. Тапсырыс № 668

Кітапта қамтылған фактілер
үшін баспа орны жауапты емес
071400, Семей қаласы
Баспағана орталығы «PRINTMASTER»
Б. Момышулы, көшесі 20. тел.52-22-11
E-mail: pechat@telcom.kz

